

Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Е. Омарханов

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің  
қоғамдық-гуманитарлық  
бағытындағы 11-сыныбына  
арналған оқулық

*Байқау нұсқасы*

11


Алматы



«Жазушы», 2020

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-922  
Қ 17

**Шартты белгілер:**

 БІЛУ	    ТАЛДАУ
  ТҮСІНУ	     ЖИНАҚТАУ
   ҚОЛДАНУ	      БАҒАЛАУ
 <i>Назар аудар!</i>	
 <i>Артық болмас білгенің</i>	
 <i>Оқу сауаттылығы</i>	
 <i>Оқушы күнделігі</i>	
 <i>Сөйлем</i>	
 <i>Фалаитор</i>	

**Қ 17 Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Өлмұханова Р., Раушанов Е., Омарханов Е. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 344 бет.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ISBN

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-922

ISBN

© Өлмұханова Р., Раушанов Е.,  
Омарханов Е., 2020  
© «Жазушы» баспасы, 2020  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлдіктік құқықтары  
«Жазушы» баспасына тиесілі

### Құрметті оқушылар!

«Қазақ әдебиеті» оқулығы сендердің болашақтарың үшін сенімді дос бола алады. Өйткені сендер тарихтағы оқиғалар мен тұлғалар туралы көп білетін боласыңдар. Тек ақпарат алып қана қоймайсыңдар, көркем оймен көмкерілген туындылар арқылы таным көкжиектерің кеңейе түседі. Солар арқылы ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бағалай білуді үйренесіңдер.

Сондықтан өздеріңе арналған 11-сынып оқулығында бірінші бөлім «Тарихтың шертіп пернесін» деп аталады. Бұл бөлімде қазақтың көрнекті ақыны Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы, Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты қуатты шығармалары енгізілген.

Төл тарихымызды бағалау – әр адамның парызы. Біздің тарих жұқа кітаптарға сыйып кеткенімен, әр дәуірдің өлі күнге бүккен сырлары бар, жазушылар бар мүмкіндіктерді пайдаланып, зерттеп, көркем сөз арқылы ұрпақтарға мұра етіп қалдыруда. Сондықтан «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың, атабабамыздың бастан кешкен тағдырын білу, қадірін білу, тарих қатпарларын зерттеу еш уақытта тоқтамауы керек.

Ал оқулықтың екінші бөлімі «Парасат пен пайым» деп аталған. Бұл бөлімде қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжолов «Өзім туралы» өлеңімен, жазушы Смағұл Елубай «Жалған дүние» арқылы ХХ ғасырдағы жағдайлардан сыр шертеді.

«Ғасырлық туынды» деп аталған үшінші бөлім қазақтың мақтанышы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясымен таныстырады. Қос мықты – Абай Құнанбайұлы да, Мұхтар Әуезов те – ұлтымыздың бетке ұстар тұлғалары, ал олар бір-бірін толықтырып тұрған керемет оркестр сияқты әсер етеді.

Енді ол туралы тек естіп қана қоймай, Мұхтар қаламынан туған «Абай жолы» арқылы ұлы Абайды жақыннан тани аласыңдар.

Ал төртінші бөлім «Әдебиеттегі сын мен сарын» деп аталған. Мұнда қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырлар» және Маралтай Райымбекұлының «Көшбасшы» шығармаларын оқи аласыңдар.

Ал әлем әдебиеті айдары бойынша Эрнест Хемингуэйдің атақты «Шал мен теңіз» повесін оқисыңдар.

Қадірлі оқушы, «Қазақ әдебиетін» жандарыңа рухани серік етіп, әдеби білім алумен бірге азаматтық қалыптасуларың үшін құрметтендер, сендер білімді де, парасатты ұрпақ болуларың керек. Сонда ғана қазіргі заманға сай толық адам бола аласыңдар.

Рухани құндылықтар ұлтқа бөлінбейді, сондықтан әдебиет осы мақсатқа қызмет етеді.

Оқулықтағы бар мүмкіндікті пайдаланып, сабақты түрлендіру өз қолдарыңа беріледі. Өйткені біздің оқулықта асықтардың суреті сендердің топтық жұмыстарда немесе өзара білім жарыстарыңда ұпай жинауға көмектесе алады.

«Оқушы күнделігіндегі» жазбалар сендердің өз өнімдерің деп біліңдер. Өздерің жазған дүниені талдай білу қазақ тілі мен әдебиеттану саласындағы білімдеріңді ширата түсері анық.

Оқу жылының соңында сендерге «Ойталқы» айдары бойынша маңызды тапсырма беріледі. Сондықтан «Қазақ әдебиетін» мұқият оқыңдар.

Іске сәт, достар!

*Авторлар*

## I бөлім

# ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН

---

Қазақ әдебиеті қызыл сөздің қызығымен шектемейді, шындығында, сөзді құрал ету арқылы тарихтың тереңіне бойлата алады. Өр дәуірдің де, сол дәуірдің тұлғасы да айтар сырлар бар. Сол сырларды ашу үшін домбыраны күйлегендей, бұрауын келтіріп, пернесін тауып, түсіне білуге ықылас керек. Ал қазақтың ақын-жазушылары өздерінің шынайы көңілдерін тайға таңба басқандай етіп жазып кеткен. Жаза алмаған сәттерінде ұрпақтарға аманат етіп, ауызша жырлап, тіпті, еш мүмкін емес жағдайда да, өмірлік тәжірибелерін «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұстатып кеткен. Тек соларды ұғарлық жастарымыз саналы болсын деп тілейміз.



**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН**  
(1894–1938)

Сәкен (шын аты – Сәдуақас) Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, оның өмір сүрген уақыты кеңестік дәуірге сай келді.

Ол 1894 жылы 15 қазанда қазіргі Қарағанды облысы Ақадыр ауданында Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ мектебінде, Ақмоладағы бастауыш мектебінде, қалалық училищеде, Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Ақын 1917 жылғы Қазан төңкерісін қуана қарсы алды, қазақ даласына өзгеріс, жаңалық, жақсылық келеді деп сенді. Ол ақындық талантын халқының жарқын болашағына арнағысы келді. Енді оны кеңестік саясатты жырлағаны үшін оны біржақты кінәлауға, қаралауға болмайды. Өйткені

бұлай жасайтын болсақ, бір дәуірді құрайтын кеңестік қазақ өдебиетін сызып тастаймыз, сонда ғылыми тұрғыдан әділдік болмайды.

Оның үстіне Сәкен өмір жолын қайта оқып, шығармаларына зер салсақ, ақынның халқына адал екеніне көз жеткіземіз. Кеңестік өлең жазса да, оның поэзиясында қайраттылық бар. Мысалы, 1918 жылы жазылған «Жас қазақ марсельезасында»:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,  
Қол ұстас, бірігіп, тізе қос.  
Ту ұстап, дұшпанға барайық,  
Теңдіктің ұранын салайық.  
Тізесін батырған залымнан  
Күн туды – біз теңдік алайық!<sup>1</sup> –

деген ойлары ешқашан маңызын жоймайды. Өйткені мәселе тек кедейді ғана айтуда емес, қоғамдағы әділеттілік қай дәуірде де маңызды.

Оған қоса осы өлеңінде:

Қызыл ту – шылауың, қорғаның, –

десе де:

Патшадан әділдік жоқ еді,  
Ұлықтар парақор тоқ еді.  
Бұқара халықты кем тұтқан,  
Жек көрген, итімен тең тұтқан.  
Қоспаған санына адамдық,  
Айламен ұстаған надан ғып, –

деген сөздері де ескірмейтін ойлармен суарылған.

Сәкен Сейфуллин кеңес саясатына зор үміт артып, оның идеологиясының толық орнауы үшін өзін сол бағытқа толық арнаған, бұл анық нәрсе. Дегенмен ол соншалықты көзсіз байланбағанын да аңғару қиын емес. Оны «Қызыл ат» поэмасы байқатады. Ол кеңестік кездегі келеңсіздіктерді кейіпкер-аттың сөздерімен жеткізген.

«Қызыл ат» поэмасы тұңғыш рет 1933 жылы «Әдебиет майданы» журналының 4-санында жарық көрді. Ал 1934 жылы жеке кітап болып шықты. 1931–1933 жылдары қазақ халқы қолдан жасалған аштықтан қырылып

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Т. 2. – 87–88-беттер.

жатқанда, С.Сейфуллин «Қызыл ат» арқылы ұлттың алапат зардап шегуінің түп негіздерін айтып берген. Шындықты жеткізе білуі оның «Біздің тұрмыс» деген сатиралық романы арқылы да белгілі. Бұл роман «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы 8-санынан 1934 жылғы 10-санына дейінгі аралықта үздік-создық жариялануы бұл шығармаға тиісті деңгейде мән берілмеуіне әкеп соқты.

**Поэзиясы.** Кеңестік қазақ әдебиетінің қалыптасуындағы «Советстан» – тек Сәкен Сейфуллин шығармашылығындағы ғана жаңалық емес, бүкіл қазақ кеңестік поэзиясына үлкен өзгеріс әкелген поэма. Ол екі ерекшелікті бөліп қарауға жол ашты, ақын кеңестік кезеңдегі өзгерістерді экспреске теңеді. Екінші жаңалығы: поэзия ырғағын жүйрік поездің ырғағына үндестіре білді. Бұл орайда, әрине, оның замандасы, орыс ақыны В.Маяковскийге еліктеушіліктің болғанын жасыруға болмайды. Дегенмен қазақ ақыны өзі өмір сүріп отырған кеңестік дәуірдің жақсылығын ақындық өрі азаматтық парыз ретінде шабыттана жырлауды ойлады.

Ал С.Сейфуллиннің осы кезге дейінгі шығармаларында революциядан кейінгі өзгерістерді асау тұлпарға, аспанға шарықтап ұшқан сұңқарға, аэропланға ұқсататын. Қазақ даласына енді ене бастаған өзгерістердің қарқынды дамуын экспреске теңеді.

Айда, отарба, аямай күш, айдап бақ,  
Дөңгелегің зырылдасын тақ-тақ-тақ!  
Шаңқан жарық,  
Шамға қарық  
Болсын халық.  
Электр жақ, тынбай айда.  
Жол ұзақ!  
Кондуктор  
қарап тұр!  
Жол ұзақ,  
Айдап бақ  
Уклон бар,  
Терең жар,  
Сақ бол, сақ!  
Тақ, тақ, тақ!  
Айдап бақ  
Рудзутак<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қазақстан Автономиялық Социалистік Республикасының Жол қатынас министрі.

Трат-тат-тат!  
Трат-тат-тат!

Бұл поэма Қазан революциясының 8 жылдығына арналып, 1925 жылы жазылған. Кеңес кезінде одақтас республикалардың қайсы болса да, өздері өмір сүріп отырған заманның жарқын болатынына сенген. Орыс ақыны В.Маяковский де поэзияға жаңа техникалық мүмкіндіктер енгізген. Оның ырғаққа басымдылық беруін қазақ ақыны да техникалық ерекшелік ретінде пайдаланды, экспрестің ырғағын беруге бұл оңтайлы тәсіл деп қабылдады. Жалпы, Сәкен Сейфуллин поэзиясы жаңалықтарға толы. Оны өлеңдегі интонациядан да байқауға болады.

«Көкшетау» поэмасын жазуды ақын 1925 жылдан бастап жазып, оны 1928 жылы Ташкентте аяқтаған, ол 1929 жылы жарық көрді. Бұл поэмада туған жерге деген зор құрмет бар, сондықтан пейзаж ерекше суреттелген, Сұлу сөзден сомдалған керемет образ оқырманның көз алдына келеді. Туған жердің ерекшелігін суреттеуде ақын фольклорлық аңызды да ұтымды қолданған.

Поэманың лирикалық кейіпкері – Көкшетау. «Оқжетпес», «Жұмбақтас», жеке батырға қатысты топонимикалық аңыздарды қолдануда ақын оны дәлме-дәл қайталамайды. Жаугершілік заманда қолға түскен қалмақ қызының жұмбағын шешкен Адақ батыр деп айтылады, ал бізге жеткен фольклорлық аңыздарда қыз жұмбағын ешкім шеше алмай, содан «Жұмбақтас», «Оқжетпес» атауының пайда болуын түсіндіретін кейбір аңыздарда басқаша баяндалған. «Оқжетпес» деген атаудың шығу төркіні осыны аңғартады. Ал ақын қазақ батырының ақылын оздырған. Сонымен бірге ақын өзі өмір сүріп отырған заманға да үндестік қосқан. Бұл поэмадағы:

Жер тобы! Зырылдай бер диірменші,  
Ұршық қып адам сені иіргенше.  
Тұтқаңа Еңбек табы ие болып,  
Өмір қып: «Былай тұр!» деп үйіргенше! –

десе, енді бірде:

Жұмсамақ Еңбек табы жігер күшін  
Жасамақ жер-дүниеге жаңа пішін.  
Жоқ қылып қайғы, қасірет, жарлылықты  
Жер тобын ұжмақ қылмақ адам үшін! –

деп, романтикалық пафоспен жырлайды, жарқын болашаққа сенеді.



Сәкен Сейфуллиннің өлеңдеріне жазылған әндер де бар. Олар: «Біздің жақта», «Тау ішінде» (1919), «Көкшетау», т.б.

«Біздің жақта» өлеңі 1919 жылы жазылған:

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,  
Ағашты биік таулы жерлері бар.  
Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын,  
Меймандос, берекелі елдері бар.

Думанды шалқар көлдер-ай,  
Еркін дала белдері-ай.  
Қаздай қатар мыңғырып,  
Тізіліп көшкен елдер-ай... –

деп, табиғат лирикасымен туған жерге деген сағынышын шерткен. Ал бұл өлеңді 1919 жылы жазғанын ескерсек, бұл кезде онын өміріндегі қиын кез болғанын білеміз. Соның өзінде ақын туған жерге деген зор құрметін осындай тамаша лирикамен, перзенттік адал көңілімен жеткізген.

**Прозалық шығармалары.** С.Сейфуллин көркем проза саласында да жемісті еңбек еткен. Ол «Айша» (1922), «Жер қазғандар» (1928), «Жемістер» (1935) атты повестер мен көптеген әңгімелер жазған.

«Айша» повесі 1922 жылы жазылған. Тақырып жағынан сол кездегі қазақ әйелінің тағдыры Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» туындыларымен үндес. Дегенмен жазушы өз повесіндегі бас кейіпкер Айша өз тағдырын өз ақылымен шеше алады. Жазушының Айша бейнесі арқылы қазақ даласына өндірістің келгеніне қолдаушылық танытқан.

«Жер қазғандар» өзінің аты айтып тұрғандай, жұмысшылар өмірінен алынған. Ал «Жемістер» повесі – Қазақстанның 15 жылдығына арнап жазылған шығармасы.

«Тар жол, тайғақ кешу» – мемуарлық роман, 1927 жылы жарияланып, 1936 жылы қайта өңделген. Осы шығармасын жазуда: «Мақсұт – 1916–1919 жылдарғы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің (революцияның) Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде, өйтеуір, із қалдыру болды», – деп жазған. Мұнда тұтас сюжет тізбегі жоқ, оның себебі жанрлық ерекшелікте, роман-мемуар деп аталғандықтан, мемуар автордың әңгімесіне құрылған. Ал әңгімелеу жазушының бастан өткенді өз ыңғайымен еркін түрде баяндауына құрылады. Өз басынан кешкендері дегенмен, тарихи оқиғаға қатысты деректі мәліметтер бар. Ақмола жастары патша

өкіметі құлаған соң, «Жас қазақ» атты ұйым құрғаны, «Тіршілік» атты газет шығарғаны, Ақмола түрмесі, Анненковтың азап вагоны, Колчактың жүргізген саясаты – бәрі өмірде болған тарихи жағдайлар ретінде баяндалған. Сондықтан мемуар – роман көркем шығарма ғана емес, сонымен бірге елімізде болып өткен әлеуметтік күрес тарихынан да хабар беретін шынайы туынды. Роман-мемуарда әлеуметтік-психологиялық күй анық. Түрме терезесінен қарап отырған автордың сезім күйі, «Өуілдектің» өні, Ықылас күйін тыңдау кейіпкердің психологиялық жай күйін өсерлі жеткізеді. Ал паң Нұрмағанбеттің образы шебер жасалуымен ерекше. Адамның көңіл күйін бейнелеуде табиғат көріністері арқылы ұтқыр параллелизм жасалған.

Ал жазушының «Сол жылдарда», «Біздің тұрмыс», т.б. шығармалары аяқталмай қалған.

**Драматургиясы.** С.Сейфуллин кәсіби қазақ драматургиясының қалыптасуына, негізін салуға да белсене қатысқан. Ол кеңес саясатына сенгендіктен, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары жазылды.

«Бақыт жолына» атты пьесасы 1917 жылы революция оқиғаларының қызу жүріп жатқан кезінде жазылды. 1918 жылдың мамыр айында бұл шығарманы Ақмола қаласының революцияшыл жастары сахналады. Бұл сол кездегі идеологияға үн қосу еді. Шығарма үш актілі, 1916 жылғы Маусым жарлығы мен 1917 жылғы ақпан айында патша өкіметінің құлауы аралығындағы қазақ аулының өмірін арқау еткен. Мұндағы Терлікбай – жинақты образ, ол ескі санадағы бай-болыстардың кейпін танытады. 1916 жылы қазақтан солдат алу мәселесі шыққан кезде, баласы Телжанды алып қалу үшін қызы Мүслиманы Нөкербай болысқа тоқалдыққа бермек болады. Ал Терлікбайдың Ермек атты ұлы – оқыған жігіт, мұғалім, яғни көзі ашық адам. Сондықтан ол Мүслиманы сүйген жігіті Біржанмен қашуына мүмкіндік жасайды. Бұл тек қана бір-бірін сүйген екі жастың бақыт жолына қол ұстасып аттануын айту ғана емес, Сәкен Сейфуллиннің қазақ жастарын бостандыққа үндеуі еді.

Ал «Қызыл сұңқарлар» пьесасы 1920 жылы жазылған.

**Ғылыми зерттеулері.** Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетін зерттеуде, халық мұрасын жинауға да өз үлесін қоса білді. «Қазақтың ескі әдебиеті» (1931), «Батырлар» (1933) жинақтарын құрастырды. Ақан серінің, Ыбырай Алтынсариннің кітаптарын, Ш.Құдайбердіұлы аударған «Ләйлі-Мәжнүннің» қазақша нұсқасын бастырды.

1932 жылы қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуге арналған «Қазақ әдебиеті. Билер дәуірінің әдебиеті» атты зерттеу-оқулығын жариялады. Мектеп оқушыларына арналған әдебиет оқулықтарын жазуға, әдебиет сынына араласты, көптеген мақала жазды.

1936 жылы Қазақстан жұртшылығы Сәкен Сейфуллиннің әдеби қызметінің 20 жылдығын атап өтіп, жазушы, ақын көркем әдебиетті дамытқаны үшін «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталды.

С.Сейфуллин «ұлттардың өзін-өзі билеуі» деген Ленин қағидасына сеніп қалды, сондықтан ұлтқа, тілге қатысты мәселелерде өз ойларын ашық айтты, ақырында, өзі жырлаған кеңес саясатының құрбаны болды. Оның шығармаларынан ұлтшылықты іздеу басталды. Ақырында, 1937 жылы «халық жауы» ретінде тұтқындалып, 1938 жылы ақпанның 25-күні Алматы түрмесінде өзі орнатқан өкіметтің қолынан атылды.

**«Сыр сандық» туралы.** «Сыр сандықтың» жазылу тарихы бар. Оны филология ғылымдарының докторы С.Талжанов жазған. Оның білуінше, 1923 жылы Қызылжар губерниялық милициясының бастығы болған Шәріпжан Тотаев деген адам Сәкен Халық комиссарлар Советінің председателі болып тұрған кезде оны вокзалда күтіп алам деп, әбігерленіп жүріп, аяғын сындырып ала жаздаған екен. Кейін Сәкен бұл қызметтен босап келгенде, барып амандасуға да жарамаған. Тіпті, шақырып келуге бала жұмсаған деп түсіндіреді. Оның мұндай қылығына шамданып, Сәкен кейін ол туралы: «Үлкенге табынғыш, өте жарамсақ жан екен. Былтыр мен келгенде, алдымнан шығам деп, аяғын қиратқан Шәріпжан биыл мені шақыртып, мына қаршадай баланы жіберіпті. Ендеше ол былтыр Совнаркомды сыйлаған, ал мен биыл Совнарком емеспін. Бірақ Сәкендігім өзгерген жоқ. Ендеше ол ит неге өзгере қалды? Менің ойымша, ол ұлық болсаң, шыр айналып алды-артыңды орап жүргізбейтін соқыр тауық<sup>1</sup>, – деп жазыпты.

Осы жағдай туралы айта келіп, ҚР ҰҒА академигі, сөкентанушы Серік Қирабаев: «Әрине, Сәкен «Сыр сандықты» бір Тотаевқа ренжіп қана жазды деп, қорытынды жасау ағат болар еді. Мұның өзі осындай кезде көңіл күйінің әсеріне берілген ақын сезімі болуы ықтимал. Оның үстіне жоғарыдағыдай бірер факті ақынға ой түсіруі де ғажап емес», – деп жазған.

Бұл өлең 1926 жылы 26 ақпан күні жазылған. Ол «Экспресс» жинағында жарық көрді. Шығарманың көркемдігін оның формасы анықтайды және мұндағы қайталаулар мен сөз тізбектері, т.б. ерекшеліктер жасайды.

Адамның шын сырын ашатын кілтті ақын шың басындағы қоймадан іздейді. Өйткені адамды бет әлпетіне қарап бағалау қиын, адамгершілік нақты өмірлік жағдайда көрінеді. Сондықтан ақын сырды сандықпен алмастырады және оны Сарыарқаның бір биік тауындағы құз жартастың басына қойылған сандық ішінен іздеуге кеңес берген. Себебі – адамды бірден тану мүмкін емес.

<sup>1</sup> Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 6. 2007, 236–237-беттер.

## СЫР САНДЫҚ<sup>1</sup>

(Досқа жазған хаттан)

Шырқ айналар шіркін тауық,  
Жемің болса қолыңда,  
Қайдағысы сені тауып,  
Топырлайды жолыңда.

Досыңмын деп ант береді,  
Жем іздеген жанама.  
Жем таусылса, жалт береді,  
Сенерлік дос санама.

Нағыз достар – бір-ақ қалып.  
Шындап берік сүйіскен.  
Бір-біріне сыр ақтарып,  
Сыр түйінін түйіскен.

Өр адамның ішкі сыры –  
Берік қойма сақталған.  
Сол қойманың бір түкпірін  
Достың досы-ақ ақтарған.

Кейде ашуға сол түкпірді  
Іздейді жан жақынын.  
Шертеді жан сырлы жырды,  
Сырлас жанын шақырып.

Тыныс керек кейде жанға,  
Кейде жанға өн керек.  
Күй шертуге анда-санда  
Сырласарлық жан керек.

Ішкі сырды мысал етіп,  
Біраз ғана жырлайын.  
Суреттеуге тауға кетіп,  
Суретті ептеп сырлайын.

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004, 63–66-беттер.

Сарыарқаның бір тауы бар,  
Бір тауы бар сымбатты.  
Сол таудан сен сыр тауып ал,  
Сыр тауып ал, қымбаттым.

Қалың зеңгір, құзды шаттар,  
Құзды шаттар қалың ну.  
Сарқырайды мұз бұлақтар,  
Мұз бұлақтар уда-шу.

Нуда бір шың тіп-тік сұңғақ.  
Тіп-тік сұңғақ бір биік.  
Шың суретті бейне жұмбақ,  
Тұрғандай көп сыр жиып.

Шыңды айналған құзды шаттар,  
Құзды шаттар аққан су,  
Сылдырайды мұз бұлақтар,  
Мұз бұлақтар уда-шу.

Сөзім мысал, достым, тыңда,  
Тыңда, достым, ойлап ал.  
Түрлі сыр бар сол бір шыңда,  
Сол бір шыңда қойма бар.

Қойма шыңның нақ басында,  
Нақ басында қақпасы.  
Алтын жазу қақ басында,  
Қақпаның тас тақтасы.

Сол қоймада қымбат жасау,  
Қымбат жасау сақталған.  
Текшелеген сымдап жасап,  
Сымдап жасап қақталған.

Бір сандық бар емес түрде,  
Емес түрде көрнекті.

Бір түкпірде беті перде,  
Беті перде өрнекті.

Бір сандық бар, ол сандықта,  
Ол сандықта бір сандық.  
Сырдың кілті қолсандықта,  
Қолсандықта сыр сандық.

Сандық іші қызыл-жасыл,  
Жасыл жібек перделі.  
Толған қымбат сақтаулы асыл,  
Асыл сым бар пернелі.

Сұлу жанды сұлу сүйген,  
Сұлу сүйген сыршылым.  
Жібек талдап түйін түйген,  
Түйін түйген түршілім.

Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара, жырласын!

Сұлу сымда перне өуені,  
Перне өуені жыр айтар.  
Көңіл ашар тербеу өні,  
Тербеу өні сыр айтар.

Шыққанбыз дос, шыңға талай,  
Талай сырды ойланып,  
Ақтарарлық алтын сарай,  
Алтын сарай қойманы.



## СӨЗДІК

**Ну** – қалың орман.

**Текшеле** – текше – үстіндегі төрт жағы бірдей шаршы боп келген ашық тау алаңы; текшеле – қабырғаларларын тік бұрынштау, текше жасау.

## *Әдебиет теориясы*

**Автор бейнесі** – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көрінуі. Өр шығармада жанрға байланысты ол әртүрлі байқалады. Мысалы, лирикада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы басқа жанрларға қарағанда, басым өрі анық.

Өмір шындығын оқырман автор бейнесі арқылы таниды.

**Идея, көркем идея** – шығарманың өзегінен танылатын жинақтаушы, образды ой. Шығарма идеясыз болмайды. Суреттеліп отырған өмір құбылысы туралы автордың айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы –көркем идея болып танылады.

**Ұйқас** – өлең-жырлардың жолындағы соңында бірнеше буынның келесі тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі. Сөздің ырғағын күшейтуге, өлеңнің әуезділігін арттыруға әсер етеді.

Қазақ поэзиясында көп кездесетін ұйқас түрлері: егіз ұйқас (аа), шалыс ұйқас, кейде оны кезекті ұйқас деп те атайды (абаб), т.б.



## *Артық болмас білгенің*

### **СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЕСІМІ ӘРДАЙЫМ АРДАҚТЫ**



Нұр-Сұлтан қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті



1. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармалары туралы не білесіңдер?



1. «Сыр сандық» өлеңінің идеясы қандай? Ұлттық және өлемдік құндылықтар дегенді қалай түсінесіңдер? Адамгершілік, достыққа адалдық деген қасиеттер құндылыққа жата ма? Оны ұлттық немесе өлемдік құндылық деп бөлуге бола ма?
2. «Сыр сандық» өлеңінің пішіні несімен ерекше?
3. Сәкен Сейфуллин қай шығармалары арқылы өзінің азаматтық ұстанымын байқатты?



1. Ақын шығармашылығына қатысты жазылған мәліметтерді пайдалана отырып, «Біздің жақта» өлеңі С.Сейфуллин өміріндегі қиын кезде жазылғанын аңғартатын сөйлемді және сол шығарманы қалай табуға болады?
2. Ақынның «Сыр сандық» өлеңіндегі көркемдік құралдарды табыңдар. Олардың қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтаңдар.
3. Хрестоматиядан «Көкшетау» поэмасынан үзіндіні оқып, көркем образдарға мән беріңдер.
4. «Сыр сандық» өлеңін жаттап алыңдар.
5. Сәкен Сейфуллин мен Мағжан Жұмабаев арақатынасы қандай болғанын ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Серік Қирабаевтың жазбалары арқылы анықтап, пікірлесу ұйымдастырыңдар.



1. Нағыз достың қасиеттері қандай?
2. Достық туралы, достыққа адалдық туралы қандай шығармаларды білесіңдер? Олардың Сәкен Сейфуллин өлеңінен айырмашылығы неде?
3. Сандық іші не себепті перделі, не себепті пернелі? Ақын қандай бейнелі суретті көзге елестетеді?
4. «Қазақстан тарихы» тарихы пәні бойынша білімдерінді еске түсіріп, тарихта сатқындығымен аты қалған адамдарды атаңдар. Олардың сатқындығынан қирап қалған қай қала?





1. Абай Құнанбайұлының «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», Төлеген Айбергеновтің «Бір тойым бар» өлеңдеріндегі адалдық, достыққа беріктік, т.б. ізгі қасиеттер туралы ойларыңды С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» туындысымен салыстыра бағалаңдар. Қазақ поэзиясында қандай жалпыадамзаттық құндылықтар бағаланады? Осы туралы пікірлеріңді жинақтап, ой қорыту жасаңдар.



1. Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық», Абай Құнанбайұлының «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», Төлеген Айбергеновтің «Сағыш» өлеңдеріндегі ортақ құндылықтар туралы ойларыңды тұжырымдаңдар.



## Оқу сауаттылығы

1. Нуда бір шың тіп-тік сұңғақ.  
Тіп-тік сұңғақ бір биік.  
Шың суретті бейне жұмбақ,  
Тұрғандай көп сыр жиып.  
**Сұрақ:** Ақын не себепті адамның сырын таудағы шыңда деп суреттеген?  
а) Ертегіге еліктеп, осылай жазған.  
б) Ақын табиғатты жақсы көргенін осылай білдірген.  
с) Адам өзінің сырын кез келген адамға ашпайды.
2. Қойма шыңның нақ басында,  
Нақ басында қақпасы.  
Алтын жазу қақ басында,  
Қақпаның тас тақтасы.  
**Сұрақ:** Шыңдағы қақпа не себепті тастан жасалған?  
а) Биікте тұрған нәрсені алу қиын  
б) Сыр берік жерде сақталады. Сол үшін айтқан  
с) Алтын жазу бар қақпа, өзі тастан жасалған деу ертегіге еліктеу

3. Шыңды айналған құзды шаттар,  
Құзды шаттар аққан су,  
Сылдырайды мұз бұлақтар,  
Мұз бұлақтар уда-шу.

**Сұрақ:** Мұз сылдырай ма? Ақынның бұл қолданысы нені білдіреді?

- a) Мұзтау деген сияқты мағына
- b) Мүмкін емес
- c) Таудан ағып жатқан су мұздай салқын дегенді айтқаны; ақын суық дегенді мұз сөзімен ауыстырған



### *Оқушы күнделігі*

*Әр оқушы өзіне есеп беріп, «Мен қандай доспын?», «Мен адал дос бола аламын ба?» деген ойлар бойынша ой толғаныстарыңды жазыңдар.*



### *Фалаитор*

Сәкен Сейфуллиннің сөзіне жазылған әндерді тыңдап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



### *Сөйталқы*

«Қазіргі заман және құндылықтар» тақырыбында талқылау ұйымдастырыңдар. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар деген не? Олардың арасына шекара қоюға бола ма? Уақыт алға озған сайын құндылықтар өзгере ме? Қоғам үшін, ата-ана үшін, жастар үшін не маңызды?

## ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН (1915 – 1983)

Кітап жалпы таралымы үш миллион данамен елу реттен аса шығарылып, қазірдің өзінде отыз тілге аударылып, басылымның Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жарыққа шығуы назар аударарлық оқиға болып отыр. Осы арқылы аса көрнекті жазушының шығармашылығын қастерлеушілер мен бағалаушыларға, біздің тарихымызды қымбат көретін барша жұртшылыққа бұл шығармаға ежелден азаттыққа ұмтылып, ұлттық тәуелсіздік үшін ерлікпен күрескен қазақ халқының жүзеге асқан арманы тұрғысынан жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

*(Н. Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті. Есенберлин І. Көшпенділер. Роман-трилогия. – Алматы: «БПКА «Баспагерлер, полиграфистер және кітап кітап таратушылар Ассоциясы», 2015, 3-кітап: Қаһар)*



Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда қазіргі Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Ол 1940 жылы Қазақтың мемлекеттік тау-кен және металлургия институтын бітірген. Ол кезде қазақ елі үшін инженер мамандығы бойынша оқыған адамдар қажет еді. Сол өзі оқыған мамандығымен Жезқазған кенішінде қызмет жасап жүрген кезде, Ұлы Отан соғысы басталып, болашақ жазушы майданға аттанды. Соғыста қатты жарақат алып, елге оралды. Ауыр операциядан соң, оң аяғы сол аяғынан екі сантиметр қысқарып, аздап сылтып басатын болды. Бірақ оның өмір сүруге деген құштарлығы, азаматтық белсенділігі жоғары болғандық-

тан, өмірде өз орнын алу үшін еңбек етті.

1942–1947 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде нұсқаушы, 1947–1951 жылдары Қазақ филармониясының директоры болып қызмет еткен. 1953–1954 жылдары Қазақстан Геология министрлігінде аға инспектор, ал 1954–1955 жылдары Ақтөбе облысындағы Берсүгір шахта басқармасының бастығы лауазымына дейін қызметі өскен. Геолог, шахта туралы тікелей мол ақпарат алған ол жазу жұмыстарын қолға алды. Оның 1955 жылдан кейінгі еңбек жолы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет бас-

пасы, «Қазақфильм», «Жазушы» баспасы, Жазушылар одағындағы қызметтерімен тығыз байланысты болды.

**Шығармашылық жолы. Поэзия.** Ілияс Есенберлин шығармашылығы өлең жазудан басталған. 1945 жылы «Сұлтан», «Айша» поэмалары жарық көрді. Кейін, 1949 жылы «Адамгершілік жыры» атты жинағы жарияланды.

«Біржан сал трагедиясы» 1959 жылы жазылса, оның 1977 жылы өңдеп, өзгертіп, «Біржан сал» деген атаумен жарыққа шығарды. «Қазақ қызы», «Көңіл – дастан» атты поэмалар жазған. Соғыс тақырыбына «Адам – мәңгілік» поэмасы бар, ол кеңестік саясаттың сойылын соғудан емес, адамзаттық мәселе тұрғысынан жырларан. Оның сюжетті поэмалары баяндау мәнері жағынан проза жанрына ыңғайлы.

**Прозалық шығармалары.** «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965) повестері – проза саласындағы тырнақалды туындылары.

Жазушының талантын ашқан «Айқас» романы (1966). Бұл туындының лейтмотиві – адамгершілік. «Айқастың» бас кейіпкерлерінің бірі Дәурен: «Адам! Адамды түзейтін де адам! Бұзатын да адам», – дейді. Романның идеясы – адамгершілікті ұмытпау.

«Айқастан» кейін 1967 жылы «Ғашықтар» романы өмірге келді. Ал өнер қайраткерлерінің образын жасауда «Махаббат мейрамы» (1984), «Аққу құстар қуанышы» (1983), т.б. романдарымен жалғасын тапты.

Жазушының шығармаларын тақырып жағынан жіктегенде, «жұмысшылар тақыры» мен кенші, барлаушы, интеллигенция өмірінен «Алтын құс» (1972), «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974, ол кейін «Аманат» (1978) болып өзгертілген), «Маңғыстау майданы» (1979) романдары жарық көрді.

«Көлеңкемен қорғай жүр» (1974) – тың игерушілер өмірін реалистікпен суреттеген шығарма. Тың игеру бүкіл КСРО аумағында үлкен ауқымдары мәселе ретінде көтерілді де, оған Кеңес Одағының құрамындағы әр республикадан өзге ұлт өкілдері ағылды. Сонда да жазушы Ілияс Есенберлин жаңа жерді игеру мәселесімен бірге қазақ ұлтының да мүддесін қорғау қажеттігін күн тәртібіне қойды. Ал ол кезеңде ұлттық мәселені айту қауіпті еді.

Ұлттық тақырып шығармалар ауқымына «Қатерлі өткел» романы да қосылады. Жазушының ұлттық тақырыпта үлкен дүниелер жазуы – оның азаматтығы.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы (1976) – жазушының бас кітабы. Ол «Алмас қылыш» (1971), «Жанталас» (1973), «Қаһар» (1969) атты романдарынан тұрады. «Қаһар» бірінші жазылған, алайда үш романның тақырыбы ортақ – қазақ ұлтының тардыры, ал әр романның сю-

жеті, өрине, өзінше дара. Өр роман өзі дара болғандықтан, оның кейіпкерлері, олардың өмір сүрген дәуірлері де дараланатыны түсінікті. Мәселен, «Алмас қылыш» (1971) қазақтың бір кездегі Ақ ордасын қайта қалпына келтіріп, тәуелсіз Қазақ елінің туы астында үш жүз бас қосып, бірігу идеясымен айрықша жасалған.

«Жанталас» саны жағынан аз ұлттың империя өңешіне түсіп кетпеу үшін жанталасқан күресті бейнелейді.

«Қаһар» кеңестік дәуірде де қазақтың елдік рухы үзілмегенін паш етті.

Жанр жағынан алғанда, бұл трилогия – роман-хроника. Өйткені қазақ тарихының ауқымды үш кезеңі – жеке хандық, яғни тәуелсіз мемлекет дәрежесіне жетуі, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, Отан соғысы, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттығы көтерілісі туралы нақтылықтар деректерге, шежірелерге сүйенген. Оған қоса ақын, жыраулардың өлеңдер-толғаулары, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» мен Рашид-ад-Диннің, Джувейнидің, т.б. «Орыс шежірелерінің толық жинағы», бұдан басқа да екі жүзден аса деректер романға тарихилық сипат дарытады.

«Қаһар» романы туралы. Романының бас кейіпкері – Кенесары хан. Бұл романда хроникалық сипат аздау. Дегенмен реалистік сипатта жазылған. Өйткені Кенесарыны көтерілістің алғашқы кезеңінде халық жақсы қолдап, оған миллионға жуық қазақ қатысып, осы кезеңде өбден қаруланған орыс патшалық әскерімен итжығыс соғыс жасап, кейде жеңіп, кейде жеңілсе де, өйтеуір, берілмейді. Ал кейін ол хан болдым деп, халықтан ажыраған кезде, шешуші кезге келгенде, жеңіліс табады. Романда ғана емес, шынайы өмірде де осылай болған. Осылайша романның реалистік сипатта жазылғаны белгілі болады. Бұдан басқа нақтылықтар: Кенесары көтерілісінің туу себептерін өмір шындығымен байланысты жеткізуімен де маңызды.

Жазушы патшаның 1822 жылғы Сібір қазақтарын басқару жөніндегі жарғысын, Кенесарының орыс билеушілеріне жазған хаттарын, т.б. құжаттар пайдаланылған.

Романның тілі де назар аудартады. Өйткені өзге тілден енген сөздерді қазақ өз ыңғайларына салып айтатын, сондықтан Устав Жарғыны «Ұстап» деп алып, осы сөздің өзін жазушы әдемі ойната білген. «Ұстап деген атының өзінен, расында, жан шошырлық... Ақ патшаның уысында ұстауға шыққан заң екен соның өзі...», – дейді. Сөздің мағынасын шебер қиюластыру бар. Жазушы орыстың сөздерін қазіргі замандағы қолданысқа салмаған. Өйткені автордың өзінің де сөз ойнату мақсаты болса да, негізі, кірме сөздердің біразы қазақ тілінің үндестік заңына ыңғайланып сіңген.

Осылайша шығармада суреттеліп отырған дәуірді де елестетуге мүмкіндік ашылады.

Жазушы реалистікпен жазып, қазақтың соңғы ханы жеңіліске ұшырағанын жеткізген, алайда бұл шығарманың идеясына нұқсан келтірмейді. Кеңес билігі үстем заманда «Қаһардың» жазылуы қазақ халқының елдікке, азаттық ұмтылған рухы үзілмегенін жеткізумен құнды.

Кенесары ханның түпкі мақсаты – қазақ елінің тәуелсіздігін қайтару, ал оны аңсап, оған қол жеткізу оңай болған жоқ. Енді қазақ елі тәуелсіз ел, ал оны баянды ету – ұрпақтарға аманат.

## ҚАҺАР<sup>1</sup>

*(Роман-трилогия. Басы. Ықшамдалған)*

### БІРІНШІ БӨЛІМ

#### I

...Көш жүрісі шұғыл...

Асыға қимылдаған қыруар ел ылдидағы масағы кере қарыс қалың балқурай көмкерген айдын көлге қарай беттеді... Түстері суық. Шекпеншапандарының етек-жеңі түріңкі. Бұлардың ішінде қайыңның безіндей берік, қазан тастай шомбал, төртпақ келген біреу ерекше көзге түседі. Астында есік пен тердей, ай табанды жайма жал қара көк айғыр. Тақымында келте шоқпар, қарына темір бауырлы қайың сойыл ілген. Үлкен өткір қара көзді, ұзын, қою қара мұртты адам. Таңмен бірге ашыла түскен қара сұр жүзі ақ сұпыдай. Бұл – осы көштің осы көштің басшысы, Баянауылдағы Қаржастан шыққан Азнабай ұлы Сейтен. Қазіргі беті – Балқаш көлінің маңындағы кең алқап. Ал арғы мақсаты осыдан үш жыл бұрын Алтай, Тоқа, Уақ руларының қырық мың шаңырағын ертіп, Қоқан Хандығы қарауындағы Сыр бойына өтіп кеткен Қасым төренің балалары Есенгелді, Саржанға қосылу.

Сейтенмен үзеңгілес түксиген қабақты, кескен томардай келте қара сұр жігіт келеді. Сары ала қынапты қисық табан келте қылыш тағынған. Кісі өлтірген адамдай түсі зәрлі. Бұл – Қубетұлы Ожар. Бір кездегі барымтаға да, жауға да қатар шапқан Сейтеннің үзеңгілес досы. Соңғы үш-төрт жыл ішінде Ақмола аға сұлтаны Құдайменденің Қоңырқұлжасының қасында болып, жақында ғана өз еліне қайтып келген...

<sup>1</sup> Есенберлин І. Қаһар. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2017, 468 бет.

Көл жағасына дамылдаған көш түйенің қомын алмай, қазан көтеріп ас ішпей, сәл тыныстады да қайта көтерілді. Су маңайы бір өуенге түскен кезде шомбал қара Ожар қайтадан Сейтеннің қасына келді. Астындағы төрт аяғы тең жорға қара көктің тізгінін тежей түсіп, кеше тамамдай алмай қалған өңгімесіне қайта кірісті.

– Атамекен Көкшетауын тастап, Қасым төре неге Қоқан хандығына қарай көшті? – деді ол сөзін алыстан қозғап, – Қазақта мақал бар емес пе «Бөтен елде сұлтан болғаныңша, өз елінде ұлтан бол» деген.

– Қасым төре қай жерде жүрсе де сұлтан, – деді Сейтен жақтырмағандай алая қарап... Сейтен атын тебініп қап, кенет қызулана сөйлеп кетті.

– Қасым төре біз секілді ақымақ емес еді. Арқа жерінде сегіз өкіріктің не үшін құрылғанын бізден бұрын түсінді. Тоқа, Алтын, Алтай, Уақты ертіп патша құрығы жетпейтін Бестаңбалы жеріне қарай көшті. Біз қалып қойдық. Қалғанымыздан не таптық?.. Бүкіл Арқа жеріне темір тор жабылды, енді тырп етіп көрші! Қарамағындағы елің түгіл, туған ініңнің баласын арашалауға күшің жетпей қалды.

Сейтеннің соңғы сөзінің мәнісі бар еді. Батыс Сібірдің тұрғын жұрты мен жер айдалып барған адамдардың арасында әйел жынысының өте жеткіліксіздігін еске алып, Бірінші Николай патша 1825 жылы 11 февраль күні, қазақша Тауық жылы ақпан айының он бірінде Сібір генерал-губернаторы мен Орынбор соғыс губернаторына Сібірмен шектес қазақ секілді «бұратана» ұлттардың жас қыз балаларын қолға түсіруге жарлық берген. Бұл жолда қандай амал болмасын қолдануға рұқсат етілген. Сатып алуға да, алдап алуға да болады делінген.

Осы жарлық бойынша қолға түскен қыз балалар шоқындырылып, әйел жынысына мұқтаж семьяларға тапсырылуға тиісті. Асырап алған адамдарға азық-түлік ретінде он бес жасқа толғанға дейін көмек көрсетіліп, ал қыз балаларды әкелген кісіге қолма-қол он бес сом сыйлық берілетін.

Міне, осы жарлық Сейтеннің туған інісі Тайжанның жеті жасар қызы Алтыншашты да қармаққа түсірген еді. Тайжан патшаға қарсы ереуіл ұйымдастырғаны үшін бес жыл бұрын Омбы Орданс-Гаузе сотының үкімімен өлім жазасына кесілген. Оның ер жетіп қалған үш ұлы Сібірге Туринскіге айдалған. Белгісіз адамдар беймәлім жаққа өкетіп бара жатқан ағаларының соңынан қалмай, шырылдап жүтірген жеті жасар Алтыншашты қарауыл басы офицер иемденіп, Омбыдағы бір саудагерге сатқан-ды. Жас қыздың көркіне таң қалған Сібір корпусының штаб бастығы генерал-майор Фондерсон оны өлгі саудегерден қалап алады. Алтыншаштан көз жазып қалған Сейтен, үш жыл өткеннен кейін оның өкесін өлтірушілердің

бірі Фондерсонның қолында үй сыпырушы болып жүргенін естиді. Іздеп Омбыға келеді. Генерал-майордың сақ күзетшілері бөгет болып, Алтыншашқа жолыға алмайды. Тәуекелге бел буып, түнде Фондерсонның үйіне шабуыл жасап, тартып өкетем деп жүргенінде, генерал-губернатор біліп қалып, өзі ажалдан өзер құтылады. Сейтеннің қазіргі айтып келе жатқаны осы бала жайы. Бұл оның көңіліндегі ауыр жара. Егер алда-жалда осы жараға біреу-міреу тиіп кетсе, Сейтен өзін өзі ұстай алмайды, бұлқан-талқан ашуға беріледі. Бірақ бұ жолы Сейтен өйтпеді. Бір кезде қанжығалас серік болғанменен, ол Ожардан аздап күдіктенеді... Сондықтан да ол енді Ожардан сыр тарта сөйледі.

– Сол ұстап бойынша біз қазынаға жүз қарадан бір қара жасақ төлеуге тиісті едік. Бірақ сол заңның өзін кім дұрыс қолданып жүр? Аға сұлтандардың малы жұтқа ілексе – зекет төле. Жанаралдың пристаптың үйі өртенсе – үлесінді апар...

– Ақ патшаның салық туралы қосымша өмірі шықты деп жүргендері қайда? – деді Ожар түнере.

– Иә, шыққаны рас. Бірақ одан қара қазаққа қандай пайда? Қоян жылы мамыр айында патшаның салықтан босатқан бес жылы өткеннен кейін, жаңа жарлық шықты... Бұл жарлық бойынша өкімет қызметінде жүргендерге, аға сұлтан, болыс, жәсиәтірлерге бірталай жеңілдік берілді...

– Жоқ, мен патша ағзамның бұл жарлығын айтып келе жатқан жоқпын...

– Енді қай жарлығын?

– Жасақ төленетін мал саны үш жылда бір саналғанмен, жұт жылы жасақты тек қолда қалған малға төлейді деп жүргендері қайда?..

– Оның рас. Бірақ қазаққа он ірі қарадан бір тұсақ төледі не, жүз тұсақтан бір ірі қара төледі не, бөрібір, емес пе? Байқаймын көмейінде бірдеме тұрған іспеттес. Онда сен ақ патшаның бізге істеген жақсылығы болса соны айтшы?..

– Өйткенмен, қалауын тапса қар жанады, – деді Ожар қайтадан үн қатып. – Ақ патшаның да тілін таба білген жөн. Осыдан екі жыл бұрын көктемде Қараөткелдің аға сұлтаны Құдайменденің Қоңырқұлжасы қазақтар балаларымызды сыпайға – солдатқа алады деп сескенетінін арыз етіп Петрборға барғанында, патша ағзамның өзі қазақ жігіттері еш уақытта да сыпайға алынбайды деп, бұзау терісіне мөрін басып, уағдасын жіберген жоқ па?

«Осының өзі қай соқпаққа апара жатыр?» – деп, Сейтен тағы да сезіктене қалды. Сөйтсе де:



– Бұзау терісі емес, бұзау терісінен істелген қағаз десетін. Қап-қалың болатын, өзім көргем, – деді ол жайбарақат. – Сол қағаздан кейін аға сұлтан Қоңырқұлжаның қадірі ұлан-асыр өсті. Соның арқасы ғой бұ күні қалың арғынды шашау шығармай ұстап отырғаны...

Сейтен сәл үндемей қалды да, күрсіне қайта сөйледі. – Жиырма мың жылқы айдаған Құдайменде баласы ондай қағазды алудың бір амалын тапқан шығар. Бірақ ақ патша әділетті болса, Қасым төренің арызын неге тыңдамапты?

– Қандай арызын?

– Қасым төре қазақ жеріне бекініс салып, пірказ құруды тоқтатуын талап етіп, осыдан он жыл бұрын қағаз жазған жоқ па? Одан не шықты? Жауап берудің орнына жерімізге әскер үстіне әскер төкті...

– Бірақ Қасым төренің ол ойынан не шықты?

Ожар мысқылдай күлген төрізді, – Ташкент құшбегінен Есенгелді мен Саржанның аман қайтуының өзі екіталай...

1824, яғни қазақша Мешін жылы Көкшетау приказы құрылды. Бұл – ақ патшаның Абылай ұрпағының атамекеніне ауыз салуы еді. Осы жылдан бастап Қасым төре баласы Саржан сұлтан қол жинап, патша әскері мен ұстапты жақтайтын Сәмеке, Бөкей, Уәли хандардың ұрпақтарына, Көкшетаудың аға сұлтаны Қара Тоқаның Зілқарасына қарсы күрес бастады. Кейде жеңіп, кейде жеңіліп, басынан сан айқасты өткізеді. Ақырында, Қоқан хандығының қол астына еніп, 1834, яғни Жылқы жылы осы хандықтың бас күші Ташкент құшбегі, төжіктің Қалпы руынан шыққан Мәмет Өліммен тізе қосып, қазақ жерін Россия империясынан бөліп алмақ болып, алты мың әскермен Ұлытау өңіріне келді. Осы өңірге Қорған атты бекініс тұрғызып, бізге қосылындар деп, жан-жағына жар салады, аға сұлтан, ел билеген ақсақалдарға ат шаптырады. Бір жағынан шағын-шағын жасақ аттандырып, Қараөткел, Көкшетау жеріндегі қалың арғын елін шаба бастайды. Мұны естіген Сібір губернаторы Ұлытауға генерал-майор Броневский басқарған алты зеңбіректі бір мың әскер жібереді. Броневский көп кешікпей Ұлытауға таяйды. Жақын қалған патша әскерінен қорыққан Ташкент құшбегі Қорғанға азғантай сарбаздарын қалдырып, Бетпақдалаға қарай қашады. Ал қорған бекінісі көп соғыспай, Броневскийге беріледі. Ташкент құшбегі Мәмет Өлім қазақ жерін Россия патшалығынан оңай ала алмайтынына көзі жетіп, күресті бірден тоқтатады. Одақтасының мұндай опасыздығын көрген Қасым төре балалары енді Сыр бойындағы қазақтарды жинап, Қоқан хандығының ықпалынан құтылмақ болады. Бірақ Ташкент құшбегі бұны сезбегенсіді, ақ патшамен күресуге қайта қол жиямыз,

кеңеске балаларыңды жібер дейді Қасым төреге. Ал ол құрылған қақпанды аңғармайды, Ташкентке жиырма жігітпен қолбасшы балалары Есенгелді мен Саржанды, Шұбыртпалы Ағыбай батырды, Саржанның жиырма жасар баласы Ержанды жолға шығарады. Бұлардың Ташкентке кеткені Арқаға да жетеді. Ожардың айтып келе жатқаны осы жәйт.

Сейтен бұл хабарды бұрын естісе де, мысқылдай сөйленген сөзден бір суық кекесін аңғарып қалды. Ожарға сескене қарады. Кенет есіне осыдан үш күн бұрын қойнынан жұлып алып тастаған шұбар жылан түсті...

«Мынау Ожар да қойнына кіргелі тұрған сондай шұбар жылан емес пе екен?»...

Ожар Сейтеннің ашулы қабағынан бір сұмдықты сезді ме, жаңағы аңғырт айтып қалған сөздерін жуып-шайды.

– Қоқан құшбегілеріне сену қиын... Есіл ерлер аңғалдықпен мерт болып жүрмесе нетсін.

«Жоқ, Ожар баяғы Ожар. Мұнымен бірге бір қайыққа мінуге болады». Сейтен жан-жағына ойлана көз тастады. Күн кешкіріп қалған екен...

Дәл осы сәтте батып бара жатқан күнменен бірге азалы, зарлы үн естілді. Ылдиға қарай ентелей құлаған көштің бір бүйірінен, жал-құйрығы күзеулі тайға мінген, екі бүйірін таянып алып, «Елім-ай» өнін салған он төрт – он бес жасар қара торы қыз бала көрінді... Қыз бала шырылдай толқиды:

Туған жердің қия алмай тау мен тасын,  
Біз келеміз тыя алмай көздің жасын,  
Не жазып ек, жасаған, таптатардай,  
Көрінгенге халқымның алтын басын.  
Арман етіп жазылмас жан жарасын...

Қыз баланың өні Сейтеннің көкірегін тырнап жатқан төрізді, қабағы салбырап тұнжырай түскен. Егер өн бұдан өрі созылса, сонау артта қалып бара жатқан туған жеріне деген қасіреттен жүрегінен қан тамшылайтындай көрінді. Осы бір бұлқан-талқан болып келген күйікке шыдай алмаған Сейтен «Тоқтат!» – деп, қолын көтерді, қыз өні пышақ кескендей үзілді.

Енді көш шұбалаңдамай, алды-артын жиып, көлді ығыстай таяп келеді... Алдарында жазық алаң, одан өтсе, арада қолсозым жерде өздері қашып бара жатқан өгей өлке.

Сейтен бірдемеден сескенгендей, атының басын тартты. Алдынан көлмен қатарласа созылған қалың қопа қамыстың өздері беттеген көз жетер-жетпес бір тұсынан, өлдене қараң ете түскен төрізденді. Көзі қанша

қырағы болса да, не екенін анық айыра алмады. Аң дейін десе, кісі бойы қамыстан қалай көрінеді? Адам дейін десе, елсіз қалың қопаның арасынан не таппақшы? Ұры-қары дерлік, бұл ара қара жолдан шалғай... Өлде бұлардың ізін аңдыған жау ма?

Сейтеннің көңіліне күмән кірді. Бірақ Ожар оны бұл күдіктен ада етті. Сейтен көргенді бұ да көрген екен.

– Сейтеке, – деді ол атын тебініп таяй түсіп, – көшті жинақы ұстамаса болмас. Бұл Мың арал қойнауы қорқынышты. Қабан да, жолбарыс та бар десетін. Жаңа байқадыңыз ба, өне бір тұстан жүгірген қасқырды?..

– Мен адам ба деп едім.

– Бұл араға адам қайдан келсін? Мен анық көрдім. Қасқыр...

Енді көш бұрынғысынан жинақы жүрді... Тек түн ортасы ауған кезде, жағасы атты кісі көрінбес қалың анақурайлы Баскөлдің тұсына келгенде ғана:

– Осы арада азырақ көз шырымын алдырсақ қайтер еді, Сейтеке, – деді Ожар. – Қатын, бала әбден қалжырады, жігіттердің де кейбіреулерін ат соғып тастағанға ұқсайды.

– Өлі де жүре түссек... Қонуға бір қауіпсіз алаң таппасақ болмас.

Көшке бұл өңір мүлде бейтаныс. Жолды қан-сөлсіз сұр бетті, шілтиген Сөмен ғана біледі. Жөн көрсетіп келе жатқан да сол.

Ол Ожарға бір көз тастап, Сейтенге қарады.

– Мұндай жедел жүріске жұрт шыдар емес. Ат шалдыруға да осы ара дұрыс. Бұдан өрі шалғын азаяды да, қамыс-қурай көбейеді.

– Айтқандарың болсын... – Сейтен өзі бірінші боп аттан түсті. – Жұрт таң сыз бергенше, көз шырымын алсын... Ал біз кезектесе күзетелік.

– Мақұл.

Түйелер шөггеріліп, арбалар доғарылып, жұрт дабырлай орныға бастады.

Сейтен жанына топырлай жиналған серіктеріне:

– Өр қарауыл бір бие сауымдай уақыт көшті айнала жүреді. Алғашқы кезек өзімдікі, – деді. – Менімен бірге қайсың қаласың?

– Мен.

– Мен.

– Мен.

Зор денелі үш жігіт топтан бөлінді.

– Сізден кейінгі кезек менікі, – деді Ожар.

– Жата бер. Бір таңға шыдармын!

– Сіздің әрқашан да тың болғаныңыз жөн. Біз секілді жастарға түнгі күзеттің өзі де бір қызық дәурен ғой.

Сейтен жауап бермеді. Жұртқа:

– Ал ұйықтаңдар! – деп, қарауыл жігіттерін ертіп, бөлініп шыға берді...  
Аздан соң жол соғып қалжыраған жұрт қатты ұйқыға кетті...

Ай сәулесі кеми, аспандағы жұлдыздар бірінен соң бірі сөніп, таң жақындағанда, Ожар қасына Сәмен мен көш қозғалар алдында қосылған көршілес ауылдың екі бейтаныс жігітін ертіп Сейтеннің қасына келді.

– Сейтеке, таң да жақын... Азырақ көз іліндіріп алыңыздар, – деді ол...

Сейтеннің қобалжыған көңілі орнығайын деді. ...көптен бері ат үстінен түспеген денесі талмаусырады ма, Сейтен аспанда ақырын жүзген айға қарап жатып, ұйықтап кетті.

Дәл осы кезде Ожар мен Сәмен көштің алдыңғы жағындағы қалың қамысты түбек тұсынан айнала өтіп бара жатқан-ды. Олардың құлағына қамыс арасынан:

– Ожар, біз дайын, – деген әлдекімнің дірілдей сыбырлаған үні естілді.

Ожар кілт тоқтап қалды. Бұрылмастан:

– «Қақпанды қоя білмеген қасасын қалдырар»... Бағана күн батарда біреуің көзге түсіп, Сейтенге елең туғыздыңдар. Жаңа ғана жатты. Біз қазір оны байлаймыз. «Аттан!» деген ұран шыққанда, қапы қалмаңдар!.. – деді ақырын ғана.

Ол көшті айнала жүре берді. Бүйірден қосылған Сәменге:

– Қазір Сейтенді аламыз, – деді.

– Ояу жатқанда ма?! – Сәменнің үнінен қорқыныш лебі аңғарылды.

– Ендігі ұйықтап кеткен шығар. Ұйықтамаса да алу керек!..

– Құп.

Сейтен сергек ұйықтайтын. Үстінен құс өтсе де, оянатын. Сыбырды сезіп, орнынан атып тұрмақшы болды. Бірақ кенет үстін албастыдай басып алқымынан қышқаштай жабысқан темір саусақтар үнін шығартпады...

Сейтеннің көкейінде: «Өттең! Өттең!» деген арман ғана булыға тулады.

– Бұның кебіні кигізілді, – деді өзіне таныс күңгірт дауыс, – Сәмен, сен осы арада бол. Ал сендер сарбаздарға жетіңдер. Белдеріне байлаған аттардың шылбырларын кесіңдер, ер-тоқымдарының оң үзеңгілерін шешіп алыңдар!

Сейтен қыл шылбырды білегіне батыра бұлқынып-бұлқынып түсті. «Япырмау, мынау дауыс кімдікі? Ожар ғой! Сорлы жүрек, бекер сес бермеген екенсің? Қап! Қап!» Ол аздан кейін өзінің жалғыз қалғанын аңғарды. «Жоқ жалғыз емес шығармын. Жаңа ғана Ожар «Сәмен, осы арада бол» деген жоқ па еді? Сонда бұл да жау болғаны ма? Шыққыр көзім, нені көргенсің!» Сейтен ауға түскен мекіредей жанталаса тулай берді...

Кенет:

– Алға, жігіттер! – деген қатты үн шықты, Сейтеннің есік пен төрдей тоқпақ жалды қара көк айғырын ойната Ожар өзгеден бөліне берді. Басында орамал, білегін сыбанып алған. Қолында жалаң қылыш, шабатын қасқырдай екі көзі оттай жайнайды.

– Өлсек шөйтпіз, өлтірсек, бөйтпіз, – деді ол тағы да күшті дауыспен, – көне, еріңдер соңымнан!

– Ожар! Баста, Ожар! – деді аттарына мініп үлгірген кей жігіттер.

Ожардың қасына шоғырлана қалған, тастай түйілген шағын топ «А, Құдай», «Аруақ!», «Айдабол!», «Қаржас!» деп, біріне-бірі ұрандаса жел беріп, сойылдарын көтере, қарсы жаққа лап қойды. Алдарында Ожар. Бірақ ол қарсы шепке жетер-жетпестен атының жалын құша құлады...

Қылышын көтеріп үстіне төніп келген қуғыншы жағының екі жауынгеріне жерде домалап жатқан Ожар зекіп:

– Түсіңдер аттан, иттің балалары! – деді. – Байландар тез менің қолымды! Апарыңдар тез Сейтеннің қасына... Қалаға таянғанда босатарсыңдар, елден шыққанша бірге ұстаңдар!

Ожардың қолын артына байлап, у-шу болған жұрттың қақ ортасымен, бір шетте тұрған Сейтенге апара жатқанда, ол әлдекімнің:

– Арманда кеттіңдер-ау, қос арысым! – деген күңіренген даусын естіді.

Ожар аңқау елдің бетіне қарауға жүзі шыдамай, аяғын шалыс басып, өте берді... Таланған, шабылған көш, жүнін жұлған тырнадай боп бар сәнінен айырылды. Енді кейін қайтарылмақ болды.

Суық мылтықты, көрлі қылышты өскер жасағын басқарып келген есаул Лебедев ысқыра қамшысын үйіріп, қасқыр шапқан қойдай ұйлығып қалған жұртты кең алаңға жинады да, жанында тұрған Қоңырқұлжа аға сұлтанның кіші баласы сары ала түймелі Шыңғысқа жирен мұртын тікірейте ежірейіп:

– Қайда қашып құтылмақ? Сұра мына шалдан, – деді бағанағы көш басқарған инабатты ақсақалды көрсетіп, – патша ағзам жарлығынан құтылу, ажалдан құтылумен бірдей.

– Біз айыпты емеспіз, – деп ақсақал жауап беріп, төмен қарады. – Үйірден саяқ қана бөлек жайылады. Өзен қайда құйса, тамшысы да сонда құяды.

Тілмаш ашуланып қалды. Сөйтсе де сыр білдірмей:

– Алтын, Алтай, Тоқа, Уақ босты деп сендер де босқыларың келді ме? Азғырғанға еріп азайын дедіңдер ме? Саржан сұлтан ту көтергелі, жұрт та ат үстінен бір түскен жоқ. Қанша ауыл қырғынға ұшырады? Тоқтайтын уақыттарың болған жоқ па, кілең есуас?

Шал ауыр күрсінді.

– Жақа өзің айттың ғой, Алтын, Алтай, Уақ, Тоқа ана жаққа кетті деп. Сынықтан бөтеннің бөрі жұғады ғой. Олардың үлгісімен өзгелер де киімін пішпесін қайдан білесіңдер?

– Сонда ақ патшаға, аға сұлтандарға қояр кінәларың қандай?

– Шырағым, ел тыныштығын жоғалтқан бір аласапыран заман болып кетті емес пе, – деді ақсақал үнілеп, – жылы-жылы сөйлесе жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесе мұсылман діннен шығады. Біз бір мал баққан момын елміз. Ауыл үстінен атылған мылтық тек қана жылқыны үркітпейді...

– Ол мылтықты атқыздырып жүрген өздерің емесіңдер ме?

– Сонда бізге қой болып қырыл демексің бе?

– Қолыңнан қой болудан бөтен келмесе, жаз жайылымыңды, қыс қыстауыңды біліп жайыңа жүрмейсің бе!?

– Жайыма жүруге қойып тұрсың ба? – Қария тілмашқа оқты көзімен қарады. – Қотан жанына қасқыр апанын қазса, қойда не ес қалады? Сыпайларының шошайған мылтықтары жеріме салынып жатқан анау бекіністер сол қасқырдың апандары емес пе?

– Өздерің үндеріңді шығармасаңдар, олар да мылтықтарын шошайтпайды.

– Ал үнімді шығарсам ше? Бауыздайын деп жатқанда ешкі екеш ешкі де бақырып өледі. Сен бізге сол ешкі құрлы болма дегенің бе? Жоқ, шырағым, жерімізді жыртып, өзенімізден балығын аулап жүрген мұжыққа қамшы көтерген бір де қазақ жоқ шығар. Ал қылышын сүйретіп есіктен кіріп, төр менікі дегендерге...

– Иә, ондайларға не істей аласыңдар? Қолдарыңнан келері бүгінгідей босқа қырылу ма?

– Адал өлу де – абырой. – Қария тілмашқа алар бүркіттей сұстана көз тастады. – Шырағым, аяқ алысыңды байқадым, сен өзің Өбілқайыр, не болмаса Уәлиханның ұрпақтарының біріне ұқсайсың... Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деген, бір сұрайтын сөзім бар...

– Не сөз?

– Өбілқайырға да, Уәлиге де патша ағзам хандықтарымен бірге құндыз ішік, оқалы қоқыр, алтын балдақты алмас қылыш берді. Құндыз ішік пенен оқалы қоқырды беруі түсінікті, бекзадалар кисін деген шығар. Ал қылышыңа жөн болсын? Оны кімнің басына төндірсін деп сыйлады?

– Патша ағзамның дегеніне көнбегендердің!

– Дұрысыңды айттың, ер жігіт екенсің. Бірақ біз көппіз ғой. Қара да болсақ, қанымыз бір қазақпыз. Уәли мен Әбілқайыр ұрпағының бөріміздің бірдей басымызды ала беруге қалай жүрегі дауалайды?

Тілмаштың ақшыл жүзі күп-күрең боп кетті. Аталарың қазақ халқының қанішер қара ниет жендеті деп тұрған осынау тіл тартпас шалды ат бауырына алуға да дайын. Бағанадан есаул Лебедевке шалдың сөзін аудармай қойған. Енді шыдай алмай, жіңішке еріндері дір-дір етіп:

– Есауыл мырза, – деді ашуын баса алмай, орысшалап, – мына қара сақал, патша ағзамды балағаттап тұр!..

– Иттің баласы! – деді есаул қызғылт мұрты ашуланған қанден күшіктің құйрығындай дір-дір етіп тікірейе қап. – Көрсетейін мен бұған патша ағзамға қалай тіл тигізуді! – Ол атын ойнатып Абзал ақсақалдың қасына жетіп барды да, мүсіндей қозғалмай тұрған ел ағасын бұзау тісті, қорғасын бауырлы тобылғы қамшысымен дәл басынан тартып, тартып жіберді, – Мә, саған! Мә, саған! Патшаға тіл тигізетін сабазсың ғой!

Құлаштай сілтеген қамшы ауаны кескілеп «ыс, ыс» етеді. Қарттың басынан қан жосып аға жөнелді, бірақ Абзал жартастай болып, үн шығармастан қозғалмай тұр.

Бұл сұмдықты көрген жұрт шегін тартып, үрпиісе қалды. Енді ұрыс кезінен де бетер үрейленгендей. Бірақ қылыштарын жалаңдатып тұрған солдаттарды көріп, кейін жапырылды.

– Өлтірді ғой сорлыны! – деген әйелдің ащы даусы шықты.

Дала тағы да тына қалды. Ызалана соққан қалың жұрттың жүрегін теңіз толқып, қайық қалқып тыңдағандай, бар өлем көрген сұмдығынан шошып бұлқан-талқан болуға таяу.

– Мына едірейген мысық мұрттың ұрғанына өкінбеймін, – деді Абзал шал бетіндегі қанын сұртпей, – сары ала түймелі сұлтан ұрпағы, қаным бір қазағым едің, сенің араша түспегеніңе өкінемін.

Сөйдеді де Абзал ең ақырғы күшін жиғандай өздерінің келген жағына қарай аяғын ілби басып жүре берді. Жұрт тағы да соның соңынан ерді.

«Ел көзінше шалды бекер ұрды-ау мына есалаң жасауыл» деді ішінен Ожар, көп тебінсе – жер сілкінеді, қиянатты көзімен көрген жұртты басу қиын. Бүгін Сейтенін ұстасаң, ертең басқа біреуін табады. Ел болып бірігіп патшаға қарсы тұруға тек ата салты, ел дәстүрі бөгет болып жүрген жоқ па? Әр рудың, әр болыстың өз көсемі бар. Біріне-бірі көнбейді. Ал бөрінің басын қосатын көсем табылса не болмақ? Қазақ асау жылқы тәрізді, кім үйрете білсе, соны ғана ие тұтады. Сондай адамы табылса, мына жұрт соңынан шұбыра жөнелуге дайын...»

Бір арқанмен байлаулы тұрған Сейтен мен Ожардың тұсынан «қош, қос арыс!» деп шұбырған көштің ең соңғы шоғыры өте берді. Ожар тағы да ойлана қалды. Іштегі қуаныш сыртқа шығуға дайын тұр.

«Менің бұлай қолға түскенім дұрыс болды. Аз уақыттың қорлығы өлі-ақ ұмытылар. Ал қиянатымды білсе мына жұрт...».

Он шақты сыпай көшті айдап, Баянауыл жаққа кетті де, қалғандары байлаулы Сейтен мен Ожарды алып, Омбыға тіке тартты.

Бұлар үш күннен кейін, Баянауыл округінің Сібірмен шектес Төрткөл болысының жеріне жетті. Қаз-үйрегі сыңсыған, өлі де шалғыны құрап сембеген бір ауылға келіп түнемек болды. Бұл осы маңның ел ағасы Бектас баласы Таймастың аулы екен. Таймас ұзын бойлы, денелі ақ сары кісі. Қаржас руына жиен. Айдалып келе жатқан Сейтен мен Ожарды көріп, ауылдың құты қашып, әбігер болды да қалды. Түстері суық, қисық қылышты, шошайған мылтықты солдаттар ауыл үстінен ат ойнатып зорелерін ала түсті. Бойын қорқыныш билегенмен жұрт ебін тауып, Сейтенге келіп амандасып жатыр. Көптен бері ұйқы көрмегендігінен бе, Сейтеннің үлкен қоңыр көздерінде таусылмас қайғы-шер күлкілдеп тұр. Екі қолы артына мықтап байлаулы, үстіндегі ақ жібек мол көйлегінің жағасы дал-дал, өр жерінде баттия жабысқан қызыл қан... Қолға түскеннен кейін ұрған болулары керек, қомақты жұлынған омырауының ашық жерінен кеудесінің көк ала еті көрінеді.

Кешегі ел-жұртының қамын жеп ақ патшаға қарсы шыққан адамның бүгін мұндай сұмдыққа ұшырауы Таймастың жан сезімін өртеді. Оның мұндай күйге түсердей не жазығы бар екенін білгісі келді. «Барлық айыбы жұртына қамқор болғаны ма? Ақ патшаның тегеурініне көнгісі келмегені ме? Егер бар күнәсі сол болса онда мұндай мүсәпірлікке ұшырайтын жалғыз Сейтен ғана ма? Аң да, құс та өз інін, ұясын қорғайды. Адам неге өйтпеуі керек? Өз мекенін, өз жерін неге қорымасқа? Сондай бір әділ қылығың үшін де айыптысың ба? Жоқ, айыпты емессің».

Таймас Сейтенмен қанша сөйлескісі келсе де, реті түспеді. Тұтқынды қалт етпей, күзеткен сыпайлар жуытпады. Лебедев пен Шыңғыс екеуі ауыл төңірегіне де, Ожар мен Сейтен жатқан үйге де сақшы қойды. Өзге сыпайларын да алысқа ұзаттырмай, сол маңайдағы көрші-қоландардың күрке, лашықтарына орналастырды.

Түн жылы еді. Лебедев Таймасқа өз үйінің іргесіне төсек салып жатуға рұқсат етті.

Түн тастай қараңғы. Үстіңнен түйе жүн қалың көрпе жауып қойғандай тымырсық ыстық сезіледі. Қобалжи тынышталған ауыл мызғымас бір



өлік төрізді, тек анда-санда қаңтарып, суытып қойған сыпай аттарының пысқырғаны мен күзетшілердің еміс-еміс күбірі естіледі. Басын шырмаған алуан ой, қанды айқаста қолға түскен мынау Сейтен мен Ожардың аянышты халдары мазалап, Таймас көз ілмей дөңбекшумен болды.

Кенет құлағына бір күйзелген, күңіренген қоңыр дауыс келді. Таймас тыңдай қалып еді, бұл – «Елім-ай» әуенімен зар-өлең айтып жатқан Сейтен екенін білді. Таймас тына қалды. Енді Сейтен салған ән сөздері айқын естілді.

Қош аман бол, кең жайлау, өскен жерім,  
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.  
Есіл қазақ есейіп ел бола алмай,  
Ит пен құсқа таланып өшкен жерім, –

деп күңіренеді ол.

Сейтен тағы да айтпақшы еді, Ожардың сәл ашулы даусы оны бөліп жіберді.

– Сейтеке, ішке сыймай бара жатыр ма күйігіңіз?..

Сейтен қолға түсер сәтте көзі кермесе де, даусын шырамытып, езін байлағандардың бірі Ожар деп ұққан. Бірақ оның да мұндай күйге түсіп, езіменен бірге айдалынып келе жатқанына таң қалып ол ойынан қайтқан. «Япырмау, бұған даусы ұқсас кім болды екен!» деп басы қатқан. Өйткенмен күпті көңіл ырық бермеді, сөз тартып сыр ашқысы келді. Енді ол алыстан орағытып сөзге кіріскен:

– Ожар, айтылмаған өкпе – іште жатқан Ескендірдің қос мүйізімен тең...

– Шер тарқатар уақыт болар өлі.

– Уақытымның бітуге айналғанын біле тұра, кекетесің ғой, – деп Сейтен сәл ашулана күліп ақырын ғана күрсінді де сөйлеп кетті. – Боз торғайдай кішкентай болғанмен биік ұшар халқым бар еді, сол сорлыны бір құзғын іліп кетпесін деп, ана жылы жалғыз бауырым Тайжан ақ патшаға қарсы жасақ құрғанда сен де келіп қосылып едің...

Ожар жауап қайырмады. Тайжанның да қолға түсуіне Ожардың себепкер екенін Сейтен білмейтін. Сондықтан «Жазықсыз болса ренжітпейін» деп ақтарыла сөйледі.

– Жұртың үшін жан пида ете аларыңа сол кезде көзім жеткен төрізді еді. Құмбелдегі ауылдан бастап, көрлі қылыштың қаһарынан талай елді аман алып қалдыңдар. Есіңде ме, жау әскері сендерді Қаражал бұйратын-

дағы жылғаға қуып тыққаны? Сендер онда Саржан төлеңгіттерін арғы бетке шығарып келе жатқан едіңдер. Сен жүздігіңмен көрлі қылышты екі күндей бөгеген болатынсың.

Сейтен сонау бір алыс күнді есіне түсіргендей тағы ақырын күрсінді.

– Басар жерің көк мұзға айналып, қатын біткен Баян тауының өрлеуіне киіз төсеген. Сол жолы екі жүздей шаңырақты қорғап қалдыңдар... Өттең, дүние-ай, қияңқы қыс қаһарлы келіп, баспанасыз жалаң жұрт сол жұт жылы ажал тапты...

Ожарда әлі үн жоқ. Сейтеннің шаршап-шалдыққан даусы енді тіпті анық естілген:

– Сол жолы еді ғой, Тайжан қолға түсіп елім жазасына бұйырылғаны... Сені де сыпайлар ұстап алатын еді, ауылдың елуге таяу қыршын жасын жолыңа құрбан етіп мен араша түстім... Аман алып қалдық. Көрі тарлан қанша шабады, бізден соң жұртты сен төрізді жастар басқарады деп сенетін едім. Сондықтан да о жолы өзіңді көзіміздің қарашығындай сақтап қалдық емес пе? – Сейтен сәл бөгелді де, Ожардың жауап қайтармағанына қарамай тағы сөйлеп кетті:

– Сен жас едің. Бірақ асыл тастан, ақыл жастан, жұрт білмегенді сен білетінсің. Бүкіл Қаржас елу күн ертегі етіп бітіре алмас жәйтті, сен бір түнде айтып бере алатынсың. Бұрын ділмөр едің. Қазір көшпелі елдің тұмшалаған бұзауындай үндемейтін болыпсың... Өлсем шайт, өлтірсе қазы деген жанмын. Мойнымда шын қазақтың бір тамшы қаны жоқ. Өз қолыңнан ажал тапсам, өкінбеймін, арым таза. Ал сенің ше?

Ожар аунап түсіп еріне жауап берген:

– Менің де...

Сейтен үзіліп қалған ойына қайта оралды.

– Иә, сол жолы мен тірі қалдым. Бірақ одан не таптым? Жалғыз бауырымнан айырылдым. Ел-жұртымды талан-тараж еткіздім. Бар ұтқаным сол ма? Міне, соңымнан ерген жұрт қалған жоқ па тағы тотып?

Ожардың шапшаң қимылмен түрегеліп отырғанын Таймас байқап қалды.

– Көрмес түйені де көрмес, – деген оның сәл ренжіген даусын естіді: – бар қазақты өзіңе балама... Сен ақ патшаға қарсы шыққанмен, оны құшағын жайып қарсы алғандар аз ба? Олардың ұпайы түгел. Ау, сен не айтып отырсың?

– Есітіп жатқан жоқсың ба? – Ожар кекете күлді, – әлін білмеген өлек деген... Айтшы көне, қолыңнан не келді?

Таймас қалшия тыңдап қалған. «Япырмау, мына Ожар не дейді? Жүрек соғысы бөлек пе, қалай?»

Сейтен кенет күңірене үн қатты:

Жүрегім бір сұмдықты сезіп еді... Қателеспеген екенмін ғой...

Тағы да екеуі үн-түнсіз тына қалды. Енді сөздері бітті ғой деп Таймас жастыққа басын қайта қоя бергенде, Ожардың ашулы даусы шықты:

– Қазір жер қорғайтын заман емес, жан қорғайтын заман... Тағы құландай ру-ру боп жалпақ даласында шұбырған қалың қазақ ту тігіп ел болудан қалған. Осыны неге түсінбейсіңдер.

– Ел болуды ақ патша жендеттерінен үйренбексің ғой? – деген Сейтеннің ызалы күлкісі ап-айқын жетті.

– Үйренсе несі бар? Үйренем! Сен үйренбеймін десең де, ол күшпен үйретеді.

– Үйрен, үйрен... – деді Сейтен кекесін үнмен. – Сен секілділер барда оларға үйрету жеңілге түседі. – Ол енді күлкісін тыя қойды. – Жоқ, Ожар, оның болмайды, – деді, – сен құлан дейтін, мен қыран дейтін, екеумізге бірдей ортақ қазақ деген жұртың бар... Қарға баласын аппағым деп сүйеді, кірпі баласын жұмсағым деп сүйеді. Сен қазағыңды неге жек көресің? Ал мен...

– Иә, сен? Айт, айт...

– Мен оны халқым деп ардақтаймын. Сондықтан ол үшін ажалдан да қорықпаймын, – деді Сейтен сөзін жалғай, – Ата-ананы таңдауға болмайды, туған халқыңды да таңдай алмайсың! Оны өлжуаз де, тағы де, бірақ маңдайымызға жазылғаны сол халық, мен оны сен айт; қан өлжуаз қалпында да жақсы көрем. Кімде-кім сол қазақ деген қыранды қанатын кесіп, жем-құсына айналдырғысы келсе, ол менің қас жауым, туған балам болса да аш тамағынан ала түсіп, өз қолыммен бауыздауға бармын.

Ожар тағы да кекете сұраған:

– Онда мені неге бауыздамадың?

Сейтен кенет демі таусылғандай әлсіз жауап берген:

– Өттең, дүние, кеш білдім ғой!

– Жеңілген адам құсалы болатын өдеті. Өкіне бер, Сейтен. Бұл түнде екеумізден бөтен сөзімізді естір жан жоқ, сондықтан анығын біліп өт. Мен сендер секілді тұлыпқа мәңіреп бос жүрген жан емеспін...

– Иә, енді түсіндім, мені байлап берген де езің едің ғой...

Екеуі ұзақ уақыт үндемей қалды. Өлден кейін Сейтен:

– Адамға мың жасаса да аз болатын шығар, өйткені адам баласында арман көп қой... – деп аунап түсті: – Ал мен ұзақ өмір сұрамаймын. Шіркін-ай, бір сәттік қана еркіндік берсе!..

– Мені өлтіру үшін бе?

– Иә, сені. Елін, жерін, бауырлас туғандарын сатқан сен секілді қан ішерді өз қолыммен бауыздасам бұл жалғаннан армансыз өтер едім!

– Бірақ ол арманыңның орындалмайтынын өзің де білесің ғой, несіне таусыласың?

– Бар өкініштің өзі сонда ғой! Өттең, дүние-ай, сенің бізді ұстап бергеніңді бір қазақ білсе!..

– Үмітіңді үзе бер. Қараңғы түнге тіл бітпесе, менің сырым өзіммен бірге көріме кетер!..

Жоқ. Ожардың сыры ашылмай қалған жоқ. Оны күтпеген жерден Таймас естіді...

Таймас заты сабырлы жан. Сол түні қабыл-құбыл қимылдап Ожардан кек алуды жөн көрмеді. Қаптаған солдат тұрғанда өзінің орынсыз мерт болатынын да ойлады. Және жұртын тағы да бір қанды уақиғаға душар еткізермін деп қорықты. Бірақ Ожардың сонау жан түршігер қылығы, бұның да шыңырау түбінде мүлгіп жатқан ұйқылы-оюу сезімін оятты. Тыныш көңілін өлем-тапырық етті. Сейтен тәрізді ел-жұртының тілегін арман еткен аяулы жанның тағдырын есінен шығармасқа өзіне өзі ант берді.

Таң ата көп сыпайлар Сейтен мен Ожарды бірге матап тағы да жолға шықты. Ожардың Сейтенмен неге бірге байланып бара жатқанын Таймас өбден ұқса да, түндегі өңгімені естімеген пішін көрсетіп, екеуіне бірдей:

– Қош болыңдар! – деп, теріс бұрылып кетті. Анандай жерге барып көзінен танадай боп домалап-домалап кеткен жасты жеңімен сүртті.

Бұл Сейтенмен жау көзінше ашық қоштаса алмаған достың көкірегіндегі ыза жасы еді. Таймас осы жасын өле-өлгенінше жүрегінде кек етіп сақтамақ.

## II

Шағын келген Елек өзені жыландай сумаң қағып тынбай ағып жатыр... Осы өзеннің сонар басына, Қандыағаш тұсына қаптаған қалың көш келіп қонды. Бұл Тіленші баласы Жоламан батыр бастаған Табын руының көші еді. Қатарлас қонғандар Жағалбайлы, Шөмекей, Шекті ауылдары...

Жоламан көші Сейтен көшіне мүлде ұқсамайды. Кигіз үйден бөтен, шоқшита тігілген қараша лашықтар мен ақ шатырлар көрінеді. Малдың дені түйе мен қой. Үйір-үйір жылқы да бар. Бұлардың да кейпі өзгеше. Алысқа талмай шабатын сүмбіл жалды қазақтың мықты жылқысымен аралас қаз мойын, сидаң аяқты, көтеріңкі кеуделі түрікменнің ақалтеке, текежаумыт тұқымдастары да көзге түседі. Көштің, малдың да сәні түйе...

Адамдарының киімдері де Арқа өңірінікінен басқаша...

Қалың ел бұл араға кеше кешке таман келіп қонған, Түйенің қомын алып, қос шатырлар тігіп екі-үш күн тынығуды ұйғарған...

Бұл көш те жайшылықтағыдай серуенді көш емес, дүрліккен, үрейленген, ата-мекен кең жайлауынан босқан көш. Ойдым-ойдым болып қонған ауылдардың етек-жеңі жинақты. Бұларды кешірген жаяу борсаң, жеңіл желкем дау-шар емес, бүкіл Жайық пен Елек, Жем бойын дүрліктірген, елге келген зор апат. Ер азаматтары жау басар жүйріктерінің ер-тоқымын алмай түнде қос маңайында оттатып отыр. Өлі жауға түспеген жігіттері де бейқам болмайық дегендей әлсін-әлсін күнбатыс жаққа көздерін тігіп, семсерлерін қыса ұстап қояды. Ал кейбір жүрек жұтқан батырлары күрке, лашықтардың қасында жіңішке найзағай меңзелдес көгілдір құрыш алдаспандарын қамсыз қайрауда... Жас балаларда да рең жоқ...

Расында, бұл ауылдар сонау күнбатыс жақтан хабар күтіп тыпыршуда еді. Сондықтан ер азаматтар құбыла жаққа жиі қарайды. Өсіресе ана төбе үстіне жиналған қарттардың ішіндегі қапсағай денелі, қара сақалды, орта жасқа келіп қалған тұлғалы кісі дегбірсіз отыр. Құбыла жаққа қадалып қалған. Оның үстінде темір торлы шолақ сауыт. Басында темір тор далбағай. Сауытының жеңі шынтағына ғана жетеді. Білегін ішіне киген көк барқыт пешпентінің жеңі жауып тұр. Оюланған көк барқыт кең балақ шалбар. Аяғында күмістеген кең қонышты саптама етік. Сауытын ышқырланып алған. Күміс белбеуінде жез сағалы, қынына алтын жалатқан көк семсер. Сол қолының шынтағына ілген болат қалқан...

Бұл – осы көптің қолбасшысы. Табын руының биі, мың жылқы айдаған сұлтан Тіленші ұлы Жоламан батыр еді.

Ол кенет қиядан қызыл түлкі көрген бүркіттей, оқыс қимылмен алға ұмтылып барып тоқтады. Ағына сәл қызғылт қан тараған үлкен қырағы көздерін көкжиекке қадап тырп етпей мелшиді де қалды. Өзге жұрт та солай қарай көз жіберді. Енді олар да Батыс жақтағы ақ шаңдақты көрді. Өрі-беріден кейін соңынан шаңға көме сызылта шауып келе жатқан салт аттыны бөрінің де көзі шалды.

Бұл кезде алтын сәулесін адыр, төбенің басында жамыратып күн де батып кеткен еді. Өйелдер шақпақ қудан от тұтатып қазан көтере бастаған. Көштің әр жеріне көк түтін көлбей ұшып, жұрттың көбі кешкі жабдыққа кіріскен.

Төбедегі шағын топтың көзіне түскен салт аттыны енді бар ауыл көрді. Барлық назар шаң шыққан жаққа ауды.

Көбінің жүзінде үміт нұры ойнап шыға келген. Кей көңілде күмән де бар. Өр тұстан үміт, жорамал аралас дауыстар естіле бастаған:

- О Құдай, жақсылыққа болса игеді!
- Ақсарбас, ақсарбас!
- Тым күрт келе жатыр-ау!
- Артынан жау қуғандай!..

Астындағы сүліктей жараған қылаң бедеуі қара терге малынған кісі Жоламандар тұрған төбенің етегіне келіп тоқтады. Алыстан шапқан жүйрік екі бүйірі солқылдап, оқтын-оқтын дем шығарып, екі танауы желп-желп етеді. Үстінен шыққан ақ таңдақ көбік жерге үлпілдеп, үзіліп-үзіліп түседі. Ат үстіндегі қара торы, жас қайындай берік, шымыр денелі жігіт екі иінінен демін алады...

– Жарқыным-ау, жақсылық па, жамандық па? – деп Жоламан елегізе таяды.

– Жамандық, көке, жамандық! – деді жігіт тілі күрмеле өзгер сөйлеп. – Бізді қуып Орынбордан қалың әскер шығыпты!

- О, тоба...
- Не қылмайсың дейді сонда бізге?
- Қай тұста екен шыққан қол?

Жоламан түнеріп кетті.

– Біздің хатымыздан не хабар бар?

– Өзір еш хабар жоқ.

– Тағы да баяғы әдеттеріне басқан екен ғой, – деп Жоламан жас жігітке қарады... Ол әлгіндегідей емес, ішкі ахуалын сабырға жеңдіргендей:

– Жә, енді атыңнан түс, шаңыңды қақ, – деді, – сосын бәрін тәптештеп айтып берерсің. – Жоламан жанындағы ақсақалдарға бұрылды. Сірә, бұлар ел бастаған ақылгөй, ізетті адамдары болуы керек. – Суық хабар сұрқымызды қашырап әлей болмай тұра тұрсын, – деді ол. Енді оның үні шиыршық атқан қажырлы шықты, – кеңескен жөн.

– Иә, мұндайда иек артпа жол табар ақыл керек.

– Ана, Шекті, Жағалбайлы, Шөмекейлердің де жақсыларын шақырған абзал.

– Дұрыс лебіз.

– Көппен кеңесіп шешкен тон келте болмас.

– Қайрат, Қанат, сендер ана Мұқаметәлі, Тайман, Жүсіпқали ақсақалдарға хабар беріңдер, Жетіқарақшы шөміштеңе осы арада табысайық.

– Мақұл...

Жоламан хабаршы жігітке:

– Байтабын, әжеңнің көзіне көрін де менің қасыма қайтып кел. Өкелген хабарыңның мән-жәйін тегіс айтып берерсің, – деді.

– Жарайды.

Жоламан жалғыз қалды. Ымырт жабылып түн қараңғысы қоюлана түсті. Алыстағы көкжиек үстінен алабұртып табақтай боп қызыл жалқын ай көрінді. Жоламанның ішін өртеп бара жатқан қып-қызыл ашу шоғындай. Сұмдық хабар, ел басына төнгелі тұрған бүліншілік төмен тұқыртып жіберген Жоламан енді еңсесін басқан салмақты кейін серпіп тастағысы келгендей кенет бойын жинап алды.

– Ереуіл атқа тағы да ер салатын күн туды, – деді күйіне дауыстап, – халық кегіне суарылған ақ семсер жүзі мұқалмай, бетімнен қайтпаспын.

Жоламан батырдың бұлайша серт беруінің ерекше себебі бар. Табын – аса бай ру емес. Көп жылдан қонар көлі де, ұшар көгі де Електің Ақ Жайыққа құяр сағасынан бастап, Рын құмы мен Үшөзеннің малға жайлы, бидайықты, бозды шалқар жағасы болатын. Бұл ара ежелден-ақ қазақ жері саналатын. Россия патшасының ана жылдардағы рұқсаты бойынша Кіші жүз Жайықтың арғы бетінде де мал жайып, шөп шабуға ерікті еді. Ал 1810 жылдан бері қарай бұл жай бұзылып, патша үкіметінің отаршылық саясаты Табын руының ежелгі мекені осы Елек бойына да қол сұғуға кіріскен. Елек сорындағы тұзды Россияға жеткізетін жана жол салудан басталған өрекет Жаңа Елек пен Орынбордың арасына жиырма тоғыз бекініс орнатуға дейін барды. Бірте-бірте Үшөзеннің бойы мен Рын құмының жағалығы да казак-орыстарға берілді. Бұл араларға бекіністер, қалашықтар салынып, Табын руы біртіндеп өзінің сегіз мың шаршы шақырымдай ең оңды мал жаятын жерінен айырылды. Міне, осы оқиғалар Жоламан батырдың атқа қонып қалың Табынды соңынан ертуіне себеп болды. Жоламан ең алдымен патша өкіметінен жерін қан төгіспей тату-төтті келісіммен алуға ниеттенді. Осы үмітпен ол 1822, яғни Жылқы жылы Орынбордың өскери губернаторы Эссенге ата-мекенімізді қайтарып бер деп хат жазды. Бұған еш жауап келмеді. Эссен жауап орнына қазақтарды құмға қарай сырғыта түсу үшін есаул Падуровты бас етіп арнаулы жасақ шығарды.

Азғантай адаммен аттанған Падуров қолға түсті...

Бір жыл өткеннен кейін Жоламан Эссенге тағы хат жазды, өзінің ата-мекен жері жайындағы өтінішін айта келіп, Өрінғазы мен Жүсіпті, Орынбор түрмесінде жатқан Құндақ баласы Төленбайды қоя берсе, есаул Падуровты босататынын білдірді. Бұл хат та жауапсыз қалды. Бір ай өткеннен кейін әбден күйінген Жоламан Эссенге үшінші хатын жолдады... Өскери губернатор бұл жолы да жөнді жауап бермеді, тек қолындағы тұтқындардың төлеуі деп үш жүз жиырма жеті сом ақша жіберді «және бұдан былай қарай арамыздағы келіссөз Серғазы хан арқылы жүргізілсін» деді сол сүлесөк қалпында.

Бұл қорлыққа шыдай алмаған Жоламан ақырында атқа қонды. Соңнан сарбаздарын ертіп, үш жыл бойы Елек маңайына салынған бекіністер мен жаңа орнап жатқан қалаларды шабуылдаумен болды.

Бұған жауап ретінде патша үкіметі жасақ үстіне жасақ шығарды. Оқ-дәрілі мылтық пен көк құрыш қылышқа шыдай алмай Жоламан әскері сан жеңілді. Бірақ туған жердің кең даласы қорған болған жігіттер қашанда көп шығынға ұшырамай құтылып кете берді...

Жоламан батырдың бағанадан бері ойын шырмаған осылар. Өзі қатты сасқан күйде... «Жоқ, бір жолын табу іс-ақ. Таппасқа болмайды. Өйткені соңымнан ерген мынау қалың Табынның тағдыры үшін менен басқа кім жауап бермек? Жөн сілтей алмайды екем, о баста-ақ жұртты жел көтерген толқындай ұйқы-тұйқы етпеуім керек еді».

Жоламан әрі ойлап, бері ойлап бір шешімге келді... «Көп қорқытады, терең батырады». Бар қазақтың басының бірлігі бізге қорған бола алады. Бірақ ол оңайға түсе ме? Қазақ сонда кімнің соңынан ереді? Елге тұтқа бастысы кім? Абылайдың туын көтеріп жиырма жылдан бері Сібір губернаторымен, Қоңырқұлжа, Зілқара аға сұлтандармен алысқанда, Қасым төре, Есенкелді, Саржанның соңдарынан бар ерте алғандары Алтын, Тоқа, Уақ, Алтай руларының ауылдары ғана! Ал менің соңымнан ерген Табыннан басқа кім бар? Бар қазақтан жұртқа тұлға болар бір батыр ұл шықпағаны ма? Неге батыр ұл? Ақылгөй шешен болса да жетпей ме? Жоқ, қазақ құр ділмарға ермейді. Батырлықты сүйер жауынгер халық ел басқарар ақылдылығы мен жау түсірер ерлігі болмаса, басын имейді. Алты алашқа аян ондай кім бар? Осындай бір ұл табылса, намыс дегенді былай қоя тұрып, өзі де оның қол астына кіруден тартынбас еді.

Алдында қол бастаған әкесі мен ағалары болғандықтан Кенесарының бұл тұста бөлендей аты шыға қоймаған. Қазақта ол кезде не көп батыр көп, Кенесарының кейбір ерлігі ағалары айбарының тасасында қала беретін. Сондықтан Жоламан оған тоқтамады...

Дәл осы сәтте оның жанына Байтабын келді. Бай табын үлкен апасынан туған Кіші жүздің Есентемір руындағы жалғыз жиені еді. Жанындай жақсы көретін. Өйтсе де ел қамын ойлаған Жоламан, қиын-қыстау қатерлі нар төуекел іске көбінесе Байтабынды жұмсайтын. Өйткені Байтабын шексіз батыр, епті, айлакер, Тапсырған істі тап-тұйнақтай етіп орындап қайтады. Бірақ өзгеге сыр бермегенмен, Жоламан да Байтабын оралғанша жанын қоярға жер таппайтын... Бүгін де осындай халде еді. Байтабынды көрісімен көңілі көтеріліп қуанып қалған. Міне, енді жанына келген жиенін маңдайынан иіскеді.



– Сен оралғанша мылтықтың аузында тұрғандай болдым ғой.

Жауынгер болып қалған жас жігіт нағашысының әлі де мұны бала көріп маңдайынан иіскегенінен қысылып:

– Түү, көке-ай... – деді күлімсірей қызарып.

Жоламан бойын тез жинап алды.

– Шыққан әскер көп пе екен?

– Екі топ. Бірі – жүзге таман көрі қылыш. Елек бойымен жоғары көтеріліп келеді. Бәрінің мойынында бір-бір карабин мылтық. Басқарып келе жатқан қоржынды Қара Бураның өзі.

Қазақ ат қоюға қандай шебер. Адамның бойындағы бір жақсылығын, не кемістігін тауып алады да соған сәйкес не мазақтайтын, не кекесін, немесе мадақтайтын бір ат таба қояды. Байтабынның қоржынды Қара Бура деп тұрғаны хорунжий Карпов. Бұл өзі зор денелі, кеуде, білектерін жүн басқан ашушаң қара кісі. Әрине бұған Қара Бура деген ат дұрыс келеді. Ал қоржынды деген сөздің хорунжийден шыққанын қазақ өлдеқашан ұмытқан. Сондықтан қоржын артып жүрмейтін Қара Бураны неге қоржынды дейтіндерін өздері де білмейді... Карабин мылтықтың оқтауы жылдам болмағанмен, ол кездегі ең мықты қару. Жоламан сарбаздарында бұл мылтық атымен жоқ. Жігіттердің қолында сойыл шоқпар, садақ. Тек кейбіреулерінде ғана хиуа шеберлері істеген ұзын мойын білтелі мылтық. Сондықтан сарбаздардың жаумен қоян қолтық келгенше ең көп пайдаланатындары садақ. Ер басына ілген өрнекті кигіз жарғақ қорамсаларда бірнеше жебелер қатар тізілген. Сап жағы ғана көрінеді. Бас жағы төменде. Олардың кейбіреулерінің ұштары жылан уымен немесе аусыл болған сиырдың сілекейімен суарылған. Қолмен ұстауға болмайды. Бұл жебелер тиген жаудың тірі қалуы екі талай. Ежелден садақ тартып үйренген қазақ, осы атамзаманғы қарумен де зеңбірек пен карабинға қарсы шығуына қарағанда тәуелсіздік арманы ажалдан күшті болғаны да, әйтпесе...

Жоламан алдағы айқастың қаншалық қиынға түсетінін күні бұрын аңдап тұр. Ол беліндегі Қорасанда жасалған көк семсерін сәл қозғап қойды да:

– Зеңбіректері бар ма екен? – деді.

– Жоқ, онысы жоқ.

– Мұнысы жақсы екен.

– Бірақ, күкірт оқ-дәрісі көп деседі. Өзім көре алмадым. Көрген жігіттер қос ат жегілген артқы арбада қара кигізге оралған бір күбі оқ-дәрі бар дегенді айтады.

– Бұны да еске алған жөн. Білтелі мылтықты бір сарбазға тапсырармыз. Атары тек сол қара кигізді арба болсын. – Жоламан кенет бірдеме есіне

түскендей Байтабынға бұрыла қарады. – Өлгі ақ көз Жебірейілі мен маңқа Өлексалдысы көзге түспеді ме?

Жоламанның ақ көз Жебірейіл, маңқа Өлексалды деп тұрғаны Елек бойындағы бекеттердің Гаврилло, Александр деген урядниктері. Ашуланғанда көзі ағарып кететін Гаврилло мен мұрнынан мыңқылдап сөйлейтін Александр, Елек бойының қазақтары арасында белгілі қан ішер, тас мінез қатал урядниктер... Жоламан оларды сондықтан да сұрап тұр.

– Екеуі де Серғазы ханның жасақтарымен бірге. Бұлар да жүзге таман кісі. Он шақты іштесерлері бар, өзгелерінде қисық қылыш, болат ұшты найза. Бұлар бізге Үшөзен тоқырауынан кеп тимек.

– Амалдары айқын. Қышқаштай екі бүйірден алмақ қой.

– Солай төрізді.

– Дегендері болса игі ед-ті!.. – Жоламан кенет Байтабынға тесіле қарады, – Ақбөкенді көре алдың ба?

Тегеурінді жігіт бұл сұрақтан иығын қара тас басқандай, әп-сәтте жүдей қалды.

– Жж-жоқ...

Ақбөкен Табын руының бір момын адамының жалғыз қызы. Бесіктен шықпай жатып нағашысы Жоламан оны Байтабынға айттырған-ды. Өзі аққудың көгілдіріндей әдемі болып өсті. Мал баққан ата-ананың осы жалғызына бір үлкен аста Серғазы ханның көзі түседі. Аста бәйгеден келген Табын руының аты шулы қара көк ақалтекесінен көрі, ханды осы атқа шапқан сегіз жасар бүлдіршіндей ерке-шора қыз таң қалдырады. Қыздың бой тұлғасы өзгеше еді. Анау-мынау бала жігіттер шыдай алмайтын алыс ат жарысына сегіз жасар Ақбөкен шыдады. Қыз тани білетін Серғазының қырағы көзі осы сұлу пішінді балдырған жасты бірден шалады. Түбі осы қыздан бір ғажайып көрікті, не өнері асқан әйел шығатынын айтпай ұғады. Содан кейін барып... ас бітпей хан Ақбөкеннің әкесіне өзін төлеңгіт етіп алатынын білдіріп «біздің ауылға көш» деді. Хан өмірі екі болған ба, үш-төрт күннен кейін момын Жантемір Серғазы ауылына көшті. Ханға төлеңгіт болған адамның өз бетімен қыз беріп, қыз алуға құқы жоқ. Бәрін хан шешеді...

Бұл уақиға бір тайпы елдің биі, сұлтаны Жоламанға қатты батқан. Өр көңілді батыр, намысқа шауып өте қорланған. Бірақ амал не, іш қазандай қайнағанмен, ер намысынан көрі ел намысын жоқтар заманда ханға қол жинап қарсы шыға алмады. Өйткенмен іштегі ыза өшпейтін кекке айналған. Жоламан батырдың Серғазы ханға өте-мөте өшігуінің де бір себебі осы еді...

Жетіқарақшы шөміштеңе, жұрт қорғаны ақсақалдар да жиналды. Бөрі дөң басында дөңгелене отырып кеңеске кірісті. Жоламан бар жайды ай-

тып беріп, ақыл сұрады. Бие сауымындай кеңесіп үлкендер қауымының шешкені мынау болды: Табын көшіне енді бұл арада қалуға болмайды, бала-шағаны қырып алмас үшін, тоқ етер шешімге келгенше қалың ел осыдан күншілік жердегі Мұғажар тауының батыс саласындағы ну жыңғылға көшіп, өзiрге бой тасалай тұрғаны жөн. Қазір найза ұстаған мың сарбаз бар. Бес жүзін саралап алып жауды осы арада қарсы алу керек. Ал қалған бес жүзі – заман қандай, заң қандай, – жау жасағы торып алдарынан шығар болса, төтеп беру үшін көшпен бірге аттануға тиіс. Жоламан ойынша солдаттар осы араға тан ата жетуге тиісті. Мүмкін ат ауыстырып отырса түнделетіп те келіп қалулары ғажап емес. Сондықтан көш қозғалысымен жауды жаңылдыру үшін, он шақты жігіт әр жерге көптеген от жағып, ауыл өзiр қозғала қоймағанын аңғартар жалған көрiнiс жасауға осы арада қалғаны дұрыс...

Осындай шешімге келген ақсақалдар өздерінің көштеріне қарай беттеді. Жоламан мен Байтабын жігіттерін бөлуге кірісті...

Көп кешікпей, күнгеі жақтағы белесті бауырлай ай астынан бір топ салт атты көрiндi. Найза, сойылдарын көлденең ұстаған. Бұл Табын руының салты. Өздерінің арғы бетке қойған ертәуіл жігіттері екен. Олар орталарындағы біреулерді қоршай шауып келеді. Өне-міне дегенше түнгі даланы қақ жарып батырлар тұрған төбеге жетіп қалды. Иә, бұлардың қоршап келе жатқандары үш салт атты. Түрлері де анық көріне бастады. Біреуі қыз төрізді. Ал қалған екеуінің киімдері тіпті өзгеше. Жайық қазақтарының киіміне ұқсамайды. Аласа төбелі екі елідей-ақ тері ұстаған бөрік, үстерінде мұжықтардың киетiндерi төрізді тоқыма қара шекпен. Аяқтарында мәсі ме, әлде жіңішке қоныш етік пе, айырып болмайды. Кім болса да жат адамдар, үшеуінің де қару-жарағы жоқ. Аттары да әбден болдырған. Тек жан-жағындағы жігіттердің сүйемелдеуінің арқасында ғана келе жатқан төрізді. Шапты деген құр атағы. Төбе етегіне жетер-жетпестен, дәл бір салы суға кеткен адамдардай, бастарын жерге салбыратып, төрт тағандап тұра қалды. Гүрс етіп құлап түсуі де ғажап емес.

Ертәуілдер бастығы алып келгендерінің кім екенін түсіндіргенше Байтабын:

– Япырмау, мынау Ақбөкен емес пе, – деп дауыстап жіберді.

Қыз да таныды.

– Байтабынсың ба? – Ол енді өзгелерге иіле сәлем берді, – Армысыздар, ағалар?

Жоламан жауап қайтарды.

– Барсың ба, қарағым.

Расында да, бұл Ақбөкен еді. Ақбөкен десе ақбөкендей әдемі екен! Ат жақтылау келген ақшыл жүзінде ай сәулесі ойнап, тостағандай мөлдіреген бота көздері түпсіз тұңғық қара судай тұна қалған...

– Қарағым, жол болсын, – деді Жоламан.

– Қол бастаған кемеңгер аға, – деді Ақбөкен тағы да басын иіп, – біз бір қара құзғыннан шошып ұясын тастап ұшқан әлсіз көгершін...

– Жігіттер, аруды аттан түсіріңдер! – деп Жоламан өмір берді.

Байтабын өзі барып, қазақтың көне салты ғұрпымен, Ақбөкенді ат үстінен жас баладай етіп бір қолымен мықынынан ұстап, бір қолымен шалбарлы қара санына тигізер-тигізбес етіп көтеріп лып еткізіп жерге қойды.

Ақбөкеннің шашының кереметтігін жұрт енді көрді. Нағыз қара толқын тәрізді төгіліп жерге тиіп жатыр...

Жанындағы серіктері патша қысымдарынан қашқан Өшірап, Дәулетші деген башқұрт жігіттері екен. Серғазының төлеңгіт аулында бас паналап жүреді...

Жоламан ауыр күрсінді. Енді ол қатар тұрған дембелше, мығым башқұрт жігіттеріне бұрылды.

– Сендер енді қайда бармақсыңдар? – деді.

– Егер алсаңыз, сіздің сарбаздарыңыздың қатарында қалғымыз келеді, – деді қазақ тілін өбден біліп алған ақ сары Өшірап.

Жоламан екі жігіттің бетіне сынай қарады.

– Қолдарыңнан не келеді?

– Құрыш табылса зеңбірек құя аламыз, – деді бағанадан бері үндемей тұрған қалың қабақты қара торы Дәулетші, – кенді топырақтан қорғасын қорытып оқ та жасай аламыз.

– Рас айтасыңдар ма?

– Рас болғанда қандай! Бұрын екеуміз де Оралдағы Дмитриевтің қару-жарақ зауытында жұмыс істегенбіз.

– Жақсы, – деді Жоламан ойын ашып айтпай, – өзірге біздің көшпен бірге болыңдар. Өзге жағдайды соңынан сөйлесерміз, – бір жігітке бұрылып, – жігіттер, ана тұсаулы аттарды алып, мыналарды біздің ауылдың көшіне жеткізіп сал, – деді. Енді ол Ақбөкенге көз тастады, – қарағым, сен де өзірге біздің үйде бола тұр.

– Мақұл, аға.

Байтабын сәл қозғалып:

– Көке, бұл кісілерді мен апарып келейін, – деді.

– Болады. Бірақ тез орал.

– Құп.

Байтабын қайтып келгеннен кейін Жоламан сарбаздарының қалғанын ертіп, алдыңғы жақтарында сұлай созылған белестің үстіне шығып бекінді...

– Сұңқарларым, – деді Жоламан бір тізерлеп отырып, – іштегі болмашы жара дертке айналған заман болды ғой. Қара бастың қамын жесек, дәулетім де, шен-шекпенім де бар, бір бүйірге жантая кетер едім. Өйткенде жерінен, елдік деген атынан айырғалы тұрған қыруар Табынның қамын кім жейді? Сол Табын деп атқа қондық, сол Табын деп жан қиярмыз. Кеше Хиуа ханына сатылып хан деген атаққа ие болып, бүгін таулы жердің қу түлкісіндей ақ патшаға құйрығын жылмаңдатып астына кіріп отырған Серғазы иттің жігіттері мен Эссен жанаралдың солдаттарына кездескелі тұрмыз. Дауды ақыл жеңеді, жауды батыл жеңеді.

– Сөз бар ма! – деп, жігіттер қозғалып қойды.

– Мылтық даусы зор болса да бір-ақ адамға тиеді. Бұл зеңбірек емес. Ал келе жатқан қолдың зеңбірегі жоқ көрінеді.

– Онысы дұрыс болған екен.

– Карабин мен іштесердің оқталуының өзі бір қауым уақыт. Ал садақ дегеніңіз...

– Уа, бұл шіркіннің несін айтасың! Тек тарта біл.

– Екі туып бір қалмақ жоқ, мылтықтың даусынан құттарың қашпасын, жауға садақпен қан жұтқызып алайық та, содан кейін найза, сойылға жол берейік. Өздерің көріп тұрсыңдар, олар тек бізге жазық жермен ғана келе алады. Ең мықтағанда ши түптерін қалқан етеді. Садақ оғы әбден мазасын алған кезде, мен ақ орамалымды найза басына көтерермін. Сонда бөрің бірдей атқа қоныңдар.

– Құп, батыр.

– Ал енді орындарыңа барыңдар. Анау ақ тастан бастап, мына шоқ тобылғыға дейін біріңнен бірін алыстамай қатарласа жатыңдар. Төңірі жар болсын!..

Жігіттер орындарына жете бергенде, Жоламанның құлағы тағы бір дүбірді шалып қалды. Ынтыға тыңдап еді, ат дүбірі алыстап бара жатқан секілді. Және екі жақтан шыққан төрізді ме, қалай. Бірі алдыңғы тұсынан, ал екіншісі солтүстіктен...

Расында да, Жоламан қателескен жоқ-тын. Бағана көш көзден жоғалған кезде, Карпов пен Серғазы жасақтарының ертөуілдері де жеткен. Олар ойпатта жылтыраған көп отты көрді. Көш осы жерде екен, енді бізден құтылмайды, жарық түсе тиісеміз деп құр алыстан бақылаумен болды. Жасақтарына да осылай хабар берді. Шұғыл жүріспен әбден қалжырап

келгендіктен жау таң атқанша ылдидағы бұлақ жағасында аттарын шалдырып, бір мезет көз шырымын алдырып алған соң, тыныш жатқан ауылды таң сәріден баспақ болды...

Жоламан жаңағы дүбір жау барлаушыларының дүбірі екенін айтпай түсінді. Ол енді қанын ішіне тартып қатты да қалды. Таң әбден атты...

Аздан кейін қызғылт жалқынын көкке атып күн де шықты. Дәл осы мезетте Жоламанның қырағы көзі төменгі жақтан топтанған салт аттыны шалды. Сірә көштен айырылып қалдық, тез қуып жетейік деген ынта да болуы керек, олар үш бөлек боп жедел жүріп келеді. Алдарында сарт етіп қапқалы тұрған қақпан бар екенін сезбеген тәрізді. Жоламанның да күткені осы еді.

– Жігіттер, садақтарыңды дайындаңдар, – деді Жоламан, – тек таямай атпаңдар!

Сыпайлардың жемге байланған аттары оңалып қалған тәрізді, ауыздықтарын керіп, бастарын шұлғып тастап, алға қарай тарп-тарп ұмтылады. Көтеріле түскен күн сәулесімен шағылысып сары ала қылыш, көк темір мылтық ұштары оқтын-оқтын жарқ ете түседі. Бұл Карпов жасағы болып шықты. Шолақ құйрық күрең айғыр мінген хорунжий алдында келе жатыр. Ат үстінде қопақ-қопақ етеді, шынында да ашулы қара бура тәрізді.

– Қара Бурадан өзгесін көздендер, – деді Жоламан.

– Ол – менікі!..

Көздеген жері Қара Бураның өкпе тұсы. Жау жасағы үзеңгілерін сартылдата тебініп, аттарын ауыздығымен алыстыра келіп қалды.

– Атыңдар! – деп, бұйрық берді де, Жоламан садағын шірене тартып жіберді. Бірақ сәл кешіккен екен, жебе ентелей ұмтылып келе жатқан шолақ құйрық тор атымен Қара Бураның алдын көлегейлей берген жай сыпайлардың бірін жер қаптырды.

– Өттеген-ай! – деді ызаланған Жоламан тепсініп қалып.

Дәл осы сәтте жау жасағына садақ оғы қардай жауды... Екі жақтан оқ қардай борады... Осындай қызу ұрыстың үстінде кенет Жоламанның оң қол жағынан:

– Ойбай, келіп қалды! – деген қатты дауыс шықты. Батыр жалт қарағанында қия тасты өрмелей, оқ жетер жерге жетіп қалған топ өскерді көрді. Бірден білді, бұл Серғазы адамдарының жасағы...

Қара Бурамен атысып жатып, бүйірден келген жасақты аңғармай қалған Жоламан енді тез қимылдады. «Келіп қалды!» деген сөзді естіп дір ете қалған жасағына «Тез атқа қоныңдар!» деп, ақ жалау байланған сойылды басынан асыра өлсін-өлсін былғады. Бұл Байтабынға берген әмірі еді.

Сөйткенше болған жоқ жыралы ойпаттан екі жүз әскер жүйріктерін ойната шығып «Табын! Табын!», «Тіленші! Тіленші» деп ұрандай ат қойды.

Бұл кезде Серғазы жігіттері де бекінісіп үлгерген-ді. Ойпатта қаптап келе жатқан сарбаздарға мылтық пен садақ аралас оқ жаудырды. Хорунжий Карповтың әскері шилерді тасалап қырқа басына таяй түсті. Бірақ Жоламан тобы көп шығынға ұшырамай аттарына қонып алды. Енді бұлар Байтабын жасағына қосылды. Қырқа төбенің басына бекініп алған Серғазы жігіттері мен Карпов солдаттары шыдатар емес, амал жоқ Жоламан бытырай ат қойған сарбаздарын жинап, сап түзеп шабуылға шығу үшін кейін шегінуге өмір берді. Лапылдап шауып келе жатқан жігіттер көзді ашып-жұмғанша аттарын бұрып алып жыралы ойпатқа кіріп жоқ болды.

Сарбаздарын сапқа тұрғызып, Жоламан тобы бірнеше рет жауға қарсы майданға шықты...

Осындай бірнеше айқастан кейін, жау жағы өзінің күшінің басым екеніне көзі жетті ме, тегіс атқа қонды. Бірақ, орын тепкен адыр, төбелерін тастамай, бөлектене топталып, оқ жаудыра берді. Дәл осы сәтте Жоламанның есіне бағанағы Байтабын айтқан арбадағы оқ-дөрі түсті. Сірә ол қырқаның арғы бетінде болуы керек. Егер сол күбіні көкке ұшырса, оқ-дөрісіз қалған Қара Бура жасағының жеңілгені. Бетпе-бет сойылға түсуге солдаттарда қайрат жоғы өзіне мәлім.

– Байтабын, осы шабуылда бағанағы арбаның қайда екенін байқап қал, – деді Жоламан жиеніне тағы да жау шебіне ат қоярында.

Жоламан аналардың да атқа қонғанын көріп тұр, егер бұлар енді атой салса олардың да қарсы шабатынын біледі. Бұл ұрыс заңы. Осыны ескерген Жоламан қайтадан ұран тастап, сарбаздарын бастап лап қойды... Осы сәтте қайтадан сап түземек боп кейін шегініп бара жатқан Жоламанның құлағына жау қоршауында қалған Байтабынның:

– Көке, көке! – деп айқайлаған даусы жетті.

Сарбаздарының көбі жыңғылды ойпатқа кіріп те үлгірген еді. Сап түзеп қайта шапқанша Байтабынның мерт болуы көміл. Ал кейін шапса өзінің сау қайтары екі талай. Осы кезде Байтабынның:

– Қош, қош! – деген даусы тағы естілді.

Жоламан атының басын қалай кейін бұрып алғанын өзі де сезбей қалды. «Аруақ! Аруақ», «Тіленші! Тіленші!» деп Байтабынның даусы шыққан жаққа астындағы қамыс құлақ, бота тірсек, талай-талай топ жарған атақты күреңін құйындата ұмтылды. Батырдың ұранын естіген сарбаздары да аттарының басын бұрып алып «Жоламан! Жоламан!» деп кейін ұмтылды.

Құстай ұшып қырқаға шыққанда, ең алдымен көзіне түскені астындағы күрең бестісін бір орында шыр көбелек ойнатып, ұзын ырғақты қарағай шоқпарын жайпап сермеп тұрған тұла бойы тегіс қан Байтабын болды. Одан кейін Байтабынды тірідей қолға түсірмек боп жалғыз арланды қоршаған ұялы көкжалдардай жалаң қылыштарын ойнатып жиенінің жанжағынан төніп келген көп солдатты көрді.

Жоқ жерден пайда болған батырдың түрінен шошып, абыржып қалған солдаттардың бір-екеуін сойылмен қағып түсіріп, Байтабынға «бас қамшыңды атыңа!» деп Жоламан топ жарып қырды бөктерлей өте берді. Байтабынның да бедеуі ала жөнелді. Қалған солдаттар мылтықтарын қайта оқтап атқанша бұлар сарбаздарын шұбырта жыңғыл арасына кіріп те үлгірді...

Өштескен екі жақ енді бір-біріне қарсы тұрды. Жоламан іштей сезіп келеді, күш жүзден астам мылтығы бар жау жағында. Олар сойыл ұруға жеткізбей жігіттердің көбін жайратады. Өйтсе де мұндай ұрыста кім ажалдан қорықпаса сол жеңеді, өлі де болса сойыл соғар төрт жүзге таяу сарбазы бар, тағы да бір рет айқасып көрген жөн, тек белдесуге жағдай туса жарар еді.

Екі жақ садақ оғы жетер мөлшерге келген кезде кенет бір бүйірден ұрандаған дауыстар шықты.

– Қара Қыпшақ Қобыланды! Қобыланды!

– Дулат! Дулат!

Жоламан жалт қарап еді, оң жақ қапталдан жауына қарсы ағызып келе жатқан самсаған қолды көрді. Ең алдында есік пен төрдей ала аяқ күрең мінген батыр, үстіндегі сауыты күнмен шағылысады, одан кейін боз атты біреу. Алғашқысының қолында сойыл, екіншісінің қолында шоқпар. Боз аттағысы сонау тоғыз батпан шоқпарын таяқ сілтегендей үйірілтіп ойнап барады.

– Ау, мынау Қыпшақ батыры Иман ғой! – деді Жоламан, – астындағы ала аяғы соныкі төрізді.

– Иә, аяқ алысы соған ұқсайды.

– Соңындағысы бағаналы Қараменді!

– Бұлар қайдан жүр бұ жақта?!

Өздеріне қарай шапқан төтен қалың қолдан сескеніп патша жасағы жалт бұрылды. Бұны көріп Жоламан тобы да лап қойды.

Қысқа айқаста жазым болғаны, жаралысы бар жүзге таяу солдатын шығын еткен патша әскері жүзге жетер-жетпес солдатпен өзер қашып құтылды...

Ұзын бойлы, қапсағай денелі, елуден асып кеткен Қыпшақ батыры Дулат ұлы Иманнан Жоламан өткен жылы ақ патшаға қарсы Ор мен Ұлытау



ортасындағы Арғын, Қыпшақ, Найман, Керей, Алшын руларының көп аулының ереуіл көтергенін естіді. Ал биыл Торғай бойына көп әскер шығып, Иманның уақытша Мұғажар тауының ішіне сарбаздарымен тығыла тұруға мәжбүр болғанын білді.

– Қазір Арқаның көп жерінде ақ патшаға қарсы ереуілдер жиіленді, – деді Иман әңгімесін тұжыра, – жақында жеріме бекініс салдың деп Баянауылдағы Азнабайдың Тайжан, Сейтен атты балалары көтерілді. Өттең не керек, қос арлан мезгілсіз қолға түсті...

Ал қастарындағы балуан денелі, сом білекті, қара торы, қалың мұртты Құдайменді батырдың бұл жақта қайдан жүргенін Жоламан сұрағанда, Иман:

– Бағаналыдағы Жырықтың шонжары Сандыбайдың Ердени қалыңдығын тоқалдыққа тартып алып, аулына Қара Кеңгір мен Сары Кеңгірден қоныс бермей Сарысу жаққа қуған соң, бізге келіп қосылды, – деді.

Содан кейін Иман өздерінің Мұғажар тауында арқар атып күн көріп жүріп Табын руына солдат шығыпты деген лақапты естіп, бір кемеге мінгеннің тағдыры бір дегендей, бәрінің арманы бір жерден түйіскен соң, ағайын басына күн туған шақта көмек беруге келгендерін айтты.

– Бүгінгі жақсылықтарыңды өмірбақи ұмытпаспын, – деді Жоламан қалың қабағын дүр көтеріп. – Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді, деген осы. Үш батыр тізе қосып едік, көк темірге оранған жау шегінді...

### III

Шым дуалды, күйген кірпіш мешітті, қалың жеміс ағашына бөленген Ташкент шаһары бүгін де өдеттегідей ыстық... Науан базары да гу-гу...

Тек Мәмет Өлім орнына болған Ташкент құшбегі Бегдербек рабатында ғана бүгін бір ғажайып өзгеріс бар секілді. Бірақ, құшбегінің бұлбұлдары сайраған, жұпар иісі аңқыған бау-бақшасында, есік пен төріне дейін Иранның жібек кілемі төселген, немесе қабырғалары Бұқардың гүлі төгілген сарғылт жібегімен көмкерілген салтанатты сарайларында ешқандай өзгеріс жоқ.

Қолдан жасаған күміс көлдерінде де сұңқылдап үн қосқан аққу. Шық моншақты жасыл төккен бақшаларында да сайраған бұлбұлдар. Мөлдір фонтан суларында да жуынған алқызыл қырмызы гүлдер...

Мұндағы өзгеріс тек салтанат сарайындағы мұрит, софы, уәзір, наиб бекзадалардың жүріс-тұрыстарында, сөйлеген сөздерінде...

Жоқ, бұлар сөйлемейді – сыбырлайды, жүрмейді – қыбырлайды, аяқтарының ұшымен басып үнсіз қозғалады. Жүздерінде қобалжудан көрі қорқыныш, бір-біріне ашық тілдесуден гөрі, сыр сақтау басым. Онсыз да құпияға толы қонақ сарайы – рабаты бүгін бұрынғысынан тылсым жұмбақ қапасқа айналған...

Бүгін түнде ай бойы өр күні айдай созылып, әбден сары жамбас болып құшбегінің рабат сарайында күтіп жатқан Қасым төренің балалары Есенгелді, Саржан мен Шұбыртпалы Ағыбай бастаған жиырма жігіттің тағдыры шешілмек...

Және бүгін Қоқан даруғасы Ләшкөрдің ақылы бойынша құшбегінің арнаулы шақыруымен үш ақ пілге шатыр тігіп, кілең қара көк арғымақ мінген, қасында бір топ ешік – аға, муәдзин, наиб, геджағы бар Қоқан ханы Мәделіхан (Мұғамет Әлім) келген. Бұлар қалаға кірген кезде жұрт шырт ұйқыда еді. Сыз беріп келе жатқан таңмен бірге ұрылған дутар, ішін тарта барылдай шыққан зурна, танбур үндері бүкіл Ташкентті азан-қазан етті...

Күн шыға қаланың Мәделіхан кірген шетінен сәл қиыстау қақпадан екінші көш көрінді. Бұнда да тамаша салтанат бар. Жабық күймелі пәуескеге кесем салып үш ақбоз жеккен, алды-артында найза ұстаған сегіз салт атты нөкері бар көрікті керуен. Бұ да Ташкент құшбегінің арнаулы қонағы. Ұратөбе кентінде тұратын Ом арханнан он алты жасында қалған, қазір отызға келген, бүкіл Орта Азияға аты шыққан, алтын айдай толықсыған сұлу жесір ханша Ханпадшайым, Мәделіханның өгей шешесі...

Есенгелді мен Саржан сұлтандар Ташкентке келген шақта оның Мәделіхан мен Ханпадшайым тоқалды шақыруында да үлкен көп бар. Бірақ мұны өзінен бөтен ешкім білмейді. Құшбегі сыр сақтай алатын адам. Сондықтан да рабат, диуан сарайлары құпияға, ызғары суық сырға толы еді.

Осы құпия сыр бүгін ең биік шегіне жеткендей. Саржандардың келгеніне ай болса да, құшбегі күнде бір сылтаумен оларды қабылдамады. Біресе аңға кетеді. Біресе үкім құрады. Біресе сырқаттанып қалады. Мұндай қорлыққа наразы Қасым төре балалары қолды бір сілтеп қайтып кетейін десе, аңдыған көз аяқтарын тыпыр еткізер емес. Бұлардың мұнда өрік, мейіз жеп жатқан жатыстары қонақтан көрі тұтқын салтына жақын. Қазақ сұлтандары да аң-таң... Дос бүйтпесе керек еді, ал сонда Бегдербек қас па? Олай болса, өткен жолғы уәде, берген серттері қайда? Қас деуге қиын. Сонда бұларды бүйтіп ұстауға қандай себеп бар? Осылай жұмбаққа шешім таба алмай абыржыған, қобалжыған қыр бекзадалары құшбегінің бір уәзірінен жақында ғана жағдайды білді. Құшбегі Қоқан ханының келуін күтуде екен, бар шаруаны төрт көздері түгел отырып сөйлеспек көрінеді...

Сол күткен Мәделіхан да бүгін келіп жетті. Қоқаннан алысқа шығып үйренбеген хан, жол соғып әбден қалжырап қалған екен, қазір әшекейлі диуан сарайының не бір салтанатты бөлмесінде дем алып жатыр. Кешке құшбегімен дидарласпақ. Сондықтан да хан тыныштығын бұзбайық деп, демдерін ішіне жұтып жүрген бір жұрт...

Бегдербек алпысқа таяп қалған ат жақты, аққұба келген ұзын бойлы кісі. Қан-сөлсіз еріндері жұқалаң, қалың қабақтары тұтасып біткен, сақалының ағы басым. Сүзіле қарайтын сұрғылт көздері ысылдаған жылан іспеттес бір суықтық танытады. Беті күлсе де, көзі күлмейді... Қарсы, дастарқанның бергі жағында, малдастарын құрып, құшбегіне қарай қалған Есенгелді мен Саржан.

Есенгелді етжеңді келген, дөңгелек, қара торы жүзді, қой көзді адам. Шиырылған сұлу мұртты. Саржан сұңғақ бойлы, қызғылт сары, өткір көзді, бөйгеге жараған жылқы төрізді, қатып қалған, шапшаң қимылды кісі. Екеуі де елуді алқымдап тастаған. Есенгелді бірер жас қана үлкен төрізді. Екеуінің басында да үстін төрт салалы көгілдір барқытпен өдіптеген, қырдың қызыл түлкісінің терісімен көмкерілген, қандай түрге болса да, көрік берер Арқаның сұлу бөркі. Үстерінде – жағаларына қара барқыт ұстаған, жібін жіңішке етіп иірген аппақ түйе жүн шекпен, аяқтарында – жарғақ мәсі, бұттарында – сала құлаш балақтары оюланған кек барқыт шалбар. Белдерінде – алтын жалатқан қарыс сүйем кіселі, қақтаған күміс белбеу. Саржанның беліндегі жез сақиналы күміс қында сабы сары мүйізден соғылған сегіз қарыс ақ семсер. Есенгелдінің белбеуінде кішкентай ғана күміс кездік, ай мүйіз, алтынмен зерлеген арқар шақша... Жанындағы ағасы Есенгелдіге қарағанда, Саржанның жауынгер жан екені бірден білінеді. Екеуінің де көзінен құшбегін сынай қараған ұшқын сөнер емес. Отырғандарына әжептәуір мезгіл болса да, қойылған тағамнан әлі татып алған жоқ.

Кісі сырына өккі болған Бегдербек те сұлтандардың бұл сыңайын байқап отыр.

– Алыңыздар, алыңыздар, – деді ол езу тартып күлген болып...

Бегдербек кенет қабағын сөл түкситті де, сөзінің бетін бірден бұрып өкетті.

– Иә, өңгіме бұзау емізер... дегендей, енді бітім-келісімге кіріскен жөн болар... Өнеугіден бері сіздерді қабылдамай жатқанымыздың себебін естіген шығарсыздар. Ханзаданы күтіп едік... Ол кісі бүгін келді,.. Кешке менімен сөйлеспек... Құрметті Мәделіханға барар алдында сіздердің де тілектеріңізді білгім келіп еді.

– Біздің тілегіміз Мәделіханда емес, өзіңізде ғой, – деді Есенгелді байсалды үнменен.

– Иә, сіздердің тілектеріңіз менде, ал менің тілегім Қоқан ханында, сонда не болғаны? – Құшбегі аппақ тістерін көрсете күлді... Сөйтсе де, сұлтандардың түпкі сырын аша түсейін деген оймен:

– Жарайды, Қоқан ханы мен Хиуа ханы қазақ ағайынның пайдасын жоқтап Ұлы жүз бен Кіші жүзге өз бастарын қосып жасақ жинауға мүмкіндік берсін делік. Бірақ бұ да аз күш қой. Қазақта сан жағынан Орта жүз басым. Біздің есебімізде Қараөткел, Семей, Торғай, Жайықтың солтүстік пен күншығыс шебінде, аздаған Кіші жүздің руларын қосқанда, бір миллион сегіз жүз мың жан бар. Тегіс Орта жүз десеңіздер болады. Ал сол Орта жүз қайда қалады?

– Кіші жүз бен Ұлы жүз басын біріктірсе Орта жүз орта жолда қалмайды. – Есенгелді шын ойын айтты, – Абылай атамыздың үш жүздің басын қосып, ақ туын тіккен жер емес пе, күреске дайын тұр.

Құшбегі жымия езу тартты.

«Дәмелерің алыста екен! Өрине, бар қазақтың басын қостырып қойсақ, сендерге Қоқан да, Хиуа да төтеп бере алмас. Россия айдаһары да оңайлықпен жұта алмас. Жоқ, қымбатты сұлтандарым, біз сендер ойлағандай ақымақ емеспіз. Россия да, Қоқан да, Хиуа да сендерді майшелпек етіп асай бергісі келеді. Оған қазақтың малы да, жері де жетеді. Бізге сендердің бір болғаныңнан алауыз болғаның тиімді».

Алаяқ Бегдербек бұл ойын тағы да жасырып, күлімсіреген үстіне күлімсірей түсті. ...сұлтандар сес алып кетпесін деп, бұрынғысынан да бетер күлімсірей түсті.

– Ел қамын ойлаған ер азаматтардың ашуын да, өкпесін де түсіне алмасақ, қалай жұрт билей аламыз? – деді ол ана екеуінің бетіне ашық жүзбен қарап, – ...Сіздердің тілектеріңізді бүгін кешке хан иеме жеткізем.

– Егер ханзадасыз шешілмейтін болса, – деді абайлап сөйлеп Есенгелді, – біз өзіміз де о кісімен дидарласамыз ба, қайтеміз? Өрине, сіз рұқсат етсеңіз...

Бұл сөзге Бегдербек қуанып қалғандай ишарат көрсетті. «Өздерінің тілегін пайдалану керек. Қайткенмен де бұлардың тағдырын бүгін түнде шешкен жөн».

Ал сұлтандарға:

– Бұларың табылған ақыл, – деді. – Хан иеме сіздерді қабылдатуды өз міндетіме алайын. ...хан ием сіздерді кеш шақырып қалар, жігіттеріңіз жата берсін, ал өздеріңіз ұйықтамай, менен хабар күтіңіздер...

Есенгелді мен Саржан Бегдербекпен әзірге қош айтысып, диуан сарайдан шығып, құшбегінің ішкі, сыртқы есіктердегі күзеттерінен өтіп, өздері жатқан рабатына беттей беріп еді, оларды бір теректің жанында Шұбыртпалы Ағыбай батыр мен Саржанның он тоғыз жасар ұлы Ержан күтіп тұр екен. Ержан әкесіне тартқан атжақты, ақсары, талдырмаш келген бала жігіт. Әкесінен гөрі көзі шегірлеу, бойы шағындау...

Шұбыртпалы Ағыбай Қасым төре балаларының соңынан ерген, кедейден шыққан батыр. Биыл отыз төртте, зор денелі, түкті қабақ, қара сұр, шүңірек көз кісі. Қолдары бақандай ұзын, саусақтары анау-мынау адамды маңдайынан бір шерткенде үнсіз қатыратындай салалы, жұп-жуан. Сақал-мұрттан ада дерлік, тек иек астында селдір ғана сақалсымақ бірдеңе бар. Құрдасы Кенесарыдан бастап үзеңгілес серіктерінің бәрі оны «көсе» деп атайды. Сырт бейнесі ызбарлы, бір көргеннен-ақ күш иесі екені танылады...

Ағыбайдың ең сүйікті қаруы – тоғыз буынды, жез сақиналы жуан қайың найза...

Үсті-басы қара қоңыр, темір тор сауытты Ағыбайдың түсі орасан суық, сонау шүңет көздер қайтпас қайсарлық, таусылмас қайрат отындай жанады. Қандай жүректі жан болса да, Ағыбайды алғаш көргенінде алпамсадай ызбарлы түрінен сескенбей қалған емес. Ал әлдеқалай түнде кездескен адам, ертегінің дәуін көргендей жүрегі жарылып кете жаздайтын...

Есенгелді мен Саржан асықпай аяңдап, өздерін қобалжи күтіп тұрған Ағыбай мен Ержанның қасына келді... Бұлар жақындаған кезде Ержан Есенгелдіге қарап:

– Көке, сөйлесе алдыңдар ма? – деді.

Есенгелді жүре жауап берді.

– Сөйлестік, қалқам... Енді Мәделіханның өзімен дидарласпақпыз...

Бұдан артықты сұрауға болмайды. «Мәделіханның өзімен дидарласпақпыз» деулеріне қарағанда құшбегімен жөнді бөтуға келмеген ғой деді де қойды Ержан ішінен...

Рабатқа келгеннен кейін, өздерінің жатар бөлмелеріне кіріп алып, ағалы-інілі екі сұлтан ұзақ кеңесті. Құшбегі қанша жылы сөйлеп шығарып салғанына қарамастан, екеуі де бір сұмдықты сезген-ді. Кеңесе келіп, «есің барда еліңді тап» деген ақылды еске алып, Мәделіханмен сөйлескеннен кейін, бір сәт те кешікпей елге жүріп кетуді ұйғарды. Жан алайын деп тұрса да іші-бауырыңа кіріп жылы сөйлейтін өзбек бектерінің сайқал ұстамдылығы бұларға да аян. Бегдербек жайылып төсек жазылып жастық болған сайын, ағайынды сұлтандар сескене түсті. Бірақ өзгелерді шошыт-

пайық деп, өздерінің күдіктерін қастарына ерген төлеңгіттеріне ашпады. Тек Ағыбайды ғана шақырып ап:

– Батыр, – деді Саржан неге екені белгісіз кенет толқып кетіп, – біз Мәделіханнан оралғанша, Ержанды қасыңнан тастама. Және аттарыңа сақ бол, өзбек бақташылары бөтен жаққа өкетіп жүрмесін...

Ағыбай Саржанның неге бұй дегенін саралап сұрамады. Жалғыз-ақ ішінен бір сырды түйді де:

– Құп болады, – деп, шығып кетті...

...Есенгелді мен Саржан кеткеннен кейін құшбегі ұзақ уақыт үн-түнсіз отырды... Қанішер адамның тегі қорқақ келеді. Бегдербек қанішер де, қорқақ та еді. Осы гүлдене түскен дәулетті кентке қолы жетісімен Бегдербек Ақмешіттің хакімі Жақыпбекпен тізе қосып, ең алдымен, Сыр, Созақ, Шу бойындағы қазақ ауылдарын бұрынғыдан да бетер қысымның астына алды. Өзінің тас жүректігімен Мәделіханға ұнап, Қоқан ханының бас қолбасшысы дәрежесіне дейін көтерілмек ойы бар. Бүгінгі қимылдары сол көтерілудің алғашқы сатылары...

...сұм құшбегі Мәделіханды жар басына итере салуға дайын, өйткені Қоқан ханының біраз мінезі оған аян... Өсіресе, қызба, нәпсі құмарлық қасиеттері. Ал Ханпадшайым – әйел жыныстысының күн мен айы. Оны көрсе періштенің де ақ жолынан таюы ықтимал...

Бегдербек осы Ханпадшайымның Мәделіханға тоқал шеше екенін де еске алды. Бар гөптің өзі осында еді...

Бегдербектің Мәделіханның келуін асыға күткен тары да бір себебі бар. Ол Қасым балаларының тағдырымен байланысты. Әрине Қоқан ханының бұған тікелей қатынасы жоқ. Бірақ болғалы тұрған қанды уақиғаны соның өмірі етіп көрсетсе қайтер еді? Сақтықта қорлық жоқ, егер бұл істің өзінен шыққанын Абылайдың көкжал ұрпағы біліп қалса, өңгіменің аяғы неге барып соғарын кім біледі? Есенгелді мен Саржанға қадалар ақ семсер өзіне қадалмасына кім кепіл? Абылайдың отыз бір ұл, қырық қызынан тараған бықып жатқан бүкіл ұрпағының қаһарынан қалай құтылып кете аласың? Көптен кім шықпайды, олардан да бір Бегдербектің шықпасына кім куә? Ал егер күнәні Мәделіханға аударса, оған не істейді?..

Мәделіхан әбден тынығып қапты. Келе жатқан түнмен бірге өзін зор қуаныш күтіп тұрғандай екі көзі күлім-күлім етеді. Құшбегіні шақырғалы отыр екен, бұл келісімен-ақ екеуі құпия өңгімеге кірісіп кетті...

– Хан ием, ауруын жасырған адам өледі... Есенгелді мен Саржанның басын алу өз қолымнан да келеді. Бірақ сіздің рұқсатыңызсыз әрекет істеуге дәтім бармады. Бұзық болғанмен, олар да сіздің хандығыңызға жатады ғой.

Хан үндемеді...

Бұлар сөйлескелі бірталай болған. Түн ортасы да таяу...

– Хан ием, қандай шешім айтасыз? – деді құшбегі Мәделіханның төтті ойын бұзғысы келмегендей жәдігөйлене күлімсірей сөйлеп.

«Қандай шешім? Иә, Мәделіхан қандай шешімге тоқтауы керек?.. таңертең Қоқанға қайтқаны дұрыс... Кенет Мәделіханның көзі күлімдеп кетті. «Арқа сұлтандары қашан да болса жомарт келеді. Менімен жолығуға арнап шыққан болса, әкелген сый-құрметтері де бар шығар... Мәделіхан енді Бегдербекке қарады.

– Қасым төренің балалары Қоқан ханына бастарын сый ғып тарту үшін ғана келді ме? – деді.

Есенгелді мен Саржан қазақ елінің дәстүрі бойынша Ташкент құшбегіне ер-тоқымы, жүген-құйысқаны күміс, жал-құйрығы төгілген, Арқадан келген тоғыз қара жорға, тоғыз боз жорға, әр ер басына байланған тоғыз қара құндыз, тоғыз қоңыр бұлғын әкелген. Арқаның аңқау батырлары қызыл тастап итті алдағандай, осы бір кәделі сый-құрметтерімен өздерінің түпкі ойын өткізіп кетпек болған. Бұлары ақ майды бауыр қосып асаттырғандары. Бірақ әккі тазы қызыл түлкінің құлығын алыстан сезеді, сұм құшбегі тарту-таралғыны қуана алғанмен, оларға терең орды қаза берді. Сол оймен ханнан сұлтандардың әкелген жорғаларын жасырып қалды.

– Қасым төре балалары сый-құрмет көрсетпек тұрмақ, Қоқан ханының басын олжа етуден үміті болмасын...

– Өздерінің бастарын бағалай білмеген сұлтандардың құны жоқ не істесең соны істе, менен рұқсат.

– Бұйрығыңызға бас ием, алдияр ханым...

Ол дәл осы сәтте Есенгелді мен Саржанның өлімін Мәделіханға жауып, өзін Қасым төренің алдында айыпсыз етіп көрсете алатынына сенді... Мәделіхан мен Қасым төренің балаларының бірдей қақпанына іліккелі тұрғанына құшбегі мейлінше шаттанды. Ол дым көрмеген адамдай аяғын асықпай басып, қонақ қабылдайтын үйге қайтып келді. Бегдербек өзін күтіп отырған жендеттерге:

– Есенгелді мен Саржан мырзаларды хан шақырып жатыр деп, ертіп келіңдер, – деп әмір етті. – Бірақ Саржанның беліндегі семсерді күні бұрын алыңдар. Ханмен кездесерде қару тағып кіруге болмайды деңдер.

Жендеттер келгенде, Есенгелді, Саржан, Ағыбай, Ержан төртеуінен бөтен жігіттердің бәрі өздеріне берілген бөлмелерінде ұйықтап қалғанды. Хан әмірін естіп, Есенгелді мен Саржан киіне бастады. Белбеуіне семсерін тағып жатқан Саржанға ақ сәлделі, қатқан қара ешік-аға:

– Ханзадаға қарумен кіруге болмайды. Сондай төртіп бар, – деді жайбарақат, – Тастап кетіңіз... Қайтып келген соң тағарсыз...

Бұлар далаға шықса, аулада тағы алты адам тұр екен. Бәрі де қарулы. Бағанадан бері – үн-түнсіз жүрген Ағыбай кенет бірдемеден сескенгендей болды. Жау тиетінін жылқы ішіндегі жорыққа мінетін ат ең алдымен сезеді дейді қазақ, үнемі айқаста өскен Ағыбай бірдемеден сескенді ме, кетіп бара жатқан сұлтандарға:

– Біз де еріп барайық, – деп, соңдарынан жүре түсті.

Бірақ, ешік-аға алдын кес-кестеп:

– Хан ием, тек Есенгелді мен Саржан мырзаларды ғана қабылдайды, – деді тағы да жайбарақат үнмен, – өзгелерің ұйықтай беріңдер.

– Өй, сен өзің... – деп Ағыбай ананы қолымен кейін сырғытып тастап, сұлтандардың соңынан жүре берем дегенде, Ержан қарынан ұстай алды да:

– Хан бұйрығы солай болса, жамандасып қайтесіз, Ағыбай аға, – деді қобалжып тұрғандарын жендеттерге сездіргісі келмей, – одан да ат жақты шолып қайталық.

Ағыбай бөгеліп қалды. Аналар ұзап кете барды. Батыр тісін қайрап тұр...

Ержан ойға беріліп кеткен Ағыбайдың жеңінен ақырын тартып:

– Ағыбай аға, аттарды бір шолып қайтайық, – деді.

Бұлар жылқы жаққа бұрылған кезде, сегіз жендеттің қамауындағы Есенгелді мен Саржан қонақ қабылдайтын бөлмеге кіре берді. Төрде тәспі тартып тұрған құшбегіне бастарын ие сәлем берді. Дәл осы сәтте сұлтандардың екі жағында тұрған екі жендеттің жалаңаш өткір қылыштары жарқ етіп жоғары көтерілді де, сыр етіп төмен ақты. Төмен иілген екі бас көтерілместен домалап жерге түсті. Бастарынан айырылған екі дене екі-үш аттап барып сылқ құлады. Екі-үш аттап барып аунақшып барып тынды.

– Ел болып бас қосуды көксеп жүргендеріңде, өз бастарыңнан айырылдыңдар ма, сабаздарым, – деп құшбегі кекете күлді. Сөйтті де жерде жатқан Есенгелді мен Саржанның бастары мен денелерін көрсетіп: – Бірекеуін мыналарын зынданға апарып тастаңдар! Ал қалғандарың ұйықтап жатқан жігіттерін жайғастырыңдар, – деді.

Топ жендет әр бөлмеде алты адамнан жатқан үш бөлменің бірінен соң біріне кіріп он сегіз жігітті қойша бауыздап шықты. Тек Ағыбай мен Ержан аман қалды. Олардың бағына жендеттер ат қора жағына бармады. Ешік-аға сыртқы есікті күзетіп тұрған мосқалдау келген жасауылды шақырып алып:



– Сен барып, өлгі екеуіне «Сұлтандар келді» деп, хабар бер, – деді.  
Өздері есік алдында күтіп қалды. Қарулы Ағыбаймен кең аулада кездесуге жүрексінді...

#### IV

Күншығыс жақты сынық тағадай қоршай көмкерген көрі Қаратау алыстан қарақошқылданып көрінеді... Қазықұрт жағындағы бір биік төбе басында бір адам тұр... Сонау көз ұшында ноқаттай болып көрінген көк түйғындай қиялы әлдеқайда алыстап кеткен.

Бұл – орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сұр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран кезді, жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күңгірт сары. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған. Аяғында атқа мінуге ыңғайланып тігілген орта қоныш көк салмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтипаттықпен төкаппарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері, аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң, ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың.

Бұл Абылай ханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы Кенесары еді.

Кенесары осы төбеге шыққалы едәуір мезгіл өткен. Ол қазір қалың ойда. Есіне кешегі Нысанбай жыршының сөзі түсе берді. Ел аралаған әрі сыншы, әрі жыршы Нысанбай ақын, ақ кигізге малдасын құрып отырып ап, Қасым төренің алдында Шыңғыс шежіресінің біраз жерін қисса етіп айтып берген.

...кенет оқшау отырған Кенесарыға қарай:

Абылай жолы ауыр жол:  
Батыр Кене, біліп қой,  
Абылайдай берік бол,  
Алам десең абырой, –

деп, ұзақ жырын бітірген...

Қасым төре жолды әзірге Саржан мен Есенгелдіге бергенмен, түбі Абылай жолын алып жүрер ортаншы ұлы Кенесары мен кіші баласы Наурызбай болар деп те үміттенетін... Қасым төренің оқыс аталған Кенесарының атын хош көргендей болуы ортаншы ұлына үлкен сенім артатынын танытты. Жұрт та мұны аңғарса керек.

Қазір Кенесары осы жайларды әлсін-әлсін таразыға салуда. Өрине, қазір атасы Абылай ханның заманы емес. Ол кезде Россия патшасының әскері де Ақ Жайықтың арғы бетінде болатын... Кенесары батыр қазақтардың өз тәуелсіздігінен айрылуының ең басты себебі – «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп қарайтын ел ағаларының ауыз бірлігі жоқтығынан деп білетін. Сол қазақтың басын қосуға бола ма? деген сұраққа өзі де жауап бере алмайтын.

Тек соңғы кезде ғана бір жауаптың ұшығын тапқан тәрізді.

Ол ұшық Абылай атасының заманы мен қазіргі ел жағдайында жатқан секілді.

Абылайдың тұсында Россия патшасы Сарыарқаны төңіректен бекініс салғаны болмаса, бөлендей ішіне кіре қоймаған-ды. Сондықтан атасы Абылай біресе Россияны еміндіріп, біресе Қытайды дәмлендіріп, екі ортада бостандығын сақтап жүре берген. Ал қазір қазақта ондай мүмкіншілік жоқ. Бір жағынан әбден орын теуіп алған патша әскері болса, екінші жағынан қазақ жерінің бүкіл оңтүстігі мен Сыр бойын басып алған Қоқан мен Атырау, Арал тұсынан Үстірт, Маңғыстауға дейін өкімін жүргізген Хиуа хандықтары тұр. Абылай кезіндегіден қазір қазақ елінің басын қосудың қиындығы да, жеңілдігі де осында деп түсінеді Кенесары.

Ашынған жолбарыс ажалдан шошынбайды. Қазір қазақтың қалың бұқарасы осы ашынған жолбарыс тәрізді... Қазір бас көтеруге ең бір қолайлы кез. Қиянат жанын жеген бұқара құраған шөп тәрізді, от тисе болды-ақ, лап етіп, бүкіл Сарыарқаны, Сыр бойын, Жайық, Маңғыстау, Үстірт даласын алып кетуі ғажап емес...

Кенесары тағы да ойға шомды.

«Абылайдың жолын қуу – бүкіл қазақтың басын қосып, үш жүзді билеу деген сөз.

Үш жүзді билеу – сұлтан атаулыны аяғына жығылтып, Әбілқайыр, Сәмеке, Нұралы, Бөкей, Серғазы, Уәли ұрпақтарын өзіне табындырып, барлық қазақты аузыңа қарату...

Қазақ елінің жаудан жерін, еркіндігін қорғау мен Үш жүзге Қасым төре балаларының үкімін жүргізу – қазір бір тілек, бір мақсат. Ал осы тілек, осы мақсаттың орындалуына ең қолайлы кезең – бүгінгі кезең. Өзінің

тәуелсіздігін қорғауға көтерілгелі тұрған халық, егер бастай білсең хандықты, Үш жүзді билеуді саған өзі алып бергелі тұрған жоқ па?!»

«Бұдан былай қарай мұндай сәтті кезең тумауы мүмкін. Россия патшасы, Қоқан, Хиуа хандықтары тәрізді жауларымыз халықтың еңсесін мықтап тұрып бір түсіріп тастаса, қызба қанды қазақ қайтадан бас көтере алмайды.

Жоқ, бүгінгі күн – ең қолайлы күн...»

Кенесары енді қабағы қарс жабылып, езінің қойған сұрағына шешім іздеп ой теңізіне біржолата сүңгіді. «...Россия патшасы... кейбір қанішер шенеунектері болмаса, қалың бұқараны аты-жөні жоқ қыра бермейді. Оққа байлап, Сібір айдаса, тек бетке шығар жақсыларын ғана айдайды. Үлкен жұрт сөйтіп қашан да кең пейілін танытпай қалмайды. Ал Қоқан, Хиуа хандықтары ше?.. Тек қорыққандарын ғана сыйлайды. Оларға бой көтеріп, күш жинағанда ғана тиісу керек...»

Кенесарының соғысты ең алдымен Россия патшалығымен бастауды қалап алуына басқа да себептері жоқ емес. Патша солдаттарының бекініс, зеңбірек, карабин штуцерлері болса, қазақтың далиған жалпақ даласы бар. Егер тығылар жыңғыл, жықпыл сайы көп болса, қыр қоянын арлан тазы да ұстай алмайды. Арқаның жері мол, бір шеті Қарқаралыдан Ақ Жайыққа, екінші шеті Қызылжардан Бетпақдалаға дейін созылып жатыр. Қалай ойыссаң да, жер жетеді, тек үзеңгің берік, қайтпас қажырың болсын. Ал зеңбірек сүйреткен патша әскерінің мұндай мүмкіншілігі жоқ. Оның үстіне Орта жүз көп ел. Бәрін бірдей көтере алмасаң да, соңыңнан еретіндер табылады. Өлің жетпей, қуғынға түсер күн туса, батырлықты құрмет тұта білетін қазақ, кейбір ішіндегі өзәзілі болмаса, көрер кезге ұстап бермейді. Ен, болмаса, Абылай ханның аруағын сыйлайды. Ал Қоқан мен Хиуа жерінде бұндай жағдай жоқ...

Кенесарының Арқаға оралғысы келуіне тағы да бір себеп бар. Ол – кек. Сәмеке, Бөкей, Уәли тұқымдарынан шыққан аға сұлтандарды Қасым балалары өртеп жіберуге бар. Бұл ескіден келе жатқан ескі егес, ел билігіне таласудан шыққан бақастық. Өсіресе Қасым балаларының өші Құдаймендінің Қоңырқұлжасында, Уәлидің баласы Шыңғыс пен оның шешесі Айғанымда, Бөкей тұқымынан шыққан Тәукенің Жамантай, Құсбегі мен Жантөренің Ахметі мен Арыстанында. Бұл аға сұлтандар Кенесарының да ең аямас жаулары. Балық басынан піриді, қазақ жерін ақ патшаға беріп отырған осы аға сұлтандар деп кектенеді Кенесары.

Егер Арқаға барса, ең алдымен, осылардың ауылын шауып, ежелден келе жатқан ерегестің бір түйінін шешпек... Бірақ олар Кенесарыға оңай-

лықпен бой бере ме? Олардың да соңынан ерген қыруар ел бар. Қолдарында қару-жарақты жүздеген жасағы, сарбаздары тұр. Оның үстіне қол ұстасқан ақ патша әскерлері де қастарында, Кенесарының бір тірелгені, ең алдымен, осы аға сұлтандар мен патша әскерінің арасына ши жүгіртіп көру. Шамасы келсе, Сібір мен Орынбор губернаторларын өзімен санасатын етіп алу.

Ол үшін Кенесары барысымен соғыс ашпайды. Алдымен губернаторлармен тіл табу жолын іздейді. Өзінің бірнеше тілегін қағаз жүзінде алдарына қояды. Егер губернаторлар сол тілектерді қабылдаса, Қоңырқұлжа, Ахмет, Жамантайлардың соңынан ерген жұрт та бұнымен санасатын болады. Ондай жағдайда, алты басты айдаһар болса да Қоңырқұлжа, Ахметтерден өш алу оңайға түседі.

Әрине, онымен Кенесары сүйек тиген төбеттей ұпайым түгел деп, өз бетіне кетпейді. Абылай атасының жолын қуып, үш жүздің ханы атанбай, тоқтамайды... Ал генерал-губернаторлар алғашқы қойған тілектерін қабыл етпесе, не істейді? Онда шешінген судан тайынбайды, соғыс ашады. Және ол соғысты ең қас жауы Қоңырқұлжаның ауылын шабудан, Қоңырқұлжа приказы Қараөткел бекінісін алудан бастайды...

Кенесары орнынан түрегеліп, сәл ерсілі-қарсылы жүрді де, қайтадан ой шумағын тізе берді.

«Хандыққа таласудың екі жолы бар. Оны сан айқастан өткен Кенесары жақсы біледі. Бірі саған хан билігін өперем деген халықтың артында тұрып басқара білу. Екіншісі соңынан ерген қолдың алдында жүріп ерлігіңмен өзіңе тартып алу. ...қалың бұқараның тәуелсіздігін қорғау арманы мен сенің жұрт билігін қолға алам деген көкейкесті тілегің ұштасып жатқанда, соңыңнан ерген қолдың артында емес, алдына шығу қажет. Сонда ғана саған қара халық сенеді, соңыңнан ереді. Бұқара өз басыңның қамы үшін емес, халқың үшін алысып жүргеніңді көзбен көргені жөн. Сөйткен күнде ғана арманыңа жетесің. Халық өзі арманыңа жеткізеді».

Осындай шешімге келген Кенесары кенет тізесін бүгіп, беліндегі Исфған шебері соққан наркескенін суырып алып, қылшылдаған суық жүзінен сүйді.

– Анадан қорқақ болып тумап едім, – деді кенет даусы дірілдеп кетіп, – арманымға жеткенше, қорқақтық білдірсем, өз қанымды өзім ішейін, осы сертіме, түсі суық наркескен, сен куә бол!

Ол наркескенін қынына салып, енді көтеріле берем дегенде, арт жағынан сыңғырлай шыққан әйел даусы естілді.

– Төрем-ау, намаз оқып жатырсың ба?

Бәйбішесі Күнімжан екенін Кенесары қарамастан таныды. Түрегеліп, тізесін қақты да, қарсы жүрді.

– Жәй өшейін, семсерді тасқа салып, дүзін сынап жатыр едім.

– Хас болатты жау жүрегіне салып сынамас па?

– Оның да жөн.

Кенесары әйелінің сөзіне риза болып қалды.

Күнімжан биыл жиырма алтыға шыққан. Оймақ ауыз, құмай көз, қараторының сұлуы...

Күнімжан Кенесарыға ақылымен де, сұлулығымен де әбден ұнаған әйелі. Шыққан төркіні де Қасым төреден салтанаты мен байлығы кем емес, арғынның шонжарларының бірі Өлке Байдалы тұқымы. Кенесары мен Қоңырқұлжаның бітіспес қас-жау болуларының да бір себебі осы Күнімжанда...

...осыдан екі жыл бұрын қос қатынының үстіне тоқалдыққа алмақ боп сасық құрт, бұзау тұмсық Қоңырқұлжа құда түсіп, үш үйір қара көк жорғаны қалың малына төлеп кеткен. Оның үстіне Қарақойын Қашырлыға ел жайлауға шыққан шақта ұрын келем деп, жақында хабар берген.

Байболат ақсақалға Кенесары көп кешікпей, «Күнімжанды маған берсін» деп, кісі салған.

Байболат ақсақал бұл тілекті шұғыл ақылға сап, қолма-қол шешімін айтқан:

– Үш жүзге хан болған Абылай атасына Арғынның Қарауыл, Атығай рулары алты қызын бергенде, сол Абылайдың батыр немересіне біздің жалғыз қызды қимағанымыз болмас, алсын, – деген.

Бір апта өткеннен кейін Өлке Байдалы, Аққошқар Сайдалы боп, үш бозды көсем жеккен күмістеген қара пәуескемен, жасау артқан тоғыз нарды бір көш етіп, Күнімжанды ырғалтып-жырғалтып, Көкшетаудағы Қасым төренің аулына ұзатқан.

Мұны естіген Қоңырқұлжа намыстанып, бұлқан-талқан болған. Жасақ жіберіп, Байболат ауылын шауып алуға да оқталған. Өйтсе де, байлығы өзінен артық Арғынның шонжар руы Өлке Байдалымен жанжалдасуға батпаған. О баста Күнімжанды тоқалдыққа сұрағанда да, Қоңырқұлжа тек қатын санын көбейтпек емес, Арқаның осы шынжыр балақ шұбар төс руымен жақындаспақ ойы да болатын, ал сол ойдың бұзылғанына қатты қынжылса да, тайпа рулы елді өзіне жау етудің қатерлі екенін ұқты. Сондықтан Байболатқа берген қалың малына үш тоғыз айыбын қосып алды да, ұпайым түгел дегендей, көкіректегі ызаны ішке түйіп қала берді.

Бірақ Қоңырқұлжа енді Қасым балаларына әбден өшігіп алды...

Күнімжан қазақ әйелдерінің салты бойынша Кенесарыны күйеуім, ерім демей, тек «Төрем» деп қана атайды...

– Төрем, сен Құдайменді батырдың атама естірткен сұмдығынан хабардарсың ба? – деді сөл жүдей.

– Жоқ, қандай сұмдық?..

– ...Біз Арқадан кешпей тұрып, Тайжан деген баласын патшаға қарсы шықтың деп Омбыда атып өлтіріп еді ғой, соның ағасы Сейтен батырды да өлтіріпті...

– Топырағы торқа болсын. Есіл ер ерте кеткен екен! Менің ажалым Қоңырқұлжадан келеді деуші еді. Сол иттің өшпенділігінен мерт болды ма екен?..

– Иә, солай көрінеді. Азнабай аулымен Балқашқа қарай көшіп келе жатқанда, Мың Арал төңірегінде Қоңырқұлжаның өлгі шоқынған кіші баласы жол көрсетіп әкелген әскер қарсы шығып ұстапты...

Кенесарының күлгінденген сарғыш түсі қара қоңырланып кетті.

– Сейтенмен бірге Қубеттің Ожарын да ұстапты. Ол сол Омбыда абақтыда жатқан көрінеді.

– Қай Ожар? Ана Қоңырқұлжаның шабарманы Ожар ма? Ол Азнабай аулынан ат құйрығын кескендей еді ғой?

– Қоңырқұлжамен келісе алмай, Қараөткелден қайтып өз еліне барыпты. Қанына тартпағанның қары сынсын дегендей, қанына тартқан ғой. Жер-суынан айырылған Қаржастың қайғысы жеңіп Сейтенге қайта қосылған екен.

– Бір көргем... Қайсар, иілімге келмейтін жігіт төрізді еді. Қиянат оны да дұрыс жолға салған екен. Өттегене-ай, ол бейшараны да итжеккенге айдайды ғой.

Дәл осы кезде бұлардың жанына Наурызбай келді. Бұл жиырма екіге жаңа шыққан келбетті жігіт. Бір әке, бір шешеден туса да, бітімі Кенесарыға мүлде ұқсамайды. Сұңғақ бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей құлаш жаурын, тіп-тік келген, ат жақты, екі бетінен қаны тамған аққұба түсті. Мұрын, көз, қас-қабақтары қазақ жігіттерінікінен көрі мол пішілген, танадай жалтыраған сопақтау келген үлкен қоңыр көздері адамға ілтипатпен қарайды. Қызылды-жасылды меруерт өрілген айдары самай тұсынан салбырап түсіп тұр. Жаңа тебіндегі келе жатқан қоңыр мұртты. Басында қызыл барқытпен тыстаған құндыз бөркі, үстінде құйыршықтары мен тырнақты аяқтары салбыраған қара қасқа күзен ішік. Ішігінің жағасына, жеңіне, шетіне қара қоңыр құндыз ұстаған. Беліндегі күміс белбеуіне былғары қынды селебе таққан.

Наурызбай ұрысқа да осы киімімен шығатын. Білегіне дейін сыбанып түріп алған оң қолында бауыры қорғасын, бес батпан зілдей ауыр қара найзасын тудай көтере ұстап, астындағы сарғылт қылшықты ақбоз атын ойнақтата «Абылайлап!» шапқанда, жан қарсы келе алмайтын. Және зілдей қара найзамен ешкімді қос қолдап шаншып көрген емес. Оң қолында төрт жігіттің күші бар дейтін жұрт. Наурызбай асқан найзагер, заманында бұл соғыс қаруынан өзіне пара-пар келетін жан кездестірмеген. Және жауға шапқанда қабағы қарс жабылып, жүзінде ерекше қаһар пайда болатын. Ал жайшылықта Наурызбайдан ақ жарқын жан жоқ. Ол мұндайда өрі өнші, өрі өзілқой. Ал қазір Наурызбайдың қалың қабағынан қынжылған рең байқалады. Көзі тереңдей, қас-қабағы кіртіе қалған. Оған себебі де бар еді...

Наурызбайға мың Қоқан хандығынан Сарыарқасының бір жайлауы артық. Осы қайғы кеше Құдайменді батыр келгеннен бері тіпті үдей түсті. Қазіргі қабағының қатуына да себеп осы. Аға, жеңгесінің төбе үстінде оңаша тұрғанын көріп, сөйлесуге әдейі келген. Наурызбайдың реңінен көңілінің қапалы екенін аңғарған Күнімжан оған күле қарап:

– Кіші төрем, неден жүдей қалғансың? – деді, – бір жерің ауырғаннан саумысың?

Наурызбай қапалана жауап қайырды.

– Ауру екенім рас, жеңеше... Жаным ауырады, көкірегім ауырады, жүрегім ауырады...

Інісінің немен дертті екенін көптен бері сезетін Кенесары үндеген жоқ. Күнімжан енді жігер бере сөйледі.

– Қара бұлттан күн де шығар, бұл аурулардан айығар заманың да келер.

– Қашан?!

– Оны жүйрік аттың шабысы, ер жігіттің намысы біледі.

– Намысқа шабар алысымыз болып тұр ма? Біз қазір апан-апанға келіп тығылған бөрі тәріздіміз. Қанша бөрі болсаң да, тығылған жерің құр түкпір...

Кенесары кенет інісіне қарады.

– Апаннан атылған бөрі жауына қауіпті екенін білмейтін бе едің? Қолаяғыңды бауырыңа жинап атылуға дайындала бер, Науанжан...

– Жоқ, Кене аға, апанынан бөрі тек ажалына ғана атылады.

– Кейде жауын да мерт етпей ме?

– Маған ондай ит-жығыстың керегі жоқ, – Наурызбай ағасына кішілік мінез көрсете ақырын сөйледі, – маған жауымды аңдып басар Көкшенің ыңғыл-жыңғыл жартасы, соңымнан жел де қуып жете алмас ұшы-қиыры жоқ Арқаның кең даласы керек.

Кенесары інісінің өзімен пікірлес екенін бұрын да білетін, бұ жолы да ойлаған жерінен шыққан соң іштей қуанып қалды. Сөйтсе де қатты мінезіне салып:

– Ұясынан ерте ұшқан қыран тез қартаяды, – деді, – алдында ағаларың барда жол таңдамай, тұра тұр.

Наурызбай Кенесарыны өзге ағаларынан артық сыйлайтын, сондықтан қарсы сөзге келмей:

– Құба-құп, – деп төмен қарады.

Дәл осы кезде күншығыс тұстағы белестен ойдағы ауылға қарай көтерілген шаң көрінді. Өрі-беріден соң тау ішінен екі салт атты сытылып шықты.

Қырағы көз Кенесары тесіле қарады да:

– Ойпырмай, мынау Ағыбай болмаса етті, – деді кенет қобалжи, – астындағысы Ақылақ төрізді...

Наурызбай да тесіле қарады.

– Ие, Ағыбай көкем! Ал жанындағысы кім? Ат жалына жабысқан түрі Ержанға ұқсайды.

– Иә, солар.

Сөйткенше, құйындата шапқан екі атты жетіп те қалды. Енді олардың «ой бауырымдаған» айқайы да естілді.

Кенесары сазарған қалпынан қозғалған жоқ. Наурызбай мен Күнімжан шыдай алмай келе жатқандарға қарсы жүгірді.

Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғып түсіп, белбеуін мойнына салып, қазақтың жамандықты естіртетін көне дәстүрі бойынша, екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті.

– Батыр Кене, қос боздағымыздан айырылды, он сегіз асылдан айырылды. Ташкент құшбегі қолынан Есенгелді, Саржан ағаларың қаза тапты. Қыршын жігіттерімізді де тегіс бауыздады.

Кенесарының түрі күреңітіп, ерні бозарып кетті.

– Қашан? Қалайша?

Ағыбай бетінен сорғалаған жасын сүртпестен, ауызы кемсеңдей:

– Осыдан екі күн бұрын. Жауыз құшбегі бізді алдап шақырған екен, Мөделіхан келген күні түнде Есенгелді мен Саржан сұлтанды диуан сарайына шақыртып алды. Сендердің Қоқан хандығына қарсы шығатын ойларың бар екен деп бастарын алдыртыпты. Ержан екеуміз төрелердің жарлығы бойынша керуен сарай ауласындағы аттарды қарауға кеткенімізде,



рабатта ұйықтап жатқан өзге жігіттерді жендеттері келіп бауыздапты. Біз өзер құтылды.

Өлсіреп қалған Ержанды Наурызбай мен Күнімжан сүйеп тұрған. Суық хабарды естісімен Күнімжан басындағы үкілі сәукелесі мен күлгін торғын шәлісін жұлып алып, қара шашын жая, екі белін таянып жоқтау айта жөнелді.

Қапыда кетті қос арлан,  
Жау сөзіне бос нанып.  
Аямады қас дұшпан  
Батырып қанға кек алып...

Қасым төре... сәске көтеріле Кенесары, Наурызбай, Ағыбайды және аулында қонып жатқан Құдайменді батырды шақырып алды.

Аз уақыт үндемей отырып, басын көтерді.

– Жас кезімде, есер кезімде Көкшетауды мекендеген тағы ақ бураны садақпен атып өлтіріп едім. Бұл қылығымды естіген аузы дуалы ақсақалдар «Шырағым, Абылайдың ақ бурасы Көкшетаудың иесі еді, киесі ұрып жүрмесе нетсін!» – деп еді. Көкшетауымнан айырылғанымды сол қылығымнан көруші едім. Есенгелдім мен Саржанымды да сол ақ бураның киесі атты ма? Олай болса Алла Тағала жолыңа ақсарбас айтып, мойныма бұршақ салып тілеймін: қаһарыңды, өзге балаларымнан аулақ ет!..

Қасым төре көкке көтерген қолын төмен түсіріп ұзақ уақыт отырып алды. Өзге жұртта да үн жоқ. Тек «Ақсарбас! Ақсарбас!» деп, іштерінен күбірлейді. Өлден уақытта барып Қасым төре басын қайта көтерді. Кенет көзінде сөніп бара жатқан оттың қызылындай бір әлсіз ұшқын пайда болды.

– Қыран қартайып өлмейді, қайғырып өледі, – дейтін еді Бұқар жырау. Сол күйі маған да жеткен екен. Не болса, соны айтып кеттім білем. – Кенет ол бойын жинап алды. – Ендігі кезек сенікі, – деді ол Кенесарыға қарап, содан соң алақанын жайып батасын берді, – өумин!

Қасым төре түрегеліп, күміс қынды сапысын белінен шешіп Кенесарының алдына қойды да, керегеге сүйеулі тұрған киік мүйіз мосысы бар, білтелі құлдыр мамай түрке мылтықты алып:

– Бес жүз қадамнан жаңылмай тиетін өкем Абылай ханнан қалған мұра еді. Өзге ағаңа бермей келіп едім, енді саған бердім. Ие бол, – деді.

Қасым төренің бұнысы ендігі билік сенде, қолды, Кенесары, сен басқар дегені еді.

Кенесары мылтықты жанында тұрған Наурызбайға беріп, бір тізерледі де, қынынан қылшылдаған сапыны суырып алып маңдайына тигізді.

– Осы сапының алмас жүзіндей дұшпандарымды аямасқа ант етемін.

Қасым төре тағы да бір тілегін айтты.

– Екі ағаң мен он сегіз төлеңгіттің кегін қайтар. Бүкіл Қоқан хандығына шамаң келмегенмен, Ташкентті алуға күшің жетеді. Ертең сарбаздарыңды жина. Арғы атаң Тәуекел хандай Ташкенттің шаңырағын ортасына түсір. Сонда мен риза!

Кенесары басын төмен иді.

– Ташкенттен алатын кекті Ташкенттен бастау керек пе, әлде бөтен жолы бар ма, ақылға сап ертең жауабын берейік.

– Мейлің.

Кенесары сол күні өзінің он екі қанат ақ ордасына Ағыбай, Наурызбай, Құдайменді батырлар мен Нысанбай жыршыны шақырып алып ұзақ кеңесті. Ертеңіне жанына үш батырды ертіп Қасым төреге келді...

Кенесарылардың келгенін естіп, бүк түсіп жатқан жерінен басын көтерді.

– Көке, – деді Кенесары әкесінің алдына тізесін бүгіп, басын иіп, – «Көппен кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, біз ақылға салып, Ташкентті шабуға әлі ерте деп таптық.

– Сонда не істемексіңдер?

– Күз түспей, Көкшетауға көшкенді жөн көрдік.

Қасым «Көкшетауға неге көшесіңдер?» деп сұрамады. Басын шайқап үндемей ұзақ отырды да, әлден уақытта барып:

– Бөлтіріктерін қалдырған қасқырдың апанына аңшылар әрдайым қақпан құрады. Көкшетауда бізді күткен үлкен қатер бар, ол ара енді сендерге қоныс болмайды, – деді, – Арқаға кешкен жөн, онда да Ұлытауға... Үш жүздің қақ ортасы, бірі болмаса біріне иек артуға қолайлы.

– Ұлытау–Бағаналы жері. Патшадан шен алған Сандыбайдың Ерден, Дүзені қоныс бермесе қайтеміз? Келмей жатып тағы да сойыл, шоқпар қақтығыстырамыз ба?

– Иә, өзің бүлініп келе жатып, тыныш жатқан елге бүлік салсаң, сені жұрт бүйіден кем көрмейді, – Қасым ауыр күрсінді. – Сонда Абылайдың ақ туын көтерген Сарыарқадан енді бізге барар тау, басар жер қалмағаны ма?

Үйге кіргеннен бері үндемей отырған Құдайменді батыр тізесін бүкті.

– Сандыбай тұқымынан жақсылық күтуге болмайды, – деді ол, – Егер көшсе, Терісаққан бойына, Қарақойын Қашырлыға көшкен жөн...

– Бұл табылған ақыл, – деді Қасым, – Терісаққаннан Күнімжан келінінің төркін жұрты да алыс емес.

– Онда Қарақойын Қашырлыға күні бұрын шабарман жіберіп хабарласқан жөн болар, – деді Кенесары.

Қасым иек қақты.

– Бұ да табылған ақыл.

Қарақойын Қашырлыны жайлаған қыр Алтайы елімен сөйлесуге қос атпен Құдайменді батырдың өзі жүрмек болды. Қалған жұрт Ташкент құшбегінің қолынан қаза тапқан ұлдарының жетісін берісімен Арқаға қарай көшуді уәделесті...

Қаратау қойнауындағы ауыл біткен қаза болған сұлтандардың жетісін берісімен бірден көтерілді. Қайтқан қаздай тіркеліп, сыңсып көшіп бара жатқан жұрттың ту сыртынан қарап, дөң басында Кенесары тұр. Бір тілегінің орындалғанына іштей қуанса да, алдымызда қандай күн бар деп қобалжығандай...

Қалың ел екі аптадан кейін Бетпақдаланы көктей өтіп, Сарысудың құмға сіңіп жоқ болар етегіндегі Қызыл жыңғылда отырған Бөтеш ауылына жеткен кезде алдарынан Алтайдың жүрек жұтқан батыры, аталары Сеңгірбай, Жанұзақ Абылайдың үзеңгілес серіктері болған. Соңынан Жеке батыр атанған, Төлебай қарсы шықты. Қастарында ел билеуші екі-үш ақсақалы мен он шақты сойыл көтерген жігіттері бар. Астарындағы жұпыны аттары мен үстеріндегі елтірі тымақ, түйе шекпен, сірі етік, бұлардың кедей ауылдан екенін аңғартады. Төлебай батырдың да кигені бөлендей мәз емес, өйтсе де, ол ерекше көзге түседі.

Төлебай көлденеңі мен ұзындығы бірдей төртпақ келген, қою қара мұрты құлағына дейін жеткен үлкен қара көзді, қара сұр адам. Тақымындағы бұзау тіс шоқпары да өзіндей шомбал, астындағы мінген қара көк аты да ұзақ шабысты, ошақ тұяқ, төрт таған, құлаш кеуделі, жалпақ жаялы мықты қазақы жылқы.

Төлебай батыр Кенесары тобымен көштен ұрын кездесіп, Арқаға қайтқан ағайынды құшақ жая қарсы алатындарын білдірді.

Көш қозғалғалы көңілі қобалжып келе жатқан Кенесарының енді еңсесі көтеріле бастады.

*(Жалғасы бар)*



**Ағзам** (архаизм) – аса мәртебелі, ұлы.

**Ертәуіл** (архаизм) – барлаушы, шолғыншы.

**Мәліш** – ұсақ-түйек, өнімсіз.

**Оқшантай** – былғарыдан тігіліп, белдікке тағып, оқ-дәрі, құрал салып жүретін қалта; кісе.

**Сыпай** (архаизм) – жауынгер, әскери шендегі қызметкер.

### **Адам аттары:**

**Бесонтиін** – Сібір казактарының басқарма бастығы, поляк, генерал-майор Вишневскийді қазақтар осылай атаған.

**Обыріш** – Обручев – Орынбор әскери губернаторы.

## *Әдебиет теориясы*

**Эпизод** – көркем шығарма желісінде мәні бар жеке-жеке оқиғалар, бас-аяғы тиянақталған бөлшектер.

**Деталь** – көркем шығармада белгілі бір мағыналық, идеялық-эмоциялық жүк көтеріп тұрған көркемдегін құрал.

**Көркемдік шындық** – өмірдегі нақты шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, ол жазушының өзі жазып отырған туындысынан байқалатын өзіндік көзқарасы, бағалауынан туады.

**Мақал-мәтел** – халықтың белгілі бір ойды ықшамды, ұтымды, өткір етіп айтып беретін кестелі сөзі, бабалардан қалған мәңгілік мұра, фольклорлық жеке жанр. Бұлар қос сөз сияқты айтылғанымен, айырмасы бар. Мақал – өмірлік тәжірибеден туған, қоғамдағы сан қилы құбылыстарға берілетін баға, түйінді ой. Ол толық тұлғалы болады, айтар ойды толық жеткізеді. Мысалы, «Зер қадірін зергер білер», «Ұста пышаққа жарымас, етікші бізге жарымас», т.т.

Ал мәтел мақал сияқты ойы толық құрмайды, сөз тіркесі ретінде қалыптасқан, нақышты сөз түрінде жасалады. Мәтелде айтылатын ойдың ізі, тұспалы ғана болады. Мысалы, «Берсе – қолынан, бермесе – жолынан», т..б.



Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында бес ғасырдың, яғни XV–XIX ғасыр аралығындағы өмір сүрген Қазақ хандығының тағдыры суреттелген.

«Көшпенділер» – қолына алмас қылыш алуға тура келіп, туған жерді, Отанымызды, егемендігімізді қорғау үшін жанталасқа түскен, керек кезде қаһарына да мінген батыр бабаларымызға қойылған мәңгілік ескерткіш.



1. Ілияс Есенберлин туралы осы кезге дейін не білетін едіңдер? Оның өмірі мен шығармашылығы туралы басқа піндерден мәлімет алып па едіңдер?
2. Өздерің мекен ететін жерлерде жазушының атында қандай мәдени орындар бар?



1. Тарихи роман жанрының ерекшеліктерін атаңдар. Осы кезге дейін қандай тарихи шығармалар оқыдыңдар?



1. Романның жалғасын хрестоматиядан оқыңдар.
2. Романды оқи отырып, өздерің түсінбейтін сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтемелер бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар.
  - a) <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1178800>
  - ә) <https://kazakh.academic.ru/>
 Ол сөздердің арасында көркемдік құрал ретінде қолданылғандары да болуы мүмкін екендігіне мән беріңдер. Сондай-ақ ғаламтордың көмегі арқылы қазақтың тәулік мезгілдеріне (бесін, сөске, екінді, т.б.) қатысты атауларды анықтаңдар.
3. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Романда «Ылдиға қарай ентелей құлаған көштің бір бүйірінен, жалқұйрығы күзеулі тайға мінген, екі бүйірін таянып алып, «Елім-ай» өнін салған он төрт – он бес жасар қара торы қыз бала көрінді...» деп жазылған. «Елім-ай» өлеңі туралы естіп пе едіңдер? Тарихи өлең жеке жанр бола ала ма? Тарихи романның тарихи өлеңнен айырмашылығын дәлелдеңдер.
2. Мақалдар қандай оқиғаларға қатысты қолданылған және фразеологиялық тіркестердің қызметтеріне мән беріп, қолданылуы ерекшелігі туралы айтыңдар.
3. Шығарманың кейіпкерлер жүйесін жасап, оны жинақтау және дараулау арқылы өмір шындығымен байланыстыра талдаңдар.
4. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы автор бейнесі қалай көрінеді?
5. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

6. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.



1. Романның тақырыбы мен идеясы қандай ой салады?
2. Туындының тарихи және көркемдік құндылықтарын тұжырымды түрде жазыңдар.
3. Топқа бөлініп, тарихи және көркем құндылықты дәйектейтін алты дәйексөз табыңдар.



1. «Қаһар» романының тарихи және көркемдік құндылығы туралы әдеби сын жазыңдар.



1. Қобалжи тынышталған ауыл мызғымас бір өлік тәрізді, тек анда-санда қаңтарып, суытып қойған сыпай аттарының пысқырғаны мен күзетшілердің еміс-еміс күбірі естіледі.

**Сұрақ:** «Қаңтарып қою» деген не?

- a) Анда-санда қыдыруға алып шыққанын айтқаны.
- b) Демалдыру.
- c) Шөп жегізбеу үшін аттың басын кегжете байлау.

2. Халқының азаттығы үшін күрескен кісінің қызын алып қашып келсең, саған жұртың, сөзсіз, сенім көрсетеді. Ал бізге қазақ арасында, әсіресе, Кенесары жігіттерінің арасында сендей жансыз көз-құлағымыз болғаны өте қажет», – деді.

**Сұрақ:** «Көз-құлақ» болған кім? Ол кімге қызмет көрсетті, кімге сатқындық жасады?

- a) Байтабын, Қоңырқұлжаға қызмет етті, Кенесары ханға сатқындық жасады.
- b) Ожар, Қоңырқұлжаға қызмет етті, Кенесары ханға сатқындық жасады.
- c) Қоңырқұлжа, Ожарға қызмет етті, Кенесары ханға сатқындық жасады.

3. Кенесары сазарған қалпынан өзгерген жоқ. Қанын ішіне тартып, тіпті, сұрланып алды. Ол аяғына жығылып жатқан Арыстанға қарамастан:

– Елін сатқан адам жылқы ішіндегі маңқамен тең. Өзге жылқыны сау алып қалу үшін оған аяу болмасқа тиісті. Үкім біреу-ақ – өлім!..

**Сұрақ:** Кенесары хан Арыстанды ақынды Қараүлек арқылы өлтірді. Ханның бұлай жасауына «жылқы ішіндегі маңқамен тең» деген ойы әсер етуі мүмкін. Сонда жылқы ішінде маңқа деген не?

- a) жаман деген мағына.
- b) өлі жас, пайдасы жоқ, боқмұрын деген мағына .
- c) маңқа – жылқының арасында болатын жұқпалы ауру, сондықтан ол қауіпті деп есептеген.



## Оқушы күнделігі

*«Қаһар» романы қандай ой салды? Кенесарының ұлт-азаттығы үшін жасаған қызметін қалай бағалайсыңдар? Қай кейіпкерді үлгі етер едіңдер? Қай кейіпкердің іс-әрекетін қолдамайсыңдар? Осы туралы өз әсерлеріңді жазыңдар.*



## Фалаитор

Ілияс Есенберлин туралы хабарларды, «Көшпенділер» трилогиясына қатысты [https://www.youtube.com/watch?time\\_continue=10&v=huRS4ry-Gks](https://www.youtube.com/watch?time_continue=10&v=huRS4ry-Gks) «Қазақ хандығы. Алмас қылыш» фильмін тамашалаңдар.



## Сұталқы

*«Абылай ханның түсі және біз: Қазақ елінің болашағы қандай?» тақырыбы бойынша тәуелсіздігімізді баянды ету үшін не істеуіміз керек деген мәселені ортаға салыңдар.*



## АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ (1938–1992)



Асқар Сүлейменов 1938 жылы Түркістан облысының Шорнақ деген елді мекенінде дүниеге келген. Ол – қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, әдебиет сыншысы, драматург, сценарист. Оған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлық өзі дүниеден өткеннен кейін берілді.

Асқар Сүлейменов бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет аталатын білім ордасының әдебиет-тарих факультетінде әуелі студент болып, кейін осы жерде аспирантурада оқыған.

Республикалық басылымда алғаш рет «Лениншіл жас (қазіргі «Жас алаш») газетіндегі «Жол басы» атты сын мақаласы арқылы көрінді.

Оның сыншылығы өз шығармашылығына да талаппен қарауына мүмкіндік берген. Сондықтан Асқар Сүлейменов өзінің жазушылық даралығын ерекшеленді, ешкімді қайталамау керек деген талаппен әдебиетке жаңа дүниелер сыйлады. Ол тарихта белгілі оқиғалардың өзін жаңа ойлармен өзгеше формада ұсынған. Әр шығарма өзінше дара, дегенмен бәрінде де белгілі бір мақсатты көздеген ой болады. Бірақ сонда да А.Сүлейменов туындыларындағы жаңалық оның шығармаларын оқу үстінде сезіліп отырады.

Драматургияда «Төрт тақта жайнамаз», «Жетінші палата», т.б. пьесалары сахналанды.

Прозада «Бесін», «Адасқақ», т.б. шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына енген.

**«Бесатар» повесі туралы.** Бұл шығарманың негізіне 1916 жылғы оқиға арқау болған. Автордың туған жерінде орын алған. Алайда автор бір ғана сол кездегі жағдайды суреттеп қана қоймайды, қазақ халқының басына төнген зобалаңның көркем суретін жасаған. «Ағы келіп, әптер-тәптерімізді шығарды, енді қызылы қайтер екен?» деген ел ішіндегі алаң көңілді бір сөйлеммен жеткізген. «Бесатарда» кейіпкер аз, тұтқынға түскен Иноземцев, оны құтқаруға жұмыстанып жүрген Крейгель, ауыл қазағы Төрехан, оның баласы, оқыған қазақты танытушы Сәруар, ауыл баласы, батыр Мұқағали, міне, небәрі осы ғана. Бірақ аз кейіпкермен тарихта орын алған және ұлттық болмысты, сана-сезімді, тарихтың тауқыметін сездіруге жазушының шеберлігі еркін жеткен.

«Қарала шыңғырды ма, Қазығұрт шыңғырды ма?» – осы бір сөйлеммен ақ шығарманың философиясы танылады. Сонымен бірге отарлаушы елдің жергілікті халыққа қалай қарағанын да сездірген.

Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» повесінің құндылығы қазақ халқының тарихымен, тағдырымен байланыстылығында және ұлттық характерді, халықтың жылқы малын қасиет тұтқан тіршілігін, дүниетанымын көркем бейнелеуімен ерекше.

### БЕСАТАР<sup>1</sup>

*(Повесть. Басы. Ықшамдалған)*

Қаталап жылда келгенде, шөлін басып, салқар уәләттің атойлаған ашу өрлігі боп аспан тепкен Қазығұрттың ұшар басындағы аз ғана қарды тілшелеп қана тыншитын ұлы шілде, сол бір жылы, Көгем таудың тусыраған көк жоталарына, мол сулы Келестің момын иірімдеріне қырыс қабақ танытып, кісәпір мінез көрсетті; сол бір жылы, ұлы шілденің кенезесі намы сусын, намы ылғалға емес, алдымен қанға, қан мен жасқа кепкендей еді, қан мен жасқа жерігіп қара жерді тепкендей еді; сол бір жылғы шілдеде, сары сәскеден қоңыр бесінге, қара құптаннан құлан иек сәріге дейін шатқал-шатқал, қойнау-қойнаудың тымық ауасын таңынан айырып тарс-тарс бердеңке түтеді; уыз көкке шылқып тойған елік пен жемге бөккен кекілік өрісі мен ұясынан безді; құндыз түгі жаңада ғана тотығып, түйе жүн жұмсақ ноқтаға жаңада ғана көндіге бастаған серек құлақ көп құлын мол нөпірмен қуғынға түсіп, сөгілмеген қолтығын зорланып сөкті; ащысы аз балаусалы өңірдің ақ май жүзген ақ қымызы жаңғақ тегенеде сапырусыз қалды; қара аршадан қу мойындап жонған сары ожауды қаңғыбас оқ қақ жарды, оқ жауға қаңғып тисе, азаматтың жұлынын іздеп келіп үзіп жатты; бердеңкенің өңменінен балқып шыққан жалғыз оқ көрілі-жас бұғананы қырқып қана суыды – Түркістанның босағасын келін болмай, кесір боп 16-жылдың шілдесі аттады.

### ИНОЗЕМЦЕВ, 1916 ж., 7 ШІЛДЕ, СӘСКЕ

Қорқыныштың көзі ала деген рас-ау.

Кеше ме, әлде алдыңғы күні ме екен – жердің астынан шыққандай боп қапыда кезіккен қазақтар кезеніп келе жатқан бердеңкенің шүріппесін басуға мұрша бермей, тым-тырағай қуғанда, өлген жерім осы шығар деп

<sup>1</sup> Сүлейменов А. Бесатар: Өңгімелер, повестер. – Алматы: Жазушы, 1997. – 400 бет.

еді. Солдаттарға бұйрық беріп те үлгерген жоқ; есінде бар қалғаны: Сарапхананың Ташкент жақ қапталындағы жайдақ сайдың ішінен ат ойнатып шыға келген жасыл шапан, ақ қалпақтарды көргенде, астындағы айғырдың жалт бергені. Тізгін сол қолда, құлыбы қайырулы мылтықты аш мықынынан оң қолына ұстап келе жатыр еді; өкініш пен қорқыныш лүпілдеп жүрегін қабат кеп сыққан ендігі бір сәтте ақжал айғырдың танауы парылдап, тауға қарай салып келе жатқанын байқады. Тықыр шым бүркенген төскейден ағаштың түбіріндей дөңбек-дөңбек тас көрді. Арыны қатты ақжал айғыр біріне болмаса, біріне соғып, мұрттай ұша ма деп тіксінген Иноземцев атының басын оңға, бекініске қарай бұрғысы кеп, жалғыз қолмен тізгін тартты. Сыңар езу тың айғыр, алайда қалтылдаған жалғыз қолдың қимыл бұйрығына құлақ асқан жоқ...

Арты – тау, алды – қазақ; бесатардың қай қойтастың түбінде қалғанын білмейді, Иноземцев, сонсоң, ақжал айғырды езулеп барып, өрге қайта салды да, аяңға түсірді. Каратель отрядты қылыш тағынып, мылтық асынып, бастап жүрген апта жарымнан бері сағынған жауымен қоян-қолтық беттескені осы еді. Ол жаумен, бірақ жыраға тығылып, тас жастанып, эскадронға үйреткендей ат шөкелетіп атыса да, аңдыса да, алған жоқ. Ақжалдың езуінен сабын көбікті бір-бір тамызып, жасыл шапандардың қолына түсті. Өлген жерім осы болардың екінші оянғаны да сол, етекке қарай Ақжалды жетектеген еді. Ташкенттегі маузер байланған көп офицердің ішінде қазақшаға жүйрігі Крейгель екеуі болатын. Бұл жақындаған сайын жарты шеңберді бүтін шеңбер ғып жазып ап, мұны қоршалап келген он шапанға, алайда дым тауып айта алмады. Бұлардың сәлемқұмар жұрт екенін білуші еді, бірақ тұтқын сөз – тұзсыз дәм: он аттылы ат тұмсығын тірердей боп түйіліп келгенше, сәлемге құлқы шаппай-ақ қойды. Қазақ атаулыны ылғи да табанында тауып үйренген ақ патшаның жас офицері және де, погонын көргесін, көп шапан, қалайша, дір етпес екен деген күшікей үмітке малданды. Алайда шапандар тарапынан тілге келген ешкім болған жоқ, сонсоң, әлгі үміттің орнын мыналар қамшы үйіріп кете ме деген қауіп басты – Иноземцев екі иығын құлағына дейін көтеріп ұялып алды, қамшы, бірақ, ысқырынған жоқ. Қарсы алдынан түйе жүн ақ шекпен киіп, Қарала мінген аққұба шалды көрді. Иноземцев, сосын, иығын түсіріп, бір қадам алға шықты да:

– Ассалаумағалейкүм, – деді.

Тізгінді қоя беріп, қос қолын қабат ұсынды да, Қараланың үстіндегі құндыз бөрік шал мұның алақанына екі бүктеген қамшысын сұқты. Қазақтардың сәлем үстінде сілкілеспесін білетін Иноземцев қамшыны жеңіл

ғана қысты да қоя бере салды. Ақсары шал сосын иегін көтеріп атыңа мін дегендей, ым жасады, шөңге саусақ біреуі сап-салқын шүберекпен, жібек-ау шамасы, көзін таңды... Көзін сонсоң шешіскен, алайда түк көрген жоқ. Алғашында, ұзақ таңылған көзге осылай қара бояу құйылатын шығар деп еді, кейін білді – әкеліп үңгірге қамаған екен...

## КРЕЙГЕЛЬ

Қылшатас төбенің басында шоқиғанына екі сағаттан асып кеткен Крейгель, френчинің етегімен шынысын сүртіп ап, Қазығұрттың асуына дүрбі салды. Сағым буа бастаған қаракөк жота қылт еткен қарадан ада екен. Көңіліне, маналы бері, ін аузындағы суырдай қылт-қылттап отырған күдік кеп кірді. Қатер болмаса игі еді деп отыр. Қазір сәске, отряд кеше, құптанның қарасын жамылып аттанған, содан әлі жоқ. Бес қаруы түгел отрядтың құрқол ауылға қона жатып аялдағанын түсіну қиынға түсті...

– Ох, өзін Ташкентке жөнелту керек екен, – деп қалды Крейгель, марқа қозының қуырдағы мен құйқасына көңілі әбден ауған ендігі сәтте.

Кенет келген шешіміне қуанып та қалып еді. Қуырдақ пен құйқа бар, таң асқан сары қымыз бар, қолына Құдайдың өзі айдап әкеп ұстатқан Қарала бар – отряд күтіп алақтаған Крейгельдің көңілі, енді қазір мәйектеніп қалды. Осы тұс отрядтың кешігуіне басқадай себептер де табылды...

Жылқы етекпен тағы оқыранды. Қырық шақты түп қарағаш, сол қарайлас жиде мүлгіген қыстаудың ашық алаңқай, қылта бұрылыстарын сүзіп, тінтіп шықты – Қарала көрінген жоқ.

Сауысқандай сақ Голоножкин ат қораға тыққан шығар деп отыр.

Ипподромға бармағанына да көп болыпты. Крейгель, қара болат маузердің қозы аузындай қорапшасына оқ ытқытып отырып, ипподромға бармаған апталарын санады. Бүгін июльдің жетісі болса, аттай алты апта өткен екен...

Құлағына губернатор Фольбаумның өзі қазақы атқа ықыласты деген қауесет шалынып еді.

Қараланың қызығы мен қылығын генералға жеткізетін адамның ретін ойлап қалғанда, Крейгельдің есіне Иноземцев түсті. Бір-екі рет Иноземцевтің қасынан Фольбаумның адъютантын көргені бар-ды.

Крейгель орнынан тұрды... Петр Иванович мырс етті...

Крейгель, сонсоң, Қазығұрт жаққа тағы дүрбі салды... Иноземцев ұрланған үш күннен бері Рабатпен Черняевканың арасын жылға-жылға сай жақпар тасына дейін дерліктей адалап шықты. Бүгіндері жиырма кісінің

бесеуін оң жағына көлденең сап отырған жайы бар. Бесеуінің де түбіне жеткен тапа-тал түсте жай түскендей тарс ете қалатын құлдырау қараның жалғыз оғы...

Табан жолын осы өлкеде танып, нәпсі солығын, алғаш, осы өлкеде басса да, қойын-қойнауынан жыл он екі ай ақ тұманы сейіліп, мамық бұлты арылмайтын Қазығұрттың осынау аспаншыл биіктеріне, мынау тақтай төскейлеріне Крейгельдің іші қашаннан жылып көрген емес... Қай жылы, – ах да, үш-ақ жыл өткен екен-ау – өкесіне еріп, династияның салтанатына Петербург барғанда, қайтар жолда Сычевкаға, атамекен топырағына соғып қайтқан...

Түркістанға 61-жылдың реформасынан кейін жалғыз шобырдың құйрығына байланып кеп, бүгіндері Шымкент кетіп, рудник иеленіп отырған өкесінің... «қайран, Сычевкалап» маңдай соққанын талай көрген...

Барғанда көрді: ...Күндізінде жалғыз сиырға соқа жегіп, былқылдақ жердің арқасын қасып, кешінде шөжім көйлек-дамбалдың ышқыры мен қолтығынан көк ала бит аулап отыратын – қалың мұжық, мұңлы мұжықтың аза бойыңды қаза тұрғызар зарын естігенде, өкесі айтқан, «Сасық қазақтың мақалын көрдің бе?» – деп, кекетіп айтқан бес сөз есіне түсті: ит тойған, ер туған жеріне...

– Ваше благородие...

Крейгель селк ете қалды. Өзі «Үкі» деп ат қойған жапалақ сары Голоножкин – атұстары екен.

– Кешіріңіз, Ваше благородие. Өрі қарай жүргеніңіз қауіпті болар.

– Сен қашан келіп қалдың?

– Біраз болды, Ваше благородие.

Крейгель төңірегіне қарады: қыстауға бұрылмай, бөкен адырдың таңын қуалап ұзап кетіпті.

– Қарала қайда?

– Ат қорада, Ваше благородие.

– Менің ерімді сал, – деді Крейгель.

## СӘРУАР, ТӨРЕХАН

Қарала тағы оқыранды. Санап отыр – мынау үшінші берген дабысы. Кешелі бері бөтен ауыл, бөтен иіске үйрену керек еді, бұ жолы бірақ, ышқынып оқыранды. Қолтығына жат қол жүгіріп, күлте кекілін жат саусақ уыстағандай екен. Сонсоң көкпар түскендей дүңк етіп, мақау дыбыс шықты да, іле үзеңгінің шыңылы естілді. Сәруардың шекесі сақина бұғандай сыр-

қырап жүре берді – Қараланың ерін ауыстырып жатқандарын жұқана орыс үзеңгінің шіңкілдек дауысынан оңай түсініп еді. Балажандылық пен атжандылық арасынан айырым белгі іздеп көрмеген жас жігіт есектің арқасына арнап соққандай саяз алқым орыс ер Қараланың төрт елі шоқтығын алып қала ма деп, тағы да қорқып отыр. Оның үстіне, үйірден жаңадан ұсталған құр айғырдың өткен түні таң асқан-аспағанынан хабарсыз. Кеше апақ-сапақта қансорпасын шығарып жеткен. Іркілдек сары бетін шешек шұқыған кексе солдат түсер-түспесте жетелеп кетіп еді, барған бойда отқа қойса, қызылмай боп та қалған шығар. Жалғыз жұбанышы, өйтеуір, Қараланың үні таза екен. Оқыранғанда барлыққан жылқы боп жеткірінген жоқ.

Қос аттың тұяқ дүбірі естілді.

Сәруар, өзіміз қолды боп отырғанда мінген төрені ауылға алып қаша ма деп, тағы да тіксініп еді.

Тұяқ дүбірі алыстап кеткен ендігі сәтте Сәруар тамағын қырнады.

Қырым мәсінің қоныш әжіміне бейне ата кегі кеткендей шүйліккен Төрехан басын тағы көтерген жоқ...

– Бетіңізге келдім бе, келмедім бе, білмедім, тәте. Келмеген шығармынау. Түні бойы күйбеңдеп, сауал аттым, рас. Бірақ сөкпегейсіз, жақсы өке. Бұдан былай оңаша қап сыр айтар жағдайға зар болуымыз да бек мүмкін.

– Қай жағдай, – деді Төрехан. Етінен ет кескендей шар ете қап еді. – Жағдай танып шыға қояр ұшпағың болса, сен-ақ шық. Біздей шобырдан гөрі сендей жалғыз ішек оқымыштың, оқыған арғымақтың жаны төтті келеді ғой.

Қолды боп емес, қонаққа келген кісілердей. Алты қанат салқын отаудың бірі – төріне, бірі кіре беріс қапталына жайғасқан аталы-балалы екеу, сырт көзге, мейлінше мазалы отыр еді.

Төрдегі – тырсиған домалақ ақ шал... Үкікөзденіп сәт-сәт жапақ ете қалғанда, ұстараның жүзіндей алмас сұр өткірлік байқатады....

Сәруар үндеген жоқ. Кешеден бері пышақкесті тыйылып қалған әкесі кенет тасып жүре бергенде, мұның іле шабуы керек еді; сәл-пәл уәждесу үшін де жамбастаған ақ шалмен біразға дейін қатар текіректеуі керек-ақ еді – үндей алмады...

Үкім күткен күнәкәр боп, екі шынтақ тізеде, екі бүктеліп отырып қалды.

«Жетім қозы тас бауыр, жетім қозы тас бауыр, жетім қозы тас бауыр...».

Көкірегінде жатталып қалған екі жол өлең бар-ды. Сол екі жол өлеңнің таңдайына жабысқан бірінші жолын үш қайтарды, екінші жолды сыбырлап үш қайтара шақырды, екінші жол, бірақ ұлудың ауыл үстіндегі зауза-

сынан, ат оқырып, оқ ысқырған қалың мұнардан бұлқынып шыға алған жоқ, Қараладай оқыранып келген жоқ.

Сәруар, өсте, өлең жаттамайтын... Бүгін, міні, алғаш рет абдырап отыр. Өкесі қаптатып айдаған бір үйір қыраулы сөздің сызы табанынан өткенде егіз жолдың маңыраған сыңарын ғана көрді.

«Жетім қозы тас бауыр...»...

Елдің жарлық жайлы құлақтанғанына бүгін оныншы-ақ күн. Сорға тұрған байтақ даланың басқа түкпірлерінен өзiрге хабар жоқ, ал бұл өңір болса, от тиген қалың қаудай жанып барады.

...Елге құлыбының майы кеппеген бердеңке асынып жиырма-жиырма, отыз-отыздан жазалаушы кетті дегенді Шымкенттен шықпай жатып-ақ естіп еді. Ауылына кеп көзі жетті. Рас екен. Өкесін өкетіпті.

Сол қолды болған өкесінің жатысы мынау...

Заманың тазы болса, түлкі боп шал дер еді. Осы шалдың аузынан өз құлағымен талай естіген.... Мынадай қысылшаң шақта жалғыз баласымен кең отырып кеңесуді артық санайтын адамның қамшыға жүгіргіш, тізеге жүгінгіш төремен төжікелесе қоярына зөредей де сенімі жоқ...

Мана, сырттан демесең, көз тоқтатып қарай алмап еді – кірген бетте, жұлдыз іздегендей түндікке ұлып тұрып алған ақ төре жарау аттай ширақы кісі екен. Сәруар ұшып орнынан тұрды. Крейгель белін жазғаны ма, қос қолын мықынына таянып, оңды-солды теңселіп кетті...

Ерсі қылығын естілікке жеңдірген төре сөйткенше болмай:

– Ассалаумағалейкүм, – деді. Ұзақ сөзді буынын жұтып қысқартпай, аузын толтырып, созып айтты.

Беліне салаңдатып бесатар асынған, діні бөтен, тілі бөтен офицердің су таза қазақшасы, қазақша қариғаты сондайлық тосын екен. Сәруар бір сөтке, сүтпен тершіген тас көргендей аңырып қалды. Ұсынған қолының төреге жетпей, ауада қаңтарылғанын да байқаған жоқ. Төренің көзі төрде екен. Сәруар, оның марғау жанарын бойлап барып, өкесін тапты – төтесінің айылы жиылып, қабағы жылымапты.

Сәруар қос қолын сылқ жанына алды, сонсоң, отырар- отырмасын біле алмай дал боп қалған ендігі сөтте қабақ астынан ұрланып төреге көз жүгіртті...

\* \* \*

Қай уәжіңе де құлқым дайын деп бірі тұр, қай құқайыңа да қабағым осы деп бірі жатыр. Өлі ұлтаны сөгілмеген кавалер етікті босаға алдына сықырлатқан Крейгель, мына екі қазақтың екіұдай мінезіне, алайда зөре-

дей де таңданған жоқ. Бұлардың, себебі, сүтпен дарыған дерліктей мінезі осы. Қазақ екеу болса, оның бірі – шоқ, бірі мұз кескінде келмек...

Ішек үзді күлкі көпіршіп кеп, Крейгельдің көмейіне дәл қазір тағы ұрды, бірақ апыл-ғұпыл қызықбау шалғаннан гөрі қысты дауысын әп-сәтте қажытып алды да, қажыған дауыспен қатал бұйрық айтты:

– Ақсақал, сіз бара тұрыңыз. Қатал болғанмен, зіркілі жоқ екен. Петрухин, – деді сонсоң іле-шала. Крейгель аузын жабар-жаппаста кеше Қараланы жетектеп кеткен қаба сақал солдат келіп кірді.

– Ақсақалды Голоножкинге тапсыр. Жайын жасасын. Еркі білсін: қаласа, бірге болар, қаламаса, бөлек жай тапсын. Намазы бар ма, тамағы бар ма – қолын қақпа де. Бұлар өзiрге тұтқын емес. Ат табылса қашан да қамыт дайын. Болам десе, тұтқындық қашпас.

Төрехан сыртқа беттегенде, Крейгель есікті өзі барып ашты.

## СӘРУАР, КРЕЙГЕЛЬ

Жарау төре, төрге, жерге жайласар алдында Сәруарға орындық ұсынды...

Қаба сақал шамада бұйрық күтіп келгендей. Бесатарына сүйеніп, төрге көп телмірді, сонсоң босағадағы тай сабаға көз қиығын сұққылап тағы тұрды, иіс тартқандай делиіп қызыл мұрын танау кетті; Төре бірақ қаба сақалға ыңғай берген жоқ; шелпек бет сары есікке сонсоң ғана бұрылды...

Төре намазға ұйығандай қозғалар емес, төрде, жаңа ғана Төрехан тұрып кеткен құрақ көрпешенің үстінде молдасын нық құрып шаншылып қапты...

– Солай, жарқыным, – деді бір кезде жарау төре. Өлгі үнсіздікке бой алдырып ап отырған Сәруар селк ете қалды... – Байқаймын, оқыған бала сияқтысың. Көріп отырмын, тараққұмар шашың бар екен – қалада істейсің-ау. Түлкі бұлаң неме керек. Адамды да, елді де омақасарда осылай түлен түртеді өзі. Жалған намыс пен жадағай елшілдік бейкүнө бұғанаға қанжар байлатып, бейкүнө шекеге оқ қаққызбақ. Мұндайда сөз ұғар құлаққа, салқын ақылдың сабыр дәлелін ұғар көкірекке не жетсін. Жаңағы өкең ғой. Білем. Алған тәрбиесі, көрген мектебі бөлек, қасаң көңдей қатып қалған адам шығар. Оған ашудың да, өкпенің де жөні жоқ. Бүкірді мола түзер деген. Моланың. Бірақ беті аулақ, – деп, жым тастап кеп, бірауық Сәруарды бақты...

«Балық басынан шіриді», – деді Крейгель ішінен, есіне қазақтың тағы бір мақалы түсіп...



Қымыз, кем айтқанда, екі таң асқан сияқты: бетіне май жүзіп, саржалқындана бастаған екен. Сәруар қиналып жұтты. Мына малдасшыл төреден секем алғаны да осы тұс еді. Қымыз екі таң асқанда мына қыстаудан ит қашқанына да кемінде екі тәулік болғаны ғой.

Кеше, нұсқаған бетпен далақтап шаба беріпті – кімнің қыстауы бұл? Мына үйдің иесі қайда? Жайлауға неғып көшпеген?

Бәсе, саршаның кешегі қысқа түнінде бұлар түнемелге қалған атқора-абақтыны қазақ аулына бимәлім қара таныс үнсіздік басып еді...

Бабынан кетіп бозаға айнала бастаған қымыз маңдайына тер бүркіп арқасын жазып еді, Сәруар енді, төс етінің қазтеріленіп бөрте бастағанын сезді. Екі босағадағы үйіліп жатқан көп бердеңкенің қоңыр сырлы дүмдерін де енді көрді.

Төре орнына, төрге жайғасқан екен. Тағы да ерегескендей қазақ аулының әдет-дағды, қимыл-қылығын жаттап өскен сыңайда сырлы зеренді қос қолдап қаусырып апты...

– Менің осы өңірде туып-өскенім рас болса, сенің жұртың жеме-жем сәттерде сөзді тоқ етерден бастайды. Мана айттым ғой: түлкі бұлаң неме керек.

Крейгель ой бауын қашырып алғандай қымыз жұтып сәл аңырып қалды да, қияқтап қойған жирен мұртының жиегін сұртті.

– Адам, асылы, кім-кіммен сөйлескенде де терезенің теңдігін түп қазық қып ұстауға керек. Биеден ала да тумаж, құла да тумаж деп, өздерің айтасың. Ел үстінен күн көргесін, шалқақ иық кей ұлық, кері шаптырар дерт табады. Сұхбаттасы кергігенде, қазақтай шамшыл елдің иіле қоюы қиын нәрсе, әрине. Указдың үстінде оның мән-жайын халыққа түсіндіру деген мәселе туып еді. Өлгіндей тайқы зерде, тайыз ой атарман-шабармандардың кесірінен елді үркітіп алдық. Сол себепті де өлкенің басына ағайынның қан төгіскеніндей қайғылы хал туып отыр, бала... Аты-жөніңді білмедім, – деді сонсоң ұзын сирақ офицер.

Деді де, сары ала зеренді шиырып жіберді. Сары ала зерен сары ала текеметті жабу пішкендей дөңгелеп сызып шығып, енесіне, сабаға тартты.

Құдауанда, әкесінің де шай кесені осылай бездірері бар еді.

– Сәруар.

– Сен жаңағы бұзық шалдың баласысың ғой.

– Иә.

Жігіттер сені, кеше, қалада деп келіп еді.

– Иә.

- Ташкендемісің?
- Шымкентте.
- Қашан келдің?
- Кеше.

– Ауылыңа соқтың ғой?..

– Бүгіндері ауыл қалды деймісіз? – деді Сәруар. – ...Ауылдан адам өкетіпсіз. Оның кім екенін сізге менің тәптіштеп жатқаным жөннен кетіп, жосықтан асқан ділмәрсү болар еді. Сіз деп кесіп айтам...

– Да, – деді Крейгель. – Да.

Құптағаны ма, тосын сөзге кезігіп, тосырқау білдіргені ме, құлақ түбінен тер шыққан Сәруар оны ажыратқан жоқ.

– Да, – деді Крейгель, сонсоң тағы да. – Байқап отырсың, мен өзі тілмаш ұстамайтын ұлықпын... Айтқаныңды ұқпады деп қалма. Сол, ұққаным рас болса, өкең өзіңнің о жақ, бұ жағыңда болуға керек.

– Мүмкін. Мен, бірақ, керісінше ме деп ойлап қап ем.

Бізде «Атадан бала мысқал кем тумас» дейді.

– Сенің өкеңнің, бірақ Ташкент барып, кітап ақтарғанына куәлік айта алмас ем.

– Мықтылық пен мығымдықтың белгісі кітап ақтару екеніне кепілдікті мен де бере алмаймын, Крейгель мырза. Оған қоса, о кісінің ақтарған кітабын сіздің көрмеуіңіз де ғажап емес...

Сәруардің қиналған тұстарында, сол қолдап шеке сығар өдеті бар-ды; өлгі дірілді зайыр сезгені сонша, көтере берген қолы бір сәтке – мана төре кіріп келгендегідей, көз алдында қаңтарылып қалды.

Сырт көзге ұзын сирақ офицерден қорғанған бір сыңай боп та ұғылады екен.

– Солай ма?

– Жалғыз сөз бен екі қаріп, төренің аузынан екінші өргенде, орыс орақ боп иілгеніне қоса, шалқалап туған жаңа айға да ұсады.

Қариялар шалқалап туған айдан қорық деуші еді. Крейгель енді, мұны оп-оңай жасқап алған бетте, үсті-үстіне бұршақтатып кетті....

Үлкенді сыйлап өскен ізетті жігіт, енді жарау төренің нұсқаған жағына құлап, апыл-құпыл тіл қатысқысы келді.

Өйтеуір, тіл қатпай, өлгі бірдегі асыңқырап-тасыңқырап сөйлегеніне кешірім өтінуге де дайын екен. Бірақ, тас Құдайдай қатып қалған Крейгельдің көктұқыл бетінен сөз даритын өң таба алмады. Көзіне қоса төренің беті де шыныланып апты.

Бірақ, Крейгель қатып қалды деп мұның қақшия беретін реті жоқ. Қолды боп отырған себебі оның, сөзі жұмсақ, көзі мұз Крейгельдің әкесі емес, мұның, далада дырдай, қалада жәутік Сәруардың әкесі – Төрехан.

– Төрехан, – деді Крейгель кенет. Сәруардың әкесін есіне қайта алар тұсын аңдып отырған, біліп отырған екен...

– Төрехан, – деді Крейгель сонсоң тағы да... –Төрекең дейсіңдер ғой сендер о шалды. Мен біраз ойланып байқадым. Жаңағы бір айтқаның дұрыс... Рас, әкеңді алдырған мен. Бірақ, есаул Иноземцевті алып қашқан да Төрехан ғой. Не дейтін еді өлгі? Ах, да, баш на баш. Вот именно, баш на баш. Вот именно.

Маналы бері тебініп отырған Сәруар бұл жолы, тағы да үндей алған жоқ. Үндегенде не десін – жарау төренің айтып отырғаны рас. Осыдан екі күн бұрын, он мылтық боп тау бөктерлеген каратель отрядты төтесінің он жігітпен қылтадан басып, алтын иық біреуін тартып ап кеткенін кеше ауылдағылар айтқан. Алтын иық ұлықтың түнемел түрмесін де ұмытқан жоқ – Қазығұрттың Келес жақ сыртындағы Қыземшек дүлей борандарда үйір-үйірімен арқар паналайтын таса.

– Байқап отырмын, мені тінткілеуге кіріскенсің ғой. Мейлің. Оныңды және сөгерім жоқ... Бірақ... мені тыңда: менің сенен көргенім де, татқаным да көп болар деп ойлаймын. Мен білгенде, өмір – ата, намыс – бала. Осы себепті де, өмір ата басымен, баланың – намыстың қанжығасына байланбауға керек. Өз сөзіңе иек артсам, керісінше шығар.

– Керісінше шығар, – деді Крейгель аз үзілістен соң.

Құшырланып айтты, сонсоң малдасын жазып, іргедегі жұкаяқтан қоянсұр пүліш жастық алып қолтығына қысты да, Сәруардің үй жағдайын, қаладағы қызмет бабын адалап сұрады...

– Сен бала, қысылма. Білем, жай түскендей төтен жағдайға тап болғанда, адам есеңгіреп қалады. Азаматтың бірақ болмасқа мұқалғаны жармайды. Еңсеңді көтеріп отыр, – деді Крейгель, сонсоң текеметтің үстіндегі картузын шекелетіп киді де, орнынан тұрды.

– Төрехан саған әке болса, Иноземцев маған дос. Бесіккертпе дейсіңдер ғой сендер. Қаздиып табуреткада сен отырсаң, қылжиып төрде мен жаттым. Азаға – жә, жарайды, азаның беті аулақ – ойға сен де күпті, мен де күпті. Төреханның тағдыры менің қолымда, Шураның тағдыры Төреханның қолында. Әкенің қолы – баланың қолы, Шураның тағдыры сенің қолыңда. Қаздиган мен шолжиғаннан басқа не айырмамыз бар? Ну? – деді Крейгель есікті қиялай ашып тұрып.

Төренің дауысы бүгіндікке алғаш рет қатқыл естілді.

## ҚАРАЛА

Қарала мына жарбиған сарының бір ауыз сөзіне түсінген жоқ. Өзі де бір төштиіп ап, көп сөйлейтін бейбақ екен. Иіскескісі келе ме... мұның тұмсығына жүгіреді. Қарала, бірақ қаздиған басын өлі иген жоқ... Бейбақтың өзін бір сыңайда аяп та тұр. Қорбаң-қорбаң қимылына қарап жылқымен сырлас боп көрмеген біреу ме деп те қалады... Қараланың жарбақ сарыны үйездегендей бір қимылда ұшырып түскісі келіп еді. Қамшы жеп қалам ба деп қорынды....

Иек асар биікте жалғыз тесігі бар ат қораның іші және де қапырық екен. Мынау, шамасы, өйтеуір, көлеңке болса салқын деп ойлады-ау. Өйтпесе, ана, бұлақтың жағасындағы қалың шардақ жиденің бауыры жетпеп пе. Жас тезек болса бір сәрі, ескі тезек танауына итсигек тыққандай тыныс тарылтады, оның үстіне қолтыққа ұрып тұрған самал да жоқ – Қарала жарбақ сарыға аларып бір қарап алды...

Қарала құлағын тікті, ештеңе естілмеді...  
...Қарала жауыр боп өзінің қалғанын сезді.

## СӘРУАР

Крейгельдің екінші дәрісінің үстінде Сәруар көрінеу көзге бастығырылып қалып еді. Көкейіндегі қомданған сөзді ұшыра алмай қойды...

Шілденің ыстығы ақ киізден де өте бастаған екен. Сәруар іргеден ортаға қарай сырылып отырды...

«Жетім қозы тас бауыр...»

Егіздің сыңары өлі есіне түспепті. Жалғыз жолдың өзі де және бұл келісінде, өзінен өзі сауал тудырып қадалып келді. Тас бауыр қайсың, жетімдікке алдымен көнетін қайсың деп шүйліккендей. Бірақ қабақ шытып қиналатындай сауал емес екен.

Бесіккертпе құрдасы жазатайым оқ қапса, френч киген ақ төренің жетім қалмасын біліп те отыр. Ақ төре, көп болса, жалқы қалар, жетім қалмайды ғой. Достың жөні бір бөлек, өкенің жөні бір бөлек – ақ төре досынан айрылғанда, әрине, жетім қалмайды. Сәруар, бірақ Крейгель жалқы қалса, өзінің жетім қаларын ескермепті. Иноземцев оққа ұшса, атылар кезек өкесіне келмек екен.

Сәруардың қары ұйыды. Қаталап шөлдегенін тағы сезді, төтесіне бірақ, оқ қаптырған жоқ, сабамен іргелесіп, сабаны емердей боп емініп жатқан үйінді винтовкадан да көзін тайдырып өкетті: төтесінен бесатардың қарауылына ілігердей сөкеттік таба алмап еді.

Карательдің бір офицерін алып қашса қашқан-ақ шығар. Таспен ұрғанды аспен ұратын жағдай бар ма қазір. Бес қаруы түгел каратель отряды Қазығұрттың шатқал-шатқалын кезіп кеткенде арқар атып, кекілік көздеп жүр деймісің. Сәруар, бірақ, тас атқанға ас ататын жағдайдың жоқтығын білгенмен, бар жағдайдың аты-жөнін, мән-мазмұнын шылбыр ескендей ширатып кете алмады. Бар білері: осыдан жұма жарым бұрын шыққан указдың жылы қорадағы кенеше балалап бүкіл уәләяттің аш тақымына жабысып жатқаны. Елдің қадау-қадау бас көтеріп, атойға басқанынан да хабардар. Бұларға қосып кешелі бергі бір білгені – осы дүбірге әкесінің, әкесіне еріп ауыл-аймақтың қосылғаны. Бір жағы қансырап ап, елдің қолына қарап қалған өкімет пен майдан; бір жағы тұнығы шайқалып, намысын жыртып шықшыты қарысқан ел. Екіұдай, екі бірдей қиракезік от шоғыр. Осынау екі шоғырдың қайсының ақиқатқа иек артып, қайсысының нақақтан күйіп жатқанын өлі күнге төңіректеп болса да, ойлап көрмейсің.

Ру таратып, жыл қайырғандай төгіп-төгіп кеп, өзің мен өзіңнің айырым енімді ажыратып бер деп төрде төре ол отыр. Сауалыма жауабым деп тақымдаған жоқ, тағы бір пәленің терісін іреуге кіріскендей жинақы. Әдейі істей ме, малдасын да қайта құрыпты.

Төренің мына молда момын қалпын көргенде, Сәруардың есіне әкесі түсті. Қайда кеткенін білмейді. Үйреншікті ат қораға қайтадан жабылған шығар деп отыр...

## КРЕЙГЕЛЬ

Жас жігіттің кенет әлем-тапырығы шыққанын, оның сонсоң қаша тартып, қаша айтысып кеткенін Крейгель байқап қалды. Қашсаң, қаш деп отыр... Езуі жырық жылқыдай елпілдек баранчукты екі бұрап, бір-ақ қылғытпай отырса, оның басқадай себептері бар. Ол себеп – Иноземцев...

Әрине, бес солдатты екі-екіден теңдеп келгені үшін Фольбаум бастаған дуанбасылардың маңдайынан сипай қоймасы Крейгельге белгілі...

Ал Иноземцевтің жөні, әрине, бөлек. Петербургтегі оқуын тастап, майданнан бас сауғалап Ташкентке, банкир әкесінің қолтығына кеп тығылған Иноземцев, жаман айтпай, жақсы жоқ, қазақтың қолынан жазатайым жаза болса, Крейгельдің мансап жолындағы көп үмітіне қарға сарымақ. Верныйдың полиция басқармасына бастық боп кетуге жағдайы бар-ды. Сонсоң да Крейгель кеше, тоғыз бірдей солдат Иноземцевтен айрылып ілбіп қайтқанда, ойланып-толғанып жатпай-ақ Төреханның ауылына аттанды. Аттанғанмен шапқан жоқ; басқа ауылдар сияқты туырлығын тіліп, от қойып, ауыл

адамдарын өңменінен оқпен тізген жоқ. Ауылда еркек кіндік онсыз да жоқтың қасы екен. Ауыл ағасы Төреханды трапшенкеге отырғызып ап кетті. Ұлардай шулап дауыс салған ауыл адамдарына жөнін де айтқан. Үлкенді-кішілі соғыстың, аңдысу-атысудың атам заманнан келе жатқан заңы барын, Иноземцев аман-есен қайтқан күні Төреханды өз қолымен осы арбаға отырғызып, әкеп тастарын таза қазақша түсіндірді. Төреханнан, бірақ қатты шошып қалған екен. Кеше, осылай қайтып келе жатқанда қилы-қилы орағытып кеп Төреханды сөзге талай тартты. Өлкені мақтап, қазақты мақтап, өзбекті шенеп, мынау указ, мынау қанжоса қырғынның түсініспес бір жағдайлардан бас алып кеткенін қанша бипаздағанмен, Төрехан тіс жарған жоқ-ты. Баранчуктың әкесі балта жүзін майырар емен көздігін кеше аямай көрсетіп еді, мана тағы байқады – әлі сол қалпы екен. Ол қақпас мойымай Шураның қолға тимесі Крейгель үшін дәл қазір, тайға таңба басқандай...

Бүгін дүйсенбі. Кешке қарай сәті түссе, Витька Сафроновтың қырық солдатты келмек. Мосли кезенген қырық солдатқа тас басы бір қазақ болса да төтеп бермек емес. Осы Рабатқа ірге тепкен төрт күннен бергі жинаған хабарына қарағанда бұл баурайдағы бунтшылардың ұясы үш жерде. Келер солдат қырық болса, мұнда Иноземцевтің тоғыз жетімегі бар, ал өзінде, он солдат, сонда бақандай алпыс адам. Алпыс мылтықпен, түн жамылып жіберіп үш ұяны бірінен соң бірін қақсатам десе мұның қолын қағар кім, мұның аяғын құшпас кім бар.

Қарпыңқырап кеткен екен, Крейгель, ах да, – деді. Ах да, үшеу емес, екеу. Үшеу екені үшеу, әрине, бірақ, үшіншісін әзірге біле алмай жүр. Бір ұя – мына, Қазығұрттың қарсы бетіндегі Айтас, екінші ұя – мына Ташкент жақ беттегі Қазақбайдың қыстауы, Қосмола. Ал үшінші ұя осы Рабатты қыстайтын Мұқағалидың ауылы ма деп жорамалдап еді. Ол тігулі үйін де жықпай көшіп кетіпті. Ал, көп тақымға Иноземцев көкпар боп кеткелі бері Төреханның ауылынан да күдер үзді...

Иноземцев аман-есен қайта келген күнде үшінші ұяның да беті ашылуға керек. Иноземцевті сонда қайтып құтқармақ – Крейгельдің мына баланы ұзын арқан, кең тұсаулап отырған себебі де осы болатын... Айырбасқа сен келіссең, мен дайын. Баш на баш.

Бұл енді Крейгельдің сырттан, аңғал жаудың өзінен күтер көмегі. Бірақ, жауға сеніп қамсыз қалуға жөн жоқ. Қол қусырып өздері келіп жатса, Крейгель қарсы емес; Құдай, алайда, сақтансаң, сақтамақ... Төреханның ауыл-аймағын, кәрі-құртаңды айдап келуге болады, әрине. Мұндайда, бірақ жағдай қиындап кетеді екен. Әкесі мен шешесін арқалап жүріп бағуға бар мол қазақ, өлгеніне қарамай, алақандай Рабаттың аяғын аспаннан келтіруі мүмкін. Оның үстіне кепілге тұтқын ұстағанда, сан емес, сапа

керек. Екі қап сүзбеден тай саба қымыз артық. Төрехан, сол, тай саба сары қымыздың өзі... Ендігі шаруа, осы аталы-балалы екеуін шошытып алмай, таға игендей қыздырып-қыздырып, икемге келтіру. Баланың беті өзирге теріс емес, ал шал, шал болса...

Осы баланың үшінші бекіністен хабары бар-жоғын Крейгель біле алмай отыр. Өкесінің айтпауы да мүмкін екен-ау... Сөзге сараң қақпастың өздігінен айтпауы мүмкін – бір. Мынаның сұрамауы мүмкін – екі. Ал үшінші сыңай осы екеуінің ортасынан шықпақ – мұның сұрап, көрі айғырдың айтпауы мүмкін.

Төртінші сыңайды – Сәруардың үшінші бекініс жәйлі ауылдан құлақта-нып келуі мүмкін екенін Крейгель ескерген жоқ.

Сұрап көрсе ме екен, әлде? Айта қойса жақсы, біле қойса жақсы. Онда шабуылды, Софроновты күтіп ап сол үшінші ұядан-ақ бастар еді. Жо, деді Крейгель. Асықпаған арбамен қоян алар өздерінің сөзі ғой, бұларды да бір тыңдасын енді. Бұл сұрауын сұрап ап, ол айтпай, не білмей қалса, онсыз да пышақ үсті мәселені қиындатып алар...

Крейгель қалтасынан үнемі тастамай жүретін киік кенейді шиырып жіберді. Бала кезінде, Черняевканың талай тақырына тәйкелеткен кеней еді. Бұ жолы шік түсті.

Уақыттың тарлығын-ай. Жалғыз үміт енді балада қалды. Төреханды кешке дейін, не өрі кеткенде, таң ата көндіріп берсе, киік кенейдің алшылағаны. Іс, әйтпесе, қиындап кетпек. Шабуылды ертең түске, ертең кешке қалдырар-ақ еді. Фольбаумның бұйрығы бірақ басқадай; ақпарды арғы күні таңертең күтіп отыр. Үш ұяны ертең түнделетіп баса қойғанның өзінде, Ташкентке ақпар жетіп үлгермейді екен.

Крейгель жастыққа қисайды.

Майдан – бір, Ташкенттің, Торғайдың, Жетісудың қазағы – екі, Алаудың қырғызы – үш; бұл үшеуі аздай-ақ, бесінші жылдан бері құрып кеткен болшевик деген қарақұлақ тағы шықты....

Тұтқын екеу, бірақ, уақыт тар.

– Ну, – деді Крейгель манағы, шығар алдындағы «нуына» жетек қосқан-дай. Кенейін де қалтасына қайта салды. – Көп ойландың ғой... Ойлануға уақыт жетеді, әрине. Бірақ, келер шешімге ертерек келгеніміз дұрыс. Менің де айтпағымды онсыз да түсінеді ғой деп ойлаймын. Есті баласың ғой.

...Үйдің оң қапталындағы жасыл кілемнің бетіне сирақты мылтық, қынына күміс қаптырған қайқы қылыш пен қабан қанжар ілініпті. Крейгель қылышты алды, сонсоң, доғал еркектің бала жұбатқанындай қос алақанына сап салмақтап көрді де тырнағын жонып байқады.

– Бунт, – деді сонсоң қылышты қынына сарт сүңгітіп жіберіп. – Айтсам айтты дейсің ғой. Бунт неңді алған сендердің. Қынға бұққан қылыштарына дейін төршіл тағы да. Крейгель қылышты орнына ілді де, дүрбісін алып шырын кетті...

## ТӨРЕХАН

...Төрехан иығындағы түйе жүн шекпенді сырып тастап, бешпентпен қалды. Сонсоң көрлен кесені бөкене сары солдатқа дөңгелетіп жіберді...

Төрехан бірден таныды. Сол, Мұқағалидың сұр бөйбішесінің он литрлік ақ самауыры. Темір тиген бе, оң жақ бүйірінің никелі ұшып, қабысыңқырап қалыпты...

– Әй! Сен қазақша білемісің осы?

– Біледі, біледі, – деді сары солдат.

– Аты-жөнің кім?

– Голоножкин, бабайка.

– О не пәле тағы да?

– Жалаңаяқ деген.

– Е, ей, бейшара-ай, – деді Төрехан Голоножкиннің аяғына қарап. Қай баласың деп сұрағысы кеп еді, бұлардың ел-жұртты білеріне көзі жетпеді...

– Анауың кім? – деді Төрехан Сәруар қалған үлкен үйді иегімен нұсқап.

– Бастық, – деді Голоножкин. Сонсоң сәл ойланып қалды да шегіне жетіп түсіндіргісі келгендей: Начальник, – деп қосты.

– Аты-жөнін айтам.

– Мырза Крейгель.

– Шені қалай?

– Офицер–следователь...

Түрулі іргеден Қазығұрт жаққа тесіліп ұзақ қарады. Мана Сәруар екеуін үлкен үйге әкеле жатқанда, Қазығұрттың төсінен құзғынның қарақұрым бұлтын шырамытып еді. Көмілмей қалған қай ауыл екенін өлі ажырата алмай отыр.

Тесіліп қарағасын көзі талды ма, жас әлде, шынымен, келді ме – жанары суланды.

– Қазығұрт кеткен кімнің өтреті?

Голоножкин екі елі ауызға бес елі қақпақты көрсетіп аузын басты. Төрехан аққұйқа бастағы ақ жібек орамалмен көзін сүртті де, ұқтым дегендей, басын изеді. Сен пақырдың қолыңда тұрған не бар? Шауып бар да, қырып кел, мырзаңа сен де бір, келтек те бір. Келтек болғанмен, бесатарың бар төбетсің-ау, сен шірік...



– Әй, – деді Төрехан кенет, – жанарың шынылау немесің ғой. Қарашы, Қазығұрттың төбесінде құзғын бар ма?

Голоножкин басын шайқайды.

Төреханның шілде десе, шілденің қапырығы десе, қаны қараятыны да осы. Бердеңкенің дүрсілін қыр асырмай, жұтып қояды, пәдеріңе нәлет. Шіркін, ешкі түшкіріктің өзін жаңғыртып алып кететін қауыстың қызыл шұнақ аязы болар ма дейді. Аяз болса, қашып атысқан, көрінбей атысқан төрт-бес жігіттің соңынан шатқал-шатқалға емініп еріп келген қалың карательді лақша бақыртып, шықшыттан атуға да мүмкіндік бар екен. Аяз жоқ бірақ...

Сонда бірақ не істемек?

Ауылдағы сойыл соғар дәрмені бар жігіт-желең мен отағасын Қыземшекке аттандырып, жүз үйлі ауылдың қатын- қалаш, бала-шағасына өзі бас боп қалғалы бері каратель отрядтың ат тұмсығын кеудесіне, әйтеуір, бір тірерін Төрехан біліп те жүрген...

Осы өлкенің өткен-кеткенінен біраз хабары бар, талай жаугершілікте талай атты зорықтырып, мықтымын деген талай босқынның бұғалығына қанжар жүгірткен көрікөз шал, шау тартқан мына шағында, азалы елдің ендігі өксігін көтере алмасын қатты байқап еді. Арқыратып ат мініп, ақырып шығар шамасы жоқ. Кепкен қызыл жыңғылды екі бұрап, су тамызар баяғы қыршын жасы мен қайраты жоқ. Бірақ көрілігі, жілігінің жұқарғанын саудалап, қарап та қалғаны шамалы. Бұл орайда Төрехан үлес деп қосқан азғана мал-мүлкін, сон-а-ау бір жылдары өкесін құндап барғанда, мына Шыланзардағы өзбектен алған тай-тұяғын айтпайды. Айтары, лұғатты ұранның үстінде бас сауғалап, бұқпағаны. Сөзі өтерге сөзін салды, қорқарына, қорқауына қамшы жұмсады, ақырында, аттанған қолдың артын бағып, карательдің қарауылында жалғыз қалудан да бас тартқан жоқ. Оның үстіне осы өткен сенбіде бір топ қыз-қырқынды Қыземшекке тағы аттандырып қайтып келе жатқан бетте, кездейсоқ кезіккен отрядқа он жігітпен тосыннан тиісіп, жез жағалы біреуін алып қашқаны тағы бар. Ойлап қараса, осы қимылы тұшынуға, әсіресе, тұрғандай екен. Енді, Қыземшектегі азғана қолдың басшылары қыбын тауып, қимылдай алса, бір отряд емес, осы төңіректегі бар отрядпен шарт қойып, шалқалап сөйлеуге мүмкіндік алмақ. Мына жалаңаяқтан шым-шымдап сөз тартып отырғаны да осы: Алла жазып, құтыла қалар күн болса, каратель отрядтың қадау-қадау бекіністерін Өтеп пен Мұқағалиға айта да бармақ еді. Оларды да, бірақ қолын қартаға малып қарап отыр деп ойламайды. Бұл өңірдің жетелі қазағы алдын кеспейтін мына Созақ үстіндегі Мәлік батырға кісі шаптыру керектігін, қай бір күні Өтеп те айтып отырған. – Шаптырса, құба-құп, – деді Төрехан.

Жер шалғай болғанмен, намыс шалғай, көңіл шалғай емес, Құдайға шүкір. Біріксе тізе бірігер, бірікпегеннің өзінде ұран қосылса, аз боп па?!

– Құлыным-ай! – деді сонсоң Төрехан, есіне баласы келіп түсіп кетіп.

Көшелі жігіт боп өсіп келе жатқан баласына мына сойқан қатер болмаса, игі еді деп отыр...

(Жалғасы бар)



## СӨЗДІК

**Батсайы** – қалың жібек.

**Жаңбырлық** – жылқының сауырындағы ойыстау тұсы, суағары.

**Зайыр** – айқын, анық.

**Итсигек** – тамыры жуан, көп жылдық, жартылай бұталы өсімдік.

**Құдауанда** – Құдай тағала; О, Құдай.

**Мәлін** – сырт пішіні үй мысығына ұқсас, кішірек аң.

**Сапиян** – ешкі терісінен жасалған былғарының ең сапалы түрі.

**Сере** – бір сүйем ұзындыққа тең.

**Сүбе** – қабырға етегіне біткен, майлы, қалың ет.

**Шабыр** – ала-құла, ойдым-ойдым.

## Әдебиет теориясы

**Метонимия, алмастыру** (грек. *metonymia* – қайтадан атау) – троптың құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету. Метафорада астарлы, ауыспалы мағына екі нәрсенің ұқсастығының негізінде туатын болса, ал метонимияда олардың бір-бірімен жалғастығы, байланысы негізінде туады. Өйелді – «ақ жаулық», әскерді – «қол» (қалың қол), малды – «тұяқ» («қара тұяқ қырында жатпас»), бүркітті – «ақиық», «мұзбалақ», қылышты – «наркескен» деуі осыны көрсетеді. Метонимия – бір нәрсемен екінші нәрсені алмастырып айтудың өте ұтымды тәсілі. Мысалы, әскерді «қол» деудің өзі әншейін айтыла салмаған, әскери адамның қарулылығын, күш көрсете алатынын, қорғаушы бола алатынын осылай айту арқылы бірден-ақ аңғартып тұр. Метонимия сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылады.



1. Жазушы Асқар Сүлейменов туралы осы кезге дейін білетін бе едіңдер?
2. Оның қай шығармасын білесіңдер?



1. 1916 жылғы оқиғаларды суреттеген шығармалар қай жанрға жатады?
2. Бесатар – қарудың атауы, бұл қолданыста сандық көрсеткіш маңызды ма? Осындай сандық атау қолданылатын тағы қандай түрлері бар?



1. Хрестоматиядан шығарманың жалғасын оқыңдар.
2. Повесті оқи отырып, өздерің түсінбеген сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтеме бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар. <https://kazakh.academic.ru/>  
Олардың арасында көркемдік құрал ретіндегі сөздер болуы мүмкін екендігіне де мән беріңдер.
3. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Повестке тарихи және көркем құндылығы бойынша талдау жасаңдар.
2. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

### 3. Авторлық идея және авторлық бейне қалай көрінеді?



1. Повесть тақырыбы мен идеясы қандай ой салады?
2. Туындының тарихи және көркемдік құндылықтарын тұжырымды түрде жазыңдар.
3. Топқа бөлініп, тарихи және көркем құндылықты дәйектейтін үш дәйексөз табыңдар.



1. Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» романындағы тарихи және көркемдік құндылығы туралы әдеби сын жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

1. Қарсы алдынан түйе жүн ақ шекпен киіп, Қарала мінген аққұба шалды көрді. Иноземцев, сосын, иығын түсіріп, бір қадам алға шықты да: – Ассалаумағалейкүм, – деді.  
Тізгінді қоя беріп, қос қолын қабат ұсынды да, Қараланың үстіндегі құндыз бөрік шал мұның алақанына екі бүктеген қамшысын сұқты. Қазақтардың сәлем үстінде сілкілеспесін білетін Иноземцев қамшыны жеңіл ғана қысты да, қоя бере салды.  
**Сұрақ:** Автор осындай суретті көз алдымызға келтіргенде, нені айтқысы келді? Түйе жүн шекпен киіп, Қарала мінген аққұба шал кім? Ол не себепті Иноземцевтің сәлемін дұрыс алмады.  
а) Иноземцев ат үстінде тұр, сондықтан шалдың қол беріп амандасуға мүмкіндігі жоқ.  
б) Қамшы – қасиетті құрал, сол себепті жазушы осындай ерекше амандасудың жолын көрсеткен.  
с) Аққұба шал – Төрехан; оның қамшыны екі бүктеген күйі амандасуы Иноземцевтің сәлемін қабыл алмағанын білдіреді.
2. Төтем шалқасынан, мен етбетімнен ұмар-жұмар ұшып түстік. Алдымен төтем тұрды, беліндегі құлаш жарым батсайы орамалын шешіп, топырақ жұққан қарақұсын сүртті, бірақ үсті-басын қағынған жоқ. Сонсоң батсайы орамалды беліне қайтадан байлап жатып: Бар, – деді. – Бар. Бір Құдайға тапсырдым, қайтейін. Мен бауырына қыса ма деп, осылай ұмсына беріп ем, қыспады.

Мен қаба сақалдың алдына түсіп, шығып кеттім.

**Сұрақ:** Автор бұл үзіндіде нені айтқысы келді?

a) қарттың мінезінің қаттылығын.

b) ұлын қиын шақта көңілі босамау үшін және рухын сындырмауын ойлаған себепті бакырына тарпады.

c) Шығармада екі кейіпкердің де құлағаны айтылған.

3. Іркілдек сары бетін шешек шұқыған кексе солдат түсер-түспесте жетелеп кетіп еді, барған бойда отқа қойса, қызылмай боп та қалған шығар.

**Сұрақ:** Солдат нені жетектеп кеткен, отқа қоюдың қажеті қанша болды? Отқа қою деген нені білдіреді?

a) Солдат атты жетектеп, жем-су тұрған жерге апарған болуы керек.

b) Солдат тура мағынада отқа қоюы мүмкін, себебі ол ат тұтқындардың аты.

c) Солдат атты алып, шөбі көп жерге жіберді.



### *Оқушы күнделігі*

*Осы кезге дейін 1916 жылғы оқиға туралы білгендеріңе Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» повесі қандай ой қосты? Осы туралы жазыңдар.*



### *Фалаитор*

1916 жылғы оқиға туралы хабарларды тамашалаңдар, сыныпта пікіралысу ұйымдастырыңдар.

I бөлім бойынша  
ТЕСТ

1. Кенесары тағы да ойға шомды.

*«Абылайдың жолын қуу – бүкіл қазақтың басын қосып, үш жүзді билеу деген сөз.*

*Үш жүзді билеу – сұлтан атаулыны аяғына жығылтып, Әбілқайыр, Сәмеке, Нұралы, Бөкей, Серғазы, Уәли ұрпақтарын өзіне табындырып, барлық қазақты аузыңа қарату...*

*Қазақ елінің жаудан жерін, еркіндігін қорғау мен Үш жүзге Қасым төре балаларының үкімін жүргізу – қазір бір тілек, бір мақсат. Ал осы тілек, осы мақсаттың орындалуына ең қолайлы кезең – бүгінгі кезең... Бұдан былай қарай мұндай сәтті кезең тумауы мүмкін. Россия патшасы, Қоқан, Хиуа хандықтары тәрізді жауларымыз халықтың еңсесін мықтап тұрып бір түсіріп тастаса, қызба қанды қазақ қайтадан бас көтере алмайды.*

*Жоқ, бүгінгі күн – ең қолайлы күн...»*

*Кенесары енді қабағы қарс жабылып, езінің қойған сұрағына шешім іздеп ой теңізіне біржолата сүңгіді.*

*Кенесарының бұл ойлары қай көркемдік тәсілге жатады?*

- A) Құбылту
- B) Шендестіру
- C) Монолог
- D) Пернелеу
- E) Градация

2. Роман оқиғасы бойынша, Алтыншаштың тұтқын болуына не себеп болды?

*Бірінші Николай патша 1825 жылы 11 февраль күні, қазақша Тауық жылы ақпан айының он бірінде Сібір генерал-губернаторы мен Орынбор соғыс губернаторына Сібірмен шектес қазақ секілді «бұратана» ұлттардың жас қыз балаларын қолға түсіруге жарлық берген.*

- A) Ожар сатқан
- B) Сәмен ұстап берген
- C) Соғыс кезінде қолға түскен
- D) Біреуге алданып қалған
- E) Соғыс болып жатқан себепті ауылынан қашқан

3. Алтыншаш Сейтегенге қалай туыс болып келеді?
- A) Жиегі
  - B) Қызы
  - C) Алтыншаш – Тайжанның қызы, ал Тайжан – Сейтегеннің інісі, яғни інісінің қызы қарындасы
  - D) Досының қызы
  - E) Жауынгер қыз
4. *Төртегі – тырсыған домалақ ақ шал... Үкікөзденіп сәт-сәт жапақ ете қалғанда, ұстараның жүзіндей алмас сұр өткірлік байқатады...*  
Бұл қай кейіпкер?
- A) Сәруардың әкесі – Төрехан
  - B) Крейгер
  - C) Иноземцев
  - D) Головожкин
  - E) автор өзін жазғаны
5. *Елдің жарлық жайлы құлақтанғанына бүгін оныншы-ақ күн. Сорға туған байтақ даланың басқа түкпірлерінен әзірге хабар жоқ, ал бұл өңір болса, от тиген қалың қаудай жанып барады.*  
Романда аталатын жер атауларының тізбегін белгілеңдер.
- A) Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш, Түркістан
  - B) Жамбыл облысы, Талас
  - C) Шымкент, Қазығұрт, Түркістан
  - D) Оңтүстік Қазақстан, Арыс
  - E) Шымкент, Сарысу
6. *Бір Сәруардан үш Сәруар тарағандай. Сәруардың бірі «Атыласың» дейді, бірі «Атылмайсың» дейді. Ал қалыс қалған мен, ол екеуінің қайсысына құлақ асарымды білмей, дал болдым.*  
Сәруардың бұлайша үшке бөлінуі қай кезде болған?
- A) 1917, 7 шілде, сәске
  - B) 1918, 7 шілде, сәске
  - C) 1916, 8 шілде, бесін
  - D) 1918, 7 шілде, сәске
  - E) 1916, 8 шілде, кешке

**7. «Жетім қозы тасбауыр»**

**Бұл сөзді айтқан қай кейіпкер?**

- A) Төрехан
- B) Сәкен Сейфуллин
- C) Кенесары
- D) Сәруар
- E) Сәмен

**8. А.Сүлейменовтың «Бесатар» повесінде оқиғаның басталуы қай мезгілді көрсетеді?**

- A) 1917, 7 шілде, сәске
- B) 1916, 7 шілде, бесін
- C) 1918, 7 шілде, сәске
- D) 1916, 7 шілде, сәске
- E) 1918, 7 шілде, сәске

**9. С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі ұйқастың қай түрімен жазылған?**

- A) Аралас ұйқас
- B) Шұбыртпалы ұйқас
- C) Шалыс ұйқас
- D) Егіз ұйқас
- E) Қара өлең ұйқасы

**10. Шығарма бойынша, «Он бес қадымдай жүргенсін Крейгель қылышын суырды да, оны жерге қадады.**

**Крейгель маузерін ...ұсынды».**

**Көп нүктенің орнына тиісті сөзді табыңдар.**


- A) Иноземцевке
- B) Голоножкинге
- C) Жапалақ сарыға
- D) Төреханға
- E) Сәруарға



## II бөлім

# ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ

Сөз ұғар ұрпағы бар ел бақытты. Ұғуға жарамды сөз қалдыра білген аға буын қадірлі. Ұрпақтар жалғастығын көзбен көріп жүрсек те, көңіл көзімен ғана байқайтын парасат пен пайымның атқаратын қызметі ерекше. Сол көзге көрінбейтін парасат пен пайым өдебиетте көркем дүниелер тудырып, ұрпақтардың саналы болуына қызмет етеді. Бұл – ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан қастерлі алтын арқау, сол нәзік тінді, ұлттық парасат-пайымымызды жоғалтпауымыз керек.



**СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙ**  
(1947 жылы туған)

Смағұл Елубай 1947 жылы Түркіменстандағы Шаржоу облысында дүниеге келген. Ол туған еліне, Қазақстанға 1961 жылы қоныс аударған. Қазақ мемлекеттік университетін, кейін Мәскеудегі сценаристер дайындайтын жоғарғы курсты бітірген. Сонан соң 1976–1992 жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясында қызмет еткен. Республикалық басылымдарға да еңбек сіңірді.

**Шығармашылығы.** Жазушының «Ойсылқара» (1972), «Саттар соқпағы» (1975), «Жарық дүние» (1978), «Білте шамның жарығы», «Ақ боз үй» (1989), «Мінажат» (1994), «Жалған дүние» (2001), т.б. кітаптары жарық көріп, өдебиетке өз жаңалығын қосты.

2005 жылы «Ақ боз үй», «Мінажат», «Жалған дүние» – үш роман топтастырылып, трилогия ретінде жарық көрді.

«Ақ боз үй» романы бойынша «Қазақфильм» студиясы «Сұрапыл Сүржекей» атты екі сериялы көркем фильм түсірді. Бұл фильм Ашғабад, Анкарада өткен халықаралық кинофестивальдерде бас жүлдені жеңіп алды.

С.Елубайдың сценарийі бойынша «Қызыл отау» (режиссер С.Нарымбетовпен бірге жазылған, режиссер Қ.Қасымбеков, 1989), «Ай астындағы үй» (режиссері Б.Омаров, 1983), «Өтелмеген парыз» (Т.Өбдіковтің «Қыз Бәтеш пен Ер Сейіт хикаясы» (режиссер С.Жармұхамедов, 1983), «Батыр Баян» (М.Жұмабаев поэмасы бойынша, режиссер С.Тәуекелов, 1992), т.б толық метражды көркем фильмдер түсірілген.

### ЖАЛҒАН ДҮНИЕ<sup>1</sup>

(Роман. Басы. Ықшамдалған)

Ерте ме, кеш пе, кім-кімнің де болмасын басына бір түсер осы күнді Хансұлу көптен күтетін. Бірақ ... дәл осы биыл... осы жазда келе қояр деп ойламап еді...

Хансұлу ауыл сыртындағы сары селеулі құм төбе үстінде қолымен көзін көлегейлеп, «Өлгі бұзауы құрмағыр қайда кетті екен?» деп, аптап буып жатқан Сарытауқұм шағылдарына назар жіберіп тұрған. Қалай қараса да, Аспанмен астасып жатқан көз жетпес көкжиек. Мезгіл кіші бесін шамасы еді. Батыс Аспанға еңкейген шілде күнінің уыты қайта қоймаған шақ. Аспан тұста, сонау биікте күңіреніп айырплан барады. Төбедегі жайқын Аспан, бір қанатымен сонау көкжиекте ақ буалдырланып өркештенген Алатау жоталарын қымтап тұрған Аспан... кенет... шайқалып кетіп, төңкеріліп бара жатты. «Астапыралла!»

Хансұлудың көз алдында дүние шыр айналды да, өзі аяқ астындағы сусыма құмға сылқ құлап түсті. Көз оты жарқ етті...

Хансұлу бір шоқ сәуледей құйғытып, жадырай шаттанып, жеп-жеңіл сырғиды. Көл-көсір көлкіген осынау иман нұрынан сіміре сусындаған сусар жаны бір тамылжу рәуішті күй кешеді. Жан жусатар өуенге әлдилене елтиді. Ұйқысырап тербеледі. Сол әлди құшағында мәңгі қалқи бергісі келеді. Бірақ... кенет...

...Кенет, осы шырын сәт... көрген түстей тез үзілді. Солқылдап басы ауырып жатыр екен. Өңі не түсі екені белгісіз... Өзі жерде жатыр. Ауырлап кеткен кірпігін өрең қозғады. Көз алдында жұлдызы быжынаған түнгі Аспан. Аспанды белдеулеп, шаңытып, жөңкіліп Құс жолы жатыр. Мөлт-мөлт етіп, тамып кетуге шақ тұрған жұдырықтай жұлдыздар. Өлі ұға алар емес. Өзіне не болып, не қойғанын ұға алар емес. Түні несі? Құм үстінде жатқаны несі? Өлі ме, тірі ме? Өңі ме, түсі ме? О, Жасаған!

<sup>1</sup> Елубай С. Ақ боз үй. Роман-трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005, 405–526-беттер.

Осылай мәңгірген дел-сал қалпы құм үстінде жата берді Хансұлу. Өлден уақта қыр астынан құмығып:

– Апа-а-а! – деген алыс айқай естілді. Қызы Үміттің дауысы. «О несі? Бұны айқайлап іздеп жүргені несі?»

Сансыраулы санасы еш нәрсені зерделеп ұға алар емес. Құм үстінде талмаусырап жатқан Хансұлудың біршама уақыт өткен соң, шым-шымдап есі кіре бастады. Алдымен есіне, екінді әлетінде, осы құмшағыл үстіне шығып, бұзау қарап тұрғаны түсті...

Жөпелдемде тілін кәлимаға келтірмек болды. Сөйтсе, тілі мүлдем икемге келер емес. Ауызында тіл емес, оның орнында бір жапырақ бірнәрсе жатқандай.

– Апа-а-а!!! – деген таныс айқай тағы шықты. Бұл жолы дауыс жақыннан, төбе астынан естілді.

– Апа-а-а! – дейді, мынау Түгелханның дауысы ғой. Ұлының дауысы. Бірсылдап жүгіріп келеді. Бір сұмдықтың болғанын Хансұлу сонда зерделеді. Өзінің о дүниеден қайтып келіп, қыр басында жатқанын сонда ұғынды.

Содан қыр басында ес-түссіз жатқан Хансұлуды ұлы мен қызы көтеріп ауылға, ауыл шетіндегі үйіне алып келді. Қызы жылап жүр. Хансұлу үйге келгеннен кейін де есін жия алмай талмаурап, талықсып жатты. Бір кезде таңның о жақ бұ жағы болуы керек, аудан орталығынан үстінде ақ халаты бар, тапалтақ, шойын қара бала дәрігер келді. Білегін ұстап көрді. Қан қысымын өлшеді. Ине салды. Шеткерірек барып тұрған Түгелхан, Үміттер өзара бөсең үнмен күбір-күбір сөйлесті. Есін шала-пұла ұғып, тілден айрылып жатқан Хансұлу «Өңгіме төркіні бұны ауруханаға жатқызу болар» деп тұспалдап, Үмітке қарай басын шайқады. «Бармаймын» дегені еді. «Өлсем, үйімде өлейін» дегені еді. Дәрігер бала:

– Апа, қапаланбаңыз! Үміт төтейге дәрі қалдырып кетем... Ине салып тұрады. Көп ұзамай, тұрып кетесіз. Қорқатын түгі де жоқ! – деді бұны жұбауратып. Хансұлу бас изеді.

Біраздан соң өлгі тамырға салынған дәрі дариын деді ме, кім білсін, манағы зілдей басы жеңілдеді...

Өттең, бұл ажал осыдан небары екі, үш жеті бұрын неге келмеді екен! Екі-үш жеті бұрын ғой, Хансұлу мүлде қабақ шытпастан-ақ, «Ей, Алла, осы бергеніңе шүкір, енді алдымнан жарылқай гөр!» деп, жазмыштың бұл бұйрығына қол қусырып, мойынсұнған болар еді. Өйткені Хансұлудың осыдан екі жеті, небары екі жеті бұрынғы өмірі мүлдем басқа еді. Хансұлу ауыл шетіндегі өзінің екі бөлмелі, кішкентай қызыл шатырлы үйінде,

азын-аулақ қой-сиырына ие болып, жұрт қатарлы жайбарақат қоңыртөбел тірлік кешіп жүріп жатқан...

Қырық жылдан бері көз жазып қалған Шегесі, Құдай қосқан қосағы. Шеге 1944 жылы «халық жауы» болып үшінші рет ұсталғанда, Түгелхан он үште, Үміт сегізде қалды. Шеге кетерде, артында қалған қос қарашығы бүгінде өсті, өнді, жетілді. Түгелхан астына машина мінген, бала-шағасымен сонау Алматыда тұратын дардай бастық болды. Тірі жесір Хансұлудың баласы сондай үлкен дәрежеге жетті. Жалғыз-ақ Үмітінің бағы жанбады. Байғұстың бас қосқаны араққа салынып, өзін де, өзгені де, қажытып жүріп, ақыры, өзі мойнына өзі жіп салып, асылып өлді. Хансұлу күрсінді. Бұндай сұмдықты кім көрген?!

...Хансұлу күрсінді. Сөйтіп, Үміті сәбиін құшақтап, жас басымен жесір қалды. Хансұлуда бүгінде, Құдайға шүкір, 3 немере бар. Түгелханнан – екеу, Үміттен – біреу. Олар да ержетіп, қылтиып өсіп келеді. Бүгінгі қуаныш-қызығы солар. Көз жұмсам, алдымнан о дүниеде Шеге шығар деп ойлайды. Өлімнен қорықпайтын себебі де сол. Шегені көру – арман. Тілдесу – арман. Байғұс, Шеге, бұған тапсырып кеткен көзінің ағы мен қарасындай ұл мен қызын сұрар-ау, алдымен. Сонда Хансұлу сөйлер-ау! Шегеден айрылғалы бастан кешкен сұрапыл заманды, жесір басына түскен ауыр күндерін ақтарып айтар-ау! Бәрін айтар-ау. Түгелхан мен Үмітін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, сүйрелеп жүріп, қалай өсіргенін, адам еткенін жыр қылар-ау.

Өстіп, Шегеге айтар жыр-сырын көкейде тоқып жүргенінде, осыдан екі жеті бұрын Хансұлудың өмірін астан-кестен еткен бір оқиға болды.

Бұл оқиға Сарытауқұм етегіндегі кішкентай Аққұм ауылы үшін де осал жаңалық емес еді.

Қазақ «Ұзынсары» атайтын шілде айының дүниені қуырған күні нарттай қызара толықсып, батыс көкжиекке қонғалы тұрған шақ еді. Бұндай кезде, ауыл адамдары өрістен қайтқан мал алдына шығып, өріп сыртта жүретін әдеті. Хансұлу да сол күні кешкісін, күйбеңдеп есік алдында жүрген. Сонау түстік тұс ауыл алдындағы сары жазықты көлденең кесіп өтіп, қайыстай созылған «Алматы – Қарағанды» тас жолының бері жағында ауылға қарай бейуақта біреу келе жатты, жалғыз шошайып. Қолында – шабаданы. Өлгінде өткен автобустан түсіп қалған жолаушыға ұқсайды. Күн ұясына қона бере, өлгі жалғыз жолаушы ауыл шетіне де ілікті.

Ауыл дегеннің өзі күйкентайдың ұясындай бір кеңшардың бөлімшесі ғана. Жалғыз құмсақ көшенің екі жағына шашырай қонған жиырма шақты үй. Хансұлудың үйі сол жалғыз көшенің арқа тұсында, шағыл жақ шетте.

Жолаушы сол Хансұлудың үйін тура бетке алып келеді. Аулада, тас ошақ маңында, қазанда қайнаған сүтті сапырып Хансұлу тұрған. Жүрегі су ете түсті. «Әй, мынау Түгелхан ғой!»... деп. «Әй, ол бүйтіп ауылға жаяу келмейтін еді ғой! Бастық баласы ылғи есік пен төрдей «Волга» мініп келуші еді ғой!».

Кешкі алакөлеңкемен үйіне жақындай берген жалғыз жаяуға Хансұлу шұқшия қарап тұр, өзі, шынымен, Түгелхан ба деп. Сөйтсе, дәл өзі! Түгелхан! Қолында – шабадан.

Хансұлудың іші шым етті, бір жаманатты сезіп.

Жасы елуді алқымдап қалған Түгелханның соңғы жылдары бұлтиып қарыны да шыға бастаған еді. Әйтпесе, жастау кезінде бойшаң, сылыңғыр қара, тура айнымаған Шегенің өзі еді. Бастық болғалы бері қысы-жаз иығынан костюмі, мойынынан галстугі түспейтін. Бұ жолы... Бұ жолы соның біреуі де жоқ. Үстінде шолақ, жеңсіз боз жейде. Шалбары да жырық-жырық тәрізді... Алакөлеңкеде жақындай берген баласының тісі жарқырай күліп, сәлем берді. Амандық-саулық сұрасқанда байқады. Түгелхан аздап ішіп алыпты...

Түгелхан есік алдындағы сөкіге сылқ түсіп отыра кетіп, көлдей орамымен бет терін сүрткіштеді. Баласының түріне шоши қараған Хансұлу:

– Ие... Амансыңдар ма?... – деді ішкі сезігі дірілдеген дауысынан сезіліп, үрпиіп жанына кеп, тізе бүге беріп.

– Апа! Бір шай болса! Шөлдеп келдім... – деді Түгелхан шешесінің қалған сұғынан тайсақтап.

Сөйткенше, іргелес тұратын Үміт те жүгіріп жетті. Ағасының келгеніне қуанып, дөңгеленіп жүріп шай қамдады. Үміт үшеуі оңаша жайылған дастарқан басында тізе бүккеннен кейін ғана Түгелхан шешесі мен жалғыз қарындасына болған жайдан қысқаша хабар берді...

– Ажырастық, – деді қысқа ғана, кеседегі ыстық шайдан еңкейіп сораптай беріп, жүзін көтерместен. – Партиямен де, қызметпен де қоштастық...

Осындай бір сұмдықты есітерін бұлар ол айтпаса да, іштей сезіп күтіп отырған. Хансұлу мен Үміт екеуі отырған жерлерінде қалшыып, тас мүсіндей қатты да қалды. Ауыздары аңқиып қалған, не айтарын білмей. Түгелхан бұлардың жан дегендегі жалғыз тіректері еді. Атпал азамат, білдей бастық Түгелханның басына бұндай сорақы күн туады деп кім ойлаған?! Түгелхан 5–6 жылдан бері Алматыдағы машина жөндейтін АТС деген стансаның бастығы еді...

Шай үстіндегі әңгіме осымен бітті.

Сол күннен бастап Түгелхан ішкі бөлмеде оңашаланып алып, тұрмас-тан бір жеті жатты. Арақ сұрап, бұлардың зықысын шығарды. Сегізінші күн дегенде барып, басын көтеріп, көнектей болып ісіп кеткен бетін жуып, қалқиып есік алдына шықты. Сылынып жүдеді. Қарыны да тартылды. Кешкі салқынмен енді дала кезіп, жалғыз өзі беталды қаңғып кететінді шығарды. Бүгіндері Хансұлу мен Үміт оған арақ тауып беруді қойған. Бірақ Түгелханға ол да ем болмады. Түнделетіп бір жақтан ішіп келетінді шығарды. Қайдан табатынын білмейсің. Ақыры, Хансұлу мен Үміт, «Бұ қайдан ішіп жүр екен?» деп, оның ізін аңдуға кірісті. Сөйтсе, Түгелхан ауылдың тай шаптырымдай бір бүйіріндегі қауын-қарбыз егетін Югай дейтін көрістің егінжайындағы «Бичтерге» қосылып алып, жұмыс істеп, кешкісін со жерде ащы судан татады екен. Бір күні түн жарымында үйге үстіндегі шолақ жең жейдесі жыртылып, түрі өлем-тапырық болып, шала мас күйде оралды. Өлдекімнен таяқ жегені көрініп тұр, оң жақ қабағы іскен. Хансұлу, Үміт екеуі сол түні, Түгелхан кешігіп келмегесін, «ахлап-ухлеп» шыдай алмай, іздеуге шыққан. Егінжайға барар жолда Түгелхан бұларға қарсы жолықты. Бұлғақтап келеді. Хансұлу зарлана жөнелді:

– Сорлы болған балам-ай! О заман да бұ заман әйелімен ажырасқан жалғыз сен бе едің?! Не болды ... соншама салың суға кетіп?! – деп, келіп баласының оң қолтығынан сүйеді. Үміт те мұрны бырсылдап, жыламсырап, ағасының сол қолтығынан демеді.

Сөйтіп, Хансұлу мен Үміт, мынадай бейшара күйге түскен Түгелханның қырсығынан бүкіл ауыл алдында жер болды. Қорлыққа иленді.

Қараңғы үйде тілі байланып жатқан Хансұлудың қос самайын сызып, жып-жылы жас ақты. Ішін жалаған өрт күрсінгенде, аузынан жалын болып шықты. «Көрмегенім осы еді енді!» деп, көкірегі қарс айырылды. Бұған дейін Хансұлу, байғұс, жас ұлғайып, күш қайтып, төрінен көрі жуықтаған шақта, іштей Аллаға шүкіршілік етер еді. Соңында азамат болған ұлы Түгелхан қалып бара жатқанына шүкіршілік етер еді. Шегеден тараған азын-аулақ ұрпаққа бас-көз боларлық азамат емес пе! Енді сол жалғыз тірегі сынғандай. Күйреп опырылғандай... Шегенің сонау аштық-жалаңаштық жылдары, одан кейінгі сталиндік қуғын-сүргін, соғыс жылдары талай шайқалған, шайқалса да, шағылмаған шаңырағы ел аман, жұрттынышта өстіп опырылып ортасына түскені ме?! О, Жасаған!!! О, құдіреті күшті Құдайым! Бұған не шара? Енді көрмегені осы ма еді! Енді қайтіп, қалай ғана тыныш көз жұмар? Ана дүниеде жолын тосып жүрген Шегеге не айтар? Не деп барар?

Көзі қабырғадағы беті өйнектелген төрткүл жақтаудағы суреттерге түсті. Оның ішінде де бір томпиған қыз бала суретіне ерекше қадалды. Бүгінде Алматыда инстотке сын тапсырып жатқан немересі Бөпенай. Анау Бөпенайдың бір жастағы суреті, балапандай талшынып отырған. Қаршадайынан бауырына басып өсірген осы қызы дегенде, Хансұлудың шығарға жаны жоқ.

«Байғұс, балам-ай! – деп, қамыға бастады Хансұлу, – Алматыдағы арқа сүйер жалғыз ағаңның түрі мынау. Жат қалада басыңа жалғыздық түсіп, жылап жүрмесең етті? Түгелханның бұлай боларын білгенде, өжең сенің жағдайыңды Едігеге табыстар еді ғой... Туыс болмаса да, Хансұлудың туған қайнысындай болып кеткен, баяғы Балқия мен Бұлыштан қалған жалғыз тұяқ, бүгінде белгілі жазушы Едігеге айтар еді ғой! Өттеген-ай... «Сенің жолыңда өлсем, арманым жоқ» дейтін өжеңнің түрі мынау...»

Суреттегі немересіне қарап, Хансұлудың көңілі бұзылды. Қамықты. «Енді өжең сені қайтып көре ала ма, жоқ па!» деп.

Ойы осы жерге жеткенде, көмекейіне лықсып келіп, кептеліп қалған өксікті ірке алмады. Көз жасына ерік берді. Абырой болғанда, үйде өзінен басқа жан жоқ еді. Соңғы күндері көкірегін езгілеген ауыр шеменді өстіп көз жасымен жуып, еріткендей болды. Жаны жусап, біраз шер тарқатты.

Өлдекім терезе алдынан жүгіріп өтті. Тауықтар қыт-қыттады. Ауыл шетінде, аулағырақта трактор тарылы естіледі.

Хансұлу жүзін қызыл шүберек перде тартулы тұрған терезеге бұрды. Мезгіл қай шама екенін белгісі келген еді. Бірақ терезе шүберегі тартулы тұрғандықтан ба, мезгілді топшылай алмады. Төсек тартып жатқалы бері Хансұлу күн мен түннің есебінен жаңылған еді. Мезгіл шамасын әлсін-әлсін пысықтап жүретін әдетінен айрылып қалған еді. Оған қоса, осы күндері Хансұлудың өзі бір бөлек әлем де, өзге дүние бір әлем төрізденіп, араға жік түсіп, екі бөлініп қалғандай. Тіптен, тыстан жеткен үндердің өзі әнтек доғалданып, аулақ, жат дүниеден күңгірлеп естілетіндей. Тоқтаусыз, тіршілік көші толассыз жөңкіліп жатқан сырт дүние мен Хансұлу арасында бір жұмбақ перде тартылған. Хансұлу үшін бұл бір тың құбылыс еді. Кеше ме, алдыңғы күні ме, осы ауылдағы замандастары көңілін сұрауға келді. Есінде қалғаны тек, ішінде құрдасы Қозбағар, бәйбішесі Тәттібала бар, бір-екі кемпірдің келгені. Олар не айтып, не қойғаны есінде жоқ. Тек төсек тартып жатқан бұған қадалған көздерінде, әйтеуір, бір жанашырлық, аяу-есіркеу болғаны есінде. Күнде көрген жерде шүйіркелесе кететін, қалжыңдаса кететін осынау қатар-құрбы жандармен Хансұлу тілдесе алмады. Тілдеспек тұрмақ, өңі не түсі екені белгісіз, тірі не өлі екені белгісіз, бір екіталай халде жатты. Жер басып жүрген ол жандармен бұның арасында бір белгісіз перде

тұрды. Қолсозым жердегі құрдасы Шонай мен жағалай отырған кемпірлер Хансұлу үшін бір алыс, қол жетпес қиянда отырған жандардай еді. Олар тіл қатса, өзге бір іргесін жырақ салған дүниеден тіл қататындай. Назар салса, өзге бір дүниеден назар салатындай...

Қазір бөлме іші, тіптен, төңірек-өлем ауыр, марғау тартып, дел-сал тыныштық құшағында. Құлаққа ұрған танадай жым-жырт...

...Боздап бір жылағысы келді Хансұлудың...

\* \* \*

– Апа!

Хансұлу өнтек дір етіп, көзін ашты. Қайда жатқанын демде ұға алмай, электр шамы жағулы тұрған бөлме ішіне тосырқап, алара қарады. Үй ішінде тысырсыз қозғалып жалғыз Үміт жүр екен. Дастарқан жайып, шай жасап қойған. Қалампыр салған үнді шайының жұпар исі бұрқырайды.

– Апа! Кеш түсті... Шай жасап қойдым! – деді Үміт көдуілгі сынық қалпынан сөл жадырағандай...

– Апа! Ұйықтап алдың-ау деймін!...

Хансұлу бас изеді. Назары қабырғадағы Бөпенайдың суретіне түсті. Жанары боталап, суреттегі қаршадай қызына қадалды. Апасының не ойлап жатқанын Үміт ұға қойып:

– Апа! Қызың жаңа телефон соқты, – деді, дауысынан бір жылы лебіз сезіліп. Хансұлу Үмітке қарай қалды.

Қара торы, қағылез Үміттің тісі жарқ етіп, езу тартты.

– Апа! Сүйінші! Қызың бір емтиханнан аман-есен өтіпті. Едіге ағасы көмектесіпті.

Хансұлу:

«Құлыным-ай!» – деді іштей күбірлей елжіреп. Қуанғанынан көз жасы бұрқ етті.

– Қызың пысық қой, апа! Едіге ағасының үйін өзі тауып барыпты! – деді Үміт дауысы әдеттегіден көтеріңкі шығып.

Хансұлу ерні күбірлеп, қабырғадағы Бөпенайдың суретіне елжірей қарап, іштей езіліп, айналып-толғанды.

Үй ішінде томсара қалған тыныштықты сыртта «гүрр» еткен мотор үні шайқады. Үміт елең етіп, сыртқа құлақ түрді. Өлдене «дүрс» етіп, іле сыртқы есік сықырлап ашылды.

– Біреу келді ғой... – деп, Үміт күбір етті. Хансұлудың көзі – есікте. Сөйткенше, төргі бөлме есігі де ашылып, дембелше бойлы, ақ сары, сүй-



қыл шашты Едіге кіріп келе жатты. Хансұлу «Палуан» деп атайтын жазушы қайнысы – Едіге. Үміт қуанып кетті:

– О, аға, сәлем бердік! Астапыралла, кімді айтсаң, сол келеді деген...

Жұқа өңіне лып етіп қан жүгірген Едіге:

– Ассалаумағалайкүм! – деп, бөлме төрінде төсек тартып жатқан Хансұлуға қарай беттеді. Иығында сөмкесі. Өзімен бірге бөлме ішіне жағымды бір өтір исін ала келді.

Хансұлу қонаққа жүзін бұрды. Кішкентайдан көз алдында өскен, бүгінде Алматыда тұратын, кітап, кинолары шыққан жазушы қайнысының келгеніне риза болып, оның ұсынған қолын алақанында мейірлене қысып ұстап, босатпай, біраз тұрып алды. Едіге:

– Оу, жеңеше! Жатып қалғаныңыз қалай!... – деп, өзімсіне даудырлап, қасына келіп, тізе бүкті. Хансұлу көзіне жас алды. Ерні күбірлеп, бір нәрсе дегісі келді. Бірақ тілі жуыспады. Апасының сөйлей алмай жатқанын сезе қойған Үміт сөзге араласып:

– Апам сөйлеуге қиналады. Бірақ естиді... – деді. Жұмсақ қоңыр көзіне ой тұнған Едіге аз үнсіздіктен кейін:

– Құдай сақтасын... – деді баяу ғана. – Жеңеше, қамықпаңыз! Өлі-ақ тұрып кетесіз!...

Хансұлу, «Әй, қайдам!» дегендей, болмашы ғана бас шайқады. Жаулығының бір ұшын көзіне апарды.

Едіге сырбаз жеңгесі Хансұлудың мына мүшкіл күйін көріп, өзінің де көңілі босағандай болды.

– Жеңеше! Сізді қалаға алып кетуге келдім... Дәрігерге қаралу керек! – деді қонақ, үй ішіне жігер, қайрат бере сөйлеп. Едігенің бұл ұсынысына біршама үнсіздіктен кейін Үміт жауап қатты:

– Оған... көнбей жатыр ғой, – деді.

Едіге таңырқап, алдымен Үмітке, содан кейін Хансұлуға қарады. «Асылдың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген. Жасы жетпіске жетсе де, Хансұлудың ашаң, сопақ жүзінен жұмсақ балқыған иман нұры төгіледі. Табиғатынан сұлу да тұнжыр, саналы қарақат жанары, әлдебір тұңғиыққа қадалып қарайды. Әлдебір айқын болашақты көріп тұрғандай, ақырын ғана бас шайқады. Емделу жайлы Едіге ұсынысына берген жауабы еді. Төсек тартып, тілден, әлден айырылып жатса да, Хансұлудың көңіл көзі ұзақты көріп, қиянды шарлайтындай. Едіге еңсе көтерді.

– Жеңеше! Мынау қайныңыздың Сізге шетелден әкелген базарлығы, – деді, үй ішінің шырайын табан астында өзгерткен бір сүйкімді жаңалықпен. Сөмкесіне қолын тығып, бір көгілдір сусыған жібек матаны алып,

Хансұлудың жанына қойды. Содан кейін шай қамдап жатқан Үмітке бұрылып:

– Мынау, Үміт, саған! – деді. Бет ұшына қаны теуіп, күліп жіберген Үмітке бір қызыл ала жібек орамал ұсынды.

– Рақмет, аға! – деді, Үміт байғұс, сусылдаған жібек орамалды нәзік сипап. – Шетелден келдім дедіңіз бе, аға?

– Иә, Чехословакиядан... – деді Едіге.

Сыртқы есік сықырлады.

– Ағам болар, – деді Үміт.

Төрде малдас құрып, маңдайы жарқырап отырған Едіге есік жаққа елеңдеп, біртүрлі үрке қарады. Едіге Түгелханның отбасында болған жағдайдың шет жағасын есіткен-ді. Түгелхан ауылға жүрерінде, бұған телефон соғып, болған жағдайдан хабар берген-ді. Бала күннен қатар өскен досының басына түскен бұл жағдай Едігеге төбеден жай түскенмен бірдей болды. Аидадай кісі қызығарлықтай келіншегі бар, Жапекемдей қайын атасы бар Түгелханды, жастайынан бастық болып, астына машина мінген Түгелханды, Едіге ғана емес, жора-жолдастары түгел басына қона салған сол байлық, қызмет, бақытты бұлар іштей қызғанатын да.

Міне, сол Түгелхан есік алдында тұр. Шашы ұйпа-тұйпа, көзі кіртиген. Мына тұрған өпенді бұрынғы оқтау жұтқандай, тіп-тік жүретін бастық Түгелхан дегенге кім сенер?!

– О! – деді табалдырықтан шайқалып аттай берген Түгелхан. – Сәлем!

– Сәлем, Түке! – деді Едіге, Түгелханның сықпытындағы сұмдық жат, жаман өзгеріске тіксіне қарап. Түгелхан бұның ұсынған қолын ұстай беріп, еденге кескен томардай сылқ түсіп, отыра кетті. Үстінен тер, арақ исі шықты. Қанталаған қысықтау өткір көзінде бір жат ызғар бар.

– Қалай? – деді Едігеге біртүрлі шекесінен оқшия қарап. Кешегі қарны бұлтиған Түгелханның орында, қап-қара боп күнге күйген, көзге қораштау, мыжырайған біреу отыр.

– Шүкір... – деді Едіге, төмен қарап, өзінен-өзі бір ыңғайсыз күйге түсіп. Үй ішіне тараған бір тоң-торыс халды, тағы да Едіге болмаса, басқа ешкім сейілте алар шамасы жоқ еді:

– Айтпақшы, – деді серпінді көтеріңкі үнмен Едіге – Бөпенай бір емтиханын тапсырды. Ертең екіншісін тапсырады. Сол институттың бір басышының бақылауында...

Сол-ақ екен үй ішіне жайма-шуақ бір жылу тарай жөнелді. Үміт лыпып жүгіріп, шай сандықтан жылы-жұмсақ, көмпит-сөмпиттерін алып дастарқанға қойып жатты.

– Аға, қызметіңіз Алладан қайтсын!!! – деді қапалақтап. Орамалының бір шетін көзіне апарып, қуаныш жасын сүртіп алды.

Арқасын қос көпшікке сүйеп, дастарқан басында құр сүлдері отырған Хансұлу, ерні күбірлеп, ол да Едігеге алғысын жаудырып, бас изеді. Қаймақ қатқан шайды Едігеге ұсына берген Үміт:

– Аға, өзіңіздің кітабыңыз шықты ма жазып жүрген? – деп қалды дауысынан жақындық, жанашырлық лебі есіп.

Едіге тосылып барып, есіне бір көңілсіз жайт оралғандай міңгірлеп:

– ...Соның жағдайы ... мәз болмай тұр... – деді төмен қарап, жүзіне көлеңке жүгіріп.

Хансұлу Едігенің жауабына алаңдады. «Палуан» қайнысы соңғы 4–5 жылдан бері баяғы қазақ қырылған ашаршылық туралы түртпектеп, дерек жинап, кітап жазып жүрген-ді. Сол заманның көз куә кемпір-шалдарымен сөйлесіп, суыртпақтап сыр тартып, олардың әңгімесінен бір нәрселер тауып алып, қойын дәптеріне түртіп отыратын. Ауылға жиі келетін. Келген сайын Хансұлуды әңгімеге тартып, сол заман туралы, қазақтың ескі көшпелі тұрмысы туралы, шұқылап, ұсақ-түйекті сұрай беретін. Сол кітапты қолға алғалы бері, бұлардың туған жері, сонау Қазақстанның батысына да талай рет барып қайтты. Жем бойынан Хансұлулар, қайда, сол баяғы Сталин өлетін жылы-ақ көшіп кеткен ғой. Көшіп осы Жетісуға келген. Биыл 1982 жыл десек, содан бері де мінекей, табаны күректей 29 жыл өтіпті. Ие, «Арқада күн жақсы болса, арқар ауып несі бар?». «Халық жауының қатыны», «Халық жауының баласы» деген атқа іліккен бұлар, ел арасының түртпегінен қашып осы Жетісуға көшкен.

Соңғы жылдар осы «Палуан» қайнысының баяғы аштық жылдарды қазбалай бастағанда, оқығаны болмаса да, тоқығаны бар Хансұлу, өкіметтің саясатына келмейтін бұл әңгімені көтеремін деп Едіге, өзіне бір іс тауып алмаса нетті деп қорқатын. Қазақ шыбындай қырылған ол жылдар жыры сол, жабулы қазан жабулы күйінде жатыр емес пе! Оның үстінде осы Едігенің әкесі марқұм Бұлыш сол жиырмасыншы жылдары «банды», «баспашы» деген атқа ілінді емес пе?! Қолына қару ұстап, Сәбет өкіметіне қарсы шықты. Шегенің өзі екінші рет ұсталғанда да, «Сол аштан қалғандарды қорғап сөз айтты», «Өкімет пен партияға тіл тигізді» деген жаламен ұсталмады ма?!

– Радио істеп тұр ма? – деді Едіге кенет Үмітке бұрылып.

– Ие...

– Ашып қойшы!

Жұрт құлағы елең етті. Едіге бірақ үндемеді. Үміт түрегеп барып, ауызғы үйдегі радиоқабылдағыштың құлағын бұрады. Әйел диктордың дауысы

саңқылдап қоя берді. Қазақстан басшысының соңғы партия активінің жиынында сөйлеген сөзінің қазақша аудармасын беріп жатыр екен. Өңгіме – Қазақстандағы қой басын 50 миллионға жеткізу төңірегінде.

Едіге Түгелханға қарап:

– ...Алматыдан шығарда бір өңгіме есіттім ... Генсек ауырып қалса керек, – деді.

Басы салбырап отырған Түгелхан осы тұста тіктеліп, Едігеге ажырая қарады. Көз алдында: қалың қас, жағы түсіп кеткен, кең кеудесі шылдырмақ алтын жұлдыздарға толы, тілі күрмеліп, өрең сөйлейтін генсек Брежнев бейнесі келіп тұра қалды. Едігенің жаңалығын естіңкіремей қалған шешесіне Үміт дауыстап түсіндіріп жатыр:

– ... Брежнев ауырып қалыпты дейді...

Хансұлу қасын керіп, болмашы ғана бас изеді. Осы арада есік ашылып, үйге Қозбағар шалдың қара домалақ немересі келіп кірді. Бұларды түгел асқа шақыра келді. Едіге жаңа жолшыбай Қозбағар шалға сөлем беріп шыққан еді. Едігеге арнап Қозбағардың шүйкедей кемпірі қазан көтере бастаған-ды...

Едіге мен Түгелхан Қозбағар шалдың үйінен дәм татуға қозғала бергенде, есік ашылып, үйге ескі тақиялы, күзен бел бір арық кісі жымып, кіріп келді. Жақия деген кісі еді, осы ауылдың молдасы. Едігенің келгенін естіп, ертең кешке келін түсіру тойына шақыра келген. Ауыл деген осы.

Қызы жатардың алдында Хансұлуды қолтықтап тысқа алып шықты.

Әлі ай туа қоймаған екен. Жаз түнінің кешкі тымырсық шағы. Сылынып, жүдеп, құр сүлдері қалған Хансұлу, қолтығынан Үміт ұстап сүйемелдемесе, ұп еткен желге ұшып кетердей. Жеп-жеңіл. Төңірек тұс ұйыған қою қараңғы болса да, Аспан тұс жайнаған жұлдыз. Быжынап тұр. «Ей, жарықтық-ай» деп, жарық дүниенің осы бір сәтіне қарап, тамсанып тұрды Хансұлу. Бір өзгерсеңші!.. Баяғыда, Хантөрткілдің жайлауында ауыл балалары боп, асыр сап «ақсүйек» ойнайтын жазғы кештерде де осы түнгі Аспан ... осы құс жолы... осы Жетіқарақшы... дәл сол күйінде көздің жауын алып, самсап, мөлтілдеп әлі тұр!!!

...Ол өзінің осы сәт, осы бір ғажайып болмысты көзбен көріп, қалқып тұрғанына мәз еді...

Үйдің теріскей жақ тұсында құмсақ төбе үстінде отырған екі кісінің қарауытқан сұлбасы көрінді. Түн жамылып, өңгіме шертіп отырған Едіге мен Түгелхан еді олар.

*(Жалғасы бар)*



**Айырплан** – аэроплан.

**Инстөт** – институт.

**Күзен бел** (фразеологиялық тіркес) – жіңішке.

**Қайыс** – ер-тұрман әбзелдерін жасау үшін арнайы өңделген мал терісі.

**Самсоз** – сүлесөк, дел-сал.

### *Әдебиет теориясы*

**Символ** – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне.

**Метафора** (грек. *metaphora* – ауыстыру) – троптың (құбылтудың бір түрі) Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері арқылы астарлы мағынада қолданылуы. Мысалы, Абай Құнанбайұлы «Жастықтың оты», «Жүректің көзі», «Дүние есігі», т.б. метафораларды қолданған.



1. Смағұл Елубай туралы не білесіңдер?
2. Жазушының сценарийлері бойынша аталған фильмдерді көріп пе едіңдер?



1. Роман қай кезеңге арналған?
2. «Жалған дүние» деген сөз тіркесін қалай түсінесіңдер?



1. Хрестоматиядан шығарманың жалғасын оқыңдар.
2. Романды оқи отырып, өздерің түсінбейтін сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтемелер бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар.
  - a) <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1178800>
  - ә) <https://kazakh.academic.ru/>Ол сөздердің арасында көркемдік құрал ретінде қолданылғандары да болуы мүмкін екендігіне мән беріңдер.

### 3. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Роман жанр ретінде мазмұны, тақырыбы бойынша іштей бірнеше түрге бөлінетінін білесіңдер. «Жалған дүние» романның қай түріне жатады?
2. Шығармада қандай өмір шындығы суреттелген? Кейіпкерлердің жүйесін жинақтау және даралау арқылы өмір шындығын талдаңдар.
3. Жазушы қолданған көркемдік құралдардың қызметтерін талдау арқылы дәйектеңдер.
4. Көркемдік тәсілдердің қайсысы жиірек қолданылған?
5. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

6. Автор бейнесі қалай байқалады? Үзінділерді пайдалана отырып, талдаулар жасаңдар.



1. Шығарманың тақырыбы, идеялық мазмұны нені көрсетеді? Жазушы символдарды қалай қолданған?
2. «Жалған дүние» романы бойынша автор идеясын дәйектейтін үш дәйексөз табыңдар.
3. Жазушының фразеологизмдерді қолдануындағы ерекшелікті анықтаңдар.



1. Шығарманы тарихи және көркемдік құндылықтар тұрғысынан бағалап, әдеби сын жазыңдар.



## Оқу сауаттылығы

1. Күнде көрген жерде шүйіркелесе кететін, қалжыңдаса кететін осынау қатар-құрбы жандармен Хансұлу тілдесе алмады. Тілдеспек тұрмақ, өңі не түсі екені белгісіз, тірі не өлі екені белгісіз, бір екіталай халде жатты. Жер басып жүрген ол жандармен бұның арасында бір белгісіз перде тұрды.

**Сұрақ:** Хансұлу мен оның өзі араласатын қатар-құрбыларының арасындағы перде қандай көркемдік құралдың қызметін атқарады?

- a) Хансұлу ауырып жатқан соң, көзіне солай көрінген.
  - b) Хансұлу аурудың әсерінен есінен адаса бастады.
  - c) Перде символ қызмет атқарып тұр. Өйткені роман мәтінінде «олардың іргесін бөлек салғаны» туралы жазылған.
2. Көз алдына 15-тегі қызы Дина мен жасы биыл 17-ге толатын ұлы Бақыт келіп тұра қалды. Сол-ақ екен көзден жасы ыршып кетті. Басы төсіне салбырап, үнсіз жылады. Өз шаңырағын өзі құлатып, балашаға отбасынан кеткелі бері іштей бықсып, тығылып, томырылумен жүрген еді Түгелхан. Қалай топсасы босап кеткенін білмеді.  
**Сұрақ:** Үзінде «томырылу» мен «топсасы босап кету» туралы адамға қатысты айтылған. Адамға қатысты топсаның босауы нені білдіреді, ол қандай көркемдік құралдың қызметін атқарады?
    - a) Топса есікте болады, оның адамға қатысы жоқ; томырылуы көңілсіз күйде отыр деген сөз.
    - b) Топсасы босады деген көңілі босады деген мағына үшін алынған, ауыспалы мағынада тұр, яғни метафора.
    - c) Жақын жерде темір, т.б. нәрселер жылжып кеткен.
3. Елуінші жылдардың ортасында «Жаңа жолды» тастап, Хансұлу осы Жетісуға көшкелі жатқанда, ойламаған жерден сап етіп, осы Ждақай жетіп келді...

– ... Хансұлу! – деді жүзін көтермеген күйі, – ... Сенің алдыңда кінәм қаптың тауындай... Енді қайтып ... бұ фәниде көрісе аламыз ба ... жоқ па ... Кешіре алсаң ... кеш! – деді.

**Сұрақ:** «Сенің алдыңда кінәм қаптың тауындай» деген сөйлемде қап сөзін бас өріппен жазса, ол нені білдірер еді?

- a) Бас өріппен адамның аты жазылады, сонда адамның тауындай деген қолданыс дұрыс емес.
- b) Сөйлемнің ортасында бас өріппен жазылмайды.
- c) Кавказ тауын қазақтар Қап тауы деген, яғни кінәм Кавказ тауының үлкендігіндей деген қолданыс шығады.



### Оқушы күнделігі

*«Жалған дүние» романындағы психологизм, символизм қазіргі жастарға әсерлі бола ма? Өз ойларыңды жазыңдар.*



### Электрондық ресурстар

1. Жазушы, сценарист Смағұл Елубайдың шығармашылығымен кеңірек танысып, сыныпта пікір алысу ұйымдастырыңдар.
2. С.Елубайдың «Ашаршылықтың демографиялық нәм психологиялық зардабын әлі тартып келеміз» атты сұхбатын мына сілтеме арқылы оқи аласыңдар.  
<https://abai.kz/post/13327>

### Қосымша оқу үшін:

1. Бөкей О. Атау-кере // Шығармалары. Роман, повестер. Т. 2. – Алматы: «Елшежіре», 2013. – 384 б.
2. Елубай С. Ақ боз үй. Роман-трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 525 б.
3. Мұқай Б. Шығармалары. Т. 2. Өмірзая. – Алматы: «Ана тілі», 2018. – 480 б.





## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ (1911–1955)

Қасым Аманжолов 1911 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына қарасты Қызыл деген ауылда дүниеге келген. Ол жастайынан әкесі қайтыс болған соң, анасы басқа адаммен тұрмыс құрға, содан кейін ол көбіне аға-жеңгелерінің қолында, ал 1924–1926 жылдары балалар үйінде болған. 1927–1930-жылдары Семейде малдәрігерлік техникумда оқыған. Алматы астана болған кезде осында келіп, білім алғысы келеді. Бірақ оқуға түсе алмаған. Ол кітапты көп оқыған, өлең жазуға икемі болғандықтан, «Ле-

ниншіл жас», «Қызыл әскер» газеттерінің редакцияларында жұмыс істеді.

Ал 1931 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы Орман шаруашылығы институтына оқуға түседі. Бірақ денсаулығына байланысты тұрақтап оқи алмай, бір жылдан кейін елге қайтады. Жас ақын солайша Батыс Қазақстан өңіріне келіп, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетінің редакциясында, Орал облыстық театрында жұмыс жасайды. Еліміздің батыс аймағына келгені ақынның шығармашылығына тың серпін берді.

Ұла Отанды қорғау әр азаматтың міндеті болған сын сағатта Қасым Аманжолов соғысқа да қатысқан, ол 1946 жылға дейін әскерде болған. Әскерден қайтқан соң, Алматыға келіп, «Әдебиет және өнер» (қазіргі «Жұлдыз») журналында қызмет етті.

**Шығармашылығы.** Ақынның алғашқы өлеңі Оралдың «Екпінді құрылыс» газетінде жарық көрген. Ал тұңғыш жинағы «Өмір сыры» деген атпен 1938 жылы жарияланды.

Отанымызды жаудан қорғап, бейбіт заманның орнауы ақынның шығармашылығына тағы да тың серпін берді. Оның 1948 жылы жарық көрген «Дауыл» атты жинағы қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерген құбылыс деп бағаланды.

Қасым Аманжоловтың «Ақын», «Жалғыз жалау», «Дүниеге жар», «Орамал», «Мен – табиғат бөбегі», «Оралым», «Байкал», т.б. көркемдік сапасы жоғары өлеңдері белгілі. Лирикалық өлеңдермен бірге ақын көркемдігі биік поэмаларды да жазды. Атап айтқанда, «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тойында», «Құпия қыз», т.б. белгілі.

Қасым Аманжолов ақындығымен бірге композиторлық қабілеті де болған. Ол өзі жазған «Дариға сол қыз», «Туған жер», «Өзім туралы», т.б. шығармалары бірден халықтың сүйікті өндеріне айналған.

Сондай-ақ ақын аудармашы ретінде де мойындалған. Ол А.С. Пушкиннің «Полтава», М.Ю. Лермонтовтың «Маскарад», өзербайжан ақыны Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, украин ақыны Т.Шевченконың өлеңдерін, т.т. қазақ тіліне аударды.

Небәрі қырық төрт жыл ғана өмір сүрген ақын бейнесі туған халқының алдында мәңгі жас қалпында сақталады. Оның бейнесін мәңгілік ететін асыл көркем дүниелері сыршылдығымен дара.

### ӨЗІМ ТУРАЛЫ<sup>1</sup>

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол Рақымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын,  
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,  
Көрінер көлеңкесі келбетімде.  
Қай жерде үзіледі қайран сапар,  
Түйін боп өмірімнің бір шетінде?

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,  
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ?  
Немесе бастармын ба екінші өмір,  
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап?

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,  
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.  
Арпалыс алақұйын заманалар  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?!

<sup>1</sup> Аманжолов Қасым. Дариға, сол қыз. – Алматы, Раритет, 2006.

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,  
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.  
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,  
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,  
Қараймын елесіңе мен таңырқап.  
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Жүзінде көрі жердің әжімі көп,  
Ізімді табарсыңдар өзер іздеп.  
Оқырсың сонда, мүмкін, бұл жырымды,  
«Досың да, туысың да біздерміз», – деп.

Ризамын туғанымға адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарының мейманымыз  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз – екі жұлдыз маңдайдағы,  
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.  
Япырмай, сен де бір күн сөнермісің  
Қап-қара түнек болып маңдайдағы?!

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Барым да, бақытым да осы өлеңім,  
Жақыным, жүрегімнің досы өлеңім.  
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,  
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін?!

Гүрілдеп жалын атқан кеудем – көрік,  
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.  
Суарып шынықтырам күйге малып,  
Болсын деп өрі өдемі, өрі берік.

Құя алман үгітілген балшық өлең,  
Көңлімде көл жасамаң тамшыменен.  
Серінің семсеріндей сертке таққан  
Өлеңнің өткірін бір алшы менен.

Ежелден еркебұлан Қасым едім,  
Бұлқына тасып едім, басып едім.  
Жүзім – жаз, көңілім – көктем, кең пейілді,  
Жақсының жүрегіне ғашық едім.

Сөзім – жыр, лебізім – күй, ерке едім,  
Өз жерім, өз елімде еркеледім.  
Өмірдің алтын сарай аспанына  
Қиялым қақты қанат ерте менің.

Кең жайдым құлашымды дүниеге,  
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де  
Өйтеуір, өрі-сәрі болғаным жоқ,  
Ұқтым мен көңілімнің күйі неде...

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,  
Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.  
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,  
Айрылсам алакөңіл он досымнан.

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,  
Бақытын ойламаймын құр басымның.  
Тымырсық түнек болсаң – дұшпаныңмын,  
Ақ көңіл адал болсаң – сырласыңмын.

Боламын ақын Қасым өлі де мен  
Өлеңін бөбегіндей әлдилеген.  
Қанатын қағып жылдам келер жылдар,  
Берін де қарсы аламын ән-күйменен.

Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.  
Торқадай жамылып ап топырағын,  
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.

Дариға, о, дариға, шіркін дәурен,  
Басымнан таярмысың бір күн, дәурен?!  
Жалт беріп жоғалар ма нажағайдай  
Жүзіңде шалқып тұрған күлкім, дәурен.

Тоқтамас өмірімнің сағатындай  
Жүрегім енді қанша соғар тынбай?  
Тыншыр ма ақтық рет бір талпынып  
Мерт болған балапанның қанатындай?

Түсірген ой сәулесін шартарапқа,  
Ақылдың алтын оты сөнген шақта,  
Бұл күнде саңқылдаған сұңқар үнім,  
Кетерсің судай сіңіп табиғатқа.

Сондықтан ап кел бері домбырамды,  
Кеудеме күй қанатты қондыр өнді.  
Берейін өмірімнен өлең жасап,  
Шашайын оңды-солды сол мұрамды.

Дүниеге келер өлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.  
Өртке тиген дауылдай өлеңімді  
Қасымның өзі емес деп кім айтасың?!



1. Қасым Аманжолов туралы осы кезге дейін естіп пе едіңдер? Ол туралы не білесіңдер?
2. Қазақ халқында Қасым есімімен белгілі тұлғалар бар ма? Олар туралы не білесіңдер?



1. Ақынның өзі туралы жазғанын қалай қабылдайсыңдар? Әдебиетте өзі туралы жазуға бола ма?
2. Ақын:  
Аманжол Рақымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын, –

деген. Ақынның бұл өлеңінде шежірелік дерек бар ма? «Мен қалған бір атаның ғасырымын» дегенді не үшін айтқан?

3. «Өзім туралы» деген өлеңде идея бола ма?



1. Ақынның өзі туралы өлеңі қазіргі замандағы жастарға әсер ете ала ма?



1. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік құралдарды тауып, олардың қандай мақсатта қолданылғанына талдау арқылы түсіндіріңдер.
2. С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңімен үндестік бар ма?



1. Ақынның «Мені» қалай көрінеді? Ол «Мен» авторлық бейнесін таныта ала ма? «Өзім туралы» деген өлеңде идея бар екеніне тұжырым жасаңдар.



1. Ақын «Өзім туралы» атты өлең арқылы қандай құндылықтарды дәріптейді? Жарық дүниеде өмір сүру қадірін білуге үлгісі, насихаты қай шумақта бейнеленген? Өмір сүруге құлшыныс бере ала ма?



## Оқу сауаттылығы

1. Құя алман үгітілген балшық өлең,  
Көңлімде көл жасамаң тамшыменен.  
**Сұрақ:** «Көңілімде көл жасамаң тамшыменен» деген нені білдіреді? Ол қандай мақсатта қолданылған. Екі жауап болуы мүмкін екенін ескеріңдер.  
а) образ жасау үшін  
б) жыламаймын дегені.  
с) көңілде көл жасалмайды.
2. Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.  
Торқадай жамылып ап топырағын,  
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.

**Сұрақ:** «Торқадай жамылып ап топырағын» деген нені білдіреді? Қазақ қайтыс болған кісіге байланысты «Топырағы торқа болсын» дегенді қандай оймен айтады, екі арада байланыс бар ма?

а) Торқа – қымбат бағалы мата, адам қайтыс болғанда айтылатын торқа сөзімен байланыс жоқ сияқты.

б) Торқа – ауыспалы мағынада қолданылған, яғни жұмсақ, жайлы деген сөз; «Топырағы торқа болсын – қайтыс болған адамның жатқан жері өзіне жайлы болсын деген оймен айтылатын сөз. Ақын өлеңінде екі мағына да бар. Туған жердің топырағын жанға жайлы көрпе сияқты жамылып жатырмын дегені және өз жерімнің топырағы жұмсақ болады дегені де болуы мүмкін.

с) Байланыс жоқ.

3. Дүниеге келер өлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.

Өртке тиген дауылдай өлеңімді

Қасымның өзі емес деп кім айтасың?!

**Сұрақ:** «Өртке тиген дауылдай» деген нені білдіреді? Өрт қалай өлеңге тиеді?

а) Байланыс жоқ.

б) Дауыл тұрса, өрт жайылып кетеді, сондықтан ақын өзінің өлеңі осындай, яғни өрт тиген дауылдай кеңге тарасын дегені ойы. Дауылдай деген сөз теңеу қызметін атқарып тұр.

с) Ақын өзін мықты санаған.



### *Оқушы күнделігі*

*Қасым Аманжолов өзі туралы ой бөлісті, ал сендер әрқайсың өздерің туралы не айтар едіңдер? Сендер әрқайсың қандайсыңдар? Сендер үшін өмірдегі маңыздылық не? Осы туралы жазыңдар.*



### *Фалаитор*

Қасым Аманжолов туралы хабарларды және оның әндерін мына сілтеме арқылы <https://www.youtube.com/watch?v=NBm54f8ZRxQ> көре аласыңдар. Сыныпта ақынның мұралары туралы пікір алысу ұйымдастырыңдар.

II бөлім бойынша  
ТЕСТ

1. *Түгелхан мен Үмітін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, сүйрелеп жүріп, қалай өсіргенін, адам еткенін жыр қылар-ау. Бұл қай кейіпкердің монологы?*

  - А) Шеге, «Жалған дүние»
  - В) Хансұлу, «Жарық дүние»
  - С) Едіге, «Ақ боз үй»
  - Д) Хансұлу, «Жалған дүние»
  - Е) Хансұлу, «Ақ боз үй»
2. А.С. Пушкиннің «Полтава», М.Ю. Лермонтовтың «Маскарад», өзербайжан ақыны Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, украин ақыны Т.Шевченконың өлеңдерін қазақ тіліне аударған кім?

  - А) Ілияс Есенберлин
  - В) Абай Құнанбайұлы
  - С) Сөкен Сейфуллин
  - Д) Қасым Аманжолов
  - Е) Смағұл Елубай
3. *Жем бойынан Хансұлулар, қайда, сол баяғы Сталин өлетін жылы-ақ көшіп кеткен ғой. Көшіп осы Жетісуға келген. Биыл 1982 жыл десек, содан бері де мінекей, табаны күректей 29 жыл өтіпті. Ие, «Арқада құн жақсы болса, арқар ауып несі бар?». «Халық жауының қатыны», «Халық жауының баласы» деген атқа іліккен бұлар, ел арасының тұртпегінен қашып осы Жетісуға көшкен. Үзінді қай шығармадан алынған?*

  - А) Сейтен, «Қаһар»
  - В) Хансұлу, «Жарық дүние»
  - С) Едіге, «Ақ боз үй»
  - Д) Хансұлу, «Жалған дүние»
  - Е) Хансұлу, «Ақ боз үй»
4. «Жалған дүние» романының қай кейіпкері Едігені «Палуан» деп атаған?

  - А) Үміт
  - В) Хансұлу



- C) Едіге
- D) Шеге
- E) Жадақай

5. «Ақын», «Жалғыз жалау», «Дүниеге жар», «Орамал», «Мен – табиғат бөбегі», «Оралым», «Байкал», «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тойында», «Құпия қыз» шығармаларының авторы кім?

- A) Ілияс Есенберлин
- B) Абай Құнанбайұлы
- C) Сәкен Сейфуллин
- D) Қасым Аманжолов
- E) Смағұл Елубай

6. *8 жасында не әке-шеше жоқ, не қамқор әже жоқ, бір шаңырақта шошайып жалғыз қалады.*

Қай шығарманың кейіпкері туралы айтылған? Қай шығармадан алынған?

- A) Қасым Аманжолов, «Өзім туралы»
- B) Ілияс Есенберлин, «Қаһар»
- C) Сәкен Сейфуллин «Сыр сандық»
- D) Едіге, «Жалған дүние»
- E) Түгелхан, «Жалған дүние»

7. *Бұлардың ауылы Қарақалпақстанның құмында көшіп-қонып жүріп, 32-ші жылдың аштығына ұшырайды. Қырылғандары қырылып, қалғаны Жем бойындағы елге оралады.*

Қай кейіпкер туралы айтылған? Бұл кейіпкерді аман сақтап қалған кім?

- A) Сейтен; Алтыншаш
- B) Едіге; Дәу апа
- C) Шеге; Хансұлу
- D) Үміт; Хансұлу
- E) Түгелхан; Хансұлу

8. *Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,  
Қараймын елесіңе мен таңырқап.  
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.*

Осы өлең жолдарының авторы кім, ол қанша жыл өмір сүрген?

- A) Төлеген Айбергенов, 30
- B) Қасым Аманжолов, 35
- C) Қасым Аманжолов, 44
- D) Төлеген Айбергенов, 40
- E) Махамбет Өтемісұлы, 42

9. – *Қолжазбаңыз туралы... естігем... Ол бір ... Халық басына түскен қасіретті жылдар ғой... Оны айтар мезгіл ...емес қой!... – деді, әрбір сөзі ернінен әрең үзіліп. Маңдайшаға қадалған Хатшы қасын керіп, тағыз үнсіз қалды. Өңгіме осымен біткен еді.*

Бұл сөздер қай кейіпкерге айтылған, үзінді қай шығармадан алынған?

- A) Сейтен, «Қаһар»
- B) Аяған, «Өмірзая»
- C) Едіге, «Жалған дүние»
- D) Түгелхан, «Жалған дүние»
- E) Үміт, «Жалған дүние»

10. «*Біздің жақта*», «*Тау ішінде*» (1919), «*Көкшетау*», «*Дариға, сол қыз*», «*Туған жер*», «*Өзім туралы*» әндерінің тізбегі белгілі.

Қасым Аманжолов шығармалары бар ма? Бар болса, дұрыс тізбекті анықтаңдар.

- A) «Өзім туралы», «Біздің жақта», «Көкшетау»
- B) «Туған жер», «Біздің жақта», «Тау ішінде»
- C) «Өзім туралы», «Дариға, сол қыз», «Туған жер»
- D) «Өзім туралы», «Біздің жақта», «Дариға, сол қыз»,
- E) «Өзім туралы», «Тау ішінде», «Туған жер»

### III бөлім

## ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

---

Ғасырлық туынды деген сөз қолданысы шартты түрде алынған, өйтпесе «Абай жолы» роман-эпопеясы – мәңгілік әдеби мұра. Қазақ бар кезде ол қасиетті төрімізден түспейді. Өйткені «Абай жолы» өз оқырманын тапқан. Сондықтан ғасырлық деген сөз жүз жылмен шектемейді, оны мәңгілік ету біздің парызымыз екенін ұғындыратын астарлы оймен жазылған. Өуелі ғасырларды толтырып алайық, «Абай жолының» мәңгілік өмірін жасау өз қолымызда.

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ**  
(1897–1961)



*Назар аудар!*

**7-сыныпта Мұхтар Әуезовтің өмірімен танысып, «Көксерек» повесін оқығандарыңды еске түсіріңдер.**

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, дүниежүзі әдебиетіндегі алып тұлға. Ол Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы және тағы да басқа көптеген халықаралық марапаттарының иегері.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы қыркүйектің 28-күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Қасқабұлақ мекенінде дүниеге келген. Бүгінде бұл жер Абай ауданында.

Атақты жазушы 1961 жылы 27 маусымда ауыр науқастан Мәскеу қаласындағы ауруханада өмірден өтті.

Мұхтар Әуезов алғашқы білімін 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде алып, кейін білімін орыс мектебінің дайындық курсында, Семей қалалық бес кластық орыс қазына училищесінде, қалалық мұғалімдер семинариясында жалғастырған. Ал 1919 жылы 4 желтоқсанда Семейде большевиктер билігі орнап, М.Әуезов Семей губерниялық ревкомының



жанынан ашылған қазақ бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы қызметтерін атқарды.

Сосын Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік университетінде тіл-әдебиет бөлімінде 1923–1928 жылдары оқыған. Тек арасында, яғни 1924–1925 жылдары Семейге келіп, мұғалімдер техникумында оқытушы болған және Семей губерниялық комитетінің органы – «Таң» журналының редакторы қызметін атқарған.

1928 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде Шығыс факультетінің аспирантурасына қабылданған және сонда Қазақ ағарту институтында сабақ берген.

Жазушының тағдырында үлкен белес бар, ол Алаш қайраткерлерімен жақын араласқан, идеялас болған. Сол үшін М.Өуезов 1930 жылы қыркүйектің 16-күні қамауға алынып, түрменің азабын көрді. 1932 жылы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шыққан, бірақ маусым айында түрмеден босатылды. Оның босатылуына кешірім сұрап жазған хаттың ықпалы болды. Аға буын алашшыл тұлғалар қазақтың болашағы үшін жас Өуезовтің сақталуы керек екенін ойлап, осы қадамды жасауына ақыл-кеңес берген.

1943 жылдың қыркүйек айынан бастап Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры болып орналасып, өмірінің соңына дейін осында ұстаздық етті. Бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Мұхтар Өуезов атындағы аудитория бар. Жалпы, елімізде оның есімімен аталатын көрнекті орындар көп.

**Ғылыми мұрасы.** Мұхтар Өуезов қай жанрда жазса да, әуелі жан-жақты зерттеп, сосын жарыққа шығарған. Бұдан басқа М.Өуезовтің таза ғылыми зерттеулері – өз алдына бір сала. Оның «Әдебиет тарихы» 1927 жылы Қызылорда қаласында жарыққа шықты. Бұл еңбегінде ғалым М.Өуезов қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен бастап, ғылыми түрде жанрларға жіктеген. Қазақтың жан дүниесі сақталған рухани мұраларын зерделі оймен талдаған. Ұлт тарихында «зар заман» атанған дәуір бар, сол зар заманның өкілдерін Асан қайғыдан бастап, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы – бәрін жазған. Бұл кітап жарық көрсе де, кеңес билігінің цензурасынан талабымен түгелге жуық жойылған. Ол

еңбегі 20 томдық шығармалар жинағының 16-томына қырқылған күйде ғана жетті. Өйткені қазақтың мұңын мұңдаған ақын-жыраулардың толғауларында қазақтың елдік рухы, тәуелсіздікті армандауы, ұлттық құндылықтарды жоғалтпау туралы шығармалары таныстырылып, талданған. «Әдебиет тарихының» толық нұсқасы тек 1991 жылы жеке өрі толық еңбек күйінде жарық көрді.

**Шығармалары. Прозасы.** Қазақ прозасы, негізінде, ХХ ғасырдың 20-жылдары дамып, қалыптасты. Өрине, 1910 жылы жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» – алғашқы роман, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» (1913) романдары Қазан төңкерісіне дейін жазылған, ал осыдан кейінгі прозалық шығармалардың кең ауқымға көтерілуіне Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезовтің қосқан үлесі, еңбектері ерекше.

Өткен ғасырдың 20-жылдары М.Әуезовтің «Қараш-Қараш» (1926), «Қорғансыздың күні» (1927), «Қилы заман» (1928) повестері жарық көрген. Бұдан басқа «Қыр суреттері», «Жетім», «Кім кінәлі», т.б. өңгімелері бар.

«Қилы заман» 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының деректері бойынша жазылды. Кеңес кезіндегі коммунистік идеология бұл шығарманы орысқа қарсы жазылған шығарма деп, оқуға тыйым салды. Жазушының өзі көзі тірісінде оның қайта басылып, халқымен қауышқанын көре алмай кетті. Ал, шындығында, «Қилы заман» патшалық отаршыл саясаттың кесірінен қазақтардың жан-жаққа тарап (Қытайға көшуіне), сол жолда көрген азапты суреттеген еді.

Ал «Қараш-Қараш» оқиғасы бойынша, Бақтығұл күнкөріс үшін ұрлық жасап, кейін Жарасбай болыстың барымтанысы болып жүріп, еркін өмірді аңсайды. Ол Жарасбайға байланып қалғанын кеш түсініп, ақыры, оны өлтіріп тастайды. Оның бұл әрекетінде өділетсіздікке қарсы күрес, намысқойлық, жігер жатыр. Ол түрмеге түскен кезде қасына баласы Сейітті алып, оны білім жолына бағыттайтыны айтылған.

Повестің басты кейіпкері – Бақтығұл, ал оның прототипі – Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұл Жылқайдаров. Ол, шынында да, болысты өлтіргені үшін 1905 жылы он жылға сотталған, осылайша қазақ жерінде жергілікті халық көрген өділетсіздіктер көркем шығармаларға арқау болған. Жалпы, тарихи шындықты жаза отырып, жазушы ХХ ғасырдың 20-жылдарында «Қараш-Қараш» кейіпкері Бақтығұл, «Қилы замандары» Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, Әубәкір бейнелері арқылы қазақ прозасында прогрессивті бейнелерді қосумен де әдебиетті дамытты.

**Драмалық шығармалары.** Жазушының отыздан аса драмалық шығармасы бар. Ең алғашқы трагедиялық шығармасы – «Еңлік–Кебек». Пьесаның алғашқы нұсқасын 1917 жылдың жазында Шыңғыс тауының бөктеріндегі Ойқұдық жайлауында жастар қойған. Еңлік, Таңшолпан, Қалампыр рөлдерінде жігіттер ойнаған. Бұл тұңғыш спектакльді сахналау үшін екі киіз үй тігілген. Бір киіз үй сахнаның қызметін атқарса, екінші киіз үй – көрермендер залы. Сахналық бұл ойында атордың өзі жүргізген. Ал екінші рет сахналағанда, пьеса өңделіп, Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың бірлескен сәтті еңбегі болып шыққан. Бұл жолы, яғни екінші рет сахналануы 1922 жылы Жүсіпбек Аймауытовтың режиссерлік қызметімен жүзеге асқан. Бұдан кейін Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасы 1933, 1944, 1958 жылдары және бұдан кейін де қазақ сахналарында көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Мұхтар Әуезов пьесаларының арасында 1916 жылғы оқиғаға арналған «Түнгі сарын» драмасы да бар. Сондықтан Мұхтар Әуезов шығармаларының құндылығы еш уақытта маңызын жоймайды. Өйткені оның шығармаларында қазақ халқының тарихы, тағдыры, өділетсіздікке қарсы күрес маңызды – өдебиет эстетикасына сай өміршең.

«Хан Кене» трагедиясы – прологы бар, бес пердеден, қырық жеті көріністен тұратын пьеса. Мұнда қазақтың Кенесары ханның соңғы кезеңі бейнеленген, яғни қазақтың үлкен арманы бар, ұрпаққа айтар аманаты бар. Пьеса XX ғасырдағы 20-жылдардың соңына қарай жазылған, көп қиындықпен 1934 жылы сахнаға қойылды. Алайда сол бойда тыйым салынды. Содан тек 1981 жылы қайта жарық көрді.

«Абай» жолы» роман-эпопеясы туралы. «Абай жолы» кітабымен алғаш танысқан үлкен жазушылар, қоғам қайраткерлері бірден жоғары баға берді. Мәселен, француз жазушысы Луи Арагон: «XX ғасырдағы ең ұлы шығармаларының бірі» десе, неміс өдебиетшісі Альфред Курелла: «Сіз «Абайды» оқыған жоқпысыз? Онда сіз ештеңе де оқымағансыз. Бұл – ақыл жетпестей ражап дүние!» – деген.

«Абай жолы» эпопеясының өзі ғана орыс тілінде отыз рет жарық көрді. Мұнан басқа да көптеген шет тілдерге аударылды.

М.Әуезов Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы үлкен көркем туынды жазуды 1937 жылдан бастаған. Өрине, бұл еңбекті жазудан бұрын ол алдын ала көп зерттеулер жасаған. Алғашында, яғни 1918 жылы «Абай», «Таң» журналдарында Абайдың өлеңдерін, нақты айтқанда, «Абайдың Әбдірахман деген баласы өлгенде, жоқтап айтқан өлеңдері», «Абайдың кейбір өсиет сөздерін» жариялатқан.

XX ғасырдың отызыншы жылдары Абай Құнанбайұлына деген көзқарас дұрыс болмай, өртүрлі сөздер айтылып жатқан кезде, М.Өуезов қаймықпай, «Абай» трагедиясы арқылы жеткізді. Бұл туындысында Абайды білімге, мәдениетке ұмтылған прогрестік бағыттағы тұлға ретінде суреттеп, лайықты бағалады.

Ал «Абай» романының 1-кітабы 1942 жылы, ал 2-кітабы 1947 жылы жарық көрді. Осы еңбегі үшін жазушыға 1949 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Кейін бұл еңбегі толықтырылып, төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопея деңгейіне жеткенде, жазушыға 1959 жылы Лениндік сыйлық ұсынылды. Бүгінде бұл роман-эпопея өлемнің 116 тіліне аударылды.

**Көркемдік уақыт «Абай жолы» үшін кең ауқымда көрінеді.** Көркемдік уақыт термин ретінде әдебиетте шығармадағы уақыттың суреттелуі, назарға алынатын уақыт, оның қабылдануындағы өзгеше ерекшеліктерді түсіну үшін енгізілген. «Абай жолы» эпопеясында жарты ғасырға жуық уақыт суреттелген. Оқырман Абаймен ең ағаш кездескенде, ол небәрі 13 жаста, ал тұтас роман аяқталған кезде, ол 60 жасқа таяп қалған, яғни дүниеден өткенге дейінгі тұтас бір ғұмырды көз алдымызға әкеледі. Бұл тек сырттай алғанда, осынша ғана сияқты, ал романды оқи отырып, өткен замандағы көркем суреттеулерді, аңыз-жырларға арқау болған кезеңдерді есепке алғанда, көркемдік уақыт ауқымды бола түседі. Осындай кеңдік, әрине, роман-эпопея үшін лайықты және жазушы оны қамти білген.

**Кейіпкерлер жүйесі.** «Абай жолындағы» кейіпкерлерді екі топқа: Абайдың өзінен бастап, мұндағы Әбіш, Мағаш, Оспан, Базаралы, Тоғжан, Әйгерім, Құнанбай, Өзімбай, Төкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар – сол дәуірде өмір сүрген тарихи адамдар. Ал кейбірі кейіпкер ретінде жазушының еркі бойынша, типтік жиынтық бейне ретінде енгізілген. Кейіпкерлер жүйесін жасағанда, жазушының шығармашылық зертханасы да сыр шертеді. Өйткені романдағы Дәрмен, Дәркембай, Иса, Ис, Сейіт, Салтанат оқиғаны дамыту үшін ойдан қосқан кейіпкерлер. Бұл кейіпкерлер шығарманың тартымдылығын арттыру мақсатында ғана емес, сонымен бірге жазушының қиялынан туған әрекеттер мен қақтығыстарды енгізу үшін, қазақ қоғамында орын алған жағдайлардың күрделі болғанын жеткізу мақсатында қолданған.

Романның эпилогінде: «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл – жалғыз. Шынға келсе, жапа-жалғыз. Рас, оның бір қуаты, бір үміті екені

рас. Қуаты – ақындық, үміті – халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бірі танылмай, ұғылмай кетер ме! Жете ме сабыр, жетер ме қайрат?! Жалғыздықтан жасымас қайрат жетер ме!» деп жазылған.

М.Өуезовтің төрт кітап болып шыққан «Абай жолы» роман-эпопеясы композициясы да, стилі де бір-бірін қайталамайды. Бірінші кітаптан жас Абайдың ел тіршілігіне араласа бастауын, жастық шақтың романтикасын көреміз. Екінші кітапта Абай ойшылдыққа ауыса бастаған, ақындыққа бет бұрған кезін көреміз. Ел арасындағы дау-тартыстарға араласа бастаған кез суреттелген. Үшінші кітапта өз табынан алшақтап, кедейлердің жағына белсене шыққан, өз ағайындарымен, зорлықшылармен аяусыз күрескен азамат Абайды көреміз. Ал төртінші кітапта Абайдың күрескерлігі ауыл арасындағы ауқымнан шығып, қаладағы пенділермен, патша адамдарына ашық шыққан қайраткер тұлғасында танимыз. Бұл кезең-кезеңге бөлінген даму романның стиліне де айтарлықтай өзгеріс әкелетіні түсінікті. Дау-тартыстарға араласу көп болған себепті үгіт-насихат, шешендік жиі орын алған.

«Абай жолының» абыройлы болуының бір себебі – орыс әдебиетін толық білгенімен ғана байланысты деуге болмайды, жазушы, ең алдымен, туған халқының мұрасын жақсы білген, елдің тарихын, тұрмыс-тіршілігін ерекше сыйлай білген. Қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев: « XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысын жан-жақты қамтитын нағыз энциклопедия» деп бағалауы шындық.

«Абай жолы» роман-эпопеясының ұлттық және әлемдік құндылығы. Роман-эпопеяның құндылығы жоғары. Ол – қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық, азаматтық тұлғасын танытумен шектелмейді, оған қоса XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихи жағдайын ұлттық салт-дәстүр, менталитет, өз ортасы және патшалық отаршыл саясаттың әділетсіздігін шынайы суреттеуімен, қазақ халқының адал перзенттері бар екені, олардың намысқойлығы, қайраткерлігі ешбір халықтан кем еместігін көркем ойлармен суреттеулерімен бағалы.

Шығармадағы кейіпкерлер арқылы қоғамдағы шындықтар ашылған. Сондай-ақ қазақ халқының рухани мұрасы жан-жақты қамтылған, фольклорлық жанрлар, салт-дәстүрлердің мейлінше кең ауқымда қамтылуы шындықтың құндылығын өміршең етеді. Ол құндылықтарды сала-сала бойынша байқауға болады.



### *Бірінші кітап* (Роман-эпопея. Басы. Ықшамдалған)

#### Қайтқанда

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды.

Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып, тұрғызып еді.

Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған... Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай:

– Мына баланың ауылға асығуын-ай!

– Сорлы бала қыстай іш құса болып қалған-ау, – деседі. Бала шәкірт ұзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып, қуып жетеді... Тақырбұлақ тұсына келгенде, Байтастар баланы жеке шабудан тежеп:

– Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады... – деді...

– Олар самсаған сары қол. Бұл Есембайда ұдайы жау жатады... – деп, Жұмабай шошыта сөйлегісі келеді.

Баланың қытығына тиетіні осы жері.

–...Ендеше бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал кеттім! – деп, соқтырта жөнелді. Бұл – Тақырбұлақтан өте бергенде, бастағаны еді...

Жұмабай әбден болмаған соң:

– Қап, мынаның баласы!.. «Мен бөрінің бөлтірігімін» деп келеді-ау! Қой, не де болса, қалмайық енді. Байтас, жүр! – деп, шаба жөнелді. Екеуі де жарыса бастады...

Бір белден асып, екінші белдің өріне қарай тоқтамай, жарысып келе жатты. Осы өрде бурыл ат есік пен төрдей алға түсе беріп еді... Сөйтіп, осы белдің ойына қарай құлай бергенде, жорға Жұмабай арт жағынан, сол иығы тұсынан тасырлатып кеп қосылған бір дүсірді есітті. Дәл Есембай биігінің тұсы. Және дәл Есембай жырасының өзі екен.

– Өй, көпір, содан қосылған жау болды-ау. Баланы алып, бізді баққан екен-ау! – деп, ақ көк атты тепкілей берді. Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді.

<sup>1</sup> Өуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2014. – 376 бет.

– Мас көзіңді, мас! – деп, өзірейілдей төніп келе жатқан бірдеме. Атында, кісісін де болжай алмады. Өдейі танытпайын деп, бет-аузын таңып алыпты. Бұл өңірдегі күндіз шабатын ұрының әдеті. Байтаста үн жоқ, өз бетімен замғап барады. Қолды болса, болатын жорға Жұмабай.

Енді не де болса, жанды қармайын деп, тақымындағы шоқпарына жабысты... Қуғыншы... жырынды жау мұның жаңағыдай сасқалаңымен пайдаланып, шоқпарды да тартып алды.

Енді ақ боз ат та бірдемеге тіреліп тоқтағандай, Жұмабай зорға дегенде, бойын түзеп ап, жаңа ғана тымағын кейін қайырып қап еді. Қараса, бұның шоқпарын тартып ап, ақ боз аттың алдынан көлденең шығып, қазір ішек-сілесі қатып, үнсіз күліп тұрған бағанағы бала шөкірт. Өзі айтқан «Құнанбайдың бөлтірігі» – Абай екен.

Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да, ыза болды.

– Өй, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл ұрының ойнағына кеп алып, жаман ырым бастағаның не қылғаның? – деді.

Байтас та күлген бойында қайта оралып келеді екен.

...Байтас қорықса, қорықпаса да, сыр алдырған жоқ. Сондықтан Жұмабайдың ашуын алыстан танып, мөз болып күліп келе жатып:

– Құла бестінің төбелін де жоқ қыпты, қарай гөр өзін! – деді.

Жұмабай да жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен баттастырып тұрып сылап қойыпты...

Жұмабайдың қалаға бұ жолы не жұмыспен барғанын Абай дәлді білмейді. Бірақ оның Байтасқа айтқан бір сөзінде Құнанбай тапсырған бір жұмыспен барып келе жатқаны мәлім боп еді. Абайдың бұрыннан байқауынша, бұл – Құнанбайға қадірі бар кісі. Абайға ашуланып, ренжіп барса, алдымен әкесіне шағады.

Осыны еске алып кеп, Абай енді күлкіден тыйылып, жаңа қатарласқанда:

– Жол ұзақ. Ұйқыашар болсын деп ойнап ем, ғайыпқа бұйырмаңыз, Жұмеке! – деді. Енді, тіпті, сыпайы. Сызылып тұр...

Бала шөкірт ауылға асыққан... Тағы да шапқылап, қара үзіп, алыстай берді...

– ...Бұл қорлықты көргенше кел, Жұмеке, біз де аттың басын қоя берейік, – деп, Байтас бұрыл атты ағыза жөнелді. Жұмабай да еріксіз шапты.

Аздан соң Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей ұзақ-ұзақ жарысуға айналды.

Қорықтан шыққалы таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты, аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінді кезінде Көлқай-

нардағы Құнанбай аулына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған аулына кеп жетіп еді.

...Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, кешкі жайылымға, батыс жаққа қарай жаңа өріп бара жатқан бойдақ қойдың ішін аралап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды...

– Қалашылар, қалашылар келеді!

– Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді бір қартаң қатын.

– Бесе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Өпкеме айтайыншы, – деп, тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан...

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде, алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен...

Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Өй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп, жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сүп-сүр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4–5 атты жолаушы келеді екен... Ол соларға қарап тұр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып, сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе?..

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап

айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп, біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс төмам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді.

Әкесінің қасында тұрған Майбасар мен соның атшабары екен. Майбасар – Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісі... Бұны биыл Құнанбай өзі аға сұлтан болғаннан кейін, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-ді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді...

Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді...

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді Айғыз қатар тұр екен...

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де, Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп, кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша, осында болды... Ас бере отырып, бойлары үйреніскен сайын шеше, жеңгелері баладан:

– Елді сағындың ба, кімді сағындың?..

– Оқып болдың ба? – деген сияқтыларды қайта-қайта сұрасады. Абай өзге сұрақтарға жөнді жауап берген жоқ. Жалғыз-ақ кімді сағындың дегенде:

– Оспан қайда? Ол қайда жүр? – деп, өзінің кіші інісін, тентек Оспанды бірнеше рет сұрап еді.

Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

– Е, жүр-дағы, жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң, өжең екеуіміз қуып шыққамыз, – деп, әжесіне нұсқады.

Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ишара қып отырғанды көріп:

– Не дейді? Не деп жатырсыңдар, естімедім, – деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сөйлеп:

– Әже-ау, былтыр мұндай емес ең... Құлағыңа не болған, неге естімейсің? – деді. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп, оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтап, алдына жантайды.

Әжесі түсінді де, аз ғана босаңсып...:

– Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады, – деді.

– Үшкірсе, мына балаң молда боп келді ғой. Үшкірт балаңа, – деп, Айрыз күлді...

– Сорлы көрінің көңіліне о да болса, демеу ғой!.. – деп, үйдегі үлкендер, әсіресе, жеңгелер Абайдан шын бірдемені дөметкендей.

Абай... Көдімгі молдадай шарт жүтініп алып, түсін томсартып жіберіп, шешесіне төніп отырып:

Юзі раушан, көзі гауһар,  
Лағылдек бет ұшы ахмар,  
Тамағы қардан өм биһтар,  
Қашың, құдрәт, қоли шига, –

деп, көпшілік ұға қоймайтын өлеңді шұбырта беріп, даусын «төбарак» оқыған молдаларша ұзайта созды...

Тағы да көзін жұмып, түсін томсартып, Құран аударған молдадай, ілгері-кейін теңселе беріп:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,  
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,  
Көрі әжем естімейді, нана берсін,  
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап... –

деп кеп, тағы да «Су-ф-ф!» деп қойды. Үйдің іші енді сезіп, ду күлісті. Соңғы өлеңнің тұсында әжесі де түсінген. Ол үні өшіп, сүйсініп күліп, баласын арқаға қағып, маңдайынан иіскеді...

Ұлжан тартымды болумен қатар, сыншы да ана. Баласының жаңағы мінезіне біраз ойлана қарап отырды. Биыл денесі өскелеңдеп қалған баласы мінез жағынан да ересек тартқан сияқты. Ұлжан көппен бірге күлген жоқ еді. Енді байқай отырып, ақырын мырс етті де:

– Балам-ау, қаладан молдалық әкеледі десем, нағашыңа тартып қайтқанбысың, немене? – деді.

Үлкендердің бәріне бұл өте түсінікті еді. Жаңағы бала мінезінің дәл шешуі сияқты болып, қайта күлдірді.

– Бәсе, Шаншар!

– Битан, Шитан!

– Тонтекеңнің жиенімін деп тұр ғой! – десіп, Абайдың нағашыларын есіне алысты...

Дәл осы кезде Майбасардың атшабары кеп кірді. Бұл бағана, кеште Құнанбайдың қасында тұрған қаба сақал, қара Қамысбай еді. Келді де:

– Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр, – деді.

Үй іші де, Абай да үн қатқан жоқ. Бағанадан бергі еркін, ойнақы, бала мінездің бәрінен тартынып, бойын жиып, бала шәкірт үндемей, үйден шықты да, әкесі отырған үйге келді.

Қонақ үйі шешелер үйіндей емес, сыртынан да салқын, үнсіз. Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендерге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді. Үлкендер де мұның сәлемін дауыстап алды. Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік екен. Және осылардың жанына ерткен жас жолдасы тәрізді Байсалдың немере інісі – бала жігіт Жиренше бар...

Абай келіп отырысымен анау үлкендер бұдан қала жайын, оқу жайын, саушылығын сұрастырды. Өзге үлкендер ішінде Абайға, әсіресе, көңіл бөлген сөзуар, жарқын жүзді Қаратай...

Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ. Қайта, теріс көргендей мойын бұрып, Абайға қарап:

– Одан да, не күтсеңдер де, осы жаман қарадан күтсеңдерші! – деді.

Құнанбайдың мына баласын осында шақыртып алып отырған және жаңағыдай етіп бұларға танытқалы отырғанын өзгеден Қаратай бұрын аңғарған...

Сөйткенше, сырттан Оспан кіріп келді. Кішкене інісі. Ауылға келгелі көп сұраса да, көре алмаған тентек, содыр інісі.

Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды. Өзінің де ең жақсы көретін туысқаны Абай еді. Екеуінің арасы 5–6 жас...

Ол «Қайда жүрдің?» деп, ақырын сұраған Абайға жүресінен отырып, ағасының мойнынан құшақтап, өзіне қарай тартты да, құлағына бір нәрсе сыбыр етті. Бұнысы бір қатты нашар боқтық сөз еді. Шеткі үйде өзінің ағасы Төкежаннан үйреніп кепті. Сағынған ағасымен ең алғаш тіл қатқанының өзі осы. Абай сескеніп, құлағын тартып қап:

– Өй, не дейсің? – дей беріп еді, Оспан атып тұрып, мұны бас салып құшақтап:

– Айтпа, айтпа деймін анаған!.. – деп, әкесі жақты нұсқап, Абайдың аузын аштырмай, шалқалатып жыға берді...

Құнанбай атшабарға қатты өмір етіп:

– Бар, алып кет, қарғыс тигенді! – деп, Оспанның бетін бұрды да, итеріп қалды. Бала сүрініп құлай бергенде, атшабар да қармап көтере берді...

Сонымен біраз томсарып отырып барып, қайта қыбырласқанда, Құнанбай ойдағы сөзін бастады.

\* \* \*

...Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр.... Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін, тұлғасына қарап, қадалып қалады.

Тегінде, ертекші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай, тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, әжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді...

Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. ...салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді.

Абайға оның пішіні – көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей – осы отырғанның бөрінен де сұлу. Бетінде өжімі де аз...

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес...

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал...

Бұлардан басқа барлық салқын, томсарған жандар ішіндегі ең жандысы, ең шапшаң, қағылезі Қаратай мен Абай қасындағы Майбасар.

Үлкендер тобына бір жақтан, өкеден төмен отырып, телміре қараған Абай болса, дәл осы төрізденіп, барынша бой салып қарап отырған – ана шеттегі жас жігіт Жириенше.

Бұл – Көтібақ ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоқанның баласы. Байсал әрдайым қасына ертіп жүреді. Әрі жігіті, әрі сөз ұғып, адам болар деген жасы. Ол әңгіме атаулыны көп біледі...

Жириенше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқады, өкесі сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бөрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп, аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бірақ Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ...

– Ендеше өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! – деп, Құнанбай байлауын айтты...

Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда, қайта оралар қайырымы жоқ, оны бөрі біледі...

Бөжей білсе, Қодар жайы – Құнанбайдың тағы бір қыры. Осал емес, үлкен қыры болғалы тұр...

Бірақ Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса, әлсіз жері де осы Тобықтының ішінде. «Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады». Сол қанаты мен құйрығы ел ішінде өзі тұстас рубасылар. Осы Байсал, Бөжейлер.

...Тобықты көп рулы көп ел болғанымен, барлық үлкен шеңберінің таразысы осы отырған бес-алты адамның руларымен өлшенеді. Әсіресе, рубасы осы адамдардың өздерімен салмақталады. Сонда Құнанбайдың оң жағында отырған Бөжей – қалың Жігітектің адамы. Бұрын орталарынан Кеңгірбайдай теріс азу, мықты биі шыққан ел... Байсал да сондай мол



ру – Көтібақтың тұрғысы. ...Сүйіндік – осы ағайынды елдер ішінде ең азы Бөкеншінің кісісі. Мал, дүниеге шағыны да осылар. Бөкеншінің кірмелеу туысы – Борсақ. Жаңағы бұлар сөз қылған Қодар – сол Борсақ болатын.

Құнанбай болса – Ырғызбай руынан. Бұл – бас жағына келгенде, Жігіттен де, Көтібақтан да аз. Бірақ әрі малды, әрі көптен бері Тобықтыны билеп-төстеп келе жатқан ауылдар.

Туыс жағын алғанда, Бөжей мен Сүйіндіктен гөрі Құнанбайға Байсал жақын. Сойыл соғарға келгенде, қолға, санға келгенде, Құнанбайдың мықтап сүйенетіні сол Байсал елі – Көтібақ. Оны әлі күнге өз ырқынан шығарған емес.

Қаратай болса, бұлардың барлығына алыстау. Ара ағайын төрізді Көкше деген рудың атқамінері... Осы отырған рубасылардың мінезі, артта жүрген үлкенді-кішілі атқамінер, ақсақал, қарасақалының бөріне де мінез, тәсіл бола жүреді.

Құнанбай қасындағы қой көздеу, сұлуша Майбасар старшын болды да, өз достарынан да, Құнанбайдың жақындарынан да ажырай бастады. Қазір Құнанбай алдында, жастан бергі дағдысы бойынша үндемей отырғанымен, бұл ерен бүлік, сотқар адам...

Бүгін Бөжейлердің Құнанбаймен іштей суысуына себепші болған да осы Майбасар...

Осы кезде Жиренше Абайға ым қақты да, тысқа шығып кетті. Абай Қодардың қылмысы не, өзі кім екенін білмеген қалпында болатын. Ол жалғыз-ақ, «дарға асу» деген жерде, ішінен бір түрлі тіксініп қалды. Өкесіне сене алмай, сескене қарап, «Соны істейді-ау» деп бір ойлады. Бірақ байқап, болжап көрсе, дар деген қырда, бұл елде өсте болмаған нәрсе. Естіп көрген де емес...

Енді есіне түсті. Жұмабай қалада бұған түсініксіз біраз мінездер істеген. «Қазіретке сыйға апарам, Құнанбай жіберді» деп, қысырдың бір семіз қара көк құнаншығарын жетектеп жүрген-ді.

Абайдың молдасы және мешіттің имамы Ахмет Ризаның үйін сұрап алып, артынан Абайға «Молданың үйіне ертіп жүр» деп, бұны бірге де ала барған...

Кейін үйге кіргенде, Жұмабай Құнанбайдан сәлем айтты да:

– Мына баласына – өзіңіздің шәкіртіңізге фатихасын сұра деп еді, – деген.

Қазірет... Абайға қол жайып бата берген-ді. Содан әрі... Құнанбайдың айтқан сәлемі... Сұрап кел деген бір үлкен сөзі екен. Осы жөндерін айтты да, Жұмабай Абайға бір, қазіретке бір қарап:

– Бірақ ол жайын оңаша, құпия сөйлес деп еді. Балам, сен... – деп, Абайға оқтала бергенде... Абай шығып кеткен...

Бұл уақытта Жиренше соңғы атқа шідер салып, отқа жіберіп жатыр екен. Есік ашылған жерден Абайды көрді де, ақырын дауыспен:

– Абай, бері кел, мұнда кел... – деді.

Абай бұған жетер-жетпестен:

– Өй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім? О не қылған? Айтшы, – деді.

– Қодар – жақыны жоқ, жалғыз үйлі бір Борсақ...

– Ал ол не қылған?

– Сол биыл қыстыгүні жалғыз баласы өлгеннен кейін келінімен жақын бопты дейді.....

– Сол рас па екен? – деп, Абай қадала сұрады.

– Бәсе, сол анық-танығы мәлім емес... Сүйіндіктің, жаңағы, анығын білейік деуі сол ғой, – деп, Жиренше салмақты болып сөйлеп еді.

– Ендеше бекер жала-дағы?

– Тіпті, солай десетіндер де көп...

Абай әкесінің жаңағы «дарға асу» деген жердегі аяздай суық пішінін еске алды... Шешесінің үйіне қарай беттеді. Жиренше басқа да бірдеңелер сөйлеспек боп, бөгемек еді, қайырылған да, үндеген де жоқ. Кете берді.

\* \* \*

Келіні жаңа ысытып әкелген, құрт қосқан қонақ көжені анда-санда бір ұрттап отырып, Қодар:

– Қарағым, Қамқа, бүгін күн жұма ғой осы, – деді...

Аздан соң екеуі де тысқа шықты...

Бұлардың алдында, кішкене көк төмпешік үстінде құбыла жақтағы серек тасы шошайған жалғыз жас бейіт қана тұр. Көздері де, көңілдері де сонда...

Қодар батыр денелі, алпысқа жаңа кірген, бурыл қарт еді. Жалғыздық пен осы қаралылық иықтан баспаса, өмірдің мұны мойытар өзге күші жоқтай. Ол жасында найзагер батыр болған. Осы жасына шейін өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ...

Соңғы алты ай ішінде барлық жалын атқан қайғысы – жалғыз баласы Құтжан жайы.

Ендігі үміт не? Құлазыған қу өмірде тірек не?.. Жалғыз жанкүйері мынау қайғыдан сөніп бара жатқан, санадан солған бейшара келін...

Бір кезде бұлардың сырт жағынан дүрсілдетіп келіп қалған бірнеше аттының дабыры естілді.

Қодар да, Қамқа да бұрылған жоқ. Аттылар мінбелеп кеп, түсіп жатты. Бұлар бес кісі екен. Бастығы Майбасардың қара сақал атшабары – Қамысбай. Қалғанының екеуі – Бөкенші, екеуі – Борсақ...

Қодар мыналардың әдейі келген жайын байқап, бұрылды да, сабырлы суық жүзбен:

– Нелерің бар, жандарым? – деп еді.

Қамысбай тепсініп кеп:

– Неміз болушы еді? Сендерді ұлық шақыртып жатыр. Мына Қарашоқыда елдің игі жақсысы жиналып отыр, тосып отыр! – деді.

– Жақсың кім? Ұлығың кім өзі?

– Ұлығым – старшын Майбасар, бастығы – Құнанбай. Мына келінің мен екеуіңді жауапқа шақыртады. Тұр, жүріңдер!

– Саңдалып жүрмісің? Не ақың бар?

– Не дейсің? Өкім шақырса, ақың не деймісің?

– Құдай жүзін көрмегір, мынау кім өзі өкіреңдеген?! – деп, Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланды...

\* \* \*

Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі...

Қамқа жиыннан шошып кетті. Жолшыбай сұрамаса да, енді ауылға тақала бергенде, Қамысбайдан:

– Жаным-ау, адам баласысың ғой... Осы айыбымыз не? Не қылмақсыңдар? Айтып өлтірсеңші, – деген.

Бұған шейін «ләм» деп, жауаптаспай келген Қамысбай енді ғана тіл қатты. Бірақ тілі зәрдей еді:

– Анау атаңмен – Қодармен жақын болғаның үшін қазір екеуің де жайрайсың! – деді. Ол осыны айтып, «Қамқа не дер екен?» деп еді, байқаса, Қамқада үн жоқ. Бір ғана ыңыранды да, сылқ етіп, аттан құлап барады. Қамысбай өзі де аттан жығылып қала жаздады. Қамқаны құшақтап, қысып алды да, желіп отырып, жиынның алдына келді.

Алдыңғылар Қодарды түсіріп жатыр екен. Бұ да кеп Қамқаны сүйемелдей ұстап тұрып, өзі бұрын түсіп, артынан келіншекті түсірді. Қамқа түскен жоқ. Былқ етіп құлап жығылды да, талған бойында жерде сұлық жатып қалды.

Қодардың алдында жүз қаралы жиын тұр. Ортасында Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар...

Қодар сөлем бермеді, өзі таңулы. Ішінде удай қайнаған ыза мен ашу бар.

Жиын ортасында жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:

– Уай, Құнанбай, мені Құдайдың жылатқаны аз ба еді? Бұ не қырсығың?.. – дей бергенде, Майбасар бастаған өулекі жуандар:

– Тарт тіліңді!

– Жап аузыңды! – деп арс-арс етті. Құнанбайға жаңағы Қодарша зекіп сөйлеген қарсылық сөздерді олар естіген емес.

Қодар аз үндемей тұрып, аналар басыла бергенде:

– Ел-жұртқа масқара етіп, қор етіп, анау соқыр көзіңнің құнын менен алайын деп пе едің! – дегенде, Құнанбай:

– Шығартпа үнін! Жоғалт көзін! – деді...

Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды.

– Иә, мен көк ит болсам, сендер көп итсің! Жабыларсың, таларсың да, жерсің! – дегенде, Қамысбай мен бағанағы төрт жігіт Қодарды сүйрей жөнелді. Сүйретіле бара жатып, Қодар зор дауыспен барынша шырқап:

– Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?! – деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарады.

Бірақ осы кезде мойнына шылбыр түсіп қалып еді... Бес-алты кісі тапжылтпай, түйенің қабырғасына басып, жығып ұстап тұрды. Қодар тағы лағынет айтып, айқайлай беріп еді, сыртынан бір қатты күш тарпып, серпіп, жібергендей болды. Тұрып бара жатқан түйенің қабырғасы қаққан екен. Осыдан өрі мойнынан «лық» етіп, темірдей қысып, жанын суырып өкетіп бара жатқан таудай ауыр күш басты... Көзінің оты жарқ етті де, сөніп бара жатты. Жиында үн жоқ. Түйенің ар жағына Қодармен тең қып асқан Қамқа түйе тұрысымен бір сәтте үзіліп кетті... Қодар бір жиырылып, бір созылып, тез өле алмады...

Дәті шыдамаған Байсал кейін бұрылып, шетке шығып кетті. Сөйлегендер болса, сыбырмен ғана сөйлейді. Қаратай Бөжейге күбір етіп:

– Өле алмай қиналды -ау, бақыр! Бейшара, жаңа білдім, арыс екен ғой! – деді.

Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да:

– Арысыңды, ендеше, арыстан жеді, – деп, сырт айналып кетті...

Құнанбай жұрттың күбірі көбейіп бара жатқанын енді сезді. Өлтіргеннен де қинау бататын тәрізді. Оң қолымен қатты ишарат қып, түйені шөгер деп бұйырды.

Түйе шөккенде, Қамқа серейіп сұлық түсті де, Қодар өлмеген екен, бүктетіліп түсті. Сол арада жұрттың есін жиғызбастан, Құнанбай қасындағы құзды көрсетіп:

– Шық алып мынаның басына! Құлатындар содан көшірді! Бітсін сонымен! – деді.

Бағанағы Қамысбай мен сол жігіттер үнсіз Қодарды түйенің үстіне көлденең салып, арқанмен байлады да, тау басына тарта жөнелді...

Азап пен қорлық шеккен онсыз да өлі дене... ауыр салмақпен гүрс етіп бір-ақ түсті... Шетірек тұрған кісілерге естілгендей боп, ақырын ғана күтір етіп сүйек-сүйегі сына түскендей болды.

Дәл осы кезде Жексен аулына төменгі тоғай ішінен шығып, қатты жүріп кеп, екі салт атты түсіп еді. Денелері ықшам, біреуі бала бейнелі. Олар аттарын шеткі үйге байлай сала, жылдам басып келе жатқан Абай мен Жиренше болатын.

Аттан түсе бере, бұлар тас басына тегіс аңырып, қарап тұрған жиынды көріп, өздері де солай қадалды. Бір кезде шекпенінің етегі қанаттай боп шалқи шашылып, құлап келе жатқан дене көрінді. Жиренше атты байлай сала, топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті... Бітті, өлді...

Мезгілімен жетсе, әкесіне өмірінде бірінші рет жалынып, аяғын құшса да, өлтіртпей алып қалмақ еді. Кешігіп қалды....

Қодар құласымен Құнанбай:

–...Енді... өз жанымызды ақтап, аулақ әкету үшін қырық рудың қырық кісісі кесек атсын. Ал осы жиындағы әр атаның баласынан бір-бір кісі кесек алыңдар қолдарыңа! – деген.

Өзі алдымен алды да, Бөжей мен Байсалға қарап жердегі тасты нұсқап: «Алыңдар!» деді. Бұйыра айтты. Аналар бағынды да, тас алды.

– Міне, шарифат бұйрығы. Атыңдар кесектеріңмен! – деп, алдымен өзі лақтырып, Қодардың жонынан ұрды...

Абай жеткенше, жұрт бірі артынан бірі тас жіберіп, ұрып жатыр. Топтың шетіне Абай келе бергенде, Жиренше қолынан ұстай алып, бетіне бетін тақап:

– Ананы қара! Мынау ұрғалы жатқан шалды қара! Осы Қодардың жақыны. Өзі шал. Өзі Борсақ. Жексен!.. Бұған не жоқ екен көк төбетке?! – деді.

Абайға нағыз өлтіруші осы сияқтанды. Ентелей ұмтылып, Жексеннің желке жағынан тақай бергенде, Жексен Қодардың өлігіне қарап:

– Кет, бөлекет, жүзі қара! Кет! – деп, үлкен тасты жіберіп қалды... Қодардың денесін Абай жаңа көріп еді... Жүрегіне қан төгілгендей қайнап кеп:

– Өй, көрі малғұн! – деп, Жексенді желкеден қойып жіберді.

Жексен Қодарды ұрған біреудің топшысы тиді ме деп, сырт айналып қарағанда:

– Не деген имансыз едің, кәрі төбет?! – деп тұрған Құнанбайдың баласын көрді. Абай сырт айналып кете беріп еді, Жексен бұған зекіп:

– Өй, бала!.. Ой, сен өзің! – деп тұрып, дауыстап: – Мен бе екен?.. Ер болсаң, өне... өкең! – дей берді.

Жұрт: «О не, о не?» десіп жатты. Абай жылдам басып, атына жетті...

Осы кезде Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, әкесі Абайға айқайлап:

– Ей, Құдай ұрған, тұра тұр! Көрермін бәлем! – деді. «Ұстаңдар, алып келіңдер» деп, айта алмай қалды. Абай атына міне сала, ауылға қарай шаба жөнелді...

\* \* \*

...Жиреншеге жеткізбеген күйінде Көлқайнарға жетіп, шешесінің үйіне кеп түсті.

Ұлжан тыста тұр екен... Сабырлы Ұлжан осыдан әрі еш нәрсе сұрап тақымдаған жоқ. Үйде әжесін де, өзгені де үркіткен жоқ. Абай жайын бір жанға білдірмеді. Үлкен ақ үйдің оң жағына әкеліп, әжесінің жер төсегін жайлап берді де, шешіндіріп жатқызып, өзінің мол пұшпақ ішігімен жауып, қымтап қойды...

Абай кешкі қозының жамырауынан оянды...

Абай шешелерінің күндізгі жайды білгенін байқады да:

– Әкем... Әкем!.. – деп, әкесін еске алып, күрсініп, кеудесін сипап, шешелеріне құпия қып шаққандай боп. – Не деген қатал, не деген қатты еді! – деді...

Әжесі ұқты да, күрсініп, Абайдың бетіне таман төніп кеп, маңдайынан ұзақ иіскеп отырды.

– Айналым, қарашығым, қоңыр қозым! – деп алып, – Аямайды, аямайды ол! – деп келіп, көзін жұмыңқырып, басын жоғары көтере берді.

– Я, Құдая, зар тілегім босын. Бейуақтағы тілегім. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. Тас бауырлығын бере көрме!.. – деп, құрысқан әлсіз қолдарымен әжімді, мейірімді жүзін сипап, бата берді. Ұлжан да ішінен «Өумин», – деп, бата қылды.

Екі ана ортасында жаны ауырған бір бала. Бейуақтағы үшеуінің құпия тілегі – зор шындықпен еміреніп тілеген тілегі осы еді.

Абай өзі де бетін сипап, ана тілегін барынша қабыл алып, бата қылды...

Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауға келіп,

осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш – Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен. Қонақтармен жай сұрасып, амандасып болған соң, Ұлжан Абайға қарап жымыып:

– Ал, балам, өжеңмен екеумізді қажай беруші едің, өңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын! – деді.

...Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде аспіскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. ...Абай:

– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен?! – деп, бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

– Өріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін. Бірақ осы дәл әлгіндей қып айтқан Кіші жүз Марабай деген ақын деуші еді Жанекен, – деді. Жанекесі – Жанақ еді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, әсіресе, елтіткендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағызып ұйықтай алмады.

Ертеңіне Ұлжан Барлас пен Байкөкшені жібермеді.

– ...Асықпай әлі біраз күн қонақ боп, жатып кетіндер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі. Абай бұрын тағылым, үлгі – кітапта; білім, өнер – медресе ғана деп түсінетін. Оған дастан шебері – Низами, Науаи, Физулиде; мұң нәзігі – Шайх-Сағди, Хожа-Хафизде, батыр жыры – Фирдоусиде көрінетін.

Қазақта нелер «Баян – Көрпеш», талай «Ақбала – Боздақтар» барын анық білмеуші еді... Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды...

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге тақағанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

– Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы! – деді...

Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлантаза боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді...

### Қат-қабатта

Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күземді елден ерекше ерте алды. Және бұрын күздеуден бір қар жаудырмай, көшпеуші еді. Қазір де қарашаның ортасына жетер-жетпесте қыстауға қарай тартты.

Маңындағы Жігітек, Көтібақ, Топай, Торғай сияқты сыбайлас отырған аталас елдерге көші-қон туралы жөн-жосығын айтпады...

\* \* \*

...Қызылшоқыдан Шыңғысқа қарай тартатын көш соқпақтың сол жағында, жағада бір жалғыз төбе бар еді. Құнанбай өз қасына Майбасар, Қамысбайды ертіп және өзінің Күнкеден туған баласы Құдайбердіні алып, осы төбенің басына барлық көштен, барлық аттылардан бұрын кеп шықты...

Көштер қауырт қозғалған уақытта Құнанбай Қамысбай мен Құдайбердіге:

– Бар, екеуің тез барып, осы барлық көштердің басты-басты кісілерін – үлкендерін осында жиып келіңдер! – деді.

Құдайберді мен Қамысбай бұл бұйрықты ести сала, тебіне жөнелісті...

Құдайберді мен Қамысбай астарындағы екі бозды танауратып терлетіп, ең соңғы үш үлкен кісіні ертіп келгенде, жалғыз төбеде, Құнанбай қасында, елу шамалы аттылар бар еді...

Барлық жиын жалғыз төбені дүрс-дүрс басып, Шыңғысқа қарай тартты. Көштер қиыс өтіп кетіп еді. Бірақ бұл топ өлі асыққан жоқ. Аттылардың қалың ортасын ала Құнанбай келеді.

Екі жағында он шамалы үлкен туысқандар. Өкесімен туысқан Үркер, Мырзатай, Жортар сияқты ағалары. Тоқал шешелерінен туған Жақып, Майбасар сияқты тұрғыластары және өлденеше інілер, немерелес туысқандар бар.

Құнанбай – өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен өмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен өкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан өлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді... Өзара бірлігі – табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шегінен бай боп алды... Осымен бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл бір ұялас бөрідей еді...

Құнанбай жіті жүріп отырып, тобын бастап, көштің алдына түсті.



Содан жиырма ауылдың жиырма басты адамына қазір Шыңғыс ішіндегі қай сай, қай қыстауға барып жетіп, шаңырақ көтеретінін айтып келе жатты. Сөзі ақылдасу емес – байлау. Атағаны – кесіп-пішіп қойған өмір менен бұйрық.

Алты күннен соң осы Құнанбай ауылдары көшкен жолмен тағы бір мол көштер келе жатты. Бұл – Бөкенші мен Борсақтың көші. Бұлар да Қызылшоқыдан өтіп, Шыңғысқа кіргелі келеді. Малды көштер емес. Бірақ көшкен елінің саны көп. Жинақы боп, топталып көшпей, бытырап, ен жайылып, бет-бетімен келеді. Көш бойында ат мінген кісі аз...

Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да көрі, жастан жиырма шақты кісі оқшауырақ келеді. Бұл жиында өзіл-күлкі де, өңгіме де жоқ. Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де, қазіргі күздің сұрғылт, жабырқау аспаны сияқты күңгірт, салбыраңқы. Өсіресе, Сүйіндік пен Сүгір, Жексен күпті сияқты. Көп жұрт соның аузына қарағанмен, Сүйіндік ақырын ғана:

– Бара көрейік. Жүзбе-жүз көрісейік. Жауабын өз аузынан естиік! – деді...

– Не жөн, не жолға сыйғызады екен?.. Өзінен естиік! – деп, Сүгір мен Жексен де соны құптады. Бұл жиындағы жастар мен қартаң шаруалар түйіліп алған, қатты ашулы еді...

Жартастан бері Сүйіндіктердің қарсы алдында, қалың жылқы ендеп, жайылып келеді. Екі шеті сайдың екі жақ иығындағы сары тұмсықтарға шашырай шығыпты. Ішінде жирені мен құласы көп, Құнанбай жылқысы.

– Құдай ұрды десеңші! Қарағым, Сүйіндік-ай, енді қайттім? – деп, Жексен көзіне жас алды...

Жылқы ішінен бұларға қарсы қозғалған қалың топтың тап ортасында Құнанбай бар екен.... Біраз үндеспей тұрып барып, Сүйіндік:

– Мырза, мына аттылар не? – деді. Құнанбайды бар Тобықтының атқамінері «мырза» деп атайды.

– Жай, мына жылқыға, отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел, – деді Құнанбай.

Бұл сөз одан әрі өрбіген жоқ. Жексен бұрылып, артына қарап еді, көштің алды бөктер адырдан бері шығып қалған екен.

– Жә, мырза, мынау келе жатқан біздің көшіміз еді. Қыстауымызға келе жатыр ек. Мұнда болса, бүйтіп қапты. Бұл қалай болды? – деді.

– Е, саған көшіп кел деген кім бар? Омыраулап, баса-көктеп көшпей-ақ, хабарласып, тілдесіп алсаң нетуші еді? Көшің кейін қайтады!

– Өкім елге ие, ел жерге ие емес пе еді?..

...Бөкенші, Борсақ тобы көбейе берді. Бірақ Құнанбай қайысар емес... Дәл осы уақытта Құнанбай қасына екі топ аттылар келді. Алдыңғы тобы – он шақты кісі. Мұны бастаған Байсал екен. Қасында Көтібақ ішіндегі ең ірікті атқамінерлер. Бұлар бастығы Байсал боп кеп, Құнанбаймен ашық-жарқын сәлемдесіп:

– Қоныс қайырлы болсын, мырза!

– Қайыры ұзақ болсын!..

– Мекенің қайырлы болсын!.. – десіп, жабырлап құттықтап жатыр. Осы топтың артынан іле тағы бір топ келді...

Сүйіндіктің дәме қылары Көтібақ еді. Тым құрымаса, «Біртоға, берік Байсал Құнанбай ісінен сыртқары болар» деп ойлаушы еді...

Амандаса келген, қайырлы болсын айта келген Байсал, Құлыншақ дәл бүгінгі күн, құр амандасу емес, Бөкенші, Борсаққа қыр көрсете келіп тұр. Құнанбай соны әдейі істетіп отыр. Мұны жалғыз Сүйіндік емес, Жексен де сезді.

– Апырай, ата қонысым еді. Одан қала берсе, осы жиын, осы бөрінің көз алдында, кешегі көктемде ғана, осы мынау тастың бауырында Борсақтың бір баласының қаны тамып еді ғой. Ер азаматымның қаны тамған жер еді ғой! – деді. Бұл сөз – дәл бұл жиынның күтпеген сөзі. Сүйіндік өз ішінен: «Алдырған албырт деп оның несін айтты екен?» деп жақтырмады. Құнанбайға да бұл сөз, тіпті, тосын болатын. Оны дау үстінде дәлел, далбай қылатын кісі болар деген...

– Не деп тұрсың? ...Ол ер емес, Борсақ аруағынан садаға... тіпті, Тобықты аруағынан садаға!.. Ол сұмырай еді. Мен сол сұмырайды құртып, соның ізі-тозы бітсін деп, бұл жерді, бұл өңірді әдейі басқаның мекені етіп тұрмын. Сандалғаны несі? – деді.

Бөкенші, Борсақтың қалың жиынына мына сөз таспен ұрғандай тиді. Бөріне де бір сәтте Қодар өлімінің сыры, Бөкенші жерінің алыну сылтауы бір-ақ шешілгендей болды...

– Уа, қарабет басым! Қара басқан қу басым! Мен қуарған не еткен ит едім? Ойбай, бауырым!.. Бауырым, Қодар! – деп, Жексен өкіріп жылап, атын борбайлап, Қодар қыстауына қарай шаба жөнелді. Сол-ақ екен бар Бөкенші, Борсақ тегіс: «Ойбай, бауырымдап» Жексеннің артынан шаба-шаба жөнелісті. Сүйіндік те солармен кетті... Байсал мен Құнанбай бұл арада енді тұра алмай, үндемей томсарған күйлерінде сырт айналып кетіп еді. Құнанбай...:

–...Қолтығына дым бүріккен Бөжей... Көрдің бе! – деп, ...аздан соң Байсалға құпиялау қып:

– Сен Сүйіндік пен Сүгір, Жексен үшеуіне айт, көпті қоздырмасын! Басын! Шыңғыстың қай тұсына орнықтырсам да, ол үшеуінің сыбағасы олқы емес... Осы сертіме сенсін! – деді.

...Майбасар... шапқылап жылап бара жатқан Бөкеншілерге қарап:

– Уай, жарандар! ...Мына Бөкенші екен ғой түстен кейін маңырайтын. Көктемде өлген Қодарға күземде кеп, сүйекші болған кімді көрдің? Мұны көрген кім бар десеңші? – деп, қарқ-қарқ күлді...

Қазірде Құтжан бейітінің екі жағындағы жаңа қабірлер Қодар мен Қамқанікі болатын.

...Сүйіндіктер тобы келместен бұрын бейіттердің басында 3–4 қана адам отыр еді. Ол – Жәмпейіс, Өйтімбет және бір-екі басқа қойшы болатын.

Жаз бойы келе алмай, бүгін көшпен жетіп, ең алғаш еске алып, Құран оқып отырған солар еді. Кейін осылардың үстіне шулап келген нөпірді көргенде, мына көрілер таң болды. Жылағанның ішінде Сүйіндік бар. Ол бір жұмбақ.

Өсіресе, бұларды қайран еткен Жексен мен Жетпіс... Екеуі де үш қабірді кезек-кезек құшақтап:

– Кеше гөр, арысым, кеше гөр!

– Ағакем, кеше гөр! – десіп кеп, зар-зар етеді. Көздерінен шын өкініш жастары ағыл-тегіл шығады...

\* \* \*

...Сүйіндік, Сүгірлер өз есептері ұтылмайтынын білген соң, көш-қонын ойлап, қыбырлай бастап еді... Бұлар осылайша іріткімен екшелгенде, өзге Бөкенші, Борсақтан жиырма-отыз кісі атқа мінді. Ендігі жиын – қара шаруа жиыны. Араларында зор денелі, орта жасты Дәркембай бар.

Ол Қызылшоқының шеткі қонысында отырған Жексен аулына келді де, Жексен мен Жетпісті шақырып:

– Елді тастап, бас сауғалап, қайда барасың, түге? Тапжылма! Көшпе! Не көрсең, бірге көресің!.. – деді.

Жексен қарсыласа алмады. Жалғыз-ақ қиялап:

– Жандарым-ау, не білгендерің бар? – дей беріп еді.

– Онан да қазір екеуің де атыңа мін! Ер бізге! Анау Сүйіндік, Сүгірге барып, сөз байлаймыз! – деді.

Жексен мен Жетпіс еріксіз ерді.

Осы топ Сүйіндік пен Сүгірге де көп сөйлеген жоқ. Бұйрықтарын шолақ айтып, көштерін тоқтатып тастады. Сүйіндік бұлардың айтқанына амалсыздан бағынды да:

– Ал бірақ тапқан ақылдарыңды айтшы! Қылышын сүйретіп қыс келеді. Кемпір-шалды күркілдетіп, баланың жағынан боздағын шығарып, қашанғы отырамыз? Қайда барамыз? – деді.

Дәркембайдың жауабы өзір болатын:

– Сүйіндік, Жексен, Сүгір – үшеуің де алдымызға түс! Аттарыңа мін! Жүр, өне, Бөжейге! Елден жырыла қашып оңбайсың, түге! Бөжейге барамыз. Ағайынға салмақ саламыз. Тіпті, жанашыр жоқ болатын болса, арғысын содан әрі көрерміз! – деді.

Сүйіндік пен Сүгірді, Жексенді қосып алған осы топ дәл осы күн түсте Шыңғыстағы Бөжей аулына келді. Оның қыстауы Тоқпамбет дейтін қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір құйқалы қыстау еді. Бөжей өз атасы Кеңгірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жер – осы.

Бөкенші тобы келген соң, Бөжей лезде кісі жіберіп, жақын жердегі Байдалы мен Түсіпті шақырып алды. Не де болса, Жігітектің ақылы бір жерден шықсын дегені.

Бұл топта Сүйіндік шешіліп сөйлеген жоқ... Бірақ Сүйіндік сондай солғын болғанмен, өзге көпшілік олай емес. Оның ажарын сүймей, мойнын сырт қайырып, сұрланып отырған Дәркембай, Бөжейдің күлкісін сезіп қап:

– Бөжіке, кібіртіктей-кібіртіктей болдық қой. Тура баспас тобан аяқ болған соң, иыққа ит те, құс та шығады та!.. Тек қана «шөк-шөк» дей бермей, осы бізді де ел қылатын, ер қылатын ақыл айтшы! – деді...

Бөжей бұл тартысты өуелі қолмен емес, жолмен бастап көргенді мақұл деп білген. Қолдан келсе, бұл жолы Құнанбайды келеге салып өшкере-леп, көп алдында тентек қып алмақ. Мына келген Бөкеншіге, ертең болатын бөленің артын да ашып айтып, танытып қоймақ. Өуелі осыдан бастау лайық.

– Бөбең, Борсақ, бауырымсың. Саған тигені – маған тигені... Туысқандығым – туысқандық. ...Ара ағайын Кішекең екен. Біз кіріспей, кім кіріседі? – деп, Түсіпке қарап отырып, – Ендеше, Түсіп, сен атқа мін! Осы сөзді алып, Құнанбайға барып, жауабын бүгін әкел! – деп, Бөжей сөзін бітірді.

Түсіптің баратыны осымен шешілген соң Байдалы:

– Тек жалғыз-ақ арыла сөйлес. Айтатынның бәрін айтып кел. Бұға-бұға болғамыз. Ат кекілін кессең де, қатты айтып, ел өкпесін түгел жеткіз! – деп, Түсіпке өзі де ашумен сөйлеп, нық қайрат берді.

Осы сөзді қатты ұстап, Түсіп сол күні кешке Құнанбайға кеп, сөйлесті...

\* \* \*

Осының ертеңінде түске таман Майбасардың екі атшабары – Қамысбай, Жұмағұл шапқылап кеп, Жігітек ішіндегі есіктерінің ар жағына сүңгіп-сүңгіп кетті.

...Екі атшабар таяқты Жігітектен мейлінше жеп алып, беттегі қызыл жоса қандарын айғыз-айғыз қылған бойында, сұртпестен, шапқылап отырып, Қарапоқыдағы Құнанбайдың алдына тура кеп кірді.

Құнанбайдың қасында Байсал, Майбасар бар екен. Және Құлыншақтың батыр ұлдарынан Наданбай, Манас отыр. Ырғызбайдан – Жұман, Төлепберді, тағы да басқа үй толы жігіттер бар екен.

Құнанбай әуелі үн қатпай, сазарып отырып барып, аздан соң екі атшабардың бетіне нұсқап отырып, Байсалға:

– Міне, көрдің бе? Қайтып арайын болайын? Мына қамшы мыналарға емес, маған жұмсаған қамшысы ғой Бөжейдің... Тұр тегісі! – деп, бар жігітке қатты ақырып, бұйрық берді. – Қазір барыңдар да, сол өз үйінде сабатқан Үркімбайды қол-аяғын байлап тұрып, дәл менің алдыма сүйретіп өпкеліңдер! – деді...

Ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, сарт-сарт тиіседі...

Бұл түнде бар Жігітекке Үркімбайды айырып алу да, күндіз Құнанбайдың екі атшабарын сабаған сияқты күш асырып, бел бітірген іс болды.

\* \* \*

...Соңғы уақытта да өзі Қарапоқыны алғаннан бері Құнанбай Байсалға бір уәде берген. Шыңғыстағы қыстауы аз, саны мол Көтібақтың жерін мөлайтпақ еді. Көтібақ Жігітекпен жерлес.

...Құнанбайдан «өперемінді» естігенде, Байсал да үндемейтін. Екеуі бірге жасасып, қабақпен ұғысатын болғаннан бері, тегінде, Байсал үндемесе, ол көнгені. Қарсы болған жерінде ол қолма-қол бір-ақ томырылатын...

### Жолда

Абай әкесімен бірге Қарқаралыда тұрғалы көп күндер болды. Қазірде қыс өбден түсіп, қар бекіп алған-ды...

Аға сұлтан Құнанбайды Қарқаралы арызшыларымен бірге осы Тобықтылар тегіс соңғы мезгілде Құнанбай демей – «Мырза» деп атасатын.

– Қызғанған дұшпанның іші күйсін! Ертең мешіт те бітейін деп тұр.. – деп, Майбасар мазатсып қойды...

Абай Қарқаралыға келгелі «мешіт» деген сөзді әкесінің аузынан және басқа атқамінерлердің аузынан да көп-көп есітетін. Әкесінің атақ-абыройын осындай көп аузына қатты жайып бара жатқан сол мешіт жөні екенін де жақсы біледі.

Құнанбай өткен жаздан бері бұл атыраптағы ең бірінші мешітті осы Қарқаралы қаласына өз өмір-құдіретімен салғызып жатқан. Сол мешіт бүгін өбден бітпек еді...

Абай өз әкесінің өзге атқамінер атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді...

...Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алшынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын Абайға айттырысқан болатын. Алшынбай, сонымен Абайға үлкен қайына-та болушы еді.

Қарқаралыға келгелі Алшынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп, қонақ боп кеткен. Бүткіл бұл атыраптағы атқамінердің Алшынбай атын атауы басқаша көрінген. Оны Алшынбай деуші кісіні Абай әлі есіткен жоқ. Ылғи «Алшекең» дейді...

Оның ата-тегін де бар Тобықты, бар Қарқаралы «қаракөк» деп атайды, Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы – Қазыбек би. Осының бөріне қарағанда, Абайдың қалыңдығы Ділдә, тіпті, бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді...

Осы кезде бұлар Құнанбай пәтеріне де жетіп, қораның ішіне кіріп еді. Бю-қию толып жүрген аттылар, жаяулар екен...

Келгендер Құнанбай мен Алшынбайдың екі жағынан жарыла отырды...

Үй іші үнсіз еді. Бағана есік алдында, ауыз үйде қалған Қарабас есікті ақырын ашып, ептеп басып кеп:

– Майыр кепті, мырза. Сізге келді, – деді.

Құнанбай оған да қыбыр еткен жоқ. Аздан соң есік ашылып, еңгезердей қызыл сары Майыр кірді. Қасында қазақ тілмаш Қасқа бар...

Майыр Құнанбай, Алшынбаймен қол алысып, амандасып болды да, жерге отырмай, Құнанбай қарсысындағы жалғыз орындыққа отырды...

Бұл майыр Құнанбайдың дегеніне жүре бермейтін. Өз беті, өз жолы бар. Сондықтан Құнанбайға жаманатты көрінетін.

Қарқаралы деген округтің өміршісі – Құнанбай мен осы Майыр. Қазақ округті «дуан» деп, мыналарды бірде «дуанбасы» деп, кейде Құнанбайды «аға сұлтан» дейді. Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майыр орынбасары болатын...

Майыр Құнанбайға Бөжей жұмысымен кеп еді... Құнанбай...:

– Майыр, сенің атаң аты Тобықты емес еді. Осы Қарқаралыға кеп бауыр тапқаннан аманбысың? Бөжейді айдату керек, қағазын дұрыста деп ем. Сары аурудай создың да кеттің ғой. Соның жанкүйері сен болып, бауыр тартып, бауырың езіліп жүр ме осы, немене?.. – деді.

Тесіле қарап, Майырдан жалғыз көзін алмай, сызданып отыр. Майыр «Аудар!» деп, тілмашқа қарады.

Қасқа тілмаш Құнанбай мен Майырға кезек жалтақтады... Құнанбай мұның бөгелгеніне ыза боп:

– Ей, тілмаш, осы саған «Өке» дейін, жарықтығым, тек дегенімді түгел жеткізші!.. – деді...

Тілмаш бөгеле отырса да, Құнанбай сөзін жеткізген еді. Майыр сасқан жоқ...

– Өкімшілік өш кісіден кек алу үшін берілмейді бізге... Бөжей Ералиновтан түскен қағаз көп, тексеру керек! Және ол үшін ренжитін кісілер де көп. Айдатпай тоқтай тұр! – деді.

Осыдан соң екі жағы да шапшаң сөйлесе жөнеліп еді...

– Сүйтіп, арпалыстырып ұстамақсың ғой? Көздегенің сол ғой?

– Жалғыз мен емес... Бұрын аға сұлтан болған Құсбек, Жамантайлар да солай қарайды. Тіпті, мына Алшынбай білетін Баймұрын да солай ойлайды.

– Олар кім? Бірен-саран!.. Көрмей отырмысың соны?

– Аз болса, болсын. Бірақ закон – патша законы, олардың куәлігін де тындайды. Олардың сөзі де жетеді жоғарғы ұлыққа... Аға сұлтан! Орныңызды ұмытпаңыз!.. Біз екеуімізді де корпус сайлаған, – деп, Майыр... түрегеліп, үй ішінде әрлі-берлі жүріп кетті. Ашумен қатты қызарып алған еді.

Құнанбайдың ендігі жауабын Алшынбай айтқызығысы келмеді...

– Ей, мырза! Ей, Майыр! Сабыр етіндерші! – деп қатты айтты.

– ...Құнанбай мырза, саған, – деп, Құнанбай жаққа ырғала түсіп, – сол жұмыспен келіп отырмын... Майыр, қазір сен қайта тұр. Тұрақты бір жауабын бүгін кешке мен жеткізейін... – деді...

Майыр... Алшынбайға:

– Айтқаның дұрыс, мен тоқтаймын. Жауабын өзіңнен күтемін... – деді де, келген жұмысын тез доғарды. Содан кейін... жаубүйректен аз ғана асады да, қоштасып жүріп кетті... Аздан соң тілмаш кетті. Содан кейін барып қана Құнанбай:

– Параға жемсауы толған ғой өлгі піскен бастың. Бет алысын көрмеймісің? Баймұрын арқылы Бөжей, Байсал тығындаған ғой... – деп, бағанадан желісі үзілмеген ойының бір түйінін айтты.

Алшынбайдың ойы да осы туралы еді...

Алшынбай енді Құнанбайға қадала қарап отырып, жіті сөйлеп:

– Бүгін мына мешіт бітіп, абыройың асып отыр. Атағың көпке кетіп жатыр. Соны күндейтін де кісі көп. Алдымен анау көрпіс, мына жаңағы Майыр күндейді. Кішіреймейсің, кешірім етесің. Ақ көңілің мүлде ағарсын. Мұның да бір Құнанбайлығың болсын... Ана Бөжей ағайыныңды жау қып, жатқа жіберме!.. Бауыр қып, қасыңа тарт, татуласшы осы! – деді.

Құнанбай көпке шейін үндеген жоқ. Татулықты Алшынбай сұрағанда, қай жауабын болса да, ойланбай айту қиын...

\* \* \*

Осы сөз болған күннің кешінде Абай Қарқаралы қаласын жапа-жалғыз аралап кетті... Абай өз пәтерлерінен екі-үш көше ұзап кетіп еді... бір уақытта пұшпақ айналып, даурыға сөйлеп келе жатқан жаяу топты көрді...

Себепсіз жымыя күліп, осы топты Абай көше ортасында аңырып, тосып қалды... Абай енді байқады. Бар топтың ентелеп қамағаны – үлкен ақ сақалды, келісті қарт екен... Өзі де күліп, топты да күлдіріп келе жатқан сол.

Бір тосын ғажап нәрсе – шалды екі жағынан қолтықтасып келеді. Шал өзі басын тік ұстап, ілгері басып келе жатқаны болмаса, ешқандай бет бұрмайды... Қарт соқыр екен...

Топтың мұны байқамағаны, тіпті, жақсы болды... Қасынан өте бергенде, Абай да қосылып, ере жүрді...

Кейінірек келе жатқан бір бұрыл сақалдыдан Абай:

– Бұл кісі кім, аға?.. – деп еді. Анау таңданып:

– Е, білмеуші ме ең Шөжікенді?.. Бұл Шөже ақын емес пе? – деді.

Шөженің атына Абай қанық, бірақ көргені осы. Атын ести сала, ол бұрыл сақалдан сытыла жөнеліп, топтың алдыңғы қатарына ілесіп, Шөжені жақсылап қарап, сөзін тыңдай бастады.

...Шөженің қасында тұрған бір қартаң кісі ақынға қозғау салғысы келді, білем:

– Уа, Шөжіке, дуанға жаңа келдің ғой, мұндағы дақпыртты естіп жатырмысың? – деп еді, Шөже:

– Е, е, айт! Не дейді? Не деп жатыр дуаның? – деді.

Жаңағы қартаң кісі қала жаңалығынан хабардар екен. «Құнанбай салған мешіт бітті. Алшынбай, Құнанбай соны той етпек және аға сұлтан Құнанбай ағайынымен бітісетін боқты. Ұлық пен Алшынбайлар табыстыратын боқты!» – деді.



Абай мына сөзге аса қайран болды. Өз әкесінің атын дәл мына жерден естимін деген жоқ еді. «Мешіт бір сәрі, тіпті, оның араз-құразы да иен жұртқа мәлім екен-ау!» – деп таңданды.

– Е-е, араздасам деп, ұлықтығынан айрылып қалмасын дейді ғой.

– Құнанбайдың қамқоры Алшынбай бопты ғой.

– Өрине, бәр-бәрін жалғастырып, септестіріп жүрген сол Алшынбайлар... – деседі.

Шөже осы жайларды күле тыңдап тұрып, бір кезде оп-оңай өлеңдете қоя берді. Ашық даусы саңқылдап:

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,  
Құранды мысық сопы молдаң оқыр,  
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға,  
Ортасын дарияның қарға шоқыр, –

деді. Жұрт тегіс ду етіп күліп жіберді... Шапшаңдығына, айтқыштығына қайран боп таңдай қаққандар да бар.

– Ақсақ тазы – Алшынбай...

– Соқыры – Құнанбай.

– Не қыл дейсің? Ал қайтпас көрің жалғыз ауыз өлеңмен жайратты да салды! – деп жұрт жапырлап сөйлеп жатыр... Абай бұл сөздерден қатты ұялып қысылды да, шеттей берді...

Өлемде сөзден күшті не бар екен? «Сөз өңменіңнен өтеді ғой» деген Қаратайдың тағы бір тапқыр сөзі есіне түсті.

Осындай өз ойымен өзі боп, ішінен аса қатты теңселткен бір күшті сезген Абай көшені де, көшедегі жүргіншіні де аңғармай, көрмей келе жатыр. Бір пұшпаққа жақындап қалған екен. Дәл бұрыштан бұрылып, бұған қарсы шыққан үш аттыға көзі түсті.

Аңырып тұра қалды да, тез таныды. Келе жатқан Бөжей, Байсал, Байдалы екен...

Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындап тұстас келді. Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ассалаумағалайкүм!.. – деп, сәлем берді...

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ. Қарқаралыға келгелі Бөжейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөзі есіне түсті ме,

болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп әдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайылыққа Бөжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Уағалайкүмәссәләм, балам!.. – деп, тоқырай қалды.

Байсал Абайды жаңа таныған еді. Жақтырмай, мұрнын тыржитып:

– Өй, мынау екен ғой, жә, жүрші! – деп, атын қозғай беріп еді, Бөжей:

– Тоқташы! – деді.

– Ей, сол антұрғанның баласының сәлемін алушы ма ем?.. – деп, Байсал Абайға қабағын түйе қарады.

Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып өткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады.

Бөжей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыптап қарап алып:

– Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсең, сәлем бер деп, әкең айтып па еді, жоқ, өздігіңмен істедің бе? – деді.

– Бөжіке, әкем емес, өзім беріп тұрған сәлемім сізге!..

Абай жауабын естіген соң, Бөжей ықыласпен қарай түсіп, жақындады да:

– Әкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырағым!.. – деді...

– Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзгені берсе де, әкеңнің қаттылығын бермесін! – деп, бетін сипады. Абай да Бөжейге қадала қарап тұрған қалпында бата қылып, бетін сипап еді...

...Енді асыға жүріп келеді. Күн қазір ымырт боқты, оны да жаңа байқады...

Өзге күндерден дәл бүгінгі күннің уақиғалары әлдеқайда бөлек. Күндізгі әкелер, әлгі Шөже, жаңағы Бөжейлер... Бір Қарқаралы қаласының алақандай аясының ішінде болғанмен, осы адамдар арасы соншалық кереғар...

Тыстан аса көңілді әсер алған Абай ымырт әбден жабылғанда, Майбасардың пәтеріне кеп кіріп еді... Үйде Майбасар, Жақып бастаған туғантуысқандар көп екен... Майбасар Абайдың түсіне сүйсіне қарап:

– Абайжан! Тоңған жоқпысың, қайда жүрдің? Кел, шешін, шай ішіп жылыншы! – деп, қағыла беріп, өз қасынан орын босатты... Абай асықпай шешініп болып, шайға кеп отырды...

...Жақып...:

– Бұл мешіт, біле білсеңдер, біздің мырзаға да, онан соң, осы отырған бәріңе де зор абырой әперетін мешіт қой, жарықтық! – деді.

Майбасар бұл тұста қайтадан нығызсып, дардия түсіп:

– Е-е, соны айтсаңшы!.. Дұшпан атаулының аузына құм құймай ма бұл мешіт? ...Бөжей де осыны сезген болар. Татулықты іздеген төрізді ғой! – деді...

– Байғұс Алшекең де дос-ақ қой! Біздің мырзаның анық тілеуі, адал жақыны сол бақыр ғой... – деп, Жақып Алшынбайдың күндізгі мінезін еске алып еді. –...Абыройыңды төре-қараның бар желауызы қызғанады, тіпті, ұлық та қызғанады... деді ғой...

– Майыр... қызғанудан бұрын өуелі Бөжей, Байсалдан параны да соқты ғой!.. Сол ғой оның өктеп отырғаны, құлқынын танымаймысың?.. – деп, Майбасар өзінің күндізден байлаған шешуін айта кеп, – Ал енді Бөжеймен татуласу да осы бүгін кешке болады... – деді.

Дәл бұл арасын Жақып та, өзге бұнда отырған жігіттер де естіген жоқ еді. Абай да білмейтін. Бәрі де аз аңтарылып қалып, іштерінен Бөжейдің бүгінгі татуласа келетін пішінін көргісі келді.

Майбасар осы жайдың бәріне тоқмейілдене түсіп:

– Бар жақсылықтың басында, әйтеуір, бір Алшекең... Берген мал адал, адал ғой Алшынбай аулына! – деді де, қасында отырған Абайға иіліңкіреп, төне түсіп:

– Ұқтың ба? Бөлем, осы жолы бармай құтылшы қайныңа! – деп, Абайды тағы қолға ала бастады. Бірақ Абай дәл осы жолы бұрынғыдай жасыған жоқ...

Абай күліп жіберді де, бір ерекше ойнақы тентектік тауып:

– Осы бір емес, екі емес... шын қоймайсыз ба? – деп, домбырасын тоқтатып, алдына көлденең салып, Майбасарға қадала қарады...

Абай өзі көрген Шөженің қалпына салып, күлімсіреген көзін сығырайтып, басын жоғары көтере беріп соқтырта жөнелді:

Уа, қой десе, бір қоймайсың  
Аз болды ма, Майеке,  
Осында көрген қызығың?  
Кертiп жеп-ақ жүрсiң ғой,  
Қарқаралы халқының  
Жал-жаясын, шұжығын.  
Алған, жеген аздай-ақ  
Тағы бiрдi тауыпсың.  
Уа, Алшынбайдың қызы кiм?  
Адақтамақ сертiң бе,

Осы өңірдің елінің  
Жүйрігі мен жортағын?  
...Орайы болмас қолқаның... –

деп, сақылдап күліп, Абай Майбасарға қарай жантая кетті.

Үйдің іші өрі қайран боп, өрі сүйсініп, қарқылдай күле жөнелді...

– Қап, мына Шаншардың жиені!.. – деді Майбасар.

Төлепберді, Бурахандар да мына сөздің төркінін ұғып:

– Бәсе, нағыз Тонтай!

– Тонтайдың жиені ғой!.. – деседі.

– Уа, бұл өлеңді бір жерден қойнына салып әкелді ме дейім?! Өлең айтушы ма еді бұл жаман?.. – деп, Майбасар әлі қайран боп отыр.

Шынында, Абайдың өлең жазып, өлең айтатынын бұл үлкендердің көрген, сезгені осы ғана. Абай өзінің қалжыңынан мұндай үлкен әсер болады деп ойлаған жоқ еді. Енді қайтадан өз-өзінен қысылыңқырай бастап:

– Өз өлеңім емес, – деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, – бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі, – деді.

Үйдегілер нанар-нанбас боп, жапырлап сұрастыра бастағанда, Абай бір қалыпты күлімсіреген жүзбен сыр білдірмей отырып:

– Осында бір Майбасар деген ағам бар. Күнде сүйтіп маза бермейді, соған жауап үйретші деп ем, сол кісі үйретті, – деді.

Шөженің бағанағы мысқылшыл, ойнақы, ащы күлкісі Абайдың қазір көз алдында. Жаңағыдай Майбасарды жайратып салғанына Абай өзі де ішінен қатты ырза болатын.

...сыртқы есік ашылып, жылдам басып Қарабас келді... Дырду тез басылды. Қарабас үйге басын сұға бере, табалдырықтан аттамай, даурығып:

– Болыңдар! Намаз бітті! Қонақтар мырзаның пәтеріне беттегелі жатыр... Қаратай мен Ызғұтты жетсін! – деді. Ал тегіс, шапшаң! – дегенде, үйдегі жұрт дүрк тұрып, асығып киіне бастады...

Абай... ақырын аяндап әкесінің үйіне келді....

Абай қонақ үйлердің есік-есігінен бір-бір қарағаны болмаса, ешқайсысына кірген жоқ.

....Абай Құнанбай бөлмесінен шырқай шыққан үн есітті.

Табакшының біразы да бұған елең етті. Абай да барып, есікті біраз ашыңқырап қарап, көз салды... Шоқша бұрыл сақалы бар, жал тұмсық, сұр жүзді бір кісі екен. Домбырасын безілдете ойнақшатып, зор қайырмананы басып ап, содан өрі домбыраны көлденең салып қойып, тақпақтай соғып, желдірте жөнелді...

– Бұл кім?  
– Бұл қайсысы?..  
– Қай ақын?.. – дескен үндер өзге бөлмелерден де және табақшылар арасынан да естіліп еді...  
Құнанбай бөлмесінен ауыз үйге қарай басын шығара беріп, Қаратай:  
– Балта, Балта ақын! – деді.  
Жанынан шығарып, сілтеп отырған, Алшынбай қасында жүретін Балта ақын екен...

Алған жарың жамандап,  
Асқанды қайдан табарсың...  
Ағайынды жат біліп,  
Жақынды қайдан табарсың?  
Араз болсаң, еліңе,  
Жамандық айтар хабаршың.  
Тату болсаң, ағайын,  
Сонау қатын-балаға  
Сүйінші айтар хабаршың, –

деп тоқтады. Үй ішінен:

– Уа, сөз төресі осы да!.. – деп даурығып, мақтау айтып жатқан Алшынбай, Қаратай, тілмаш үндері келді.

Осындай үлкен ауыр жиында мынадай суырыпсалма сөз және аразды табыстыратын бітім, жамау сөз Абайға бір алуан қызық сияқты көрінді...

Абай Бөжейдің пішінін жаңа жақсылап көрді. Ажарында ашу жоқ. Бірақ соншалық ашық-жарқын, сауық, қызық та жоқ...

Бұл үй өңгімесін қоңыр кеңеске айналдырған Алшынбай мен Баймұрын. Еңгезердей үлкен бойлы, сары Баймұрын Бөжейді татуластыра өкелген кісі болатын... Осы уақытта Қаратай ауыз үйге шығып, Ызғұтты мен Майбасарды шақырып ап:

– Татулық болды, татуластырды!.. – деді.

– Ал байлау не болды?.. Тынымы не болған екен?.. – деп, Майбасар ентелей түсті.

– Тынымы да өзгешелеу болды, білем... Араларың алыс болса, қыз алысып, құда болысындар дер едік. Ағайынсың, жақынсың, бірақ сол жақындығың қайта жаңғырсын! Екеуің бала алысындар! Бөжей Құнанбайдан бала ауысып, бауырына салсын. Сүйтіп иістерің аралассын! – десті...

...Абай бұл күндерде екі шешесі мен Ғабитханға Қарқаралыда көргендерін, сезгенін көп-көп өңгіме қып айтып жүрді. Кейде мұның өңгімесін тоқал шешесі, сұлу Айғыз кеп тыңдайды.

Бөжеймен болған татулықты да айтты. Бірақ бала беру жайын білдірген жоқ... Осымен төрт-бес күн өткен шамада: «Бөжей де келіпті» деген хабар жетті.

Құнанбай сол қарсаңда Жидебайдағы үйіне Қарабасты жіберген екен. Сол Зере мен Ұлжанға кеп:

– Мырза сәлем айтты, ертең көп кісімен осында келеді. Және Бөжеймен бас қосып табысатын осы үй, осы үйдің қара шаңырағы бопты. Мұнда Бөжей, Байсалдар да келеді. Осыған қам істеп, күтіп алсын деп тапсырды! – деді.

...Келесі күні, айтқанындай Құнанбай, Бөжейлер бар нөкерлерімен тұтас кеп, ошарылып қалды... Ертеңінде Бөжейлер жүрер кезде Абайдың Қарқаралыда естіген жат сөзінің шешуі жетті.

Өз үйінде жер бауырлап жылап, Айғыз жатыр екен. Қарабас мұның қолынан Кәмшатты алып, шарт киіндіріп, үлкен үйге апарыпты...

Құнанбай босаңсыған пішіндердің барлығына жалғыз көзін оқтай қадап, атып жібергендей қарайды. Қарқаралыдағы байлау бойынша мұның Айғыз қолынан тартып алып, беріп отырған баласы осы.

Үй ішінде түк өзгеріс сезбеген, бұрынғысынша былдырлаған Кәмшат, тысқа қарай бір бөтен, үлкен кісі ала жөнелгенде ғана шошынып еді.

– Апа!.. Апа!.. Әже!.. – деп, шырылдап қоя берген.

Кішкентай жүрегін қорқыныш қысып, зар қаққан бала дәл бір от басып алғандай шыр-шыр етеді...

### Шытырманда

Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп, ел аралаған жоқ.

Көбінесе Жидебайдағы ауылда шешелерінің қасында болды. Көктемге шейін күндіз-түні кітап оқуға салынды...

Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап, бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? ...Ұқсама аналарға!.. – деген. Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша өңгіме айтатын болды...

Абай өңгіме айтуға біртүрлі шешен, шебер боп барады... Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бөрі тегіс оқылып, бар өңгіме айтылып қалды...

Күнкенің аулына Абай келісімен, Құнанбай мұны Құлыншақ аулына жұмсады. Өкесінің Құлыншаққа айтатын сөздерін Абай ұғынып ап, тысқа шыққанда, мұнымен бірге барғалы Қарабас өзір тұр екен.

Құлыншақ аулы алыс емес болатын. Қарашоқының күнбатыс жағы, бұрынғы Қодар қыстауының арғы жапсары Торғай руына тиісті. Құлыншақ – сол Торғайдың басты кісісінің бірі.

Өзін бала көргенмен, Құнанбай жібергенін ескеріп, Құлыншақ Абайды үлкен кісідей қарсы алды...

– Өкем сізге сәлем айтып еді...

– Сәлемет болсын...

– Айтқаны, мына жердегі Бетқұдық жайы. Бұрын Борсаққа тиісті қоныс екен. Ақперді Борсақ қыстауын алған соң, қонысы мен өрісін тегіс алдым дейді ғой. Соған былтыр күздігүні қыстауға кірер алдында сіздің ауыл қоныпты. Бірталай отырыпты. Қазір жаз шыға: «Қорасының жаны болған соң тағы қонып жүре ме? Мен ірге тигізбей, күздігүні пішенін шауып алайын деп ем. Осыны Құлыншақ маған қиса екен! Қонбаса екен!» – деп, өкеме өтініш айтыпты...

– Е-е, ат иесі Ақперді десеңші! Ендеше, алдына ат иесі мінед те, артына бізді тілесе мінгізіп, тілемесе мінгізбес... – деп, Құлыншақ наразы боп, томсарып қалды.

Абай Құлыншақтың ренжіген жайын ұғады. Өз басы ренжітейін деп те ойлаған емес. Басында өке сәлемімен келсе де, мұның арты үп-үлкен шаруа жайы екенін онша бағалаған жоқ-ты. Енді мынандай үлкен, нығыз адамның амалсыз ренішіне қарай, өзі айтқан жайдың ауырлығын ұқты.

– Менің әкелгенім осы бір сәлем. Арғысын өзіңіз біліңіз.

– Қайтпек керек? Ақперді! Ақперді! Ақпердіге Құдай бақ берді, – деп, Құлыншақ ащы бір мысқылмен күліп қойды.

Абай Құлыншақтың сабырлы сықағына қызығып, күліп жіберді. Тартысам деп келген емес. Және өке қарызынан құтылды. Сондайды шапшаң болжап шыққан Абай жаңағы Құлыншақ қалжыңын іле жөнеліп:

– Бақ берген емей немене,  
Борсақтан қалған аз жерді  
Менікі деп тап берді деңіз, –

деді.

Абайдың бұл мінезіне үйдің іші тегіс күлді...

Осыдан Құлыншақ Бетқұдық әңгімесін былай қойып:

– Шырағым, осы анада Бөжейге берген жас бала қалай екен? Айғыз бишара жылап қалды деп еді, ол қалай? – деп, Абайдың үй ішін, Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастыра бастады. Кәмшат туралы Абай еш нәрсе айтқан жоқ. Құлыншақ қайта оралып:

– Айыпқа мал бермеді деп, Бөжей жағы қомсынады, білем. Сол кішкене қарындасыңның күтімі де келісті емес деп есіттім-ау!.. – деп, қайдағы бір көңілсіз, шетін жайларды қозғай бастады...

Абай әкесіне Құлыншақтың көнгенін айтса да, өкпесін айтқан жоқ. Істеп келген ісін қысқа ғана баян етіп еді.

Бөлек жерде Құнанбай Қарабастан да сұрастырған. Абайдың айтқан сөздерін түгел есітті. Қарабас Абайдың бүгінгі мінездеріне ырза екен...

Осының ертеңінде Құнанбай Абайды және жұмсады. Қасына тағы сол Қарабасты қосып, енді Сүйіндікке жіберді.

Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді...

Үлкен үйдің ортасында алакөлеңкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы – Әділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге, әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы – Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты...

Бұрын «ғашық жар» көп оқыған хикаяларда, көп-көп естілген ауызша әңгімелерде болса, бүгін Абайға ең алғаш рет кітап емес, әңгіме емес, өзінің анық, аппақ мүсінімен, күлкісі, қозғалысы, тынысымен «Сол мен едім», «Мен мұндамын» деп келгендей...

Абайдың бұл ауылдан кеткісі келмеді. Қонағуар, жылы жүз, жақсы мінезді үлкендердің үйі аса бір сирек кездесетін, жайлы ұя сияқты екен... Бірақ кетпей болмайды.

Үйде Сүйіндік пен Абай және Сүйіндіктің бәйбішесі ғана қалған уақытта Сүйіндік Абайдан Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастырып отырып:

– Аналарыңа сәлем айт, балам! – деді.

Түннен бері үндемеген бәйбіше де Ұлжанға сәлем айта отырып, Айғызды есіне алды. Содан барып Кәмшат есіне түсіп:



– Шырағым-ау, осы анада Бөжекең аулына жіберген кішкене қыз не жайда? Айғыз бишара қайтіп қиды соны?.. – деп, бір жағынан, наразы боп, сұрастыра бастады. Абай амалсыздан сөйлеп, қысқа ғана жауаптар қайырды. Бөйбіше бұл жөнде шешіліңкірей бастап:

– Бөжейдің әйелі қатыбас кісі еді. Өзінен де туған қызы көп, күтеді деймісің кішкене пақырды? – деп, қынжылып отыр.

– Е-е, Бөжей бар емес пе? Қатыны ойламаса, Бөжей ойлайды ғой! Неге күтпесін! – деп, Сүйіндік майдаламақ болды.

– Әй, білмеймін! Ауыл-аймағымен тегіс-ақ: «Айыпқа берген қыз ғой. Малын қимай, жанын қиды ғой айыпқа!» десіп, жаман сөздер сөйлейді деп есіттім ғой. Жас баланы жылатқандары бекерлік болған ғой өзі... Айғыз бишарада не сұлдер жүр дейсің? – деп, бөйбіше өз-өзінен босаңсып барып, жылап жіберді...

Кеше Құлыншақ та, бүгін мынау ауыл да Кәмшат жайын ылғи «жетім жандай, күндікке, қорлыққа кеткен бишара, әлсіз сорлыдай» сөйлейді. Тегін емес-ау!..

\* \* \*

Абайлар Қарашоқыға түс ауа жетті. Күнкенің үлкен үйінде мол жиын бар екен.

...Абай өзінің Сүйіндікке барған жұмысын көпке шейін айта да алмады.

Ақыры, бір өредігін тауып, әкесімен сөйлесіп, міндетін ада қылды... Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Әкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай...:

– Тағы бірер күн аял қыл. Ертеңдер сені Байдалыға жіберіп алғалы отырмын. Содан әрі қайтарсың, – деді.

Абай амалсыз көнді де, бел шешіп жайланып, осы өгей шешесінің үйінде қала тұратын болды.

Байдалы Абайдың көп сөйлеспеген кісісі. Кешелер ол да Құнанбаймен араз кісінің бірі еді. Енді соған жібермек...

Екі күн өткен соң, Құнанбай Абай мен Қарабасты Байдалыға жіберді. ...Сырты үп-үлкен ақшыл үйге Абайлар кіре бергенде-ақ, Байдалының бір нәрсеге қатты ашуланып, айқайлап жатқан үні естілді.

Үй іші әбігер екен. Босағада малшы қатын үлкен күбіге іркіт пісіп тұр. Бір жағынан, кең қазанда құрт қайнап жатыр екен. Үй іші ыстық. Дәл Абайлар кіре бергенде, Байдалы бір кішкене қара пұшық қызды май құйрықтан шапалақпен ұрып:

– ...Тыныштық бермедің ғой сен-ақ! – деп, жылатқан бойында итеріп тастады. Қыз отқа құлай жаздап, өрі шошып, өрі ашуланып, булыға жылады...

Үй ішінің осы жанжалының уақытында Абайлар сәлем беріп кіріп, төрге шығып отырысты.

Байдалы сәлемді оңдап алған жоқ. Амандасуы да солғын болды...

Үлкен қара сақалды, суық түсті Байдалы қонақтардың бетіне қарамай, мойнын есік жаққа бұрып отыр. Аздан соң күбі піскен қатынға қарап:

– Қымыз әкел, ас ауыз тигіз мыналарға! – деді...

– Барыстарың қалай? Не шаруамен жүрсіндер? – деді. Абай өзі келген шаруасын сол арада айтты.

Өңгіме тағы жер жайынан. Құнанбай ел жайлауға шығардан бұрын, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын. Сол ретте осы Байдалының Қаршығалы, Қопа деген қоныстарына «Сүгір мен Сүйіндік ауылдары қоса қонсын, бірге жайласың!» – депті. Абай қымызын ішпей, алдына қойып отырып, сол шаруаны айтып шықты.

Бұл сөзді есіткенде, Байдалы қабағын түксітіп жіберіп, қатты түйілді. Абайға жауап бермей, зілдене қарап, қадалып қалды. Абай Байдалының көзінен жасқанған жоқ. Бала жүзінде ашу да, араздық та жоқ...

Байдалы кірпік қақпай, шұғыл ойланып, үнсіз отырып, ақырында:

– Құп болсын! Қонсын Сүгір мен Сүйіндік, не деуші едім! – деді.

Қайратты, шапшаң, ер адамның байлауы сияқты...

– Айтқанына көндім. Бірақ сөз ұғушы ма едің өзің? Өкеңе айтар сәлемім бар. Бұлжытпай жеткізуге жараймысың, жоқ па?

– Ойдағыңыздың бәрін айтыңыз, ақсақал! Жеткіз дегеніңіздің бір ауызын қалдырмай, апаруға уәде қылайын. Мен тек екі арадағы сәлемшімін. Дегеніңізді жеткізбей кетсем, я бұрсам, қиянат болмас па еді? Мойнымда қарыз қалдырмасын!

Байдалы мына сөзге әбден қанағат қылды. Бала көргені – бала емес тәрізді.

– Ендеше, жаттан айтсам, сырттан айтқан болады. Саған айтсам, өкеңнің өз көзіне айтқаным! – деп, аз бөгелді де, – «Татуластық, табыстық» деп ек кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? ...Атаң Ырғызбайға атам Кеңгірбай оң батасын беріп, би сайлап еді. Өз баласы, өз туысы жоқ емес еді ғой сонда. «Осы болсыншы» деп бермеп пе еді? Ал бұл болса, бүгін, мінеки, алысқа абыройы асса, айналып кеп, Жігітекті жаныштайды. Жақынға жауықса, жағалап кеп, тағы Жігітекті жентектейді. Бір жібімей кеткені ме үстіп? ...Осыны айт! Бір мен емес, «Жігітік

сәлемі» деп айт осыны! Ал мына жерін алсын, бір бұл емес, тағы тапсын, тағы алсын! – деп, қолын бір-ақ сілікті де, тоқтап қалды.

Үй іші жым-жырт. От өлі маздап жанып жатыр. ...Өуелде толтыра құйылған іркіт қазір бірер қайнап қалған екен. ...Қайнауы жеткен ашу – қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бұрқ-бұрқ етеді. Ол-дағы осы елдегі әр жерден шаң беріп жатқан Құлыншақ, Сүйіндік, Бөжейлердің ашулары сияқты...

Жол бойында ешбір жерде Абайдың аялдағысы келмеді. Оңай емес, әлдеқалай емес, бүгін естігені ерекше. Байдалының аулынан ұзаққырап шығысымен Қарабасқа:

– Жүр, жарысайық! – деп тебіне жөнелді...

Екі жолаушы ұзақ шапты. ...Күн бата берген кезде аттарын қан сорпақып Қарашоқыға жетті.

...Баласы тақап келгенде, Құнанбай:

– Немене, балам? Неден ширықтың, жөніңді айтшы! – деді.

Абай әкесінің төменгі жағына отыра беріп, өз ішіндегі көңіл күйін дәл тапқанына қайран қалды.

Отырысымен көп күттірген жоқ. Бүгін Байдалыдан есіткен сөздерді бұлжытпастан, жалғыз түйірін қалдырмастан түгел айтып шықты.

Әкесінен көз алмай қарап отырып сөйледі. Құнанбай басында мұны аса салқын тыңдады... Абай әке көзінен жасқанған жоқ. Байдалының дауын соншалық зілді, ұтымды күйде айтумен қатар, мына бала өз сұрағын да осы араға қосып отырған сияқты. Әке мен бала ең алғаш рет шындасып бет ашысатын белге келгендей еді...

\* \* \*

Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көш-қон жайын сұрас-тырған. Құнанбай үлкен аулына тез көшсін деп бұйрық берді...

Абай үлкен үйге де, шешелерімен амандасып болған соң, көші-қон жайын айтты...

Кешкі астың алдында Абай Зере мен Ұлжанға Кәмшат жайын айтты. Естігенінің ешбірін қалдырмай, қатты айтты. Жыласа да, күйзелсе де, шешелерді аяймын деп, Кәмшат жайын бұркеу мүмкін емес.

Зере күрсініп, күңіреніп кеп, Құнанбайды жерледі. Ұлжан үнсіз, жым-жырт, қиналып отырып-отырып Абайға:

– Осы естігеніңнің бірде-бірін Айғызға айтпай тұра тұр. Онсыз да қан жүрегі қақ жарылып жүр ғой. ...Шыңғысқа жетейік. Сонан соң өзің қа-

сыңа бір ересек кісіні ерт те, тура Шырақтың аулына барып, Кәмшатты өз көзіңмен көріп, бар жайын біліп кел. Айғызға содан кейін айтып, өкеңмен шындап сөйлесейік, – деді. Байлау осы болды.

...Шешелеріне өнеугі берген уәде бойынша Абай Бөжей аулына баруға асыққан. Қопаға қонған күннің ертеңінде қасына Ғабитханды ертіп, солай жүріп кетті.

...Абайлар Бөжей үйінің сыртына кеп, аттан түсіп жатты. ...Аттарын байлап, енді үйге қарай жүре бергенде, Абай осы үйдің ішінде өлсіз үнмен жалынып жыларан кішкене баланың үнін есітті. Ауру баланың жылағаны.

Абай жүрегі жаман белгіні сезгендей су етіп, қатты аянышпен шаншып кетті. Үн – дәл Кәмшаттың үні сияқты. Абайлар үйді айналып, есікке тақай берді. Бірақ дәл осы кезде жаңағы баланың жылауына ызаланған ұрысқақ дауыс естілді. Бар сөзі басқа ұрғандай ап-анық шығып жатқан Бөжейдің бөйбішесінің даусы.

– Ырылдатпа! Ырылдатпашы, анау көзің ойылғыр жетімекті! – деп, зекіп тастап, долы бөйбіше есікке қарады.

Киіз есік ашылып, екі бала жігіт кіріп келген екен. Абайлар төрге шықты. Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, жасаулы, кілемді, алашалы екен. Бірақ салақ үйдің белгісі – сыпырылмаған, төрде олақ жиналған көрпе-жастықтан көрініп тұр.

Үй ішінде, төсек алдында ұршық иіріп үлкен, қара сұр қатын отыр. Танауы қусырылып, ерні қатты жыбырлаған қара қатын аса бір ұрысқақ, қатал жан сияқты.

Биік төсектің бас жағында жер төсек бар екен. Соның үстінде Бөжейдің екі бойжеткен қызы кесте тігіп отыр. Жасына жеткен қыздардың пішіндері – сұлу да, сыпайы да емес. Түксиген, сүйкімсіз және шешелеріндей ашушаң, қатқыл адамдар сияқты.

Осы төсектердің бас жағынан Абайлар отырып, үй ішімен ақырын ғана амаандасты...

Жылаған Кәмшат екен. Ол қонақтардың оң жағында, бір жаман жыртық жаялықтың үстінде бүк түсіп, жылап жатыр. Басында жастық та жоқ. Тек бір жаман жыртық шапанның жеңін жастаныпты.

Кәмшат жаңа келген кісілерді танымады. Бірақ үй ішінің қаттылығын осы жаңа келген жандарға шаққандай боп кемсендеп, иегі дірілдеп, бір түрлі өлсіз үнмен тағы жылады.

...Ғабитхан мынау көрген күйіне шыдай алмай:

– Ей, мазлұма! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүнаһ мазлұма! – деп, жылап жіберді.

...Абай бұл үйдің ішімен тілдескен жоқ. Жанашыр мейір жоқ, суық жандар келген жерден-ақ Абай көңіліне түрпідей тиген.

Бөжейдің қатыны шай қойғызбақ сияқты боп, қам істей бастағанда, Абай:

– Ішпейміз, жүреміз! – деді.

Кәмшаттың мынадай тұтқында, аямас ғазапта жатқан бишаралығын көріп отырғанда, тамағынан ас өтер орын жоқ.

...Кеш бата өз ауылдарына қайта жеткен уақытта Абай көңілінен осы күй бір сәт арылған жоқ, бір мысқал кеміген де жоқ еді.

...Абай Кәмшат арызын түгел жеткізбекке нық бекініп, үйге кірді. Ойлағандай, Құнанбай бүгін оңаша келіпті. Қасында жорға Жұмабай ғана бар екен.

Жігіттер үйге кірген кезде, осы үйге Айғыз да келді. Ана жүрегі бір жаманатты сезгендей бұны асықтырып, осыла жетектеп келген. Күндіз Абайдың Бөжей аулына кеткенін Айғыз білетін...

Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен. Өзі күйіп келген Абай өке жүзінен қаймыға алмады.

– Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Өл үстінде. Бізді танымады. Бауыры суып, аямас қас көргендей барлық жанды... не айтайын? – деп тоқтап қалды...

Құнанбай оқыс бұрылып, Абайға суық қарады да, үндемеді.

Әйелдің бәрі үнсіз жылап, аһ ұрып, күрсініп отыр.

Түсіне ашу, көзіне жас толған Айғыз дірілдеген үнменен:

– Қарашығым, балапаным-ай, сормаңдай жетімегім-ай! Не қарғысқа ұшырап туып ең! – дей беріп еді, Құнанбай сол қолын шұғыл көтеріп қап, «Доғар!» дегендей ишарат қылды...

...Бірақ Абайдың қасында отырған Ұлжан жаулығының ұшымен көзін сүртіп:

– Өртенсең де, үндемей өртен дегені ме? Кәмшатты ойласа, бүгін емес, көптен күңіренеді бұл жандар. Кімге айтады? Қайда айтады? – деді. Құнанбай оған да барын айтқызбай тежеп:

– Жә, бірің бастап, бірің қостамай!.. – деді. Ұлжанға Айғыздай зекірген жоқ, кінәлай сөйледі.

Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ. Бірақ онысына Зере болған жоқ.

– Қорқытпа келіндерімді!.. О несі? – деп, қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады. Абай өз әжесінің мұндай қайратты ашуын бұрын көрмеген сияқты.

Зере Құнанбайға өлі де қадала қарап, түйіліп отыр. ...Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті...

– Қайтейін?.. Мен қайтейін?.. Кеше исі Арғынның игі жақсысы бұйырды! – деп, шешесіне арыз шағып, бір тоқтады.

Абайдың аса теріс көргені сол бұйрықтың өзі.

– Рақым, мейірбандық жоқ, не деген жаны ашымас, қатыбас байлау – сол байлаудың өзі? Тату етер байлау да емес. ...ортамыздағы ең әлсіз, ең пұшайман бір ғарышты қайда тастап отырмыз?..

Өкесіне Абай сөзі ұтықты көрінді. Өзі, тіпті, ойға келмеген соны сөз...

Бағанағыдай емес, енді мынау үйдің ішін күйзелткен жайды бірге ойласқандай... Тағы біраз үндемей отырып барып:

– ...Біз берсек, етбауыр бала қыл деп беріппіз. Қорлыққа бердік пе? ...Жат деп, жау ұрпағы деп, дұшпан көріп, кірпідей жиырылса, қарыз оның мойнында емес пе? Тіпті, жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма еді? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына, тым құрыса, соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой! – деді.

Бұл сөзінде Бөжейді жеңер дәлелі бар еді. Абайдың өзі де өмірінде алғаш рет Бөжейден түңілгендей боп қайтқан...

Осының ертеңінде Құнанбайдың сәлемімен Бөжей аулына Жұмабай барып қайтты.

...Осыдан кейін аз күн өткен соң, Бөжей аулынан Айғыздар күткен жаман хабар оқыс келді.

Кәмшат өліпті. Және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Керек десе, Құнанбай аулына, Айғыздай көзі тірі шешесіне хабар да айтпапты...

Хабар-ошарсыз Кәмшаттың қойылып қойғанына Құнанбай жаман қатуланды. Астыртын хабармен Құнанбайдың үлкен аулына Ырғызбай, Топай, Жуантаяқтардың көп ірі кісілері жиналып қалған. Солардың тобына Құнанбай Бөжей мінезін шағып, көпке кінәлатып отырып, тағы кісі жіберді.

...түс кезінде Бақанас бойына бір өзгеше хабар шұғыл кеп қалды.

Ызғұттының аулына түсіп, сусын ішіп аттанған Бөкеншінің үш жолаушысы айтыпты: «Бес күннен бері Бөжей науқас еді. ...Әйтеуір, кеше кешке бар жанкүйер ағайынын шақырып, арыздасып жатыр дегенді есіттік» депті...

Осы күннің ертеңінде суық сыбыс анық боп, Бөжей қайтыс болды деген хабар да жетті...

Бөжейдің өлімін есіткенде, үй іші тегіс аңтарылып, селт етті...

Бақанастағы Ырғызбайдың бұл ауылдары Бөжейдің өлімі туралы айрықша хабаршы келер деп күтті... Өншейінде қаншалық қиян-кескі араз боп жүрсе де, «торқалы той, топырақты өлім» дегенге келгенде, араздық ұмытыла тұратын... Бөжейдің өліміне Құнанбайды шақырмапты. Өдейі алалап тастапты...

Құнанбай қатты қиналып, ақыр аяғы ызаға кетті. Кешпес қатал ызаға кетті.

...Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған... Екі бетінің ұштары жылап жыртқан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр.

Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты. Бұлар әкелері өлісімен, қайғылы, шерлі, бір ұзақ жоқтаудың сарынын тапқан екен. Бүгін таңертеңнен бері жаназашыларға көріскенде сол жоқтауларын айтумен отыр... Бөжейдің жаназасын шығарды. Сүйегін бұл жайлауға қоймай, Шыңғысты қайта асырып, қыстауының үстіне апарып, Тоқпамбетке қойды. Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ салмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды.

### Бел-белесте

Күн түске жетпей-ақ, Бақанас бойы қайнап, шыжып кетті... Абай үй ішінен қатты пысынап тысқа шыққанда, бұл маңдағы жан иесінің бәрі де ыстықтан мезі боп күйзеліп жүр екен...

Абай... өзенге қарай тартты. ...Бүлдірген иісі аңқыған, көк майса шалғыны бар, жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп боп еді...

Бір мезгілде бар баланың құлағына ап-айқын боп дүрілдеген қалың үн келді. Қаулаған өрт, қаптаған қолдың шабысы сияқты.

Балалар елең-елең етісті. Араларындағы үлкені Тәкежан мен Абай қарасты. ...Бала атаулы тегіс аттарына жүгірді. Елсіз өңірде көрінген қалың жылқы – көшкен елдің жылқысы екен...

Бұл көштің айналасын қоршаған аттылар көп, барлығы да әйелдер. Өңшең сәнді киінген қыз-келіншек пен егде тартқан бәйбішелер...

Үлкен көштің алдында есік пен төрдей жерде аттарын қатар бастырып, бір топ қыз келеді. Тап орталарында ерттеулі күйде бос жетектелген, кекілі күзелген қара көк ат бар. Сол топтан әнтек кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сұп-сұр жүдеу бәйбіше екен. Басына жұқа қара желек жамылыпты. Бұл бастаған он бес түйелі көштің сәні өзгеше көрінді.

Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең қара кілем, қоңыр алаша, қара ала текемет көрінеді...

Көштің түріне таңданып, үнсіз тоқтап қалған балалар тобы мынадай салтанатты көріністің алдын кесіп өте алмады. Енді амалсыз көш өткенше, қарап тұратын болды.

Басында бұларға көш адамдарынан көз салған кісі жоқ еді.

Бірақ алдыңғы қыздар тобы енді жақындап, қастарына кеп қалған екен. ...бір кезде бір топ қыздар ортасынан екі қызды ілгерірек бөліп шығарды.

Бағанағы кекілі кесілген қара көк ат сол екі қыздың орталығында жетекте екен.

Оспан аңырып таңданып, Абайдың қасына кеп:

– Бұлар кім? Бұл қандай көш? – деп, тақат таба алмай, ағасын қамшымен түрткілеп, мазасызданып тұр еді.

Қазір екі қыз бөлініп, алға шыққанда, олардың көрінісіндегі елден ерекше бір жайды байқап, Оспан қатты күліп жіберді...

Бұған ерсі көрінген сурет – Абайдың өзінің де өмірде ең алғаш көрген көрінісі.

Бұл көш қаралы көш екенін – Бөжей көші екенін Абай мен Төкежан бағана-ақ таныған болатын. Өзге көштен бөлек болатыны мәлім. Бірақ қазір мына екі қыз істеген іс сол бөлектің ішінде де бір өзгеше болды.

Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті. Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шаншып, соған да теріс қаратып, Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті.

Екі қыз бөліне салысымен, мына көлденең қарап тұрған аттыларды көріп, шырқай созып, қаралы мұңды дауыс айта жөнелген. Көш бойында ауыл үстінен өтсе немесе бөгде жүргіншілер жанынан өтсе, қаралы көштің қара жамылған осындай қыздары дауыс айтатын салты. Қыздар соны бастаған екен...

Алғашқы екі қыз қиыс өтіп, дауыс бастасымен, кейіндеп келе жатқан бес қыз да аттарының басын қатарластырып ап, баяу бастырып отырып, анау екеуінің даусына қаралы дауыс қосты...

Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында, жібек жал ақ жорға атқа мінген Тоғжан екен. Көктемнен соң көргені осы.



Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара көмшат бөрік. Мойнында әсемдеп, кең ораған құбылма түсті торғын шөлі. Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан Тоғжан, мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай...

Абай үнсіз мүлгіп, зарлы жоқтауды бар жанымен тыңдап тұрып, өзін өзі де, бар дүниені де ұмытып кетіпті.

Бір сәтте қасында тұрған біреу түртіп қап, «Жүрейік» дегендей болды. Абай жаңа оянғандай, алаң етіп жалт қарады. Төкежан екен. Ол Абайдың түсін көрді де, тыжырынып кекете күліп:

– Өй, неменеге сораңды ағызып тұрсың? – деп, тіпті, зекігендей.

Абай қабағын қатты түйіп, селт етіп, бетін сипады. Жыладым деп ойлаған жоқ-ты. Көзінен үнсіз ауыр, ыстық тамшылар ағып кеткенін байқамаған екен.

Үлкен көш өтіп кетіпті. Артқы көштермен екі арасында ұзақтау алаң пайда болған екен. Төкежанмен бірге барлық топ қозғала берді...

Бөжей ауылдары Жәнібекке көшіп келгенін Абайдан естісімен, сол күні түнде Зере мен Ұлжан Байқошқардағы Құнанбайға кісі шаптырды.

– Дәл қасымызға келіп, қонып отыр. Енді аялдасақ, ағайынның бетін қайтіп көреміз? Бата оқырын қалай жасасын дейді? ...Соны тез шешіп, жөн айтсын! – депті.

Құнанбайдың өзінің күткені де осы кез сияқты екен. Ол дәл осы түннің өзінде қасына Күнкені алып, тағы он шақты қарт-қария, жігіт-желең алып, Бақанасқа келді. Сонымен Бақанастағы барлық жиырма шақты ауыл ерте қамданып, саба жиып, сойыс әзірледі.

...Қалың топ – бата оқыршы, шаңқай түс кезінде сансыз көп салт атты боп күнбатыстағы Жәнібекке қарай тартты. ...Араларында Абай, Төкежан сияқты жастар, Оспан сияқты балалардан да бір топ бар...

Құнанбай қасындағы көп қошеметшінің ішінде Ырғызбайдан – Майбасар, Жақып, Ызғұтты сияқты туысқандары...

Аттылардың қалың тобы осындай лек-лек боп, Құнанбай шоғырын алдына салып келе жатқан. Бір сәтте осы жұрт екі қоныстың арасындағы сар жазықты айғай-шуға батырып, оң жақтағы биік қара адырды бөктерлеп Жәнібекке қарай ат қойды.

Бұл елдің ежелгі ырымы бойынша, өлімге бата оқи барудың ең үлкен шарты осылай алыстан айқайлап: «Ойбай, бауырым!» деп, жылай шабу болатын.

Сол шабысты ең әуелі үлкендер бастамақ керек.

– Ойбай бауыре-е-ем!..

– Құт, берекем! – деп, Абай қасындағы кекселеу кісілер шырқап жылап, үн салып келеді...

Абай орта тұста келе жатып, ақ үйдің сыртында оқшауырақ жерде, ұзын-ұзын ақ таяқтарға төстері мен қос қолдарын тіреп, бүгіліп тұрған отыз шамалы еркекті көрді. Бата оқыршыларды тосып, жылап тұрған жанкүйер жақындар...

Тыстағы еркектермен бір-бір құшақтасып, көрісіп болған үлкендерді сол арада қолма-қол ақ үйге қарай айқайлатып, жылатып өкетіп жатыр. Жылаудың үлкені сол үйдің ішінде...Көп еркектің арасына Абай да кірді.

Үлкен күмбез ақ үйдің іші, оң жақ босағадан дәл төрдің ортасына дейін қатар тізіліп, мықындарын қос қолдарымен таянып, аңырап жылап отырған қатындарға толы екен.

Тап орта тұста басына қара желек жамылған Бөжейдің бөйбішесі аңырап отыр. Көзінен шын жас, зар жасы бірсін-бірсін ағып жатыр. Одан жоғары, төрт-бес қыз дауыс айтып отыр. Үйдің іші бұл кезде тұтас аңырап зарлаған мол жылау еді.

Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп, отыра кетіп, құшақтасып, көрісіп жылайды.

...Құдайберді тура Бөжейдің өз бөйбішесіне қарай жылап барды. Сол кісі алдыңғы көрісушіден босаған соң, құшақтап аңырап:

– Ағакем, бауырым! – деп, бас салды.

Абай да сол жерден бастап көрісіп, жоғары отырған қыздар жаққа қарай ауысты.

...Еркектер бұл кезде ақырын жыласып отыр да, әйелдің де көбі басылып қалды. Тек Бөжейдің қатыны мен бес қыз ғана зарлап отыр...

«Өкекем... жеткізбей кеттің... арманда кеттің... зармен кеттің, жетім бейбақ біз болдық... пана кім?.. Неге аңыраттың?» деген сияқты жерлерге келгенде, барлық үйдің іші қайта егіліп, тыйыла алмай, тұншыға жыласады. Абайға да шын жылаудың ең ауыр кезі осы болды. Ол көз жасын, тіпті, ірке алмай қойды...

Осымен біраз барды да, екі қыз әкелерінің өміріне, өміріндегі ерлік, жақсылық істеріне түсіп кеп, бір сәтте дауыстың мәнін аса бір тосын жайға салды.

Бөжейдің өзін қойып, тұстастарын айтып келіп, өркімді атай отырып, үйдің іші тегіс жым-жырт тына қалған уақытта, бір кезде Құнанбай атын сап еткізді. Төрде төмен қарап, тымағын көзіне киіп, тұнжырап отырған Құнанбайды мынау екі қыздың қатал даусы басқа соққандай болды.

Бірақ бұл – дауыс. Намаз сияқты бұзылмайтын жол-жора. Айтар сөз, тыяр тыйым, істер шара жоқ.

Екі қыз сөздерін барған сайын қатайтып, қадалып кеп:

Жау боп шықты Ырғызбай  
Айыпқа бердің бір қызды-ай, –

деп бір кетіп және бір сөтте:

Оның аты Құнанбай,  
Жүйріктігі құландай.  
Шұбарлығы жыландай... –

деп жарып өтті. Жалғыз көзге дәлдеп тұрып, қамшы ұрғандай қатал жаза...

Сөйткенше төрде отырған біреудің қатты тамсанған үнін есітті. Қараса, Сара апаң екен. Ол ашулы түспен түйіліп, қара шапанды басына жамыла беріп, жүрелей отырып ап, айқайлай жөнелді.

Сөзінің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:

Мына да қарлар не дейді?  
Жақсыдан жаман көбейді.  
Ескінің асыл көзі еді,  
Ұрлап та көмдің Бөжейді, –

деп, қатты айқайлап, қалт тоқтады.

Екі жақ та: «Айтамыз, жеткіземіз» деген орайлы сөздерін осы әйелдердің ауыздарымен айтысты. Осыдан әрі қайталаған да, өршіген де сөз болған жоқ...

Құнанбайдың Бөжейге жасаған бата оқырының түрі осы боп еді.

Әйелдерді осы үйге қалдырып, еркектерді бөлек оңаша үйге апарып, қаралы ауыл қонақ етті...

Бата оқыршылар сол кеште үнсіз, қоңыр тартып, жайлау-жайлауына қайтысты. Құнанбай... бір қарызынан құтылғанына «Уһ» дегендей боп, бәйбішесіне айтқан жалғыз сөзі:

– Күтсең, Сара апаңды күтсеңдерші! – деген байлау еді.

Осы көктемде Абай көңілі бар дүниенің дырдуынан, бар адамның реніш, қуанышынан оқшау кеткен, оңашаланып кеткен бір өзгеше құпия сырдың соңында еді... Ойда барын жеткізе алмай, кеудеде тыныс біткендей құста болған шағында, Абай қатты сенделіп, қиналып кетіп:

– Япырмау, қайтем енді? Хат шорқақ, тіл мақау! – дейтін. Көңіл сезгенін, тым құрыса, өзгенің көзін иландырардай қып айта алмағанына күйді.

Сол айтылған, жазылған жырлар өлі күнге Абайдың өзінде, өз бойында. Аталған, арналған жеріне бір де бірі жеткен жоқ... Үміт бар ма? О да жоқ! ...Тек жалғыз қиял медеуі құлаққа кеп ап-айқын соғып, бір жақындап, бір алыстап кететін шолпы сылдыры...

Күн жылынып, қар кетуге айналып, мейірімді анадай жарқыраған жақсы күн келгенде, Абай бақат қыла алмай, атын ерттеп міне сап, бет қараған жаққа таман жортып кететін. Болымсыз сылтауы – сары тазы...

Бір күні... тірлік пен қиял арасындай, бір түс толқынының құшағында жапа-жалғыз тұрғанда, қасына бір салт атты желіп келді.

Жапан түзде оқшау келген жолаушы Абайды селт еткізіп, оятқандай болды...

Бұл былтырғы Тоғжан аулынан қайтарда Абай танысқан Ербол екен...

Ерболдың қолы бос, жай ауыл қыдырып жүр екен. Абайға мейлінше көңілденіп ерді. Осы кездескеннен бастап, Абай Ерболды бес күндей жібермей, өз аулында қонақ етті... Сол күндер ішінде Абай өз өлеңдерін де айтты. Ербол ендігі сырласы боп алды. Өмірінде алғаш рет осы жігітке Абай өз жүрегінің сырын ашты. «Тоғжанға білдір» деп ашты.

Ербол осыдан соң барлық Абай айтқан өлеңдерді жаттап ап, жас жігіттің жан сәлемін Тоғжанға жеткізбек боп жүріп кетті.

Арада айдай созылған үш күн өткенде, Ербол Жидебайға қайта кеп, Абайды ертіп алып, Шыңғысқа, Түйеөркешке қарай тартты.

Абайдың жалғыз арманы бір ғана оңашада жүз көрісіп, сөйлесу болатын. Сол арманын Ербол апарып, әуелі Тоғжанның жеңгесіне, Асылбектің келіншегіне айтыпты. Сәлемге айтқан өлеңдерін айтып беріпті. Ол жеңге Тоғжанмен барынша сырлас, тату болатын. Өмірінде өлі күнге қайын сіңлісі мен өзге жігіттің арасында делдал боп көрмеген-ді. Бірақ мынау жол оған да өзгеше көрініпті. Ербол да сөзге жүйрік, қолқасын өткізе білетін отты, жұғымды жігіт.

Әйтеуір, сол жеңге мен Ербол екеулеп отырып, Тоғжанға Абайдың бар өлеңін естіріпті де, ақырында, бір жол жүз көрісуге көндіріпті.

Тақат, сабырдан айрылған Абай Түйеөркешке қалай жеткенін аңғарған да жоқ. Ымырт жабыла бере, екі жігіт тау ішінде Ербол аулына келді...

Түн келіп, уәделі уақыт өткен соң, Ербол мен Абай жаяулап қана арғы жағаға өтті... Мал қораның есігін Ербол ештеп ашты да, Абайды түйе қораның ішіне енгізіп, өзі қараңғыны сипалап жүріп кетті...

Аз уақытта Ербол қайта кеп, мұның қолын алып, сыбырлап:

– Құдай берді! Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз! – деді.

Абай ақырын сәлем беріп, жасаулы отауға кіргенде, аққұба жеңге төсек жанында тұр екен де, Тоғжан жерде көрпе үстінде отыр екен...

Тоғжан алғашқы минуттарда қатты қысылып, өте ақырын амандасып, өзгеше қызарды. ...Ербол жастар қысылмасын дегендей болып:

– Ал мен арғы жағаға қайтып, атты өзірлеп тұрамын! – деді.

Абай үндемей, басын изеп, рұқсат етті. Жеңге де шай өзірлемек боп, тысқа шықты. Сол кеткеннен қайтқан жоқ.

Абай оңаша қалғанда, әуелде қатты қысылды. Бірақ байқап қараса, Тоғжан, тіпті, ұялшақ. Тіпті, нәзік, жазықсыз бала тәрізді. Өзі де басында не дерін білмей, сөз таба алмай, аса қиналған... Аз уақыт Тоғжанға иіле қарап отырып:

– Тоғжан, менің сәлемдерімді есіттіңіз бе? Бар сөзім сізге арналған, сізді сағынудан туған сөз еді, ілтифат қып еледіңіз бе? – деді.

Тоғжан ішінен «Ілтифат қылмасам, мұным не?» дегендей. Бірақ ақырын жымыып күлді де:

– Есіттім, Абай! Өлеңіңіз жақсы екен! – деді.

– Мен ақын емес ем! Жалғыз-ақ сіз мені былтыр бір көргеннен-ақ, қатты толқынға салдыңыз. Содан бері бір уақыт ұмытқан емеспін...

Осы кеш екі жасты бір-біріне соншалық сүйікті, ынтық етті. Екеуі тек жүз көрісуден, сөйлесуден басқа ешбір бөтен тілек ойламастай... Шын сағынышты, ынтық жандар боп ұғысты.

Таң жақындаған кезде ғана жеңге қайта оралды...

– Ойпырмай, қалқам Абай-ай, қиын болмаса, игі еді! Су түсіп кетіпті! Қарауыл суы түсіп кетіпті! Атың қайда еді? – деді.

Жеңгенің үркіп келген хабары мынау күйдің үстінде Абайды шошыта алған жоқ. Бірақ Тоғжан қысылып, қиналып кетті.

– Не дейді? Судан қалай өтесіз, Абай, атыңыз қайда? Бұл жақта қайтіп қаласыз? – деп, сүйген досының басына түскен қиыншылықты жас қыз соншалық тіксініп қарсы алды.

Абай енді аңғарды. Аты ар жақта, өзі жалғыз. Қарауыл суы тентек. Бұл ауылда қалуы, тіпті, мүмкін емес. Енді бөгелсе, қолға түседі...

Осы жайды аңғарып, әсіресе, мынадай жақсы қабыл алған жас өйелдерді қауіпке ұшыратпайын деп, Абай тез киініп, қоштасты да, шыға берді...

– Қорықпа, Тоғжан! Бірдеңе қып өтермін! Ал өзің ендігі бар хабарды Ерболдан тос! – деді. Тоғжан Абайдың омырауына ақ саусақтарын салып, жабығыңқырап тұрып:

– Қош, ұмытпа! – деді...

Абай жеңгенің екі қолын қапсыра ұстап тұрып:

– Жеңешетай... Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды! – деп қоштасты да, кішкене есікті ақырын ашып, жай салмақпен басып, жүріп кетті.

Абай ойы жаңағы өзімен қоштасқан ғазиз жандармен бірге болды... Алдынан қатты гүрілдеп соққан өзгеше тасқын естіліп жатса да, оны елемеген.

Енді, міне, сол тасқынның қасына келді. Тау өзені бұзылып, тентек құла су шарасынан шығыпты... Жағада біраз тұрып, халді аңғарды. Жаяу өтем деуге болатын емес. Байқаса, таң қылаңдап атып қапты...

Сирек талдың арасына шала жасырынып, далдалап тұрып, Ербол қыстауы жаққа көз тастады. Байқаса, біреу арғы жағадан ербеңдеп, асығып келеді екен... Абай дауыстап:

– Ербол! Е-ей, Ербол! – деп, үн қатты.

Келе жатқан Ербол екен...

Аздан соң Ербол өз үйінің бір дәу қызыл өгізін мініп келді Абай оның ат әкелмегеніне таңғалды. Ербол келді де, өгізді қамшылап кеп, суға түсті. Өгіз мұзды суға басқысы келмей, көп тыртысып еді, Ербол ырыққа көнбеді.

...Жағаға жақындай бергенде, Ербол өгіздің бас жібін лақтырды. Абай жабыса түсіп, тарта берді де, Ербол қамшылап отырып, жиекке шықты. Жанын ортаға салып, қатерге басып, Абайға шын достық көрсетіп шықты. Екі етігін қонышына шейін су басып кеткен екен. Абай Ерболды құшақтай алып:

– Өй, ат қайда? Өгізің не? Атпен неге келмедің? – деп еді.

– Ат болғанда, сенің атыңды әкелмедім. Анау ауыл қазір тұрады. Біз өткенше, көріп қойса, қаптап кетеді. Ал өзіміздікі әлсіз байтал. Және сол, құрып қалғыр, түнде қорадан шығып, тауға жайылып кетіпті. Бағанадан бөгелгенім сол емес пе? – деді...

– Шіркін, Ербол! Неткен жақсы едің. Дос жақсысы сен екенсің ғой... Естен кетпес іс еттің-ау! – деді...

Ерболмен соншалық ырзалықпен, шын досша қоштасты да, өзенді құлдап, желіп жүріп кетті.

Құнанбай келген уақытта елдің алды қыстаудан киіз үйге шығып қалған...

Құнанбай өз басының жалғыздығын осы жолы қатты аңғарыпты... Енді... балаларының қызығын көрмек.

Бұған Зере бастаған бар шеше қуаныш айтқаннан басқа, түк қарсылық білдірген жоқ. Қызық көру дегеннің белгісі не, арты не? Ол – ержеткен балаларды үйлендіру, содан әрі немере сүю. Толып жатқан шексіз бақыт сияқты елестейді.

Өңгіме арасында Құнанбай: «Осы жолы Құдайдан соңғы қуатым құдаларым болды. Адал достықты, шын бейілді солардан көрдім» деген. Атап айтқандары: Алшынбай, Тінібек. Онан соң Тобықты ішінде, тергеуге кетіп бара жатқан жолында, Тасболат руының ішінде Байтас басынан қатты тілеулестік көріпті.

Бұрын үй ішіне мәлім емес еді. Өзі сол сапарда жалғыз байлаған байлауын білдірді. Байтастың жас қызы бар екен. Соны Оспанға айттырмақ бопты. Сөйтіп, тентек Оспанға Байтастың Еркежан деген қызы қалыңдық боп аталыпты. Үй іші, әсіресе, шешелер күліп, мөз боп, Оспанның аяғына тұсау түскенін өзіне естірту, түсіндіру жайын ойлап күліскенді.

Осы байлаумен қатар Құнанбай енді Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі – Төкежан туралы. Былтыр ұрын барып келген Төкежан енді осы жақында үйленбек... Екінші, әсіресе, осы отырған барлық үй ішіне, шынымен, үлкен қам болатын нәрсе – Абайды қайындату.

Құнанбай осы жолы Алшынбаймен уәделесіп келіпті. Осы көктемге байласыпты...

Үлкендердің осындай кеңестерінде бала атаулыдан жалғыз Құдайберді ғана бар-ды. Өзге балалар кейін есітті.

...Абай өзіне арналған хабарды үнсіз ғана аңырып тұрып тыңдады... Сол сәтте Тоғжан есіне түсіп, оның алдында қылмыс жасағалы тұрғандай сезініп еді. Абайға жаңа хабарды айтқан шешесі болатын. Ұлжан баласының мына пішінін жақтырмады. Бірақ ішінен:

– Ұялғаны шығар, – деп байлаған.

Абай бірнеше күн қатты толғанып, жапа-жалғыз ойланып жүрді. Қалыңдық деген мұнда бар. Сол сияқты айттырған күйеу Тоғжанда да бар. Қайындамай, үйленбей қалу мүмкін емес. Ата мен ананың өмірінде. Бармаймын деп айтарлық сылтауы жоқ. Бар жүрек, бар қиялы Тоғжанмен туысып тұр-

са да, мынау тұсауға көнбеске шара жоқ. Осындай іші бір жақта, сырты бір күйде болған, аса бір қиын, енжар күйде Абай қайнына аттанды.

## Өрде

Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Алшынбай бұлар келер қарсаңға, кең сулы, кең бір жазыққа кеп қонған екен....

Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді...

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын...

Күйеуге арналған үй өзге үйлерден де ерекше, шатырдай аппақ екен. Ішінде жүк, сандық көп емес. Кең болсын деп бос қойыпты.. Үлкен бұйымынан – оң жақта әдемі сүйек төсек тұр. Он бес қатардай жібек көмкерудің үстіне құс-төсек, үлкен ақ жастықтар, шағи көрпелер жиналыпты. Көкшіл-қызғылт өңі бар шілтері шымылдық биік төсектің жоғарғы жағын перделеп тұр...

Шымылдық түсірулі. Үй ішіне үш үлкен әйел кірді. Ортадағысы Абайдың үлкен енесі – Алшынбайдың әйелі, семіз, қара бәйбіше. Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел – Абайдың өз енесі. Түсіптің қатыны.

– Ал, шешелер, көрімдік!

– Көрімдік, көні!

– Болмаса, балаларыңды көрсетпейміз, беті ұялады! – деп, алғашқы келген келіншектер күлген бойларында, шымылдықтың шетін ұстады.

– Алыңдар! Көрімдік сендердікі. Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар! – деп, үлкен бәйбіше қолына шашуын алды. Сол сәтте атлас шымылдық шалқия ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, төжім қып тұр екен. Үлкен бәйбіше:

– Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым! – деп шашуын шашты...

Күйеуді қоршаған қыз-келіншекте сан жоқ. Бірақ осындай шат-шадыман думанның тап ортасында боларлық кісі – қалыңдық болса, Ділдә болса, ол әлі көрінбеді.

Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртис сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келіс осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені – қалыңдықты оңай көрсетпеу...

Сөйтіп Абай алғашқы күн ғана емес, тағы екі күн өткенше де, өз қалыңдығы қандай екенін, кім екенін көре алған жоқ, білген жоқ.



Бұлар келген күннің ертеңінде Ербол ғана барып, Ділдәға амандасып, жүз көрісіп қайтты...

Бұл той Алшынбайдың үлкен той етем деген бір мерекесі екен...

Тыстағы ойын: ат шабыс, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болды...

Осы күні кешке Абай ең алғаш рет қалыңдығын көрді...

Ділдә келісімен ас жасалып, төр де, шымылдық іші де ас жеді... Сол астың артынан төрде отырған, түсі Абайға көрінбейтін бір молда неке оқыды. Суық су құйған бір кесе төрдегі жұртты жағалап кеп, Абайға ұсынылды. Абай ұрттады да, Ділдәға берді.

Осының артынан екі жеңге ақырын күлісіп кеп, Абай мен Ділдәнің алдына қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірін ұстаттырды. Екі қолдың арасында бір қабат сусылдаған жібек жүр. Сол арқылы ұстатады екен...

Жеңге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып, Ділдәнің арқасындағы қос бұрымына тигізді. Өлі де Абай қолының астында жаңағы жібек жүр. Сол жібекпен Абай бір-екі рет сипап өтті.

Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. Жаңағы Абайды мысқылдаған ашық жеңге сол шаш сипарды Ұлжаннан бір сыбаға ғып алған екен.

Некеқияр мен той салтының бәрі өткен соң, үлкендер тегіс дауыстап бата қылысты да, жалпыға айтқандай боп:

– Қайырлы болсын!..

– Құтты, құтты болсын! – десті... Осыдан соң барлық үлкендер қауырт көтеріліп, шығып кетті.

...Айрылысар кезде Абай мен Ділдә бір-біріне үйреніскен болатын, оқта-текте қалжыңдап та отырысады. Ділдә Абайға сүйкімді, сұлу көрінді. Абайдың пішініне Ділдә да үйренді. Бірақ іштей екеуі де бір-біріне қабыспайды, салқын күйде қалысты.

Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі ұрын бару болса, Абай содан асты...

\* \* \*

Абайлар келгенде, жұрт тегіс Шыңғыс сыртында жайлауда екен. Өз ауылдарының шеті Дөңгелек қоныста отырған Күнкенің аулы. Құнанбай сонда еді...

Абай үйге кеп әкесіне ажарлана қарап отырып:

– Әке, осы шілденің күнінде, ен жайлауда, шөп деген тұтып тұрған шақта жер қорыған, ағайынға реніш салған не қисынға сыяды? – деді...

Құнанбай баласының бұл жолғы үнінен өзгешелік көрді...

Алғашқы сөзіне қарсы дүрсе қоя берген ашуды көрмеген соң, Абай тағы бір сөз бастады...

– Тағы бір жайды айтуға рұқсат етіңіз. Ол мына Бөжейдің асы туралы... Өлімінде оқшау қап ек, енді, тым құрымаса, мынау асына атсалысайық! – деді.

Құнанбай өткен жылдың ызасын еске түсіріп:

– Мен қайтейін! Кел демесе, кимелеп барам ба?.. – деді де, бұл сөзді жақтырмағанын сездірді.

– Ендеше сіз бармаңыз. Бірақ бізге рұқсат етіңіз...

Бұл тұста Абай көңілінде әзірлеп алған байлау бар сияқты. Онысы бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес. Ұлжан да қазір баласының сөзін ойлана тыңдап қапты...

Құнанбай басын көтеріп, тымағын киіп, тұруға айналды...

– Мейілдерің! Маған десе, аяғына бас үр Байдалы мен Байсалдың! – деді де, шығып кетті.

Көнгені осы. Қай көңілімен көнді? Қиналып, қынжылып көне ме? Кекесінмен көне ме? Оның ар жағын Абай елеген жоқ...

Енді шешелерімен оңаша отырып, өз ойынша қалай араласатынын апайқын қып, таратып-таратып айтып берді...

Зере мен Ұлжан осы іске көмекші болсын деп, Ызғұттыны шақыртып, дәл осы күні Абайға ақылшы ғып қосып берген.

Абай өз ағайындарының ішінен Құдайбердінің болыспағын қажет деп білді. Оған өзі барып, ұзақ әңгімелесіп, бар ниетін айтып, ұғысып қайтты. Құдайберді Абай керек еткен жәрдемінің бәрін жеткізіп тұрмақ болды...

Келесі күні Абай атқа мінді. Қасына ерткені – жорға Жұмабай мен Мырзахан. Бұл үшеуі Қазбаланы өрлеп, Көтібақ пен Жігітектің қалың ауылдарын аралап отырып, сол өлкенің орта тұсындағы Бөжей аулына келді... Абайлар, ең алдымен, Бөжейдің қаралы үйіне түсіп, Құран оқыды...

Осы ауылдың қасында ас иелерінің жиыны түгел екен. Абайлар Бөжей үйінен қымыз ауыз тиіп, тысқа шығып, сол жиынға келді. Кішілеу төбенің басында отырып, кейбір аттыларды шақырып алып, кейбіреулерін шапқыза жөнелтіп, өмір таратып отырған осы жиын. Ортасындағы үлкендері – Байдалы, Байсал, Сүйіндік.

...Осы үлкендердің бұйрығын күтіп, қас-қабақтарын қарап жүрген жас жігіттердің ішінде Ербол бар. Абайдың бұрыннан жақсы білетін бір танысы Жириенше де осында. Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абай мен Жириеншенің кездескені осы.

Жириенше де Абайға енді жылы ұшырап амандасты...

Абай осы уақытта Байдалыға қарап:

– Байдаш ара, – деп алып, сөзіне кірісті.

Келген жұмысын қысқа айтты. Бірақ орнықты, байыпты қып жеткізді.

Осы жиынға сәлем айтқан Зередей аналары екен. Сол кісідей үлкендер жіберіпті. Бөжекеңнің асына ағайын боп атсалыспақ...

Байдалы Абайды тыңдап алды да:

– Шырағым, бұл сөзіңе ағайын ырза. Бетіңнен жарылғасын. Енді қалай кірісесің, ойлағаныңды өзің айт! – деді.

Абай соған соң кешегі шешелеріне, Ызғұттыға, Құдайбердіге өзі айтқан жобаларын айтып шықты...

Абай жігіттері Жириенше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр...

Осымен ұйқысыз, ауыр түннің үшіншісі өтті...

Астың әлі аяқтамаған арты бар. Онысы Бөжейдің тұлдаған аттарын сою, үй ішінде былтырдан жиылған септі тарқату, қаралы теңді бұзу...

Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап, ақ үйге кірді де, қаралы теңдерді бұзды. Бұ да жаңағыдай белгі. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен екі қызы оң жаққа теріс қарап отырып ап, дауыс айтты. Үй ішіндегі барлық жиын үндемей жыласты. Бөжейдің аруағына арналған соңғы дауыс, соңғы көз жас осы. Енді ең соңғы Құран оқылып болған соң, жиын тегіс тысқа шығып тұрғанда, тұлдаған екі ат келді. Қатты семірген күрең мен қара көк асаусып кетіпті.

Екеуін де Бөжейдің туысқандары жыласып тұрып жықты да, Байдалының өзіне бауыздатты.

Жаңағы қараны жыққан Байсал, септі бұзған Сүйіндік, енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы үшеуі де кейін «жол» алды. Бұлар осы қауымның өрі үлкені, өрі Бөжейдің үзеңгі жолдастары. Сондықтан ас артынан болатын ырымның үшеуін сол үш кісіге орындатудың айрықша мәні бар. Бұл аттың етін жемей кетуге тағы болмайды. Қалғи-шұлғи отырып, сол еттің піскеніне Абай зорға жеткен.

Екінді кезінде Бөжей үйінен ет жеп болып, енді үлкендермен қоштасып, жүруге рұқсат тілеп еді. Сол уақытта Байсал Абайды қасына шақырып алып, маңдайынан иіскеді де:

– Балам, мен осы шаққа шейін сенімен тіл қатысып, жылы ұшырап көріскен жоқ ем. Бірақ барлық көрген-сезгенім есімде. Ана бір жыл Қарқаралыда сенің ажарыңды ұнатып, мейірі түсіп кетіп, Бөжікең бата беріп еді-ау! ...Ағайынға әділет ойлап айтқан жақсы лебізіңді есітіп жүрмін. Бүгін мынау күндерде Бөжікеңе адал іні боп, бетіңді аштың. Жақсы ағаның зор дәмесін әмісе өстіп ақтағайсың! Ақтарсың деп білемін! Ақтар-ақсың, шырағым. Тек өмір деген ит, жаңсақ бастырмаса екен! Өрісің алда! Бетің дұрыс! Дәл осы бетіңнен жарылғасын! – деп, бата берді.

Байдалы, Сүйіндік, Құлыншақ та жақсы бейілмен қостап, бірге бата қылысты. Абай еш нәрсе айтпады. Тек қана үлкендерге еріп бата қылып:

– Рақмет! Батаңызға рақмет! Дегеніңіз келсін, Байсал аға! – деді. Осыдан соң үй ішімен қоштасты да, Ерболды ертіп атқа мінді. Бұл уақытта Ұлжан да арбасына мініп, жүріп кеткен екен.

Абай мен Ербол желе жортып, ат жүрісіне зорға шыдап отырып, Ботақанға жетті...

Екі түн, бір күн ұйықтаған Абай осы қалың ұйқының уағында өзінің қандайлық абыройлы, атақты, жақсы жігіт атымен оянғанын білген жоқ еді.

\* \* \*

Осы кезде ел жайлаудан қайтып, ауыл-ауылдың аралары қашықтап кетті...

Әке-шеше өздері ұйғарып, бұйырды да, мұны тағы да қайнына жүргізетін болды... Бұл жолы ай жарым жүріп, Ділдәні алып келді...

Осы күзге Құнанбай тағы да бір топ жанды қырына алыпты. Ендігі кезек – Құлыншақ аулынікі...

### Қияда

Абай үйленгелі бірнеше жыл болды. Ділдә түскен жылдың келесі көктемінде бұлардың үлкен баласы Ақылбай туды. Екі жыл өткенде, Күлбадан деген қыз туды. Ол бүгінде бірден асты. Қазір Абай үшінші баланың әкесі болғалы жүр...

Ең алғаш 17 жаста Абай әке болды... Алғаш Ақылбай туған күні Қалиқадай жеңгелер:

– Балалы болдың!..

– Қайырлы болсын! – десіп, күліп қамалаған болатын...

...Абай бір топ кісімен үйге ірді. Тыста боран... Үйге шұбатыла кіріп, мол аяз алып келді...

Бұл қонақтар Абайдың қазіргі уақыттағы жолдастары, жас жігіттер: Ербол, Жиренше, Асылбек және Базаралы болатын.

Орталарындағы үлкені – Базаралы. Сол төрге шығып, шешініп отыра беріп:

– Жаным-ау, мына Құдайдың күні қайтеді? ...Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау ел сорлыны! – деп, уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап, ойланып қалды...

«Жұттан аман қалар ел бар ма? Қазірде тың тұяқ тұрған кімдер?» дескен уақытта, Базаралы:

– Ат төбеліндей аз ауылдар аман болар. Ырғызбай, Көтібақ, Жігітек, Бөкенші ішінде жақсы қыстау алып, жерді мол басқан ауылдар өзір қысылған жоқ, – деді.

– Әсіресе, Ырғызбай іші аман. Қыстаулық жері сайлы. Күзден қалған пішені де бар, – деп, Ербол жаңада өзі көрген жайларын айта бастады.

Бағанадан бері үнсіз ойланып отырған Абай:

– Жалғыз Ырғызбайдың амандығы кімге медеу, кімге дәрі? – деді.

Базаралы Абайдың бұл сөзін ұнатып қалды.

– Өйтеуір, күші бардың күйі бар болады екен. Құнекең өперген жер Ырғызбайды сақтайтын көрінеді ғой!

Абай қабағын түйіп, жалт етіп Базаралыға қарап:

– Тәңір-ай, тартып алып, жетіскеннің несі сөз? Ырғызбайдың иемденіп отырғаны жер ме? Көрінеу көздің жасы емес пе?

Асылбек пен Жиренше Абайдың мынау ашық сынына қатты сүйсініп, күліп жіберді.

– Япырай, Абайжан-ай, көптің көңілінде жүрсе де, аузы бармайтын сөзін өзің айттың-ау! – деп, бағанадан бері уайыммен отырған Базаралы да жадырап қалды.

Бұл жігіттер Абайдың әр жайдан шындасып сырласатын досы есепті...

Жігіттердің осы әңгімесі аяқтала бергенде, аязды тыстан үш кісі кеп кірді. Үстері қар, сақал-мұрттары сіреу болған. Алдыңғы келген сеңсең тымақ, көне тонды, ұзын бойлы жолаушының кірпігіне шейін қырау тұрып қапты.

Бұл келген Бөкенші Дәркембай мен соның екі кедей көршісі екен...

Абай шаруасын сұраған соң, Дәркембай іркілген жоқ.

– Шырағым, Абай, қарындасқа қайырымы бар бала деп естуші ем. Сондықтан кеп отырмын. Болмаса, ана Тәкежандай десем, келмес ем...

Басыма күн туып кеп тұрмын. Мынау екі көршіммен үшеуміздің үйлерімізде жиыны 20–30-дан тұяқ бар еді. Сол азын-аулағымызбен бірге пана таба алмай ығып, бүрісіп кеп отырмыз... жерімізде қылтанақ жоқ. Қойларымыз бұралып бітті. Қазір, осы Мұсақұлға жеткенше, бес қой үсіп өлді! – деді...

Абай Дәркембайдың жайын танып отыр.

– Дұрыс кепсің! Ал жая бер!..

– ...қарағым! Бірақ жаңа кеш бата, сол Мұсақұлға зорға кеп жетіп ек. Алдымыздан Төкежан шығып, қайта құды. Қасында өлгі Жұмағұл дейтін қаныпезер бар екен. Басымызға қамшы иіреді. Кет деп жатыр...

Абай Дәркембайдың осыдан арғы сөздерін тоқтатып, тез байлау жасап, Ерболға қарап:

– Ербол, жылы киін де, атқа мін! Дәркембай, еріңдер мынаның қасына! Осы арадан азық алып кетіңдер! Ділдө, тұр! – деп, Абай келіншегіне бұйрық етіп: – Мына кісілер ашықпастай қып, ет, азық өзірлете бер! – деді. Ділдө лезде тұрып, шығып кетті...

– Тұр, Ербол! Менімен бірге жүр! – деді де, өзі шапшаң киіне бастады. Жеңіл күпі кие сап, шарт буынып, қолына қамшы алды да, есікті қатты ашып, атқып жөнелді. Ербол артынан кетті.

Қамшы алғаны үйдегілерге Абайдың атқа мінбек болғанын білдірді...

Бұл кезде Жұмағұл Дәркембайлардың елу-алпыстай аз ғана қойын шоқтай иіріп, тірсекке сабап қуып жүр... Осы кезде Абай ақырып жіберіп:

– Аш көзіңді, жауыз! – деді.

Жұмағұл Абайды тани берді...

Сонымен дәл күн шыға бере, Құнанбайдың үш қорығына қарай жан-жақтан мал шұбырды...

Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді...

Өрбір ауылдың үлкендеріне соңғы рет қайтадан соғып:

– Тоңғандарың мына тұс-тұсындағы ауылдарға барып, жылынып қайтыңдар. Бір-бір мезгіл ыстық ішіңдер. Осы қорықтарда отырған ауылдардың бәрі де ағайын ғой. Қумайды. Жасқанбаңдар!.. – деді.

Онсыз да малдары үшін Абайға алғыс айтып жатқан көрілер енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалды.

Абай осы бетінен аттан түспей, жортып отырып, үш қорықтағы бар қыстауды аралап шықты...

Таңертеңнен тыным алмаған Абайлар Жидебайға екіндіде жетті. Келсе, шешелердің үйінде Төкежан мен жорға Жұмабай тосып отыр екен. Тө-

кежан түнделетіп шауып отырып, Құнанбайға жетіп, енді Қарашоқыдан Абайға арнап бұйрық әкелген.

Абай Ұлжанның шақыртуымен үйге келді. ...Аш-арықты күтуге Абайдың шешесі кіріскен көрінеді...

Жұмабайдың айтуынша, Дәркембайды паналатқанды Құнанбай теріс депті...

Төкежан тырсиып, күйіп отыр еді. Ұрса жөнелді:

– ...Бір Дәркембай емес, қыруар елді қаптатыпсың! ...Ең өуелі мына шешелеріңді де аштан өлтірерсің, бүйте берсең!

– Шешелерімнің қамын сен жемей-ақ қой, білдің бе? Менің аналарым інде жатқан суыр емес, анау сенің Қаражан деген сараң қатының сияқты. Барын ортаға сала біледі. Халық көргенді бірге көрсе де, қабақ шытпайды... – деп, Абай Төкежанға қатты қадала қарады...

Төкежанның бұдан арғы айтайын деген жауабын Ұлжан айтқызған жоқ.

– Жә, жетті! Болды енді екеуіңнің салысуың! – деп тоқтатып қойып, өзі Жұмабайға бұрылды да:

– Сен енді қайта бер! Абай бұндағы аш-арық ағайынды шақырып қойыпты. Біз болсақ, барымызды бөле жерміз. Өзір қысталаң жоқ. Біз үшін қиналмасын ондағылар. Беріп жатқанмыз өз сыбағамыз. Баласының абыройын төкпесін, екі айтқызбасын елге! – деді.

...Абай күнұзын ат үстінде жүріп, қатты жүдеді. Қап-қара боп, тотығып кетті.

Бірақ Дәркембайларға арналған еңбегі мен бейілі текке кеткен жоқ. Елу ауылдың мың жарымдай қойы мен барлық ірі қарасы шетінен жан сақтап, аман қалды.

\* \* \*

...Күн өбден жылынды...

Зере науқасының келесі күні түнінде Ұлжан енесінен күдер үзе бастаған болатын. Абайға айтпастан, Ұлжан Қарашоқыға кісі жүргізді. Сөйтіп, түні бойы ұйықтамай күзетіп отырған келіні мен немересіне Зере таң алдында ең соңғы рет көз салды...

Дене күші бітсе де, ойы сап-сау. Тек үні өлсіз.

– Өнегем... болса... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса... құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па? Қайтейін!.. Енді қайтейін!.. Бүгін мынау әлім біткен шағымда, не дәме етесің екеуің!.. – деді. Осы сөздерін көп қиналып, ұзақ айтып еді.

Сөйлету зорлық сияқты. Бірдемені айту да орынсыз. Абай екі қолын төсіне қойып, әжесіне тағзым етті де, басын иді. Өзінше: «Бар жүрегімнің құрметі, өулиедей ана, саған арналған» дегені. Сөйтіп, аз отырды да, әжесінің екі қолын ұстап, кішкентай алақандарына бетін басты. Иіскеп сүйіп отырғанда, бірнеше ыстық тамшылар да сол әлсіз жүдеу алақандарға тамып еді.

Әжесі тағы да сыбырлап:

– Қарағым... жалғыз қарашығым! – деп, Ұлжан жаққа қарады да, – анаңды күт! – деді.

Осыдан кейін тағы бір толастан соң:

– Ішімнен шыққан жалғыз еді ғой... Жалғызға топырағым бұйырсын! – деді. Бұл сөзді, тіпті, ап-анық айтты да, қайтып үндеген жоқ... Жаңағы айтқаны Құнанбай екенін Абай лезде түсінді. Сол сөзді бастай бергенде, Ұлжан басын изеп: «Тыныш болыңыз, орындаймыз» дегендей белгі еткен.

Қадірлі ана осы таңға жетпей, қайтыс болды...

Осы таңертеңде Қарашоқыдағы, Шыңғыстағы көп туысқан да кеп жетті. Алдымен келген Құнанбай, Күнкелер болатын. Қалған Ырғызбай да осы күні түске шейін түгел келді...

Құнанбай мен Күнкелер Зеренің жетісіне шейін Жидебайда қалды...

Абай... Бұл күнде ешкіммен сөйлескісі де келген жоқ. Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, Құран аударуға кірісті. Анасының аруағына арнайтын дағдылы Құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқитын болды.

Бір жұма бойы сол Құранды екі аударып шықты...

Абай анасына сауап болсын деп, Құранды өзгеше ықыласпен, асықпай, соншалық мүлгіп, мінажат қып оқиды. Құранның кейбір парасының үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз, жасырын ойлар да ойлайды.

Онысы – әжесінің адамшылық, аналық қасиеттерін жоқтау еді. Өз ішіндегі адал алғысын бағыштау да дұғалық, тілек есепті көрінетін...

Зеренің жетісі толып, Құран хатым болған соң, Құнанбайлар қайтып кетті...

\* \* \*

Ел ішіне сайлау келді деген хабар шығып еді. Жидебайда жатқан Абайға Құнанбайдан шақырту келді.

...Қарашоқыдағы қыстауға келген соң, Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақсы көретін туысқаны – Құ-



дайберді көптен бері науқас болатын. Алдымен соған амандасып, жайын білмек...

Құдайберді Абайдың қолын ұстап, қысып, сипап жатып:

– Жақсы келдің ғой! – деді.

Аурудың жүдеу қолын інісі қос қолымен ұстап, өзіне таман тартып кеп, жүрегіне басты. Екеуінде де үн жоқ... Бірталайдан соң Құдайберді өлсіз ғана үн қатты:

– Өкеңе кірдің бе? – деп еді.

– Өлі барғам жоқ. Өуелі сізге келдім!

Осы уақытта Абай келді дегенді естіп, қарсы үйден үш бала келіп, сәлем берді. Үшеуі де Құдайбердінің балалары. Үлкені – он бір-он екідегі Шөке, екіншісі – сегіз жасар Шұбар, үшінші – бұл екеуінен де кішірек, тоқалдың баласы – Нұртаза.

Балалардың бәрін де Абай қасына шақырып алып, беттерінен сүйді... Құдайберді Абайға үйірілген өз балаларын көріп, қобалжып кетіп, бетін ірге жаққа бұрды.

Абай осы қозғалысты байқап, балаларды аз алдандырды да, үйден қайта ұзатып салды. Науқастың қасына тағы кеп отырды.

Құдайберді есікке көзімен нұсқап:

– Адам бола ма?.. Болар ма? Інілерің, міне. Кім боларын... не көрерін қайдан... білейін? – деді. Қоштасып жатқан сияқты.

Інісінің көзінен екі-үш тамшы жас ақты. Даусы да дірілдеп, жылағандай шықты.

– Қарыздары мен болармын, Бөке! Өл-шамамның жеткенінше, қойным менен мойнымда өсірермін!..

Құдайберді енді басқа сөзге ауысты да, екеуі жай ғана өңгімелесіп кетті.

– Өкеңнің сені неге шақырғанын білемісің, Абай?

– Жоқ, Бөке, әзір білгем жоқ.

– Ендеше бүгін сайлаушы төре кепті. Өкем Жақып аулына түсіріпті. Мына жаңа орын – «болыс» деген бар дейді. Соған сені сайламақ. Ұқтың ба? Не дейсің бұған?

– Өзіңіз не дейсіз? Маған не ақыл айтар едіңіз?

– Менің тілімді алсаң, – Құдайберді біраз ойланды да, – болма! Ұлықтық қасиет емес екен. Көзіміз жетті ғой. Бектік бұзады екен және түбінен қайыр шықпайды, қарғыс шығады екен. Жас өміріңді зая қылма!

Абай өз жауабын ойлаған да жоқ.

– Айтқаныңыздың бәрі шын, Бөке!

– Тіленіп жүрген көрінеді ғой әкесінен. Анау Төкежан-ақ боп, қарық босын! – деп, Құдайберді тоқтап қалды.

Бұл кеште, ел жатқанша, Абай ағасының қасынан кеткен жоқ. Науқастың тілегі бойынша домбыра алғызып, көп-көп күйлер тартып отырды....

Құдайбердінің сөзі рас. Құнанбай Абайды болыс сайламақ болатын. Сайлаушы төре келіп, кешелер Құнанбаймен көп сөйлескен болатын. Жаңа болыс туралы мұның айтқанынан шығатын емес. «Жаңа закон, жаңа сайлау болады» дегеннен бері Құнанбай өзі енді ұлық болудан тоқталмақ...

Қайта болыс болмай сыртырақ отырса, бар Тобықтыға өз өмірі молырақ жүрмек. Ол – бір.

Екіншіден, ел арасы бүгін қиындап барады. Мынау Балағаздар сияқты тынышсыздық шықты. Онымен алысу керек... оларға қолы батыл тиетін жасты салу керек... Билікті соларға артып, ақылы мен өмірін өзі тыныш отырып жүргізеді.

Үшінші, Құнанбайдың жасы болса да, жетпіске тақап қалды. Енді ержеткен баланың ішінен өз орнына кісі қамдайтын мезгіл жетті.

Осының бәрін іштей ойлап, таразыға салып келіп, жаңа болыстыққа Абайды лайықтаған. Оның да бір есебі бар.

Абай өке тәрбиесінен сыртқары кетті. Қайта бар мінез, бар жүрісі оны Құнанбайдың қасында отырған қатал сыншысы етіп барады. Соңғы жылдар, өсіресе, солай боп келеді...

Өкесі тұрып, шай ішіп болған кезде Абай келді. ...Төкежан Абайдан бұрын келіпті. ...Құнанбай екі баласынан басқа кісіні үйден шығарды да, сөзге кірісті...

Айтқан сөзінің бәрі де Абайға арналған сияқты. Өзінің қартайғанын айтты. Жақсы-жаман өмірді алыс-жұлыспен өткізгенін ескертті... Өкенің ұйғарғаны – Абай. Соның болуын мақұл көреді.

Құнанбайдың көптен бері Абайға ұзақ сөз қатқаны осы.

Абай ойланған кісі сияқтанып, аз үндемей отырып барып, ақырында, тамағын қырнап алды да:

– Өке, сенгеніңізге рақмет! Ендігі міндетті бізге артқаныңыз орынды. Арқа-басыңызды бұдан былайғы ауыртпалықтан босату керек. Тыныштық өмір тілейтін кезіңіз болды. Жалғыз-ақ жаңағы сөзіңіз маған айтылса, мен өзім болыстық, ұлықтықтан бас тартам. Мезіретім емес. Өрі ағалық жолы бар, ебі де бар, ұсынған орныңызға мына Төкежан лайық. Осы болсын! – деді.

Абай осы соңғы сөздерін айта беріп, Төкежанға көз тастады. Молда пішін, мүләйім боп отырса да, Төкежан қып-қызыл боп қуанып кетті... Құнанбай Абайға қайта-қайта қадалды. Болмайтын себебін екі қайтара сұрады.

Абай бір рет қысқа қайырып, «Бола алмаймын» деген еді. Бірақ әкесі екінші рет салмақ салғанда, молырақ дәлел айтты. Халықты билеу үшін адам өзі кәмелетке жету керек. Оған Абай өзін өзірмін дей алмайды...

Құнанбай бұл тұсқа келгенде, шұғыл өзгеріп, тез тайқып шықты. Сол арада Төкежанға бұйрық етті. Ол баласы оп-оңай «құп» деді.

...Ұлық болысымен, ең алдымен, өмірін елге танытпақ болған Төкежан бар күшін Балағаздарға салыпты...

Төкежанның әскер әкелгенінен Абай жиренген болатын. Қалың елді өректікпен сотқар қылықтарын Жидебайға келуші жұрттан есітіп, Абай атқа мінген-ді.

Мұсақұлға келсе, Базаралы да сонда екен...

Абай Төкежанның терістігін айтып, сөйлесіп көрмек еді. Ағасы: «Араласпа, килікпе» деп қатты серіпті. Осы кеңседе отырып, Абай бүгін өзірленіп жатқан қағаздарды байқады.

Барлық мөр, пірғауар, қол мен таңбалар Жігітек жігіттерінің сорына өзірленіп жатыр екен...

\* \* \*

Абай мен Ербол қалаға кеп жатқалы бірталай күн өтті. Құнанбай балалары қалаға келсе, Тінібек байдың үйінде жатушы еді. Семейге Абайдан бұрын келген Төкежан сол құданың үйіне түскен екен. Қасында Майбасар мен тілмаш, атшабарлары бар. Қоршап жүрген топыры көп. Соны көріп Абай мен Ербол Семей қаласының өз ішінен пәтер алды...

Жігітек адамдарының ісіне Абай Семейге келісімен белсене кірісті...

Төкежан да есік-тесікті көп білмейді. Онысы Абайға мәлім. Бірақ оған кіріс-шығысты оңайлататын кісі – Тінібек. Абай жақын арада сол Тінібекке кісі салып:

– Төкежан Құнанбай баласы болса, менің де жөнім сол. Біздің болыс осы жолы абырой алатын, жақсы ат табатын іспен келіп отырған жоқ. Өзін де, әкесін де жаманатқа ұшыратып, қарғыс алатын іске басты. Тінібек орынды кезде болысқан. Бірақ дәл бұл жолы жалған намыс дегенді айтып, ағайынның обалына қалғалы отырған Төкежанға болыспасын! Шын достық ойласа, қайта тыюға себепші болсын! – деген.

Мұнысы – Төкежан жағын әлсіретем деген іс... Осымен қатар Абай істеткен бір жұмыс – адвокат жалдау. Облыстың үлкен адвокаты Ақбас қазірде Балағаздардың ісін алып, жоқтаушылардан арыздар жиып, соны өзі өңдеп жазып, тиісті жерлерге беттетіп жатқан.

Абай мен Ербол Ертіс жағасындағы жалғыз қабат тас үйдің терезесінің алдына келіп тоқтады да, ішке кірді.

Ақбасты бұлардың алғаш көргені осы. Бет ажарында оншалық көрілік белгісі болмаса да, шашы аппақ, сақал-мұрты бурыл кісі екен. Бойы зор, бас бітімі ірі келген, келбетті. Түсі ойлы кісідей салқын...

Бұл үйде Ақбастан басқа қара мұрт, таңқы мұрын тілмаш отыр екен...

Ақбасқа Абай арыз ұсынды. Ерболмен екеуі қол қойып, Жігітек кісілерін ақтаған екен. Бұлардың, өсіресе, арашалайтыны – Базаралы, Қаумен, Үркімбай сияқты жандар.

Тілмаш арыз жайын айтып болған соң, Ақбас Абайдың аты-жөнін сұрады. Жас жігіт өзін Құнанбаевпын дегенде, адвокат жалт қарап, таңданыңқырады да, алдыңғы арыздарды қолына алып, бірдемені іздей бастады.

Оны таңдандырған нәрсе, болыс пен бұл жігіттің ортақ фамилиясы. Осы жөнін айыра сұрап кеп, Абайдың Төкежан болыспен туысқан екенін білгенде, адвокат, өсіресе, таңырқай түсті.

– Сенің туысқаның бұларды қуып отырса, сен кеп, ақтайсың да қорғайсың! Бұл қалай? – деді.

Абай тілмаштан ұғынды да:

– Рас, болыс – менің бірге туған ағам. Сондай жақын кісі болғандықтан, қасында отырып, жаман істерін анық көріп, толық таныдым... Ұлық та емеспін, ақы алған қуғыншы да емеспін. Жауапкер Қауменовпен бірде-бір ілік жалғасым да жоқ. Мына жолдасым Ербол да солай... Егер ұлықтар, соттар барлық істің хақиқатын білем десе, осы біз сияқты көлденең, қалыс ағайыннан шындықты сұрау қажет деп білеміз... – деді.

Бүгінгі шаруаның үлкені – осы. Абай сөздерін Ақбас жақсы ұғынды.

Ұғынды да, Абайдың жүзіне ырза боп қарады...

Жаңағы арыз жөнінен Ақбас берген бірнеше сұрауларға жауап айтып болды да, Абай тағы кітаптарға қадалды. Қайран боп, сүйсініп отырып:

– Шіркін, жасау мен жиһаз асылы мынау екен ғой. Жарастық қандай, қасиет қандай! – деді.

Тілмаш Ақбасқа Абай сөздерін аударып берді.

Осы уақытта Абайдың көзі жақын жердегі жақсы мұқабалы бір топ кітапқа түсті.

– Мынау закон кітабы ма екен? Не жайдағы кітаптар екен, ө?.. – деп, ойлана сөйледі. Ол кітаптар Пушкиннің томдары еді...

Осыдан кейін Ақбас пен Абайдың кездесулері көп болды...

Төкежандар тың адамдарды тоғытып жатқанмен, істің беті адвокат кіріскелі дұрыстыққа қарай ойыса бастады...

Жігітек сүйінші тілеп, кісі шаптырып жатты.

Төкежан осы хабарды білісімен, Абайға кісі салып: «Тыйылсын, бұл қай қастығы?!» деп ашу айтқан екен. Абай:

– Біз ата-ананың алдында туысқан болысуға жарасақ, со да жетер. Мынандай ажал аузына, қыл көпірдің үстіне ел-жұртты өзі айдап келген соң, менен жөн сұрамасын!.. – деген.

Осы жауабын келтіріп, тағы да көп шағым айтып, Төкежан Құнанбайға кісі шаптырып еді. Өкесі Абайға: «Тез қайтсын! Болыс болмаймын деген өзі болатын. Енді Төкежанды ақсатпасын! Аяғын тартсын!» деп сәлем айтты.

Бірақ бұл сәлем Абайдың барлық істі аяқтап қалған кезінде келді. Тоқтата алған жоқ...

Ақбас пен Абайлар барды салып жүріп, көп жеңілдік тапты. Балағаздар каторгаға бармайды. Үркітке жер аударылатын болды...

Абай енді елге қайтпақ еді. Соңғы рет Ақбаспен көріскелі келгенде, қарт адвокат Абайға ақыл айтты:

– Сен жас болсаң да, ақылды адамсың. Халқыңа жаның ашиды екен... Оның зор қасиет. Бірақ сол елің мен өзіңнің қамыңды шын ойласаң, білім жарығына ұмтыл! Оқу ізде! – деді.

Бұл сөздер Абайдың өз арманының дәл үстінен түскен сөздер.

– Оқуға жаным құмар. Бірақ қайтіп оқимын? Школға түсуге ұлғайып кеттім... Басқа оқудың жолы бар ма? Ақыл айтыңызшы! – деген.

Адвокат көп мәслихат берді. Ең өуелі үлкейгендік бөгет емес екенін айтты. Жасы қырыққа келіп те, білім іздеп, өз-өзінен ізденіп, ғалым болып шыққан кісілер бар екен. Солардың аттарын атады. Және оқуды школға түспей, оқуға болатынын да айтты...

Жидебайға келген соң, Абай көп бөгелген жоқ. Ділдө мен шешесінің рұқсатын оңай алды...

Бұл шақтарда недәуір қартайып қалған Ұлжан баласының жүзінен көз алмай, көп қарады...

– Заман сенікі, майдан сенікі. Соларыңның балуаны бол. Қай жолмен жүрсең, мұратың орындалады. Оны енді бізден де өзің артық танитын болдың. ...Жолың болсын! – деді.

Абай анасын бала күндегідей құшақтады да, үндемей қоштасты. Ербол екеуі тысқа шығып, атқа мінерде, барлық ауыл ере шыққан. Дәл жөнелер кезде Ұлжан ат үстінде тұрған Абайды өзіне қарай шақыртып алып:

– Абайжан, Тойғұлының аулына бара кет. Өкелерің құда түсе кетіпті. Осы ауыл тегіс барсын деген екен. Мен қайдан сүйретіліп жүрейін. Бі-

рақ сен бармасаң, тағы да бізге ренжиді. Жолшыбай аз аялдап, кете берерсің! – деді...

Тойғұлы – Мамай руының үлкен байы... Қыз алатын Құнанбай жағы. Енді құда түспекке, қонақ боп қайтпаққа, сол Тойғұлы аулына Құнанбайлар барыпты.

Абай мен Ербол да келді...

Үлкендердің әңгімесі әр саққа соғып кеп, бір кезде заман мен заман арасын салғастыруға ауысты. Қаратай өздерінің жас кезін айтып, әкелер заманын еске алып кеп, бүгінгі заманның азғанын, бүгінгі адамның құнарсыз боп, жұтаң тартып бара жатқанын айтты.

Абай осы тұста мырс беріп күлді де, қиғаш сөйледі:

– Бұрынғы заманның жақсылығы со ма, қатар отырған бір туысқан елдер бірін-бірі шауып, шаншып, сойқаннан арылмаушы еді... Алып кетеді, жұлып кетеді деп, ылғи ғана жасанып жүруші едіңдер... Сол заман да жақсы ма екен? – деген.

...Аздан соң ет желінді. Абай мен Ербол енді жүрмек боп, киіне бастады. Құнанбай да тысқа шықты.

Шығысымен Абайды шақырып алды да, жақын жердегі тастақ төбешікке кеп отырды. Әке мен бала оңаша. Көптен бергі бетпе-бет кездесулері осы.

Құнанбай салқын жүзбен, кінәлай қарады:

– Сен оқыдың да, білім алдың, ұстаз көрдің. Біз надан өстік. Бірақ сол білімің жұрт алдында ата сыйлауды неге білдірмейді саған? Көп көзінше таласып кеп, өкенді сүрінткенде, не мұратқа жетпексің?

Әкесі жеңілгенін біліпті...

Осымен сөз біткен шығар деп ойлады. Бірақ әкесінің тағы да бір айтпағы бар екен. Ол азырақ бөгеліп отырды да, қайта сөйледі.

– Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда! – деді.

Абай:

– Айтыңыз, әке! – деп, Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

– Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың... Екінші, дос пен қасты сараптамайсың... Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.

Бұл сөздердің түкпірін Абай оңай таныды. Жас жігіттің өз жүрегіндегі нәрім мен барым деп жүргендеріне шабуыл жасалып отыр...

Бұл тұста өкесін аяп қала алмайды. Сөйлеп кетті:

– Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, өке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, көрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ...Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста.... – деді.

Құнанбай тыңдап болды да, күрсініп қойды... Сөз осымен біткен еді. Абай қоштасты да, жүріп кетті...

Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Көз алдынан өзі шегіп өткен жылдардың бірталай күйлері шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманьынан, бел-белесінен өтіпті. Бір шақта өрге басып, енді, міне, қияға қарай да өрлеп келе жатқан тәрізді... Қияға қадам басқаны рас...

*(Бірінші кітаптың соңы)*



## СӨЗДІК

**Әнтек** – болар-болмас, сәл ғана.

**Әмісе** – әрқашан, әрдайым, ылғи да.

**Бейгүнаһ** – бейкүнә.

**Биқасап** – жібектен тоқылған еңсіз мата.

**Затон** – 1) кемелер тұратын және оларды жөндейтін орын; 2) көлдің, өзеннің, теңіздің ағыны баяу жері, шығанақ қойнауы; 3) шығанақ жүкшілері тұратын жер; жұмысшылар поселкесі.

**Келеге салу** – келе – 1) жылқы үйірі сияқты бір топ түйе, бір қора інген; 2) ауыспалы мағынада: ел арасы, көпшілік ортасы; 3) ортаға ақыл салу.

**Классика** – үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы. Классик жазушы деп өз заманының алдыңғы қатарлы идеяларымен рухтанған, көркемдік қасиеттері жоғары, бүкілхалықтық ілтипатқа бөленген шығармалардың авторы ғана мойындалады. Ал классикалық әдебиет халық санасында көркем шеберлікпен көркем бейнелер жасауымен танылады.

**Көрпіс** (*орыс*) – корпус – 1) кемені, аппараттың сыртқы қабы; 2) белгілі бір алқапқа орналасқан үлкен үйлердің бірі.

**Құран хатым** – қайтыс болған адамның аруағына арнап, Құраннан аят оқу.

**Мезіретім** – ықылас білдіру, ілтитап көрсету ишараты.

**Пұшпақ** – 1) малдың, аңның терісі; 2) белгілі бір кеңістіктің, мекеннің, көшенің бір шеті, бөлігі; 3) әңгіменің бір шеті.

**Піргауар** (*орыс*) – переговоры – келіссөз жүргізу.

**Шағи** – жұқа жұмсақ; таза тінді жібек мата.

### **Адам аттары:**

**Базаралы Қауменұлы** (1833–1887) – «Абай жолындағы» типтендірілген кейіпкерлерінің бірі. Бірақ өмірдегі Базаралы мен кейіпкер Базаралының арасында айырмашылық бар. Ол өмірде Абаймен жауласып өткен, ал романда ақынның ең жақын сыйлас, сырлас, мұраттас дос ретінде сомдалған.

Жазушы елге барып, романға қажетті деректер жинағанда, Базаралы туралы: «Дәл Кенесары сықылды, бойшаң, өте сұлу, тентек, қалжыңқой» деп суреттелген. Сөзге шешен, тапқырлығы да айтылған. Романға кейіпкер етіп алынуына да ел аңыздарының әсері болған (*Талат Әкімов*).

**Дәрмен** – жазушының кейіпкері, өмірде болмаған адам. Жазушының шығармасына көркемдік шешім үшін қажет болған типтік жиынтық бейне. Бірақ жазушы Дәрмен үшін Қодардың немересі Қиясбай Көгедайұлы мен Шәкәрімнің тағдырын негіз етіп алған.

Ал «Абай жолының» үшінші және төртінші кітаптарындағы Дәрмен бастан кешетін оқиғалар Шәкәрім Құдайбердіұлының тағдырынан алынған. Кеңес заманында Шәкәрім туралы айтуға тыйым салынған, сол себепті Дәрмен бейнесі тарихи шындыққа негізделген типтік образдардың қатарына жатады (*Тұрсын Жұртбай*).

**Ербол Көмекбайұлы** (1843–1884) – Абай Құнанбайұлының досы, Бөкенші руынан. Ол сөзге жүйрік, өнерлі, билік істерге де араласқан. Абай екеуі Сүйіндік ауылында танысқан, олардың достасуына Тоғжамен екі арадағы дәнекерлік қызметі себеп болған. Олардың достығы өмірлерінің соңына дейін жалғасқан. Тек болыс сайлайтын кез Ербол Оспанды емес, Бөкенші руынан Күнту Шоңқаұлын өткізуді ұйымдастырғаны Абайдың жанына қатты батқан (*Талат Әкімов*).

**Жиренше Шоңқаұлы** (1843–1905) – жазушының ел арасынан жинаған аңыздарда оның шешендігі, күлегештігі, қалжыңқойлығы айтылған. Алдағы біліп отыратын шеберлігі де бар екен. Абай Құнанбайұлы болыс болған кезінде талай салмақты, қиын істерге Жиреншені жұмсаған. Өмірдегі Жиренше мен романдағы Жиренше арасында алшақтық байқалмайды.



**Оразбай Аққұлұлы** (1837–1911) – Абайдың замандасы. Көп жылдар Абаймен жақсы қарым-қатынаста болған. Кейін Қадиша қызға байланысты дауға байланысты екеуінің арасы суысып, үлкен жаулыққа ұласқан. Романда оның бейнесі әсіреленбей, деректер негізінде берілген.

**Шұбар** – көп адамдар «Абай жолындағы» Шұбарды Шәкәрім Құдайбердиевтің прототипі деп ойлайды. Негізінде, олай емес. кейбір іс-әрекеттері ұқсас келгенімен, Шұбар жалпы ойдан шығарылған жиынтық, әдеби бейне. Жазушыға ақын туысқандарының ішінен Шұбар сияқты бір бейне керек болған. М.Әуезов Шәкәрім Құдайбердиевтің бүкіл жақсы қасиеттерін Дәрмен бейнесіне жинақтап көрсеткен (*Талат Әкімов*).



## Назар аудар!

«Абай жолының» 1-кітабындағы барлық тараулар бойынша тапсырмалар



1. Мұхтар Әуезов туралы не білесіңдер? Ол кім? Оның қай туындыларын оқыдыңдар? Драматург ретінде М.Әуезовтің қай пьесаларын білесіңдер? Өздерің тұратын мекендегі театрда оның қай шығармаларын тамашаладыңдар?
2. Өздерің тұратын мекенде Мұхтар Әуезов есімімен аталған қандай фирматтар бар?



1. «Абай жолы» романы не себепті эпопея деп аталған? Сендер «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесін, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» роман-хроникасындағы «Қаһар» романын оқыдыңдар. Бұлар үш туынды да роман жанрына тиесілі, сонда олардың эссе, хроника, эпопея деп жіктелуінің себебі неде? Эпопея сөзін қалай түсінесіңдер?
2. Абай Құнанбайұлы кездескен ақындар кімдер? Шәкәрім Құдайбердіұлының Абайға туыстық қатысы қандай?
3. Этнография деген не? Романдағы суреттелетін көштер этнографияға жата ма? Салтанатты көш қалай бейнеленген? Ол салтанат қандай жағдайда жасалатын еді? Ал қаралы көш деген не?
4. Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында жоқтау айтқан кім еді? Ал «Абай жолында» кім жоқтау айтты? Бұлан нені байқауға болады?



1. Роман-эпопеядағы әр тарауды оқыған кезде жер-су атауларына мән беріңдер. Дәптерлеріңе маңызды мәліметтерді жазып жүріңдер.
2. Шығарманы оқи отырып, кейіпкерлерді тізімдеңдер. Сөздікте адам аттары бойынша берілген анықтаманы пайдаланып, жазушының кейіпкер таңдаудағы және оларды сомдаудағы тәсіліне мән беріңдер.
3. Тарауларды оқи отырып, өздерің түсінбеген сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтеме бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар. <https://kazakh.academic.ru/>  
Олардың арасында көркемдік құрал ретіндегі сөздер болуы мүмкін екендігіне де мән беріңдер.
4. Бірінші кітаптағы тараулардың атауларына мән беріңдер. Бірінші кітапты түгел оқып болған соң, әр тараудың атауларын сызба түрінде қалай көрсетуге болатынын ойлаңдар. Мәселен, сызбаның бастау нүктесі ретінде «Қайтқанда» деп алып, бұл тарауды сипаттайтын бір сөз немесе сөйлем жазыңдар. «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», т.б. тарау аттарын сызба арқылы қалай жеткізуге болар еді?
5. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі жазушының айтар ойы, шешімнің қалай жасалғанын еске түсіріңдер. Ал «Абай жолының» бірінші кітабындағы Абай бейнесін мінездеуі қалай жүзеге асырылған? Екі туынды бойынша салыстыру жасап, жазушы ұстанатын ортақ сипатты анықтаңдар.
2. Роман-эпопеядағы тартыс қалай суреттелген? Бала Абай (10–12 жас) және әке санасатын Абай (24 жас) деңгейдегі кейіпкердің өсу жолына, азаматтық қалыптасу, кейіпкер ретіндегі тұлғалану үдерісіне назар аударыңдар. Роман сюжетіндегі оқиғаның шиеленісу, шешімін табу қалай жасалғанына мән беріңдер.
3. Шығарманың әр тарауы бойынша оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

- Шығармада қандай өмір шындығы суреттелген? Кейіпкерлердің жүйесін жинақтау және даралау арқылы өмір шындығын талдаңдар.
- Абайдың достары қандай адамдар? Бұл сұраққа романдан тура жауап алуға бола ма?
- Типтік жиынтық бейнелер деп қай кейіпкерлерді айтуға болады?
- Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.
- Романда Абай ақынның сатирасы қай оқиғаға байланысты көрінеді?
- Шығармадағы бас кейіпкердің әкесі Құнанбаймен, бауырлары Төкежан мен Оспан арасындағы диалогтарға мән беріңдер. Абай тарапынан айтылатын сөздердің көркемдік ерекшелігін талдаңдар.
- «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелетін мекендердің атауларын жазып жүріңдер. Ол жерлерге қатысты оқиғаларға талдау жасаңдар.



- Шығарманың тақырыбы, идеялық мазмұны нені көрсетеді?
- Роман бойынша автор идеясын дәйектейтін үш дәйексөз табыңдар.
- Жазушының фразеологизмдерді, диалог пен монологты қолдануындағы ерекшелікті анықтаңдар.



- «Абай – жастарға үлгі» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
- Шетел жазушыларының «Абай жолы» роман-эпопеясына қатысты ой-пікірлері негізінде әдеби эссе жазыңдар.



1. Ғабитхан мынау көрген күйіне шыдай алмай:  
– Ей, мазлұма! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүнаһ мазлұма! – деп, жылап жіберді.  
**Сұрақ:** Жазушы өз романын қазақ тілінде жазды, бірақ не себепті мазлұма, бейгүнаһ деген бөтен тілдің сөздерін қосқан?  
а) әсерлі оқылуы үшін  
б) қызық көріп жазған  
с) Ғабитхан – өзге ұлттың өкілі, сол себепті оның өз тілін қолдану керек
2. Өзі айтқан «Құнанбайдың бөлтірігі» – Абай екен.  
**Сұрақ:** «Құнанбайдың бөлтірігі» деген нені білдіреді?  
а) жек көріп айтқаны  
б) күшігі дегені  
с) қасқырдың баласы сияқты күшті бала дегені
3. «– Біз ата-ананың алдында туысқан болысуға жарасақ, со да жетер. Мынандай ажал аузына, қыл көпірдің үстіне ел-жұртты өзі айдап келген соң, менен жөн сұрамасын!.. – деген».  
**Сұрақ:** «Ажал аузы» деген нені білдіреді?  
а) өмірі қиыла жаздады, өлімнен қалды деген мғынаны білдіретін метафора  
б) әдемі сөз сияқты қолданған  
с) архаизм ретінде қолданған



1. М.Әуезовке арналған хабарларды тауып, сыныпта ой бөлісу ұйымдастырыңдар.
2. Мына сілтеме бойынша «Құнанбай» фильмін тамашалаңдар. Режиссері: Досхан Жолжақсынов. <https://ok.ru/video/10433398215>

### Қосымша оқу үшін

1. Жұртбай Т. Құнанбай. Тарихи және әдеби тұлға. – Алматы, «Алаш», 2004.
2. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы. Роман. – Алматы, «Әл-Фараби», 1999.

## АБАЙ ЖОЛЫ<sup>1</sup>

(Роман-эпопея. Жалғасы. Ықшамдалған)

### Тайғақта

Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ өлі талған жоқ. Өлі де кітап бетіне үңілуде. Үлкен үстел үстінде шалқасынан ашылып жатқан кітап бір емес, әлденеше. Өр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан гөрі де өлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа... Бұл кітаптардан алған хабардың бәрі қазір аттанатын жолаушы үшін керек...

Сүртініп, демігін жаңа ғана басқан Ұлжан Абай отырған биік үстелге көз салып, баласының жайын түсінді де:

– Абайжан, осы сен түні бойы ұйықтамағанбысың? – деп, баласының бетіне қарады. Абайдың өңі ақшыл тартып сұрланып, екі көзі қызарып тұр еді.

– Жоқ, түн ортасында көз шырымын алдым ғой! – деді...

Ұлжан: «Кітаптан жүргіншілердің қай жолмен жүретінін анық білуге бола ма екен?» – деп сұрастырып еді. Абай «Айқын қара жолдай болмаса да, сол атаған жерге жеткізетін көш соқпағын» аңғарғанын айтты. Және осы күндерде кітап жүзінен аса жақсы қанып, танысып алған бір жай туралы шешесіне:

– Ал анау үлкен жеріңіз туралы, бармасам да, барғанға жуық қанық болдым! – деді. Бұл бір жаңа тапқан олжасы төрізді.

Ұлжан жолдың ұзақ болатынын өбден білетін... Енді шай үстінде Абайдан осы жолдың бейнеті, қауіп-қатері, ауыртпалығы қандай екенін сұрастырды. Үйде бөтен кісі жоқ. Абай өзі білген шындықты шешесінен жасыруды еш уақытта қажет, мүмкін деп білмейтін. Мәкіш те Абайдан осы жөнінен жауап естімекке ынтық сияқты. Ол шешесінің сұрауымен қатар:

– Бәсе, соны айтшы, қалқам Абай! – деп, қабағын түйіп, қызара түсіп, өз көңілінің ауыр бір уайымын сездірді...

Апасының қатты қиналғанын көріп, Абай үндемей, тоқтап қалды.

<sup>1</sup> Өуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2014. – 432 бет.

Ұлжанның да кеудесі толы уайым еді. Бүгін ғана емес, көптен солай. Ері осы сапарға бекініп, жүрер мезгілін осы көктемге байлағаннан бері көп күрсінетін. Ауылдан өзге әйелдерді ертпей, Ұлжанның өзіне ғана сүйеніп, «Шығарып салуға сен жүр», – деп, Семейге қарай шыққалы Ұлжан өзі де барлық тілек, жүрегімен Құнанбайдың жолында болатын...

Мынау жолға жылап ұзататын, бостығын бүркей алмайтын кісілер керек емес...

Ұлжан Мөкішпен екеуіне:

– Өкең балам жасық екен деп аттанбасын! – деді.

Абай үндемей тұра беріп еді, есік ашылды да, Тәкежан мен Ғабитхан есікке жіті басып келе беріп, Құнанбайдың келе жатқанын білдірді...

Бұл жолға Құнанбай бір жыл бұрын бекінген болатын. Бекінумен бірге былтырғы көктемнен бері қарай, жаз бойы, күз, соғым кездері болсын, бөріңде қайта-қайта мал сатқызып, ақша жиып, әзірленіп келген...

Құнанбай өмір бойында сараңдықтың құлы болған кісі емес. Бірақ ашылып-шашылғыш та емес. Парықсыз болмайын дейтін. Қарқаралыда қазақ салмаған мешіт салғызу сияқты іс болса, оған ақтарылып түсетін.

...Құнанбай осы жолға өзі баратын ниетті Ызғұттыға да ниет етіп, оны қасына жолдас еткен... Тыстан келген соң, Құнанбай аз уақыт үндемей отырып, шай ішіп, ыстық самса жеп, тоңазыған ет жеп, тойып алды.

Дастарқан басына отырмаса да, бұл үйге кіріп, Құнанбайдың жүрер алдында қасында отырып қалғысы келген жақындар біртіндеп кіре түсіп, көбейіп келе жатыр...

Мөкішке тағы бір рет көз тастап, ойлана түсті де, Құнанбай үн қатты:

– Ей, менің балаларым, дос-жарым, іні-туғаным! – деп, ойлы, салқын көзбен айнала жұртты шолып өтті... Құнанбай кеудесін көтеріңкіреп, қарсы алдына жалғыз көзін салмақпен қадай отырып, сөйлеп кетті: – Сендер мені осы сапарға қимайтын сияқтанасындар. «Қартайған шағында қайда шырқап барады, қайта оралып көрмейміз-ау, кеткені-ау» деп, есіркеп қарайсындар!» дегенде, үй ішінен әркімнің көзінен ірке алмаған жас көрді. Мөкіш бастап еді, Жақып, Тәкежан да жасып отыр. Құнанбай бұларды енді елеген жоқ. – Осыларың мынау жолға мені қимау емес, маған осы жолды қимау болады. ...бұл сапар менің ендігі қалған тірлігімнің мұраты. ...Ал енді бізді аттандырудың қамына кірісіңдер! – деді.

Ызғұттыға қарап, «Қамына кіріс» дегендей белгі етті. Ол орнынан тұра бергенде, Тәкежан, Ғабитхан, Оспан сияқты жастың бөрі ілесе тұрды. Абай да әке қасынан тұруға ыңғайланып еді, Құнанбай бұны тізесінен алақанымен ақырын басты да:

– Жә, тапқаның мен танығаныңды сен мәлім етші, балам! – деді.

Абай қалтасынан сиямен жазылған бірталай мол қағазды шығарып, Ызғұттыға көз салып:

– Менің тапқаным бәрі осы қағазда. Ызғұтты аға, осыны жаныңда сақтағайсың! – деді...

Абай Ызғұттыға осы қағазын беріп жатқанда, Құнанбай жолдағы үлкен шаһарлардың атын тағы бір рет қайта сұрады... Әкесіне күнбе-күн оқып білген дерегін бүгін ғана емес, бұдан бұрын да айтқан-ды. Жолдағы елдердің өзгеше тірліктерін, географиялық жағдайларын, кәсіп, шаруа салттарын көп-көп әңгімелеген болатын. Құнанбай оның бәрін тыңдай отырып, Абайға іштей ырза боп еді.

Талай уақыттар ұғыспай, көңіл қырбайлығымен тоң-торыстау жүрсе де, осы шақта бір үлкен жұбаныш тапқандай боп бара жатыр. Бұны Ұлжанға айтқан бір сөзінде:

– Артымда кім қалды дер болсам, тиянақ-сүйенішім жоқ емес. Жолы менің жолымнан басқа болса да, сенің балаң тірегім! Алдынан жарылғасын. Енді өз дегенін етіп-ақ көрсін. Тарпаң ақыл айтып, шаужайламаңдар! – деген болатын...

...Сонымен көктем күнінің түске жақындаған шағында, екі қабат үйдің барлық астыңғы, үстіңгі бөлмелерінен қалың жұрт ақтарылып шыға бастады. Көпшілігі қыр киімін киген ел адамдары. Бірақ солармен қатар, қаланың саудагер, шәкірттер, қалпе-хазіреттер сияқты қонақтары да көп. Бұларға Құнанбай Тінібектің қолымен садақа бергізіп, бәрінің тегіс фатикасын алған...

Енді осы топтың алдында Құнанбай өзі боп арбаға қарай келе жатқанда, бұл мінетін күйменің көлеңкесінде отырған бір-екі адам орнынан тұрып, Құнанбайға қарсы жүрді. Алыстан сәлем беріп, Құнанбайдың алдына тақап келген бұл екеудің біреуі – сақалына бурыл кірген Дәркембай. Қасындағысы – жыртық шапанды, жүдеу жүзді, жалаң аяқ, аяғын қалың күс басқан 10–11 жасар бала еді. Дәркембай тақап келіп, Құнанбайға «Жол болсын» айтып, соған ілес жылдам сөйлеп кетті:

– Құнеке, алыс сапарға бет алып, Құдай жолына кетіп барады екесіз... Кетерінде бұндағы бір шын мүсәпірдің арызын тыңдап кетсең деп, тосып отыр ек. Мына баланың арызы бар. «Құдай үшін айтып бер» деп, мені ертіп әкелді! – деді.

Құнанбай қабағын түйіп, тіксіне қарады да, жүрісінен бөгеліп қалды.

– Мен дүние сөзінен аулақ кетіп бара жатқан жанмын. Арызың болса, менен өзгеге айтпаушы ма ең? – деген еді.

– Өзгеге емес, өзіңе айтылатын арыз еді, Құнеке.

– Менің басымда сөзі бар неғылған бала бұл?

– Сөзі өз басында болған соң, келіп тұрмыз.

Құнанбай айналадағы топтан, өсіресе, қаланың саудагерлері, молдасы, қалпесінен қымсынып қалды... Майбасар Дәркембайды енді танып, оны Құнанбайдың жолынан қақпалап өкетпек болды.

– Дәркембаймысың?! «Арызым» деп, аттанғалы тұрған кісіге не деп оралып тұрсың сен? Тұрсаңшы былай! – деді. Соңғы сөздерін күбірлеп айтса да, зілмен тастады.

Бірақ Дәркембай одан ығысқан жоқ. Енді үнін қатайтыңқырап, мына топтан Құнанбай мен Майбасардың қысылып тұрғанын байқап, әдейі даурыға сөйледі:

– Бұл баланың арызы – мың да бір қаріп-қасердің арасында өзің құлақ салатын сөз. Құдай жолына барарда әдейі құлақ салатын сөз.

– Бұ не қылған бала? Арызы не? Айтшы шапшаң! – деп, Құнанбай өлі де түйілген қабақпен, енді ызалы үн қатты.

– Бала – баяғы Борсақ Қодардың немере інісі. Бұл – Көгадайдың баласы. Сонада, Қодар өлгенде, жалғыз інісі Көгадай Сыбанда жалда жүріп, жырақта қалған. Өзі өмір бойы шала-жансар, ауру адам еді. Алты жыл болды. Көгадай да өлді. Сонымен Қодардан жалғыз қалған ұрпақ осы мынау жетім бала Дәрмен! – деп, Дәркембай баланы танытты.

Бетіне бозғылданып түгі шыққан, жүзі жүдеу, шекесінде көк тамыры білінген, сүйектері адырайған бала тұр. Бір көзін кір шүберекпен таңып апты. Дәрмен көзінің жасын зорға тыйып, иегі дірілдей түсіп, Құнанбайдың жүзіне жаңа қарады. Құнанбай бұны да оқтай атып тұр екен.

– Несі бар еді бұл баланың менде?

– Несі жоқ еді, Құнеке? – деп, Дәркембай Құнанбай көзіне өткір көзін қадап, сыншыдай бақты.

– Айт, ендеше, бұның мендегі сөзін. Жүр былай! – деді Құнанбай. Ол Дәркембайдың сөзінің арты ауыр болатынын тез болжады...

Құнанбайлар топтан бөлініп шыға бергенде, Майбасар, Төкежан арттарынан ерді. Абай да бұларға ілесе, алдыңғы топқа тақады. Дәркембай сөйлеп отыр екен.

– Қодардың жазығы жоқ болса да, «құн» деген үн болмады. Үн шығармады заманыңның талқысы! – деді.

«Заманыңның» деген сөз Құнанбайдың дәл өзіне қадалып тұр. Содан ширыққан Құнанбай енді зеки сөйлеп, ашу шақырды:

– Не деп тантып отырсың, Дәркембай? Қодардың құнын сұра деп, сені маған жіберген қандай ғана Бөкенші мен Борсақ?! Аташы солардың атта-



рын! – деп көрленгенде, Құнанбайдың бағана таңертеңнен бергі мүләйім сопы, момын жүзі мүлде жоғалып кетті...

Дәркембай ол пішіннен де сескенген жоқ:

– Құн сұра деп жіберген Борсақ жоқ, Борсақта ондай күн де жоқ. Құнын айтпаймын. Бірақ Қарашоқыны қайтесің?! Ол мына баланың сыбағасы емес пе еді?! Сол Қарашоқыда бүгін үлкен ауылың, Күнкенің ауылы маңғыстап мал өсіріп, мыңғырып жатқан жоқ па? Құдай үйіне барасың... Осындай жалғыз жетімнің ақысын мойныға арқалап кетесің бе?

Құнанбай ақырып жібереді:

– Тоқтат, Дәркембай!

– Мен айтарымды айтып болдым.

– Өмірде менен аяған қастығы болмаған қырсық жауым, қызылкөз пөлем сен бе едің соңымда сұғын қадап жүрген?

– Құнеке! Мен пөле басы болған емен. Пөледен бас қорғаушы ғана болғамын.

– Баяғыда маған мылтық кезеген де сен емес пе ең?

– Мен кезесем де, атқан жоқ ем... – деп, Дәркембай қатты демігіп ап, Құнанбайдан өлі де өткір көзін тайдырған жоқ.

Құнанбай қанша көрлі, зәрлі болса да, мынадай кінәдан қатты сасып, құп-қу болып, дірілдеп кетті...

Майбасар осы кезде Құнанбай мен Дәркембайдың арасына қатты алқынып кеп, зығыры қайнап, киліге берді...

– Жап аузыңды! – деп, сыбыр аралас тыйым салып: – Енді үніңді шығарсаң, сақалыңнан алып тұрып, лақша бауыздаймын! – деді.

Құнанбай орнынан тұра берді. Тәкежан мен Майбасар Дәркембайды екі етегінен басып, отырып қалды. Дәрмен үн салып жылап жіберді.

– Қарызым кетті мойнында... Қарызым!.. – деп, жылап еді...

Осы сәтте Абай жонын жұртқа беріп, отыра берді де, Майбасар мен Тәкежанның Дәркембайдың жағасына жабысып отырған қолдарын қатты жұлып-жұлып алып, серпіп жіберді.

– Құдай атқыр, арсыздар! Тарт былай! – деп қалды.

Дәркембайдың көзі Абайға түскенде, оның жүзі боп-боз боп, екі көзі қанталап, Майбасар мен Тәкежанды жарып өткендей, от шашып тұр екен.

– Килікпендер, арсыздар! Бұның сөзі – өкемнің Құдай алдында жауап беретін сөзі... Меккеге бара жатқанда да, өкем осындай күнәм бар деп бара жатқан жоқ па? – деп, Майбасар мен Тәкежанды ауыз аштырмады. Сол сәтте Дәркембайға бетін бұрып:

– Дәркембай! Айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы арызың болған соң, қысылшаң жерде айтсаң да, айыптай алмаймын. Мен қарыздармын өкем

үшін. Қарғамай, сілемей, қайта бер, жарқыным. Сөзің жетті маған. Етім түгіл, сүйегімнен өтті. Бар, қазір жүре беріңдер! – деді. Дәркембайды сүйеп тұрғызды да, Дәрменге қалтасынан жүз сом шығарып беріп, ол екеуін жөнелтіп салды.

Құнанбай көпке шейін үн қата алмай, ішінен күбірлеп, төубе қылған кісідей сілейіп тұрып қапты. Енді қасына Ызғұтты мен Ұлжан келіп, жүрудің мезгілі болғанын айтты. Қорадағы қала адамдарына Құнанбай енді ғана асығып, тез-тез қоштасты да, арбаға мінді...

Дәркембайдан айрылған соң, Құнанбай көпке шейін үн қата алмай, томырыла, түйіліп қалған-ды. «Тұнығымды лайлады, тұнығымды лайлады-ау, әлгі!» деген бір сөздерді өз ішінен неше қайырып айтты.

...Осыдан зығыры қайнаған қалпында, көп үндемей отырып, зорға бойын жиды. Енді, тым құрыса, Ұлжанмен арыздасып, көңіл жазып кетпек.

Мырзаханға аттарды осындай қатаң жүрістен баяулатпай жүргізіп отырды тапсырды да, өзі Ұлжанға бұрылды...

Құнанбай Ұлжанға қарай бар денесімен бұрыла түсіп, бет беріп сөйледі:

– Бәйбіше, үй серігім ғана емес, өмір серігім едің... Адал жүрек, ақ пейілің үшін балаларыңның бағы ашылсын... Менің арманымды өз арманың етіпсің, – деді.

...Осы сөзден соң Құнанбай өзге жеңілірек, жайлырақ тиетін өңгімеге түсті. Бұл сөзге екеуі Ызғұттыны да қосқан еді. Құнанбаймен осы жолы Меккеге бірге баратын Өндірбай қалпе. Ол бұның көп заманнан қадірлейтін адамы екен. Қазір енді бар туыстан жақын боп, бір сапар кешпек...

Үш құла жеккен екінші күймедегі – Абай мен Мәкіш... Өрқайсысының өз көңілі толған ой...

Мынау салқын лебі айықпай ескен күншуақты көктем күніне Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді...

Абай байқамапты. Бұның бар өлеңін Мәкіш тындап отыр екен. Бөтен біреудің өлеңі емес, інісінің өз өлеңі екенін де біліп отырыпты.

– Абай, осы сен ақынсың-ау! – деді де, күліп жіберді...

Осыдан кейін бұл күйме, алғаш қаладан шыққандағы қалпына қайтып, өңгімесіз кетіп бара жатты...

...Бұлар осымен Құнанбайға қош айтысатын бір бекет жерге қалай жеткендерін байқамай да қалып еді. Алдағы күймелер тоқтаған екен... Құнанбай енді бөгелмей, жүріп кетуге асыққан... Бұл жерде Құнанбай көп сөйлеп созған жоқ:

– ...Еліме, жеріме сәлем жеткізіңдер. Қош, ағайын! Дәм, ырзық бұйырса, амандық, шаттықпен қайта көрісуге жазсын! – деді...

Абай мен Құнанбай ең соңғы сәтте үнсіз қоштасты...

Ұлжанды Абай мен Мәкіш сүйеп кеп, өз күймелеріне мінгізді. Ол мінген соң, күймеде орын тар еді, Абай арбаға мінбей, шешесін ілгері жөнелтіп, өзі салт атқа мінді. Қасына Ерболды ғана алып, топтан оқшау қалып, асықпай, аяңмен ғана қайтты...

\* \* \*

Тінібек үйін көптен басқан қалың қонақ Құнанбай жүргеннен кейін тез тарады. Бірақ Ұлжан күйеуін ұзатқан соң да елге тез қайтқан жоқ. Қалаға көптен бері келгені осы еді.

...Абай шешесі қайтар шақ таянған сайын, әр күн кешке, өзге заттармен қабат, топ-топ кітаптар да әкеліп қосады. Осы өткен қыста, алты ай бойында, әкесін жөнелту қамымен қаладан қайтпай жатып, Абай орысша тілге тағы да көп зер салды... Әзірше ауыр ұғатыны – орыстың ақындары. Бірақ енді, не де болса, орыс кітабы досы болды...

Ұлжан асықпай жатса да, ақыры, елге қайтатын мезгіл жетті... Қасына Төкежан, Ғабитхан, Дарқан, Жұмағұл ерді. Күймеге мінетін Ұлжан мен Қалиқа ғана. Көшір – жас жігіт, асау үйреткіш Масақбай.

Абайға шешесі бірге қайтайық деп еді. Бірақ баласының өлі бітпейтін, бөгейтін шаруалары бар екен. Құнанбай тапсырып кеткен алыс-беріс сияқты істер...

Осыдан он бес-жиырма күн кейін Абай мен Ербол да елге қарай келе жатты...

Екі жігіт Семейден шығып, күн бата бергенде, Орда тауының Шілікті кезең деген тұмсығына кеп ілінді. Ел атаулы жайлауға қарай тартып, жолда қонатын ауылдар сиреп қалған. Бір қоналқа жер болса, Орданың осы тұсында болмақ...

Ербол түсетін үйді сырт нобайынан барлап келеді екен. Осы сегіз үй ішіндегі ең бүтіні және үлкендеуі ортада тұрған жалпақтау бес қанат үй екен... Абай тақап келгенде, үй иесі шыққан еді. ...Ербол бұрын сөйлесіп, «Қонақпыз» деп, өздерінің кім екенін айтып еді. Үй иесі:

– Е, жігіттер, түсіңдер. Дәм айдап келген екенсіңдер! Барымыз әзір!.. Көні! – деп кеп, Абайдың атын өзі байлады.

Ербол бұл кісімен түс таныс екен. Абайға тыста келе жатып, ақырын күбірлеп:

– Бекей-Шекей дейтін екі ағайынды Байшора бар еді ғой, осы Ордада. Соның Бекейі осы, – деген.

Жігіттер бұл ауылда бұрын болып көрмеген-ді. Үйде от маздап жанып тұр. Қонақтар кіріп, амандасып, болжап отыр. Үй іші көп жан емес екен. Оң жақта, жер төсектің үстінде төрт-бес жасар немересін құшақтап, қызыл сары кемпір отыр...

Үй иесін Абай жаңа анықтап көрді. Бұйралау, ұзын, сары сақалы бар, қызыл жүзді, көк көзді, кесек мұрынды, сұлу адам екен. Ол жігіттерден жөн сұрады...

Бекей шешесі жақтан отырып еді. Абайлардың жай-жапсарын біліп алған соң, шешесіне бұрылып, ақырын күңкілге кірісті... Аздан соң, тыстағы Бекейдің қатқыл зор даусы шықты.

– Наймантай! Уай, Наймантай! Уа, бер келші, балам! – деп, біреуді шақырып жүр.

Шапшаң қайнаған шай Абайлардың алдына жасалған кезде, киіз есік шалқасынан ашылып еді. Ашып тұрған Бекейдің өзі екен. Кіргізбек болғаны – соятын мал. Үй ішіндегі лапылдаған оттан үркіп, тыпырлай тырысқан қызыл кебені көлденеңдетіп итеріп, бала жігіт Наймантай кірді...

Кебені Наймантай тез сойды... Абайлар шайға қанып болып еді.

– Өлгі Шүкіман қайда? Саған келіп болыспайды-ау, – деп, Бекей мал сойыла бастағанда, бір-екі рет біреуді атап еді.

– Қайтесің Шүкіманды? Ана үйде күйеу балалардың қасында отыр. Өзіміз де жайлаймыз ғой! Ойнай берсін! – деп, әйелі ол аталған кісіні шақыртпады.

Ербол Шүкіман деген атты естігелі: «Бұл қыздың аты-ау! Өлде осы үйдің бойжетіп қалған қызы да бар болар ма екен?» – деп, ойлана түсіп, айналаға анықтай қараған еді. Сол жақтағы Бекейдің ағаш төсегінің бас жағында тағы бір жертөсек бар екен. Көрпе-жастығы қызыл-жасылды, жаңа төсек тәрізді. Егер бұл үйдің қызы болса, ол сол Шүкіман да, мынау соның төсегі болмаққа керек...

– ...ас піскенде, Шүкіман қонақтарын осында ертіп келсін. Сен барып, соны айтып қой! – деп, аққұба әйел Наймантайға тапсырды...

Үнсіз отырған Абайдың басы зеңіп, пысынай түсіп, ұйқысы келді. Сонымен ас піскенше, мызғып алмақ болып, жантайып жатып қалды... Абай өзінің қанша ұйықтағанын білмейді. Бірақ селт етіп оянып, басын жастықтан жұлып алғанда, анық аңғарғаны – сөйлеп, ұйқысырап оянса керек. Ең соңғы сөзі әлі көкейінде, әлі түгел айтылып та жетпегендей.

– Кел! Келші бір, сәулем! – дегенді анық айтқан тәрізді...

Бұл оянғанда, Ербол да басын көтеріп алып еді...

– Тұр, тұр! Тұршы, Ербол! – дей берді...

Тымағын киіп, шапанын жамылды да, Ерболға:

– Тысқа шығайық, жүр! – деді.

Үй іші бұлардың оқыс жайларын байқаған жоқ екен...

Тысқа шыға сала, Абай тымағын жұлып алып, өн шыққан жаққа бар сұлдерімен ұмсына түсіп, қатып, жабысып тындап қалды. Өн – «Тоңай-көк». Енді ғана нәзік ырғақ соңшалық бір сұлу сәнмен еркеленіп, толқып кеп, баяулай басылды. Өн бітті. Абай Ерболға қарай ұмтылып қап:

– Тоғжан! Япырау, мынау Тоғжан, Тоғжаным ғой мынау! Дәл өзінің үні... – деп, бар сабырдан айрылып, тағы да өзгеше бұзылып кетті...

– Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші, әуелі... Мен барам да, біліп шырам... – деп, кетті.

Айтқанындай, аздан соң Ербол Абайға қарай асыға басып, тез оралып келді... Келе бере, жарасын ұстап, даусы қатты шығып, аптыға сөйледі:

– Құдай-ау, сенің көргенің түс емес, Абай. Өзі, дәл өзі отыр.

– Не дейсің, жаным-ау! Тоғжан ба, өзі ме? Бәсе! Бәсе! – деп, Абай үйге қарай жүлқына берді.

– Тоқта! – деп, Ербол қатты бұйырды. – Тоғжан емес. Өзі емес!

Абай оқыс бұрылып, қинала түңіліп:

– Өй, не деп тұрсың! Не деп кеттің? – деді. Ерболға ыза бола бастады.

– Өзі емес. Бірақ дәл өзінің егізінің сыңары... Тоғжаннан айырса, танығысыз бір қыз отыр.

– Рас па, өй! Бұ не ғажап! Өн салған да сол ма екен?..

Екеуі де үйге қарай басты.

Сол кезде Шекей үйінің есігі ашылып, далаға қызғылт сәуле түсті. Күле сөйлесіп, тысқа шығып келе жатқан еркек-әйел дауыстары білінді... Ербол Абайды өз үйлеріне қарай тартты. Олардан бұрын кірмек.

Екі жігіт үйге келіп, бұрынғы орындарына, төрге отырысты... Абай асығып күтіп отыр... Осы кезде киіз есік шалқасынан ашылып, келуші қонақтарға жол берді. Әуелі үйге екі жігіт кірді. Тымақ, шапандары жұпыны. Саптама етіктері бар, жүздері төменшік, ұяндау. Сәлем беріп, ибақып кірген күйеулер екен. Соларға ілесе ұсақ қыздар кіріп жатыр. Бір-екі келіншек кірді. Жиыны жеті-сегіз кісі. Абай көзін алмай, сабыры қалмай, қадалып отыр. Енді аз бөгелістен соң, ...Мұрны қоңқақтау, қара торы көрінді. Шекей қызы – қалыңдық осы болу керек. Дәл осының артынан, шолпысы ақырын сылдырап, ақ жүзіне жұқалау қызылы нұрдай жарасқан анық Тоғжан өзі келеді екен. Сыпайы жымиып, күліңкіреп кірді. Мінсіз аппақ тістері қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы асығып күткен қызыл арай таң сәріндей...

Орта бойлы, дәл Тоғжанның өз бойындай. Бар мүсіні келіп тұр. Бет бітімі, ақ-қызылы, жаңа Ербол айтқандай, айнымаған Тоғжан... Айналасын қуантып, сүйсіндіргендей, жазықсыз, нәзік күлкі қуаныш бар...

Қыз жөнінде Абайдың жалғыз абайлағаны – ол осы үйдің баласы екен.

Қонақтар жайғасып отырған соң, Бекей оған қарап:

– Шүкіман, қарағым, ана жақтан апаңа болысып, орамал әпер, дастарқан жайып жіберсеңші! – деген.

Сонымен Шүкіман отырған жұрттың алдына жалғыз жүріп, бір-екі сыпайы жай қозғалыс жасап, бой көрсетті. Қамзолы, ақ көйлегі бұның да барлық бой тұлғасына жарасып тұр. Тек басындағы бөркі ғана келмейді. Көнелеу, сарғыш құндыз екен.

Абай ішінен: «Алып тастар ма еді?», – деп, іштегі қиял көрік-реңін бұзғандай көріп отырды. «Шүкіман» деген атын да жақтырмады...

Наймантай анау үйден қоңыр домбыраны алып кеп, күйеу жолдасына берді.

Бекей бұл жігітке қарап:

– Балалар, ана үйде өн салып, даурығып отыр еңдер ғой. Бұнда да қымсынатын жер емес. Ойнап, ермек етіп отырыңдар, шырақтарым! – деді. Бекей Абайға бұрын да жағып отыр еді. Мынасы, тіпті, тапқан ақыл болды. Оның сөзін қостап, енді ғана тіл қатып, шырай беріп бұл да:

– Рас, құрбылар. Мұнда келіп, бізге қосылып, ойындарың шырқы бұзылмасын. Жаңа бір өсем өн де естіліп еді. Тосырқап, жатырқамансыңдар! – деді.

Ербол да «сол бір өн» деп қадай сөйлеп, тілек етіп отыр. «Айтушысы өзіңсің ғой» дегендей, Шүкіманға қарап сөйлейді.

Шүкіман қысылып, қызғылт тартып жымиса да, жауабынан тартынған жоқ. Мөлдір, нәзік үнменен ақырын күлді де:

– Өн бізде ғана ма екен? Көп есітіп, көпке қанып жүрсіздер. Өздеріңізде ғой. Қонақ кәдесі тағы бар ғой! – деп, Абайдың өзіне қарап, тағы күлді.

Күлкісінің үні соншалық сыңғырлаған, сонша бір мөлдір, нәзік еді...

Абай іркілген жоқ.

– Жол, жора мені тапса, мен жаман да болса, бір өн тауып көрейін! – деп, үй ішін ырза қып күлдірді де, домбырасын ширақ тартып, күйлеп алды.

Сезімге толы қоңыр өнде Шүкіман естіп білмеген мұңды сұлу сөз бар еді:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да.

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да!..

Бүгін бұл сөздерде дағдылы арман емес, жалын, сенім тәрізді жарық сөуле елесі бар...

Абай үй ішінің сүйсініп тыңдағанын байқап, осы өнін үш қайырып айтты.

Содан кейін Шүкіманға қарап, өзі тілек етіп:

– Шүкіман, еруліге қарулы бар еді ғой. Жаңа ана үйде айтылған «Топайкөкті» мына Ербол екеуіміз ұмытқамыз жоқ. Оны кім айтып ед деп сұрамаймыз да. Айтушы сіз дегенде, күмәніміз жоқ... – деді...

Осыдан соң Шүкіман «Топайкөкке» шырқап кетті...

Абай... Шүкіманға қарап, үндемей, басын иді.

– ...Мынандай боп айтылған «Топайкөкте» арман жоқ! – деп, Ербол тамашалап отыр.

...Осы сәтте Абай ойында қайтпас берік байлау туды. Бір кезде жастық, амалсыздық, өлсіздікпен айрылып еді. ...Енді мынау жұлдызынан көз жазбақ емес, айрылмақ емес...

Жатарманға келгенде, Шүкіман бір жақын жеңгесінің үйіне кетті...

Ертеңінде Абай мен Ербол Шілікті кезеңнен аттанып шығысымен, Шүкіман жайын ауызға алысты...

– Керім... Керім... Несін айтасың! – деді Абай.

– Әй, керім!... Әй, керім! – деп, Ербол да сұқтанып, тамсанудың үстінде еді.

Абай: «Қалай айттың, қалай айттың?» – деп, жолдасының жаңағы айттысын қайта-қайта қайыртты да:

– Ал мен бір нәрсе айтайын ба? Бұның Шүкіман деген аты сұлу емес. Сай емес! Жаңа ат қоямыз. Оны дәл осы арада сен таптың. Шүкіман аты қалсын, шын аты «Әйгерім! Әйгерім» болады! – деді...

Абай Ордадан шығып, дәл Қарауылға жеткенше, түстік жерге барғанша айықпай, айнамай жыр шертті, өлең тебіrentті...

Абай ендігі сырына Ерболды ерекше сеніммен тартты. Түннен бері көңіліне келген байлауын айтты... Сырын ірікпес досына түннен бастап, бүгін таңертеңнен бергі және жол бойындағы қиял, сезім құйынын айтып кеп, ең аяғында:

– Ербол, кінәлама, ұқ мені! – деп алды. – ...Барым, тілегім осыған ауды. Мен Әйгерімді жар етемін, аламын! – деді.

Жолдасының Әйгерімге құмар болып аттанғаны Ерболға айқын еді...

Шыңғыс асып, күн бата Шалқарда отырған Ұлжан ауылына жеткенде, екі жігіт Абайдың осы байлауына біржолата тұрақтап, келіскен еді.

...Туыстары Абайды жарқын жүзбен, қуанып қарсы алды. Ол пейілді алдымен білдіріп, баласының бетінен иіскеп, күліп қарсы алған Ұлжан өзі. Абайдың алдына ең кіші немересі – екі-үш жасар Мағашты көлденең тартты... Абай мейірленіп көтеріліп алып, «Мағашым» деп сүйгенде, ол ұялып қысылған жоқ... Үлкен шешесіне қарап, маржандай ұсақ аппақ тістерін ақситып күліп қойды. Өкесінің бетін оң қолымен аймалай беріп, құлдырай жабысып, қулана күліп:

– Аға, сен мені Мағаш деймісің?.. Бөлі, ұмытып қапсың ғой. Мен Мағаш емес, Өбішпін ғой! – деді.

...Ұлжан Абайдың сәтте шытына қалған қабағын байқады. Мағашты арқаға қағып, байсалды, әсерлі үнмен сөйлеп:

– Өй, ақылсыз балам. О не дегенің? Кісі алыстан сағынып келген ағасын сүйдеп қарсы ала ма екен? – деген.

Бірақ шешесі солай десе де, Абай тыныштана алған жоқ. Ойдағысын ірікпей, шешесіне әлдекімді шағып сөйледі:

– Апа-ай, мына балаң не деді? Кім де болса, осы сөзді үйреткен кісінде ес жоқ-ау! – деп, қынжыла сөйлеп, үйге кірді...

Абайды тыста тұрып қарсы алған топтың ішінде Ділдә да бар-ды. Үлкен үйге де бірге кірген. Мағашқа жаңағы сөзді үйреткен өзі. Абайдың қиналғанын Ділдә сезді, бірақ түк өкінген жоқ. Қайта ішінен «шоқ» дегендей боп, кекесінмен күлген-ді...

Ержетіп, оннан асып қалған Ақылбай деген баласы Нұрғаным қолында өседі. Одан кейінгі сегіз жасар қызы Күлбадан және алты жасар сүйкімді ұлы Өбдірахман, ең ыстық, ең тәтті кенжесі Мағаш – бәрі де Ділдәнің өз бауырында өсетін...

Абай өз ішінде бүгін жол бойы ойлаған ойларынан қайтпаса да, балаларына осы бүгінгі пейіл шыраймен әрдайым мейірбан, қамқор әке болуға серт етіп отырғандай.

Сол кеште Ұлжан мен Айғызды таңғалдырып, ерекше бір байлауын айтты. Онысы – Күлбадан, Өбіш екеуін кейін қалаға апарып, орыс оқуына беру жайы...

Өкелерін қатты сағынып, еркелеп отырған балалары Абайдың сөздерін қостап:

– Барамыз, оқимыз. Қалаға апар! – десіп, асыға, қызыға уәде берісті.

Ордада туған байлауын Абай көпке шейін үй ішіне білдірмек емес еді...



Әуелі Абай Ерболды жіберіп, ...Жиреншені шақыртып алды. Абай бұның дұрыс пейілін білген соң:

– ...Қыз жақсы ма, әуелі оның өзін сынап шық. Ең алдымен, өз көңілін біл. Содан соң әке-шеше, ауыл-аймағының аужайын түй. Бір нәрседен қатты сақ бол. Бар-барынша көп айтатыным сол. Қайсысы көнсе де, «Құнанбай баласы еді, елге істейтін тізесі көп, жуан ауыл еді, бермесем, зілі бола ма, кесірі тие ме?» деген ойды ойлай көрмесін. Құдай куә, не қыз жүрегіне, не жақындар көңіліне өзім жақпас болсам, қолқа жоқ. Ата айдынымен, ауыл атағымен алар болсам, онда қыз алған, жар алған болмаспын, қорлық алған болармын. Осыны сенен өзгеше қолқа етем. Не де болса, бар сезгеніңді маған ашық айтып кел! – деген.

Жиренше жүрерде осы сөздерін әдейі қадағалап бақтыру үшін Абай Ерболды да бірге аттандырды.

Мамайға жөнелткен достары Абайды көп зарықтырып, сарғайтқан жоқ. Үш күн жүріп, тез оралды.

Жиренше Әйгеріммен ауыздай сөйлесіпті. Қыз көркі оған да аса жаққан екен. Әсіресе, ақылы, мінезі қатты ырза қыпты. Абайға енді ғана мәлім болды. Әйгерімді айттырған жер Мамайдың өз руының бірі екен. Бірақ алғаш атастырған күйеу жастай өліпті де, кейін қайнағаға ұйғарған екен. ...Қыз жақындары құдасынан Әйгерім басына азаттық тілеген бір кезі де болған екен. Оған қайнаға көнбепті...

Жиренше сол жайдың бәріне Бекей, Шекеймен жақсы әңгімелесіп қанды да, Әйгерімнің өз көңілін де өз аузынан әбден білді. Әйгерімнің көңілі – ерік тиер болса, ол күйеуге бармақ емес. Бірақ Абайдың да әлі артта жатқан көп-көп ауыр түйіндері бар. Ағайын-ауқым, шеше-туысқан болса, бұл ниетті білмейді. Алшынбай қызы Ділдә бар. Ол қайтеді? Мәлім емес. Осы жайларды өзі іштей нық ескерген епті Жиренше, Бекей мен Әйгерімге сөйлескен сөзде, әзірше үлкен бір құпиялық сақтауды сездірген...

Бұнысы Абай қамы ғана емес, әсіресе, қыз қамы. Түбі ойда жоқ кедергі шығып, осы сөз бос сөз боп қалатын болса, ол Әйгерімнің бағын байлауға мүмкін. Және анау қайын жұрт білсе, ағайын алалығы туып кетуге де болады.

...Абаймен әңгімелері қысқа болды. Байлау бұл үш жігіт арасында берік боп бекінді. Сөз соған сайған соң, Абай Жиреншеге сүйсіне отырып:

– Ал енді, іс еткен соң, түгел ет. Өзгеге салар ісім емес болса да, менің шешем – сөзін тастар кісім емес. Әке болса, түзде жүр. Енді анамның рұқсатын да өзің сөйлесіп, өзің алып бер! – деді.

Ұлжан Абайдың бұл ісін мақұл көрген жоқ. Жиреншенің ұзақ сөзін аса бір ренішті, күйзеу қабақпен тыңдап шығып:

– ...Маған несіне кісі салып, жіңішкелеп сөйлесіп отыр? Одан да өзін шақыр, өзін де алып кел, үшеулеп отырып сөйлесейік, – деді.

Абай келгенде, Ұлжан іркілген жоқ. Үлкен ойлы, мұңды пішінмен баласына қадала қарап отырып, салмақты, қатты үнмен сөйлей жөнелді:

– Абайжан, балам, ниетінді ұғындым. ...Маған ақыл салыпсың. Жақсы ма осыным дейсің ғой? Жақсы демеймін. Сөзім қысқа. Мен айтардың көбін өзің көзіңмен де көріп өсіп ең. Көп әйелдің бірі мен болғанда, сол көп әйелдің бірінен туған көп баланың бірі сен боп өсіп ең. Сырлас, шерлес ек қой. Тәтті ме еді маған да? Жеңіл ме еді саған да?.. Опық жейсің, жақсы балам. Міне, айтарымды айттым... Өзің ойлап, өзің шеш! – деді.

Абай жауап айтқан жоқ. Үндемей кетті... Бірақ іс байлауы бөгелген жоқ... Осымен аз күндік аял болды да, ақыры, Абай қайындайтын күн жетті...

### Жайлауда

...Ән ұқпайтын кішкентай немересін арқалаған бір қарт шеше белі бүкшіе түсіп, ән тыңдауға асыға басады...

Ән ауыл үстінде самғап тұр. Бірақ оны тақап тыңдай алмай, алыстан шөліккеп, арманды боп жүрген тек.. Есбике, Баяндар ғана емес. Желі басында ертеден қара кешке бие сауған Бүркітбай да қасындағы көмекшісі бала жігіт Баймағамбетке әр биені саууға отыра бере ауыр-ауыр кейістер, мұңдар айтады...

– Ән салады! Күндіз-түні ән салады. Сол жаз бойы қонақ болған әншінің жүзін Бүркітбай өлі бір көрді ме десеңші! Жоқ, жоқ, жоқ! Көруге мұршам көні! Құлқын сәриден әкеліп байланған елу биені күніне он сауамын. Желі басына байлаулы құлынмен бірге байланып, арқандаулы аттай күнім өтіп келеді. «Ұлжан үйі қымызсыз болмасын, Айғыз үйінің сабасы толы тұрсын, қонақ үйде екі саба емізіктеп тұрсын, Қалиқанікі қымызсыз болмасын» деп-ақ құртты. Ымырт жабылғанша, өзің көріп жүрсің, бұл ауылдың биесі ағытылмайды. Биені ағыта сала, шешінуге мұршам жоқ, үйге бара жығылам! – дейді. Алыстан ән шырқай түскенде, Бүркітбай шала-шарпы есітіп, тоқтап қалады да, шелегін көтеріп, келесі биеге қарай жүреді. Баймағамбет ноқталы құлындардың бірін апарып байлап, бірін шешіп әкеліп, енесіне жағыздырғанда, алыстан ән елесін тыңдай түседі...

Ауылдан өлі де ән, әсем шырқау ән самғап келеді...

Өзен жағасында қолау тайға мінген қоңқақ мұрын, арық бала Байсүгір тайының шоқтығына еңкейе жабысып, ауылдың сыртына тақап кеп, өн тыңдап тұрып қапты. О да бай ауылдың сонау шетіндегі төрт қанат, тозған, құрым үйдің қозышы баласы. Осы ауылдың баяғыдан бергі кедей көршісі, қазір құяң болып, жер төсекте сарғайып, инеліктей қатып жатқан қартаң ғарып Байторының баласы. Қозыға елең-алаңда кеткен бала аузына ас та тимей, аш жүрсе де, өн тыңдауда аштығын ұмытып, тайының үстіне жабысып, ұзақ тұрып қапты...

Осы халде тұрғанда, артынан ақырып келе жатқан, ашулы, қатал үн шықты. Жүйрік, семіз атпенен екпіндетіп, ақырып, айдын атып келе жатқан тағы Майбасар екен...

Сол қозыны қарамадың, жамыраттың деп, зәрін шашып келген Майбасар Байсүгірді қамшымен тартып-тартып жіберді...

– Ағатай-ай! Ағатай, өлтіремісің! – деп, тайынан домалап түсті. Майбасар балаға ақырып ұрсып, тұқым-тұяғынан түк қалдырмай боқтап, аттың бауырына алып сабап жүр.

Құнанбай қажыға кеткелі бұл ауылдың үй іші билігі қатал, төкаппар Айғызға ауысса, сыртқы ат үсті – «бас-көзі» Майбасар болатын...

Қозы жамырап кетті. Баланы шыңғыртып сабап, атын борбайлап Майбасар әлі ақырып жүр. Ауылда қой сауып отырған Байсүгірдің көрі шешесі сабалып жатқан баласына жаны ашып, қолындағы шелегімен, жан ұшырып жүгіріп келеді. Баласын Майбасар тағы сабап жүргенін үйде жатқан Байторы да естіп, тұра алмай, дөңбекшиді.

– Тілеуің құрғыр-ай! Қаршадай баламды тағы шырылдаттың-ау, қанішер Майбасар! – дейді.

Қозының жамырағанын Байторының сақ құлағы бағана сезген. Жас баласы «Ұйқысы қанбай, ерте кетіп, далада ұйықтап қалып, жамыратты ма, не тайдан жығылып қалды ма?» деп жатыр еді. Жаңа қатынының: «Тағы сабады-ау ананы. Аттың бауырына алып жүргенін қарашы Майбасардың қаршадай баламды, сорлыны, соры қалың бейбақты» деп, жүгіріп кеткенін де Байторы үйде жатып естіген-ді...

Сартөсек боп жатқан Байторы өзінің ауруын бір қарғайды:

– Осы қу ауруды сенің жылқыңның соңында, қар төсеніп, мұз жастанып жүріп алмап па ем, Өскембай баласы! Шық түскен, боз қырау түскен күздің қара суық түнінде қораңның шетінде, қойыңды күзетем деп, алмап па ем! Қуарған Майбасар, енді өзімнен өтіп, қаршадай жас балама жетті ме зөрің? Менің тұқымымның тұқымына жетті-ау сенің тозағың. Құдай – Құдай емес, сен болдың ғой мені қырына алған қу Құдай, шұнақ Құдай!.. –

деп, иегі кемсеңдеп, қабағын тыржита, көзін жұмып, бүк түсіп, өз басын өзінің қос жұдырығына соғып, үнсіз жылап жатты Байторы.

Айғыз бен Қалиқаның көріне қарамай, өн тыңдауға кеткен Иіс кемпір қонақ үйлерге жеткен-ді.

Бұл үйлер бар ауылдан бөлек. Ерекше сый қонақ күткен үйлерге ұқсайды...

Қонақшыл төрт үйдің қазіргі сәтте үшеуі бос тұр. Барлық жұрт ортадағы үйде екен... Қалың елді қасына жиған өн өлі де шырқай түсіп, ырғала толқиды.

Жерошақ басындағы асшыларға тақап қалған Иіс самауырға тобылғы салып тұрған қызыл келіншектен:

– Жаңа келін, жас келін өн салды ма? – деп сұрады. Келіншек:

– Е, өн салды. Қорғанар деп пе ең?.. Айтқызбай да қоймас!.. – деді...

Бұл көршілер әңгіме еткен «жас келін», «әнші келін» Әйгерім болатын.

Қалың қонақ жиылған отау да соның үйі. Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді...

Бұл екеуінің осы жолғы қонағы да өзгеше. Ол – өңшең қыз, сылқым келіншек пен сәнді сұлу бозбала...

Осындай ойын-сауық жиынының ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастықтарды шынтақтаған сал, серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен ұйытқан Біржан сал.

Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек сый қонақ...

Ерекше өсері бар күй менен аса ұнаған өн тыңдаған уақытта Абай сол сарын сөзбен қатар өзге бір дүниені жарыса ойлап кететін...

Өн үзіліпті...

– Бай, бағлан боп қадірлі болмайды жігіт! Өнерлі боп, сол өнерін ұстай біліп, қадірлі болады. «Өнерпаз болсаң – өр бол» дейді, Біржан аға. Жалқы бол, жарлы бол, ол кемшілік емес. Өнерлі ақын, асқақ әнші болсаң – ел көңіліндегі мұңды айтып, көзіндегі жасты тыйсаң, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті! – деп, Абай өз қасында отырған Әйгерім мен інісі Өмірге қарап, бір түйін тастағандай болды...

– Аты қалған деген сол емес пе, осы мына отырған өңшең әнші болам деген жалынды жас екі айдан бері еріп жүріп, Біржан өнін үйренген екен. Енді сол алғанын өсте ұмытар емес. Өнді ұмытпаса, айтушысы, үлгісі Бір-

жанды ұмытар ма? – деп, Жиренше осындайда көрінетін зерек ұғымталдығымен жаңағы Абай сөзін іліп алып, дұрыс өрістетті. Сонымен ілес, өз сөзіне дәлел болсын дегендей, Өмірге қарап:

– Міне, мынау Өмірдің Біржаннан артық дейтін өнерлісі бар ма екен? – деді.

Жұрт көзі тегіс Өмірге қараған еді. Ол ақырын тыңқылдатып, өз домбырасына Біржан үйреткен «Жиырма бес» дейтін өнді салып отырған.

Біржан жас жігіттің жүзінен жақсы бір шабыт көргендей боп:

– Басып жіберші, көне, осыған! – деп, аға бұйрық етті.

Өмір іркілген жоқ...

Біржанның өзі үйреткен нақыстарын зор ықыласпен, дәл шығармақ боп, ынта салып айтады...

Абайдың қасында отырған – інісі, жас бозбала Өмір Құдайбердінің баласы. Ол өз нөкерімен келгенде, Үмітей сұлуды ерте келген. Базаралы қасында отырған Балбала – Өнет қызы. Ол да бір топ қыз нөкерімен әдейі шақырылған.

Бөкеншіден Сүгір баласы Өкімқожа – мынау. Ол өз қарындасы Керімбаланы ертіп, Жігітектен Базаралының әнші, сері інісі Оралбайды ала келген.

Сол жастың бәрі де өнерқұмар және тегіс жақсы әнші...

Осы күндерден екі айдай бұрын Тобықтының шетіне келген Біржанның хабарын Абай естіп, алдынан Өмірді жіберген-ді. Абайдың ең бір қадірлес ағасы Құдайберді жастай өлгенде, содан жетім қалған бес баланың ортаншысы Өмір болатын. Құдайберді өлерде, Абай оған: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар» деп, «Жетімдік көрсетпеспін» деп, ант еткендей болатын...

Ал Өмір болса, сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі боп келеді. Ерке, серілігі де бар... Аса тілеулес ағасы Абай оның алдынан шықпайды және ешкімге бетін де қақтырмайды...

Біржан Өмірге ғана емес, Абайға да ерекше ұнады. Екеуі ескі мұңдас достай кездесіп, тез табысып кетті...

Сонымен қазір Біржандар қайтатын шақ жеткен соң, Абай осы тұрған төрт үйді әдейі қонақтарды шығарып салу тойына арнап тіккізген...

Керімбала да Біржаннан өзі сүйіп ұққан әнін айтты. Ол да Тобықты ішіне Біржан әкеп үйреткен бұрынғы бір ән...

Ақ-қызғылт рең Керімбаланың да жүзіне бір толқын соғады...

Ән, домбыра кезегі қыдыра жағалап, осы Үмітейдің өзіне келгенде, о да іркілмей, «Баянаулыны» бастады. Өмірдің домбырасы қостай ереді...

Ол осылай өзі айтып тоқтасымен, дәл қасында оң жағында отырған жас келін Өйгерімге бұрылып:

– Өн жағалап, өншісіне де кеп қалыпты-ау! Сонымен, көні, енді өзің айт! – деді.

Үй іші осы өзілмен іле тегіс Өйгерімге қарады.

Есік жаққа бағана кеп орналасқан шеткі үйлердің қартаң әйелдері де ентелей түсті:

– Келін, келін айтады! – десіп, күбірлесіп үн қатысты. Өйгерім өніне де Өмір домбырасы жетекші боп, төменгі пернелерден безек қағып, «жүр-жүрлеп» тұр...

Есік жақтағы бағанағы Иіс кемпірден бастап, барлық қартаң әйелдер:

– Айналайын келінжан, өркенің өссін!

– Құдай көңіліңді өсірсін...

– Осы өніңмен, осы сөніңмен өт жалғаннан!... – десті. Соңғы алғысты Иіс айтып еді. Абай елең етіп, Иіске қарады да:

– Апырмай, мына Иіс шешем алғысы қандай жақсы еді! Өмин депші, Өйгерім, осыған! – деді.

Өйгерім аса бір сыпайы алғыс жүзімен Иіске қарап:

– Өмин, әже! – деп, өзі кейінірек қағылды да, Иіс кемпірді қасына шақырып ап, қымыз ұсынды.

Өйгерім өні Біржанды да ұйытқандай... Біржан ақырын ғана Базаралы жаққа үн қатып:

– Өн салса, Өйгерім ғана салсын да! – деді...

Дәл осы кезде есіктен шығып жатқан қонақтарға қарсы жүріп, сығылыса кірген Қалиқа Абайға жақындап кеп:

– Телғара! Қалқам, сені апаң шақырады! – деді...

\* \* \*

Үлкен үйде Ұлжан, Айғыз, Ділдә – үшеуі ғана отыр екен. Шақыртқан осылар көрінеді...

– Абайжан, – деп ақырын ғана сөз бастап, Ұлжан баласының бетіне жүз бұрды да, – «Ой да көп, уайым да көп ойлай берсең, ой да жоқ, уайым да жоқ, ойнай берсең!» – деп еді. Сен соған бақтың ба, балам? – деді.

Абай мұның артында не зіл барын аңғарып, соны тез айтсын дегендей боп:

– Сол болғаны да, апа! – деп, бар денесімен шешесіне бұрылды да, ар жағын сұрағандай үнсіз аңырып қадалды.

– Кәрі әкең сапар шеккелі талай болды... Хабар-ошар жоқ... Көңіл күпті. Ол қалай, бұл қалай? – деп, біраз үндемей қап еді...

Абай бар сөз түгел айтылып болсын дегендей, үндеген жоқ...

Айғыз, тіпті, анық қып айтып берді:

– Өйгерім аспасын, сені паналаса, қайтейін? Қайда отырғанын біле ме? Шаңыраққа қарасын. Өн салғаны кеудемізді басқандай тиеді. Үні шықпасын бұдан былай! – деді.

Бұл – бұйрық, қатал тыйым.

Абай Өйгерімге жаны ашып, оны жаңағыдай әділетсіз, аянышты зорлықтарға қимаса да, үн қатқан жоқ...

Отауларға қарап жаңа беттеп бара жатқан Абайды арт жағынан, Айғыз үйінен шығып келе жатқан Майбасар дауыстап шақырған еді...

Майбасар Абайды үлкен үй сыртына оқшауырақ апарып отырғызды да:

– Абай, мені анау Түсіптің бәйбішесі – қонақ енең жұмсап отыр. Өдейі «Сен айт» деді. Маған айтқызып отыр, ұқтың ба? – деп, інісіне салқын қабақпен, «Кіммен сөйлесіп отырғаныңды аңғар» дегендей, қадала қарады. Абай Майбасардың доғ айбатын мысқыл еткендей боп, шаншыла қарады да, кекетіп күліп жіберді...

Абай жаңағы мысқыл реңін өзгерткен жоқ...

Абай жаңа шешелер үйіне келе жатқанда, жылап жүрген бала Байсүгірді көрген. Оны уатып, қасына ертіп келе жатқан Баймағамбет Абайға Майбасар қылығын қатты шаққан болатын.

Қазір Абай соны есіне ала бере:

– ...сізге айтатын менің де бір сөзім бар. Бұны ренжіп, тіпті, күйініп айтамын. Неге ұрасыз осы ауылдың малшыларын?! – деді.

Өңі қатуланып, Абай қазір анық ашуланып алған екен. Бірақ Майбасар бұл жайға сасқан жоқ:

– Уа, қойшы! Малшы, қосшы басынып кетеді. Тәубесі есіне түсіп жүрсін. Түк етпейді! – деп, елеусіз қалдыруға айналып еді.

Абай енді намыстанып, қатты сөйлеп кетті.

– Жо, бекер айтасыз, басынбайды малшылар. Неменеге жетісіп басынушы еді?...Бұдан былай тек жүріңіз! Ұрмақ түгіл, зекімеңіз көршілерімізді. Ендігіөрі бірде-бірін шертпеңіз. Өйтпесе, араз боламыз. Қатты араз боламыз. Онда маған өкпелеуші болмаңыз... Сол! – деді де, жүріп кетті.

...Абай қонақ үйлерге қарай кетті. Майбасар бұл жерде үндемей қалғанмен, осы ауылдағы өн-сауықты тыюға сырттан кіріскен еді. Абайды шешелер үйіне шақыртқанда, кей қонақтарға да кісі салған болатын.

...Сонымен Абай қайта қайтқанда, отаудағы қонақтардың аттары ертеліп, кермелердің бөріне байланыпты...

Абай Өйгерімге күндізгі сөздерді айтпай, аяп, жасырып қойса да, мұның өзін Айғыз бен Ділдә шақырып ап, қатты, суық, ауыр сөздер айтқан... Бірақ ең ауыр тиген бір соққы, есінен кетпестей қорлау салған бір дерт: «Біз – бай ауылымыз, сен – күңге лайық кедейсің... Жолың жіңішке болып, жүрісің жалынышты болсын. Басыңды төмен салып жүр. Үнің шықпасын...» дегендері. Соншалық өділетсіз, тоңмойын, қыңыр зорлықтың күшін сезіп қайтты...

Бірақ Абай мен Біржан да, бұл кеште, осы отауда отырған Оспан қайнысы да, Ербол да Өйгерімнің іркілгеніне ерік берген жоқ.

...Өйгерім тамағын кенеп, еріксіз көнгенін білдіріп, өн шырқаған...

Өйгерімнің осы өндері алғаш күміс қоңырау үнімен шырқап барып, үлкен үйлер жаққа жетісімен, сол үйлерден отауға қарай Қалиқа жіберіліп еді. Айлалы, жырынды және осы ауылдың бар жасырын сырын, ішкі қыбыр-жыбырын, у мен зәрін жақсы бағатын кексе абысын Өйгерімнің отауына кіргенде, үнсіз ғана келген.

...Қалиқа өз көзінше Өйгерім айтқан бір ауыз өнді шала тыңдап бола бере, төмен отырған келіннің санын қатты шымшып, мытып отырды... Өйгерім өнді үзген жоқ. Бірақ мына қысым жанын тілгендей. «Жамбас сипардың» соңғы ырғағын қып-қызыл боп, от жалын жүзбен бітіре берді де, көзінен моншақ-моншақ ыстық жасын төгіп жіберіп, тоқтады. Қалиқаның ығында, қаға берісте отырып қалғандықтан, оның бұл жасын көрген кісі болған жоқ. Қалиқа ғана сезген болса, ол шіміріккен жоқ, қайта ысқырғандай боп, шапшаң ғана сыбыр етіп:

– Жетті... Желікпе!.. – деп, бұйрық берді.

...Өйгерім өні осымен тоқталған еді...

Біржанға дәл жүрер кезінде Ұлжан өз үйінен, өз алдынан дәм татқызып отырып, бата берді де, оң сапар тіледі. Сонымен қатар Айғыз, Нұрғанымдарға әкелгізіп тоғыз-тоғыз сый ұсынды. Біржанның өзіне өз қолынан үлкен күміс тайтұяқ сыйлады...

Абайдың сыйы– Біржанның өзіне тартқан сары жорға ат, сонан соңғы бар жолдасына жетектеткен және бірнеше жуан тұғыр екен.

...Жаз бойы Біржанды тыңдап, өн қадірін, өннің қасиетін азамат өнерінің бар зор биігі деп бағалаған Абай күйден толқынған көңілінен естілмеген бір сыр жырын шығарған еді:

Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Жақсы өн мен төтті күй.



Көңілге түрлі ой салар,  
Өнді сүйсең, менше сүй!.. –

деп басталған өлеңін Біржанға осы мәжілісте оқып берді. Біржан Абайды өз ішінен ойшыл, кемел жас көретін. Мынау өлең саналы ақын өнерін де шын өзгеше етіп танытты.

– Абайжан, менің өнім саған жақсы қозғау салды деуші ең. Сен болсаң, өндегі біздің өзіміз байқамай, елемей жүрген түкпірді ашасың. Ендігі өміріме борыш арттың ғой! – деді.

– Ендеше мүддеміз бір жерден шыққан екен, Біржан аға!

–...Саған менің бергенім көп десем, маған сенің бергенің, жол азығың қанша екенін өзің де бір аңғарсаңшы! – деді...

### Еңісте

...Ақшоқының жақын сайларынан анда-санда үн қатып, көкек шақырады.

Абай кітабын оқи отыра, ...ерекше сүйсінген ынтамен үңіледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы, тіпті, бөлек... Орыс тілінде жазылған ұзақ өңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы...

\* \* \*

...Абай Ақшоқыдан келе жатқан бетінде Ералы бойында, ұлықтар үйіне жақындау отырған бір кедей ауылдың қасына кеп тоқтады.

Бұл ауыл – малды ауылдардан қалпы, сұрқы бөлек, көп үйлі ауыл. Және үйлерінің барлығы да шетінен құрым киізді, жүдеу, жыртық, қара үйлер, қоңыр үйлер...

– Осы жатақтар болар. Япырай, жоқшылық қалай жүдеткен мынау елді! Сонау шетіндегі, өнебіреу шашылған, жапырылған неменелер? – деп, Абай атының басын тартып тұрып, Ерболды да тоқтатқан...

Ербол бұл көріністің мәнін өзінше жорыды:

– Ералыда дауыл қатты бола беруші еді. Осы ауылдың бір топ үйлері жығылып қалған ба деймін!.. – деген.

– Бұрылайық, бұларға не болған, білейікші! – деп, Абай көп үйлі ауылдың жаңағы күркелер жағына бұрылып келді. Бұлардың алдынан ұзын таяғын ұстап, сақалы ақшыл тартқан біреу шықты. Жалаңаш етке киген

шекпенінің өңірі жыртылған. Жүдеу жүзінде әжімі мол Дәркембай екен. Жігіттер бұны көргенде, аттарынан түсіп амандасып, тақау күркенің жанына келісті.

Бұл жатақта Дәркембай да барын Абай білмейтін.

– Жатақтың ішінде сен де бар ма едің, Дәркембай? Бұндай жайынды мен неғып білмедім? – деді.

Дәркембай басында үндемей отырып барып, сөз қатты:

– Осында отырған қырық үйлі жоқ-жітікті сұрасаң, менің тең тұсым екен. Сүйіндік пен Сүгірдің малы бар деп, көшіне ілесем деп, көп өмірім текке өтіпті. Шыр біткен мен жоқ. «Өлің барда, сойыл соғарым едің. Қыс болса, қара малымның қарақшысы едің. Қартайғанда, әл кеткенде, сенің де еңбегің жансыншы. Кәрілігің кәріптікте өтпесінші» деген кісі жоқ... Енді ыңыршағымды арқалап, кезбені қойып, мынандай ел арасына байыздауға келдім. Осылар еткен тірлікті тірлік етпек боп келдім! – деп, өз күйін жабырқау, жадау қабақпен баян еткен еді...

Бұлардың қасына осы кезде бір топ кісі тақап келді. Өр үйден шығып, бас құрасып, кейбіреулері жүк арасынан, қоқсық, шоқпыт, құрым арасынан шығыпты. Солар келген соң, Абай бұл ауылдың бағанадан ерсі көрінген бір жайын сұрады:

– Ал мынау әр жерде баспанасыз, қаусап қалған кімдер? Өзі бір үй емес, көп үйдің сілемі көрінеді ғой. Бұл үйлер дауылдан жығылған ба? Жөнін айтыңдаршы! – деп, жаңа келген жатақтардан сұрап еді.

Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және түстері жүдеу, ашаң тартып сұрланған, киімдері жыртық, екі-үш орта жасты адам бар...

Жаңағы Абай сұрағына жауапты Дәндібай шал берді:

– ...Дауыл соқты, бірақ Құдайдың дауылы емес. Ұлықтың, болыстың дауылы. Анау оязға тігілген ақ үйлердің мына жағында бөлек тұрған он шақты қараша үйді көресің бе? – деп, алдағы ұлықтар ауылының сол жағын нұсқады. Абай мен Ербол енді аңғарды. Оқшау тігілген ақ үйлердің маңынан аулағырақ жерде бір топ қара үй бас түйістіріп кеңескендей, аз ғана аяға бүрісе қоныпты.

Абайлар сол үйлерді көріп алғаннан кейін, Дәндібай...:

– Жатуына ақ үй керек. Мазағы мен масқарасына біздің лашықтарымыз керек болыпты ғой.

Ербол түсіне алмай:

– Қандай мазақ? Не масқара? – деп еді.

Бастығы Еренай боп, жиылып тұрған кедейлер жапырлап сөйлей бастады:

– Мазақ емей немене, жазалаған кісісін салатын абақты қылам деп, бір үйлерімізді алды.

– Ас пісіретін үй деп, біреулерін алды.

– Ол ол ма, Ералының кең жазығы жетпегендей, ұлықтар дәретке отыратын үй деп, тағы бір үйлерімізді алды.

– Алғызып отырған болыс пен шабарман, өңшең қу старшын.

– Бұл қу топыры қашан бітетінін ит білсін... Бөрінің баспанасын сыпырды да әкетті! – десті.

Абылғазы Абайға бұндағы жұрт кейісін жеткізе түсті:

– ...Майбасар бұйырыпты да, шабармандар кеп жұлып-жұлып, ұйқы-тұйқы қып әкетіпті.

Абай айналасындағы жиынға қарады:

– Тауқыметін өздері көтерсін, сендер неге бердіңдер?

Осы кезде бұлар отырған кебеже, жүктің арғы бауырында жатқан, жыртқық шекпенге оранған, шеке тамырлары көгерген екі кішкене бала қыңқылдап үн қатты. Ауру балалар екен. Үрпиген қоңырқай шашының астынан бозарып, күстеніп, науқас ажарлы терісі көрінген төрт-бес жасар балаға Абайдың көзі түсті. Бала қыңқылдап, қайта тынышталғанда, оның көзіне, езулеріне, құлағының ішіне жапырлап қонған қалың қара шыбын көрінді. Соған қарап отырып Абай:

– Көзіне көк шыбын үймелетіп. Онсыз да тұралап жатқан аш-арыққа осынша қаталдық қылатын не қысасы бар екен, өңшең оңбағанның? Дөркембай, сенің баяғы ашуың қайда кеткен?.. – деген еді. Жатақтар:

– Ойбай-ау, о не дегенің...

– Оған болайын деп тұр ма?.. – десті.

Жатақтардың жаңағы, соңғы жайды жапырлап сөйлеп, Абайға түгел жабыла айтуы тегін емес еді...

Абай өзі Ақшоқы, Қорықтан қасына ере келген Ербол бастаған жеті-сегіз жігіт жолдасына тез бұйрық етіп, осы сайлау үйлерінің бәрін аралап жүріп шығуды тапсырды...

...Аздан соң қалың жұрттың Дөркембай, Абылғазы, Ерболдар жүрген бір шоғырының ішіне Абай тақап келді:

– Мен қазір мынау ұлық үйіне кіремін. Базаралы жұмысы болу керек, жаңа Жиреншелерді жауапқа шақырып кетті. Келген төрелердің бет ажарын әлі көрген жоқ едім. Бірақ жолшыбай болсын, кеше осында келгеннен бері болсын, осы ояз жоқ сұмдықты бастап, соққы, дүре деген бір сұмдық қорлық істі бастап тұрған көрінеді. Егер сол жолсыз жазасын осы бүгін тыймаса, елдікке намыс, азамат басына қорлық таңба болғандай. Осы жер-

ден тарамандар! Ербол, Абылғазы, екеуің менімен бірге кіріңдер! – деді де, екі жолдасын ертіп, ұлықтың үйіне кірді.

...Сол кезде екі жақта тұрған сақшылар Абайға қатты зекіп:

– Тұр, тоқта! – деп қалып еді.

Абай орысша сөйлеп, салмақпен үн қатып:

– Сабыр! Мен Уездный начальник мырзаға өтуім қажет! – деді.

Бірақ есік пен Абай арасына екі стражник тұрып қалған еді. Дәл осы уақытта оң жақта тұрған сыпайы, сұлу пішінді бір чиновник ілгері қозғалды. Абайдың орысша сөйлегеніне таңырқап, қызыққандай. Стражниктердің алдынан жанаса келді де, күлімсіреген пішінмен:

– Сіз кім едіңіз? Білуге рұқсат етіңіз! – деді.

Абай бұл кісінің сыпайы жүзіне өз тарапынан лайықты тағзым көрсетіп, тымағын алды. Өз қадірін жоймайтындай, тең тәрбиелі сыпайлықпен бас иіп:

– Мен Ибрагим Құнанбаевпын. Халықтан шыққан жұпыны кісімін, – деді. Төреге күлімсіреп, барлай қарап, тоқтап тұр. Абаймен сөйлескен төре бұрынғысынан да жадырап, жақындай сөйледі:

– А, сіз Ибрагим Құнанбаевсыз ба? Мен сізді білемін. Жақсы білемін. Маған сіздің досыңыз адвокат Андреев көп айтқан. Таныс болайық, мен советник Лосовскиймін! – деді...

Бұл уақытта Дәркембай, Абылғазы, Ерболдар және осыларға ұқсаған толып жатқан көпшілік үлкен ызада. ...Қазір солар оязға, Төкежанға ақыра үн қатып, жан-жақтан қамшы жаудырғандай бұйрықтар сілтеп тұр. Абай ендігі сөзде сол жұртқа кезек берді. Ербол, Абылғазылардың ояз бен Төкежанға анық жеткізіп айтқан талабы:

– Сайлау бермейміз! Сен сайлаушы емес, елді ойрандаушы. Жөніңе кет, қайт шапшаң! Енді сенің бұйрығыңа көнетін ел жоқ! – деп, ұлықтарға бір айғай салды. Сонымен қатар қалың елге:

– Таратып ап кетіңдер анау үйлеріңді!

– Тарасын ел бұл арадан! Қу томардай сорайып, жалғыз ұлықтың өзі қалсын!..

– Үйлеріңді ал, жатақтар!.. Көнбе зорлыққа... – десіп, бірінің артынан бірі айғайлады.

Осы өмірді көпке жеткізісті де, Дәркембай, Абылғазы, Ерболдар жұрты бастап серпіле жөнелді.

...Жаңа осыдан бір-ақ сағат бұрын ұлық мекені бүкіл Ералы атырабына айбар шегіп, «Мен мұңдалап» тұр еді. Қазір көл бетіндегі көбіктей боп жоғалып кеткен. Халықтың көрі ұрғандай жалп етіп құлап түсті.

Ел ынтымағы бұнымен біткен жоқ. Ералыда отырған барлық ауыл ұлықтардың үйін қу далаға жалғыз қалдырып, сол күні, дәл түс кезінде бір-ақ көтеріліп тегіс көшіп те жөнелді...

\* \* \*

Он шақты күннен бері Абай Семейде каталашкада отыр. Үлкен абақтының өзі емес. Бірақ уақытша жаза орны болса да, каталашка өз тұтқынын әрбір жаза орнына лайықты қысымда ұстайды...

Абайға осы кездерде аса бір ықыласты достық көрсеткен бірнеше шаһар адамы бар. Олардың ішінде Ақбас атанған Андреев ерекше. Ол Абай қасына алғаш каталашкаға түскен күннің ертеңінде келген...

Алғаш Абайға келіп, ауылда болған халді білген сағатында Андреев:

– Құтырып барған ұлықты соншалық масқаралап, абыройсыз етуіңіз осал іс емес. Ол – әділ ашудың ісі... – деген.

...Қазір дәл осы ой созыла түсіп, тізесіне салып қойған кітап ашулы бетімен елеусіз қалған бір кезекте камераның есігі шапшаң ашыла бастады.

Каталашканың надзирателі Хомутов өзі кепті... Хомутов есікте тұрды да, қатқыл, суық үнмен хабар етті:

– Құнанбаев, дежуркаға жүр. Саған ауылдан өке келген! – деді.

Абай бұл хабарға, бір жағынан, таңданумен бірге, екіншіден, намыстан түсіп, жылдам басып, полицейге ерді.

Дежуркада, шынында, елден келген бірнеше кісі бар еді. Бес-алты кісілік тобын бастап келген Ербол мен жас Баймағамбет көрінеді. Абай оларға асығыс амандаса бере, ар жағынан Құнанбайды іздеді... Топ ішінде Құнанбай жоқ боп шықты.

– Өкем келді деп еді, ол қайда? – деп, Абай асыға сұрады. Ербол оны бүйірінен ақырын ғана түртіп қойды. Баймағамбетке қарап тұрып, соған айтқан кісі боп, стражниктердің көзін алдап:

– Өкең мына тұрған Дәркембай емес пе, кіргізіп сөйлестірмейтін болған соң айтылған ғой! – деді.

Абай бұл хабарға қуанып, бас ие берді...

Абақтыдағы жалғыздық Абай сыбағасы болды...

Абайды екі стражник жандарал кеңсесіне әкеліп, үстіңгі үлкен үйге кіргізді... Абай байқаған жоқ, бұның сырт жағын ала осы бөлмеге оның дауын қуып жүрген адвокат Андреев те келген-ді.

Бөлменің Андреевке қарсы жақ бір шетіндегі орындыққа чиновник Лосовский кеп отырды. Оның қасына ерген қасқа маңдай, қаба қара сақалды,

кең жауырыңды біреу бар. Келбетті келген, қайратты, ойлы адам. Ол осы кеңсе қызметкері Михайлов. Өзінен кейінірек отырғандықтан, Абай оларды да байқаған жоқ.

Стол басына келген ұлықтардан үлкен бурыл сақал, қартаң кісі ақшыл шашын шалқасынан қайырған. Сол өткір көкшіл көзді чиновник бұл мәжілісті өзі басқара келе, Кошкинді шақыртты. Ералыға барған шенді төре ажарымен сондағы суық, қыңыр түсінде Тентек ояз кірді. Үнсіз үйдің ішінде аяғын қатты басады, төкөшпар жүзді. Абай қатарындағы орындықтарға отырған жоқ. Стол жанына отырды. Ел кісісі кірген жоқ.

...Бұл тергеу Абай ісін айрықша бір қолға алған арнаулы «отырыс» сияқты. Абайдың осы күнге шейін жеке жауабында айтылған сөздерді қайта сұрау басталып еді.

Жауапкер Ералыда болған халді түгелімен шолды. Тентек ояздың елді қорлаған, заңға қарсы қарекетін айтты... Үкіметтің өзі елмен бірге сайлап бекіткен «халық билерін» – Оразбайларды Кошкиннің ел көзінше дүрелеп сабағанын баса айтты. Барлық әлек содан болды деп баян етті... – деді.

Абай бірталай сөздерін адвокат жазып берген арызы бойынша айтты. Сондағы жазылған сөйлемдердің есінде қалғанын орысша қайталап айтты.

...Бұл мәжіліс ағасы – көрі советник заңшыл адамға ұқсайды.

Сол төренің бүгінгі мінезінде екі түрлі өзгешелік білініп тұр. Ең өуелі – сахаралық киргизді патшалық чиновникпен көзбе-көз кездестіріп, істерін қоса тергеу әдеттен тыс еді. Екінші – сол кездестіруде көрі төренің осы екі адам жұмысына әдейілеп шұқшиған өз басының есебі де бардай.

Абайдың алғашқы жауабын бөгемей, қақпай, ұзақ айтқызу осы соңғы жайды анық аңғартқандай.

Шынында, сырты әділет сияқты болған мінездің қызық астары бар-ды. ...төренің өзі аса парақор кісі болатын-ды...

Бағанадан Абайға беріліп тұрған еркіндікке ызасы келіп отырған Тентек ояз зекіп қоя берді:

– Сіз халықтың кімі едіңіз? Халық атынан сөйлеуге сізге кім право берді? Ол күшті сіз қайдан алдыңыз?

Абай бұның зекігенінен қымсынған жоқ. Оған қарап мысқылдап күліп жіберді де, қарт советникке бұрылды:

– Бұл кісі күш дейді. Рас, бұның қасындағы стражниктеріндегі күш менде жоқ еді. Халық қолында да құрал жоқ-ты. Бірақ ол құралдан мықты қуат бар ғой. Тентек ояз өмірінен астамырақ – әділет, ар өмірі де бар. Біздің халқымыз ол туралы... – деп, ендігі сөзін тілмашқа айтты. – Осынымды жақсы жеткізіңіз, – деді де, қазақша, – Біздің халқымыз «Күшіңе

сенбе, адал ісіңе сен! Қиянатқа көнбе, әділдікке атса да, көн!» дейді, – деді. Бүгінгі жауабының салмағын, сырын осы деп танытты...

Ендігі тергеу қысқара бастады.

...Каталашкада осы тексеруден соң Абай бір-ақ күн түнеді. Ертеңінде таңертең тұтқын есігі ашылды.

Бірақ Абай жазықсыз боп, ағарып шыққан жоқ. «Қызмет бабында іс жүргізетін уезд начальнигі Кошкинге сол қызмет үстінде тәртіпсіздікпен бөгет жасағаны үшін алты ай абақты жазасына барабар мың сом штраф кесілсін» деген үкім бопты.

...Абай ісін жаңағы үкіммен аяқтатса да, ұлықтар екінші бір істі бөліп шығарыпты. Ол – Оралбай мен Базаралы Қауменовтер жұмысы деп аталып, бұдан былай ерекше тергеуге қалды...

Абай босанып, далаға шыққанда, көшеде үш өсем жирен ат жеккен жаңа қара күйме тосып тұр еді. Ішінде отырған Мәкіш, Салтанат, Ербол – үшеуі Абайға қарсы қуана ұмтылысты...

Енді біраз уақытта шеткі аттардың мойнын қала сәнімен тұқырта қайырып тастаған жеңіл күйме Абайды ар жақтағы Тінібек үйіне қарай шапқылатып, қоңыраулатып алып жөнелді.

...Мәкіш отауының терезелерінен ыстық күн сәулесі түспейді. Қоңырқай қалың жібек пердемен қоршалыпты. Көкшіл көлеңке басып тұрған жасаулы, сәнді отау әрі салқын, әрі оңаша...

...Қыр жолаушысы сияқтанған, саптамасы бар, тобылғы сапты қамшысы бар, қара елтірі тымағы Тобықты үлгісінде тігілген біреу кеп кірді. Денесі еңгезердей.

Алакөлеңке үйде оның көзі өлі ешкімді көрмей, қарауытып тұр. Абай бұны танып, сәлем берді де:

– Бер қарай бас! – деді.

Келген адам аяғын еппен басып, Абай қасына жер сипалап отырды да, үй ішіндегі бір қыз, бір жігітті ғана аңғарды. Сол аңғаруымен бірге, өзінен өзі қатты қысылып, Абай берген қымызды да іше алмады. Бұл келген Құлыншақ баласы, белгілі Бесқасқаның бірі – Манас болатын.

Ол Абайға өдейі елден Ұлжан бәйбішенің жіберуімен келгенін айтты. Ел жайлауға қарай ұзап кетіпті. Қаладан Абай хабарын көптен ала алмаған шешенің ішкен асы тамағынан өтпейтін бопты...

– Абақтыдан шыққаным кеше. Ел-жұрттың бетін көріп, жай-жапсарды ең әуелі білісіп отырғаным осы. Кінәні елге барған соң, кең-байтақта айтысармыз, қайтесің! – деп бір тоқтады.

...Енді қайтып Тінібек үйіне аялдамай, ар жаққа кетіп қалуға бекінді.

Ар жақта, Кәрімнің үйінде Ербол, Баймағамбет үшеуі жатқалы бірнеше күн болды. Бұл уақыттарда Абай күндізгі, кешкі уақытының көбінде кітап оқиды. Күнде таңертең Баймағамбетті ертіп, салт атпен қаланың орта тұсына кетеді. Ертiс жағасына тақау, тар көшеде, тығырықтау жерде тұрған екі қабат, тасболат ақ үйге келеді., Жаңағы тас үйдегі кітапханаға кіреді.

Бүгін бірер керек кітабын алып шықпақ боп, Баймағамбетті тосқызып қойып, өзі жалғыз кіріп еді. Кітапхананың ұзынша оқу бөлмесінде жұрт отыр екен... Абай танитын өжімді жүзді, шоқша бурыл сақалды, жұпыны киімді қарт кітапханашы жымия күлді. Сирек бір қонағы келгендей, сыпайы пішінмен қарсы алды.

Залдың бергі шетінде мұртын сәнмен ширатқан, бұйра шашты, жылтыр жүзді чиновник отыр еді. Ол қатарындағы биік прическасы бар, сәнді киінген жас әйелге күлімдеген көзбен жиі иіледі. Бұл жерде де бозбастық дағдысын ұмытпағандай.

Сол жігіт кітапханаға Абай кіргенде, қасында отырған паң жүзді көрші әйеліне Абайдың келе жатқанын көрсетті. Залдың ішіндегі оқушының біразына естіртіп, даурыға түсіп, тұрпайы бір әзіл айтты. Ол әзілі кең шапан киіп, бұнда отырған жұрт үлгісінен басқаша көрініспен келген сахара қазағы Абайды қағытқан сөз еді.

– Бұ не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? – деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандасып, өзіне керек кітабын енді атағалы тұр еді. Жаңағы тұрпайы әзілді құлағы шалысымен, чиновник жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады... Енді күлкілі мысқыл жүзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты:

– Чиновник мырза, түйе кірсе, несі бар, бұнда ол түгіл, есек те отырыпты ғой! – деді.

Чиновник бір қуарып, бір қызарды да үні өшті... Таныс қартына Абай бүгінгі керегі «Русский Вестник» журналының белгілі саны екенін айтты. Кітапханашы ол журналдың кісі қолында екенін білдіріп үлгергенше, бұл екеуінің қасына орта бойлы, кең маңдайлы, қаба қара сақалды бір адам тақап келді. Ол бағанадан бері Абай кіргелі бұл кітапхананың сахарадан келген сирек оқушысына қадала қарап, аңысын аңдып отыр еді. Жаңағы Абай мен жеңілтек чиновник арасында болған өткір қағысуды да түгел естіген болатын. Қазір сол кісі Абайдың алдына келді де:

– «Русский Вестник» менде. Мен қарап болдым. Сізге бере аламын. Тек сұрайтыным, сізге ол не үшін керек еді? Қай жерін оқымақсыз? – деді.



– Ол журналда Толстойдың жаңа романы басылыпты, соны оқымақ едім! – деді.

– Сіз Толстоймен таныс па едіңіз? Неге оны ғана керек еттіңіз? – деді.

Абай бұл кісіге енді бұрылды. Жүзінен, барлық келбет-қабілетінен өзін сынап, барлап тұрған маңызды адам екенін байқады. Сыпайы жымыып, ілтипат білдірді.

– Мен Толстойды бұрын аз оқыған едім. Бірақ орыс халқының шын дана, ақылды адамы деп естимін. Сол ақылды адам қандайлық өсиет айтады екен, ұққым келеді!

Абайдың жаңа танысы журналды Абайға беріп тұрып:

– Білмек талабыңыз жақсы екен... Сізді мен сыртыңыздан бұрын да білуші ем. Бүгін мынау орында сізді көруім, шынымды айтсам, артық өсер етті! – деді. Өзінің жөнін айтып, Абайға қолын созып: – Танысайық, Михайлов Евгений Петрович! – деді.

Абай оның қолын шапшаң алып, қатты қыса түсіп:

– Ибрагим Құнанбаев! Мен сізді жақсы білемін. Достарыңыз маған сіздің жайыңызды көп айтқан. Танысқаным қуаныштымын! – деді.

Осыдан соң екеуі де кітапханадан шығып, Ертіс жағалаған көшемен ылдилап жүріп кетті. Шапанын желбегей салған Абай қамшысы мен тымағын артына ұстаған. Екеуі де баяу басып, өңгімелесіп келеді. Бұлардың арт жағында, Абайдың «Бір орыспен сөйлесем деп, көше бойы жаяулап бара жатқанын» лайықсыз көрген Баймағамбет салт еріп келеді. Олар осы бетте су жағасындағы ақ диірменнің қасында тұрған ұзынша тасболат ақ үйге жетті. Михайлов парадный есікті Абайдың алдынан ашты да:

– Біздің үйге кіріңіз. Менің өлі сізбен біраз сөйлескім келеді! – деді...

Бұл кездесуде осы күн кешке шейін Абай Михайловтың қасынан кете алмады. Мәжілісіне соншалық ырза болғандай ұзақ отырды.

Михайловқа Абайдың ықыласын ерекше аударатын себеп көп-ті. Абайдың бұл күнгі жиі сөйлесіп, ақыл алып сырласатын досы адвокат Андреев осы адамды мол баяндаған. Қазіргі Семей шаһарындағы орыс адамдарының ішінде ең зор ойшыл және үлкен адамгершілік тәрбиесін көрген жан деген...

Михайлов Абайдың бұл күнге шейін не кітаптар оқығанын сұрастырып білумен қатар, өздігімен оқудың жақсылығын да айтты, қиыншылығын да білдірді... Бір кез Михайловқа өзіл етіп:

– Менің жолымдағы қиыншылықтарды айтқаныңыз сонша тура. Мысалы, көңілі жүйрік, қолы шебер сынықшы болады. Соның мертігіңді тауып, сипап отырған майда қолындай. Менің бірталай мұңымды өзіме өзім айтып көрмеген тілмен жеткізіп отырсыз! – деді...

– Сіздің ұқсатуыңыз дұрыс, тапқыр сөз. Менің аңғаруым дұрыс болса, сіз көбінше бір нәрсеге теңеп айтқанда оқыс, қызық мысалдар табасыз. Оны мен сіздің Кошкинмен дауласқан жауабыңыздан жақсы аңғарған едім! – деді.

Абай өзінің тергеуінде Михайловтың болғанын енді білді...

Алғашқы күнгі кездесуді Михайлов бұдан соң Абайдың орыс жазушыларын кімнен бастап, қай кітаптарын оқу керек деген байлауымен аяқтап еді...

Осы күннен соң, әрбір үш күнде Абай Михайловтың үйінен табылатын болды. Ендігі екеуінің мәжілісі сахара тіршілігінің қамы мен мұңынан да қозғалады.

...Ендігі жасында Абайдың анық білгір, ойшыл ұстаздай, кең шалымды кісі көргені осы Михайлов сияқты...

Осымен бірге дәл осы күнгі мәжілісте Михайлов Абайға облыс пен уезд кеңселерінің арасындағы соңғы бір жаңалықты білдірді. Бұл күнде Кошкин Семей оязының орнынан алынып, Өскеменге ояз боп сайланыпты. Оның орнына Семейдің оязы боп советник Лосовский тағайындалыпты. Ол – Абайға оң қарайтын, әділеті бар чиновниктің бірі. Облыстық правление Лосовскийге енді біраз уақытта уезд ішіне шығып, Кошкин өткізе алмаған болыстық сайлауды қайтадан өткізуді тапсырып отыр. Абайдың болысы Шыңғыста және көршілес Қоңыркөкшеде, Қызылмолада жаңа сайлау болады.

Бұл хабарларды Абайға білдірумен бірге, Михайлов енді Абайдың Лосовскиймен елге ере шығуын лайық тапты...

Михайлов... Абайдың иығынан құшақтап, бір қысып қойды.

– Құнанбаев! Біздің достығымыз екеуімізге де жақсы нәтиже берер деп үміт етемін. Тек кітапханадан, Кузьмичтен қол үзбеймін деген уәдеңізге берік болыңыз! – деді.

Осы жолы Семейден бір арба қып алып қайтқан Абай олжасының қақ жарымы Михайлов көрсеткен я өздігімен тауып берген кітаптар еді...

Осыдан аз күн өткен соң Лосовский сайлауға шықты. Абай Ербол мен Баймағамбетті жайлаудағы ауылға, Шыңғысқа хабарға жіберіп, өздері Лосовскиймен бірге Қызылмолаға тартты.

Лосовский Андреевтің үйінде берген уәдесін бұл жолы шын орындады. Қызылмола, Қоңыркөкше, Шыңғыс болысы сияқты үш болыстың сайлауына Абайды қасынан қалдырмай, ертіп жүрді. ...Сол елдерге Лосовский Абайды қадірлі адам етіп танытып отырды.

...Абай кіріскендіктен бірде-бір болыста болыстық билік, кандидаттық үшін қыңқ еткен талас болған жоқ.

...Абай бұл жолы мынау үш болысқа ешкімнің ойында жоқ үш жасты сайлатты. ...Шыңғысқа атағаны – қатты қадірлейтін адам, Торжанның ағасы, Абайдың досы – Асылбек... Қоңыркөкшеге ...«момын, есті жігіт» деп, Шымырбай дегенді сайлатты.

Қызылмолаға болыстықты тілемесе де, Абайға «Ендігі өмірде тілеуі бір жақын іні болам» деген Ысқақты сайлады. Бұл Құнанбай баласы, Абаймен бір шешеден туған-ды...

Ералыда биылғы көктемде ойда жоқ лаңнан басталған «Абай мен ұлық тартысы» өзірше осылай аяқталды. Абай жеңгендей боп, ел ішіндегі оның атағы қатты дабырайды.

### Оқапта

Сонымен ел бауырға түсуге бет алған уақытта ғана, көптен зарықтырып күттірген өз ауылына қарай енді тартқан-ды. ...Абай ауылының бар үйін жағалай аралап, үлкендеріне сәлем беріп, бірталайдан соң қайта оралып келді. Орнына отыра бере, бұл үйдің ішіне оқшау бір хабар айтты.

Хабарының басы – ертең Есқожа ауылында болатын той туралы.

Ол күйеу келетін той екен. Бұл ортадағы бойжеткен қыз атаулының ең бір еркесі, сәнді сұлу Үмітей ұзатылмақшы...

Ертеңінде Өйгерім бастаған көп әйелдер бірнеше топ боп Есқожа ауылына аттанды. Түске жақын сол ауылға Ербол мен Баймағамбетті ертіп Абай да келді...

Балалар шулайды. Кейбір ересек, кексе әйелдер, еркектер... асығып, алқынысып айтып тұрған хабарлары естілді:

– Уа! Салдар келеді!..

– Жаным-ау, өздері қалай киінген?

– ...Бөрінің қолында үкілі домбыра. Мынау бір елден ерек жүріс екен... – деп күліседі.

Даладағы жұрттың бәрі: «Салдар, серілер келді» десіп, түгел әбігерге түсті...

Далада бұлар көзіне түскен көрініс екеуін де таңғалдырды.

Салдар күйеуге тігілген үш отауға қарай тақап қалыпты. Ол отаулардың ортадағысы – сегіз қанат. Сырты қызыл-жасыл манатпен оюланыпты. Дөдегелерге қалың қызыл жиек бастырылған. Есік алдында көмшат бөрікті, үкілі, үлкен шолпылы, өңшең әсем, сәнді бойжеткендер тұр. Кейде қатарланып, кейде топтанып, өзгеше қонақтарын тосады. Осы қыздар ортасында үлгісімен, киім сәні ерекше бөлінген, қара көмшат бөркін шекесіне таман

киген бір қыз бар. Ол топ жұлдыз ортасында Шолпанындай, той иесі – қалыңдық Үмітей болатын. Қонақтарын қарсы алуға әдейі шыққан. Салдар отау үйге тура тартып, жақындап қалғанда, Үмітей қасындағы қыздарын бастады. Қанат жайған сәнді, сылдырлы, әзіл сыңқылды майысқан қатар салдарға қарсы басты...

Бұл кезде салдар өні шырқай түсті... Ортада сал ағасы өзге топтан оқшауырақ алда келеді... Сал ағасы өзге жігіттерден жасы үлкен, бойы, бітімі де келбетті келген Байтас екен.

Домбырасы да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да: «Мен сал домбырамын» дегендей...

\* \* \*

...ендігі бір кеңесте Тұрғанбай мен Абылғазы Абайға: «Бұл өңірден көшейік, бұнда түлкі арылды. Енді көшкен соң, ұзақсынбай, тура Машанға көшейік!» – деді...

Абай көнген соң, үш қос ертең жығылып, Бұғылы, Машанға қарай беттейтін болды...

Бұл уақытта қатайып жел шығып, ұшқындап қар жауып, айнала түгел қарлы мұнармен қоршалып апты, Абай күн райы қатты бұзылғанын енді ғана көрді...

– Ал енді адаспасты ойлайық. Бала, өзіңнің көңілің берік пе? Бетіңнен жаңылған жоқсың ба осы? – деп, Ербол Шөкеге ширақ үнмен сөз қатты...

Абайдың түлкі тымағының екі самайынан қадалып ұрған жел шекесін шаныштыра бастады. ...Бір Абай емес, бар жүргіншінің де күйі сол Абай күйіндей екен...

Тағы да ұзақ сарылған шексіз, баянсыз жүріс болды. ...Бұл күні тағы да күнұзын айықпастан боран соқты...

Ендігі сапарды Шөке емес, Баймағамбет бастаған... Абай болса, қазір өзін анық аурудай сезеді...

Дәл осы шақта қас қарайып бара жатқан кез еді. Абай құлағына бір жалғыз айғай естіліп қалды... Аздан соң жаңағы айғай тағы естілді. Анық адам даусы. Кім де болса, адамзат болса, бұл жолаушылар қазір жылап көріскендей болатын. Соңғы айқаймен ілес Абай орнынан секіріп атқып тұрғанда, өзін «Ауру шығармын» дегенін орынсыз екен деп білді. Тұра сала, қатты қайырып шырқап, айғай салды... Ербол Абайдың қасына ұмтылып кеп:

– Не болды, Абай? Кімге айғайладың? – деп, Абайдың жүзіне таңдана қарап қапты. ...Абай жүзі сергек екен. Жолдастарына бұрылып:

– Айғайлаңдар! Жаңа бір кісінің қатты шырқаған үні естілді, айғайлаңдар! – деді.

Желдің шуы өлі де түк басылған жоқ екен. Бірақ төртеуі үн қосып тұрып ұзақ-ұзақ қатты айғайлады. Дәл осы кезде ақ боран ішінен, жел жақтан бұлардың көз алдына бұлыңғыр үлкен қара көріне берді. Келер сәтте аппақ дүниенің ішінен айқындалып, бадырайып, қастарына ағыза шауып, бір атты кеп қалды. Зор денелі, үсті аппақ қар болған, ақбоз атты. Жанында семіз баран жылқы қосары бар. Бұл адам қуана айғайлап:

– Уа, бармысың? Тірімісің, жандарым-ау! – деген сергек сезіммен жетіп келіп, аттан түсе берді. Келген кісінің үнін алдымен таныған Абай еді. Айғайлап қуанып:

– Абылғазы! Айналайын Абылғазы-ай! Қайдан кеп едің? – деп, жүгіріп барып құшақтай алды.

Ол анық Абылғазы еді.

– Қайдан келуші ем? Сендерді іздеп келем!.. – деп, бәрін өзі билеп кетті...

Жүргіншілердің бұл кезде келіп тірелген жері Машан тауының желке тұсы екен. Алда Абылғазы бастап жортып келеді...

Абылғазыға жанасалап жүріп келе жатқан Ербол:

– Жаным-ау, қалай таптың бізді? Көріпкелің бар ма? Осындай ақ шұнақ боранда адасқан адамды табамын деп, есі бар кісі іздеп шығар ма? – дейді.

– Атама! Мені бүгін кісі демей, осы жонның қасқыры десеңші!

– Қасқыр да боранда іздегенін таппай, кезіккенін алады ғой!..

Ендігі барыста Ербол Абылғазының бұларды қай жерге апаратынын, қандай ниеті барын сұрап еді. Абылғазы барлық топты тосып, біраз иіріп тұрды да:

– Жігіттер! Сендердің суықтан қатты жаураған жайларың бар көрінеді. Өзіміздің қосты іздеп табайын деп келе жатқаным жоқ. Жаман-жақсы болса да, осы Машанның салаларын қыстайтын Жуантаяқ, Мотыштың бірлі-жарым ауылы болатын. Соның біріне жеткізіп, үйі-күйі жаман болса да, жылы қазан аспаның жанында жан шақыратын жылы жайға жеткізейін деп келем... Өйтеуір, бүгін түн жылы жерге жеткізіп, өздеріңе жан шақыртам! – деген.

...Осымен тағы да бірқатар уақыт үнсіз желе жортып, қалың қара адыр ішіндегі терең шатты, тоғайлы өзекті құлдап келе жатқанда, бұлардың алдынан «шөу» етіп үрген ит даусы естіліп қалды...

Абай мен Ербол қатты желіп қатар келіп, Абылғазының қасына тақай бере, төменде жап-жақын жерде қызарып тұрған терезенің отын көрді.

– Елі Елі

– Қайран ауыл! Айналайынның елі! Тіпті, өлі жатқан да жоқ! – деп, Ербол Шөке мен Баймағамбетке даурығып хабар етіп жатыр.

– Терезесі көп! Өзі үлкен қыстау. Мынау бір ауқатты ауыл ғой! Жолымыз болған екен, жігіттер! – деп, Абылғазы да қатты қуана сүйсінді. Бар жүргіншіден өзі бұрын келді. Есік алдына аттан түсе бере, жаяу кісі кіретін жабық есікті дүбірлетіп, асыға қағып тұр.

Абай аттан қалай түскенін білмейді. Шылбыры қолынан түсе бергенде, Баймағамбет алып кете берді. Денесі араштай боп қатып, сіресіп қалған сияқты. Қозғала алмай, сілейін тұрған халінде Шөке тақап кеп, қолынан ұстап, сүйеп қана қозғалтты. Жер дүние қорасымен, аттарымен Абайдың көз алдында шыр айналып бара жатқандай. Екі құлағы шыңылдап, сөзді де естіртпейді. Тек үзік-үзік аңғарғаны үйден шыққан бір екеумен Абылғазы, Ербол сөйлеседі: «...Мотыш!... Дорал!.. Найман!..» деген ұғымсыз бір аттар ғана құлағына келеді. Абылғазы алға түсіп, ауыл кісілері соны бастап, ұзын, қараңғы даламен жолаушылар шұбырып келе жатқанда, түкпірде, қараңғыда қызыл сәуле беріп бір кең есік ашылды. Ар жағынан қарсы жүрген бір әйел даусы:

– Отауға кіргіз. Үлкен үй ұйықтап қалды! Отауға кіргізсін дейді! – деген бұйрық білінді...

Енді есіктен аттап Абай кіріп еді. Артынан оны сүйей Шөке қоса кіргенді. Абай әуелі оң жақтағы шапақты қызыл шымылдықты көрді... Енді үй иесіне көзі түсе бергенде, қатты аңырып..:

– Жасаған-ау! Абаймысыз? Құдай-ау, сізді де көретін күн бар ма еді? Бауырым-ау! – деп кеп, Абайды құшақтай алды. ...Төрге шығып отыра берген Ербол, Абылғазылар:

– Ұшып, жаурап кеп еді!

– Талықсып, ауырып кеп еді! Есі ауып кетті-ау! – десті. Абайды бар жолдастары боп төрге алып кеп, төсекке сүйеп отырғыза берді. Шөке бөлін шешіндіріп жатқанда, сырт киімін Баймағамбет тартып шешіп, кеудесін аша берді. Келіншек:

– Я, Құдай-ау, не дейді? Дертпен келіп пе еді? – деп, биік төсегінен үлкен кестелі ақ жастықтарды алып, Абайдың артына құлатты...

Абайларды тыстан кіргізген екі еркек осы үйде. Олар таңырқап, салқын томсарып тұр еді. Ербол мен Тоғжанның көріскенін көрген жерде көңілдері жай тапқандай болды. Келгендер Тоғжанның бауыры, төркіні екеніне көздері жетіп, тынышталған...

Аздан соң шай келді... Бағанадан Абайды бағып отырған Тоғжанның қабағына қатты кейіс ілінді. Үріккендей боп:

– Абай, суықтан ба, сіз сырқатсыз ғой. Қиналып отырсыз ғой! – деді.

Ербол да Абайдың бас көтеріп, Тоғжанға қараған жүзінен оның анық науқас екенін айырды...

Ас піскенше Абай үнсіз жатты...

Енді біразда үстіндегі көрпені, күпіні жұлқып тастап: «Күйіп барам, өртеп барады, алшы, алшы!» – деп, Абай тағы да ұйқысырап оянды.

Осындай аласұрумен Абай науқасының басы басталды...

Абай бір сәт тағы да алқына, қинала аунап, «Сусап барам!» дегенде, жылаудан басын көтеріп алған Тоғжан оның не айтқанын аңғара алмай, өксіп отырып аңыра қарап еді.

Теріс қарап жатса да, сергек жатқан Ербол орнынан атқып барып, Абайға пештің қырында тұрған сусынды әкеп берді...

Бірақ ауыл Абайдың науқасына қайысқанмен, осы күннің түс шағында Тоғжан туралы ұнамсыз сыбыр есітіп, келін мінезін сыпсындап сөз қып қалды. Түндегі екі жігіт Тоғжан мен Абай арасындағы қас-қабақты жақсыға жорыған жоқ... Осыдан соң Абайды күтуге Тоғжан жіберілмей, бұл отауға Найманның кемпірінің өзі кеп отырған...

Бір жұма қатты аурудың соңынан Абай салдырап, аса жүдеп, өте әлсіз күйде ес жия бастады. Аз-аздап ұйқы тыныштанып, асқа қарап келеді. Осы кезде Абайдың жолдастарымен біржолата үн қатпай, салқын сызданып алған Аққозының ажары Ербол мен Абылғазыға жақпады. Абай басын көтере салысымен, кемпір де Баймағамбетке, Шөкеге:

– Абай тәуір болды. Енді бұнда көп сарылып жатпассыңдар, шырақтарым. Ауылың да, елің де алыс емес. Туыс пен жақынды жағалап, қонақтап жүріп кетсеңдер, еліңе барып қаласың ғой! – деді. Қонақты аттандырғысы келгендей сыр білдірген. Осымен тағы да бір үш күн өткен соң, Абай аттанатын болды...

Бұл қыста Абай сыры үздіксіз қатты тыйымға, тұйықтыққа кетті. Ендігі сырласы, досы, шын ұзақ айнымас серігі – тағы да кітап, кітап қана.

### Асуда

...Осының ертеңінде пар атты трашпеңкеге Абай мен Баймағамбет қатар отырып алып, Семейге тартты. Жер кеуіп, жол дегдіген...

Баймағамбет әр жүрісте шапшаң болатын. Ол аяң мен бүлкек дегенді білмейді...

Бұлар жол бойы Күшікбайда түс ауа ат шалдырды. Сонда жол азықтарынан өздері де тамақтанып алып, күні бойы толассыз жүрген. Осы күні ел жатар кезде кешігіп жүрген жолаушылар Тінібек қақпасын кеп қағып еді...

Бұл жолы Михайлов пен Абайдың кездесулері бұрынғы уақыттардан жиілеп, әңгімелері әр кезде ұзақ-ұзақ болысты. Евгений Петрович Абайды көптен керек еткен досындай қуанып қарсы алған...

Михайлов өзін осы өлкенің келешегі үшін терең ойлар ойлайтын, ұзақ ойланатын адам етіп көрсетті.

Оның ойынша: «Қазақ елінің алдында тұрған бір жақсылық, бір жаманшылық бар. Жаманшылығынан құтылу қиын. Жақсылығына жету қиын. Жаманшылық – бұл өлкелердегі ұлық, чиновниктер. Жемнен, шеннен басқаны аңғармайтын керең, меңіреулер. Жақсылық – орыстың өнері. Бірақ қазіргі қазақ қауымына бар сыры, бар түрі жат, жұмбақ. Бүгінгі қазақ орыс дегенде, Селантий, Сергейлердей, Тентек ояздай өгей күшті ғана біледі. Бірақ Абай танып, біліп келе жатыр ғой. Орыстың елдігінде, оның ар жағында жатқан мүлде бөлек сыр бар. Ол ғажайып, қадірлі дүние. Орыста бұл күнде дүние есептесетін ғылым бар. Орыста дүние жұрты оқитын кітап бар. Халықтың шын қасиетін, шын елдігін танытқан, дүниеге танытқан асқар ойлы даналар бар. Соның бәрі бүгінгі қазақ қауымына бөтен, алыс, жат болып жатыр. Екі-ақ түрлі шара бар. Қараңғы елдің Абайдай ерте оянған жалғыздары өзіне серікті сол орыстың қазынасынан таппақ, алмақ керек». Михайлов Чернышевский жайын айтқанда, Абай бір сөзді көп сұраушы еді. Онысы:

– Біздің қазақ сияқты елге, сол елдің ояна бастаған азаматына Чернышевский осы арада болса, не мәслихат айтар еді? Қандай бет нұсқап, жол көрсетер еді? Осы туралы не ойлайсыз? – деп сұрайтын.

Бүгін Михайлов осы жөнді де өзінше ойлап, шешкендей екен... Талай мәжілістің соңында бүгін нақтылы, дәл мәслихат айтты:

– Ибрагим Кунанбаевич! ...Дәл сіз үшін қазір мен екі нәрсе айтар едім: бірінші – қазақтың жас буыны үшін, мысалға алғанда, дәл сіздің өз балаңыздан бастасақ, «оқу, оқу, оқу!» дер едім. Орысша оқу! Екінші – оқыған мен білгенді халыққа жаю...

Абай көңіліне Михайловтың бұл әңгімесі дәл өз ішінен шыққан сөздердей боп сезілді... Михайлов:

– Аз жылдар ішінде балаларыңыз орыстың тілін орыс үйінде тұрып оқып, жақсы біліп кетеді. Халық пен халықты, адам мен адамды теңдік дәрежесіне жеткізетін қасиет – білім. Тек чиновник болам, ұлық болам



деп оқымасын. «Халқым жіберген алғашқы баршымын» деп, «өзім үшін оқимын, елім үшін өсемін» деп оқысын! – деді.

Абай өзінің Өбіштей, Мағаштай аса талапты шөкірт балаларын көз алдына келтірді...

Михайловтың Абай қиялына үлкен нәр берген мәжілісін жаңа келген қонақ еріксіз бұзды. Ол Абай мен Михайловтың күнде көрісіп жүретін белгілі досы Андреев болатын.

Андреев бұл жолы Михайловтың көңілін әңгімемен алаң етпек. Және Абайға да білдіру қажет деп, ояз кеңсесінен есітіп шыққан Тобықты елінің хабарларын айтып келді. Бұл күнде ояз кеңсесі, мировой судья кеңсесі, одан қала берсе, жандарал кеңсесі де Тобықты ішінен түсіп жатқан сансыз көп пірғауар, арыз, шағым, акт дегендерге толы екен...

– Шағымның барлығы болыстардың үстінен, – деп Андреев мысқылдап жымиды да, – ұмытпасам, осы болыстардың барлығын Лосовскиймен бірге еріп шығып: «Халыққа жайлы, дос адамдар болады» деп, Ибрагим, сіз сайлатып едіңіз ғой! – деп күліп қойды. – Приговор берушілердің тағы бір тобы бар. Олар – шын қорлық көрушілер, ылғи жатақ, кедейлер. Солардың біраз жоқшылары маған келіп: «Ісімізді ал, болыстар істеген зорлық, қиянаттар туралы сөзімізді жеткіз, есемізді әпер» деп, істерін де бергелі жүр! – деді...

...Абай ана бір жыл «ел қамқоры болар» деп, «ұятты, арлы болар» деп өзі сайлатқан бірнеше болыстар үшін қазір намыстанып та, қысылып та қалды. Осы болыстардың ішінде бір болыс Абайдың өзімен бір туысқан Ысқақ еді. Ол жаманшылықты Абайдың дәл өзінің қойны мен қонышынан шығарып отырғандай көрінді.

Ендігі мәжіліске Абай бой жазып араласа алмады. Өз ұятымен қатты түйіліп қап, толғанып отырып күрсінді де, қоштасып кетті.

\* \* \*

Ералыдағы жатақтарға қаладан қайтып келе жатқан Абай мен Баймағамбет кеше кешке келген еді.

...Дөркембайдың бұған шақпақ үлкен мұңдары болатын. Оның кейбірі өзінікі болса, тағы бір алуандары осы арадағы көрші-қолаң, кем-кетіктердің мұңы...

Қазір Абай қасына қырық-елу үйлі жатақтың төрт-бес шалы әдейілеп іріктеліп келіп отыр екен. Жаңа келген қарттардың барлығынан Абай егінді қалай салғанын, қазіргі ішіп-жемі, күй-жайлары қалай екенін жеке-жеке сұрастырды.

– Миялы-Байғабыл жатағы, егіндік жерлерің тәуір еді. Өндіріп егін салғаның кім болды? – деп, әуелі Дөңдібайдан сұрады.

Дөңдібай «өндіріп» деген Абай сөзін қайталап, күлді де:

– Шырағым, Абай-ау! Өндіретін біз бе едік? ...Құдайдың берейін деп тұрғанын да ала алмайтын мешеулік бар емес пе? Сол Миялы-Байғабылыңда отырған ұзын саны жиырма үйдің, жиыны жиырма жер егін салмаған соң, несін мақтан етейін.

– Салғаның шығатын ба? Егін тарпы биыл қалай болатын? Азының да берекесі бар ғой! – деп Абай сұрағанда, Дөңдібай, Дөркембай, Еренай үшеуі қатар үн қатысты:

– Береке деймісің...

– Берекені бұйыртса, жарайды ғой!.. – десіп, үшеуі қатар, күдікпен мұңдарын сездіреді.

– О не дегендерің? – деп, Абай Дөркембайға қарағанда, үй иесі бағанадан айтпақ болған мұңының біреуін бастады:

– Былтыр «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле» деген бір сөзің есімде қапты. Тіледік те, еңбек еттік. Еңбегімізге орай, былтыр бәріміздің де астығымыз Шолпанға, Кіндіктіге, Миялы-Байғабылға да жақсы шығып еді. Соның арты не болды? Дәл былтыр осы Ералыда болған, өзің көрген жанжал сайлаудың артынан біз тұралап қалған жоқ па едік...

– Балтамтаптың аяғы Бүрлібайдан тарқамады ма?

– «Жаман, жыртық лашығыңа жоқшы болам деп, оязбен шатақты шығарып, қырсық жасаған сендерсің», – деп Төкежан, Майбасарлар қырсығын өкеп біздің былтырғы егінімізге тигізбеді ме? Береке деген со ма? Жайқалып тұрған егініміз енді пісіп, енді орақ саламыз дегенде, бір түнде бес ауылдың жылқысы қаптап, тып-типыл қып кетті ғой! – деді Еренай. Ол Дөркембайдың сөзін бөлген бойында, былтырдан Абайға мәлім болған аса бір арманды арызын айтып кетті.

Абай бұл сөздің төркінін білуші еді. ...Бірақ қазіргі ақсақалдардың жиылып кеп Абайға айтып отырғаны тағы сондағы мұң болатын. Себебі мал кесілгенмен, жуан ауылдар бұлардың ақысын бермей кеткен. Осылардың адал ақысын әлі күнге бермеген зорлықтың жөнін Абай енді білді. Дөркембай осы күйді айта отырып, жақында Арқатта Сыбан мен Тобықты, Уақ арасында болғалы жатқан сиязды айтты.

«...жаңағы айтқан сияз болса, былтырғы егін, биылғы егінді айтып жөне мынау бар кедейдің бұт артқан жеті шолағын, күн көргішін іздеп соған барсақ деп ек. Осыған ақылыңды өзің айтшы! Сенімен сөйлесіп отырған тек осы қасыңдағы төрт шал деме. Исі елу үйлі жылаулар, жатақ!» – деп бітірді...

Дәркембай өңгімесін бітіріп, үй іші біраз уақытта жым-жырт тынып қалған кезде, Абай жаңағы өз ойын сөйлей аяқтады:

– Осынша жауыздықты істеп отырған меніменен бір әке, бір шешеден туған – бірі аға, бірі іні болмыс. Сендерге олар үшін мен де қылмыстымын. «Арсыз қолым істеді, арлы бетім ұялды» дегенім кімді жұбатады? Сендерді не деп уатады? – деп, Абай қарт достарына басында бөгде көрінген, бірақ кейін сыры танылған бір өңгіме айтып кетті. Ол қалада Михайловпен сөйлескен көп мәжілістен туған жай еді. Соны баяндай отырып, өз басына халық турасында енді келген бір күрделі ойға кетті. Бұл ойын осы арада тауып, дәл осы арада айтып та кетті:

– ...Бейнет иесі болған бұқараның мұңдасы тек қазақ ішінде емес, өзіңдей қорлық пен зорлыққа шіріген қалың миллион қара халық – орыста да бар екен. О да руым орыс деп, аталасым деп патшасы мен шенеунігіне, төресі мен ұлығына ден қойып отырған жоқ. Қайта «қан сорғышым, обырым осы» дейді екен. Дәл жаңағы өзіңдей. Ойласам, Көкше – Мамай руынан ашыққан кедей жатақтардың ғана мұңы бір емес. Олардың Сібір мен Ресейдегі бар орыс жатақтарымен де ұраны, мұңы бір екен! – деді...

Абай бұл жолғы сапарында көп жүріп кешігіп келген. Михайловпен, Андреевпен ерте көктемде басталған биылғы мәжілістері Абайдың өміріндегі көп кездесулерден бөлек. Көп дүниенің сырын ашқан, санап бітіргісіз нәрлі, қызық дәрістердей болып еді. Қалада сондықтан кешіккен-ді. Қазір жаз ортасы болып қалған шақта ел жайлаудың ең шеткі қоныстарында екен. Абай мен Баймағамбет Ералыдан шыққан соң, ара қонып, қатты жүріп, екінші күні кеш батар шақта ғана Құнанбай ауылдарының шетіне ілінген еді...

Байқошқарға Абайлар келгенде, ауыл жатқан жоқ еді. Өсіресе Абайдың қуанғаны – бұның үш-төрт баласы: Ақылбай, Әбіш, Мағаш және күлегеш қызы Күлбадандар да ұйықтаған жоқ екен. Олар арбаның салдырын есітіп, өз ауылдарынан айғайлап жүгірген. Абай отырған арбаға кеп жапыр-жұпыр қамалаған...

Абай... Сөзді шұғылынан Әбішке бұрып, соның оқуы жайын сұрай бастады.

– Аға, мен осы күнде орысша да оқып жүрмін. Оны сен білдің бе? Қыстаудан бері оқи бастадым! – деді. Әбіш Абайға үй ішінің сақтап жүрген жақсы бір жаңалығын, өзіне сөз тие салысымен, ең алдымен айтты.

– О, кімнен? Кім оқытып жүр орысшаны, қарағым?

Ағы ақ, қызылы қызыл боп жұтынып жайнап отырған аса сұлу, биязы баласы Әбішті Абай өзіне қарай құшақтап тартты. Маңдайынан сүйді.

Бұны кім орысша оқытып жүргенін Ұлжан айтып берді:

– Жазғытұры сен қалаға кетісімен, біздің Жидебайдағы ауылға бір бала орыс келген еді. Бұрын бір жыл тілмаш та болған екен. Өзін осы ел «бала тілмаш» дейді. Сол: «Қалаға тұруға ауруым бар, қымызға, көкке шығайын деп келіп ем, балаларың бар ғой, бәйбіше, оларды да оқытып тұрайын» деген соң, «Абайдың балаларын оқытсын, кішкенелерін орысша оқытам деп жүрген. Сол отауда болсын» деп, Ақшоқыға жөнелткем-ді. Міні, содан бері жалғыз Әбіш емес, Мағашың, Күлбаданыңа шейін сол бала тілмаш Байып дегеннен оқып жүр! – деді.

Абай өзінен жасырын сақтап келген бұл сияқты жақсылық, жаңалыққа аса қуанды. Әйгерімге енді туралап жауап қатып:

– Қалай, балалар Кішкене молдадан оқығандай, бұдан да үздіксіз оқи ма? Өзі күтімді ме? – деп сұрастырады.

Әйгерім Абайды сағындырған сұлу үнімен жауап қатып:

– Балалар бар ынтасымен, жанын салып оқиды. Қызығып оқиды. Жайлауға қарай көшіп келе жатқанымызда, тіпті жаппалап қонған күндердің өзінде де Әбіш, Мағаштар бір күн қалет қылған жоқ. Тілмаштың өзі де қазағуар, – деді. Аз биязы мысқылмен сыпайы күліп, Абай жүзіне соншалық бір жылы шыраймен қарап: – Орыс молдасы қызық болады екен ғой өзі. Сыздану, салмақтану жоқ. Баланы, тіпті еліктіріп, ойнатып оқытатын сияқты! – деді...

Абай Әбіштен, Мағаштан, Күлбаданнан кей сөздердің орысша атын сұрап, сынап көрді. Таласа жауап берген балаларынан «оқу, білім» деп аңсап тұрған үлкен бір талап, ықылас таныды.

Еттен кейін Әбіш, Мағаш, Күлбадан үшеуін кең шапанының екі жақ етегімен жамылшылап, құшақтай ертіп, Әйгерімнің үйіне қарай жүргенде, Абай ішінен үлкен шүкір етті... Әбішті қыса түсіп, тыста келе жатып:

– Қалқам, Әбішім, орысша оқи бастағаның сондай жақсы болған. Мұсылманша оқуың жетерліктей болды. Мен биыл сені орысша оқуға, ұзақ оқуға берем. Құдай бұйырса, үлкен ғалым адам болып өсесің. Бұл менің сен турасындағы үлкен бір аталық тілегім, балам! Менен бұрын өзің оқи бастағаның мені қатты қуантты, айналайын! – деді. Маңдайға кеп қалған толық айға, кең аспанға көз салып тұрды. Іштей бір дұға тілек айтқандай болды. «Осынымның өмір-жасын зая қылма, дегеніме жеткіз. Мен таппаған зор білімді, адамгерлік қасиетті, тым құрыса, осы перзентім тапсын. Бағын аш, Жасаған, жолын қыла көр!» – деді. Осы түнде сүйікті ұлын бауырына қысып тұрып, соншалық бір құпия, ыстық дұға еткендей бо-

лып еді, Өбіш үндеген жоқ. Бірақ ата мейіріне соншалық бойсұнып, құлай ұйығандай. Өңі аппақ боп қобалжып апты.

– Құп, аға, құп! – деп қана қойды.

Өкесі мен ағасының арасындағы осы шартты, бойы кішкене болса да, іші соншалық сезімтал бала Мағаш та аңғарған еді. Өбішті құшақтап тұрған ағасын кіндік тұсынан қапсыра аймалап алып:

– Иә, аға! – деп, наразы бір үн қатты да, – жалғыз Өбіш емес, мен де барам. Қалаға барып, мен де орысша оқимын! – деді. Бұлардың қастарында тұрған Күлбадан да кішкене Мағаштан қалыса алмай:

– Аға, аға деймін, мен де, мен де барам! Мені де оқыт орысшаға... – деді.

Абай тыста өлі де үйге кірмей, балаларының қоршауында тұрып, шаттана күлді. Күлбаданды басынан сипады. Мағаш пен екеуінің беттерінен сүйіп тұрып, уәде берді.

– Ендеше, сен екеуіңді де Өбішке қосып, осы күзге оқуға бірге апарам. Бөріңді бір-ақ апарам, уәдем осы болсын! – деді...

## Тарауда

Балқыбектегі сиязға Абай бір топ кісімен барды...

Бұл жолғы Балқыбек сиязына Семей уезіндегі крестьянский начальник Казанцевтің учаскесіне қарайтын тоғыз болыс ел жиналмақ...

– Ырғызбай жетісті. Кеше аға сұлтан болып Құнанбай тұрғанда, алапаты асты деп жұрт бір таңданып еді. Енді Құнанбай ел сөзіне араласпай, үйінде жатыр. Күлге шөккен көрі бурадай тыным алып жатып еді. Керегі не, бірақ ұлық пен бақ өлі осының соңында екен. Үш бірдей бөлтірігі үш елді билеп-төстейді... – деп, көп жұрт сөйлеп жүр...

Абайлар Балқыбектегі сияз басына келгенде, көпке шейін өздері түсетін жайды таба алмады...

– Төкежан үйін таптық! – деп келген Баймағамбетке Абай қысқа жауап беріп:

– Онда түспейміз! – деді...

Келесі бір көп үйлер Шыңғыстың жаңа болысы, Құнанбай немересі Шұбардың тіккізген үйлері екен. Абайлар осы үйлер қатарына келгенде, бұларды біреу қуып жетті. Жирен жорғасын қатты тайпалтып, жорғалатып келген Шұбардың өзі екен. Даурыға сәлем беріп, аттылар тобының ортасын жарып кірді. Сыртынан танып келген Абайға қатарласа беріп:

– Абай аға, мынау біздің үйлер. Қайда өтіп барасыздар? Тобыңызбен осында түсіңіздер! – деді.

Ақсұр жүзінде сәл білінер қорасан дағы бар, кең жауырынды, ұзын бойлы, атқа тіп-тік отыратын Шұбар болыс осы.

Абай онымен жай амандасты. Үлкен лауазым алғанына қайырлы болсын айтты. Соған жалғастырып:

– Бізді үйіңе түс деп қолқалама. Істес боп кеп жатқан арызшы, жоқшы, алыс-жақын ағайындарың бар...

Осында Оспан да үй тіктірдім деп еді. Біздің жатып, түсуімізге соныкі қолайлы, – деді.

Абайдың түспегенін Шұбар онша құптаған жоқ. Бірақ енді қайталап жабыспады.

– Ендеше, Абай аға, бір-ақ ауыз бір сөзім бар еді! – деп, өзгелерді ілгері жіберіп, Абаймен екеуленіп, кейіндеп қалды.

– Артыңыздан асығып қуа келгенімнің мәні бар. Жаңа ояз кеп түсті де, қонақ үйге жеті-сегіз болыс бірге кіргенімізде, шала-шарпы амандаса салып: «Сияз басында Ибрагим Кунанбаевич бар ма?» – деп, сізді сұрады. Соның өзі өзімізді қуантып тастады. Мен: «Бар, сізге келіп амандасады», – деп, өзге болыстар ішінен бұрын жауаптастым! – деп, Шұбар өзінің Абай арқылы біраз шоқтығы шығып, көтеріңкі келгенін білдірді.

– Барып сөйлескеніңіз мақұл болар. Өр алуан дау-шармен, тайталаспен іштей арбасып кеп жатқан жұрт бар ғой. Ұлыққа барып, тек амандасып, елден бұрын жүз көрісіп шықсаңыз, бізге соның өзі де әлдеқандай! Абырой болғалы тұр! – деп, тағы бір тілегін білдірген-ді. Абай шешіліп жауап қатқан жоқ, тек:

– Ояз кім, Лосовскийдің өзі ме, басқа ма? – деп еді.

Келген Лосовскийдің көмекшісі емес, өзі боп шықты. Шұбар айтқан есеп үшін емес, өзінің таныстығы, сыйластығы бойынша, Михайлов пен Андреев тәуір адам деп санайтын Лосовскиймен жүз көрісуден Абай қашпайды. Қысқа қайырып:

– Барамын! Барып, амандасып шығамын. Оны сен, тіпті, қолқа қылмай-ақ қой! – деді де, Шұбардан айрылып, алдыңғы жолдастары барған Оспан үйлеріне келді.

Аздан соң бұл арада Тобықтының атқамінер ұлық, болыстарының көбі жиылған еді.

Құнанбайдың үлкен үйіне, Ұлжан үйінің бар мүлкіне ие болып отырған Оспан өзі болыс болмаса да, бұл араға бес үлкен үй әкеліп тіккізіпті...

Түс ауа Абай отырған сегіз қанат үйге тамам болыс жиылды. Сыбаннан келген болыстардың ортасында арғы Найманның белді-басты бір жуаны Қисықтың Жұмақаны бар. Керей ішінен Тойсары сияқты пысық болатын.

Тобықтының Шағанынан шыққан, қолшыл, жуан бел Молдабай болыс бар. Шетінен іркілдеген семіз, зор келетін Мотыш руының ішіндегі денесі де жуан, ісі де жуан, қырыс-қыңыр бір болыс осы.

Бұл жиын көп сөзді емес, бірін бірі баққандар...

Ертең сол істер жөнінде өздерінің шешен билерін тіл безеп, сайысқа салғалы отыр. Мынау үнсіз жабық қабақ болыстардың бәрі іштерінен сондай күйлерін жақсы біліседі.

Олардың дауынан, пәлесінен бойы да аулақ, іші де еркін Абай бұл жиында әлдеқайда көтеріңкі, еркін отыр. Ол Жұмақан мен Тойсарыдан Керей-Сыбан арасындағы бір даудың жөнін сұрады. Көптен бері осы өлкеге естіліп, тыным таппай жүрген сөз. Екі ел сол жөнде жылқы алысып, шабысып та қалған. Ол Салиқа қыздың дауы деген болатын. Абай осы істің жөнін сұрап еді. Жауаптан іркіліп отырған Тойсарының жүзіне Жұмақан қырын қарап, суық көз тастады да:

– Тыным тапқан ел көргем жоқ, шығын тапқан ел болмаса! Абай шырақ, бұндайда тыным таптырам десе, табылады ғой. Қыз екең, қыз тыным-тыйым білмесе, елге не сорым! – деп, әлдекімдерді қызымен қоса кінәлап, тыжыртып қойды. Бұл жолғы сиязда Керей-Сыбанның қатты бір қақтығысатын түйінді дауы осы екені білініп қалды.

Қонақтардан осы алуандас сөзді сұрау шырай бұзатын тәрізді. Абай енді ондай сөзді тез доғарды...

Осы күн кешке, ұлықтар үйлеріне көп шамдар жағылып, кешкі шайдың мол дастарқандары жайылып жатқан шақта, Лосовскийге амандасқалы Абай келген еді. Қызыл жүзіне, ақшыл кең маңдайына сахара күні тиіп, аз күрең тартқан Лосовский Абай кіргенде, орнынан тұрып, ескі көз таныстай ықылас білдіріп, қарсы жүріп амандасты. Екеуі ұзақ қол сілкісіп, амандық білісіп болған соң, Лосовский жалғыз келген қонағын қасына отырғызды. Үй ішінде өзі айналысып отырған бір жұмысты Абайға білдіре сөйледі. Биік үстелдің шетінде бұл қарап отырған бір топ қалың қағаз бар екен. Көп ел атынан берілген дағдылы арыз. Кеңсе тілінде «приговор» аталатын қағаз тәрізді.

Бұл «приговор» туралы Лосовский бүгін өз аузымен тергеу жүргізіпті. Мынау қағазға қойылған қолдар, басылған мөрлер – барлығы жалған, өтірік қағаз «подлог» екенін Абайға айтты. Абай: «Бұл кімнен түскен? Не жөндегі қағаз екен?» – деп сұрап еді.

– Сіз жақсы келдіңіз, Ибрагим Қунанбаевич. Бұл арызды жазған Мұқыр болысының адамы, жас киргиз. Күндіз оны бір көрдім. Ісінің жалған екенін осы араға жиылған Тобықты болыстарынан, Дағанды, Қандығатай,

Еңірекей болыстарынан да арыз беруші жігіттің өз көзінше анықтап алып отырмын. «Приговор» осы съезд боп жатқан қоныс Балқыбек туралы. Арыз беруші жігіт бұл «приговорды» Семипалатта «его превосходительство губернатор» кеңсесіне түсіріпті. Балқыбек ертеде Мұқыр болысындағы Жанатай баласының жері еді. Сыбан, Тобықты, Керейдің бар болыстары: «Ырзамыз, енді Балқыбек арызшыға қайтарылып берілсе екен. Жанатайұлы Көкпайдың қонысы болып, бұдан былай соған тиісті болса керек», – деп жазыпты. Бүгін келгелі тексерсем, өзге болыстар былай тұрсын, ең алдымен, Мұқырдың өз болысы Дұтбай Алатаев та: «Мен мұндай приговорға мөр басқан емеспін», – дейді. Қазір мен сол өтірікші арызшыны шақырып отырмын. Біздің кеңселер сахараның жайын білмегендіктен, көп терістік жасайтыны рас. Қаталдықтары кейде ақымақтыққа да жетеді. Бірақ солардың адасуларына себеп – осындай істер мен мінездер. Өтірік үшін ант береді. Сондайдың бәрінде үнемі осындай «приговор» жүреді. Қараңызшы, міні! – деп, ояз қалың приговордың қағаздарын Абай алдына өкеп, аударыстырып отырып, бірнеше жерден басылған мөрлерді көрсетті.

– Мынау печатьтар, жаңағы аталған бес-алты волостной управительдердің печатьтары дейді арызшы. Ал шынын анықтасаң, бәрі бір ғана өзінің страшынының печаті. Соны ылғи танытпайтын етіп, қалың бояулап, өдейі былғап басқан. Үлкен жаманшылық! Жиренішті жаманшылық! Және осыны істеп отырған жап-жас жігіт! – деді. Лосовский өзі көрін түйіп отырған ауыр бір істің сырын ашты. Сонымен қатар алдында даяшы боп тұрған бурыл мұрт, имек бойлы стражникке:

– Шай өкелгіз. Ибрагим Кунанбаевич менің қонағым. Менімен бірге шай ішсін! – деді.

Ояз үйіне Абайдан басқа кірген ел қазағы жоқ болатын. Бағана күндіз Оспан үйінде қонақта болған барлық болыстар қазір мына тізіліп тігілген үш үйдің есігінің алдында. Босаға тұстарында қамалып, анталап жүрген кейбіреулері оқта-текте ашылған есіктен не босағадан сығалап, Абайдың дәл төрде, ояз қасында арыз қағаздарды бірге ақтарысып отырғанын көреді. Сыртта біреулері сүйсініп, біреулері сұқтанып, тағы біреулері қызғанышпен күңкілдеп, сыбыр-жыбырдан тыным ала алмай жүр. Стражник шығып: «Шай, шай келтір!» – деп өмір еткенде, болыстар тағы да танданысып қалды.

– Шайды Абайға алғызып жатыр!

– Абайды қонақ етіп жатыр оязың!

– Бұл сияз Тобықтының дегені болатын сияз болды! – деп қойысады.

Соның ар жағында ертең өздері болыс-болыс болып айтысатын, тартысатын дау-керістер жайын да ойласып қояды.



– Ояздың аузын Абай алып қойған соң, Құнанбай балалары дес бере ме? – десіп, түңіле сөйлейтіндері де бар...

Абай мен Лосовский шай үстіндегі әңгімеде мынау съезд жөнін сөйлескен жоқ. Өйткені алғашқы әңгімеден-ақ Абай оязға өз жайын ашық танытқан.

– Ваше высокоблагородие, мен бұл жиынға тек көріп қайтуға келген адаммын. Тіпті, қалыс кісімін. Тек бір бишара, жатақ ауылдардың кейбір күшті ауылдардан көрген қиянат, зорлығы бар екен. Солардың ісіне ғана біраз көмек етермін деп келіп ем. Егер сол арызшылардың қолы есеге жетпейтін болса, бәрінің атынан өтінуші боп өзіңізге айтармын. Қазір оны да айтпаймын. Тек сізбен амандасып, шаһардың соңғы хабарын білмекпін. Және ортақ таныстарымыз, қадірлі достарымыз Евгений Петровичтің, адвокат Андреевтің жаңалықтарын, амандықтарын естіп кетпек боп келдім! – деген.

– Оныңыз жақсы, бәрінен осыңыз жақсы, Ибрагим Құнанбаевич! Сіз сахарада менің де кең әңгімелесетін жалғыз бір мәжілістесім есебінде қажетсіз, қадірлісіз! – деп, Лосовский Абаймен көп бөгде жайларды сөйлесіп кетті. Бұның оқып жүрген кітаптары жөнінде, Петербург журналдарының, газеттерінің хабарлары жөнінде, өзі айтқандай, кең әңгімелесіп отырды.

Екеуінің қазіргі мәжілісін бұзған урядник. Бойына қылыш асынған, қып-қызыл дөңгелек жүзді семіз урядник есіктен кіре:

– Ваше высокоблагородие! Жанатаев келді, кіргізуге рұқсат етесіз бе? – деген.

– Кіргіз! – деп, Лосовский өмір берді. Екінші үйде тұрған ұзын бойлы, кең иық, қошқар тұмсық, қарасұрлау жас жігітті семіз урядник үйге алып кірді. Даусы үнді келген, үлкен көз, кең маңдайлы жігіт өуелі оязға:

– Здрасти, Ваше благородие! – деп орысша үн қатты. Сол сәтте көзін жалт еткізіп Абайға бұрып:

– Ассалаумағалейкум, Абай аға! – деп, оң қолын төсіне қойып, мұсылманша тағзым білдірді.

Абай бұның түсін көрген соң, бағанағы жалған арыз иесі Көкбай Жанатайұлы осы екенін енді аңғарды.

Үйге ере кірген тілмаш Көкбайдың қасында тұр еді. Лосовский сол тілмаш арқылы Көкбайдан жауап ала бастады. Оның жасы жиырмада екенін, өзінің Семей шаһарында Камали хазірет медресесінде көп жылдар оқып жүрген шәкірт екенін білді. Руы Көкше және Мұқырдың болысы Дұтбаймен аталас, жақыны боп шықты.

– Жанатаев, сенің берген мынау приговорың жалған, подлог екенін бүгін маған бес болыс елдің управительдері мәлім етті. Өзіңнің туысың, өз

болысың Дүтбай Алатаев та «Бұл өтірік арыз, подлог» деп, куәлік берді. Сен өзің мұсылман медресесінде, үлкен инабатты ұстаздан тәрбие алып жүрген адамсың. Закон былай тұрсын, әуелі мұсылманшылық шариғат жолының өзін де жалғаншының жазасы деп білесің. Жап-жас жігітсің. Бұл күніңнен мынандай алдамшылық, қиянаткерлік, зұлымдылыққа барған соң, ілгеріде кім боласың! Мен саған қатты ызалымын. Сен әлдебір надан емессің. Білмей істеген жауыздықтың жартылай кешірімі болса, біліп істеген жауыздықтың екі есе артық жазасы болуы дұрыс. Не айта-сың? – деді...

Көкбай тамағын кенеп алған бойында, Абай мен оязға кезек көз тастап тұр. Басында жүзі ұялғандай күреңітті де, артынан жүдендеп, қуарыңқырап, ақсұрланып ап сөйлеп кетті:

– Тақсыр! Қылғаным – жаманшылық. Бас тартпаймын. Бірақ неліктен істедім? Сонымды ғана білсеңіз, ар жағындағы жазаңызды жапа көрмеймін. Қайта ісіме рауа, сазайым дермін.

– Неліктен еттің?

– Еткенім кемшілік-таршылықтан, Ваше благородие. Мен Көкше деген атаның ұлымын. Бір жағымда – Мамай, қалың жер – оныкі. Бір жағымда – Олжай, мына жайлаудағы бар жер шұрайы – соныкі. Біз болсақ, тілдей ғана жалғыз өзен Бақанастың бойында жүз үйлі ауылдарымыз ине шанышқандай отырады...

Сол кем-тар күйім және Балқыбектің бостығы мені осы арызға айдап өкелді. Пірғауарым өтірік. Мөрлерін беретін болыстар жоқ. Олар алса – береді, құданда, дос-жарым болса – береді. Бұның екеуі де менен табылмайды. Ырзалықтарын ала алмаймын. Сонымен сырттан, өз қолымнан жалған пірғауар жасап жібергенім рас. Шынымды, барымды айттым. Осы жаңағы айтқан жайымның растығын дәл мына қасыңызда отырған Абай ағам, иншала жалған демес, куәлікті осы кісіден-ақ сұрап көріңіз. Содан кейін не өмір, не жазаңыз болса, мен айыптымын, құп аламын. Алсаң – міні бас, алмасаң – алдияр бас! – деді. Саңқылдаған зор дауыспен арызын тамам етті.

Абай бұл уақытта тілмаш жеткізген сөздердің дәл айтылуын қатты бағумен қатар, Көкбайдың түсін, өжет оттылығын ұнатып отыр еді. Енді бұны жазаға, тіпті, қиятын емес. Ұлық беті, шынымен, көр қылуға бұрылса, Абай Көкбай үшін ара түсуді өзіне борыш санап, бекініп қалған.

Лосовский көп арызқормен істес болған. Және қазақ мінезі мен түсін көптен бағып, аңдағыш боп ысылған кісі. Өзі оқымысты, ойлы, тәжірибелі өкім болғандықтан, Абайдың Көкбай турасында не сезініп отырғанын жақсы аңғарды. Өткір қырағылықпен аңдады. Жаңағы турашыл жауап

үшін, бойында төкаппарлығы бар қылмысты жігітті өзі де, күндізгідей емес, қазір өлденеден ұнатыңқырап қалғандай. Енді бұл жұмсақ сөйледі, бірақ Көкбайға сөйлемей, Абайға айтты:

– Ибрагим Кунанбаевич, Жанатаев подлог жасай ғана білмейді. Өз ісіне өзі ақтаушы, адвокат боп сөйлей де біледі! Бұның соңғы айтқандары, ісінің шын себебі болуға мүмкін бе, сіз қалай деп ойлайсыз? – деп, Абайдың куәлігін сұрады.

Өңгіме беті бұлай бұрылғаны Абайға аса ұнады. Болмаса, заңды тергеу үстінде өзінің өңгімеге қалай килігерін біле алмай отыр еді. Енді жаңағы сөзді пайдаланып, ұлықтың түсіне қарап, жуас сабырмен, күле түсті:

– Жанатаевтың приговору өтірік болса да, соңғы айтқан себеп, дәлелдерінің бәрі анық шындық. Бұған менің де көзім жетеді. Толық сеніммен куәлік бере аламын, Ваше благородие! – деді.

– Бірақ Жанатаевтың сол шындығын айтпай, қылмыс жасауы жол ма?

– Өлбетте, Ваше благородие, жол емес!

– Осындай жап-жас адам осы күннен жаманшылық етсе, қылмысқа үйренсе, бұның келешегі кім болады?

– Әрине, келешегі аянышты. Білім алып, тәрбие көріп шығып, тапқанының бәрін жаман жолға салса, ол надан жауыздан халыққа өлдеқайда зиянды жауыз болады.

– Дұрыс айтасыз, аса дұрыс айтасыз, Ибрагим Кунанбаевич. Сіздің сахарада осы күнде кім зарарлы десеңіз, шала сауатты, шала законщик арызқор, жалақор, жалғаншылар ең зиянды элементтер.

– Рас, бұған біздің көзіміз күнде жетумен келеді.

– Иә, олай болса, бұл жігіттің зарарынан халықты қорғау үшін бұны жазалау керек те!

– Жазалау керек. Және сол жазасын бұл жігіт осы арада сіздің алдыңызда тартып тұр ма деп ойлаймын. Жаза тек абақты емес қой. Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза. Бұл – біздің елімізде оқып жүрген талапкер жастардың аз кезінде шыққан жалғыз адамның бірі. Өзіне тиісті жазасын сіз ұрлық еткен қолынан ұстап алған уақытта сезбейді деп ойламаймын. Ашып көрсеңіз, ұяттан өртеніп тұрған іші бар шығар деп ойлаймын.

Лосовский бұл сөзге күлді де, Көкбайдың жүзіне кешіріммен жылы қарады. Абайға бұрылып:

– Ибрагим Кунанбаевич! Сіз Жанатаевтың сондай ұялғанына аса сенімді баға бердіңіз. Менің аңғаруымша, сіз сонымен бұл жігітке өз аузыңызбен кепілдік еткендей болдыңыз. Мен сізді дұрыс түсіндім бе, тура айтыңызшы! – деп, күліп жіберді.

Абай шырайынан үлкен үміт етіп, енді қуана қарап тұрған Көкбай да қатты қызарып, сүйсініп күлді. Қазақшалап, Абайға жанап:

– Абай аға! Өмірлік серт деген ер аузынан сирек шығатын сөз еді. Шала долбарлап жаңағы сөзіңізді аңғарып тұрмын. Осы ұятымнан арашалап алсаңыз, өртенуім жетіп тұр. Бұдан былай достығыммен, шындығыммен қасыңызда бірге өлермін, иланыңыз, – деді.

Абай Көкбай жүзіне қадалып, жаны ашыды. Шешен тіліне қызығып қарап қалып еді. Енді Көкбайдың сөзі бітісімен жалт етіп, Лосовскийге бұрылды да:

– Ваше высокоблагородие, жігіт маған антын, сертін беріп тұр. Мені кепіл дедіңіз ғой. Сол кепілдікке мен төуекел еттім. Жанатаевтың бұл жолғы қылмысын кешіріңіз де, маған кепілге беріңіз! – деді.

Лосовский ендігі сөзді берік бекініп, салқын жүзбен түймекші боп Көкбайға қарады:

– Жанатаев! Сен жақсылыққа, дұрыс жолға беттесең, қолыңнан жақсы іс келетін адам боларсың. Енді сен бұзылмайтын бол. Еліңе пайдалы азамат бол. Мына Ибрагим Кунанбаевич ақылымен, айтқанымен жүр. Мен сені кепілге бердім. Ұятты, арлы адамның кепіліне бердім. Намысың болса, бұдан былай менің алдыма сенің үстіңнен мынау сияқты айыптар түсетін болмасын! – деді. Бұл күнге шейін қолында тұрған, Көкбайға қарсы болған қалың қағаз, үлкен айғақты ортасынан екі бүктеп, қақ айырды да, үстел жанында тұрған аласа карзинкеге лақтырып тастады.

Абай бұл түнде Лосовскиймен бірге отырып, ұзақ әңгіменің соңынан қоштасып, тысқа шыққанда, бағанағы көп болыстар әлі тарамапты. Көкбай да солардың ішінде екен. «Абай оттан суырып алды. Ажалдан айырды, қайран Абай аға, осы қадіріңді өле-өлгенше ұмытпаспын», – деп жүр екен.

Көкбайды қасына ертіп, Абай Оспан үйіне қарай бірге кетті. Артта қалған болыстар Абайдың ұлық алдындағы қадір-салмағы шексіз екенін тағы да сөз қып қалды...

\* \* \*

...Осы келісінде Абай Лосовскийге айтпаққа өзірлеп келген бір жағы арыз, бір жағы сыр тарту сөзін, Базаралы жайын қозғап көріп еді.

Базаралы басына Абай әр кез ақтаушы боп, бар болыстан бөлек қарайтынын Лосовский білуші еді. Ол қазіргі әңгімені аса қысқа қайырып, өзінен тез тайдырып жіберді:

– Базаралы Қауменов жұмысы туралы сіздің маған сөйлесетініңізді біліп едім де, тосып едім... Бұл жұмыстың кесімі, байлауы ертеде өзірленіп, даяр тұрған-ды. ...Он бес жыл каторга ол адамның ендігі тағдыры боп шешіліп қойды, – деді.

Абай Базаралы ісінің мұншалық тұңғыққа кеткенін қатты жабыққан жүзбен естіді. Бұл жолы өңі бұзылған қалпында, Лосовскийдің үйінен қоштаспай шығып кетті...

Жириенше үнсіз жүдеп тұрып қалды. Ол да Базаралыны қимайды екен. Абай екеуі біріне-бірі жасаураған көз тастады да, екі айрылысып кетті.

Абайлар беттеп келе жатқан топ Ырғызбай адамдарының оқшауланып, оңашарақ отырған тобы екен. ...Абайлар жиынның қасына келді...

– Төкежан, Ысқақ, Шұбар! – деп, қатаң үнмен қатарлап санағандай іріктеп атады да, – үш болыс, үшеуің былай оңаша шығып кетші! – деді. ...Аз кісі боп, дөңгеленіп отырысқан жерден-ақ Абай сөз бастады:

– Мынау Дөркембай мен Дөңдібай осы сиязға дау даулап келіп отыр. Бұлардың былтырдан бері есе ала алмай жүрген жылаулар екенін мен жақсы білемін. Осылардың көргенін өздеріңе айтқызбай, мен айтып берсем де, ақыларын жеген кісілер жалтара алмайды. Бұл екеуі өз бастарының жорын қуып кеп отырған жоқ. Исі жатақтың қырық үйінің сөзін өкеп отыр. Қаладан келе жатып: «Балқыбек сиязына ортаңнан кісі жібер. Осы екеуін жібер. Сияз басында сөздеріңді мен сендермен бірге сөйлеймін!» – деп, осында шақырып келген менмін. Ал бұлардың ісін бітіретін сендерсің. Осы үш болыс, үшеуің! Қай жерге барып дау айтса да, бұлардың «есеміз соларда!» дейтін адамы да сендер! – деп, Абай үш болысқа барлап, қарап қалды. ...қатты сызданып, қабақ тұйді...

Осыдан үш күн өткен соң, Абайдың айтқанындай, он «тоқ», пәлен «қақ» деп өлшенетін бестіге барабар мал бастары тегіс түгенделді...

## Биікте

### *Татьянаның сахарадағы әні*

Бірнеше жылдар өтті. Абай үшін бұл еңбек мезгілі, өнер іздеу дәурені болған. Оқу менен жазу оның ендігі тірлік тынысы тәрізді.

Бұл күндегі Абай ақын атын анық алған. Сол ақындық еңбегін енді халыққа етер азамат қарызы деп біледі.

...Қыс пен жазды кітап соңында не жазу үстінде өткізген шақтарын Абай ең бір бақытты кезіндегі санайды. Бұл жылдары ол ел бүлігі атқамі-

нерді, жеміт болыс, ұлықсымақты сан рет әділ ашумен жазалаған-ды. «Ел мінездері» деген өлеңдері сахара ішіндегі сотқар мен бұзардың талайын таңбалаған. Жазықсыз, момын көптің жоқшысы болған арлы ақын бейнет елінің ауыр шерін де шіміркене шерткен-ді. Талай саналы жасқа ой саларлық шыншыл сезімді көркем сөздер сан рет осы Ақшоқыда туып, тарап кететін.

Соның орайына, қазіргі заманда Абай айналасына жиылған жас өнерпаздар да көп. Абай ендігі шығарған жырларын әрдайым жазып айтады. Сол жазғандарын жаттаушы, өнге салып айтушы, жұртқа таратушы іні, достары жаңағы жас серіктерінің арасынан шыға бастаған.

Осымен қатар Абай өзі тілемесе де, ауыр көріп, бойын алып қашамын десе де, еркіне қоймай, бұған масыл болып, асыла жүретін тағы бір міндет, бейнет бар. Ол – ел ішінің дау-шары. Бірақ бүгін Абай өзінің сүйіп, сүйсініп берілетін еңбегінің соңында.

Таңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кеткен. Қыстың бір ашық күні екен. Абай үлкен бөлмеде оңаша отырып қапты. Алдында кең дөңгелек, аласа үстел тұр. Абай біресе сол үстелге шынтақтап, біресе алақанымен мықынын таянып, үнсіз отыр...

Абайдың осындай боп үндемей, ойланып қалған кездерін қабағынан танытын жолдасы бар. Ол – мұндай шақтарда үндемей, көп қозғалмай отыратын Баймағамбет. Қазір, тіпті, қарап отырмас үшін ол Абайдың тобылғы сапты сарбас қамшысына бүлдірге тағып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Бір кезде Баймағамбет Абайға көз тастап еді, оның ерні күбірлеп, қолы да әлдекіммен сөйлескендей қозғала түседі. Бұрын мұндай әдеті болмаушы еді. Биылғы қыс жалғыз отырған шақта анда-санда Абай осылай ететін бір машық тапты. Баймағамбет біледі, бұндай күйдің артынан Абай көбінесе қағаз, қарындаш алғызады.

Сондай бір нәрсені бұйырар деп күтіп отырғанда, Абай Баймағамбетке шұғыл бұрылып, жалт етіп, салқын қарады да, үйдің сол жақ бұрышына қарай қол созып, үн қатпастан, бір нәрсені «әкел» дегендей белгі етті.

Баймағамбет оның нені керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып, үстелдің үстіне екі үлкен кітапты әкеп қойды.

Абай бір кітаптың бетін ашып, өзіне керек жерін тапты да, сол беттерге қарап, шалқайыңқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Көзі екінші кітапқа да түсе береді.

Бұл екі кітап – осы ауыл, өлкенің Абайдан басқа көп жанына өлі тілімен де, сырымен де ұғымсыз кітаптар. Тек Абай көңіліне ғана құрметті боп алған екі ақынның кітаптары. Ол жатқан – Пушкин мен Лермонтов.

...Мынау екі ақын Абайға көп кезде бірге туысқан аға, інідей көрініп қалады...

Абай ойлана отырып, Татьяна хатына үңілді.

– Неткен айтқыш тіл! Тіл емес, жүректің лебі. Лүпілдеп соққан ырғағы. Қандай нәзік тереңдік! – деп отырып, кітап бетінен көзі тайқи бере:

Ғашықтық тілі – тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл... –

деді.

Татьяна хатының ырғағы мен нәзік үніне өз жанынан үн қосқан бір жолдарды еске алды...

«Евгений Онегиннің» осы беттерінің арасына салып қойған хат бар. Бір нәрсеге ойы ауғандай боп, насыбайын атты да, Абай сол хатты алды...

Көзі жасаурай, ерні жыбырлай отырып, Ақшоқының қос биіктеріне анда-санда көз тастайды. Бірақ қараған нәрсесін бұл халде көріп отырған көз емес. Ол қазір ойдың көзі. Тербеле толқыған ақын толғауының көзі. Қолы ішек пернені термелеп, жебелей береді. Кешке жатарда да осы бір сарынды алыс бір ызындай зейіні шалып қап еді.

Қазір сол саз есіне де, домбырасының ішегіне де тап түсіп, орала кетті. Тағы да тарта отырып, ақырын үн салып күңіреніп көріп еді, келген екен.

Амал жоқ, қайттім білдірмей,  
Япырм-ау, қайтіп айтамын? –

деген екі жол, Татьяна сырының басы іркіліп тұрып, шешіле бастаған сияқты. Тағы да, тағы да... Біресе шынтақтап жантайып, біресе тез қозғалып, құшырлана малдасын құрып ап, арлы-бері тебіренеді. Қос ішек бірде баяу басса, біресе шұғыл, қатаң үндерге ауысып, асып қайтып отыр. Соңғы екі жол қымбатқа түсті. Бірақ о да оралды. Татьяна хатының үш ауызын мүдіртпей айтып өтті. ...Енді бірде қатты, бірде баяу тартады, ұмытылмайтын сияқты. Бір сәтте артына қарай, барлық мол денесімен шұғыл айналып бұрылып қалды. Жүзі өзіл-мысқыл ажарымен жарқ етіп барып, жылы қарап, Баймағамбетке:

- ...Мен не ғып отырмын, оны сездің бе?
- Сіздің ойыңызға бір орыс күйі түсті ме деп отырмын.
- Ө, олай болса, о да білгенің екен. Бар, ендеше! Кішкене молданы шақырып кел! – деді де, өзі тағы да жаңағы ырғағын тарта жөнелді.

Баймағамбет тұрып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Өйгерім көрінді. Оның артында бөгде кісілер сияқтанған бірнеше адамның басы байқалады. Қолдарында қамшылары, белдері буулы, беттері біраз аяздаған адамдар. Өңшең тон, шекпен кигендер екен. Алдыңғы бір-екеуі Тобықты үлгісінен бөлек, шошақ төбелі, алты сай Уақ тымағын киген адамдар. Соны Абай көзі шалып болғанша, Өйгерім де, бұл кісілер де үйге кірді. Абай домбырасының үнінен ойын үзген жоқ еді.

– Түу, аяз келді-ау! – деді.

Өйгерім тіксініп қап:

– Аяз жоқ қой, Абай-ау! Тіпті, бүгінгі күн майтоңғысыз! – деп, таңдана қарады.

Абай:

– Ө-ө, рас аяз екен десем, сендер екесің! – деді де, шет елдің кісілерімен амандасты.

Өйгерім Абайдың талай жұмбақ сөзінің бірі екенін аңғарды да, күлімсіреп тұрып, түкпір үйге қарай кетті.

Сөйткенше, қарсы үйде бала оқытып отырған Кішкене молда да келген еді. Абай соған қарап елең етті:

– Татьянаның хатын көшіріп пе ең? Енді ол өн салатын болды ғой, білдің бе? – деді.

– Онысы афзал болған екен, көшіріп қойып ем.

– Ендеше, Мұқа мен Мағашқа хат жазып жібер. Екеуіне «Татьяна сәлем айтыпты, бізбен де таныс болсын» депті де! Мына Мұхаметжан қалаға бара жатқан шығар, сол сәлемін ала барсын! – деді.

...Сұлу қызыл жүзді, қой көзді Мұхаметжан расында да қалаға бара жатқан.

Ол өзінің жөнін сұрамай сезген Абайға біраз таңданумен бірге, жаңағы хат пен өлең жайын шын білгісі кеп отыр. Мұхаметжан да Мұқа сияқты жақсы өншімін деген жігіт. Оның үстіне бұның өзінің де анда-санда өлең шығаратыны бар. Соңғы жылдар Абайдан тараған өлеңнің бәрін көшіріп алып, жаттап айтып жүретін Абай айналасындағы жас достың бірі. Ол қазір сыртқы киімін шешіп жатып:

– Абай аға, бұл өн салып жатқан кім болды? – деді.



Абай домбырасын қайта ұстап, «Татьяна хатының» алғашқы үш ауызын өндетіп айтып берді де, енді қайтып бұл жайдан сөйлеспеді. Өлі күнге үнсіз отырған қонақтардың шаруасын сұрады...

Мұхаметжан – Абайдың туысқандарының бірі. Жасы кіші болғандықтан, Абай өзі айтып бермесе, «тағы айтып беріңізші» деп сұрай алмайды. Қазбалап тақымдай бергенді Абайдың жақтырмайтынын да біледі. Сондықтан: «Бүгін Абай ағамның түстігіне қалайын да, осыны біліп кетейін!» – деп, қарсы үйге кеткен Кішкене молданың артынан жөнелді. Абай болса, қазір ана қонақтардың сөзін тыңдауға кіріскен-ді...

Мұхаметжан бағана, қарсы үйге барған бетінде, Абайдың өзі жазған қағаздан Татьяна хатын түгел көшіріп бір алып, артынан Кішкене молдамен салыстырып, бірге оқып шыққан-ды. Молда бұл өлеңді көшірумен бірге, жаттап та алған екен.

Татьянаның сөзіне құмартқан Мұхаметжанның қазіргі есі-дерті – жаңағы өнді қайта есіту...

Өйгерім Мұхаметжанға бұрыла қарады да:

– Кәні, ол қандай өн екен? Талайдан үніңді естігеміз жоқ, түстік жеп аттанарсың, өз ұққаныңды айтып берші! – деді.

– Ойбай-ау! Өзім де бір-ақ естіп, ұстай алмай, «дәт» деп қап отырғам жоқ па, жеңеше-ау, – деп, Мұхаметжан домбыраға жаңағы өннің бас қайырмасын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр. Абай бұл кезде...:

– Жоқ, теріс тартып отырсың, – деп, домбыраны қайта алды. Жаңағы өнін үш-төрт қайырып тартып өтті. Мұхаметжан енді домбыраны қайта алғанда, іркілместен, қатесіз тарта жөнелді. Сол арада жаттап алған алғашқы екі ауыз өлеңді өнге де салып жіберді.

– Айта түс! – деді Абай.

Рұқсат алып алған Мұхаметжан өзінің зор, таза үнімен енді шырқап айта жөнелді...

Абай міз бақпай, кірпік қақпай тыңдайды. Ол қазір Ақшоқы биіктеріне көз жіберіп, Татьянаның наз-наласына ұйығандай...

Мұхаметжан... Абайға қарап:

– Бірақ енді сол Татьянаның осындай үні жауапсыз қалғаны әділет пе, Абай аға?! Жігіт те бір орай сөзді айтса, мақұл болмас па, кеудесінде жаны бар болса, еміренбей тұра алар ма? – деді.

– Бек дұрыс айтады Мұхаметжан. Күмәніміз дұрыс, сөз осы, Абай! – деп, Кішкене молда да Абайдан тілек еткен төрізді. Абай аз ойланып отырып:

– Ол да дұрыс екен. Онегинді сөйлету керек болар! – деп, біраз отырды да: – Өй, бірақ ол өзі опасыз еді-ау, ө! – деп, үндемей қалды. Пушкинді қайта оқуға кірісті.

Сол күні Абайдың үйінде түстеніп алып, Мұхаметжан Семейге жүріп кетті. Абай бүгінгі кеш бойы Пушкинді тағы да қайта оқумен болған. Бүгінгі күні анда-санда алаң еткен уақ жайлар болса да, Абайдың Пушкинге оқушы ғана емес, ақынша жақындасқан күні. Туысын тапқандай боп шабытты үн қосып, толғана бой ұрған күнінің бірі. Түнде кеш піскен еттің алдында, Пушкин томын жауып жатып, Абай үй ішіне естіртіп бір сыр айтты:

– Дүниеге көзімді аштың-ау, Михайлов, қандай қазыналарға мені жетектеп әкелген едің!.. Енді менің Қағбам орнынан көшіп, күншығысым – күнбатыс, күнбатысым күншығыс боп барады! Солай болса, болсыншы! – деді...

\* \* \*

...Осылайша 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басты...

## ЭПИЛОГ

...Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән көшіріліп, жатталып, Мұхаметжан өуенімен Ұлжан ауылына жеткен еді. ...Ұлжан Абайды көптен, қыстан бері көрмеген. Ана көңілі сағынышты еді. Таңертең Мұхаметжанды өз алдына шақыртып, Абай сөздерін көп оқытты. Кірген мен шыққанға, ат үсті жолаушының келгеніне де қараған, мойын бұрған Ұлжан жоқ.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Келейін сендерге де енді аяндап.. –

депті баласы. Анасына да ескерткені де! Бұрынғы кейбір надан ақынды, сатымсақ сөзді, мансап мөзді шенепті баласы.

Ел бүлігі Тобықты,  
Көп пысыққа молықты!... –

депті бір кезек.

Ұлжанның Абай сөздеріне әрі таңырқап ырза болып, әрі тереңдеп ойланып, ұйып қалған қалпын Оспанның қатты күлкісі бұзды. ...Қарқылдап күліп, құшырлана мөз болады. Анадай жерде қиыс отырып, қымыз ішіп жатқан Төкежандарға қарап, иек қағып, соларды мазақтап күліп отыр.

– Әні... Ана отыр! Ойбай-ау, тап мыналар ғой сол айтқаны.

Ел бүлігі Тобықты,  
Көп пысыққа молықты!.. –

дей түсіп, тағы күледі.

Төкежанның қасында Оразбай мен Жиренше бар-ды. Солардың өлеңі де, қазіргі Оспанды да жақтырмаған қабағын тани түсіп, бұл енді, өсіресе, мөз болды. Қазір айқын мазақ ете күледі.

Жиреншеге баяғы тентек, сотқар бала Оспан бүгін қайта балалық қазқалпымен келіп отырғандай көрінді...

Оспанға Абай өлеңінің анық сыры енді танылған.

Ұлжан Оспанды қостап, ақырын мырс беріп күлді де, қайтадан ойланып қалды...

Ақшоқыда туған өн жатталып, тарап, сол күндердің бір кешінде ұйқысыз жатқан Құнанбайдың құлағына жетті...

Құнанбай аһ ұра бір күрсінді де, іргеге қарай аунап түсті:

–Айтпасын! Зарламасын! Тый барып! Мазамды алды! – деп, үні өшті.

Ақшоқыда туған өлең мен өн жатталып, өуенге қосылып, кең атырапқа тарап жатты...

Тағы өмір шындығы, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты.

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Алдияр бас** – алдияр – ханға, төрелер мен сұлтандарға «тақсыр», «құлдық» деп табыну.

**Адам аттары:**

**Барлас** – жазушының кейіпкері. «Абай жолының» 1942, 1948–1949 жылдардағы басылымдарында Дулат атанып, 1952 жылдан бастап Барлас есіміне ауыс-

тырылды, яғни соңғы басылымдарда Барлас болып көрінетін кейіпкердің прототипі – Дулат Бабатайұлы. Кеңес дәуірінде зар заман ақындары – Дулат, Шортанбай, Мұрат есімдерін айтуға, жазуға тыйым салынған, ал жазыла қалған жағдайда оларды міндетті түрде сынау талап етілетін. Осы саясаттың ықпалынан жазушы Мұхтар Әуезов кейіпкер Дулатты жинақты бейне ретінде Барлас деп өзгерткен.

**Лосовский Владимир Степанович** (туған және қайтыс болған жылдары белгісіз) – 1879 жылдан Семей уезінің бастығы, колледждің хатшысы. Ол 1876–1884 жылдары Үзікбай Бөрібаевтың Абайдың үстінен жазған жалақорлық арыздарын тексеріп, Батыс Сібір генерал-губернаторына баяндап, арызда жазылғандардың түгел дерлік жалған екенін анықтап, істі қысқартқан.

**Михайлов Евгений Петрович** – шын мәнінде, тегі – **Михаэлис Евгений Петрович** (1841–1913) – орыстың революционер-демократы. 1869 жылы Семейге жер аударылған. Отаршыл әкімдерден басқа орыс зиялыларын кездестірмегендіктен, Абай Құнанбайұлына алғашқы кезде Ресей мәдениетінің хабарларын жеткізуші болған. «Ал кейін орыс тілін еркін біліп, орыс мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озық ойды А.Пушкиннің, Н.Некрасов, т.б. көрнекті тұлғалардың төл шығармаларын оқу арқылы, өз дарынымен үйренген.

## *Әдебиет твориясы*

**Эпопея** (грек. *epopoila* – тудыру, жазу) – эпостық шығарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемді суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекетін ортақ идея мен тақырыптың арнасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық немесе прозалық ірі туынды. Демек эпопеяға ортақ сипаттар: тарихи тақырып, терең өлеуметтік идея, уақытты реалистікпен суреттеу, кейіпкердің даралануы, көркем тіл.

Алғаш рет Еуропада, нақты айтқанда, антикалық әдебиетте Гомердің «Илиада», «Одиссеясы» арқылы орын алды. Ал түркі халықтарында ерлік істері мен даңқты болған батырларға арналған мадақтау өлеңдері мен жырлардың негізінде туған «Манас» эпосы бар.

Жазба әдебиетте орыс халқының көрнекті жазушысы Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М.Шолоховтың «Тынық Дон», қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеяға жатады.



## Артық болмас білгенің

### Мұхтар Әуезовтің музей-үйі

Мұхтар Әуезов 1961 27 маусымда ауыр науқастан Мәскеу қаласында ота жасатып жатқан кезде қайтыс болған. Көрнекті жазушының есімі мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан басшылығы сол жылы 10 тамызда ол тұрған үйді музейге айналдыру туралы қаулы қабылдады. Екі қабаттан тұратын бұл үйде жазушы өмірінің соңғы он жылын (1951–1961) өткізген. Ал музей-үй ресми түрде 1963 жылы 28 қарашада алғаш келушілерді қабылдады.



### Мұхтар Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы

Алматы қаласында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызмет істейді, осы ғылыми мекеменің 50 жылдық мерейтойы қарсаңында институттың ғалымдары Мұхтар Әуезов есімін қадірлеп, елу жылдық мерейтойға жазушының елу том жинағын дайындап, қазақ елін қуантты. Өйткені жазушының көзі тірісінде 6 том шығармалар жинағы жарық көрген. Кейін 12, 20 томдық шығармалар жинағы жарияланды. Бірақ бұл басылымдар кеңес кезінде жарық көргендіктен, «Қилы заман» повесі оқырманға жетпеді, ал «Хан Кене» атты драмасы цензураның кесірінен толық емес күйде ғана жеткен. Енді 50 том жазушының шығармаларын мейлінше толық қамтыған басылым ретінде жинақталған.



## Назар аудар!

«Абай жолының» 2- кітабындағы барлық тарауларына ортақ тапсырмалар.



1. Роман-эпопеяда Абай Құнанбайұлының өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынасы туралы қалай жазылған? Нақты өмірде Абай Құнанбайұлының олармен байланысы қандай дәрежеде болды?



1. Өр кітапқа жазушы жаңа кейіпкерлерді қалай қосып отырғанына назар аударыңдар.



1. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы өр мекенге берілетін сипаттамаға, пейзаждың суреттелуіне назар аударыңдар.
2. Тараулардың атауларына мән беріңдер. «Биікте» тарауына автор қосымша тақырып ретінде «Татьянаның сахарадағы өні» деп жазған, ал сендер қалған тарауларға қандай қосымша атау берер едіңдер, сыныпта осы туралы ойларыңды ортаға салыңдар. Бұл тапсырманы топтық жұмыс ретінде жасауға да болады.
3. Екінші кітаптың мазмұнын тараулардың аты бойынша сызба түрінде қалай көрсетуге болатынын ойлаңдар.



1. Роман-эпопеядағы өке мен бала, ана мен бала қарым-қатынастарына мән беріп, кейіпкерлер психологиясына мән беріңдер. Жазушы кеңес идеологиясының тегеурініне байланысты қай сөздерді, қай оқиғаларды жазушы автор ретінде өздігінен қосуы мүмкін деп ойлайсыңдар, пікірлесу ұйымдастырыңдар.
2. «Абай жолындағы» әйелдер галереясын жасаңдар. Өр кейіпкерге жүктелген міндетті анықтаңдар.
3. Роман-эпопеядағы тартыстың дамытылуы мен Абай Құнанбайұлының халықтың қамқоршысы деңгейіне жету үдерісіне мән беріп, өр сатыдағы оқиғаларды талдаңдар.
4. Топтық жұмыс: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлердің тізімін жасап, оларды топтап, өр топқа төн сипаттама беріңдер.
5. «Абай жолы» мен «Қаһар» романдарындағы этнографиялық рәсімдерді салыстырыңдар. Олардың қолданылу ерекшеліктеріне мән беріңдер.
6. Оқулықта дәстүрлі сөздік мақсатты түрде берілген жоқ. Жазушының сөздік қорына мән беріңдер. Қандай ерекшелік байқалады? Архаизм бар ма? Мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді анықтаңдар.



1. Роман-эпопеяның тарау аттарын жазып, оны кейіпкер өміріндегі әр кезеңге түйінді ой жасаңдар.
2. Жазушының авторлық идеясын білдіретін үш дәйексөзді табыңдар.
3. «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи және көркемдік құндылықтарының маңызын тұжырымдаңдар.
4. Автордың көркемдік құралды, әдісті қолдану ерекшелігін тұжырымдаңдар. Жазушының сүйікті көркемдік тәсілі бар ма?



1. М.Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына қатысты айтылған шетелдік жазушылардың ой-пікірлері негізінде эссе жазыңдар.
2. Мұхтар Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көтерілген өзекті мәселелер туралы әдеби сыни пікір жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

1. «– Бү не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? – деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандасып, өзіне керек кітабын енді атағалы тұр еді. Жаңағы тұрпайы әзілді құлағы шалысымен, чиновник жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады... Енді күлкілі мысқыл жүзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты: – Чиновник мырза, түйе кірсе, несі бар, бұнда ол түгіл, есек те отырыпты ғой! – деді».

**Сұрақ:** Роман бойынша, осы жағдай орын алғаннан кейін Абайға келіп, қол алып, амандасып, танысып, кейін дос болған кім?

- a) Лосовский
  - b) Михайлов
  - c) Потанин
2. «Осындай ойын-сауық жиынының ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастықтарды шынтақтаған сал, серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты

шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен ұйытқан ...Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек сый қонақ...»

**Сұрақ:** Көп нүктенің орнында қай ақынның есімі жасырылған?

- a) Байкөкше
- b) Барлас
- c) Біржан сал

3. Романда «Оқапта» деген тарау аты бар.

**Сұрақ:** «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарау атауларының қолданысын ескере отырып, бұл сөз нені білдіретінін табыңдар.

- a) Оқалы деген сөзден шыққан, әдемі, зерленген деген сөз
- b) Қасиетті деген сөз
- c) Кедір-бұдыр, бөгеті көп жол



### Оқушы күнделігі

*«Романдағы кейіпкер бала Абай бейнесі менің өмірімде» деген тақырыпта ойларыңды жазыңдар.*



### Фалаитор

- 1. М.Әуезовке арналған хабарларды тауып, сыныпта ой бөлісу ұйымдастырыңдар.
- 2. Мына сілтеме бойынша «Құнанбай» фильмін (режиссері: Досхан Жолжақсынов) көруді жалғастырыңдар. <https://ok.ru/video/10433398215>

#### Қосымша оқу үшін:

- 1. Жұртбай Т. Құнанбай. Тарихи және әдеби тұлға. – Алматы, «Алаш», 2004.
- 2. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы. Роман. – Алматы, «Әл-Фараби», 1999.



АБАЙ ЖОЛЫ  
3-кітабы бойынша



Жидебай қорық алқабы. Абай Құнанбайұлына қатысты тарихы орындар туралы толық ақпаратты мына сілтеме арқылы біле аласыңдар.  
<http://abay-museum.kz/abaydy-zhidebaydagy-m-razhay-yi>



СӨЗДІК

**Ашпа-жалап** – бірде тоқ, бірде аш.

**Даң** – айғай-шу, у-шу.

**Еттірлік** – еті тірі дегеннен шыққан, тірлік жасап жүр деген ойды білдіреді.

**Қиталасу** – ұрсысу.

**Қыжылдану** – ашу қысу, ызадан жарыла жаздау.

**Повестка (орыс)** – шақыру қағазы.

**Рауа** – орынды, лайықты, жөн.

**Селдір топ** – аз ғана адам тобы.

**Соқалау, соқа** – мәтінде: жобамен, шамамен осылай деп бар орысша білгені бойынша айтқаны.

**Соны** – бұрын таныс емес, жаңа.

**Шабан-шардақ** – аш-арық, кем-кетік.

**Шербешнай (орыс)** – чрезвычайный.



1. Дәркембай өз үйінің көлеңкесінде қызыл тайтерінің үстінде ағаш шауып отыр екен. Қолындағы өткір шапашоты шапшаң сермеліп, үлкен қайың қолағаштың сап жағын қырлап, мүсіндеп жатыр...

**Сұрақ:** Шапашот пен қолағаштың қайсысы қазық қағуға арналған?

- a) Екеуі де құрал, қазық қаға беруге жарайды.  
b) Шапашот – шабу үшін қолданылады; сондықтан қазық қағу үшін қолағаш керек  
c) Синоним сөздер берілген, екеуі бір нәрсе болу керек
2. Осы кезде Жұмырдың қасына екі аяғы қап-қара күс болған қоңқақ мұрын, талдырмаш, жүдеу баласы да кеп отырды. Ол – қозышы Бөрібасар...

**Сұрақ:** Күс деген не?

- a) Қол-аяқтың терісінің құрғап кетіп, жарылуы  
b) Жара, жырылған деген мағына  
c) Қатып қалған кір
3. Менің білуімше, Базаралы, Дәркембай, Абылғазылар ғана емес, сондағы Төкежан ұлы мен жылқышыларына өшігіп, өжет соққы берген ер жігіттің бірде-бірі өкінген жоқ. Қайта, көбі оның артынан ішкі жаққа кетіп, бұрынғы өмір кәсіпті өзгертіп, отырықшы, егінші жатақ болды. Төстабандап өнімді кәсіпке, адал еңбекке құлшына түсті.

**Сұрақ:** Төстабан деген қандай мағынада қолданылған? Шығармадағы айтар ойды ескеріп, оның не туралы айтып тұрғанын анықтаңдар.

**Ал тура мағынасында төстабан деп нені айтады?**

- a) Антоним сөздерді біріктіру сияқты, мағынасы жоқ сөз  
b) Тура мағынасында төстабан деп шөккен түйе төсінің жерге тиіп жататын жері. Ал романда егін салуға машықтанып жүрген кедей тобы бар ниеттерін салып, мығым түрде іске кіріскенін ауыспаы мағынада, образды түрде айтқан.  
c) Жұмысты жатып істеген болуы мүмкін



1. Роман-эпопеядағы өке мен бала, ана мен бала қарым-қатынастарына мән беріп, кейіпкерлер психологиясына мән беріңдер.  
2. Роман-эпопеядағы тартыстың дамытылуы мен Абай Құнанбайұлының

халық қамқоршысы деңгейіне жету үдерісіне мән беріп, өр сатыдағы оқиғаларды талдаңдар.

3. Топтық жұмыс: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлердің тізімін жасап, оларды топтап, өр топқа тән сипаттама беріңдер.
4. Жазушының сөздік қорына мән беріңдер. Қандай ерекшелік байқалады? Архаизм бар ма? Мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді анықтаңдар.



1. Жазушының авторлық идеясын білдіретін үш дәйексөзді табыңдар.



1. Өр тараудың атауларын қосымша тақырып ретінде автор ойын ашатын түйінді сөздермен бағалаңдар.



## СӨЗДІК

**Дом** – жылқы жол жүргенде, қиналмауы үшін мінер алдында бір таң асырып, бабына келтіріп жарату.

**Кәшаба** – жеңіл арба.

**Күдіс** – еңкектеу, бүкірлеу.

**Қыбла** – Мекке қаласындағы Қағба бағыты, құбыла.

**Мәзін** – азаншы.

**Салқар** – кең, мол, шалқар.

**Семү** – солү.

**Шетін** – оғаш, ерсі.



## Оқу сауаттылығы

1. Осындай шақта қаланың шетіне жаңа ғана кірген жолаушылар бір-неше жалпақ төбелі қоңырқай үйлерден айналып өтті. Енді бір кезде төбесі жабық аласа қораның кішілеу қақпасына кеп тоқтады.

Көшір шапшаң қозғалып, ытқып түсіп, қолындағы бишігімен қақпаны тықылдатып қағып жатты...

**Сұрақ:** Көшір сөзі қазақтың төл сөзі ме, әлде кірме сөз бе?

- a) Көшірісу дегеннен шыққан; төл сөз.
- b) Кучер – орыс сөзі, ат айдаушы деген сөз.
- c) Көшір бір жаққа көшу деген; қазақ сөзі.

2. Бұның айтуынша, бас махалладағы Шәрібжан халфе, Самат қари, соқыр қари, Самұрат мәзін сияқтылар қазір қуанып, жайнап жүр. Олар жаназадан, фидиядан, хатімнен және өлген адамның жетісі мен қырқынан күні-түні мол жем айырып жатыр...

**Сұрақ:** Үзіндіде «жем айыру» сөзі қазіргі заманда қандай эпитетпен мағыналас?

- a) Валюта айырбастау
- b) Малдың шөбіне қатысты
- c) Жемқор, яғни халыққа, елге зиян жасаушы, ұры.

3. Намаз соңында Самұрат мәзін, соқыр қари, Самат қалпелер, бір жағынан, өзгеше сұқтанып, екіншіден, жаңа туған аңыз, лақап болмысты ерекше сырлап айтысып жатыр. Ендігі сол аңыз Сармолланың қазасын былай баяндайды.

**Сұрақ:** Қари – Құранды жатқа білуші адам, қалпе – хазіреттен кейінгі атақ иесі, ал мәзін кім?

- a) Мешітте жұмыс істейтін адам деген жалпы ұғым
- b) Қаридың көмекшісі
- c) Муазин деген арабтан келген сөз, қазақ ортасында муазин қысқартылып, мәзін дегенге айналған, яғни азан шақыратын адам деген сөз.



- 1. Роман-эпопеядағы өке мен бала, ана мен бала қарым-қатынастарына мән беріп, кейіпкерлер психологиясына мән беріңдер.
- 2. Роман-эпопеядағы тартыстың дамытылуы мен Абай Құнанбайұлының халықтың қамқоршысы деңгейіне жету үдерісіне мән беріп, әр сатыдағы оқиғаларды талдаңдар.
- 3. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында қанша кейіпкер бар екен? Оларды топтау және даралау арқылы сипаттама беріңдер.
- 4. Жазушы жиі қолданған фразеологизмдер мен мақалдардың сюжетке қатыстылығы туралы бірнеше мысалдарды келтіру арқылы талдау жасаңдар.



- 1. Жазушының авторлық идеясын білдіретін үш дәйексөзді табыңдар.



- 1. Әр тараудың атауларын қосымша тақырып ретінде автор ойын ашатын түйінді сөздермен бағалаңдар.
- 2. «Абай жолы» романындағы тарихи және көркемдік құндылықтар тақырыбында өдеби эссе жазыңдар.



**МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЕСІМІ ДЕ, МҰРАЛАРЫ ДА МӘңГІ**



**«Қилы заман» – М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының сахнасында**

2012 жыл 2, 6 наурыз

Ұлы суреткер М.Әуезовтің саяси науқандарға байланысты, ең алдымен, Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген соң барып, төл оқырманымен қауышқан «Қилы заман» туындысы алғаш рет 1997 жылы қойылған болатын.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің, атап айтқанда, Қарқара көтерілісінің тарихи баянын негізге ала отырып, халыққа жасалған қиянаттың түп себебіне үңілетін; патшаның қазақ азаматтарын қара жұмысқа алу туралы жарлығына, отаршылдық саясат, зорлық-зомбылыққа қарсы шыққан елдің кешегісі мен бүгінін зерделеуге бастайтын жаңа қойылымның ең басты идеясы – рухыңды жоғалтпа, әлеумет! Рухың жоғалса – елдігіңнің жоғалғаны. Тарих сабақтары ұмытылмауы, тарих сабақтастығы үзілмеуі керек.

Сахналық нұсқа – Н.Оразалин, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қоюшы-режиссер – Ә.Рахимов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, қоюшы-суретші – Е.Тұяқов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор – Б.Дәлденбай, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

*(inform.kz)*

### III бөлім бойынша ТЕСТ

1. *«Осылайша ... жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басты...»*

Көп нүктенің орнындағы санды анықтаңдар.

- A) 1882, қысы
- B) 1845, қысы
- C) 1886, жазы
- D) 1946, жазы
- E) 1887, қысы

2. *«Осындай ойын-сауық жиынының ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастықтарды шынтақтаған сал, серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен ұйытқан Біржан сал».*

Біржан салдың Абай ауылына алғаш келуі роман-эпопеяның қай тарауында суреттелген?

- A) Оқапта
- B) Еңісте
- C) Жайлауда
- D) Тарауда
- E) Биікте

3. *«Ырғызбайдың үлкені Ырсай бастап Абайдың үстіне кірген. Ырсай әрі жылап, булығып, әрі күйініп тулаған-ды. «Қарағым, не бұйырасың, жауыңның қолында өлгелі келдік! Шап десең, шабамыз, өліс десең, бара алысып-жұлысуға әзірміз, міне!» – деген. Қасына еріп келген жиырма шақты Ырғызбайдың үнсіз тобын, бұрыл сақал, қара сақал көп тоғышарын көрсеткен. Бұлармен бірге Абайдың енді не тілейтінін білгісі келген Кәкітай, Мағаштар да Абайдың үстіне келген-ді. Абай сонда екі-үш күн бойындағы үнсіз келген қалпынан өзгеріп, ендігі ойындағы бір ғана сөзін айтқан.*

*– Қапқан иттен өш алам деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады! – деп қойған-ды».*

Абайдың жауабы қай тарауда айтылады?

- A) Қапада
- B) Қастықта
- C) Түн-түнекте
- D) Шайқаста
- E) Биікте

4. Әмірге «Жиырма бес» өнін үйреткен кім?

- A) Барлас
- B) Біржан
- C) Шөкәрім
- D) Абай
- E) Жанбота

5. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Барлас кейіпкердің прототипі кім?

- A) Барлас ақынның өзі
- B) Біржан
- C) Абай Құнанбайұлы
- D) Шөкәрім Құдайбердіұлы
- E) Дулат Бабатайұлы

6. Абай ауылына Барласпен бірге қай ақын еріп келді?

- A) Біржан сал
- B) Шұбар
- C) Шөкәрім
- D) Байкөкше
- E) Қуандық

7. *«– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен?! – деп, бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.*

*– Өріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін. Бірақ осы дәл әлгіндей қып айтқан Кіші жүз Марабай деген ақын деуші еді Жанекен, – деді. Жанекесі – ... еді».*

Көп нүктенің орнына тиісті сөзді анықтаңдар.

- A) Жүсіп Баласағұн
- B) Жүмекен Нәжімеденов



- C) Жиренше шешен
- D) Жанак
- E) Жарылғапберді

**8. Абай Мағаш қайтыс болғаннан кейін қанша күн өткенде өмірден өтті?**

- A) Бір жылдан өткенде
- B) Жарты жылдан кейін
- C) Үш айдан кейін
- D) Қырық күннен соң
- E) Бір айдан өткенде

**9. «Абай жолының» қай тарауында, қандай оқиғаға байланысты Жамбыл ақынның есімі кіріктірілген?**

- A) «Қапада», Әбдірахман қайтыс болғанда
- B) «Қапада», Мағыш қайтыс болғанда
- C) «Кек жолында», Әбдірахман ауырып жатқанда.
- D) «Қақтығыста», Базаралы сот шешімімен айдалатын кезде
- E) «Кек жолында», Иса ауырып жатқанда

**10. «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша, әр жер атауын маусымдық қызметіне, оқиғаға қатыстылығы бойынша белгілеп, сәйкестендіріңдер.**

- |             |   |
|-------------|---|
| 1) Ақшоқы   | A) Қодарды осындағы биік жартастан құлатып өлтірген                         |
| 2) Жидебай  | B) Абайдың қыстауы  |
| 3) Бөрілі   | C) Жайлау   |
| 4) Қарашоқы | D) Өуез әулеті мекендеген, Мұхтар Өуезовтің туған жері                      |
| 5) Көшбике  | E) Мұқыр сайлауы өткен 1898 жылы Абай Құнанбай-ұлына қастандық жасалған жер |

- a) 1a, 2b, 3c, 4d, 5e
- b) 1b, 2a, 3c, 4e, 5d
- c) 1d, 2a, 3c, 4e, 5b
- d) 1c, 2b, 3d, 4a, 5e
- e) 1a, 2c, 3d, 4b, 5e

## IV бөлім

# ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН МЕН САРЫН

Әдебиеттегі сын, шын мәнінде, қадірлі болуы керек. Қадірлейміз, өрине. Өйткені «Сын жоқ жерде мін түзелмейтінін» бізден талай ғасыр бұрын өмір сүрген бабаларымыз ұрпақтарға сабақ болсын деп айтып кеткен. Солайша әдеби сын біздің әрқайсымызға қызмет етеді. Ал әр шығармада қолына қалам ұстаған жандардың сыр ғып айтар ойлары көркем сарындар болып, санамызға құйылып, ой көкжиегімізді кеңейте түсетіні анық.



**ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ**  
(1935–2011)

Тұманбай Молдағалиев – қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын (1968), Физули атындағы Халықаралық түрік дүниесі ақындарының сыйлығының (1992) иегері.

Болашақ ақын 1935 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында «Қазатком» деп аталған ауылда дүниеге келген. Әкесі Ұлы Отан соғысында қаза тауып, анасы Қымқаптың тәрбиесінде өскен.

1942 жылы «Қазатком» мектебіне барып, 1951 жылы Алматы облысындағы Есік қаласында бітіріп, сол жылы Қазақтың мемлекеттік университетіне оқуға түскен. Алғашқы өлеңдер жинағы 1957 жылы «Студент дәптері» деген атпен жарық көрді.

Еңбек жолын «Лениншіл жас» газеті (қазіргі «Жас алаш») және Пионер» журналының редакцияларында әдеби қызметкер болудан бастаған. Кейін «Жазушы» баспасында, «Балдырған» журналында, ал 1984–1986 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, одан кейін өмірінің соңына дейін «Балдырған» журналының бас редакторы қызметін атқарды.

Ақынның 40-тан астам поэзиялық шығармалары бар.

**Өлеңдері.** «Студент дәптері» жас ақынның болашағына сенімділік танытты. Ол махаббатты жырласа да, табиғатты суреттесе де, Отан мен анаға арнаған өлеңдерінің бәрінде де лириканы шебер пайдаланды. Ақынның өзі жастай өкесінен жетім қалған соң, анасының бар еңбегін, тауқыметті тағдырын өз көзімен көріп жүрген соң, өлеңдерінде шынайылық, перзенттік сезім айқын көрініс тапты. «Құлайын деп бара жатам құлдырап», «Біттім-ау» деп, «Сөндім-ау» деген қиналған сөттерінде анасының қолдау, демеу болғанын ашып айтады.

Ойнап шығам содан кейін құр аттай,  
Жарқылдаймын жүрегімді жылатпай.  
Мүмкін Ана махаббаты шығар бұл  
Мені сүйеп келе жатқан құлатпай, –

деп жырлаған. Анасы тігіп берген тері тоннан жылы киім көрмегенін:

Анам бірге тікті ме екен сол кезде,  
Тері тонмен өз жанының ыстығын, –

деп, ана мен бала арасындағы сезімді тамаша жеткізген.  
Ақын ананы, қыздарды сыйлай білуге үндейді.

Әйел – сенің ақылшың да айбарың,  
Ол барында естімейсің қайғы өнін.  
Әйел – сенің күзетшің де, сақшың да,  
Әйел – сенің мерекең де мейрамың.

...Барлық гүлдер жұпар жинап бойына  
Әйел күннің шуағын ап жаралған, –

дейді.

Ананы сыйлау Отанды құрметтеу екенін ақын:

Ұлым менің, бұл сөзіме бағарсың,  
Жанар кезде өзің де от боп жанарсың.  
Менің қазақ жүрегімді ал, тілімді ұқ,  
Ал басқасын өзің тауып аларсың, –

деуі жастарды адамгершілікке, үлкен парасаттылыққа үндейді.

Тұманбай Молдағалиев соғыстың кесірінен әкесінен айрылғандықтан, оның сәби жүрегінде мәңгілікке қалған сыз бар. Ол оның өлеңдерінде басты тақырыптардың бірі болып қалды. «Соғыс бітті», «Әкем тірі жүрген сияқты», «Туған жерге оралмаған солдаттың», т.б. өлеңдерінен әкесі мен ағаларын күткен балалардың сезімдерін көреміз.

Ақын өлеңдері арқылы лирик екенін танытса, поэмаларымен де жетім баланың тағдырын жеткізді. «Әкеммен әңгіме», «Менің анам», «Жеңеше», «Өшпей қалған сәулелер» – соғыстың тағдырын тартқан жас баланың бүкіл әлемге айтар сөзі – соғысқа деген қарсылық болып шыққан.

«Атантай ата» атты поэмасы аңызға құрылғанымен, нақты адам образын танытатын суретке бай шығарма. Атантайдың көшін тоқтатып, қоныс берген Артық батырдың ерлік істері, кесек мінездері оқырман үшін сенімді шыққан.

Тұманбай Молдағалиев поэзиясы образдарға бай және өлең техникасын еркін меңгерген. 12, 13 буынды өлең үлгілері бар, кейде аралас буынды өлең түрін де пайдаланған.

12 буындық өлең:

Қойшы торы бәйгеге қосыла кеткен,  
Шаба алмай ма алысқа жосыла көппен?  
Бейжай менің жүрегім май ішкендей,  
Айықтырар кімі бар осынау дерттен?

13 буынды өлең үлгісі:

Ешкімнің атын аударып мінген де жоқпын,  
Күйген де боппын, өзімше күлген де боппын.  
Қамысқа барып бататын қызыл сәулемін,  
Алыста жанып жататын түнде де отпын.

Аралас буынды өлең:

Шаршап та жүрмін,  
Шаңқай түс  
Соңымда қалды.  
Көргем жоқ аяп мен байғұс,  
Қолымда барды.

Ақын туындыларында соңғы тармақтары өзара ұйқасқан бес тармақты өлең үлгісі:

Қыран ба деп ем қияда ғана ұшатын  
Таласа желмен, қаласа, көкті құшатын.  
Серпіген болып босқа да босқа қанатын,  
Тырбиып ұшып, тырбаңдап тасқа қонатын.  
Басқа бір құсты ұқсаттым бүгін өзіңе.

Тұлпар ма деп ем қаны да таза, жаны да  
Тұғырдың бәрін кететін көміп шаңына.  
Ауыл арасы мінуге ғана жарайтын  
Мінезі таныс, пиғылы бөр-бөрі айқын.  
Торшолақ менің елестеп кетті өзіме.

Алты тармақты өлең үлгісі:

Жауып өтті бір жаңбар,  
Шауып өтті бір жаңбыр.  
Найзағайды қамшы ғып,  
Тоғанды су толқыды.  
Шұқырларда көл тұнды,  
Жайқалды жас тал шыбық.

Бұлар – Т.Молдағалиевтің поэзияға қосқан жаңалықтары. Ақын есімі де, өлеңдері де халқының жадында мәңгі сақталады.



## СӨЗДІК

**Жүрегім май ішкендей** – біреуден не бір нәрседен көңілі қалу, беті қайту.  
**Құр ат** – мінілмеген, тыныққан ат.

## БАУЫРЛАР<sup>1</sup>

Менің жерім мына жер – сенің жерің,  
Жарасып тұр сол жерге келулерің.  
Осы алқапта сенің де малың жатыр,  
Жайқалып тұр шабылмай егіндерің.

<sup>1</sup> Молдағалиев Т. Көп томдық шығармалары. – Алматы, «Қазығұрт», 2003.

Менің көлім мына көл – сенің көлің,  
Сенің арқаң көңілге семіргенім.  
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,  
Жетем деген сол көлге сенімдерің.

Менің тауым мына тау – сенің тауың,  
Ақбас шыңын алты ай жаз жуған жауын.  
Жалғыз рет көрсең де тірлігінде,  
Мүмкін емес сол тауды сағынбауың.

Туы да бір ішетін суы бардың,  
Өуреледі бұл жерден қуып өркім.  
Мына орман менікі, сен де соның,  
Ағашынан үйіңе уық алғын.

Көрдің бәрін, көп түсті жан да азапқа,  
Түскен кезі көп және ар мазаққа.  
Тоғайдағы толғағыш құстар да ортақ,  
Дүниені жайлаған бар қазаққа.

Мынау өзен менікі, ел күніге  
Сүйінеді ұрпақтың ерлігіне.  
Қимай кеткен сол суды аталарың,  
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне.

Мынау теңіз менікі – сенікі ол да,  
Ел ырысы дәл бүгін бекем қолда.  
Өр бұтасы, ағашы туған жердің,  
Ыстық тарта береді екен жолда.

Желбіреді көгімде, міне, туың,  
Тұлпарым да дайын тұр мінетұғын.  
Мынау үлкен мәңгілік қалаларда,  
Үйлерің тұр көшіп кеп кіретұғын.

Келші, бауырым, кешікпей, кір қатарға,  
Меңіреуге меңіреу тіл қатар ма?

Мына тауда сенің де жылқыларың,  
Жату керек шұрқырап күн батарда.

Жазым да ерек, биылғы күзім бөлек,  
Алмам да ерек мол биыл, жүзім де ерек.  
Мына көлде сенің де балаларың,  
Асыр салып тал түсте жүзу керек.

Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ?  
Ішің де ұнап тұр маған, сыртың да ұнап.  
Сендердің де бір салған өндеріңе,  
Бар таулары қазақтың түрсін құлақ.

Жеңдік біздер тіршілік күресінде,  
Өні есіңде еліңнің, жыры есіңде.  
Қай қиырға ұшсаң да қазақ болсаң,  
Абайыңды еске алмай жүресің бе?!

Жастау болсаң жайқалып, жалындап ал,  
Бақыт өзі кеп сонда қолыңды алар.  
Қазақ болып туғаның рас болса,  
Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар.

Туған елсіз ешқашан көгермейсің,  
Кім қашанғы бұғауға көнер дейсің?  
Қазақ болып туғаның рас болса,  
Алматыға бір келмей жөне өлмейсің.

Мүлгисің бе жырыммен ұшықтасам,  
Қуатым деп Сыр суын ішіпті Асан.  
Қазақ болып тудым деп айта көрме,  
Алатаудың басына бір шықпасаң.

Оянады көңілден қайдағы арман,  
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.  
Президентім бар менің елі түгел,  
Ақ киізге көтеріп, сайлап алған.

Туым биік бүгінде, нуым да әсем,  
Естілер шақ кетті өтіп үнім бөсең.  
Қазақпын деп айтпа сен, жан бауырым,  
Алматыны тірлікте бір көрмесең.

Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,  
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...  
Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,  
Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...

### *Әдебиет теориясы*

**Лирика** (грек. *Lyra* – лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын) – басты ерекшелігі – адамның көңіл күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді.



### *Артық болмас білгенің*

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы алғаш рет еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Алматы қаласында өтті. Бұл бас қосуға Түркия, Германия, Норвегия, Франция, Қытай, Моңғолия, т.б. елдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың атынан өкілдер келді.

Осы құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Осы тарихи сәт қоғамдық және саяси өмірімізге үлкен серпін берді. Бүгінге дейін бірнеше құрылтай ұйымдастырылып, тарихи Отанына оралған қандастар саны артып келеді. Туған мекенімізде жергілікті ұлт саны артуда.



1. Ақын Тұманбай Молдағалиев туралы осы кезге дейін естіп пе едіңдер? Оның қай шығармасын білесіңдер?
2. Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығындағы негізгі жанрларды атаңдар.
3. Шет елдегі қандастар туралы не білесіңдер?
4. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи Отанына оралған ақын-жазушылардан кімдерді білесіңдер?





1. Тұманбай Молдағалиевті лирик ақын деуге бола ма?
2. Лирик ақынның шығармашылығындағы ерекшелік не?
3. Т.Молдағалиевтің өмірбаянымен таныстыңдар, оның «Бауырлар» деген өлең жазуының себебі не?
4. Ақынның бұл өлеңі қай кезеңде жазылды?
5. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шетелде жүрген қандастарды Отанымызға шақыру өлеңін жазған тағы да ақындарды білесіңдер?



1. Хрестоматиядан ақынның «Бауыржан ағаға», «Ұлға айтылған бір тілек» атты өлеңдерін оқып, лирикалық көңіл күйге мән беріңдер.



1. Өлеңнің идеясын қазақтың мақалдарымен түйіндеңдер. Бұл тақырыпта кім көп мақал айтатынын анықтаңдар (Мұны топтық жұмыс ретінде де ұйымдастыруға болады).
2. Ақын шығармаларынан автор бейнесі қалай байқалады?
3. Өлең құрылысына талдау жасаңдар.



1. «Бауырлар» өлеңінің идеясы, көркемдік құндылықтары, тарихи мәні туралы жазыңдар.
2. 6-сыныпта Ерлан Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік», 7-сыныпта Темірхан Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңдерін оқыдыңдар, осы шығармалармен салыстыра отырып, патриотизм, сыршылдық, бауырмалдық тақырыбында пікірлесу ұйымдастырыңдар.



1. «Біздің қуат – бірлікте» деген тақырыпта өдеби сын жазыңдар.



### *Оқу сауаттылығы*

1. Оянады көңілден қайдағы арман,  
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.  
Президентім бар менің елі түгел,  
Ақ киізге көтеріп, сайлап алған.

**Сұрақ:** Ақ киізге көтеру нені білдіреді?

- a) Хандарды ақ киізге көтерген, соны айтқаны.
- b) Қазақстанда хандық билік екенін айтқаны.
- c) Президентті сыйлау, құрметтеу керек, сондықтан ақын оны хан сияқты дәріптеген.

2. Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,  
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...  
Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,  
Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...

**Сұрақ:** «Таңнан тағы тербетті шешем бесік» деген сөзі нені білдіреді?

- a) Өз үйінде күн сайын көріп жүрген тірлігін айтқаны
- b) Қазақтың дәстүрін айтқаны
- c) Шет елден қандастарымыз елге келіп, бір туған бауырларды қарсы алып, олардың да баласын өз баласындай көрген аналарды, жалпы, халқымыздың көңілі кең екенін айтқаны.



### *Оқушы күнделігі*

*Сендер шет елдерде жүрген қандастарымызды, бауырларымызды қалай шақырар едіңдер? Осы туралы ойларыңды жазыңдар.*



### *Фалаитоп*

1. Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Құстар қайтып барады» (әні: Нұрғиса Тілендиевтікі), «Әнім сен едің» (музыкасы: Шәмші Қалдаяқовтікі), т.б. әндерін тыңдап, алған әсерлеріңмен бөлісіңдер.

#### **Қосымша оқу үшін:**

1. Оразақын Асқар. Атамекенге оралғанда. – Алматы: «Жалын», 2005. – 272 б.



## МАРАЛТАЙ РАЙЫМБЕКҰЛЫ

(1969 жылы туған)

Маралтай Райымбекұлы Ыбыраев 1969 жылы 1 мамырда Жамбыл ауданы Сарысу ауданында дүниеге келген. Ақынның тұңғыш кітабы 1996 жылы «Ай-Нұр», ал екінші жыр жинағы – «Ай» деген атаумен 2000 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Содан бері Маралтай Райымбекұлының поэзиясы халқының көңіл төрінен орын алып, бүгінде көрнекті ақын атанды. Ол – 1981 жылы Қазақстан Жастар сыйлығының, ал 2000 жылы мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Президенті

стипендиясын төрт мәрте алған және Президент Грантының иегері де болған. Бірнеше жыр мүшәйрасының бас жүлдесін иеленген.

Ақынның оқырманға сыйлаған жыр мұрасы аз емес. Оның кейбірін атағанда, «Қарлығаш», «Қос ішек», «Толқыннан толқын туады», 2000 жылдық дала жыры», т.б. жырлары ұжымдық жинақтарға да енген.

Ал 2008 жылы «Кентавр» атты жыр кітабы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы тапсырылды. Ал 2016 атты «Өлеңдер», т.б. бірнеше кітабы жарық көрді.

Маралтай Райымбекұлының шығармашылығынан оның өз өлемі танылады. Ол «Муза» атты өлеңінде:

Басса да жер дүниені көшкін мейлі,  
Сен ғана өлмейтін де, ескірмейтін.  
Ондай сөз, ондай бояу ғаламда жоқ,  
Киелі келбетіңді кескіндейтін.

Сен шықсаң сылаң қағып жыр бағына,  
Күңгірт боп қалар еді нұр да мына.  
Құдай мен Құраннан соң бір өзіңсің,  
Тұрмайды басқа нәрсе тырнағыңа, –

деп, музаға айналған поэзиясын жырласа, әр өлеңінен көркем оймен суарылған бейнелер танылады. Әсіресе, кентавр бейнесі Маралтай ақынның төл даралығын айғақтайды. Өйткені ақын «Кентавр» атты өлеңінде:

Болмауы тиіс мұратым мұңды,  
Толағай бір ұл туатын сынды—  
Кісі бейнелі, тарпаң жүректі,  
Кешегі... біздің ұғатын сырды.

Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі  
Бабалар бүгін түсіме енбейді.  
Солардан қалған жүрек қой мынау—  
Жүрегім неге кісінемейді? —

деп, халқымыздың өткен тарихын да, болашақтан күтетін сенімін де сездірген. Оның өткенге де, болашаққа да ортақ тарихқа үлгі етер бейнесі тарпаң мінезді, кісі бейнелі, яғни тарпаң дегенде күткені — батырлық, жауға дес бермес мықтылықты айтып, асыл ойдың арқауы бейнелі оймен сомдауы. Ал кентавр — антикалық грек мифінен белгілі. Ақын сол кентавр бейнесін тарихтың шаңына қалдырмай, ұлттық поэзияға өзінің көркем өлемі деңгейінде жаңғыртты.

Ақынның шынайылығы өлеңдерінен айқын көрінеді. «Кентавр» өлеңінде, жалпы, бүкіл поэзиясында ол аруаққа, Төңірге, Құдайға, Аллаға — сенетіні өлеңдерінен де санаға салмақ салмайтын еркін түрде ағынан жарылу үстінде көрінеді. Мысалы, «Кентавар» өлеңінде:

Алапам тасып,  
ақырып,  
төніп,  
Аруағымды шақырып келіп:  
Шығысқа қарай адырна тарттым,  
Жар болса Төңір, ақырын беріп! —

дейді.

Ақын поэзиясының құндылығы оның фольклорлық санамен суарылғандығы, яғни қазақ халқының рухани мұралары, наным-сенімінің қазіргі замандағы өміршендігін де қоса көрсетуімен құнды. Ұлттық түп тамырмен байланыстылықты танытуымен ерекше.

«Көшбасшы» поэмасы туралы. Ақын бейбіт заманды жырлайды, еліміздің басшысы — Тұңғыш-Президент-Елбасының еліміздегі тыныштықты сақтау үшін, халықтардың өзара сыйластығы үзілмеуі үшін, қирап қалған экономиканы қалыпқа келтіріп, әлемдік қауымдастыққа абырой-

мен ену үшін көзге көрінбейтін, көп жұрт біле бермейтін еңбекті ақын зердемен ұға отырып, «Көшбасшы» поэмасын жазып шыққан. Бұл шығарма 2009 жылы 6 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінің 4 бетін алып, жарияланды. Ақын өзі: «Еш нәрсе өзінен-өзі бола салмайды, оның ар жағында елдің моншақтап төгілген тері, ердің өлшеусіз жан алысып, жан беріскен ұйқысыз түндері жатыр», – деп түсіндірген. Осыны сезінген ақын поэманы Президенттің туысынан бастап, ел басқарған тұлға деңгейіне жеткендегі еңбегін жиырма бөлікке бөліп таныстырған. Өмір жолын үлгі еткен соң шығармада хроникалық сипат бар. Еліміздің ең бірінші басты байлығы – тәуелсіздігіміз, бейбіт заман. Ал тәуелсіздікті жоғалтау оңай, оны сақтап қалу қиын, сондықтан әр азамат мұны түсіне білуі керек. «Көшбасшы» поэмасының идеялық қуаттылығы осында, сондықтан дара тұлғаны сомдауда батырлық жырдың өсері де байқалады. Елін сыйлаған ерді халқы да, ақыны да, әр азамат сыйлайды.

## КӨШБАСШЫ<sup>1</sup>

### ТӘУЕЛСІЗДІК

*Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі  
оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

Біздей ел бар ма ғаламда нұрлы:  
Сан ғасыр мұңы санамда тұрды...  
Сақтауға мәңгі – бірлігін елдің,  
Сатпауға мәңгі – даламды Ұлы!

Намысын кек пен қайраған күйік,  
Алаштың ұлы айбары биік.  
Тізерлеп тұрып ант берген сонда,  
Тәуелсіз елдің байрағын сүйіп.

Төңірдің өзі жарылқап, қалап,  
Қол соққан Өлем парқына қарап.  
Мәңгілік Елге Елорда болар  
Астана салдық Арқаға абат.

<sup>1</sup> Ақынның өзі оқулыққа шағындап ұсынған нұсқа берілді.

Жұртымен бірге иманы Ердің,  
Мұхитқа өзен құйғанын көрдім.  
Жүзіне Жердің шашырап кеткен  
Шақырып қайта жинады елін...

Аңдатар көпке ақылдың нарқын,  
Парасат тұнған, сабырлы, салқын.  
Нұрсұлтан салған Нұрлы жол мынау,  
Қастерлеп сүйген қадірлі халқын.

Бағына елдің алыптар туса,  
Халықтың жолын жарық қып тұрса.  
Тәуелсіздігі баянсыз, бақсыз  
Жойылып кеткен халықтар қанша?!

Алалап бөліп ұлыс пен ұлтын,  
Билемек болып қылышпен жұртын  
Кешегі кейбір патша мен хандар  
Қашырды елдің ырыс пен құтын.

Бірлік бар кезде болмаған мазақ,  
Бірлік жоқ кезде орнаған азап.  
Алауыздықтан айбыны қайтып,  
Алауыздықтан сорлаған қазақ.

Аспаны жалын, астары қалың  
Заманда мынау қас-қағым... Бәрін...  
Ұшырып алсақ кешірімес ұрпақ,  
Тәуелсіздіктің бастағы бағын.

Алтыннан ою ойдырған елміз,  
Атаға белгі қойдырған елміз.  
Қазақтың ханын, қазақтың арын  
Түгендеп бүгін той қылған елміз.

Қол жетпей кеткен жалғанда ғасыл,  
Сан мың жыл күткен армандар асыл.

Іргесін қалап Мәңгілік Елдің,  
Толғады дәуір, толғанды ғасыр.

Көк түріктерден алдырып қуат,  
Санада даңқы жаңғырып тұрад...  
Алашты алға бастайтын жол бар,  
Мәңгілік Ел – ол, мәңгілік мұрат!!!

## ТҰЛҒА

*Әр халықтың тарихында есімі мәңгі  
өшпестей ел жадында сақталатын  
тарихи тұлғалар болады.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

Оттан сақтап, оқтан қорғар берен боп,  
Не болса да пешенемнен көрем деп.  
Елің үшін түстің талай додаға,  
«Күн астынан орын тауып берем!» – деп.

Емен құсап ерек біткен еренім,  
Көз жетпеске ой жеткізген төрелім.  
Сертке ұстаған семсер сынды жарқылдап,  
«Халқым үшін жаным құрбан!» – деп едің.

Ірікпестен лықсып келген сезімді,  
Жасырмастан жасқа тұнған көзіңді.  
(Ұмытқан жоқ, ұмытпайды бұл халық!)  
«Айналайын, елімі!» – деген сөзіңді.

Қызғанады-ау, кейбіреулер бағыңды,  
Ардақтауға ары жетпей нар ұлды.  
Сіз жасаған еркін, бейбіт қоғам бұл –  
Шүберекке түйіп жүріп жаныңды.

Ел билеудің қияметін сезем мен,  
Елді бастап өткелі жоқ өзеннен,

Алып өттің, ел басына күн туып,  
Етікпенен су кешетін кезеңнен.

Бардың қанша нартөуекел қадамға,  
Түсініксіз көрінгенмен наданға.  
Судың өзі жол береді екен ғой,  
Жүрегінде от лаулаған адамға.

Сыншы көп қой біткен іске сынайтын,  
Ғұмыр кештің ұлтың үшін ұнайтын.  
Жатыр елім күндіз-түні той тойлап,  
Құрметіне құрбан шалып Құдайдың.

Шартарапқа байлығымен байқалған,  
Қазағымды бақытсыз деп айта алман.  
Сара жолға түсті елім төубө деп,  
Жорға сынды төрт аяғы тайпалған.

Атажұрттың керегесі керіліп,  
Оғыландар атқа қонды тебініп.  
Армандаған, Сіз аңсаған дәуірдің,  
Көкжиегі көз ұшынан көрініп.

...Бас иесіз көрген қызық мәнсіздей,  
Ел бақытты Елтұтқасы бар Сіздей.  
«Ер қадірін ел біледі» – деуші еді,  
Ел қадірін Ер біледі дәл Сіздей!

## ӨЗ АНА

*Әкеме тұрмысқа шыққаннан кейін ше-  
шеміз бес жылға дейін құрсақ көтер-  
меді. Ел «Бұлардың балалары бол-  
майды» деп жүргенде, мен туыппын.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

О, менің халқым ақын, халқым хакім  
Түсінген аналардың парқын жақын.



Өз ана – Өлжан ана сезді ме екен:  
Ішінде ат басындай алтын барын.

Ішінде ұл жатқанын ұлағатты,  
Тізгіндеп ерттеп мінер пырақ атты.  
Өулие-әнбиеден тілек тілеп,  
Нұр жүзді бір перзентті сұрап апты.

Алланың ақ нұрындай шашып өткен,  
Ер жетіп, елін қорғар қасіреттен.  
Ел күткен елді билер Елтұтқасын  
Өлжандай өз анаға нәсіп еткен.

«Ұлтына ұл сыйлаған өткір етіп,  
Бақиға ғазиз ана кеттің өтіп.  
Қойса ғой сол анаға бір ескерткіш,  
Басына Көктөбенің көк тіретіп».

Ананың ақ жүрегі-ай, керемет кең  
Сұлтанын тағдырына тірек еткен.  
Ұлының амандығын, абыройын  
Алладан күні-түні тілеп өткен.

Еске алар Елбасы да ерке күнін,  
Тағдыры мазмұнындай ертегінің.  
Шіркін-ай, асыл ана көргенде ғой  
Ұлының көш бастаған серкелігін.

Арманмен айшықталып өрелі ұғым,  
Көңілім өкініштен шегеді мұң.  
Өттең-ай, асыл ана көрмей кетті-ау,  
Ұлының әлемге айтқан төрелігін.

Аңсаса анда-санда балалығын,  
Сағынар мейірімді ана нұрын.  
Ананың ақ сүтімен бойға сіңген,  
Айқындап Елбасы тұр даналығын.

Алланың ақ нұрындай шашып өткен,  
Ер жетіп елін қорғар қасіреттен.  
Ел күткен елді билер Елтұтқасын  
Өлжандай өз анаға нәсіп еткен.

Қырандай зау биікке самғар таңда,  
Ізгі үміт ақиқатқа жалғанғанда.  
Перзентін алты құрлық мойындаған,  
Өлжандай өз анада арман бар ма?!

### АРДАҚТЫ ЖАНДАР



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы  
Н.Ә. Назарбаевтың ата-анасымен. Елбасы туралы кең мағлұматты мына  
сайт арқылы таба аласыңдар.

<https://elbasy.kz/kk/nursultan-nazarbaev>

## ПЕРІШТЕ

*...Сайдың басында ойнап жүргенде, көк шөпке аяқтарым тайғанап кетіп, төмен қарай домалап кеттім. Сай түбінде жыландар жатқанын білгенім жоқ. Аяқ-қолдарымды орап алғаны болмаса, олар маған тиіскен жоқ.*

Нұрсұлтан Назарбаев

Күе болып даға дала, абыз көк  
Қаламымның өзегіне тамызды от.  
Елбасының жүріп өткен жолында,  
Ел айтатын ақиқат пен аңыз көп.

Ғасырлардан жеткен сырдай ең ескі,  
Ғажайыптар тартпайды екен көмескі.  
Өбіш қарттың тұңғыш ұлы Нұрсұлтан  
Өзгелерден ерекшелеу боп өсті.

Елі үшін өмірге өзін әкелген,  
Жері үшін төбесіне көтерген.  
Шылауында Ғайып-Ерен шілтеннің,  
Қалды аман талай-талай қатерден.

Соның бірін сыр ғып бүгін шертелік,  
Есейсе де өмір мәнін ерте ұғып...  
Абайсызда сайға құлап кетіпті,  
Емес шығар бұл-дағы жай еркелік.

Қайта оралмас сол бір сәттің үзігі,  
Сипасаң да Сүлейменнің жүзігін.  
Нұрсұлтанның алтыдағы кезі екен,  
Таусылмаған сәби шақтың қызығы.

Жыландыойдың сусып тұрған құрағы,  
Жаз айының тамылжиды шуағы.  
Ойнап жүріп, тайып кетіп Нұрсұлтан  
Домалап кеп сайдан бір-ақ шығады.

О, әргісін атай көрме, атама,  
Сайдың түбі құжынаған, о, тоба...  
Ордасы екен, ұясы екен жыланның –  
«Қандай сұмдық қатер төнді ботама?!»

Өлжан ана шырыл қағып жылады,  
Өбіш ұлын құшақтай кеп құлады.  
Өн бойына оратылған жыланды  
Қағып тастап, күліп бала тұрады...

Ел жиылып, бата қылып ақ тілек  
Мәз боп жатты періштесі қақты деп.  
Тағдыр тұрды қарсы алдында жымыш,  
Анасының ақ сүтіндей тәттірек.

Нұрсұлғанды Тәдір бастан ұнатқан,  
Сынаса да құлатқан жоқ, құлатқан.  
Аман қалып Елбасына айналды  
Тағдыр тартқан түрлі-түрлі сынақтан.

## БАЛДӨУРЕН

*Біздің зердеміз, әсіресе, күйінішті  
сәттерде, алыста қалған бала-  
лық шақтың көріністерін ойға  
оралтатыны кездейсоқ болмаса  
керек.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

Балалық шақ... жанарыңа ар тұнып,  
Биік мақсұт, армандарға талпынып!..  
Уақытыңды еткен жоқсың рәсуа,  
Асық ойнап, доп қуалап алқынып.

Тағдыр солай таразыны теңгеріп,  
Туған-туыс, бауырларға дем беріп.  
Уақыт жүгін иығыңмен көтердің,  
Қиындықты ата-анаңмен тең бөліп.

(Алла өзі зор қасиет сыйлаған,  
Өзгелердің ұғымына сыймаған.  
Еректігі, зеректігі арқылы  
Білім нәрін жүрегіне жинаған).

Сөйлеп кетсе ақтарылып ағынан,  
Сүйінбайдың киесі ғой дарыған.  
Жамбыл қарттың өнеріне еліктеп,  
Өн мен күйдің мәйегіне жарыған.

Жету үшін бақытыңа тербеткен,  
Қиялдадың қанатыңды сермеп кең.  
Боламын деп алға қарай талпындың,  
Баламын деп, бас тартпадың еңбектен.

Өрбір асу секілденіп соңғы сын,  
Жүріп өттің тағдыр сызған жолды шын.  
Тең-құрбыңнаң даралана бастадың,  
Тұлпар болар тай сияқты болмысың.

Қанша сезім гүл құшақтап қыр асты,  
Қанша сұлу өзіңізге сыр ашты.  
Балалық шақ артта қалып – бал дәурен,  
Бозбалалық қызықтарға ұласты.

Арулардың ойын қозғап есті үміт,  
Нұрға айналып көзіңдегі сестілік.  
Үніңізге үлкен-кіші ұйыды,  
Өн салғанда көше бойлап кешкілік.

Өміріңді өрнектедің өлеңмен,  
Ұлттың жадын жаңғыртам деп көнерген.  
Жігіт болып келе жаттың есейіп,  
Екі тілдің уызынан тел емген.

Азамат боп аяқтандың, ақыры,  
Түбі бір күн таққа тиер тақымы.  
«Талаптыға нұр жауады» – дейтұғын,  
Рас екен бұрынғының нақылы.

## ҮШҚОҢЫР

*...Біздің әрқайсымыз өзіміздің терең  
тамырымыз – туған жеріміз тура-  
лы есте ұстап, қай елдің азаматта-  
ры екенімізге есеп беруіміз қажет.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

Дәл осында ата-баба сүйегі,  
Дәл осында тағдырыңның тиегі.  
Жұмыр Жердің ақ сәлдесі сияқты,  
Алатаудың баурайында киелі.

Солай болып Жаратқанның байлауы,  
Отау тігіп, оңынан кеп айлары.  
Әбіш әке – Әлжан ана дәм айдап,  
Табысқан жер Үшқоңырдың жайлауы.

Маңдайынан ызғар өбіп, күн өтіп  
Еркін елін алға бастар түлетіп.  
Елге тұтқа тұлға келді өмірге,  
Жайлауында Үшқоңырдың шыр етіп.

Үшқоңыр тау, желдің қорғап өтінен,  
Армандарға жетелеумен өтіп ең.  
Бала Сұлтан, Нұрсұлтанды бір кезде  
Бұғанасы жаңа ғана бекіген.

Өз тағдырын өзі ғана шешкендей,  
Күллі тарих көз алдынан көшкендей.  
Үшқоңыры қуат беріп жанына,  
Өсті Сұлтан ештеңеден сескенбей.

Еңбегімен елге өзін елеткен,  
Туындаған армандары себеппен.  
Үшқоңырдың ұшарына қарайтын,  
Үшқыш болып кете жаздап кенеттен.

Келбетіне көзін тігіп аңсарлы  
Табиғатын тамашалап тамсанды.  
Күллі қазақ Үшқоңырды ардақтап,  
Күллі қазақ «Үшқоңыр» деп өн салды.

Осы жерде – жүрегінің жан-үні,  
Осы жерде – парасаты, сабыры.  
Үшқоңырдың баурайына байланған,  
Мәңгілікке терең бойлап тамыры.

Үшқоңыры – аңсап күткен ұлы елі,  
Үшқоңыры – әлемдегі тірегі.  
Балалығы қол бұлғаса алыстан,  
Елжіреді Елбасының жүрегі.

Тау суындай тасты бұзып сырғыған,  
Өділетті Ақ жолыңды жыр қылам.  
Ел менен Ер бір-бірінен қуат ап,  
Үшқоңырдан көтерілді бір қыран...

### ТЕМІРТАУ ТҮЛЕГІ

*Жалын боп шарпыған ауыр кәсіп  
бізді шар болаттай шыңдады. Бұған  
намызды бекітіп, буынымызды қат-  
тайтты.*

**Нүрсұлтан Назарбаев**

Киіз қалпақ, киіз шекпен киініп,  
Болат көсеу... ақ найзадай иіріп.  
Қып-қызыл боп жатты темір суша ағып  
Науаларға сапырылып құйылып.

Бұл бейнеттен кім болса да тартынбақ,  
Асты-үстіңді қойса-дағы алтындап.  
Жаһанамның көмейінде от шашқан,  
От ішінде жүрді Сұлтан жарқылдап.

Көкейінде арман да көп, тілек көп,  
Дамыл бермей маздап жанған жүректе от.  
Бұлт-бұлт ойнап бұлшық еті бурадай,  
Маңдайынан аққан тері шүмектеп.

Айнала от, отқа күйген ұлтаны,  
Қайсар ұлын аңыз етер жұрт өлі.  
Мұнша азап, мұнша ауыр еңбекке,  
Шыдай алар жігіттің тек сұлтаны.

Жалғыз өзі мың кісіге татырдай,  
Салтанаты ханға тіккен шатырдай.  
Уақыт солай шыңдап жатты бір ұлын,  
Отқа салса өртенбейтін батырдай.

Дұшпандары табанына құлайтын,  
Саясаты бар әлемге ұнайтын.  
Шықты солай құрыш-болат шығынып,  
Тарих ертең тасқа салып сынайтын.

Күтті ғасыр көш бастайтын мырзаны,  
Нұрға шөлдеп Ұлы Дала гүлзары.  
Рухтары оянғандай қайтадан  
Аруақтар бас изеді ырзалы.

Көкейінде жатқан болса бір егес,  
Тілеуімді бірге менің тілемес.  
Күн ашықта аулаққа сал іргеңді,  
Қазақ, халқы енді ешкімге құл емес!

Енді мынау Ұлы Дала – өр елі  
Елге айналар Ту көтерген төрелі.  
От ішінде ойнап туған Ғұн ұлы –  
Ғұн ұлындай бір ұлы бар, себебі.

Жалғыз өзі мың кісіге татырдай,  
Салтанаты ханға тіккен шатырдай.  
Уақыт солай шыңдап шықты бір ұлын,  
Отқа салса өртенбейтін батырдай.



## АНТ

*Бүгінгі күн – қазақ елінің шежіресі-  
не мәңгі енетін күн. Елім үшін, хал-  
қым үшін, Қазақстаным үшін та-  
рихтың қай сынағына да тәуекел  
деп, бас тізуге дайынмын.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

Тебіренді Елбасының жүрегі,  
(Тебіренді елдің түгел жүрегі!!!)  
Дәл осы күн тарихында қазақтың  
Мәңгілікке есте қалар күн еді.

Қайта түлеп жаңғырықты ел есі,  
Айқындалып мұратымның белесі.  
Желкендерің желге қарсы көтерді,  
Алашымның армандай ақ кемесі.

Ақ тілектер ақ ниетпен қабысып,  
Ақ желкенім уақытпенен жарысып.  
Тұрды қазақ жанарына жас алып,  
Ең алғашқы Елбасымен табысып.

Мынау дала бәрімізге жетерін.  
Ынтымақсыз бәрі бекер кетерін.  
Айтты сонда толқып тұрып Елбасы,  
Ең бірінші бірлік керек екенін.

«Бар мақсатым, ақыл-ойым, күшім де  
Қазақ үшін, Қазақстан үшін де.  
Бас тартпаспын қандай сынақ қатерден,  
Жүрсем-дағы қан майданның ішінде.

Мынау елдің тағдыры мен жайын мың,  
Ойланғанда от кешуге қайылмын.  
Дана халқым, дарқан елім сен үшін,  
Неге болсын, не де болса дайынмын.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ақын Маралтай Райымбекұлы, 2009 жыл

Қағидасы қалыптасқан жүйемен,  
Татулық пен ынтымақты сүйем мен!»  
Осылайша елге Елбасы Ант берді,  
Ата-баба аруағына сүйенген.

Сүйді елін, бір сөзінде жалған жоқ,  
Көрінгенмен кейбіреуге арман боп.  
Елбасының елге берген уәдесі  
Ешқашан да бос сөз болып қалған жоқ.

Намысымды жанып алар қайрағым,  
Қайда барса төрге озған байрағым.  
Халқың сені аңыз етер ардақтап,  
Антына адал, арда туған айбарым!

*(Жалғасы бар)*



**Ғайып-Ерен шілтен** – көзге көрінбей келіп, қысылған шақта демеу беретін пір.

**Науа** – малдың су ішуіне, жем, тұз жеуіне арналған үлкен, ұзынша астау.

**Оғылан** – ұлан.

**Пешене** – жазмыш, тағдыр.

**Рәсуа** – орынсыз шашылу, ысырап.

**Тәуекел** – батыл кірісу.

**Шар болат** – құрыш; алмас қару.

**Тайпалған жорға** – төрт аяғы тең жорға; тайпал – аттың жайлы, біркелкі жұмсақ, жүріске салуы, жорғалау.

**Адам аттары:**

**Жамбыл Жабаев** – қазақтың көрнекті ақыны.

**Сүйінбай Аронұлы** – Жамбыл Жабаевтың ұстазы.

### *Әдебиет теориясы*

**Дамыту, градация** (латынша. *gradatio* – бірден-бірге күшейте беру) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы. Бұл көркемдік тәсіл ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңеюіне жол ашады.



1. Маралтай Райымбекұлының тұңғыш кітабы қалай аталған?
2. Кентавр туралы естідіңдер ме? Қазақ фольклорынан қандай ерекше жаратылған аттарды білесіңдер?



1. «Көшбасшы» поэмасының бас кейіпкері кім? Поэмада көркемдік әдістің қай түрі қолданылған?



1. Хрестоматиядан «Көшбасшы» поэмасының жалғасын және ақынның «Кентавр», «Натюрморт» өлеңдерін оқыңдар. Бұл туындылардағы көркемдік құралдарға мән беріңдер.



1. «Көшбасшы» поэмасындағы идея, композиция және құрылысына талдау жасаңдар.
2. Ақынның бас кейіпкерді сомдауы фольклордың қай жанрын еске түсіреді? Өздерің оқыған батырлық жырлар бойынша салыстырулар арқылы талдау жасаңдар. Мысалы, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларының бас кейіпкерлері ата-ананың зарығып күткен перзенттері, олар да өулие-әнбиелерді аралаған, ол бала ерекше болып өседі, т.б.
3. «Көшбасшы» поэмасындағы тарихи және көркемдік құндылығына мән беріңдер.



1. «Көшбасшы» поэмасындағы тарихи және көркемдік құндылығы туралы пікірлесуді ұйымдастырыңдар.



1. Ақын Маралтай Райымбекұлының «Көшбасшы» поэмасындағы тарихи және көркемдік құндылықтар тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



### *Артық болмас білгенің*

**Кентавр** – жартылай адам, жартылай жылқыға ұқсас бейне. Осындай бейненің тууы адамдардың өзін табиғат әлі бөлмеген кезеңде, ежелгі дәуірлерде пайда болған. Өйткені ол дәуірде адам өзін табиғаттан бөліп қарамаған, сол себепті олар бір түрден екінші түрге оп-оңай ауыса беруге болады деп ойлаған.

Кентаврлардың арасында дана деп ойлағандары да бар, мысалы, Хирон.

Маралтай Райымбекұлының поэзиясында кентавр мықтылықтың символы ретінде өмір сүруде.



### *Оқу сауаттылығы*

1. Дәл осында ата-баба сүйегі,  
Дәл осында тағдырыңның тиегі.  
Жұмыр Жердің ақ сәлдесі сияқты,  
Алатаудың баурайында киелі.

**Сұрақ:** «Алатау – Жердің сәлдесі» деген бейнелі көріністің көркемдік қызметі қандай?

- a) метонимия
- b) метафора
- c) теңеу

2. Оттан сақтап, оқтан қорғар берен боп,  
Не болса да пешенемнен көрем деп.  
Елің үшін түстің талай додаға,  
«Күн астынан орын тауып берем!» – деп.

**Сұрақ:** «Күн астынан орын тауып берем» деген қолданыстың ұлттық тіліміздегі фразеологиялық баламасын белгілеңдер.

- a) Бақытты өмір болсын.
- b) Сәт сапар.
- c) Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман



### Оқушы күнделігі

*Ақын Маралтай Райымбекұлының «Көшбасшы» поэмасы қандай әсер қалдырды? Ел абыройын ойлау, мемлекет басшысын сыйлау – әр азаматтың міндеті, осыны ойлағанда, сендер қандай көмек жасай аласыңдар, осы туралы ойларыңды жазыңдар.*



### Фалаитор

- 1. Маралтай Райымбекұлының сөзіне жазылған «Жаңа ғасыр» әнін тауып, тыңдаңдар. Ән туралы, әннің мәтіні туралы пікірлесу ұйымдастырыңдар.
- 2. Режиссер Рүстем Әбдіраш түсірген «Балалық шағымның аспаны» фильмін тамашалаңдар. <https://www.youtube.com/watch?v=Yzq2SKhToFk>



### Ойталқы

«Қазіргі әдебиетте ең өзекті мәселе не болуы керек?» атты тақырыпта ойталқы жасаңдар.



Әдебиет – бүкіл адамзатқа ортақ ұлы өнердің бір саласы. Өр жазушы өз тілінде жазғанымен, дүниежүзі бағалайтын көркем туындылар бар, оларды әлем оқиды. Бұл шығармаларда адамзатқа үлгі болатын құндылықтар идея арқылы, көркем образдар арқылы санаға сіңеді. Қазақ әдебиеті де шетелдерде өз оқырмандарын тапты. Болашақта әлем үлгі ететін Нобель сыйлығына ұсынылатын шығармалар болатынына біз сенеміз. Өйткені еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап әлемдік қауымдастыққа еркін ене бастадық және біз жастарға сенеміз.



### ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ (1899–1961)

Эрнест Хемингуэй – американ жазушысы, журналист, 1954 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты. Ол АҚШ-та, Чикагоның маңындағы Оук-Парк қалашығында Иллинойс штатында дүниеге келген.

Әкесі дәрігер болғандықтан, баласының табиғатқа жақын болуын қалады. Сондағы ойы – ұлының дәрігер болғанын қалады. Екеуі табиғатқа жиі шығатын. Бұл жас Эрнестке де ұнайтын. Сонымен бірге Эрнест жазумен айналысқанды ұнатты. Ержеткен соң оның бірнеше елде болуына тура келді. Ол, тіпті, өзі сұранып, I Дүниежүзілік соғысқа қатысу үшін Қызыл Крест көлігінің жүргізушісі болған. «Қош бол, майдан» кітабы соғыстан көргендерін жазғаны. 1919 жылы АҚШ-қа қайтып оралады, Одан кейін II Дүниежүзілік соғысқа да қатысқан. Бұл кезге дейін оның бірнеше кітабы шыққан, белгілі, танымал тұлғаға айналды.

**«Шал мен теңіз» повесі туралы.** Жазушының бұл шығарманы жазудағы мақсаты – табиғаттың тылсым күштерінен қаймықпай, өзінің қайраты

мен төзімділігіне сенетін, қиындыққа қарсы тұра алатын адамды көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін жазушы сюжетті балық және балықшының тартысы негізінде көрсеткен. Шал, қанша қиындық көрсе де, өзінің өлсіздігін көрсетпейді. Оның адам ретіндегі намыстылығы да ерекше, ол өзінің соншалықты кедей, тіпті, балық ауынан басқа ештеңе жоқ болса да, мойымайтын, кез келген тосын қиындықтарды жеңуге тырысады және ол бұл тартыста жеңімпаз болып шығады.

«Шал мен теңіз» повесін 1949 жылы Кубаға келгеннен бастап, оны 1952 жылы «Life» журналында жариялаған. Екі күннің ішінде бұл басылымның 5 миллион данасы сатылған. Нәтижесінде 1954 жылы жазушыға Нобель сыйлығы берілген.

Ал «Шал мен теңіз» повесін 1966 жылы қазақ тіліне аударған Нығмет Ғабдуллин. Бұл аударма бірнеше рет қайта басылып, оқырмандар көңілінен шықты.

Жазушы Эрнест Хемингуэй 1961 жылы 2 шілдеде дүниеден өтті. Алайда оның есімі де, шығармалары да мәңгілікке сақталады. Оның жарқын көрінісі – психологизмге толы «Шал мен теңіз». Шалдың еш қиындықтан қаймықпай, өмір үшін күрескерлік танытуы адамзаттық үлгіге айналған.

### ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ<sup>1</sup>

(Хикаят.Басы. Ықшамдалған)

Шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді. Міне, сексен төрт күн болды, теңізге күнде шығады, бірақ қармағына өлі де ештеңе іліккен жоқ. Бастапқы бір жарым айдай уақыт бойында бұған бір бала серік болған еді. Күн өте берді, қолға балық түспеді, содан соң баланың ата-анасы күдер үзіп, бұл шалды «Жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» десіп, балаға енді басқа қайыққа ауыс деп, өмір еткен-ді. Басқа қайыққа барғанда, баланың жолы болып, серігі мен екеуі алғашқы аптаның ішінде-ақ үш ірі жайын ұстаған-ды. Шалдың жағаға күнде құр алақан оралғанын көргенде, бала оны қатты аяп, жаны ашитын; балықшының багор, гарпун секілді құрал-саймандарын, қайық үстіне құратын желкенін қарияның үйіне көтерісіп жеткізіп салу үшін ылғи алдынан шығатын-ды. Қарттың қайығының үстінде шиыршықталып жататын, өн бойына кенеп жамау жапсырылған қырық құрақ желкен – бейне тас-талқаны шыққан жасақтың құлаған туы сияқтанып елестейтін көзге.

<sup>1</sup> Хемингуэй Э. Шал мен теңіз. Аударғандар: Н.Өбуталиев, Н.Ғабдуллин. – Астана: «Аударма», 2002. – 253–362-беттер.

Шал – титықтаған арық кісі еді; маңдайы, мойыны арса-арса; бетіне күрең қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан, мұндай дақтар ыстық жақтардағы теңіз бетіне түскен күн сәулесінің адамның өңіне шағылысуынан пайда болады.

Шалдың бетін басқан таңдақ мойынға дейін жайылып тараған; екі қолы тілім-тілім, бұл – қармаққа ілінген ірі балықты судан сүйреп шығарған кездерінде алақанды тіліп кеткен қармақбаудың іздері. Жақында түскен жараның орны емес, талайдан қаңсып жатқан қуаң жердің жарығындай ескі жарықтар.

Шалдың өңі де, киімі де – бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар, теңіз суы түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады.

– Сантьяго, – деді оған бала, екеуі қайық тұратын жиектен жағаға шығып келе жатқанда, – теңізден балық аулауға қайтадан сенімен бірге шығуыма болады. Аз-маз ақша тауып алдық. Шал баланы балық аулауға баулыған адам еді, бала оны жақсы көретін-ді.

– Жоқ, сен құтты қайыққа кез болдың. Сонда қал, – деді шал.

– Есіңде ме, бірде балық аулауға өзің күнде шықсаң да, қармағыңа сексен жеті күн қатарынан еш нәрсе іліктіре алмаған ең ғой, артынан мен саған серік боп, екеуміз бірге шыққанда, үш апта бойы күн сайын бір-бір ірі жайынды әкелгенбіз де отырғанбыз.

– Есімде, – деді шал. – Менің қасымнан маған сенбегендіктен, кетпегеніңді білемін.

– Әкем ғой мені қыстаған, ал мен өлі баламын, бағынуға тиістімін.

– Түсінемін. Өйтпеске бола ма?! – деді шал.

– Біздің жолымыз боларына әкем онша сеніңкіремейді.

– Иә, солай, – деді шал. – Ал бізде сенім мол. Рас емес пе?

...балықшылардың біразы шалды келемеждеп, күліп те жатты, қария бұған ренжіген жоқ. Кексе балықшылар шалға аянышпен қинала қарап қойып, бірақ сыр бермей, судың ағыны турасында, қармақты қаншалық тереңге апарып салғандары жайында, ауа райы жөнінде, теңізден көрген-баққандары хақында сыпайы ғана әңгімелесіп отырды. Бүгін жолы болып, олжалы қайтқандар ұстаған марлиндерінің ішін жарып, тазалап, бір-бір балықты қос сырыққа көлденең салып, сырықты екі жағынан екеулеп көтеріп, қоймаға тасып, апарып жатты. Балық осы арадан рефрижераторға тиеліп, Гавана базарына жөнелтілетін.

Қармақтарына акула іліккен балықшылар бұл олжаларын екінші беттегі акуланы сойып-тұздайтын зауытқа апарып өткізеді. Мұнда акуланы



шығырға салбырата іледі де, бауыры мен желбезегін сылып алып, терісін сыпырады, сосын етін жұқалап тіледі де, тұздап тастайды.

Жел шығыс жақтан соққанда, мұрынға акула фабрикасының қаңсық исі келетін еді, бірақ бүгін жел теріске ауытқып, басылып қалғандықтан, иіс жөнді білінбеді. Күн нұрына малынып тұрған Террас жанға жайлы-ақ.

– Сантьяго, – деді бала.

– Әу, – деп үн қатты шал...

– Ертең саған сардина-балық ұстап берейін бе? – деді бала.

– Әуре болма. Одан да бейсбол ойна. Қайық есуге өзімнің де шамам келеді, ал ау құруға Роджелио бар.

– Жоқ, ау құруды маған тапсыр. Балық аулауға сенімен бірге шыға алмайтын болсам, тым құрыса, өстіп қолғабыс етейін.

– ...сыйлап отырсың ғой, міне. Азамат болғанның белгісі бұл, – деді шал.

– Сен мені теңізге алғаш алып шыққанда, нешеде едім осы?

– Бесте болатынсың. Со жолы бір ажалдан қалып ең. Сала құлаш жайынды судан суырып алып, қайыққа қайырып тастағанымда, шоршып тулап, быт-шытымызды шығара жаздаған-ды. Есіңде ме сол?

– Есімде. Балықтың тулағаны, құйрығымен соғып, банканы сындырғаны, сенің онымен қалай алысқаның – бәрі есімде. Мені қайықтың арт жағына, су-су ау жатқан жерге қарай ытқытып жіберіп, балықты тоқпақпен төпей бергенсің, қайық қалт-құлт етіп, қолыңдағы тоқпағың бейне балтамен ағаш шауып жатқандай, балыққа дүңк-дүңк тиген еді, айналаны қанның исі алып кеткен болатын.

– Осының бәрін өзің есте сақтадың ба, әлде саған кейіннен мен айтып беріп пе едім?

– Мені қасыңа ертіп, балық аулауға алып шыққан ең алғашқы күннен бастап бәрі де есімде, бірін де ұмытқам жоқ.

Шал күнге қарығып, қызарыңқы тартқан көзімен балаға мейірлене, сүйсіне қарады.

– Өз ұлым болсаң, қасыма қазір-ақ іркілмей ертіп әкетер едім. Ал сенің әке-шешен бар, оның үстіне өзің жақсы қайыққа кез болған екенсің.

– Отыра тұршы, сардина алып келейін. Жатқан жерін білемін, үш-төртеуін алып келейін.

– Өзімнің бүгін ұстаған балығым да со қалпында тұр. Жәшікке тұздап, салып қойғам.

– Мен саған төрт жас балық алып келейін.

– Біреуін әкелсең де қанағат, – деді шал.

Ол болашаққа деген сенімі мен үмітін еш уақытта жоғалтқан емес-ті. Теңіз жақтан салқын самал ескендей рақат таптырып, көңілдегі кұйді ширьқтыра түсті.

– Жоқ, екеуін өкелемін, – деді бала.

– Мақұл, өкеле ғой, – деді шал көніп. – Зөуаты, бір жерден қымқырған жоқ па едің?

– Қымқырғым келсе, қымқыруыма да болар еді. Бірақ сатып алдым.

– Рақмет, – деді шал.

Баланың айтқанына көне кетті, мұны өзіне мін көрмеді, еш қалтарысы жоқ ақкөңіл адам болғандықтан, ондай ой басына келмеді де. Баланың пейіліне шын ықылас білдірді, мұнда тұрған не сөкеттік бар? Масқараға қалдыратындай, адамгершілікке нұқсан келтіретіндей іс емес қой. Шал солай деп біледі.

– Жел бағыты ауытқымаса, ертең күн райы жақсы болады, – деді шал.

– Балықты қай тұстан ауламақсың? – деп сұрады бала.

– Жағадан аулағырақ барып аулаймын. Жел бағыты өзгерсе ғана кейін қайтамын. Өзім таңертең алағөбеден шығамын.

– Біздің қайықтың иесін де жағадан ұзаңқырап шығуға көндіру керек болар. Қармағыңа ғажап бір ірі балық іліксе, біз саған жәрдем берер ек.

– Сенің иең жағадан тым жырақтап кеткенді жақтырмайды.

– Рас, – деді бала. – Бірақ оған шағалалардың қалай ұшқанын да байқатпайтындай етіп, бір айла жасармын. Содан кейін оны алтын макрельдер жүзіп жүретін қиырға қарай ұзаңқырап шығуға көндіруге болады.

– Оның көзі соншалық нашар көретін боп қалғаны ма?

– Мүлде соқыр болуға жақын.

– Сұмдық екен. Ол теңіз тасбақасын аулауға еш уақытта шыққан кісі емес еді. Көзге осы тасбақадан көбірек зақым келеді, кісі көбінесе содан соқыр болады.

– Сен теңіз тасбақасын талай жыл аулап едің, сонда да көзінде ешқандай кемдік жоқ қой.

– Мен – елден ерек шалмын.

– Қармағыңа ғажап бір нән балық іліксе, оған шамаң келер ме еді?

– Келер деп ойлаймын. Мұндайда ең басты нәрсе – ептілік.

– Ал, көне, тұрайық, құрал-жабдықты үйге апарайық. Сосын мен ауды алайын да, барып, сардина өкелейін.

Екеуі құрал-жабдықты қайықтан түсірді. Желкен құрылатын кіндік діңгекті иығына салып, шал алып жүрді де, шумақталған қармақбаулар салынған кішкене ағаш жәшікті, багор мен тұтқалы гарпунды бала кө-

терді. Қармаққа шаншатын құрт-шабақ салынған жәшік, судан сүйреп алынған жайынды қарағұстан соғуға керек тоқпақ қайықтың түбінде қалды. Шал керек-жарағын қайықта түгел қалдырып кетсе де, бұларды ұрлауға ешкімнің қолы бара қоймас еді, бірақ шыққа малынып, дымқыл тартып қалмас үшін ауыр құралдар мен желкенді үйге апарып қойғаны теріс емес. Бұл жердің тұрғындарының бір де біреуі мұның мүлкіне қызықпасына шал көміл сенсе де, багор пан гарпунды бөгде көзден таса ғып, ала кеткенді мақұл көрді.

Екеуі жолмен жоғары көтеріліп, шалдың лашығына келіп, шалқасынан ашық жатқан есіктен ішке кірді. Шал желкен оралған діңгекті қабырғаға сүйеді де, бала қолындағы құрал-жабдықты соның қасына қойды. Кіндік діңгектің ұзындығы – бұл жақта гуапо деп аталатын пальма ағашының жапырағынан жасалған мына лашықтың тұрқына жуық еді. Лашықта бір кереует, бір үстел, жалғыз орындық және от жағып, тамақ пісіру үшін балшық еденнен қазылған жерошақ бар еді. Престелген жапырақ тақтайлардан қаланған қоңыр қабырғаға Тәңірінің бейнесі мен Санта Мариа дел Кобренің суреті ілінген; түрлі-түсті бояумен әшекейлеп салынған бұл суреттер – шалдың әйелінен қалған мұра болатын. Қабырғада бір кезде оның әйелінің де сәнді жасалған фотосуреті ілулі тұратын-ды, қараған сайын көңілі босай беретін болған соң, шал ол суретті тығып тастаған еді. Қазір бұл фотосурет бұрыштағы сөреде, жуылған таза көйлектің астында жатыр.

– Кешке не тамағың бар? – деп сұрады бала.

– Балық қосып пісірілген бір шөңке күріш ботқа бар. Жейсің бе?

– Жоқ, үйіме барып тамақтанам. От жағып берейін бе?

– Қажеті жоқ. Кейінірек өзім жағып алармын. Не болмаса, күрішті суық күйінде-ақ жей берермін.

– Ауды алуыма бола ма?

– Болғанда қандай.

Бірақ бұл арада ешқандай ау жоқ еді, оны өздері әлдеқашан сатып жіберген-ді, мұның бәрі баланың есінде. Сонда да екеуі сыр бермей, шалдың қолында сол ау бар секілді пішін танытатын бір-біріне. Балық еті қосып пісірілген шөңке толы күріш ботқа да жоқ-ты, бала мұны да білетін.

– Сексен бес – құтты сан, – деді шал. – Салмағы мың қадақ тартатын бір жайынды ертең соқпас па екем?

– Мен ауды алып, сардина әкелуге барып келейін. Сен есік алдында күн шуақта отыра тұр.

– Мақұл, кешегі шыққан газет бар еді менде. Бейсбол туралы жазғанын оқи тұрайын.

Шалдың газеті шын барын немесе бұл да құр айтылған сөз екенін бала біле алмай тұр еді. Қария, расында да, бір газетті кереуеттің астынан суырып алды...

– Мен бір азырақ балық аламын да, қайта оралам. Сосын екеуміздің балығымызды да, салқын жерге қоямын, ертең таңертең бөлісіп аламыз. Ал бейсбол жөнінде қайтып келген соң, айтып берерсің маған.

– «Янки» ұтылмасқа керек.

– Кливлендік «Индейстер» оларды топайдан бір-ақ қақпаса неғылсын!

– Қорықпа, балам! Ұлы Ди Маджионы есіңе ал.

– Мен тек «Индейстерден» ғана емес, Детройттың «Жолбарыстарынан» да қорқамын.

– Сен, тіпті, бара-бара Цинциннатидің «Қызылөңділерінен» де, чикаголық «Ақ шұлықтардан» да қорқарсың.

– Газетті оқы-дағы, мен келген соң, айтып бер бәрін.

– Сексен бес деген саны бар лотерея билетін сатып алсақ қайтеді, ө? Ертең сексен бесінші күн ғой?

– Сатып алсақ несі бар? – деді бала. – Өлде сексен жеті деген саны бар билетті алған тиімді ме? Бұдан бұрынғы бір жолы қолға олжа сексен жеті күн дегенде ілігіп еді ғой.

– Еш нәрсе де екі рет қайталанбайды. Ал өзің сексен бес деген саны бар билетті таба аласың ба?

– Тапсырыс беремін.

– Жалғыз билет. Екі жарым доллар керек. Бұл ақшаны қайдан қарызға алсақ екен?

– Оп-оңай! Екі жарым долларды кімнен болса да, сұрап ала аламын мен.

– Бұл менің де қолымнан келер еді. Бірақ қарыз алмауға тырысамын. Өуелі қарыз сұрасаң, артынан қайыр сұрарсың...

– Өзіңе салқын тиіп қалмасын, қария, қазір қыркүйек айы, күз екенін ұмытпа.

– Қыркүйекте ірі балықтар жөңкіліп жүре бастайды. Қайратты осы кезде көрсету керек. Мамыр айында балық аулау өркімнің-ақ қолынан келеді.

– Ал кеттім сардина ұстап әкелуге, – деді бала.

Ол қайта айналып келгенде, күн батып, ымырт үйіріліп қалған еді, шал орындықтың арқалығына арқасын сүйеп, ұйықтап отыр екен. Бала кереуеттің үстінен көнетоз көрпешені алып, шалдың иығына жапты. Көрілігіне қарамастан, шалдың жауырыны қақпақтай, екі иығына екі кісі мінгендей сом тұлғалы еді, мойны да жуан болатын; қазір ол басын төмен салбыратып ұйықтап отырғанда, желкесінің қатпар-қатпар әжімдері де

жөнді байқалмады. Үстіндегі көйлегі қайығына құратын желкені секілді қырық жамау еді, жапсырылған жамауларының бірі шала оңып, бірі күнге күйіп, мүлде ағарып кеткен. Шалдың сырт бітімі сом көрінгенмен, өңі тым көрі еді, қазір ол көзін жұмып, ұйықтап отырған шағында өңі мүлде тым солғын тартып, жансыз адамның кескініндей елестеді. Оқыған газеті тізесінің үстінде жатыр, жел ұшырып кетпес үшін шынтағымен басып апты. Аяғы жалаң аяқ.

Бала шалды оятқан жоқ, шығып кетті. Біраздан соң қайта айналып келсе, шал әлі ұйықтап отыр екен.

– Ұйқыңды аш! – деді бала оятып, шалдың салбыраған қолын оның тізесінің үстіне қойды.

Шал көзін ашты. Ұйқысынан тез сергіп, күлімсіреді.

– Не әкелдің? – деді.

– Тамақ әкелдім. Қазір ауқаттанамыз.

– Қарным онша аша қойған жоқ.

– Келіңіз, тамақтанамыз. Аштан-аш балық аулауға болмайды.

– Мен аш жүріп те, балық аулап көргенмін, – деді шал газетін бүктеп, орнынан түрегеле беріп. Арқасына жабылған одеялоны алмақ болып еді.

– Көрпешені қозғама, – деді бала, – өзім тірі тұрғанда, сені балық аулауға аштан аш жібере қоймаспын.

– Онда өзіңді сақтай біл, ғұмырыңның ұзақ болуын ойла, – деді шал – Ал тамағың қайсы, не жейміз?

– Қара бұршақ қосқан күріш пен қуырылған банан бар және піскен сиыр етін жейміз.

Бала Террастағы кішкене мейрамханадан металл ыдыспен тамақ алып келген-ді. Шанышқы, пышақ, қасықты әрқайсысын қол сүртетін үлбірек қағазға бөлек-бөлек орап, қалтасына салып әкелген еді.

– Мұның бәрін кім берді саған?

– Мейрамхананың қожайыны Мартин берді.

– Оған алғыс айту керек.

– Алғыс айттым, алакөңіл болмай-ақ қой, – деді бала.

– Ірі балық ұстасам, ең еті мол бөлігін соған әкеп берермін-ау, – деді шал. – Оның бізге еткен жәрдемі жалғыз бұл ғана ма?

– Иә, бір ғана бұл емес.

– Ендеше оған балықтың тек бір бөлігін ғана беру аз болады. Ол бізге көп жақсылық еткен кісі...

– Ой, рақмет саған, – деді шал – Қане, ауқаттанамыз ба?

– Мен саған тамақтанайық деп, мана айттым ғой, – деді бала шалды еркелей кінәлап. – Сені үстел басына қашан кеп отырар екен деп күтудемін, тамақ суып қалмасын деп, ыдыстың қақпағын да ашпай отырмын.

– Ал тамақтаналық. Жуынып алуым да керек еді-ау.

«Қайда барып жуынбақсың?» деп ойлады бала. Құдық бұл арадан екі квартал жырақ жерде. «Қарияға су өзірлеп, сабын мен жақсы орамал да дайындап қоюым керек екен. Ертерек неге ойламадым мұны? Бұған жаңа көйлек те, қыстық күрте де керек, аяғына бір аяқ киім және үстіне жамылатын бір көрпе керек».

– Ет дәмді екен, – деп мақтады шал.

– Маған бейсбол туралы өңгіменді айтшы, – деді бала оған өтініш қып.

– Американ лигасында, мен айтқандай, «Янкилер» ұтысқа ие болулы, – деп, шал сөзін сүйсінген раймен бастады.

– Иә, солай, бірақ бүгін оларды омақастырды ғой.

– Оқасы жоқ. Оның есесіне ұлы Ди Маджио ойынға қайта қосылды.

– Оның бір өзі бір команда емес қой.

– Рас. Бірақ айқастың нәтижесін соның ойыны шешеді. Екінші лигада бруклиндіктер мен филадельфиялықтар айқасуда, ойынның барысына қарағанда, бруклиндіктердің жеңетін сыңайы бар. Дик Сайзлердің допты қалай тепкені есінде ме? Анау ескі паркте ойнағанда, оның доп тебуі ғаламат болды ғой!

– Өте ғажап! Ол допты тепкенде, алысқа шырқатып ұшырады.

– Оның террасаға келгені есінде ме? Мен оны өзіммен бірге балық аулауға шақырғым кеп, бірақ бұл ойымды айтуға бата алмай, шақырып кел деп, өтініш қылғанымда, сен де бата алмағансың.

– Есімде. Жасқанғаным ақылсыздық болған. Біздің шақырғанмызға, ол көне кетсе... Сонда не болар еді? Онда өле-өлгенше есте сақталатын оқиға болар еді.

– Шіркін, ұлы Ди Маджионы қасыңа ертіп, теңізден балық аулауға бір шығар ма еді. Жұрт оның әкесі балықшы болған деседі. Кім біледі, ол да бір кезде біз секілді кедей болған шығар, бізден жерімес еді.

– Ұлы Сайзлердің әкесі еш уақытта кедей болмаған. Ол кісі мендей кезінде ең мықты командаларда ойнаған.

– Ал мен сендей кезімде Африка жағалауына жүзіп барған желкенді кемеде юнга едім. Кешкілікте теңіз жағасына шұбырып келген арыстандарды талай көргенмін.

– Мұны маған айтқансың.

– Не жөнінде өңгімелесек екен: Африка жайында ма әлде бейсбол хақында ма?

– Бейсбол жөнінде өңгімелесейік. Маған ұлы Джон Мак-Грау туралы айтшы.

– Ол да баяғыда біздің Террассаға келіп-кетіп жүретін-ді. ...Тек бейсбол ғана емес, жүйрік аттар жайындағы өңгімеге де қызу араласа кететін. Ат бөйгесінің бағдарламасын қалтасынан бір тастамайтын, жүйрік аттардың есімдерін телефонмен де айтып беретін.

– Ол – ұлы бапкер болған, – деді бала. – Оны дүниежүзіндегі ең ұлы жаттықтырушы болған дейді ылғи әкем.

– Өйткені әкең оны жиі көруші еді. Егер біздің жаққа Дюроше де жыл-ма-жыл келіп-кетіп жүрген болса, сенің әкең оны да дүниежүзіндегі ең ұлы бапкер деп санаған болар еді.

– Сеніңше қалай, ең ұлы жаттықтырушы кім? Люк пе әлде Майк Гонсалес пе?

– Меніңше, ол екеуі бір-біріне пара-пар.

– Ал дүниежүзіндегі ең жақсы балықшы – сенсің.

– Жоқ-ө. Менен де асқан балықшылар бар, көбімен жолдас болғанмын.

– Ой, тәйір-ай! – деді бала. – Дүниеде жақсы кісілер, сондай тамаша балықшылар аз емес шығар. Бірақ сендей адам еш жерде жоқ.

– Рақмет. Бұлай деп ойлағаныңа қатты қуанамын. Қармағыма тым ірі балық іліге қоймас, ол іліксе, сыр білдіріп алармын да, сенің маған көңілің қап жүрер.

– Бұрынғы күш-қуатың болса, суда ондай ірі балық қалмаған да шығар.

– Әлі мықтымын деп ойлағанмен, бұрынғы күш-қуат қайдан болсын. Бірақ әдіс-айлам мен шыдамым жетерлік.

– Сен енді жатып ұйықта, таңға дейін тыңайып ал. Ыдыс-аяқты өзім апарып беремін.

– Мақұл. Сен де жақсы жатып, жайлы тұр. Таңертең өзім оятармын.

– Сен мені оятатын қоңыраулы сағатсың ғой, – деді бала.

– Қоңыраулы сағат болатыным – көріліктен ғой. Қарттардың соншама ерте оянатын себебі не дейсің? Тым болмаса, со күнді ұзарту үшін өстетін болар.

– Білмедім. Жастардың көп ұйықтайтыны, қатып ұйықтайтыны ғана мәлім маған.

– Бұл маған аян, – деді шал, – сені уақытыңда оятамын.

– Неге екенін қайдам, өзімді сенен басқа бөгде біреудің оятқанын жаратпаймын. Мен сол біреуден кемдей-ақ.

- Түсінемін.
- Жақсы ұйықта, ата.

Бала шығып кетті. Бұлар тамақты шырақ жақпай отырып-ақ ішкен, шал қараңғы лашықта шалбарын шешіп, төсегіне келіп жатты. Шалбарды жұмарлап бүктеп, жастық орнына басына жастанды, газетті де соның арасына тыға салды. Көрпешені жамылды да, кереуетке төсеніш ретінде жайылған газеттердің үстіне келіп, жата кетті.

Ол тез ұйықтап қалды, өзінің жас кезінде көрген Африкасы, оның созылып жатқан сап-сары жағалауы, көзді ұялтар шаңқан қайыры, биік жартастары мен қызыл шақат таулары түсіне кірді. Ылғи түнде түсінде ол осы Африка жағалауына келетін-ді, биік қабаққа долдана ұрған толқын шуын еститін, жергілікті адамдардың қайықтарын сүйрелеп, қырға шығарып жатқанын көретін. Кеменің палубасынан аңқыған қара май мен күйік иісі, жағадан таңғы самал желпіп әкелген Африка иісі мұрнына келетін еді.

Әдетте, осы иіс мұрнына келген кезде, оянып кететін еді де, төсегінен тұрып, киініп, баланы оятуға жөнелетін-ді. Африка жағалауының иісі бүгін мұрнына ерте келді, шал мұның түс екенін ұғып, биік жартастардың шошайып шығып тұрған аппақ ұшар басын, Канар аралдарының түбектері мен қойнауларын көргісі кеп, ұйқы құшағында қозғалмай, жата берді.

Бұрын оның түсіне қым-қиғаш оқиға, дауыл, өйел, жайын балық, төбелес, сұрапыл сайыс жиі енетін еді, өзінің жұбайын да түсінде жиі көретұғын. Енді мұның бірі де түсіне кірмейтін болған. Ол түсінде тек алыстағы елдерді, теңіздің жағасына келген арыстанның күшіктерін ғана көріп жүрді. Қара көлеңкеленген кешкі шақта арыстанның күшіктері мысықтың балалары секілді бірін-бірі тістелеп, домалап-аунап ойнайды; шал бұларға қызығып, сүйсініп қарайды, өзінің қасындағы баланы қандай жақсы көрсе, дәл сондай сезіммен қарайды, ал бірақ осы бала шалдың түсіне бір еніп көрген жоқ-ты.

Шал кенет оянып кетті, ашық тұрған есіктен аспандағы айға көз салды да, басына жастаған шалбарын алып киді. ...баланы оятпақ болып, жолмен жоғары қарай қозғалды. Таңғы салқын ауадан денесі аздап тоңазиын деді. Бірақ бұл күйдің онша ұзаққа созылмасын біледі. Сәлден кейін қайыққа отырып, қолға ескек алғаннан соң, денесінің дыз-дыз қайнап жүре беретіні өзіне аян.

Баланың үйінің есігі ашық тұр еді, шал жалаң аяғын ептеп басып, ішке кірді. Бала алдыңғы бөлмедегі кереуетте ұйықтап жатқан-ды. Терезеден болар-болмас ай жарығы түсіп тұр. Шал баланың қасына кеп, сирағынан ақырын ғана қысып ұстады; бала ұйқысынан оянып, шалқасына аунап



түсіп, бұған көзін ашып қараған кезде ғана қария қолын босатып, басын изеді, бала кереуеттің қасындағы орындық үстіне қойған шалбарын алып, төсегінде отырып киді.

Шал сыртқа беттегенде, бала оның соңынан ере шықты. Ол әлі ұйқысын аша алмай тұр еді.

– Кешірім ет, – деді шал баланы иығынан құшақтап.

– О не дегенің. Ерте тұру – біздің еркек затының пешенесіне жазылған ғой. Бұған лаж жоқ.

Олар жолмен төмендеп, шалдың лашығына қарай беттеп еді. Желкен оралған діңгектерін иықтарына сап, көтеріп келе жатқан жалаң аяқ адамдар қараңғы жол бойында алдарынан көп ұшырасты.

Лашыққа келген соң қармақбаулар салынған себетті және гарпун мен багорды бала алды да, желкен оралған діңгекті көтеріп ап, шал иығына салды.

– Кофе ішесің бе? – деп сұрады бала.

– Әуелі құрал-жабдықты қайыққа жеткізелік, кофеңі сосын ішерміз.

Балықшылар тамақтанатын шағын асхана өте ерте ашылатын еді, шал мен бала асханадан консервінің қалбырымен кофе ішті.

– Ата, түнде жақсы ұйықтадың ба? – деп сұрады бала. – Өзі ұйқысы шайдай ашылса да, есініңгіреп отырды.

– Өте жақсы ұйықтадым, Маналин. Бүгін олжалы қайтармын деп ойлаймын.

– Бұған сөз жоқ, – деді бала. – Ал енді мен уәде еткен балықтарымды алып келейін. Біздің қайықтың иесі құрал-жабдықтарын өзі алып келеді. Ол өзінің заттарын басқа біреудің көтеріскенін жақтырмайды.

– Ал біз ондай емеспіз. Құрал-жабдықты мен саған бес жасыңнан бастап-ақ көтеруге бере бергем. – Білемін, – деді бала. – Кішкене отыра тұршы, қазір келем. Тағы кофе іш. Бізге қарызға береді мұнда.

Ол су жағасының маржандай жылтыраған уақ майда тастарын жалаң аяғымен судырлатып, жем балық сақтайтын тоңазытқышқа қарай жүгіре жөнелді.

Шал кофеңі асықпай ішті. Кофеге қазір жақсылап тұрып қанып алмақ, өйткені осыдан кейін бүгін нәр татпайтыны өзіне аян. Ас қамдау, тамақ пісіру дегеннен ол әбден жалыққан еді, балық аулауға шыққанда, ешқашан да жол азық алмайтын-ды. Қайығының тұмсық жағына апарып, бір құмыра су қояды, кешке дейінгі қорегі – сол су ғана.

Бала қағазға орап, балық алып келді.

Екеуі тар соқпақпен төмен құлдилап, аяқтарымен басқан жерінің құмдақ топырағын сусыта, суға қарай бет алды. Қайықты тұрған орнынан сөл көтере, итеріп суға түсірді.

– Ата, жолың болсын, олжалы қайт!

– Сенің де жолың болсын.

Шал ескектің беліндегі тұзақша жіпті қайықтың ернеуіне қағылған тұтқаға ілді де, қараңғыда қайығын ақырын жылжытып, қойнаудан шығара берді. Өзге тұстардағы қайықтар да жүзіп шықты; ай таудың ығына жасырынып, төңірек қараңғы тартып тұрғандықтан, бұл қайықтарды шал көре алмады, бірақ ескектердің сықырлап, суды ескені оған анық естілді.

Анда-санда, бірде ана, бірде мына қайықтан балықшылардың сөйлеген үндері құлаққа келеді. Дегенмен көп қайық жым-жырт, о жақтан тек ескектің шолпылы ғана естіліп тұр. Қойнаудан ұзаққырап шыққан соң, қайықтар жан-жаққа бытырай бастады, әр балықшы өзінің балық ұстармын деп, дәмеленген жағына қарай бет түзеді.

Шал жағадан ұзап кетуге күні бұрын ұйғарым қылған болатын; ол мұхиттың таңғы салқын самалын бетке алып, теңіздің өріне қарай тура тарта берді. Айдынның, балықшылар «үлкен құдық» деп атайтын тұсынан жүзіп өтіп бара жатқанда, шалдың көзіне су түбінде жалтыраған балдыр шалынды. Осы тұста судың тереңдігі, теңіз өлшемімен есептегенде, жеті жүз саженьға жетіп, судың түбі кілт шұңқырайып кететін де, толқыған су сол шұңғылға килігіп, иірім жасайтын, сол себепті бұл араға не бір алуан балықтар үйіріліп, жиылып қалатын-ды. Майда балықтар мен шаяндар бықи қаптап, судың ең терең жерлеріне шаян текті жәндіктер – каракатицалар толып кететін; бұлар түнде су бетіне қалқып шығатын да, теңіздің кезбе балықтарына жем болатын.

Шал таңның жақын екенін сезді, қайығын ақырын ғана есіп келе жатты, бір мезгілде құлағына дірілдеген бір дыбыс шалынды. Бұл дыбыс – судан ыршып шығып, қатқыл қанатымен ауаны тіліп ұшып бара жатқан қанатты балықтың суылы еді. Шал қанатты балықтарды жанына біртүрлі жақын көретін, олар мұның мұхиттағы аяулы достары еді. Ол құстарды, әсіресе, жем іздеп, бірақ таба алмай, ылғи шарқ ұрып ұшып жүретін нәп-нәзік, кіп-кішкентай теңіз қарлығаштарын қатты аяйтын. «Жыртқыштарын һәм ірі, мықты құстарды есептемесек, көпшілік құстың күнкөрісі біздің күнкөрісімізден гөрі ауырырақ-ау, – деп ойлайтын. – Мұхиттың кейде бұрқырап долданып кететіні бар, құстарды мына теңіз қарлығашы секілді етіп, нәзік қып, өлсіз ғып неге жаратты екен? Мұхитта мейірім де мол әрі ғажап сұлу, бірақ кейде ол қаһарына мініп алады. Су бетін

шарлап, жем іздеп, өлсіз, жалынышты дауыспен үн салып, ұшып жүрген құстар мұхитқа тең келе ме, олар тым нәзік қой».

Шал теңізді ылғи ішінен «Ла мар» деп атайтын; теңізді жақсы көретін испандықтар осылай дейтін-ді. Кейде сол жұрттың теңізді жақсы көре тұрып, жамандайтыны да бар, бірақ мұндайда сөзді әрқашан әйелдер әуеніне келтіріп, жіңішкертіп айтады. Қармақтарының бауларына қалтқы орнына суға батпайтын кеспелтек зат – буй байлап алып, акуланың бауыр етінің қымбат кезінде сатып алған моторлы қайықтарымен жүретін жас балықшылар теңіз деген сөзді еркек әуеніне салып, жуандатып, испанша «ел мар» деп атайтын. Олар теңіз жайын әңгіме еткенде, теңіздің шалқарлығын айтып есілетін, кейде оны бақталасындай, кейде, тіпті, дұшпанындай көріп те сөйлейтін. Ал шал теңізді ерекше қасиеттеп, ...» Аспандағы ай теңізді арудай балқытып тербетеді», – деп ойлады шал.

Ол қайықты бір қалыппен ақырын ғана есіп келе жатты. Кейбір иірімдердің тұсы болмаса, судың беті жай ғана қыбырлап, мұхит баяу ғана тербеліп жатыр еді. Шал қайықты толқынның ыңғайымен ыққа қарай жүздіргендіктен, қолына күш көп түспей, ескекті еркін сермеп отырды. Таң біліне бастады. Жетсем деген межесінен ұзаққырап кеткенін сонда барып аңғарды қарт.

«Бір апта бойы терең жерлерден ештеңе ұстай алмадым, – деп ойлады шал. – Бүгін бонито мен альбакоре балықтарының қалың жеріне қармақ салып бір көрейін. Ол маңда алып жайын жүзіп жүруі де мүмкін емес пе?»

Таң әлі атқан жоқ, шал жем шаншылған қармақтарын суға серпіп тастады да, толқынның ыңғайымен ақырын ғана жүзе берді. Жем шаншылған қармақтың бірі – теңіз өлшемімен алғанда, қырық сажень тереңдікке бойлады да, екіншісі – жетпіс бес, үшіншісі – жүз, төртіншісі жүз жиырма бес сажень тереңдікке жетті. Әр қармақтың сабағы кішірек балықтың ішінен өткізіліп, жан-жағынан буылып, тігіліп тасталған еді де, дәл имек ұштарына ақ шабақтар шаншылған болатын. Қармақтың үшкір тармағына екі көзінен түйрелген ақ шабақтар мойынға тағылған алқа секілді тізіліп, жалт-жұлт етіп тұрған. Тақау келген жайын болса, жас балықтың етінің бұрқыраған тәтті исіне елтімеуі мүмкін емес.

Баланың берген екі жайын балығын шал бауы ең ұзын қармағына шаншып, қалған екі қармағының біріне көгілдір түсті үлкен макрель, екіншісінің ұшына сарғыл түсті умбрица ілген. Бұл жемдерін суға кеше де салған еді, сонда да әлі бұзылған жоқ, қармақтың дәл ұшына түйрелген ақ шабақтар сол жемдерге хош иіс таратып, жайнатып, жарқылдатып жіберді. Жуандығы қарындаштай әр қармақбаудың астынан солқылдақ

шыбық тіреліп қойылған, жемге балық соқтыға қалса-ақ, шыбық иілмек; өр қармақтың бауына екі-екіден шумақ жіп сабақталған, өр шумақтың ұзындығы – қырық сажень. Бұл шумақтарды басқа шумақтарға жалғауға болады, сонда бау ұзара түседі де, қармаққа ілінген жайынды, егер қажеті болса, үш жүз саженьнен де өріге жібере беруге болады.

Шал енді солқылдақ шыбықтар иіліп қалмас па екен деп бақылап отыр, қармақтың баулары тұра созылып, тереңге түзу бойлауын қадағалап, ескекті ақырын ғана есті. Ағарып таң да атып, күн шығуға таяу қалды.

Күннің көзі теңіз бетінен сәл көтерілген кезде, шалға өзге қайықтар да айқын көрінді; бұлар төменіректе еді, кең тарапқа шашырай шыққанмен, жағадан ұзамаған болатын. Сәулесі суда құбылып ойнап, күн нұры төгіле түсті. Күннің көзі сәл биіктеп көтерілген кезде, оның суға шағылысқан шұғыласы көзді ауыртты. Шал су бетінің құбылысына қарамауға тырысып, ескегін есе берді. Қармағы бойлаған қаракөк тұңғиыққа қадады көзін. Оның қармағының баулары басқа балықшылардікіндей көлбеңдемей, тереңге ылғи түзу тартылып кететін еді де, қармағының ұштарына шанышқан жемі балықты тереңнен, шалдың осы межеден соғар-ау деген жерінен тосатын. Өзге балықшылар қармақтарының бауларын судың ағынымен қалқытып жібере беретін, кейде оларын жүз саженьге дейін шұбалтып созып тастағанда да, тереңдігі алпыс сажень тұста ғана жүретін-ді.

«Қармақты дәл-ақ серпіп саламын. Тек жолым болмай жүр, – деп ойлап өтті шал. – Бірақ кім біледі? Мүмкін бүгін бір ырыздық бұйырар. Бір күннен бір күннің айырмасы бар ғой. Өрине, күнде жолың болғанға не жетсін. Мен өзім дандайсымайтын кісімін. Бақыт қонса, оған шалқып-тасып кетпес ем.

Күннің көзі биіктеп, сәске болды. Енді шығыс жаққа қарағанда, күн көзді онша ауырта қоймады. Шалға енді төменгі жақтан тек үш қайық қана көрінді, олар тым етекте тұрған секілденді, тіпті, жағадан бері жылжымаған сияқтанды.

«Шығып келе жатқан күн шұғыласы көзіңе шағылысқанда, жанарың түйіліп ауырады, мен бұл күйді өмір бойы бастан кешіп келемін, – деп ойлады шал. – Сонда да көзім жақсы көреді. Кешкілікте күн көзіне тура қарай аламын. Күннің нұры бұл кезде таңертеңгісінен де гөрі өткір, сонда да көзім ауырмайды. Ал таңертеңгі күн шұғыласы көзімді ауыртады».

Шал дәл осы сәтте өзінің қарсы алдында, аспанда, ұзын қара қанатын кере жайып, дөңгелене айналып жүрген теңіз құсы – фрегатты көрді. Құс бір мезетте қанатын кейін серпіп тастап, суға шүйіліп түсті де, іле көлбей көтеріліп, төбеде қайтадан дөңгеленді.

– Жемін көрді. Текке шүйіліп жүрген жоқ, – деді шал.

Ол қайығын құстың шыр айналып жүрген жағына қарай бұрыңқырап, бір қалыппен ақырын ғана есті. Қармақбауларының тереңге тік бойлауын асықпай қадағалады. Бірақ сонда да қайық толқыннан сәл оза берді, ескекті бір қалыппен түзу есіп отырса да, шалдың қазіргі қимылы әлгі құс көрінгенге дейінгіден гөрі ширақтау еді.

Фрегат биіктеп көтеріліп, қанатын қақпай қалықтап, тағы да шыр айналып жүр. Бір мезетте құс суға шүйіліп түсіп еді, сол сәтте судан ыршып шығып, теңіздің төсін сыза, ышқына суылдай жөнелген қанатты балықты шалдың көзі шалып қалды.

– Макрель. Добалдай алтын макрель, – деп, дауыстап жіберді ол.

Ескегін судан шығарды да, қайықтың тұмсық жақ түбінен бір қармақ бауын алды. Мұның ұшында жіңішке сыммен бекітілген, басына шабақ шаншылған имек ілгек бар еді. Шал қармақты суға салды да, бауды екінші ұзын қайықтың артқы жағына орнатылған шығыршыққа байлады. Содан соң тағы да бір қармаққа жем шаншып, мұны қайықтың түбіне, көлеңкеге қойды. Сосын қолына ескегін алды да, бұл кезде жемін аңдып, төмен қалықтай ұшқан ұзын қара қанатты құсты қайтадан бақылауға кірісті. Құс қанатын кейін серпіп, суға тағы да шүйіліп түсіп еді, бұл жолы да қанатты балықты іле алмай, оның соңынан құр далбалақтап қалды. Шал су бетінің сәл ғана томпайып көтерілгенін байқады, бұл – құстан үркіп қашқан балықты аңдып келе жатқан алтын макрель еді.

Қанатты балық суға түсе берген кезінде, дәл астынан тап беру үшін макрель оның жолын кес-кестей ұмтылды.

«Бұл тұста макрель қаптап жүрген болуы керек, – деп ойлады шал. – Олар шашырай жүзіп жүр, қанатты балықтың олардан аман құтылуы екіталай. Ал фрегат оны, бөрібір, ұстай алмайды, өйткені қанатты балық ол үшін ірі соғады әрі бұл ұшқыр балық, шалдырмайды оған».

Шал қанатты балықтың судан бір секіріп, бір сүңгіп, ұша қашқанын, құстың оны ілгісі кеп қалбалақ қаққанын бақылап отыр. «Макрель менен ұзап кетті. Бұл тым шапшаң жүзетін, лезде ұзап кететін балық қой» деген ой келді қарияға. – Дегенмен маған үйірінен бөлініп шыққан бір макрель кезігер, маған бұйыратын жайын балық та оған таяу жерде жүрген болар. Өйтеуір, бір жерде жүзіп жүруі хақ қой».

Алыс қалған жағалау көзге ұзын жасыл сызық сияқтанып елестеді, оның арғы жағынан көгілдір төбелер қарауытып тұрды, көкжиекпен ас-тасқан бұлттар шұбатылған тау тізбегі секілді. Теңіз беті қаракөкшілденіп, тұңғиықтана берді. Шал су бетіне қарап еді, толқынмен бірге тербеле қал-

қыған балдырға, күннің суға шағылысып мың құбылған сәулесіне көзі түсті. Ол манадан қармағымның баулары тереңге тік бойлады ма деп қадағалап келеді, маңайы толған балдыр болғанына қуанды, мұндай тұстарда балық болары хақ. Көкжиекке ысырылған ақ бұлттар да, күн көзінің биіктеп көтерілген кездегі суда ойнаған ғажайып сәулесі де күн райының жақсы болар қалпын аңғартады. Құс ұзаңқырап кетті; көзге енді еш нәрсе көрінбейді; су үстінде сарғайған шуда-шуда балдыр ғана қалқып барады: қайыққа тақау жерде ұйыған құйқа секілді іркілдеген, үрген қуық төрізді торсиған, көгілдір түсті мақұлық – физалия жүзіп бара жатты. Физалия бір қырына аударылып түсті де, содан кейін әуелгі қалпына қайта көшті. Ол күн сәулесіне шағылысып, жалтылдап, жыбырлаған ұзын аяқтары су бетінде шұбатылып жүзіп бара жатты.

– Ах, оңбаған! – деді шал. – Ол ескегін ақырын есіп отырып, тереңге көзін қадап еді, түстері физалияның жыбырлаған аяқтарының түсі секілді кіп-кішкентай көгілдір балықтарды көрді. Бұл титтей балықтар толқынға ыққан физалияның тасасында, оның ұзын аяқтарының арасында жүзіп жүр. Физалияның уы бұларға дарымайды. Ал адамға физалияның қырсығы мол: қармақтың бауына ұзын аяқтарымен шырматылып жабысып алса, жуыр маңда айырылмайды; шал қармаққа ілінген балығын судан шығарып алғанша, екі қолы ылғи шынтағына дейін ұйқыдай боп бөртіп шыға келетін-ді, бұл – физалияның уының зардабы. Оның уы тиген жер қамшының ұшы тигендей дызылдап шыға келеді.

Физалия түсі мың құбылып, су бетінде қалқып бара жатқанда, аса әдемі көрінеді. Теңіздің осы бір ең зұлым мақұлығын дүңкиген теңіз тасбақасы жалмағанын шалдың талай көргені бар. Физалияны алыстан байқаған тасбақа оның қарсы алдынан жақындап келетін де, уы дарымас үшін көзін жұмып жіберіп, физалияны шұбатылған аяқтарымен қоса, тұтас жалмап қоятын. Шал бұл көрініске сүйсіне қарайтын; өзі ылғи үрген қуық төрізді осы мақұлықтың торс-торс етіп жарылғанын қызық көріп, дауылды күні көкжал толқын жағаға шығарып тастаған физалияны күс-күс өкшесімен қасақана кеп басатын-ды.

Шал теңіздің жасыл тасбақасын жақсы көретін, мұны түсінің әдемілігі, қозғалысының ширақтығы үшін және бағасының қымбаттығы үшін ұнататын; ал физалияны көзін жұмып тұрып жалмайтын, өңгілеу, қимылы ебедейсіз, бисса деп аталатын, үсті сары сауытпен қапталған дүңкиген сарғылт тасбақаны ол онша тәуір көрмейтін-ді.

Теңіз тасбақасын аулаушылармен бірге көп жыл қатарынан көсіп қылған кісі болса да, бұл шал теңіз тасбақасына өш емес еді. Ол бұларды аяй-

тын; тіпті, ұзындығы қайыққа пара-пар келетін, салмағы бір тоннаға жететін, терісі қалың, теңіздің лут деп аталатын ірі тасбақаларына да жаны ашитын.

Жұрттың көбі теңіз тасбақасын аямайды, тасбақаны өлтіріп, етін парша-парша ғып тастағанда да, оның жүрегі көпке дейін соғып жататынын біле бермейді сол жұрт. «Менің де жүрегім сол тасбақаның жүрегіндей ғой, – деп ойлады шал, – қол-аяғым да тасбақаның аяғындай». Шал өзіне өл бітіру үшін теңіз тасбақасының аппақ жұмыртқасын жейтін ылғи. Ірі жайындардың суда көп жөңкілетін кезі – қыркүйек, қазан айларында қуатты болу үшін бүкіл мамыр айының өн бойында жейтіні – сол жұмыртқа болатын.

Және балықшылардың құрал-сайманы сақталатын сарайдағы үлкен бөшкеде тұратын сұйық майдан – акуланың ертілген бауыр майынан күнде бір шөшкесін ішіп алатын-ды шал. Бұл майдан балықшының қай-қайсысы болса да, төбеті шапса, барып, ішуіне болатын. Балықшылардың көбі майдың дәмін ұнатпайтын еді, бірақ ыдысқа құйып алып ішкен кезде, дәмі онша жаман да көрінбейтін: суықтан, көздің ауруынан сақтауға бұл майдың себеі көп.

Шал аспанға көз салып еді, фрегаттың теңіз үстінде қайтадан үйіріліп жүргенін көрді.

– Балықты аңдыды, – деп үн қатты шал.

Су беті тыныш еді, ыршып секірген қанатты балық көрінбеді, маңайдан ұсақ балықтар да байқалмады. Бір мезетте судан ытқып шығып, жалт етіп аударылып, төмен құлдилап сүңгіген көк жон балық – жайынды шалдың көзі шалып қалды.

Күмістей жылтыраған түсі күн көзіне шағылысып, жалт ете қалған бұл балықтың соңынан басқа жайындар да жарқ-жарқ етіп, айыр құйрықта-рымен суды салып қап, бір кішкене балыққа секіре атылып, бәрі соны жабыла құды.

«Егер бұлар аса шапшаң жүзіп кетпесе, бүкіл тобын қуып кетер едім», – деп ойлады шал. Жайындардың суды бұрқылдатып секіргеніне, бұлардан жан сауғалап, теңіз үстіне шыққан кішкене балыққа фрегаттың қайта-қайта түйіліп түскеніне қадалып қарады да отырды.

– Құс – балықшының адал серігі ғой, – деді шал.

Осы мезетте қайықтың артқы жағындағы қысқа қармақбау созылып тартыла қалды, мұның бір ұшы шалдың қолында еді. Қария ескекті тастай беріп, қармақтың бауын мықтап тұтты да, өзіне қарай сусыта тартты. Қолына түскен күштің салмағына қарап, қармаққа ілініп, бұлқынған балық-

тың онша ірі емес екенін бірден сезді. Қармақбауды жиырып тарта берді, жайынның көгілдір жонын көрді, балықты қайыққа сүйреп, тақап әкелді де, бүйірін жарқ еткізіп, судан суырып алды.

Жылтыраған оқтаудай балық қайықтың үстіне түскен соң, енді айыр құйрығымен тақтайды ұрғылап, тынысы тарылып, нұрсыз үлкен көздері бажырайып, өлуге айналды. Жаны тез шықсын деп, шал оны тоқпақпен басына салып қалып, өлтірді де, құйрығының ұшы әлі де қыбырлап, денесі дір-дір етіп жатқан балықты қайықтың артқы жағындағы көлеңке астына аяғымен серпіп жіберді.

– Альбакоре. Бұл балық қармаққа шаншуға келісті болды. Өзінің салмағы он қадақ шығар, одан кем бола қоймас, – деп үн қатты шал.

Ол осылай өзімен-өзі сөйлесуді қай кезден бастап дағды еткенін есіне түсіре алмады. ...Бірақ қасында серік баласы бірге жүрген уақытта да екеуі анда-санда ғана сөйлесетін-ді. Түнде немесе күн райы бұзылып, жұмыс болмай, қарап отыратын кезеңдерінде ғана әңгімелесетін. Теңізде жүргенде, аса бір қажет жағдайда болмаса, сөйлесудің керегі жоқ, бұл – жарамсыз нәрсе. Шал осылай есептейтін де, өзі осы дәстүрді берік ұстанатын еді. Ал енді қазір мазасын алармын дейтіндей қасында ешкім жоқ болғандықтан, шал даусын шығарып, сөйлей берді.

– Өзіммен-өзімнің сөйлесіп бара жатқанымды біреу сыртымнан тыңдап тұрса, ол мені есі ауысқан екен деп ойлауы хақ, – деді шал – Бірақ есімнің ауыспағаны өзіме аян болғаннан кейін, басқада шаруам қанша? Дәулетті балықшылардың жағдайы жақсы: олардың қайықтарында өздерімен сөйлесетін, бейсбол ойынының жаңалықтарын айтатын радиосы бар.

«Дәл қазір бейсбол жайын ойлайтын уақыт емес, – деді шал өзіне-өзі. – Нақ қазір бір ғана нәрсені, өзімнің балықшы екенімді ғана ойлауым керек. Мына топталып жүрген жайын балықтарының маңында маған бұйыратын алып жайын да жүзіп кележатқан болар. Ұстағаным – жалғыз ғана альбакоре, мұның өзі де тобынан жырылып, адасып қалған балық. Бұл – жемін теңіз жағасынан жырақ жерден аулайды және өте шапшаң жүзетін балықтар. Бүгін теңіз бетінде кездескен заттың бәрі де тым жылдам қозғалып және солтүстік-шығыс жаққа қарай бара жатты. Осы мезгілде ылғи осылай бола ма екен? Әлде бұл күн райының бұзылатынының белгісі ме, мұны қалайша білмедім?»

Шал енді жасыл сызық жағалауды көре алмады, алыстан тек көгілдір жоталардың шырдары ғана бұлдырап, бейне қар жамылғандай ағарып көрінді. Жота үстіндегі ақ бұлттар да қар бүркенген ақ бас асқар тауға ұқсады. Теңіз тұңғық қаракөк түске енді, күн сәулесі төбеден тік түсіп



тұр. Су бетінде қалқыған физалия тектестердің жалт-жұлт еткені енді байқалмады, олардың жарқылын жоғарыдан төгіліп тұрған мол шұғыла жұтып қойды; шал қаракөк су ішінен күннің тек сынып түскен сәулесі мен тереңге тік бойлаған қармағының бауын ғана көріп келеді; оның қармағы бұл тұста бір миляға жуық тереңдікке бойлаған еді.

Жайын балықтары тереңге тағы да құлдилап кетті; балықшылар осы балықтың тегіне жататын балық атаулының бөрін жайын деп атайтын еді де, тек базарға шығарғанда ғана немесе жем ретінде шаншарда ғана оларды түріне қарай ажыратып, нақты аттарын айтатын-ды. Күн шыжып, қызуы шалдың желкесін күйдіріп барады. Қайықты ескен кездерінде қарияның арқасынан тер шұбырып ақты.

«Қайықты ағынның ыңғайымен еркіне жіберіп, аздап мызғып алсам да, болар еді. Қармақтардың бір ұшын үлкен бақайыма байлап қойсам, оның сәл қозғалысынан-ақ оянбаймын ба, – деп бір ойлады шал. – Бірақ бүгін сексен бесінші күн ғой, сақ отыруым керек».

Дәл осы мезетте көк шыбықтың бірі дір етіп, басы өнтек иіле қалды.

– Міне, айтқаным келді ме! – деді шал, қайықты шайқалтпауға тырысып, судан ескекті көтеріп алды. – Ол қармақтың бауына қолын созып, оны үлкен, әлді сұқ саусағымен ақырын ғана іліп алды. Бірақ қолына ешқандай күш түспеді, балықтың жұлқынғаны білінбеді. Шал бауды қатты қыспай, ешпен ғана ұстап отырды. Қармақтың бауы тағы да қозғалып қалды. Бұл жолы дір етіп, ақырын ғана қозғалды. Мұның мәнісіне бірден-ақ түсіне қойды, шал қармақтың ұшына шаншылған шабақтарды тереңде, су астында марлин балығы ештеп қана тістеп жұлып, жей бастағанын ішінен сезді.

Ол бауды абайлап ұстап, алғашқы ілген жерінен сол қолымен ештеп қана ағытып алды. Енді бауды екі саусағының арасымен жылжытып, балыққа білдірмей, өзіне қарай ақырын ғана сырғытып, тарта беруге болады.

«Бұл тұс – теңіз жағасынан шалғай тұс. Мұның үстіне қазір күз, ірі балықтардың жөңкіліп жүретін уақыты, қармаққа соқтыққан мына балық, сірә, үлкен бір жайын болар. Қап жеміңді, жайыным, қап! Бол, асасаңшы! Қармаққа шаншылған шабақтардың еті өлі бұзылмаған жас ет өрі сондай дәмді. Сен су ішінде тоңып жүрсің ғой. Бұл жердің суы терең, тұңғиық түбі һәм қараңғы, һәм суық. Тағы да бір қайырылшы, асашы жеміңді».

Балық қармақтың бауын тағы да сәл дір еткізді де, артынша қатты жұлқып қалды, сірә, қармақтың имек ұшына түйрелген шабақтың біреуі зорға жұлынған болу керек. Осыдан кейін қармақбау қозғалмады.

– Ал, көне, жайыным, тағы да бір оралшы. Иіскеші, шабақтарды. Ғажап емес пе, ө? Тойынып алсаңшы, – деді шал үн қатып. – Мына шабақ-

тардың үстіңгі жағына ілінген жайын балығы және бар, оның да дәмін көр. Мұның еті тығыз, сап-салқын, жеуге жақсы-ақ. Жасқанба, жайыным. Асай ғой жемінді.

Шал балық қозғаған бауды қысып ұстап, аңдып отырды, өзге бауларға да алаңдап, қарап қояды. Жайынның бір орыннан екінші орынға жылжып кетуі мүмкін ғой. Шал бір мезетте қолындағы баудың тағы да сәл дір ете қалғанын сезді.

– Қапты! Қанды басың бері тарт! – деді шал, бірақ балық жемді қаппаған еді. Жайына жылжып кетті, қармақбау қыбыр-қимылсыз қала берді.

– Ол ұзап кеткен жоқ, – деді шал. – Құдай куә, ұзаған жоқ. Тек сырт айналды.

Осы мезетте оның қолындағы бау тағы да дір ете қалып еді, шалдың жүрегі орнына түсті.

– Айттым ғой, тек сырт айналды деп. Қазір қабады, – деді.

Балық қармақбауды ақырын-ақырын қозғаған сайын шал қуана түсті, бір мезетте қолына ерекше бір ауырлық білінді. Шал қармаққа ірі балықтың ілінгенін іші сезіп, бауды тартып ұстамай, ептеп-ептеп босата бастады. Қармақтың бауы оның саусағының арасынан ақырын ғана суси берді. Бауды төмен тартып бара жатқан салмақты шал сезіп отыр.

– Бұл неткен балық өзі! Қармақты ерніне іліп ап, өзімен бірге жыраққа ала қашпақ, – деп сөйледі шал.

«Бөрібір, қайда барар дейсің, қазір кейін қарай бұрылады да, қармақты жұтады», – деп ойлады. Бірақ асылық болар деп, бұл ойын іркіп қалды, даусын шығарып айтпады. Балықтың аса ірі екенін сезген соң, асаған жемі жұтылмай, көмейінде тұрып қалған жайынның судың терең түбіне қарай бойлап бара жатқан қалпын көз алдына елестетіп қана отыра берді. Балық бір сәт тыншы қалды, бірақ сонда да оның салмағы шалдың қолына сезіліп тұрды. Осы салмақ бірте-бірте арта түсті, сондықтан шал да қармақтың бауын қайтадан ептеп-ептеп босатып жібере берді. Бір мезет бауды өдейі сәл кідіртіп ұстап қалып еді, бау төмен қарай тіке тартылып, қолына күш түсейін деді.

– Жемді қапты. Енді соны жақсылап жұта түссін, – деді шал.

Ол қармақтың бауын саусағының арасынан сырғытып жібере берді де, басы артық екі шумақ жіптің ұшын екінші қармақтың қосымша екі шумақ жібіне сол қолымен күрмеп байлады. Енді бөрі де бірыңғайланды. Балық ілінген ауды қоспағанда, шалда өлі үш шумақ бау бар, олардың әрбірінің ұзындығы – қырық сажень.

– Жемді тағы да кішкене жұта түс. Жұт, жасқанба, – деді шал.

«Қармақтың үшкір ұшы жүрегіңе барып қадалып, өзіңді сеспей қатырғанша ,жұта бер, – деді ішінен. – Өзің бері таман жақындашы, гарпунмен түйрейін бір. Келіселік осыған. Мақұл ма? Теңізді еркін шарлап болып па ең?

– Ал қимылдайын енді! – деді де, шал қармақбауды қос қолдап қатты жүлқып, тартып қалды. Балық қармаққа ілінді, бұлқынып қап, бауды жұла жөнелді. Шал да бауды тырмыса тартып еді. Бірақ шамасы жетпеді. Балық ақырындап ұзай берді, шал оны өзіне қарай бір елі де жақындата алмады. Қармақбау мықты еді, жайын ұстауға арналған берік болатын; шал енді бауды иығына салып жіберіп, бар күшімен шалқая тартқанда, тысырлай керілген жіптен су тамшылады. Балық ырық бермей, өкетіп барады, шал да тырысып, табанын отырғышқа тіреп алып, қармақбауды шалқайып, шірене тартқан күйінен тапжылмады. Қайық солтүстік-батысқа қарай сөл сырғи бастады.

Балық іркілмей, жүзе берді, жарқыраған айдың бетімен қайық та жылжи берді. Жем шаншылған басқа қармақтар өлі де су ішінде еді, оларға бұрылуға шалдың мұршасы келмеді.

– Қап! Қасымда серік баламның жоғын-ай! – деді шал. – Мына жайын балық қайықты сүйретіп өкетіп барады, ал мен битенг секілдендім де қалдым. Қармақтың бауын қайыққа бекітіп, байлауға болар еді. Бірақ онда балық мұны үзіп кетеді. Сондықтан бауды қолға ұстап отырғаным мақұл, балық тартына берсе, жіпті ептеп жіберіңкіреуіме болады. Өзірше, әйтеуір, тереңге қарай құлдиламай, бірқалыпты жүзіп келе жатқанына шүкіршілік...

Егер бұл тереңге құлдилап жөнелсе, не қылам? Сол бетінде төмендеп барып-барып, өліп қалса, не істеймін? Білмеймін. Не де болса, күттім ақырын. Бір бұйырғаны болар!

Шал қармақбаудың дірілін, қайықтың солтүстік-батысқа қарай ақырын ғана сырғып бара жатқанын қадағалап отырды.

«Бұл балық мәңгі бақи жүзе бермес. Көп ұзамай, өлер».

Бірақ төрт сағат өтті, балық қайықты сүйретіп, өлі тынбай жүзіп келеді, шал да табанын отырғышқа тіреп алып, қармақбауды иығына сап, шірене тартқан күйінде отыр.

– Бұл балықты қармаққа түс кезінде іліп едім, өзінің түрі қандай екенін өлі көре алмай келемін-ау, – деді шал.

Балықты қармаққа ілер алдында қамыс қалпағын көзіне түсіріңкірей бастыра киіп еді, енді оның ернеуі маңдайына батып, ауыртып барады. Шал өрі шөлдеді, су ішкісі келді, қармақтың бауын қозғалтып алмау үшін

жүресінен ештеп қана отырып, қайықтың тұмсығына таман абайлап жылжып барды да, сыңар қолымен құмыраны алды. Тығынын ағытып, шыныдағы судан бір-екі жұтты. Содан соң қайықтың жақтауына арқасын сүйеп, дем алды. Желкен оралған діңгектің үстіне отырып, тыныстады. Өл-қуатын кемітпеуді ғана көздеп, еш нәрсені ойға алмауға тырысты.

Бір мезгілде бұрылып, арт жаққа көз салып еді, су жиегі көрінбеді. «Е, қайтер дейсің. Гавана шаһарының түнде жарқырайтын жарқылын бетке алып жүзсем, жағаға, қайткенде де, тура шығамын, – деп ойлады қария. Күннің батуына өлі екі сағат бар, оған дейін балық та су бетіне қалқып шықпас деймісің. Тіпті болмаса, түнде ай туғанда, қалқып шығар. Немесе таң ата қалқып шығар. Қолым тала қоймас, күшім мығым. Қармақты жұтқан мен емеспін, балық қой. Қайықты осылай сүйреп өкетпеген балық – балық па, тәйірі! Қармаққа өзі мықтап тұрып ілінді-ау деймін. Түрі-түсін, тым болмаса, көзімнің қиығымен бір шалсам екем, нендей кереметпен тіресіп келе жатқанымды білер ем, сонда».

Балықтың түні бойы бір бағыттан аумай жүзе бергенін шал аспандағы жұлдыздарға қарап топшылады. Күн ұясына бата, ауа салқын тартқан еді, шалдың жіпсіген денесіне тер қатып, арқасы құрыстап, бойы тоңазығанды. Жем салынған жәшіктің бетіне жабылған қапшық бар болатын; суы кепсін деп, оны күндіз күннің көзіне жайып тастаған еді. Күн ұясына батқан соң, сол қапшықты қармақтың бауының астынан ештеп өткізіп, арқасына жамылған-ды, төмен сусып кетпесін деп, екі ұшын мойнына орап, байлап қойған. Арқаны қиып жібере жаздап тұрған жіптің астына қап төселген соң, аздап жеңілдік байқалып еді, шал қайықтың алдыңғы жақ жақтауына белін тіреп, өзіне ыңғайлырақ болу үшін еңкейіңкіреп отырған. Ал, шынында, бұл күйден жеңілдей қалған мәнді ештеңе жоқ еді, сонда да ол өте жайлы жайғастым деп, көңіл жұбатты.

«Бұл балыққа мен еш нәрсе істей алмаймын, – деді шал өзіне-өзі. – Басқа бір тақысын тауып кетсе, амал жоқ, өйтпесе, ол да маған түк қыла алмайды».

Шал... қайықтың қалай сырғып бара жатқан бағытын жұлдыздарға қарап топшылап алмақ болып, орнынан түрегеліп еді. Қармақтың ақ бауы иығынан суға көлбей түсіп тұрған жіп-жіңішке сәуле секілденді. Қайық қазір баяу ғана қозғалып келеді, Гавана оттары көмескілене бастады, сірә, су ағыны бұларды шығыс жаққа ауытқытып, өкетіп бара жатқандай. «Гавана оттарының көмескі тарта бастағаны – біздің шығысқа қарай ойысып бара жатқанымыздың белгісі, – деген ой келді шалға. – Егер балық бағытын өзгертпеген болса, шаһардың жарығын әлі бірнеше сағат бойы көріп

отыратын ем. Иә, бүгінгі бейсбол ойыны қалай өтті екен, ө? Қайықта радиоң болса ғой, шіркін!» Ол өз ойын өзі бөліп жіберді: «Жоқтан өзгеге алаңдама! Көзіңе қара. Опық жеп қалмас жайыңды ойла».

Өттең, қасымда серік баламның болмағаны-ай. Ол маған жәрдемдесер еді, мынаның бәрін өз көзімен көретін еді, – деп сөйледі шал.

«Қартайған шағында адамның жалғыз қалуына болмайды. Бірақ бұдан қашып құтыла алмайсың, – деп ойға шомды. – Жайыңды иістенбей тұрғанда, жеп алуды ұмытып кетпесем жарар еді, өл-қуатымды азайтпауым керек қой. Тіпті, қарным ашпаса да, о балықты таңертең жеуім керек, тек есімнен шығып кетпесе екен», – дей берді ішінен...

Ол бір мезет толқып, қармағына ілінген жайын балыққа жаны ашып аяп кетті. «Япыр-ай, бұл бір ғаламат ірі балық болды, мұның қанша жасқа келгенін бір Құдайдың өзі ғана білер. Мұндай күшті балық қармағыма бұрын-соңды ілініп көрген жоқ еді. Ал енді өзі, тіпті, қызық балық! Өлі бір бұлқынып тулаған жоқ, соған қарағанда, өте ақылды болса керек. Не жоғары ыршып секірсе, не бар күшімен алға жұлқына ұмтылса, мені мерт қылар да еді. Бірақ өзі өккі балық болуы керек, қармаққа бұрын да талай ілігіп, одан аман құтылудың амалы – бұлқынбай ғана осылай сырғи беру екенін түсініп алған тақыс болар, сірә. Онымен тіресіп отырған адамның жалғыз екенін һәм шал екенін ол қайдан білсін. Ал енді өзі сондай зор балық, еті дәмді болса, ақшаны да күреп түсірер! Қармақты қомағайлана қабуына өрі қайықты емін-еркін сүйреп бара жатқан күшіне қарағанда, бұл – еркек балық, өзі және менімен ешқандай қорқу-үркусіз айқасып келеді. Сонда бұл не істейтінін біле ме екен, әлде мен құсап бетінің ауған жағына тартып бара ма?»

Шал бір жолы қармақпен ұрғашы марлин балығын ұстағанын есіне алды. Еркек балық ұрғашы серігін жемге әманда алдымен жібереді; ұрғашы марлин шалдың қармағына ілінгенде, үрейі ұшып, қатты бұлқынып тулап, тез өлсіреп қалды, ал еркегі серігінің соңынан бір елі кейін қалмай, қасында шырқ үйіріліп, судың бет жағында жүзді де жүрді, біресе озып алдына шығады. Бір рет қайыққа тым тақау кеп қалғанда, қол орақ секілді имек, қыры пышақтай құйрығымен қармақбауды үзіп жібермесе, жарар еді деп, шал сескеніп қалды. Ол ұрғашы балықты багормен сүйреп алып, найзадай үшкір тұмсығынан ұстап тұрып, тоқпақпен дәл қарағұстан қойып қалды, балықтың бас сүйегі қап-қара боп қанталағанша ұра берді. Балық өлген соң, баламен екеуі оны қайықтың үстіне сүйреп шығарып еді, еркек марлин қайыққа қатарласа жүзді. Шал қармақбауды жинақтап, гарпунды ыңғайлай берген мезетте еркек балық серігінің не күйге ұшыра-

ғанын көргісі келгендей, жоғары қарай бір ыршып секірді де, бауырындағы көгілдір қанаттарын кере жайып, тереңге құлдилап сүңгіді, сол сәтте арқасының жалпақ көкшіл жолағы ап-айқын көрініп еді. Балықтың сұлу бітіміне шал қайран қалған. Және оның қайыққа қатарласа жүзіп, серігі көзінен қашан таса болғанша, қасынан қалмай қойғанына таң қалып еді.

«Мұндай қайғылы халді теңізде балық аулап жүріп, бұрын-соңды көрген емен, – деп, ойға шомды шал. – Қасымдағы бала да мұңайған, бірақ амал жоқ, екеуміз ұрғашы марлиннен кешірім өтініп ап, етін боршалап тастаған ек».

– Өттең, қасымда серік баламның жоғы-ай, – деді шал үн қатып, қайықтың тұмсық жағының дөңгелек ернеуіне арқасын тура келтіріңкірей, сырғыңқырап отырды. Иығына қармақтың бауы қатты батып, қайықты, өйтеуір, бір бағытқа сүйреп әкетіп бара жатқан алып балықтың күші сезіліп тұрды.

– Мен жасаған зұлымдықтың салдарынан осы күйге тап болды бұл балық. О, ғаламат!

«Тағдыр оған мұхиттың терең түбін мекендеуге, тұзақтан да, жем шаншулы алдауыш қармақтан да, қысқасы, адам жасар қастандық атаулының бәрінен де жырақ жерде жүруге жазған. Сол тағдыр мені мұның соңына жападан-жалғыз түсіріп, оны жан баласы келмеген жерден барып ұстауға душар етті. Сәске түстен бері екеуміздің тағдырымыз бір-біріне сабақталды. Балыққа жәрдем жасар, маған да көмек көрсетер еш пенде жоқ».

«Өлде балықшы болмауым керек пе еді, бірақ мен осы үшін жаралған адаммын ғой, – деп ойлады шал. – Таң қылаңда жайынды жеп алуды ұмытып кетпесем, жарар еді тек».

Таңға жуық арт жақтағы қармақтың бірін балық қапты. Шалдың құлағына қармақтың сабының сырт етіп сынып, жібінің планшир бойымен сырғи жөнелген дыбысы естілді. Қарт дереу қыннан пышағын шығарып алып, судағы балықтың бар салмағын сол жақ иығына аудара, шалқая берді де, планширдің бойымен сырғанаған жіпті қиып жіберді. Оған тақау екінші қармақтың бауын және қиды да, екеуін бір-біріне ұштастырып байлады; сонсоң запас ұршықтардың жіптерін бір-біріне жалғауға кірісті. Маңайы қап-қараңғы боп тұрса-дағы, епті қимылдады, жіптің бір ұшын аяғымен басып тұрып, екінші ұшын қолымен жылдам тартып, бәрін де тастай ғып түйіп тастады. Енді оның жіп оралған қосымша ұршығы алтау болды: өлгі қиылған екі баудың әрқайсысынан екі-екіден қалған төрт ұршық және алып жайын ілінген қармақтың бауына сабақталған екі ұршық бар: барлық ұршық бір-біріне жалғаулы.

«Қармақбаудың біреуін қырық сажень тереңге бойлатып жіберіп ем, оны да таң атқан соң, бері тартып алып, ұршықтарының жібін біріне-бірін жалғастырамын да, бауды қиып жіберемін, – деп, іштей ұйғарым жасады шал, – рас, бауларға тағылған қармақтың ілгектерімен тастарын есептегенде, екі жүз саженьдай берік кендір жіптен айрылармын. Ештеңе етпес, орны толар, табылар. Судағы бос қармаққа тағы да бір балық ілініп, соның кесірінен мына үлкен жайын қармақтан сытылып шығып кетсе, енді ондай ірі олжаны менің қолыма кім түсірер? Жаңағы қармақты қандай балық қапқанын білмеймін. Мүмкін марлин болар не қылыш балық, не акула шығар. Байқап та үлгірмедім. Одан тезірек құтылу керек болды».

– Өттең, шіркін, қасымда серік балам болмады ғой! – деп сөйледі шал.

«Иә, қасыңда серік балаң жоқ, – деді ішінен, – сондықтан өзіңе ғана сен. Қазір қараңғы болса да, анау ұзын қармақты өзіңе қарай тартып алып, бауын қиып жіберуді ойла. Сосын қосымша ұршықтарының жібін бірін-біріне жалғастыруға кіріс».

Ол осылай жасады да. Қараңғыда бұл жұмысты орындау оған оңай да тимеді, жайын балық бір рет бұлқынып қалғанда, шал етпетінен жығылып, қабағын жарып алды. Қан бетін қуалай ағып, иегіне төмен барып, ұйып қатып қалды. Қария қайықтың тұмсық жағына қарай қайтадан жылжып келді де, азырақ дем алу үшін, ернеуге сүйеніп, отыра кетті. Қапшықты арқасына түзеңкіреп жамылып, қармақтың жібін иығына батып тұрған орнынан ақырын ғана сөл сырғытты да, жайынның күшін байқамақ боп, сөл шалқайып, тартып көрді. Содан соң қайықтың қандай жылдамдықпен жылжып бара жатқанын білу үшін суға қолын салып қарады.

«Бұл балық әлгінде неге бұлқынып қалды екен, ө? – деп ойлады шал. – Тұзақша сым мұның дүңкиген арқасынан сусып кетті. Қармақтың бауы батып тұрған менің арқама қарағанда, оның арқасы, өрине, онша ауырған жоқ. Бірақ қанша алып жайын болса-дағы, қайықты сүйретіп өкете бермес. Өзіме залал салар нәрсенің бөрінен де құтылдым қазір, қармақбауға жалғар жібімнің запасы мол, адамға бұдан артық не керек?»

– Ау, жайын, – деп, ақырын ғана дыбыс берді шал. – Өлмесем, мен сенен тіріде айырыла қойман.

«Иә, бұл да менен айрыла қоймас», – деп ойланды да, ол таңның атуын күтті. Таң алдындағы осы бір шақ суық еді, аз да болса, денесін жылыту үшін шал қайықтың тақтайына тақала түсті. «Балық шыдаса, мен де шыдап бағармын».

Тереңге бойлап, керіле тартылып тұрған қармақбау таң шапағы түскенде, ағарандап көрінді. Қайық бір тынбастан жылжып келеді, көкжиектен күннің шеті көрінгенде, шалдың оң жақ иығына сәуле түсті.

– Балық солтүстікке қарай жүзіп келеді, – деді шал. – Судың ағыны бізді шығысқа қарай ойыстырыңқырап, көп жерге сырғытып өкеткен болуы керек. Балық ағынның ыңғайына бұрылса, тәуір болар еді. Бұйтсе – оның қалжырағаны да.

Күннің көзі арқан бойы көтерілді, ал жайын балықтың өлі шаршайтын түрі көрінбеді. Шалдың көңіліне бір ғана нәрсе жұбаныш боп келеді: қармақбаудың қазіргі көлбей созылған қалпы балықтың аса тереңде емес, беріректе жүзіп келе жатқанын аңғартады. Бұған қарап, әрине, балық қайткенде де, су бетіне атып шығады деуге болмас. Дегенмен де оның бүйтуге өлі мұршасы бар.

– Төңірім, су бетіне секіртіп шығаршы осы балықты! Бұны байлап-матап алуға жібім-бауым жетеді, – деді шал «Қармақтың бауын қаттырақ тартып көрейінші, сонда балықтың жанына батар да, ол мүмкін жоғары ыршып, секіріп қалар, – деген ой келді шалға. – Таң атты ғой, енді секіре берсін. Сонда қыр арқасына жабысып жүрген торсылдақтардың ішіне ауа толар еді де, сосын тереңге қайтадан бойлай алмас еді бұл».

Шал бауды тартыңқырай түскісі кеп, кейін шалқайыңқырап еді, онсыз да қатты керіліп тұрған жіп арқасына батып кетті, ештеңе өндіре алмасын қария түсіне қойды. «Қармақбауды жұлқып тартуға болмайды, – деп ойлады ол, – жұлқыған сайын, қармақтың имек басы жараның орнын ұлғайта түсер де, егер балық ыршып, секіріп қалса, қармақтан біржола сытылып шығып кетуі ықтимал. Қазір күннің көзі шұғыла төгіп тұр, көңілімнің де жайлана түскен қалпы бар; енді балық та жоғары атылып, секірмей-ақ қойсын, оның түрі-түсін мен де көрмей-ақ қояйын».

Қармақтың бауына сары балдырлар шырматылып оралды, осы шырмауық қайықтың жүрісін тежеңкіреген соң, шал бұған қуанып қалды. Түнде су бетінде жылтырап көрінген заттар – осы сары балдырлар болатын.

– Әу, балық, – деді шал, – мен сені өте жақсы көремін һәм құрметтеймін. Бірақ сені қас қарайғанша өлтіремін.

«Бұл қарекет қолымнан келетініне шөк жоқ», – деді ішінен.

Су бетін жанай, төмен ұшып, теріскей жақтан бір кішкене құс қайыққа жақындап қалды. Оның қалжырағанын шал бірден аңғарды.

Құс тыныстау үшін қайықтың құйрығына кеп қонды. Содан соң шалдың төбесінен айналып ұшып өтті де, өзіне жайлырақ орын тауып, қармақбауға келіп қонды.

– Сенің жасың қаншада? – деп сұрады шал одан. – Бұл бірінші сапарың болар?



Құс бейне жауап бергендей, шалдың бетіне қарады. Қармақбаудың қаншалық берік екенін байқауға оның әл-дәрмені жоқ, қанаты талып қатты шаршаған құс бауды нәзік аяқтарымен қысып ұстап, жіп үстіне тербетіліп қана отырды.

– Қорықпа, жіп қатты тартылып керіліп тұр, – деді шал оған. – Тымық түнде осынша қалжырағаның не? Осы күнгі құстардың өзі не боп кеткені?

«Теңіз өрінде самғап, қарсы алдыңнан қаршыға шығады әлі», – деп ойлады ішінен. Бірақ бұл ойын құсқа айтқан жоқ, айтқанмен де, құс оны, бөрібір, ұқпас еді. Уақа емес, қаршығаның қандай болатынын көп кешікпей, өзі де көрер.

– Кішкентай құс, жақсылап тұрып тынығып ал. Содан кейін жағалауға қарай ұш, тіршілік үшін әр адам немесе құс, яки балық қалай күрессе, сен де дәл солай күрес, – деді шал.

Құспен сөйлескені оған демеу болды, қармақтың бауын иығына сап, түні бойы қарысып тартып отырғандықтан, арқасы ағаштай сіресіп қалып еді, енді сыздап ауырғаны анық білінді.

– Иә, құсым, қаласаң, қасымда отыра бер, – деді қарт. – Желкенді құрып жіберіп, сені жағаға, құрғаққа жеткізіп салуыма болар еді, қазір аздап жел де тұрып келеді, бірақ бұлтаруға мұршам жоқ. Мына су ішіндегі досымды тастап кете алмаймын.

Осы мезетте жайын балық бұлқынып қалды да, шалды етпетінен түсірді; қария қайықтың ернеуінен қос қолдап тіреп қалмағанда және бауды қоя бермегенде, балық оны қайықтан жұлып өкететін еді.

Қармақтың бауы сілкініп қалғанда, үстінде отырған құс ұшып кеткен, оның қай жаққа ғайып боп кеткенін шал байқамай да қалды. Қария оң қолымен бауды қайтадан ептеп ұстай бергенде, алақанының сорғалаған қанын көрді.

– Балықтың да жанына батты білем, – деді үн қатып. Балықты басқа бағытқа бұруға шамасының келер-келмесін байқап, бауды тағы да тартты. Барынша керіп тартты да, бастапқы қалпынша сіресіп отырып қалды.

– Әу, балық, жағдайың нашарлады ма? – Құдай куә, маған да оңай тиіп отырған жоқ.

Қарияның, әйтеуір, бір тіршілік иесімен сөйлескісі келді де, жан-жағына көзін аударып, кішкентай құсты іздеді. Бірақ құс көрінбеді.

«Сен менің қасымда аз уақыт қана болдың ғой. Сенің ұшып кеткен жағыңда жел қаттырақ соғып тұр, қашан құрылыққа жеткеніңше, осы жел бөсеңдемейді, – деп ойлады шал. – Мына балықтың бір рет бұлқынып қалғанына қолымды жаралап алғаным қалай? Мәңгіп кеттім білем. Өлде

өлгі кішкентай құсқа қарап, бар ойым соған ауып, қаннен-қаперсіз отырдым ба? Қой, енді өз жағдайымды ойлайын, әлденіп алу үшін жайынды жейін».

– Серік баланың қасымда жоғын қарашы, менде тұз да жоқ екен, – деді ол күбірлеп.

Қармақтың бауын сол жақ иығына аударып, абайлап қана қозғалып тізерлеп отырды да, қолын жуды. Алақанының қанын судың қалай шайғанына көзін салып, қолын суға малып, біраз отырды.

– Балық қазір тым ақырын жүзіп келеді, – деп сөйледі.

Қолын тұзды суға малып отырыңқырағысы келіп еді, бірақ балық тағы да жұлқынып қала ма деп қорықты, орнынан бойын жазып түрегелді де, бауды арқасына салып тартып, қолын күнге тосты. Қармақтың бауы оның алақанының қалың етін тіліп кеткен еді, бүгін өлі де көп қызмет атқаруға тиісті қолдың ең күш алатын жеріне, іске кіріспей жатып, жарақат түскені жақсы болмады, шал осыған қынжылды.

– Енді жайынды жеп алайын, – деді қолының суы кепкен соң. – Жайынды жатқан жерінен багормен іліп, бері тартып алайын да, жақсылап тұрып жейін.

Шал қайтадан тізерлеп отырды да, багормен түрткілеп, қайықтың арт жағынан жайынды іздеді. Қармақтың бауын шайқалтып алмауға тырысып, абайлап қана жайынды өзіне қарай тартып алды. Арқасына түскен бар салмақты сол жақ иығына қайта аударып, сол қолымен қайықтың ернеуіне сүйеніп тұрып, жайынды имек ілгектің басынан шығарып алды да, багорды орнына қойды. Жайынды тізесімен басып тұрып, оның жон арқасының қызыл күрең етін желкесінен құйрығына қарай сыдыра тілді. Тілшелеп алты бөлек етіп кесті де, бұларды қайықтың тұмсық жақ тақтайының үстіне қатарлап жайды, сонсоң пышағын шалбарына жанып сүртті де, жайынның қаңқасын құйрығынан алып, теңізге лақтырып жіберді.

– Мұның бір кесегін тұтас тауыса алмаспын, – деп, кесек еттің біреуін қаққа бөлді.

Қармаққа ілінген балық қайықты іркілмей, сүйреп келеді. Мұның өлі шаршар түрі жоғын шал сезіп отыр, бауды тарта-тарта, сол жақ қолы мүлде қарысып қалды. Қолының қалтырағанына қария ұнатпаған пішінмен қарап қояды.

– Құдай-ау, бұл неғылған қол! – деді ол, – Мейлің, қалтырасаң, қалтыра. Керек десең, құстың аяғынша бүрісіп қал, бұдан келер, бөрібір, жеңілдік жоқ саған.

«Өзің жүрек жалғап алшы, сонда қолыңа да өл кіреді, – деген ойға кетті ол, тереңге көлбей бойлаған қармақбауға, тұңғық суға көз жіберіп отырып.

– Қолда не жазық бар? Балық ілінген қармақбауды сіресіп ұстап отырғаныңа бірнеше сағат болды ғой. Бұл балықтан айрылар түрің жоқ. Сөзді доғар да, тамақтанып ал!»

Ол балық етінің бір тілігін алды да, аузына салып, ақырын ғана шайнай бастады. Дәмі онша жаман көрінбеді.

«Бар нәрін түгел алып қалу үшін жақсылап шайна. Мұны лимонмен қосып немесе үстіне тұз сеуіп жесе, қандай тәуір болар еді?» – деп ойлады қария.

– Иә, халің қалай, қолым? – деді ол, өлген адамның қолындай боп сіресіп, құрысып қалған қолына қарап. – Саған өл кірсін, балық етінің тағы да бір тілігін жеп көрейін.

Шал қаққа бөлінген кесектің екінші тілігін де аузына салды. Еттің әбден дәмі кеткенше шайнады да, сыртқы қабығын түкіріп тастады.

– Ал енді қалай, қолым, аздап өл кірді ме? Өлде әлі де еш нәрсені сезген жоқсың ба?

Шал балық етінің тағы бір кесегін жеп алды.

«Бұл – дені сау, еті тығыз жақсы балық, – деп ойлады ол. – Қолыма макрель түспей, жайынның іліккені жақсы болды. Макрельдің еті қант татып тұрады. Ал мына балықта ондай дәм жөнді жоқ, бар нәр-жұғымы бойға жақсы сіңеді. Жә, мұндай көлденең ойды қайтесің? – деді шал ішінен, – тым болмаса, бір шөкім тұздың жоғын көрдің бе? Мына балықтың қалған еті күңсіп яки борсып, сасып кетпесін қайдан білем? Сондықтан мұны, аш болмасам да, бұзылмай тұрғанда, сыпырып-сиырып жеп алайын. Жайын балық қайықты ақырын ғана сүйреп, жайымен жүзіп келе жатыр. Жайынның қалған етін түгел жеп алған соң, кірісермін айқасқа».

– Шыда, қолым, – деді ол. – Сен үшін ғой жанды салып жатқаным.

«Жайынды да жемдегенім жөн болар, – деген ой келді оған. – Өзімнің ет жақыным ғой. Бірақ мұны өлтіруге тиістімін, ол үшін маған күш жинау керек».

Шал жайынның қалған етін асықпай баппен жеді. Сонсоң қолын шалбарына сүртті де, бойын жазып, түзеліп отырды.

– Ал енді сен, сол қолым, қармақтың бауын қоя бер. Сен есіңді жиғанша, бұл бауға оң қолыммен ие бола тұрармын, – деді қарт.

Шал сол қолына ұстаған бауды сол жақ аяғымен басты да, кейін қарай шалқайып, судағы балықтың салмағын арқасына аудара берді.

– Сол қолымның құрысқаны тезірек айыға гөр! – деп тіледі ол. – Кім біледі, бұл балықтың басына тағы да не ой келерін?

«Асылы, сабырлы балық болар өзі, – деп ойлады, – беталды бұлқынбайды. Бірақ сонда не ойлағаны бар?

Ал мен өзім не істемекпін бұған? Бұл аса ірі балық ыңғайына көшіп отырмасаң, болмас, судың бет жағына жүзіп шықса, өлтірер едім. Бірақ өйтпей, төменде жүре берсе, қайтпекпін? Онда мен де осылай сіресіп отырамын да».

Ол жансызданған сол қолын шалбарына сұртті де, енді саусақтарын жазбақ болып еді. Қарысып қалған саусақтар жазылмады. «Күннің көзіне тоссам, жаны кірер мүмкін, – деп ойлады қарт. – Өлгі жеген шикі балықтың етін асқазаным қорытып, нәрі бойыма тараған кезде, оның да себі тиер. Бұның құрысқанын қайтсем де, жазамын. Бірақ қазір зорлық қылмайын бұған. Өз жайымен айықсын. Түнде бүкіл бауды, шумақ-шумақ жіптерді бір-біріне жалғағанда, бұл қолым көп қызмет атқарды ғой, оны ескермеуге болмайды».

Шал алысқа көз жіберіп, өзінің қазір жападан-жалғыз екенін ойлап өтті. Бірақ күн көзінің суда ойнаған сәулесінің неше түрлі түске боялып құбылғанына, қармақбаудың тереңге көлбей бойлап, керіле тартылып тұрғанына, теңіз бетінің біртүрлі тербеліп-шайқалып жатқанына қарап, көңілі бөлінді. Шығыс жақтан соғар қатты желдің ыңғайын білдіріп, бұлт көше бастады. Шал алдыңғы жаққа көз тігіп еді, аспанда шарлап топтала ұшқан бір топ үйректі көрді; топ құс бір мезет бұлдырап, алыстаңқырап кетті де, сәлден соң қайтадан жақындап, шоғыры анығырақ көрінді. Теңізде жол шегіп жүрген шағында адамның көңілі осындай тіршілік иелерінің бөріне де бөлініп, ол өзінің жападан-жалғыз емес екендігін сезгендей болады; қазір қарт та бұл күйді ұғып отыр.

Ол кейбір адамдардың кішкентай қайықпен жарқыраған теңіздің ортасында жалғыз қалған шақтарында үрейге бой алдыратынын ойлап өтті де, күн райы құбылмалы маусымда олардың бұлай қобалжуы орынды деп санады. Ал қазіргі маусым – дауыл соқпайтын, жылдың ең бір жайлы мезгілі, әзірше дауыл болған жоқ.

Дауыл боларда оның аспандағы белгілерін теңізде жүрген кісі бірнеше күн бұрын-ақ көруіне болады. Ал бұл белгілерді құрлықтағы адамдар көре алмайды, – деп ойлады шал, – өйткені олар не нәрсеге көз тоқтатып қарау керектігін білмейді. Және де құрлықта тұрып қараған кезде, аспандағы бұлттың түрі мүлде басқаша болып көрінеді. Бірақ қазір бұл уақытта дауыл соға қоймайды.

Шал аспанға қарап еді, өзінің сүйсініп жейтін балмұздағы секілді ақ будақ бұлттарға көзі түсті, бұлардың үстіңгі жағынан қыркүйектің көгілдір биік аспанында қалқыған қазбауыр шарбы бұлттар көрінді.

– Көп кешікпей, аздап жел тұрар түрі бар. Бұл жел сенен гөрі маған тиімдірек болар, балығым, – деді шал.

Қарттың сол қолының қарысқаны өлі жазыла қойған жоқ еді, сонда да саусақтары ептеп қозғалуға келді.

«Қолымның құрысқанын сондай жек көремін. Өз денеңнің өзіңе бағынбай, сіресіп қалғаны қандай жаман! – деп, шал ойға шомды. – Кейде ішіңе ас тоқтамай немесе балықтан ұшынып, құсқың кеп, жұрт алдыңда састырса – қорлық. Бұл, әсіресе, жападан-жалғыз жүргеніңде, жаныңа қатты батады».

«Қасымда серік балам болғанда, қолымды шынтағымнан төмен қарай сылар еді ол, – деп ойлады қария. – Бірақ қайтер дейсің, құрысқаны бірте-бірте тарар».

Қармақбаудың жоғары қарай аз-аздап көтеріле бастағанын шал абайлап отыр еді, бауды тартып ұстаған оң қолына кенет біртүрлі жеңілдік сезілді. Қария шалқая беріп, құрысқанын жазу үшін сол қолымен санын салып салып қалды.

– Балық жоғарыға көтеріліп келеді. Қане, қолым, тіріл, жи есіңді, – деді.

Қармақбау созыла тартылды да, қайықтың алдыңғы жағындағы су бір кезде томпая көтерілді. Балықтың жон арқасы көрінді. Жонының екі жағынан су сорғалай сырғанап, денесі судан бірте-бірте көтеріліп шыға берді, тіпті, ұшы-қиыры жоқтай көрінді. Жылтыр түсі күнге шағылысып, жалт-жұлт етті; басы мен арқасы көкпеңбек балық екен, бүйіріндегі жалпақ жолақтары мына ашық күн көзінде ақшыл көктеніп көрінді. Қайқиған ұзын сүйір тұмсығы бейсболдың доп қағатын таяғындай, ал тұмсығының дәл ұшы іп-істік найзадай. Балық судан бауырын жазып, шалқая көтерілді де, қайтадан ақырын ғана еңкейіп кеп, төмен сүңгіп еді, қол орақтың жүзіндей ирек-ирек үлкен айыр құйрығы суға зорға батты.

– Бұл балықтың тұрқы менің қайығымнан екі фут ұзын екен, – деді шал.

Қармақтың бауы шалдың қолынан шапшаң суси бастады, бірақ бір қалыппен созылды, балық үркіп, шошыған секілді. Шал бауды бос жібере бермей, қос қолдап, ақырын ғана тарта түсіп отырды. Қатты жұлқымай, осылайша ақырындап тартып, балықты ептеп-ептеп тежемесе, оның бүкіл бауды созып әкетіп барып-барып, үзіп кетуі хақ. Мұны шал біліп отыр.

«Бұл бір алып жайын екен, сыр бермейін бұған, – деп ойлады ол, – Бауды алға созып, әкете берсе, мені мерт етуі мүмкін ғой, сезбесін бұл жағдайды. Мұның орнында мен болсам, қашан бірдеме тарс етіп жарылғанша, алға сілтей берер ем. Бірақ, Құдайға шүкір, балықтар қанша епті, қанша алып болса-дағы, оларды өлтіретін адамзаттан ақылды емес».

Шал өз ғұмырында небір алып балықты көрген. Салмағы екі мың қадақтан асатын талай балықты кезіктірген, осындай балықтың екеуін өзі де кезіктірген, осындай балықтың екеуін өзі де ұстаған, бірақ онда жалғыз емес-ті, қасында серігі бар болатын. Ал қазір ол жарқыраған теңіз үстінде соншалық ғаламат алып балықпен жападан-жалғыз тіресіп келеді; мұндай зор балықты бұрын-соңды көрмек түгіл, естіген де жоқ еді; сол жақ қолының саусақтары, бүркіттің айқасып қалған тұяқтарынша, өлі құрысып отыр.

«Бұл қолдың құрысқаны жазылуға тиісті. Оның қолыма, тым болмаса, жәрдем беруі керек қой, – деген ой келді шалға. – Тіршілік еткен ағайынды үш жігіт бар еді: біреуі – балық, қалған екеуі – менің екі қолым еді... сол қолдың құрысқаны, қайткенде де, тарауға керек. Өйтпесе, тіпті, мұнысы ұят қой».

Жайын балық екпінін бәсеңдетіп, бастапқыдай бір қалыппен ақырын ғана жүзіп еді.

«Бұл әлгінде судан неге ырғып шықты екен, – деп ойлап көрді шал. – Өзінің денесінің соншалық зор екенін паш ету үшін сөйтті-ау, сірә. Ұқтық мәнісін. Мен де осал адам емес екенімді көрсетер едім бұған, өттең, сол қолымның құрысып қалғанын көрмеймісің. Сондықтан еш қайрат қыла алмай отырмын. Мейлі, бұл балық мені жақсы кісі екен деп ойласын да, тарта берсін; шындығында, ондай болмасам да, тып-тыныш отырғаннан кейін оған солай көрінсем керек. Мен осы жайын секілді балық та болуды қалар едім; оның еркіндігі мен сергектігі ғана емес, бойындағы бар қабілеті менде де болуын тілер ем».

Ол буын-буынының сырқырап ауырғанына шыдай көніп, тақтай жәшікке сүйеніп, жайғасып отырды, ал балық бір тынбастан, алға тарта берді, қаракөк су бетімен қайық ақырын ғана қозғалып бара жатты.

Шығыстан білінген желден толқын сәл көтерілді.

Шалдың құрысқан қолы күн түске тырмыса әжептәуір жазылып қалды.

– Балығым, енді халің мүшкілдене түсер, – деді де, қармақтың бауын арқасына қарай аударды ол.

Буын-буынының сырқырап ауырғаны жанына батып отырса да, мұны елемеді, көңіл күйі жақсы көрінді өзіне.

– Мен Құдайға сенбеймін, – деді ол, – Бірақ осы балықты ұстау үшін «Жасаған, жар бола гөр» деп, дұға сөзін сан қайырып айтайын. Бұл балықты шын ұстасам, Құдайға құлшылық қылуға серт беремін. Ант етемін.

Шал дұға оқи бастады. Кей тұстарда дұғаның қайсыбір сөздерін ұмытып қалып, мұны өзінің титықтап, шаршағандығынан көрді де, ұмытылған сөздер ауызға өзінен-өзі түсе қалуы үшін дұғаны шапшаң оқуға тырысты.

– Жалғыз Хақ, өзің жар бола гөр. Біздей міскін пақырыңа мархабатыңды төк... – деді.

Шал дұғасын оқып, Құдайға сиынып алғаннан кейін, буын-буынының сырқырай ауырғаны бәсеңсімесе де, көңілі өлдеқайда жайланғандай болды, қайықтың тұмсық жақ ернеуіне арқасын шапшаң қимылдатып, жаттықтыра бастады. Күннің көзі күйдіріп тұр, жел ептеп күшейе берді.

– Жем шаншып, кішкене қармақты суға қайтадан салғаным мақұл болар, – деді шал. – Мына жайын балық судың бетіне бүгін түнде қалқып шықпаса, тағы да бір тамақтанып алуым керек, құмырадағы су да таусылуға жақын қалды. Бұл маңнан қармағыма макрельден басқа балық іліне қоймас. Ұстаған бойда жеп жіберсең, мұның еті де онша дәмсіз емес. Түнде қайығымның ішіне қанатты балық топ ете түссе, жақсы-ақ болар еді-ау. Жарықты жылт-жылт еткізіп, алдар едім оны, бірақ шырағданым жоқ. Қанатты балықтың жас еті тамаша қорек қой, өзінің қабығын аршудың да керегі жоқ. Менің әлсіремей, күш-қуатымды сақтауым керек. Қармағыма мынадай осынша ірі балық ілінерін білмедім ғой!.. Енді мұны, қайткенде де, соғып алуға тиістімін. Бұл балық қаншалық зор, қаншалық әсем болса да, өлтірмей тынбан, – деді шал.

«Мұным қиянат болса да, бұған адамның құдіретін танытамын», – деп, іштей ойын жалғастырды.

– Мен елден ерек шалмын деп, серік балама айтқам-ды. Сол сөзімді дәлелдейтін шақ туды енді, – деді қарт.

Ол бұл сөзін бұрын да сан мәртебе дәлелдеген-ді. Енді тағы да дәлелдеуге тура келді. Есеп дегенің ылғи басынан басталып отырмақ қой, сондықтан бұл қария бір іске кіріскен кезінде, өткенді есіне еш уақытта алмайтын-ды.

«Мына балық ұйықтаса, менің де көзім ілінер еді, сонда мен түсімде арыстандарды көрер ем, – деп, ойға берілді шал. – Жадымда осы арыстандардан басқа жақсы ештеме қалмағаны қалай?»

– Ойға берілме, шалым, – деді ол өзіне-өзі – Тақтайға сүйен-дағы, ептеп тынығып ал, еш нәрсені ойлама. Қазір қайықты балық сүйреп келеді. Сондықтан сен өзірше күшіңді көп жұмсамай, тыныстай бер.

Күн батуға тақалды, қайық бір қалыппен баяу жүзіп келеді. Шығыстан ескен жел теңізді толқытып, шал қайық үстінде ақырын ғана тербетіліп отыр, арқасына жіптің батып ауыртқанын да елемейді.

Түс ауа қармақбау тағы да аздап көтерілгендей болды. Бірақ балық бұл жолы үске шықпай, тек су бетіне таяу ғана жүзе берді. Күннің көзі шалдың арқасын, сол жақ иығы мен сол жақ қолын күйдіріп келе жатыр еді. Осыған қарап балықтың солтүстік-шығысқа қарай бұрылғанын аңғарды ол.

Ол бұл балықтың түр-тұлғасын бір рет көргендіктен, енді оның дәл қазір бауырындағы көгілдір қанаттарын құс қанатынша жайып жіберіп, қатты құйрығымен тұңғиықты айыра тіліп, су астында қалай жүзіп бара жатқанын көз алдына келтіргендей болды. «Қап-қараңғы тұңғиықта қазір келе жатып, маңайындағының бәрін де көре ала ма екен бұл? – деп ойлады шал, – бірақ көзі шарадай ғой. Мұның көзінен көзі әлдеқайда кіші жылқы да қараңғыда тамаша көреді. Бір кезде мен де қараңғыда жақсы көретін ем. Әрине, тастай қараңғыда емес. Дегенмен, көзім мысықтың көзіндей қырағы еді.

Әрі күн қыздырып, әрі саусақтарын тынымсыз қимылдатып жаттықтырған соң, шалдың сол қолының құрысқаны тарады, енді ол қармақтың бауы батып тұрған арқасына аз да болса, жеңілдік келтіру үшін балықтың салмағын осы қолына ептеп аударыңқырады.

– Әлі шаршамаған болсаң, сен, расында да, ғаламат балық екенсің, – деп сөйледі ол. Өзінің қатты қалжырағанын сезді, түннің де жақындап қалғанын біліп отыр, сондықтан ойын басқа бір жайларға аударуға тырысты. Өзі пір тұтатын әйгілі бейсбол лигалары жақында ойлап кетті, бүгін Нью-Йорктің «Янкилері» Детройттің «Жолбарыстарымен» ойнайтынын есіне түсірді.

«Спорт ойындарының барысынан бейхабар отырғаным бұл күннің екінші күні, – деп ойлады қарт бір ауық. – Бірақ, қайткенде де, өз күшіме сенуім керек, ұлы Ди Маджионың мақтауына татитындай болуға тиіспін, ол – ерен ойыншы, өкшесінде қажалған мүйізі болса-дағы, оның батып ауырғанын елемей, спорт алаңында керім шапшаң қимылдап, тамаша өнер көрсетеді. Өкшедегі мүйіз дегеннің өзі не нәрсе екен? Біздің балықшыларда мұндай мүйіз болмайды. Төбелеске үйретілген өтеш табаныңа теуіп қалса, ауыртатын еді, өкшедегі мүйіз де солай батып, ауырта ма екен? Төбелеске үйретілген өтештер төбелескен кездерінде бір көзі түгіл екі көзі ағып түссе де, оған қарамай, сарт-сұрт тебісіп, соғыса береді. Мұндай төбелеске мен шыдай алмас едім. Адам темір емес, аңдар мен құстар секілді оның да



кеудесінде жаны бар. Менің қазір мына тереңде жүзіп келе жатқан балық болғым келер еді».

– Иә, тек акулалар тап бермесін де, – деп, үн қатты шал, – акулалар тап берсе, мына балықтың да, менің де аман қалуым екіталай!

«Ұлы Ди Маджио осы балықпен сен құсап дәл осылай тіресіп отыра алар ма еді? – деп, ол өзіне-өзі сұрақ қойды.

– Иә, оның да дәл осылай тіресе алатынына көміл сенемін, ол менен гөрі жасырақ әрі күштірек, сондықтан маған қарағанда, басымдау қимылдауы да мүмкін, өзінің және әкесі балықшы болған адам... Өкшесіндегі мүйізі қатты батып, ауырта ма екен?»

– Қайдан білейін, менің өкшем мүйіз боп көрген емес, – деді ол күбірлеп.

Күн ұясына батқан кезде, сергіп, еңсесін көтеру үшін өткен бір оқиғаны есіне түсірді. Бір жолы Касабланка тавернасында оның порттағы ең мықты адам деп саналатын, Сьенфуэгостан келген бір зор негрмен күш сынасқаны бар еді. Үстелдің үстіне бормен сызылған сызыққа шынтақтарын тіреп, алақандарын қатты айқастырып алып, бірінің қолын бірі қайырып, бүге алмай, екеуі бір тәулік бойы тірескен-ді. Жұрт жағалай бәс тігіскен; керосин шам күңгірттеу жарық түсіріп тұрған бөлмеден бірі шығып, бірі кіріп жатты; шал екі көзін негрдің қолынан, шынтағынан, бетінен тайдырмады. Алғашқы сегіз сағаттан соң, төрешілер кезектесіп ұйықтап алу үшін төрт сағатта бір алмасып тұрды. Екеуінің тырнақтарының көбесінен қан білінді, сонда да олар бірінен-бірі көздерін тайдырмастан тіресіп, отыра берді. Бәс тігіскен жұрт бөлмеге бірі кіріп, бірі шығып жатты; олар қабырғаға тақау қойылған биік отырғыштарға жағалай отырып алып, ақыры, немен тынарын күтулі. Бөлменің ағаш қабырғалары ашық көгілдір сырмен боялған еді, қазір бетіне көлеңке түсіп тұр. Негрдің қабырғаға түскен көлеңкесі өте үлкен боп көрінді, жел аспалы шамды шайқаған кезде көлеңкесі бірге қозғалады.

Бірде шал, бірде негр басымдау шығып, екеуі түні бойы жеңісе алмады... Шалдың ол кезде қазіргідей қартайған кезі емес, Сантьяго чемпион атанған жігіт шағы болатын. Ол тіресіп, қолын қайтадан түзеп алды. Осыдан кейін оның негрді жеңетініне күмәні қалмады; негр де ерен күшті жақсы жігіт еді. Таң ағарып атып, жұрт енді екеуіне теңбе-тең түсті деп, төрелік айту керек десіп, ұсыныс жасай бастағанда, негр жаңа ғана иығын көтеріп, мейлілерің дегендей, әлпет білдірді. Шал кенет бар күшін сап, негрдің қолын қайырып әкетті, бірте-бірте шалқайтып апарып, үстелге бір-ақ тигізді.

Сөйтіп, жексенбі күні таңертең басталған тірес дүйсенбі күні таңертең аяқталып еді. Бәс тігіскен жұрт екеуіне теңбе-тең түсті деп, төре беруді та-

лап етті, өйткені бәрінің портқа жұмысқа баратын уақыттары болып қалған еді, бұлар Гавана көмір компаниясына көмір және қап-қап қант тиеп жатқан болатын. Жұмысқа шығатын уақыттары боп қалмағанда, бәсекені соза беретін түрлері бар еді. Бірақ шалдың жеңгеніне дау айтуға дәлел жоқ еді, өйткені ол жүк тиеушілердің жұмысқа шығатын уақыты болғанша, жеңіп шыққан-ды.

Осы оқиғадан кейін жұрт оны көпке дейін чемпион деп жүрді. Шал көктем шыға негрдің ұпай қайтаруына келісім қылды. Бірақ тігіскен бәстің мөлшері онша жоғары болмады; бұл жолы шал оп-оңай жеңді негрді.

Өйткені Сьенфуэгостан келген негр жігіттің шалмен алғашқы бәсекеде жеңіліп қалғаннан кейін-ақ тауы шағылып қалған еді. Сантьяго осыдан кейін де бәсекеге бірнеше рет түсті, бірақ, көп ұзамай, бұл кәсіпті тастап кетті. Бәсекеге түскен қарсыласы қандай адам болса да, шалдың оны жеңгісі келсе, жеңетініне көзі анық жетіп еді, бірақ балық аулағанда, өзінің бар сенер оң қолына бұл секілді тіресудің залал келтіретінін ұғып, осылай етті. Ол бәсекеге сол қолымен де бірнеше рет түсіп байқаған-ды. Бірақ, сол қол ырыққа көнбей, опық жегізе берген соң, шал оған сене алмады. «Бұл қолды күн бүгін жақсылап-ақ қыздырды, – деп ойлады қария. – Енді құрыса қоймас, түн де тым суық болар деймісің. Бұл түннің маған не сый тартарын білер ме ем, шіркін!»

Шалдың төбесінен Майамиға бет алған ұшақ ұшып өтті. Аспандағы ұшақтың су бетіне түскен көлеңкесінен үркіп ұшқан қанатты балықтарды байқады қарт.

– Бұл тұста қанатты балықтардың көп болуына қарағанда, жақын маңда макрель жүзіп жүруі де хақ, – деді де, қармақ жұтқан жайын балықты аздап болса да, жақынырақ сүйреп әкелуге болмас па деп, байқағысы кеп, иығына салған қармақбауды шалқайып тартыңқырай түсіп еді, ештеме өнбесін ұға қойды; қармақбау қатты бұралған сым шектей тырсылдап, үзіліп кетердей діріл қақты. Қайық алға қарай ақырын ғана сырғып келеді. Шал ұшақты қашан қарасы үзілгенше, көзімен ұзатып салды.

«Ұшақтан қарағанда, жер-көктің бәрі біртүрлі боп көрінетін шығар, – деген ойға берілді ол. – Сондай биіктен теңіздің беті қандай боп көрінеді екен, ө? Ұшақ осынша жоғары ұшпағанда, оның ішіндегілер менің балығымды анық байқай-тұғын еді. Өз балығымға жоғарыдан қарау үшін екі жүз сажень биіктікте ақырын ғана қалықтап ұшар ма едім? Теңіз тасбақасын аулауға аттанып бара жатқан баяғы бір күндерімде, кеме үстіндегі биік тұғырға шығып алып, төңірекке көз салғанымда, көзіме көп нәрсе шалынатын еді. Сонда макрель балығының түсі жасылданып көрінетін, бүйіріндегі көкшіл

жолақтары мен теңбіл таңбаларын анық байқап, макрельдің қалың тобының шоғырланып жүзіп жүргенін айқын көруге болатын. Тұңғық тереңде жүзетін ұшқыр балықтардың жон арқасы көгілдір келетіні және көкшіл жолақтары мен теңбіл дақтары болатыны несі екен? Макрельдің арқасы жасылданып көрінгенімен, ол – сарғылт түсті балық. Бірақ ол әбден ашыққанда, жемін аулаған кезінде, қос бүйірінде марлиннің жолағындай көкшіл жолақтар білінеді. Өлде ызаның белгісі ме бұл? Болмаса жайшылықтағы қалпынан шапшаңырақ жүзгендіктен, осылай көріне ме екен?»

(Жалғасы бар)



## СӨЗДІК

**Ай қорғалаған** – айдың кеми туатын шағы.

**Битенг** – кемеңі тіркеуге алып сүйрегенде, трос ілу үшін оның тұмсық жағына орнатылған жуан темір діңгек.

**Галанос** – акуланың бір түрі (испанша).

**Дентусо** – акуланың бір түрі (испанша).

**Миль** – ұзындық өлшемі. Теңіз милясы – 1852 метрге тең.

**Планшир** – қайықтың үстіңгі ұзына бойына орнатылған Арқалық.

**Рефрижератор** – тоңазытқыш орнатылған машина.

**Румпель** – рульді бұратын рычаг.

**Таверна** – дүкен.

**Фут** – саженнің жетіден бір бөлігі.

**Шақат** – қызыл шақат.

**Ілдала** – ептеп, бірдеме етіп амалдау.

## Әдебиет теориясы

**Аллегория** (көне грек. *allēgoria* – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның не көрерменнің санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей, образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Бұл көркемдік тәсілдердің ең көнесі, бастауын мифтен алып, фольклорда ерекше дамыған. Түлкі – қулық, арыстан – зорлық, қасқыр – қастық, қоян – сужүректік, есек – ақымақтық, аққу – адалдық, махаббат т.б. түрінде бейнеленетін персонаждарда адамдарға тән мінез пернелеп айтылса да, бірден санаға, қиялға әсер етіп, көз алдыға елестейді.



1. Шет елдік ақын-жазушылардан кімдерді оқыдыңдар?
2. Эрнест Хемингуэй туралы осы кезге дейін естіп пе едіңдер? Қай шығармасын білесіңдер?



1. 84 күн теңізде жалғыз шал табиғат құбылыстарымен арпалысып, жеңімпаз болуы мүмкін бе? Автордың бұл шығарманы жазудағы мақсаты не?
2. Қазақ режиссері түсірген «Шал» фильмімен ұқсас не бар? Екі туындының айырмашылығы неде?



1. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Туындының идеялық, тақырыптық-мазмұндық құндылығы қандай?
2. Шығармадағы оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

3. Автордың бейнесі қалай көрінеді?



1. Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесіндегі өмір шындығы, адамзаттық құндылықтар туралы тұжырымдар жасаңдар.



1. Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесін өздерің оқыған немесе теледидар, т.б. көрген идеялас басқа туындылармен салыстырып, әдеби сын жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

1. Шал аспанға қарап еді, өзінің сүйсініп жейтін балмұздағы секілді ақ будақ бұлттарға көзі түсті, бұлардың үстіңгі жағынан қыркүйектің көгілдір биік аспанында қалқыған қазбауыр шарбы бұлттар көрінді.

**Сұрақ: Шарбы бұлт деген не?**

- a) селдір, сирек бұлт
  - b) сұр түсті бұлт
  - c) жеңіл бұлт
2. – Өзіммен-өзімнің сөйлесіп бара жатқанымды біреу сыртымнан тыңдап тұрса, ол мені есі ауысқан екен деп ойлауы хақ, – деді шал, – Бірақ есімнің ауыспағаны өзіме аян болғаннан кейін, басқада шаруам қанша?

**Сұрақ: Шалдың бұлай сөйлеуінен көркемдік тәсілді байқауға бола ма? Шығармада қай тәсіл жиі қолданылған?**

- a) Қиналып кеткенде айтылған сөз. Жазушы соны көрсеткен.
- b) Көркемдік тәсіл ретінде монолог жиі қолданылған. Шалдың ойлары монолог арқылы берілген.
- c) Шал теңізбен де сөйлескен, сондықтан шығармада әр жанр да қолданылған.

3. – Құс – балықшының адал серігі ғой, – деді шал.

**Сұрақ: Сантьяго шалдың бұлай айтуының себебі неде? Шығармадағы кейіпкер сөзін белгілеңдер.**

- a) Жалғыз жүрген адам болған соң, құс та болса, серік екен.
  - b) Құс барлық жерде де бар, ол – тіршіліктің белгісі.
  - c) Шал аспанға көз салып еді, фрегаттың теңіз үстінде қайтадан үйіріліп жүргенін көрді.
- Балықты аңдыды, – деп үн қатты шал.



## Оқушы күнделігі

*«Шал мен теңізді» оқыдыңдар, енді «Мен қандай адаммын? Мен қиындыққа қарсы тұра аламын ба? Сантьяго жасаған 84 күндік қиындықты жеңе алар ма едім? Ең болмаса, Маналин бола аламын ба? Осы сұрақтар бойынша ойланып көріңдер, қандай ойға келдіңдер, соны жазыңдар.*



## Ғаламтөр

Қазақ режиссері Ермек Тұрсынов түсірген «Шал» фильмін тамашалап, сюжеттегі айырмашылықтар мен кейіпкерлердің сомдалуы бойынша салыстырулар жасаңдар.




## Ойталқы

Құрметті оқушылар, оқу жылы аяқталып келеді, сондықтан екі мәселеде талқылау жасауды ұсынамыз.

1. Елімізде көрнекті жазушыларымыз құнды шығармалары үшін Мемлекеттік сыйлық иегері атанады. Сондай-ақ әлемде Нобель сыйлығы да бар. Сендер қазақтың қай көркем туындысын Нобель сыйлығына лайық деп ойлайсыңдар? Сендер қазақ әдебиеті бойынша Нобель сыйлығын қай жазушыға қай шығармасы үшін берер едіңдер? Осы туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

2. Бүкіл оқу жылында ең көп асық жинаған кім, қай топ екенін анықтап, жеңімпазды құттықтауларыңа болады.



Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінің ағылшын тіліндегі шыққан нұсқа мұқабасы

IV бөлім бойынша  
ТЕСТ

1. ... сусып тұрған құрағы,  
Жаз айының тамылжиды шуағы.  
Ойнап жүріп, тайып кетіп Нұрсұлтан  
Домалап кеп сайдан бір-ақ шығады.

О, әргісін атай көрме, атама,  
Сайдың түбі құжынаған, о, тоба...  
Ордасы екен, ұясы екен жыланның –  
«Қандай сұмдық қатер төнді ботама?!»

Әлжан ана шырыл қағып жылады,  
Әбіш ұлын құшақтай кеп құлады.  
Өн бойына оратылған жыланды  
Қағып тастап, күліп бала тұрады...

Үзінді қай шығармадан алынған? Көп нүктенің орнындағы сөзді табыңдар.

- A) «Бәйтерек», Астананың
- B) «Туған жер», Алматының
- C) «Көшбасшы», Жыландыойдың
- D) «Көшбасшы», Қастектің
- E) «Көшбасшы», үңгірдің

2. О, менің халқым ақын, халқым хакім  
Түсінген аналардың парқын жақын.  
Өз ана – Әлжан ана сезді ме екен:  
Ішінде ат басындай алтын барын.

Ішінде ұл жатқанын ұлағатты,  
Тізгіндеп ерттеп мінер пырақ атты.  
Әулие-әнбиеден тілек тілеп,  
Нұр жүзді бір перзентті сұрап апты.

Өз ана – Әлжан ана деген кім?

- A) Қасым Аманжоловтың анасы
- B) Сәкен Сейфуллиннің анасы
- C) Нұрсұлтан Назарбаевтың анасы
- D) «Жалған дүние» романының кейіпкері Үміттің анасы
- E) Ақын өзінің анасын айтқаны

3. Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесін қазақ тіліне аударған кім?

- A) Қасым Аманжолов
- B) Сәкен Сейфуллин
- C) Маралтай Райымбекұлы
- D) Нығмет Ғабдуллин
- E) Мәлік Ғабдуллин

4. «– Ата, түнде жақсы ұйықтадың ба? – деп сұрады бала. – Өзі ұйқысы шайдай ашылса да, есініңгіреп отырды.

– Өте жақсы ұйықтадым, ... . Бүгін олжалы қайтармын деп ойлаймын.  
– Бұған сөз жоқ, – деді бала. – Ал енді мен уәде еткен балықтарыңды алып келейін. Біздің қайықтың иесі құрал-жабдықтарын өзі алып келеді. Ол өзінің заттарын басқа біреудің көтеріскенін жақтырмайды».

Диалог қай кейіпкерлердің арасында болған? Көп нүктенің орнына жасырылған сөзді табыңдар.

- A) Манас шал мен Еңсен
- B) Сантьяго мен Маналин
- C) Бұқар жырау мен Абылай хан
- D) Ожар мен Қарақұлжа
- E) Ожар мен Қоңырқұджа

5. «Өкеммен әңгіме», «Менің аням», «Жеңеше», «Өшпей қалған сөулер», «Атынтай ата» шығармаларының авторы кім?

- A) Қасым Аманжолов
- B) Сәкен Сейфуллин
- C) Тұманбай Молдағалиев
- D) Нығмет Ғабдуллин
- E) Маралтай Райымбекұлы

6. *Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,*

*Таңнан тағы тербетті шешем бесік...*

*Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,*

*Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...*

Үзінді қай ақынның шығармасынан алынған? Туынды қалай аталады?

- A) Қасым Аманжолов, «Туған жер»
- B) Сәкен Сейфуллин, «Сыр сандық»
- C) Тұманбай Молдағалиев, «Бауырлар»



- D) Оразақын Асқар, «Шетте жүрген бауырларға»  
E) Қабдеш Жұмаділов, «Тағдыр»
7. *Әнұран – менің оттай Ар-намысым,  
Намысым зау биікпен аңғарылсын.  
Әнұран айтылғанда кеудемдегі,  
Жүрегім дайын тұрар самғау үшін!*  
Үзінді қай шығармадан алынған? Авторын анықтаңдар.  
A) Қазақстан Республикасының Гимні, Ш.Қалдаяқов, Н.Назарбаев  
B) Сәкен Сейфуллин, «Сыр сандық»  
C) Маралтай Райымбекұлы, «Көшбасшы»  
D) Оразақын Асқар, «Шетте жүрген бауырларға»  
E) Тұманбай Молдағалиев, «Елім менің»
8. 1957 жылы «Студент дәптері» деген атаумен алғашқы жыр жинағын шығарған кім?  
A) Смағұл Елубай  
B) Сәкен Сейфуллин  
C) Маралтай Райымбекұлы  
D) Оразақын Асқар  
E) Тұманбай Молдағалиев
9. «Шал мен теңіз» повесінде Сантьяго ұйықтап жатқан кезде түсінде нелерді көреді?  
A) Акулаларды  
B) Дельфиндерді  
C) Маналинді  
D) Шал өзін көреді  
E) Арыстандарды
10. *Төрткүл дүниенің төрт құбылысынан тұрақты дос, айнымас әріптес,  
сапарлас серіктес, қоңысы бұзылмас көрші тапқан Қазақстан  
жаңа мыңжылдықтың ұлы көшінде керуен тартып келеді.*  
Бұл эпиграф қай шығармадан алынған? Бұл кімнің сөзінен алынған?  
A) Смағұл Елубай, «Жалған дүние», Едіге  
B) Сәкен Сейфуллин, «Сыр сандық», автор сөзі  
C) Маралтай Райымбекұлы, «Көшбасшы», Н.Назарбаев сөзі  
D) Оразақын Асқар, «Шетте жүрген бауырларға», Құрылтай қаулысы  
E) Тұманбай Молдағалиев, «Бауырлар», Құрылтай қаулысы

## БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР

1. – Өй, керім!.. Өй, керім!– деп, Ербол да сұқтанып, тамсанудың үстінде еді. Абай: «Қалай айттың, қалай айттың?» – деп, жолдасының жаңағы айттысын қайта-қайта қайыртты да:  
– Ал мен бір нәрсе айтайын ба? Бұның ... деген аты сұлу емес. Сай емес! Жаңа ат қоямыз. Оны дәл осы арада сен таптың. ... аты қалсын, шын аты «Өйгерім! Өйгерім» болады!– деді...  
**Көп нүктенің орнына тиісті сөзді табыңдар.**
2. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, ... деген бір жеңгесі:  
– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау!– деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді...  
**Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып, Абайды Телғара деген кім екенін анықтаңдар.**
3. ... есіне Сыздық төре айтты деген сөз түсті. Оқи-оқи миында жатталып қалған сол монологты Кенесары ұрпағы – Сыздық төренің өзі келіп, құлағына сыбырлап тұрған тәрізді. “Арқа сүйер асқар тауың – өз мемлекетің болмаса, асыранды итсің. “Ит қарны тойған жерде жүреді” дейді...”  
...Темір есік сарт-сұрт ашылып, камераға әлдекімдер кірді.  
**Сыздық төренің сөзін есіне алған кім екенін ойлап, қай шығармадан алынғанын анықтаңдар.**
4. – Өзге-өзгенді не қылайын, Біржан аға,– деп бастап, қонағына жаңа бір қуаныш жүзімен қарады.– Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап, тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді. Үн түзеген бір өнші болушы еді. Кім көрінгеннің қосшысы. Өр кез, өр мырзаның қосалқысы. Өн қадірін түсіріп, бір атым насыбайдай арзан етіп еді. Сен өнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, соныға ғана қуанам... Осының-ақ қадір-қасиетінді тануға жетіп тұр!..– деді.  
Біржан құп тыңдап, өзі де сүйсіне көтеріліп:  
– Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! – деді. Өйгерім де, өзге жиын да екеуін дәл ұғынғандай, түгел қостап күлісті.

**Роман ықшамдалып берілген, сондықтан мына диалог қай тарауда айтылуы мүмкін екенін оймен табыңдар.**

5. Құдайдың құдіретімен омарташы арыға айналды... бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды. Айналуы сол екен, арғы жиектегі Қызға зымырай ұшқан. Ұшқан қалпы ғашығына жетіп, иығына қонды. Не болғанын білмей, сасып қалған Қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен... қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып, домалап түскен... мәңгілікке...

**Үзінді қай шығармадан алынған? Құбылуға түскен қай кейіпкер екенін анықтаңдар.**

6. Тірі болсаң –

Тірісің сен ауылмен,

Ұлы болсаң –

Ұлыңмен сен ұлысың!..

**Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анықтаңдар.**

7. Қашқан кезде адамнан

Ізін қандап,

Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.

Қызыл кітап –

Тірі жан тимесін деп,

Хайуанатқа берілген қызыл мандат.

Баяғыдай көбінің халі бірақ –

Мойындарын үзеді әлі бұрап.

Қызыл кітап –

Бұл өзі қызық кітап:

Тысы жұқа,

Астары қалыңырақ!

**Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анықтаңдар.**

8. Маған қонар –

Саған бақыт қонса кеп,

Менен алар –  
Сенен біреу алса көп...  
Ұлым менің,  
Құлың емес тек қана –  
Қиялдаймын  
Қожайының болса деп!..

**Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анық-  
тандар.**

9. «Бел-белесте», «Қияда», «Тайғақта», «Асуда», «Жайлауда», «Өрде», «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Оқапта», «Биікте», «Шытырманда», «Еңісте».

**«Абай жолы» роман-эпопеясындағы қай тараулардың аты жазылмай қалғанын анықтап, дәптерлеріңе жазушы орналастырған ретпен жазыңдар.**

10. ...Иә, жалғыздық. Сол жалғыздықтан тағы да Көкен мен Аналық құтқарып еді. Бұл өмірде бар-жоғы белгісіз дарбазасыз дара үйде ішерге ас, киерге киім таба алмай, зар еңіреп, зар жұтып жатқанында, тумасынан бетер бәйек болып қамқор қолын созды... «Халық жауының» әйеліне қыл аяғы қара жұмыс та бермей, қаңтарып тастағанда, тағдырдың осы бір дағдарысынан аман-есен алып шыққан да солар. Бір күні жұмыстан өдеттегіден тым ерте оралған Көкен:

– Ойбай, Нүрке, саған жасырыну керек, – деді өңі боп-боз болып. – Ауданнан адам шығып, сені қамауға алатын көрінеді. Шолаққолдың айғайлап айтқан бұйрығын есіктің сыртынан естіп қалған бір сенімді кісі айтты...

**Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анық-  
тандар.**

11. – Кенесары атамыз әділет үшін, қазақ халқының бақытты ғұмыры, азаттығы үшін басын бөске тігіп, ақыры, жат қолынан ажал тапқан жоқ па?! – деп күлді Аяған. Шал көзін кең ашып, жаутаңдап, жігітке қарады. – Оның жеңілісінің өзі ұлы жеңіс деуші едіңіз ғой. Ол бақыт дегеннің не екенін білген жоқ, қысқа ғұмыры жанталасқан күреспен, азаппен өтті. Кенесарыдай ардагер ұлдарының арқасында қазақ халқы бақыттың шын бағасын білді, аға. Ал Кенекемнің ұлы Сыздықтың өмірі

ше? Ол да өке жолын таңдады. Оның өмірі де кілең жеңілістерден тұрмай ма, аға??

Үзіндіде қай кейіпкердің сөзі берілген? Бұл сөздерді ол кімге айтып жатыр? Шығарманың жанрын және авторын анықтаңдар.

**12.** Қатын суының айлағындағы керемет үй, көл-көсір байлық, қора толған мал, бал аралары иен қалды. Қалса – қалсын, көп ұзамай, Қатынға тоған орнатылып, су көтерілгенде, бөрібір, шіріп астында қалады...  
Су астында Нюра Фадеевнаның жетімсіреген зираты да қалады...  
«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Бұл сөздер кімге тиесілі? Оның бұлай айтуының себебі неде? Шығарманың жанрын және авторын анықтаңдар.

**13.** Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,  
Менің мазам кетеді күдікті ойдан.  
Жұртпен бірге мөз болып,  
Ду-ду етіп  
Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.

Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!  
Қан жуады олардың ізін өлі.  
Көргеннен-ақ мылтықты  
Менің үшін  
Дүниенің дидары бұзылады.

Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анықтаңдар.

**14.** ... Осылайша 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басты...

## ЭПИЛОГ

...Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән көшіріліп, жатталып, Мұхаметжан өуенімен Ұлжан ауылына жеткен еді.

Көп нүкте арқылы жасырылған тараудың атын және оның қосымша тақырыбын табыңдар.

15. Сендік арды,  
Сендік намыс, ұятты  
Ардақ тұтып,  
Жұлдыздарың жиі ақты!..

Туған дала,  
Түсінгенге –  
Тағдырың  
Эстафета таяқшасы сияқты...

Қайран бабам  
Бірақ оны  
Өкеме  
Аман-есен өз қолымен тапсырды!..

Сондықтан да  
Мен оны  
Салтанатпен ұсынамын ұлыма!  
Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анық-  
таңдар.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

### I бөлім

#### ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН

Сәкен СЕЙФУЛЛИН .....	5
Сыр сандық ( <i>Досқа жазған хаттан</i> ) .....	12
Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН.....	19
Қаһар ( <i>Роман-трилогия. Басы. Ықшамдалған</i> ).....	22
Асқар СҮЛЕЙМЕНОВ .....	73
Бесатар ( <i>Повесть. Басы. Ықшамдалған</i> ) .....	74
I бөлім бойынша тест .....	94

### II бөлім

#### ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ

Смағұл ЕЛУБАЙ .....	97
Жалған дүние ( <i>Роман. Басы. Ықшамдалған</i> ) .....	98
Қасым АМАНЖОЛОВ.....	113
Өзім туралы ( <i>Өлең</i> ) .....	114
II бөлім бойынша тест .....	120

### III бөлім

#### ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

Мұхтар ӘУЕЗОВ .....	123
Абай жолы ( <i>Роман-эпопея. Басы. Ықшамдалған</i> ) .....	129
Абай жолы ( <i>Роман-эпопея. Жалғасы. Ықшамдалған</i> ).....	197
III бөлім бойынша тест.....	263

### IV бөлім

#### ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН МЕН САРЫН

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ .....	266
Бауырлар ( <i>Өлең</i> ) .....	269
Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ.....	275
Көшбасшы ( <i>Поэма. Басы</i> ) .....	277
ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ	
Эрнест ХЕМИНГУЭЙ .....	294
Шал мен теңіз ( <i>Повесть. Басы. Ықшамдалған</i> ).....	295
IV бөлім бойынша тест .....	335
Біліміңде тексер .....	338

*Учебное издание*

**Алмуханова Риза Таскынғалиевна  
Раушанов Есенғали Абдижапбарович  
Омарханов Ернур Аханович**

**КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА**

**Учебное пособие общественно-гуманитарного направления  
для 11 классов общеобразовательных школ**

*(на казахском языке)*

**Редакторы  
Техникалық редакторы  
Мұқабаның дизайнері  
Дизайнын жасаған және  
компьютерде қалыптаған**

***Ғұсман Жандыбаев  
Зайра Бошанова  
Ермек Мейірбеков  
Гүлмира Өтенова***

**ИБ №**

**Басуға 00.00.2020 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.  
Баспа табағы 21,5. Шартты б.т. 25,15.  
Таралымы 0000. Тапсырыс №**



**«Жазушы» баспасы  
050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,  
тел. (727) 394 41 55; факс: (727) 394 41 64.  
e-mail: zhazushi@mail.ru**